

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ  
ИМЕНИ ШЕРХАНА МУРТАЗЫ**

**«ШЕРХАНТАНУ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ  
ОРТАЛЫҒЫ  
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР «ШЕРХАНТАНУ И РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ»**



Жамбыл облысының 85 жылдығы мен әлем таныған ұлы тұлға  
Тұрар Рысқұловтың 130 жылдығына арналған «Әлем таныған ұлы тұлға - Тұрар  
Рысқұлов» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
**9 сәуір, 2024 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ**  
республиканской научно-методической конференции  
посвященные 130-летию Турара Рыскулова «**Великая личность,  
признанная миром – Турар Рыскулов**» и 85-летию Жамбылской области  
**9 апреля, 2024 г.**

**Тараз - 2024**

УДК 378  
ББК 83.3  
Ә 19

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

---

Төрағасы: Е.Б.Саурықов - ф.ғ.д., профессор  
Мүшелері: А.Б.Абдуалы, М.А.Баяндин, Г.Қ.Құлабекова, Р.С.Елубаева,  
Ж.Е.Мырзабеков, Р.А.Беркенова, Қ.Ө.Тамабаева, А.Т.Кембаева, Ғ.Р.Байлыбеков

**Ә 19** Жамбыл облысының 85 жылдығы мен әлем таныған ұлы тұлға Тұрар Рысқұловтың 130 жылдығына арналған «**Әлем таныған ұлы тұлға - Тұрар Рысқұлов**» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз: Шерхан Мұртаза атындағы ХТИИ баспаханасы, 2024 ж. - 275 б.

**Материалы** республиканской научно- методической конференции посвященные 130-летию Турара Рыскулова «**Великая личность, признанная миром – Турар Рыскулов**» и 85-летию Жамбылской области - Тараз: Типография МТИИ имени Шерхана Муртазы, 2024 г. - 275 с.

**ISBN 978-601-7328-97-3**

Жинаққа **12-сәуір – Ғылым қызметкерлерінің күніне орай** Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының «Шерхантану және Рухани жаңғыру» ғылыми-зерттеу орталығы мен «Тарих және география» кафедрасы бірлесе отырып, Жамбыл облысының 85 жылдығына және мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жылдығына орай өткізген «**Әлем таныған ұлы тұлға - Тұрар Рысқұлов**» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары енгізілді.

Ғылыми-әдістемелік конференция Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты негізінде оффлайн және онлайн режимінде өтеді.

Ұсынылған формат ұлттық тарихымыз бен руханиятымызды зерттеуде, әлем таныған тұлға шығармашылығын зерттеуге саналы ғұмырын жұмсаған Шерхан Мұртаза мен Тұрар Рысқұлов сынды қоғам қайраткерлерінің тағылымын ұрпаққа жеткізуде және оқытуда тәжірибе алмасуға және қазіргі кең ақпараттық кеңістіктің жаңа заманауи жағдайында педагогика ғылымының өзекті мәселелерін талқылауға және цифрлық технологияларды қолданудың маңыздылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Конференция жинағына ҚР ғалымдарының, зиялы қауым өкілдерінің, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының академик ғалымдары мен жас ғалымдардың, сондай-ақ, институт ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамының және оқушылар мен орта мектеп мұғалімдерінің, магистранттардың жұмыстары енгізілді.

УДК 378  
ББК 83.3

ISBN 978-601-7328-97-3

©Шерхан Мұртаза атындағы ХТИИ, 2024.

## ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

### **ШЫҢ МЕН ШЫНДЫҚ (Тарихи-көркем әдебиеттегі Шерхан Мұртазаның Тұрар Рысқұловтың бейнесін жасаудағы табандылығы туралы)**

**Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН**

журналист-публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Астана қ.

Қадірлі достар!

Қымбатты әріптестер!

Қай қоғамда болмасын, ұлттық ұстанымдар мен құндылықтарды сақтап, ел мерейі мен абыройын өсіретін өскелең мәдениетке ие болуымыз керек. Әсіресе, қазіргі төрткүл дүние аласапыранға түсіп, жаһандану дәуірінде құндылықтарды бағалау басқаша сипат ала бастаған кезеңде бұл ой-сана деңгейі тіптен ерекше маңызды.

Өркениетті қоғам дамуында қанша заман өзгерсе де ел бастаған тарихи тұлғалар мен қайраткерлердің ұлтқа қызмет ету өнегесі- ең қажетті, еш тозбайтын құндылық болып табылады.

Қазақ халқының ұзына бойғы арғы-бергі тарихында Тұрар Рысқұловтың өмір жолы, мемлекет пен қоғам дамуына атқарған қызмет абыройы, жалпақ жұртқа кеңінен тараған күрескерлік даңқы, саяси салмағы ешбір қайраткермен салыстыруға келмейді.

Кешегі кеңестік дәуірде мемлекеттік мансапта Рысқұловтың шыққан тұғырына, дәрежесіне басқа замандастары мен үзеңгілес әріптестерінің бірде-біреуінің қолы да, ойы да жеткен жоқ.

Жаңа дәуір туғызған жарқын тұлға шыңыраудан шыңдалып шықты.

Ол он бес одақтас республиканың орталық кеңістігінде ең ірі партия және совет қайраткерлері, саяси көшбасшылары санасқан қазақ саясаткерлерінің бірегейі болды.

Сес, айбын және ақылды тұрпаты өзгенің мысын басты.

Оның “Түбі бір түркі жұрты бірге бол!” деген саяси идеямен Орта Азиядағы мұсылман мемлекеттерін бір тудың астында Түркістан одағын құру жолындағы әрекеттері мен ұмтылысы талайғы ұлт көсемдерін мойындатқаны да рас.

Тарихтың әр кезеңінде ат құлағы көрінбес кара түндерде жарқ етіп сөнген жасындай “түрік баласы, түгел бол!” деп дабыл қағып өткендер аз болмаған. Бірақ оларды кім естіді?

Бірігудің жылнамасын осы Тұрар Рысқұловтың жанұшырып ұмтылған идеясының арнасынан табамыз, онысы алысқа естіліп, алысқа тарағаны да ойлап тұрсаң, қоғам дамуының бір қалың қатпары мен озық ойы болып шығады.

Бұл ата тарихқа мәлім ерекше жағдайлар, олар жөнінде ресми құжаттар да жеткілікті, көптеген ғылыми зерттеулердің арқауына айналған.

Ел жадында сақталған ХХ ғасырдың өшпес кезеңі, қазақтың елдік, мемлекеттік тарихы Тұрар Рысқұловтың ірі қайраткерлігі мен жанкешті қызметінсіз жалаң болып қалары хақ.

Ендеше Тұрар Рысқұловтың есімімен тығыз байланысты тұтас еліміздің айрықша маңызды кезеңі және трагедияға толы жылдарының тағлымы мен сабақтарын ұмытуға болмайды.

Біздің тарихшы ғалымдар мен саясаткерлер еш ренжімейтін шығар, қазаққа және жалпы оқырмандарға ұлы тұлғаны толыққанды танытқан көркем әдебиет, хас таланттардың суреткерлік еңбегі мен табандылығы деп айтуымызға болады. Дәлірек айтқанда, жазушы

Шерхан Мұртазаның бес кітаптан тұратын “Қызыл жебе” романы екені айдай анық.

Қаламгердің алғашқы кітабы “Қызыл жебе”(1-кітап “Рысқұл”,2- кітап “Тұрар”) деп шыққан сәтінен-ақ әдебиетшілер қауымын елең еткізді. Одан кейінгі жалғасын асыға күткен оқырмандарда есеп болмады. Бұған Шерағаның мұрағатында сақталған жүздеген оқырман хаттары куә бола алады. Атақ-даңқы дүрілдеп шыққан “Қызыл жебе”-Тұрар Рысқұловтың бейнесі бұдан әрі “Жұлдыз көпір”, “Қыл көпір” және “ Тамұқ” деп аталған кітаптарда көрініс тапты.

Қазақ халқының ұлы перзентіне арналған бұл тарихи роман-эпопеясын жазуына, ізденіске толы алдын ала әзірлігі, шығармашылық зерттеулері мен ой-толғамдарына 25 жылдан астам ғұмырын арнады.

Шын мәнінде Тұрар Рысқұлов өте күрделі тұлға. Қырық жылғы қазақ басынан өткерген тарихы, қиямет-қайым өмірі, жеке арыстардың іс-әрекеттері, мың құбылған саясат соқпағы, пендешілік тартыстар, сан түрлі көзқарастардың арпалысы, кеменгерлік қадамдар осы ұлы тұлғаның бітім-болмысымен ғана шынайы және сенімді болмақ. Бұл кеңестік дәуірдің алапат сұмдықтары ақыл таразысына түскенде сүттің бетіне шыққан ұлт қаймақтарын ұрындырған ненің зорлығы екенін қазір айтуға ғана оңай. Ол кезде тозақ оты болатын. Қолдан жасалған заман зұлматтарынан сақтану да сұрапыл сынақ еді.

Тақсыретті, бірақ жеке ірі тұлғаларға ғана қатысты болмаған, жалпы сол заманның зобалаңы мен зұлматы қарапайым халық үшін өте қымбатқа түскен болатын. Сондықтан дәл осы жаралы жылдар жайында, тарихи тақырып туралы роман жазу екінің бірінің қолынан келмейді. Қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа арналған «Абай жолы», «Оянған өлке», «Көшпенділер», «Ақ Жайық» және «Қан мен тер» романдарын, әлбетте, ойға алғанымыз жөн.

Сонымен...Өзінің көркем шығармашылық биігін айқындап берген «Қызыл жебе» романының жазылуына не түрткі болды, аса қауіпті саналған тақырыпқа Шераға қалай қалам тартты деген сауалға келсек, бұл да намысқа тиген, жүрекке соққы жасаған сойқан құбылысқа толы.

Автордың «Менің бала кезімде Тұрар Рысқұловтың есімі ауызға алынбайтын. Оны білетін ауылдың ересек адамдары: «Е, есіл ер, нақақтан кетті ғой, енді ондай қайраткер қайда?» - деп сыбырласып, күбірлесіп қана еске алатын.

Тұңғыш рет Тұрар Рысқұловтың кім екенін 1960 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған қарт журналист, партия қызметкері Рахымалы Байжарасовтың көлемді мақаласынан оқып, білдім» деп жазады жазушы өз естелігінде.

Бұл қанқұйлы 1937 жылдан соң Рысқұлов туралы жазылған алғашқы мақала еді. Өзі де кезінде республикалық жастар газетінде басшылық жасаған, ақиқаттың аспанын тұман тұмшалаған кезде жазықсыз жалаға ұшырап, Сібірге айдалған Байжарасовтың бұл мақаласы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысының шымбайына түскен шоқтай болады. Саяси қырағылық танытпағаны үшін “Социалистік Қазақстан” газетінің редакторы мен оның орынбасары қызметінен босатылады. Дереу редакциялық қарсы мақала жаздырып, бойын тіктей берген Тұрарды қайта құлатады. Тағы да Рахмалы Байжарасовтың күрескерлік табандылығының арқасында арнайы комиссия құрылып, тиісті қорытынды шығарылып, ақтайды. Кейінірек, Мәскеуден шығатын «Вопросы истории КПСС» журналына Тұрар Рысқұловтың революционерлік еңбегі хақында жаңағы комиссия мүшесі Ляховтың мақаласы жарияланады. Сол айтары мол мақаланы Шерағаң 1964 жылы өзі басқаратын “Лениншіл жас” газетіне аударып басады. Бұл жағдай да аяқ астынан дүрбелең туғызады. Орталық Комитеттің сол хатшысы бас редактор Шерағаны өзіне шақырып алып «Пантюркист, пиғылы жат адам жайындағы мақаланы неге басасыз?» деп дінкелейді. «Тұрар азаматтық жағынан ақталғанмен, партиялық тұрғыдан ақталмаған» деп бой бермей редакторлықтан алмақ та болды. Әйтсе де жастығын ескеріп, әрең дегенде қалдырады.

Бірақ бұл талантты жазушыны Тұрардан бездірмей, қайта қайратын қайрай түсті. Содан асыл азаматтың күреске толы өмір жолын жан-жақты зерттеп, ұзақ жылдар

бедерінде әбден шаң басқан түрлі-түрлі архивке барып, керекті құжаттарды көз сүзіп оқып, табандап отырады.

Бұл қаламгердің басын бәйгеге тігумен бірдей ерлік еді. Әлі де болса 1937 жылдың саяси қуғын-сүргініне ұшырап, сотталып, жер аударылып, атылып кеткендер жайында жылы лебіз айтуға да қорқынышты, үрейлі уақыт табы біржолата жоғалып кетпеген еді. Қызыл өкіметтің кедергі-кесепаттарынан өтудің өзі қаламгерді қаншама азапқа салып, қинайтынын елестетудің өзі ауыр болатын, қауіп сені сетінемеген жағдайда еді.

Сол алға қойған мақсатына жету үшін жазушы бас кейіпкері Тұрар Рысқұловтың барлық тарихи дерек-дәйегін мұқият жинастырып, талайғы оқиғалар желісімен ой сарабынан өткізу үшін Мәскеу, Ташкент, Баку, Бішкек, Қазан, Алматы, Кисловодск, Орынбор, әріде Қиыр Шығыс, Моңғолия және басқа да қалалардың архивтеріне барып, саяси кітаптарда, түрлі журналдар мен газеттерде жарияланған саяси мақалаларды сараптамадан өткізіп, сан ондаған саяси қайраткерлердің өмірі мен қызметіне терең ой жіберуіне тура келді. Сол өткен заманғы саяси оқиғаларға қатысты көзқарастарын талдап, талқылау, сол тағдырлы жылдарда өмір сүрген, небір сұмдықты көрген адамдармен әңгімелесу қаншама уақыт пен зейінді, ыждаһаттылық пен еңбекті қажет еткенін жүрекпен сезінуге болады деп ойлаймыз.

Адалын айтайық, елуге енді келген жазушы осы жол мен мақсатты орындау үшін тек өз күш-жігеріне, таным, біліміне, интеллектуалды қарым-қабілетіне, ақылы мен жеке қаржысына иек артты.

Нәтижесі қандай болғаны белгілі.

Сонымен бірге сырт көзге көріне бермейтін қиямет-қайым, тартыс, көре алмаушылық секілді жағдайлар да кездеспей қалмады.

Текті ұрпақтың аса талантты айбары, тұтас ұлттың мақтанышы Тұрар Рысқұлов туралы әрбір кітабы шыққан сайын жазушы жасанды, жалалы кедергілерге бетпе-бет келетінін білмей қалған жоқ. Әсіресе, алғашқы кітабы «Қызыл жебе» шыққан сәтте жалалы арыз қардай борады. Орталық комитетке «Пантюркист Рысқұловты жазған Мұртаза - неопантюркист. Мұндай кітапты шығаруға болмайды» деген қара таңбаны жағуға тырысып бақты.

Әділі керек, «Қызыл жебе» романын күдікпен қолға алғандар да болды. Әуелгі күдік-шығарма арқауына байланысты туған. Мұхтар Әуезовтың «Қараш-қараш оқиғасы» повесінің өмірлік материалын берген адам белгілі мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың өзі екендігі көпшілікке жақсы мәлім еді.

Бірақ Ш. Мұртазаның суреткерлік таланты шындардан шынайылықтың шырайын келтіргені бірден аңғарылды.

«Қызыл жебе» - қазақ әдебиеті үшін үлкен олжа болды. Ұлттың рухын түлеткен көркем шығарма атанды. Ең көп оқылған кітапқа айналды.

Қазақ әдебиетінің алыптары мен әдеби сыншыларының «Қызыл жебе» романы туралы өз ойларын жазбағандары кемде-кем. «Т. Рысқұловтың бейнесі қаншалықты құнарлы болса, соншалықты күрделі, кейде шытырман да қиын. Оның бар жолы түп-тура тіке болмаған. Оның алдынан заманы қилы-қилы қиын мәселелер тосқан. Осы ауыр міндетті Шерхан Мұртаза мойнына алып, шығармашылық ізденістермен тереңдей түсті» деп ой қорытты.

Шігесіне қорғасын құйғандай мығым, терең ойлы суреткер Шерағаның әр кітабы шыққан сайын жүріс-тұрысы, мінезі мен айбарлы келбеті Тұрар Рысқұловқа ұқсап бара жатқанындай сезілді. Оны әріптестері мен әдебиет сыншылары ашық айта бастады. Негізі «Қызыл жебе» романын «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып жүргенінде жазғанын айтатын болсақ, оның тигізген әсері шығармашылық ортасында анық байқалды. Қоғам көз тіккен тұлғаның ой-жосығы, шындық пен әділеттілік жолындағы қайтпас күрескерлігі, қоғамның өткір мәселелерін батыл айтып, батырып жариялауының іргетасы қатая түсті деуге болады, қазақ баспасөзінің «жүрек жұтқан жолбарыс редакторы» атанды. Өз кейіпкеріне қасиетті қыр-сырымен ұқсаудың күдіреті де, киесі де бар емес пе?

Халықтың басына күн туғанда ерекше қайрат көрсеткен Тұрар көкесі тәрізді қалың елдің қорғаушысы және шындықтың жебесі атанған Шерағаның шыңы дәл осы жалғастықтың тамырлас болуынан шығар деген ойдамыз.

Жалпы әдеби ортада «Жазушының шығармасы жазушының өзі деген сөз бар. Рас. Егер Шерағаң Тұрар туралы болмаса, «Қызыл жебені» жаза алмас еді. Егер Шерхан Мұртаза елі мен жерін Тұрар Рысқұловтай шексіз сүйе білмесе, елі мен жерінің бүгінгі ақиқатын айта алмаса, бұл жолда құрбандыққа бейім болмаса, қазақтың Шерағасы да атанбас еді» деген ортақ айқындық дәл берілген.

Ұлт перзенті, дарынды талант, айтулы оратор, табиғатынан ерекше туған жан деген қасиеттері де ұқсастық ғана ма?

Жалпы Шераға көркем әдебиетте ғана емес, барлық уақытта Т. Рысқұловтың ұлан-ғайыр қызметі туралы жанын беріп, адал сөзін тынымсыз жазды.

Екі теңдессіз ерлігін келтіреді.

Біріншісі - 1918-1919 жылдарда Орта Азияда, Қазақстанда үлкен аштық болды. Сонда Тұрар Рысқұлов аштықпен күрес комиссиясын басқарып, халықты жаппай аман алып қалуға барын салды. Күресті. Айқасқа түсті. Ақыры, аштарға жедел көмек көрсету туралы өкіметке қаулы қабылдатты.

Екіншісі - тағы да аштық. Тарихтан белгілі, 1932-1933 жылдары жаппай коллективтендіру кезеңінде Қазақстанда өрескел бұрмалаушылық орын алды. Халықты коллективтендіру туралы Лениннің өсиеті ұмыт қалып, қоғам дамуының объективті диалектикалық заңы бұзылды. Осының салдарынан халық көпе-көрінеу аштыққа ұшырап, өмірде сирек кездесетін нәубетке тап келді. Ал Голощекин бастаған республика өкілдері Қазақстанда коллективтендіру тамаша өткізіп жатырмыз деп Москваға ақпар жазумен болды. Халық жаппай күйзеліске ұшырады.

Міне, осындай сын сағатта Т. Рысқұлов 1932 жылы тамыз айында Сталинге бірінші хатын жазды. Одан нәтиже бола қоймаған соң араға бірнеше ай салып Сталин, Молотов, Кагановичтердің атына екінші хатын жазды...Тұтас халықтың басына алапат қауіп төндіргенін батылдықпен ашына айқайлап айтты.

Дәл осы тұста, жеке адамға табынудың дерті белең алған шақта мұндай орасан батылдыққа барып, өз басын оққа байлау қауіпіне қарамай, “ Халқым!” деп жанұшыра қайраткерлік көрсету- теңдессіз ерлік еді.

Көп ұзамай Голощекин Қазқрайкомның бірінші хатшылығы қызметінен алынып, республика ауыр бұлттан арылып, әділеттілік орнай бастады.

«Міне, басқа сіңірген еңбегінің бәрін былай қойғанда, биік-биік қызметтерінің бәрін былай қойғанда Тұрар Рысқұловтың дәл осы ерлігі үшін ғана оны құрметтеуге, оны үлгі етуге әбден болады», деп жазады.

Белгілі сыншы Тұрлыбек Мәмесейіт «Алысқа атылған жебе» деген көлемді мақаласында «Рысқұловтың халқына жасаған еңбегі қандай өлшеусіз болса, Шерхан Мұртазаның да Рысқұловты «тірілтудегі» еңбегі сондай зор» деп бағалайды. Бұл жалпыхалықтық баға деп санаймыз. Талғампаз қаламгер Елен Әлімжан «Қызыл жебені» жұрт Шерхан Мұртазаның Тұрар Рысқұловқа қойған ескерткіші деп жатады. Солайы солай да шығар. Дегенмен, мен үшін «Қызыл жебе» ұрпақтан ұрпаққа қаһармандықтың мәңгілік аманаты, қоғамнан қоғамға ескертпе» деп жазады. Қаһармандықтың мәңгілік аманаты! дейді. Қоғам мұны ұмытпауға тиіс.

«Оян, Тұрар!» деп басталатын осы шығармасы маған да «Оян, қоғам!» деп тұрғандай болып көрінеді.

Жазушы, естеріңізде ме, өзінің шығармашылығы мен өмірлік қадір-қасиетіне зор абырой әкелген романының соңында Рысқұловпен қоштасады. Сол тебіреністе: «Отыз жыл бойы сізбенен қол ұстасып, бірге жүріп, бірге тұрдым. Отыз жыл бойы жан-дүниемді, ой-санамды билеп, ұзақ сапарға жол бастадыңыз.

Ол аса қиын жол еді» дейді тебіреніп.

Одан соң «Алдыңда қанша ғұмыр бар-соның бәрінде де мен ойыңнан кетпеспін. Енді мені ойыңнан қуып шығара алмайсың. Өз обалың өзіңе! Рысқұловтың жолы тым-тым ауыр адам. Ол туралы жазудан гөрі кетпен алып, тау қопарған оңай».

Рас, жазушыға да оңай болмағаны шындық.

Ең бір ғажап түйінін қараңызшы: «Мен торыққан кезде Сіздің рухыңыз әл-қуат берді, Тұрар көке!» дейді.

Иә, жанкештілік еңбекті, ерлікке толы елдікті Рысқұлов рухы қолдаған шығар, иә, ата-баба әруағы дем берген шығар.

Көрнекті жазушының «Сталинге хат» пьесасы да Рысқұловтың рухын тірілткен дара туынды. «Қызыл жебенің» жалғасы іспеттес. Сол жылдарда қайта құрудың дүмпуімен Алматы сахналарында батыл шешімге құрылған спектакльдер қойылып жататын. Қаламұшынан қайраткерлігі саумалаған Шерхан Мұртазаның пьесасы бойынша сахналанған «Сталинге хат» драмасы ашаршылықтың ащы шындығын айтып, Сталинге хат жазған Тұрар Рысқұловтың азаматтық ерлігі туралы еді.

Бұл қойылымды көру үшін сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г. Колбин бастап, Үкімет төрағасы қостап, республика басшылығындағы адамдар түгелге жуық театрға барады.

Жарық дүниенің, қоғамның, адамның ақиқатын теңдей таспалап танудың мәні алдында бас ию, жоқ, бас идіруде сахнаның сиқырлы сыры мен көркем ойдың құдіреті санаға ауыр жүк түсірмей қоймайды. Миға сәуле түсіреді.

«Сол бір сәттің көрінісіне куә болғандар естеліктері мынадай болып шығады: «Қойылым басталғаннан-ақ Г.В. Колбиннің түрі өзгеріп сала берді. Меңірейіп отырды да қойды. Спектакльден кейін әдетте басшылық театр директорының кабинетіне кіретін, қойылым үшін (тіпті онша ұнамаса да) мезірет бойынша алғыс айтылатын, режиссерге, актерлерге табыс тіленетін. Колбин соның біреуін де жасамады. Орнынан тұрды да, бірден шығар есікке беттеді. Ауыз ашпаған күйі мәшинесіне отырып, кетті де қалды. Сонша саңылаусыз болмай шықты. Талай нәрсені түсінді. Спектакльдің сүйегі әлдеқашан курап қалған Голощекин емес, тура сол сияқты Қазақстанға келіп, білгенін істемекші болып жатқан өзі туралы екенін түсінді. Бұл жерден есі барында кету керек екенін сол күні түпкілікті ұққан шығар-ау, тегінде. Мүмкін Орталыққа өтініші де сол кезде айтты ма екен, кім біледі?»

Тарихтың көзі де, өзі де - адам.

Сол әйгілі драмалық шығармада Сталин: Халқы үшін шырылдап отқа түсе жаздаған пәруана. Сен сөйтіп қарлығаштай қанатыңмен су себелеген халық саған не жақсылық көрсетер екен? Күндердің күнінде атыңды да ұмытып кетпес пе екен? Білесің бе, аш бала қарны тойған соң жаңа ғана жылағанын ұмытып кетеді, дейді.

Рысқұлов: Еңбегім үшін ақы тілемеймін. Ұмытса, несі бар, ұмыта берсін. Тек қарғамаса болғаны, дүниеде бір-ақ нәрседен қорқамын.

Сталин: Ол не?

Рысқұлов: Қарғыс...

Бұл енді тұла бойыңды дір еткізетін ұғым, ұлы түсінік. Сұмдық ой. Сұрапыл сауал. Қасиетті сөз жауабы.

Қазақтың биік те тұңғыық ақыл иесі Тұрар Рысқұловтай абзал азаматы еліміздің ХХ ғасыр белесінде ұлт болып ұйысып, жұрт болып қалыптасу кезеңдеріне сіңірген тарихи еңбегі мен қызметі үшін туған халқының шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, мәңгілік алғысын алды.

Ұлтқа қызмет етудің биік үлгісі болған ұлы қайраткер, қоғамдық санада өшпес із қалдырған көрнекті саясаткер Тұрар Рысқұловтың туа бітті қайсар да қаһарман тұлғасы, біздіңше, әділетті қоғам тұрғысында ешқашан аласармайды, есімі ешқашан да ұмытылмайды, енді егеменді елімен бірге биіктеп, саналы ұрпақтарымен жасай беретін болады.

Бұл күндері әділетті Қазақстан құру кезінде ар-ождан тазалығы, адал еңбек, адал табыс қаншалықты маңызды болып отырғанын жақсы білеміз. Ал ел басқару ісінде ұлтқа қызмет ету мен ұлттық мүддені жоғары қоя білуде, ең алдымен өз халқын ойлауға міндетті мемлекетшілдік қасиеттер аса қажет. Ол шешімді шарт болуы тиіс.


Дәл осы биікте Тұрар Рысқұловтың тәуелсіз ел жастары үшін қайраткерлік өнегесі, азаматтық ұстанымы, озық ойлары мен тағдырлы, тарихи тағлымы -өміршең ұлт байлығы, таусылмас қазына болып табылады.

Енді әңгіменің түйіні болсын: Өршіл ұрпақ бүгінгі заманда әр нәрсенің байыбына барып, түсінуді үйрену керек деп ойлаймыз. Ең бірінші кезекте ұлтқа қызмет етудің жалпылама мәнін түсіну үшін ел мұратына адалдық танытқан тарихи тұлғалардың атқарған істерін танып, білуіміз қажет.

Барлық уақытта осылайша өз еліміздің асылы мен озығын қастерлеп, бағалап жүргеніміз абзал.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ш. Мұртаза. 1-6 том, Алматы: Қазығұрт, 2002
2. Ш. Мұртаза. Бес томдық шығармалар жинағы. Тараз: ТИГУ баспаханасы, 2012
3. Ш. Мұртаза. Таңдаулы шығармалары. Алматы: ҚазАқпарат, 2019
4. Құттықадам С. Ұлтқа қызмет ету. Алматы: Книжный клуб, 2019



## **ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ ЖӘНЕ ШЕРХАН МҰРТАЗА: ОЙ-ТАНЫМ БІРЛІГІ, ҰЛТТЫҚ ҰСТАНЫМ БІРЛЕСТІГІ**

### **Өмірхан ӘБДІМАНҰЛЫ**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Жамбыл» атындағы қазақ әдебиеті мен фольклорын зерттеу орталығының директоры,  
филология ғылымдарының докторы, профессор, Алматы қ.

Әрбір ұлттың генофондының негізі – танымал тұлғалардан тұрады. Ұлттың ақыл-ойын, парасатын құрайтындар да осы топ, яғни тұғырлы тұлғалар. Олар – заманның желімен ықпайтын, шындықтан қашып бұқпайтын, сабыры үгілмейтін, ұсаққа үңілмейтін, көкірегі сыр-сандығын пендешіліктен таза ұстайтын, өнерді өрістетіп, ғылымды өрге сүйрейтін ерекше талант иелері. Тұлғалар – өмір-өзен қалай тулап жатса да, уақыт қандай өзгеріске түссе де арнасынан аумайды, тарихтың тамырын дәл басады. Ел басына күн туып, бағытын таппай жаңылғанда ең алдымен тұлғаларын іздеп табатыны, үлкен үміт артатыны да сондықтан болса керек.

Өз кезінде хакім Абайдың: «Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» [1,49 б.], – деп мұңға батуы тегіннен-тегін емес. Аумалы-төкпелі аласапыран замандарда асыл мен жасықты айыра алмай небір алыптардан көз жазып қалғанымыз да шындық. Осы орайда, Кеңестік кезеңде орын алған тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, жазықсыз жапа шеккен қазақ әдебиеті мен мәдениеті қайраткерлерінің ұлт мұраты жолында зор тәуекелге барған ерлік істері мен тұлғалық қасиеттерінен бастау алып, тәрбиелену, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ету – ең сауапты да, жауапты міндет еді.

Осындай іске белін бекем бұған қазақтың халық жазушысы, қоғам қайраткері – Ш.Мұртаза еді. Өзінің шығармашылық тұғырнамасына санаған Т.Рысқұлов туралы балаң шағынан көңіліне көп түйіп, санасында әкесі Мұртазаны «рысқұловшылдықты» жақтадың деп жазықсыз айдап кеткені жылдар бойына жаңғырып, еш маза бермеген жазушы отыз



жылдан астам өмірін ұлы тұлға туралы зерттеуге арнады. Соқпақсыз, бұралаңы көп ауыр жолда көп қиындықты өткерген жазушы бұл туралы: «Бұл аса қиын жол еді. Біреулер айтты: бұл жолға бекер түстің, жете алмайсың деді. Біреулер айтты: қолың көтере алмайтын шоқпарды беліңе бекер байлайсың деді. Біреулер айтты: шеті жоқ, шегі жоқ мұхитқа түсіп кеттің-ау, байғұс, батып кетпесең жарар еді деді.

Олардың айтқаны рас еді. Мен көп малтығып, көп тұншықтым. Жағалауға жете алмай, батып кетуім әбден ықтимал еді. Бірақ, Тұрар көке, өзіңіз алып шықтыңыз. Сіздің жұлқар рухыңыз алып шықты», - дейді «Қызыл жебе» романының соңғы түйінінде.

Шындығында, Тұрар Рысқұлов – халықтың бағына бір-ақ рет бітетін тұлға. Оның қазақ мәдениеті мен әдебиетіне сіңірген ерен еңбегі мен бойындағы ұлттық рух қандай еді?! Алғаш рет қазақ топырағынан шығып, өзінше білім қуған қаршадай қазақ баласы дүлей күш пен озбырлықтың символына саналған Сталинмен бірге тұрып, оған қарсы сөз айтып, халқының қамын жеп, тәуелсіздік күресінің бастаушысы болуы елеулі ерлік, ерен еңбек!

Т.Рысқұлов жарық дүниеде бар болғаны қырық екі жыл ғана өмір сүрді. Бірақ, осынша аз ғұмырында ерекше таланты мен білімділігінің арқасында қазақ деген ұлтты әлемге танытып, «Түркістанның Шыңғысханы» атана білді. Т.Рысқұловтың тек бір ғана Түрксіб темір жолын салдыртуының өзі де халықтық зор маңызға толы тарихи оқиға екені даусыз. Ұлттық интеллигенцияның небір алыптарын “келместің кемесімен мәңгілік сапарға аттандырған” саяси қырғыннан аман қалғанда ұлттық дамудың тым биігінде болар ма едік.

Т.Рысқұловтың өмірлік ұстанымы мен қағидасы болған туған халқының азаптан құтылып, бабалар арманы болған тәуелсіздікке қол жеткізіп, бодандықтың қамытынан босауы жолында күреске шақырып, оған бастаушы болуының негізі тым ертеден басталған-ды. Т.Рысқұловтың ғұмыры ғасырлар тоғысындағы саяси қақтығыстарға дәл келгендіктен, өмір талқысына ерте түскен. Әйтсе де, өмір атты жақсы мен жаманның, жақсылық пен жамандық, т.б. сынды кереғар дүниелер астасып жатқан күрделі де тылсым жаратылыста Т.Рысқұловқа да жанашыр болып, достық көмегін созған, білім жолында алға ұмтылысына зор серпіліс берген қамқор жандар да аз болмаған. Сонымен қатар, мал баққан қазақтың баласына оқудың қажеті жоқ деп санайтын басшылар тарапынан әлеуметтік әділетсіздікті көп көрсе де, білім жолындағы балаң ізденісі оны арман биігінен түсірмей, жоғары лауазымды қызметтер атқаруға дейін жетелеп әкелді. Негізінде Т.Рысқұловтың қоғамдық-саяси қызметі туралы ой-пікірлер ХХ ғасырдың алғашқы жартысында-ақ баспасөз беттері мен мұрағат деректерінде көптеп кездеседі. Дегенмен, соларды екшеп-іріктеу, таза қайраткерлік тұлғасы мен ұлт мұраты жолындағы ерлік істерін дәйектеп, шығармашылық еңбегінде бейнелеуде Ш.Мұртазаның еңбегі ұшан-теңіз. Жазушының ұзақ жылдар ізденісінің үздік табысы, қазақ прозасының алтын қорын молайтқан шығарма «Қызыл жебе» романдар топтамасында өмір шындығы нақты деректер негізінде беріледі. Көркемдік шешімнің қорытылуы, нақты кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдай желісінде Т.Рысқұлов тұлғасын жан-жақты беруде Ш.Мұртазаның қаламгерлік шеберлігі шындалып, айқындала түскен.

Осы орайда, орыстың белгілі әдебиет сыншысы В.Г. Белинский: “...әрбір өнер туындысы өз дәуіріне, тарихи заманына, суреткердің қоғамға қатынастарына орай қарастырылуы тиіс, оның өмірін, т.б. қарастыру шығарманың жасалуын түсіндіруге қызмет ететіндігін” [2, 713 б], - айта келе, шығарманың қай жерде, қашан жазылғанына, оның жазушының қалыптасуына, шығармаға әсер еткен факторларға көңіл бөлмей, суреткердің жеке басы мен шығармасын ғана нысанаға алу қателіктерге апаратындығына баса назар аударады. Сонымен, белгілі бір шығарманың көркемдік ерекшелігі мен сыр-сипатын ашу барысында оған әсер еткен факторларға мән беру – маңызы жоғары басты тақырып, әрі негізгі дерек көзі болып табылады. Жазушының белгілі бір шығармасын жазуына нендей себептер болды, соны анықтау, жазу процесіндегі суреткердің психологиялық жай-күйін сарапқа салу, жазылу мерзімін анықтау сияқты бірқатар

мәселелердің – туындының көркемдік сырларын ашуда берер көмегі зор. Белгілі бір туынды табиғатын, ондағы ізденіс, көзқарас жүйесін, өмірге келу себептерін білу, оның тақырыбы мен идеясын ашып, қаламгер ойының дамуы мен қалыптасу эволюциясын, бағыт-бағдарын, өзіндік көркемдік ерекшеліктерін, әдіс-тәсілдерін зерттеп-зерделеуге, пайымдауға жөн сілтейді. Сондықтан, кез-келген өнер туындысын толық танып-білу үшін, ең алдымен оның жазылу себептерін айқындап, оның даму барысындағы психологиялық, тұрмыстық жайларын анықтау, бағамдау, талдау арқылы оны барынша терең танып-түсінуге, мәні мен маңызын дәл ашып көрсетуге ден қойған жөн. Ш.Мұртазаның қаламгер ретінде қалыптасуы мен Т.Рысқұловты шығармашылық тұғыры етіп алуының бастау негіздеріне зер салсақ, біріншіден, оның Т.Рысқұловтың дүние есігін ашып, өмір талқысын өткерген ортада өмірге келуі болса, екіншіден, Ш.Мұртаза жастайынан Т.Рысқұлов сынды ұлы қоғам қайраткерінің туған халқының ұлттық мұраттары мен тәуелсіздік жолындағы күресі мен ерлік істерінен сусындады, бұл оның қоғамдық көзқарастарының қалыптасуына зор ықпал етті. Осы орайда, белгілі әдебиет сыншысы А. Сүлейменовтің: «Жансүгіров, Майлин, Байтұрсынов, Жұмабаев, Аймауытовты Абайсыз ойға алу мүмкін емес. Өйткені, ұлы суреткер ұлы оқырмандарын тудырып қана қоймай, өз кезегінде өзіндей ұлы суреткерлерді даярлап шығарды» [3,14 б.], – деген ойлары Абай мұрасының бағасын биікке көтеріп қана қоймай, ұлы Абайды танытқан М.Әуезовтің де шығармашылық тұлғасын даралайды. Осы орайда, Т.Рысқұловтың азаматтық, тұлғалық, қайраткерлік қырлары мен ұлттық мұраттың жоқшысы жолындағы өзіндік келбетінің жан-жақты танылуында Ш.Мұртаза өлшеусіз еңбек етті. Өзі де Тұрардай тұлғадан тектіліктің, дарқандылықтың, бір сөзбен айтқанда, қайраткерліктің небір үлгілерін үйреніп, қазақтың Шерағасы, ұлтының дара да дана тұлғасы болып қалыптасты.

Әдебиет әлемінде Т.Рысқұловқа арналған «Қызыл жебе» атты ескерткіш тұрғызды. «Оян, Тұрар» деп басталатын шығарма «Оян, қоғам» деп, әрбір кезең дамуында, саяси-әлеуметтік өмірімен тығыз байланысып, сыр шертіп отырады.

Т.Рысқұлов өмір сүрген дәуір мен қазақ елі әлем ұғымында “асарын асап, жасарын жасаған, мәдениеті көпей ел; табиғат сырына ақылы жетіп болмаған, бақташы, диханшы ел; дін тұманынан әлі арылмаған ел; жан-жүйесі, ой жүйесі, рух әлемі жаңа қалыпқа әлі қалыптанып жетпеген ел; ұлтшылдық сезімі кемеліне келмеген ел; тапшылдық әлеуметшілдік пікірін жаңа ғана естіп отырған ел. Өткендегі хандарын, билерін, батырларын жырлап, ақыл-ой ертегімен, қыссамен, қиялмен суарылып келген ел; ескі өкіметтің зорлығын көріп, жерінен, еркіндігінен айырылған ел” болатын. Осындай елінің арда ұлы Тұрар Рысқұлов атылар алдында соңғы рет: «Тұлпар тектес Түркістан! Сенің басыңнан адасып ұшқан бақ шаңырағыңа келіп қайта қонар болса, менің рухым құдіреттің ақ нұрына шомылар. Сенің басыңа қайғы келіп қонған бақты надандар мен жамандар бақастықпен, бақталастықпен, тақталастықпен қайта үркітіп жібермесе екен. Қызғаныш пен күншілдік, ұя бұзған рушылдық түбімізге жетті ғой. Келер ұрпаққа сол сасық мұра кесепатын тигізбесе екен.

Қиянат пен қысастықтан мен бұл дүниеден кетермін. Қазақтың жалпы түрік нәсілдің бар жамандығы бізбен бірге көрге кіріп, дүниеге адал да асқак, бауырмал да батыр, ақылды да тәкаппар ұрпақ келсе екен», - деп армандады. Ізгі арман-мұраттың жетегіндегі Т.Рысқұловтай халқының біртуар азаматын айыптаған Ш.Мұртазаның ұйғаруынша: «жалғыз Сталин емес, сталинизм, «изм»-нің қарғыбауын таққан кейбір қарғыс атқыр, қаһар соққан қазақтар. Халық үшін басын оққа байлап, жанпида деген адамды «халық жауы» деді. Бұл тарихтағы ұлы парадокс!».

Ш.Мұртазаның Т.Рысқұлов сынды ұлы тұлға өмірін зерттеп-зерделеу бағытындағы ізденіс, көзқарастары өмірдің өзінен өрбіген, уақыт талап еткен ақиқат жайттар еді.

Қорыта айтқанда, Ш.Мұртаза шығармашылығы туралы сөз қозғағанда, Т.Рысқұлов туралы айтпау еш мүмкін емес. Бір топырақтан нәр алып, қанаттанған қос қайраткердің де қазақ халқының ұлы мұраттары жолында атқарған істері өте көп. Ш.Мұртазаның мұрағаттық материалдары желісінде Т.Рысқұловтың бүкіл қоғамдық-саяси қызметін,


негізгі ұстанымын айқын көруге болады. Оның жазықсыз жаланың құрбаны болуына «Түбі бірге туысқан, Тұран тектес қырандар, түгел болыңдар!», - деп жар салуы, «Түркістан тәуелсіз болсын, басқа озық елдермен терезесі тең болсын. Түркістан дегенге Қазақстан да кіреді. Түркістан жүздеген жылдар бойы империяның темір тағасы табанында езіліп келді, енді еңсесін көтерсін. Түркістан қанқұмар емес, өзгелерге көз алартпайды, тек өз жеріне өзі қожа болсын. Түркістан, тілінді жойма, тіл кетсе, ұлт кетеді. Тілінді сатқаның, туған анаңды сатқаның деген ізгі халықтық арман-тілектері себепші болды. Ш.Мұртазаның осындай ұлы мұрат жолындағы тұлғаны тірілтіп, әдеби ескерткіш орнатуы, осы жолға ширек ғасырдан астам уақытын сарп етуі де өзінше ерлік.

Осы тұрғыдан келсек, әдебиеттегі басты талап пен биік тұғыр – өмір шындығы мен көркемдік шешімнен бастау алары хақ. Өмір шындығының сәулесіне баланатын көркем әдебиет қоғамдық болмысты образдар арқылы бейнелейді. Тұрар, Рысқұл, т.б. образдар арасындағы тартыс арқылы Ш.Мұртаза сол адамдар өмір сүрген, өмір сүрмекші қоғамдық құрылыстағы тартысты көрсетеді. Сөйтіп, жазушы белгілі бір дәуірдегі объективтік өмір шындығын белгілі бір әдебиеттік формада жұртшылыққа ұсынады.

Ш.Мұртаза кез-келген тақырыпты талғамсыз, кездейсоқ жазбаған. Ол өзі көріп-білген жайларды тереңнен толғап, шабытпен, серпінмен жазады. Өзін толғандырып, қолына қалам ұстатқан тақырыбын жаңа көзқарас, бедерлі бейнелеулер арқылы ұтымды, әсерлі етіп береді. Бұл – жазушылық, шығармашылық кредосы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Құнанбаев А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2002. – 296б.
- 2 Белинский В.Г. Русские писатели в литературном труде. – Л: 1854. – С. 758.
- 3 Сүлейменов А. Лицом к лицу с бытием //Новое поколение. – 1994. – 13 май. – С.14.



## **ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ**

**Асқар АБДУАЛЫ**

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ, тарих ғылымдарының докторы,  
профессор, Тараз қ.

*«Сүйер ұлың болса, сен сүйсінуге жарар бол»*  
Абай

Еліміз тәуелсіздік алып, егемен ел болуы төл тарихымызды жаңаша зерделеуге мүмкіндік берді. Осыған орай, бүгінде қазақ тарихында өзіндік терең із қалдырған тарихи тұлғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан лайықты баға беру жолында көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, тарихтың ақтаңдақ беттері ашыла түсуде. Себебі, кез келген өркениетті елде тарих ғылымы сол елдің, халықтың жүріп өткен жолын, әсіресе күрделі тарихи кезеңдер мен сол уақыттарда өзінің қоғамдық қызметімен тарихта терең із қалдырған жеке тарихи тұлғалардың өмір жолын зерттеу арқылы өзінің гуманистік міндетін орындап отырған. Оның үстіне, әр кезеңде тарихи тағдырлары үздіксіз бұрмаланып келген жеке тұлғалар туралы тарихи шындықты қалпына келтіру бүгінгі ұлттық тарихымыздың шынайылығы үшін де аса қажет. Өйткені тарихи тұлғалардың ұлттық көзқарастары мен пайымдарын зерделеу жастар бойында отаншылдық сезімді қалыптастыратыны белгілі.

Бүгін барша әлемге танылған, үлкен беделге ие болып, дамыған мемлекеттердің қатарына енгелі отырған тәуелсіз Қазақстанның тарихы күрделі кезеңдерден тұратыны белгілі. Қазақ халқы әр қилы саяси, рухани, әлеуметтік-экономикалық үрдістерді басынан кешірді. Сондай ең ауыр кезеңнің бірі - XX ғасырдың алғашқы жартысы болғаны күмәнсіз. Ресей империясының отарлық саясатының кесірінен қазақ халқының ұлттық құндылықтары және құнарлы да шұрайлы жерлерінен айырылуы, дәстүрлі шаруашылығымен дүние тапшылық дағдарысқа ұшыратты. 1917 жылғы екі орыс революциялары, азамат соғысы, 20-30 жылдардағы ашаршылық халыққа орын толмас кері нәтижелер берді. Екінші жағынан, социалистік қайта құрулар нәтижесінде қазақ халқының рухани өмірінде де көптеген қарама-қайшылықтар әкелді.

Өткен жолымызды ой елегінен жан-жақты зерделеу арқылы, Қазақстан мен Орта Азия халықтарын патшалық Ресейдің отарлық езгісінен азат ету идеясын іске асыруға еңбек еткен қазақ зиялыларының алғашқы легі - көрнекті мемлекет қайраткерлерінің мұраларын зерттеп зерделеу. Бүгінгі таңдағы әділетті Қазақстан құруға рухани негіз болады.

Қазақ халқы мен ұлттық мемлекеттің келешегі үшін орасан еңбек еткен қазақ зиялылары ішінен Тұрар Рысқұловтың сом тұлғасы ерекше көзге түседі. Ол - Орталық Азия республикалары мен Қазақстанның болашақ саяси және экономикалық тәуелсіздігінің негізін қалаған тарихи тұлғалардың бірегейі. Тұрар Рысқұлов алдымен Түркістан Республикасының Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, артынан Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесін басқарды. Орталық Азияның халық шаруашылығын калпына келтіру және өркендету, өндірісін дамыту, оқу-ағарту ісін жолға қою, сауатсыздықты жою, халықтардың саяси-экономикалық және әлеуметтік құқығын теңестіру және тағы басқа орасан зор ауқымдағы шараларды ұйымдастыру, басқарудағы тәжірбиесін жан-жақты зерттеу орталық, аймақтық деңгейдегі бүгінгі басшыларға, әсіресе болашақ жастар үшін аса маңызды.

Бұл Омбы «Демократиялық студенттік кеңесі», Ақмола «Жас қазақ» қауымдастығы, «Жас жүрек» Спасск қауымдастығы, Семей «Жанар» қауымдастығы, Петропавл «Талап» ұйымы, Омбы «Бірлік» ұйымы және басқалар. Бұл ұйымдардың көпшілігі өз міндеттерін халыққа газет тарату, халықтың сауаттылығын насихаттау және әйелдер теңдігі үшін үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін жүктеді. Оларға мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов ұйымдастырған Меркедегі «Қазақ жастарының революциялық одағы» кірді. Бұл үрдістер қазақ жастары арасында ұлттық құндылықтарын қалыптасуына үлкен әсер етті.

Т.Рысқұлов Меркіде шоғырланған жастармен кеңесіп, өтпелі кезеңде саяси тұрақсыздық күшейген кезде қарапайым көшпелі халықтың саяси құқықтары мен әлеуметтік мәртебесін қорғау үшін біржақты жастар мен революциялық саяси ұйым құру қажет деген жоспар жасады. Саяси мекеменің басшылығымен ұйым «Қазақ жастарының Революциялық одағы» деп аталды. «Қазақ жастарының революциялық одағы» Түркістан мен Қазақстан аймағында құрылған одақтардан айтарлықтай ерекшеленеді. Себебі одақ ұйымдастырылуымен және мәртебесімен, күрес стилімен-саяси ұйым ретінде айқын көрінді. Белгілі революциялық партия әлі де жергілікті жерлерде үндеу жасамаған кезде, жас қазақстандықтардың нақты бағдарламалар негізінде ұйымдастыруға деген ұмтылысы үлкен революциялық серпіліс болғанын Тұрар Рысқұловтың өзі атап көрсетті.

Бұл ұйымға Т. Рысқұловпен бірге ұлт-азаттық қозғалыстың отынан өткен, халықтың орта және кедей топтарының прогрессивті жастары, революционерлер - С. Абланов, Ы. Әсімов, Қ. Сарымолдаев, Т. Тоқбаев, Қ. Қошмамбетов, М. Жылысбаев, Қ. Бармақовты, мұғалім Андреев, Д. Мамиров, Ж. Мыңғыбаев, ағайынды Нұршановтар, Ә. Жұмағұлов сынды барлығы 30 жергілікті жас азаматтар енді.

Бұл ұйымның саяси басшысы қызметін атқарған Т.Рысқұлов Әулиеата уезіндегі атақты большевиктер - Н. И.Чернышевпен, С. К. Хмелевскиймен, С. А. Федоров-

Завадскиймен өлке қазақтары арасындағы революциялық толқуларды басқарғандардың көмегімен тығыз жұмыс істеді.

Орыс колонизаторлары мен жергілікті билеуші таптың халыққа қарсы әрекеттерін сынға алып, бұхараның тілектерін қорғайтындықтарын білдірді, кәсіподақ мүшелері бағытты басты мақсат ретінде таңдағанын ашық айтты.

Қарапайым адамдардың өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін «қазақ жастарының революциялық одағын» құрған Т. Рысқұлов және 1917 жылғы екі революция кезінде елдегі саяси және әлеуметтік жағдайға араласып, Кеңес өкіметі жылдарында түрлі лауазымдарды атқарды.

Т.Рысқұлов өзінің ұйымдастырушылық және басқару қабілетінің арқасында жиырма жасынан бастап ірі саясаткер ретінде танылды - бұл бүкіл әлемдегі мемлекет қайраткерлері өмірбаянында сирек кездесетін құбылыс. Оңтүстік Қазақстанда ұлт-азаттық қозғалысына оның ішінде 1917-1918 жылдары Әулиеат одағы әлеуметтік саяси белсенді істердің басында болды. 1918 жылы Түркістан Республикасында құрылған аштыққа қарсы орталық комиссияның төрағасы болып сайланған кезде 24 жаста еді.

Т. Рысқұлов – ұлт жанашыры болды, оның бүкіл саналы өмірі ұлт мүддесі жолындағы жалынды күреспен өтті. Ал, 20-30 жылдары ұлт мүддесі үшін күресу оңай емес еді. 44 жасында Сталиндік репрессияның құрбаны болған Т.Рысқұлов үнемі рухани тұрғыда өсу үстінде болды, оның ой-пікірі мен қажыр-қайраты ешқашан да халыққа қарсы бағытталған жоқ, ол туған халқының арман-тілегімен, мұң-мұқтажымен өмір сүріп, оянбай күрес жүргізді. Тәуелсіздік алып, көк туымыз желбіреп, егемен ел болған күнде Тұрар Рысқұловтың арман-тілегінің орындалғанына бүгінде тарих куә, ол бұл бақытты күнді көре алмады, дегенмен халық үшін бүгінгідей бақытты күннің тууы үшін сенген еді.

Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметі қоғамның барлық салаларын камтыды. Әсіресе оған дәлел Т.Рысқұлов басшылық еткен жылдары. 1920 жылы Түркістан Үкіметінің шешімімен Ташкенде қырғыз-қазақ институты 1924 жылы Мәскеуде Шығыс халықтары университеті, 1928 жылы Алматыда Қазақ университетінің, 1929 жылы - ветеринарлық медицина институты, 1930 жылы - ауыл шаруашылығы институттарының ашылуы.

Тұрар Рысқұлов 1936 жылы Орталық Атқару комитетінің мүшесі және Ресей Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болған кезінде Қазақстан мен Қырғызстан одақтас Республика мәртебесіне жетуіне өз үлесін қосты. Егер Қазақстан одақтас республика дәрежесіне жетпесе, ол Башқұртстан, Татарстан және басқа да автономиялық республикалар сияқты Ресей Федерациясының құрамында қалар еді. Сот алдында өзінің соңғы сөзінде ол Қазақстан мен Қырғызстанның одақтас республикаларға айналғанын мақтан тұтатындығын ашық айтқан.

Тұрар Мәскеудегі Орта Азия зиялыларының білімі мен дамуына тікелей ықпал етті. Н.Нұрмақов, С. Меңдешев, Д. Қонаев, М. Сұлтанғалиев, қ. Сәтбаев, Ю. Абдрахманов, Т. Айтматов, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, С. Аспендияров, М. Әуезов, А. Диваев және т. б. тұлғаларға үлкен қамқорлық көрсетті. Әлихан Бөкейханов түрмеге қамалған кезде Сұлтанбек Қожанов екеуі Сталинге жеделхат жазып, Әлиханды түрмеден босатуға қатысты. Сол кезеңде бүкіл Алаш зиялылары Ташкентте Тұрар Рысқұлов, Назир Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанов сияқты танымал тұлғалардың айналасына шоғырланды. Ол сондай-ақ 1922 жылдан 1924 жылға дейін Халел Досмұхамедов бастаған «Талап» қоғамына қаржылық көмек көрсетті және ғылымның дамуына үлес қосты.

Рысқұловтың ұлттық мамандарға, зиялы қауымға және ғылымға деген жанашырлығы-бұл тарих. Түркістан республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Тұрар Рысқұлов 1920 жылы үш бөлікке бөлініп, Ташкентте «Талап» қоғамын құрған Алашорда өкілдерін жинады. Оған Кәрім Жаленов, Халел, Жанша Досмұхамедов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мырзағазы Есболов және басқалар қатысты. Бұл қоғам алғашқы ғылыми орталық болды. Онда

Қазақстан Ғылым Академиясының алғашқы іргетасы қаланды. Егер Т.Рысқұлов бюджеттен уақытылы қаражат бөлмеген болса, оны жабуға болар еді. Ақын Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» атты тамаша өлеңі Орынборда емес, Ташкентте дүниеге келген. Ол Түркістан, түркі халқының бірлігі идеясын жырлады. Рысқұлов, Қожанов және Төрөқұлов өлең жазуға әсер еткені анық. Қоқан үкіметін большевиктер құлатқаннан кейін Мұстафа Шоқай шетелге кетті, ал Мұхамеджан Тынышбаев жұмысынан айырылған кезде. Рысқұлов оны Ташкентке шақырып, Халық Комиссарлары Кеңесінің көлік бөлімінің бастығы етіп тағайындалған болатын. Бұл ұлт мүддесі үшін күрескен әрбір қазақ зиялыларына деген қамқорлығының бірі ғана.

Тұрар Рысқұлов өзінің пікірлестерімен бірге ұлт мүддесін қорғауға бағытталған батыл шешімдердің қабылдауына ықпал етті. Түркістан республикасы мемлекеттің атауын оның ішкі мағынасына сәйкес өзгерту қажет деп тапты, өйткені өңір халқының үлесі еуропалықтардың бес пайызын емес, қара құрамды құрайды, жергілікті халықтың 95 пайызы ұлттық бірлік болып табылады. Яғни, аймақта негізінен түркітілдес халықтар қоныстанғандықтан, мемлекет «Түркі (Түрік) Республикасы», саяси күш «түркі (түркі) халықтарының коммунистік партиясы» болып өзгертіліп, қайта құрылуы керек. Еуропалық азшылықтың құқықтары тиісті заңнамамен қорғалады. Рысқұлов осы екі мәселені 1920 жылы 17 қаңтарда өткен облыстық комитеттің, облыстық бюроның, шетелдік коммунистердің Орталық Комитетінің және түркі комиссиясының бірлескен отырысында алдағы күндерге жоспарланған 5-ші партиялық конференция мен 3-ші кезектен тыс конференцияның күн тәртібіне енгізуді ұсынды. Ол конференцияларға дайындаған баяндамаларының тезистерін жариялады. Бірлескен отырыста тезистер кеңінен талқыланды және қолдау тапты. 20 қаңтарда ашылған 5-ші партия конференциясының екінші отырысында Тұрар «ұлт мәселелері мен ұлттық-коммунистік секциялар туралы» баяндама жасап, аймақтағы партия ұйымының үш бөлікке бөлінуін сынға алды - мұсылмандар бюросы, шетелдіктердің Орталық Комитеті, орыстардың аймақтық комитеті. Рысқұловтың республикада саяси басшылықты ретке келтіру үшін бірыңғай партиялық ұйым құру туралы ұсынысы конференцияда қолдау тапты. Түркістан коммунистік партиясының «түркі халықтарының коммунистік партиясы» деген жаңа атау туралы ұсынысы, барлық Ұлттық секциялар біріктірілген кезде де көпшілік дауыспен қабылданды. 25 қаңтарда ашық дауыс беру арқылы жаңадан құрылған Түркі халықтары Коммунистік партиясының уақытша Орталық Комитеті құрылды. КОКП Орталық комитетінің құрамына 17 мүше, оның ішінде 8 еуропалық коммунист кірді. Осы күні өткен 3-ші конференцияда Рысқұловтың «Түркістан республикасының автономиясы туралы» баяндамасы белсенді талқыланды.

Ал түркі халықтарын революциялық әділ идеялардың көмегімен бірлік атмосферасында дамытқысы келген ұлттық қайраткер Тұрар Рысқұлов Түркістандағы қызметінен босатылып, Мәскеудегі Коминтерн кеңсесінде жұмыс істеді. Көп ұзамай ол Коминтерннің өкілі ретінде Моңғолияға іссапарға аттанды. Ол жауапты қызмет атқарды. Содан кейін 1926 жылдың көктемінде Қазақстанда бірнеше ай бойы ол облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, республикалық газеттің редакторы болды, содан кейін он бір жыл бойы Ресей Федерациясының Үкіметінде Үлкен террор кезінде ұсталғанға дейін ол Халком Кеңесі төрағасының орынбасары қызметінде болды.

Тұрар Рысқұловтың қазақ тарихындағы орны мен қалдырған бай рухани мұралар төңірегінде әртүрлі негізсіз пікірлер мен көзқарастар бүгінгі күнде де айтылуда. Бұл әрине дұрыс емес. Ең бастысы-оның Алаш зиялыларымен байланысы, оларға деген көзқарасы. Айтпақшы, тарихшы Бүркіт Аяған Мәскеу саясаты сол кезде қазақстандық элитаның бөлінуіне себеп болғанын атап өтті. Екі бағыттың бірі - Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов бастаған алашордашылардың бағыты, ал екіншісі-Тұрар, Сәкен, Сейітқали Меңдешев сияқты зиялылардың бағыты.

Ресейде тұратын және Сталиннің құжаттарымен жұмыс істеген қазақ тарихшысы Дина Аманжолова Сталиннің жеке мұрағатында Тұрар Рысқұловтың алашордистермен

тығыз байланыста болғандығы туралы көптеген дәлелдер бар екендігін өз зерттеулерінде келтіреді. Солардың бірі - 1922 жылы Тұрар Рысқұлов пен Сұлтанбек Қожанов Орталық Комитетте Әлихан Бөкейхановты тұтқыннан босату туралы ұсыныс жасады. Әлихан Бөкейхановты қолдап, оны түрмеден шығарған Тұрар мен Сұлтанбек бірден ГПУ-дың қара тізіміне енді. Ақырында өзі де Сталиндік террордың құрбаны болды.

Тұрар Рысқұловтың 1920-1937 жылдар аралығында өте маңызды, ірі көлемдегі кітаптар мен 200-дей мақаласы, баяндамалары, 100-ге тарта хаттары мен тезистері жарық көрді. Бұл еңбектердің Тұрардың саяси күресі мен идеяларын ұғуда орны ерекше.

Т.Рысқұловтың рухани мұралар арасында 1927 жылы жарық көрген «Қазақстан» кітабының орны бөлек. Қазақстан тарихын зерттеуді көне көне заманнан бастай отырып өзінің қазақ тарихын толық баяндауды міндет еткенді. Оның нысаны – Қазақстанның ерте және беріде өткен тарихының аса күрделі, кейде тіпті қайшылығымен мол процесс болғанын көрсету арқылы қазақ халқының бойындағы дүниетанымын көрсету болатын. Бұл ретте ол қазақ халқының өткен тарихын ғылыми тұрғыдан, объективті түрде зерттеуге тырысады.

Кітабының «Қазақстанның өткен тарихы» атты бөлімінде Қытай деректеріне сүйене отырып, қазақтардың көне территориясын сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, қыпшақ сияқты тайпалар мекендегенін айтады. «Исаның тууынан 200 жыл бұрын қазақ жерінде усуния үйсін деген ел тұрыпты. Иса туғаннан кейін, 177 жылдар шамасында қазақ жерін ғұн нәсілі мекендеп, олар бастысқа қарай ойысқан, ҮІІ ғ. Алтайдан ұйғыр келіп патшалық түзеген, мұнан кейін қазақ жерін түрік руларының бірінен соң бірі келіп мекендеген. Осы күнгі Жетісу губерниясы мен Сырдария губерниясының бір бөлімін IX-X ғасырларда «Қарахан» нәсілі патшалық еткен түрік тайпалары мекендеген. Бұлар ислам дінін 955-956 жылдарда алған көрінеді. Бұлардан кейін бұл жерді «Қарақытай» алып, ақырында оны монғолдар келгенін рет-ретімен баяндайды.

Т.Рысқұлов қазақ халқының шығу тегін, қазақ мемлекеттілігінің ғасырларға жалғасқан көмескі іздерін айқындап, кемел тарихын жасауға үлес қосуға тырысты. Алайда, дәлелді деректік құжаттың табу қиындылығынан еңбегінде «Арғы жергі қазақ халқының қайдан шыққанын, мекені қайда болып, мұнда қайдан келгенін тарих ашып айта алмайды», - деп келе, ерте және орта ғасырда Қазақстан аумағында туыстас түркі халықтары құрған үлкенді кішілі мемлекеттердің тарихын білуде Қытай дерегінен басқа араб, парсы деректерін қолдана отырып, ескі шежіреге де сүйену қажеттігін атап көрсетеді. Ол шежіренің қоғамдағы орны ерекшелігін, шежіре ұлтты, руға, тайпаға, арысқа, жүзге бөліну үшін емес, оның тұтастығына, туыстығына ортақ тілі ортақ діні.

Шежіре отаны, елң, жұрты бар екеніне, тірлікке, бірлікке ұлттық сананы қалыптастыруға бағышталғанын түсіндіреді. Замандасы Ахмет Байтұрсынов «Қазақ қуғыншы халық, ол өмірбойы өзін іздейді, ата бабасын іздейді, кешегі күнін болашағын іздейді» демекші, Тұрар да қазақ халқының өткенін шежіреден іздейді. Ол түркі тайпаларын зерттеп білуде XI ғасырда өмір сүрген Фирдаусидің, орыз княздары Светослав пен Мситлавтың шежіре жазбаларына сүйсінуге болады дегенді.

Осындай тұжырымға келген ол қазақтың шежіресі туралы қазақтың өзінен артық ешкім білмейді деген ой қорытады.

Бұл пайымдардың мәні мен маңызы бүгінгі қазақ тарихы мен ғылымда өз орнын жоғалтқан жоқ.

Тұрар тарихи шолуларында Шыңғыс хан өміріне, оның Қазақстан мен Орта Азияға жасаған жорықтарына айтарлықтай орын берілген. Сонымен қатар ол өз еңбегінде, қазақ халқының дамуының негізгі кезеңдеріне талдау жасап мемлекет болып қалыптасу барысына ерекше тоқталады. Қазақ хандығының құрылу мәселесіне байланысты «Алтын Орда» өзара бөлшектене бастаған соң, қазақ оңашаланып көтеріле бастайды. Өзбек ханы Әбілхайырмен араздығын пайдаланып, Шу бойына келіп мекендейді. Қазақтың басын қосуға бірінші қам еткендер осылар.

Тұрар Рысқұлов қазақ хандығының қайта жанданып елдікке көтерілуінен кейінгі 200 жылдықта үш жүзге бөлінуі басталды деп топшылайды. Қазақ халқының үш жүзге бөлінуі ХҮІ ғасырға таяды, дейді ол. Қазақтың үш жүзге бөлінуі Тұрар Рысқұлов Ақназар ханның тұсына жатқызады.

Тұрар Рысқұлов қазақ жоңғар қатынастары мен осы екі мемлекет арысындағы көптеген жылдарда созылған соғыс тарихы жөнінде зерттеу жүргізіп, өз пайымдауларын қалдырған.

ХҮІІІ ғасырдың басныда жоңғарлардың қазақ жеріне шапқыншылығы «Ақтабан шұбырынды» деген атпен әйгіленген кезең жөнінде Тұрар Рысқұлов өз еңбегінде мынадай маңызды қорытынды жасайды: «ХҮІІІ ғасырды алғашқы жарымында қазақ «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны» бастан кешірді. Қазақ қазақ болып мұндай ауыр заманды көрген емес. Нақ сол кезде жоңғардың Қалдан Серен деген ханы ұлы жүз бен орта жүзді келіп бағындырады. Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлімін Әбілхайыр мен Семекелер бастап, жоңғардың екпінінен қорқып, орыс қол астына қарайды.

Міне, осы мезгілден бастап қазақ елі саясат еркіндігінен айырылған кезеңі басталды деген пайымға келеді.

Тұрар Рысқұлов бұл еңбегінде көтерген негізгі тақырып қазақтардың Ресей қол астына кіру тарихы. Әрине, бүгінге дейін бұл тақырыпқа арналған ондаған зерттеу жұмыстары дүниеге келгендігі, оларды қазақтардың Ресей қол астына кіру тарихы әр түрлі тұрғыдан қарастырылып, сан алуан мұрағат құжаттары мен басқа да дерек негізінде мәселенің көптеген қырлары ашылғандығы туралы айтқан.


Бүгінгі кезге дейін, Т.Рысқұлов еңбегінің құндылығын жоғалта қоймағандығын, керісінше көп жағдайда оның ХХ ғасырда жасаған тұжырымдары мен кейбір болжамдарының дұрыстығы кейінгі зерттеулердің еңбектері ғылыми негізде дәлелдегенін айтуымыз керек.

30-жылдары Тұрар өзін тарихнамашы әрі сыншы ретінде көрсете білді. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі Қазақстанның әлеуметтік экономикалық және саяси және мәдени өмірін зерттеген қазақ жерлерін зерттеулері мен ғылыми мақалаларына талдау жасады.

Тұрар Рысқұлов туысқан Қырғыз тарихына арнап «Қырғызстан» атты кітап жазып, оны 1935 жылы Мәскеу қаласында жариялайды. Сегіз бөлімнен тұратын бұл еңбегінде ол қырғыз елінен территориялық, географиялық жағдайынан бастап халықтың әдет-ғұрпын, дінін, тайпалық және рулық құрылымын зерттеген. Сонымен қатар Қырғызстанға кеңес өкіметінің орнауына, бұл өмірде ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында орын алған экономикалық мәдени және саяси өзгерістерге шолу жасаған. Қазақ пен қырғыз халықтарының әдет ғұрпы мен мәдениетінің ортақ белгілері мен өздеріне тән ерекшеліктерін көрсетуге талпыныс жасаған.

Тұрар Рысқұлов тарихи зерттеу еңбегі ХІХ-ХХ ғасыр тоғысында қалыптасқан қазақ ұлттық интелегенциясының саяси, рухани бағыттарын айқындау мен олардың іс әрекетіне баға беруге арналған.

Әрбір ұлттың генофондының негізгі – танымал тұлғалардан тұрады. Ұлттың ақыл-ойын, парасатын құрайтындар да осы топ, яғни тұғырлы тұлғалар. Олар – заманның желінен ықпайтын, шындықтан қашып бұқпайтын, сабыры үгілмейтін, ұсаққа үңілмейтін, көкірегі сыр-сандығын пендешілікпен таза ұстайтын, өнерді өрістетін, ғылымды өрге сүйрейтін ерекше талант иелері. Тұлғалар – өмір-өзен қалай тулап жатса да, уақыт қандай өзгеріске түссе де арнасынан аумайды, тарихтың тамырын дәл басады. Ел басына күн туып, бағытын таппай жаңылғанда ең алдымен тұлғаларын іздеп табатыны, үлкен үміт артатыны да сондықтан болса керек. Халқымыздың осындай арда ұлдарының бірі, өз ұлтының бірлігі мен келешегі үшін басын қауіп-қатерге тіккен тұлға Тұрар Рысқұловтың бай рухани мұрасының маңызы ерекше.





## ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ӘУЛИЕАТАДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

### Сауран ҚАЛИЕВ

Ш.Мұртаза атындағы Руханият және тарихтану орталығының директоры, Тараз қ.

Тұрар Рысқұлов ХХ ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының ішіндегі шоқтығы биік тұлғалардың бірі. Ол – Түркістандағы түркі халықтары ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, публицист, тарихшы, дипломат.

Тарихи тұлға Тұрар Рысқұлов туралы Халық жазушысы Шерхн Мұртаза көркем шығарма болса да «Қызыл Жебе» атты үлкен еңбек жазды. Көркем әдебиет дегені болмаса, аталған еңбекте Тұрардың жастық шағынан бастап, қоғам және мемлекет қайраткері, көрнекті саясаткерлік тұғырға көтерілуінен бастап, өмірінің соңына дейінгі болмысын шынайы суреттейді.

Рас, тарихи тұлға Тұрар Рысқұловтың тағдыры талай талқыдан өткенін біз тарихтан жақсы білеміз. Ол Түркістан өлкесіндегі саяси процестерге белсене араласқанға дейінгі кезеңде, яғни Ресей империясы үш ғасыр билеген Романовтар әулетін тақтан тайдырған Ақпан революциясы тұсында өзіміздің Меркі, Әулиеата төңірегіндегі саяси оқиғалардың үлкен өзгерістерге бет бұруына ықпал еткенін айтқымыз келеді.

Мәселен, Тұрар Рысқұлов Ақпан төңкерісін сонау Ташкентте жүріп естіп, 1917 жылдың көктемінде Меркіге келген. Ол сол Меркідегі орыс кулактарының жергілікті қазақтарға жасап отырған қиянаттарын, қойып отырған заңсыз талаптарының дұрыс емес екенін мәлімдеп, жасаған қылмыстарын әшкерелегені үшін оның көзін жоймақ болған. Тіпті, осы әділетті ісі үшін жергілікті байлар мен кулактардың ықпалымен уақытша үкіметтің Меркі өңіріндегі милициясы оны тұтқындаған.

Тұрар Рысқұловтың Меркіге келіп қызу саяси істермен шұғылданып жатқанын естіген бала күнгі достары мен сауатты жастар Әулиеата, Пішпек, Талас, Шу, Қордай аудандарынан ағылып Меркіге табан тіреген.

Тұрардың жанына бірте-бірте Сыдық Абланов, Ысқақ Әсімов, Кененбай Бармақов, Мақсұт Жылысбаев, Кәрімбай Қошмамбетов, Қабылбек Сармолдаев, қырғыз Тұрдалы Тоқбаев сынды тағы да басқа қырғыз және демократиялық көзқарастағы орыс жастары топтасты. Осыдан кейін Тұрар Рысқұлов саяси тұрақсыздық жайлаған кезеңде көшпелі халықтың саяси құқықтары мен әлеуметтік жағдайын қорғау мақсатымен «Бұқара» атты ұйым құрды. Кейінгі жылдары өзгерген саяси ахуалдың ықпалымен ұйымның аты «Қазақ жастарының революциялық одағы» деп аталғанын айтады өзінің 1925 жылы жазған «Революция и коренное население Туркестана» атты еңбегінде.

1917 жылы Тұрар Рысқұлов Ташкентке қайта оралып, сондағы үлкен саяси істерге араласа бастайды. Алайда Түркістан өлкесінде азық-түлік тапшылығы орын алып, жергілікті қазақтардың шаруашылығы күйзеліске ұшырайды. Осындай ауыр жағдай Әулиеата уезінде де орын ала бастайды. Тұрар Рысқұлов Әулиеата уезіндегі саяси-әлеуметтік процестерге өзінің тікелей араласуы қажеттігін түсінген ол, 1918 жылдың көктемінде Ташкенттегі оқуын уақытша тоқтатып, Әулиеатаға оралған.

Тұрар Рысқұлов «Бұқара» ұйымы мүшелерін Әулиеатаға шақырып, саяси жағдайды талқылайды. Ол кезде Әулиеатадағы билік еуропалық большевиктер мен солшыл эсерлерің қолында болатын, олардың арасында мұсылмандар жоқ еді. Т.Рысқұлов қазақ жігіттеріне саяси билік пен әскери күшке ие болып отырған кеңес үкіметіне кіру керектігін, аштан қырыла бастаған қазақ жұртын арашалап алу үшін басқа жолдың жоқтығын түсіндіреді. Осы күндері Т.Рысқұлов та, «Бұқара» ұйымының біраз мүшелері большевиктер партиясына мүшелікке өтеді.

Тұрардың саяси сауаттылығы мен атқарған істеріне сәйкес Әулиеата уезінің мұсылмандары да, большевиктері мен эсерлері де оны саяси тұлға ретінде мойындаған.


Уездің аштан қырыла бастаған көшпелі қазақ халқына көмектесу үшін Т.Рысқұлов биліктегі орыс революционерлермен келіссөздер жүргізеді.

1918 ж. 21 сәуірде Т.Рысқұлов Әулиеата қазақтарының тұңғыш съезін ұйымдастырады. Съезде ашаршылықпен және жұқпалы аурулармен күрес, қазақ-орыс қарым-қатынасы, уездік кеңес құрамына қазақтар арасынан депутаттар сайлау туралы мәселелер талқыланады. Т.Рысқұлов қазақ съезінің шешіміне сәйкес Әулиеата уездік кеңесінің мүшесі болып қабылданады. Уездік кеңестің ұлттық құрамының жергілікті халықтың пайдасына қарай өзгеруіне күш салады.

1918 ж. жазда Т.Рысқұлов Әулиеата уездік кеңесінің төрағасы болып сайланады.

Әрине, біздер қоғам және мемлекет қайраткері, көрнекті саясаткер Тұрар Рысқұловтың түбі бір түркі жұртына, әсіресе өзінің туған халқы қазақ жұрты үшін еткен еңбектерін бір ғана баяндамаға сыйдыра алмаймыз. Әйтсе де, Тұрардай тұлғаны қай қырынан дәріптесек те өскелең ұрпақ алдында артық етпейді. Қайта Тұрардай бабаларына еліктеп өскен жастарымыз көп болса, қазақтың көсегесі көгермесе, арзымайды деп білемін.

Биыл тарихи тұлғаның туғанына 130 жыл толып отыр. Тұрарды дәріптейтін жыл. Олай болса, қайраткерді жан-жақты дәріптеп, жастарға таныту бағытындағы іс-шараларды ұйымдастыру бәріміздің міндетімізге айналуы тиіс.



## **ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ ЖӘНЕ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДА БЕЙНЕЛЕНУІ**

**Мендібай Әбілұлы**

Ш. Мұртаза атындағы ХТИИ, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан жазушылар, журналистер одағының мүшесі, Тараз қ.

**Естемесова Ақмарал**

Жамбыл облысы, «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы директорының орынбасары, Тараз қ.

Біз ең алдымен ХХ ғасырдың басындағы Ресей мен Қазақстандағы саяси-әлеуметтік жағдайға ой түсірейік. Қазақ елі ХІХ ғасырдан бастап патшалы Ресейдің қол астында болғаны тарихтан белгілі. Ұшса құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр қазақ даласында аттың жалында өмір сүрген қазақ елінің Ресей қоластына бодан болып кіруі қазақ зиялыларының орыс зиялыларымен араласуына мүмкіндік тудырды. Қазақ даласына салынған әскери бекіністерге байланысты әскерилердің ұл-қыздарына арналып орыс мектептері салынды. Ол мектептерде орыс балаларымен бірге қазақ балаларының, қазақ ауқаттыларының балалары орыс тілінде білім алды.

Ресей мемлекеті екінші дүниежүзілік соғыста қатты әлсіреді. Қазақтар 1916-жылғы Ресей патшасының соғысқа қазақтан солдат алу туралы атышулы маусым жарлығына қарсылық көрсетті. Бұл қарсылық қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісіне жалғасты. 1917-жылғы ақпан төңкерісінен соң Керенский басқарған Уақытша үкімет құрылды. Николай патша тақтан құлаған соң Ресейдегі ішкі саяси жағдай шиеленісті. Ресей халқына азамат соғысының өрті жақындап келе жатты. Қазақ оқымыстылары Ресейдегі ішкі өзгерістерді пайдаланып, «Алаш» партиясын құрды. Бұл қазақ елінің де саяси ахуалын өзгертті.

Қазақ зиялылары қазақ елінің дербес мемлекет болып шығуына немесе Ресей құрамындағы автономия болып өмір сүруіне талпыныс білдірді. Бұл талпыныс «Алашорда» үкіметінің құрылуымен аяқталды. Кейбір ғалымдар мұны Алаш (Қазақ) республикасы деп те жазып жүр.

Ресейде 1917-жылы Қазан төңкерісі болды. Үкімет басына большевиктер шықты. Большевиктер Ресейде К. Маркс, Энгельс идеяларының жүзеге асқандығын жария қылды. Социализм орнады. Ресей капиталистік қоғамнан социалистік қоғамға өтті. Ал бұл кезде Қазақ елі феодалдық қоғамда өмір сүріп жатқан еді. Яғни, Қазақ елі феодалдық қоғамнан капиталистік қоғамнан бірден социализмге өтті.

АҚШ-тағы Маркет университетінің профессоры Р.Смаль-Стоцкий «Кеңес Одағындағы ұлт мәселесі және коммунистік орыс империализмі» атты мақаласында: «Шын мәнінде, 1917-жылы Ресейде екі революция (төңкеріс, М.Ә) басталды: бірі-этникалық жағынан орыс территориясында орын алған негізінен саяси, кейінірек әлеуметтік мақсат қуған орыс революциясы; екіншісі-орыс езгісінен құтылуды және орыстарды өз жерлерінен ығыстырып шығаруды көздеген ұлт аймақтарындағы ұлт-азаттық қозғалысы...»-деп жазды [1].

Ал, АҚШ дипломаты Р. Пайпс «Кеңес Одағының қалыптасуы. Коммунизм және ұлтшылдық» деп аталатын мақаласында: «1919-жылғы шілдеде құрылған Қырғыз (Қазақ) революциялық комитеті (Кирревком) жергілікті ұлтшылдар қолында емес, Мәскеу іріктеп алған сенімді коммунистерден, оның ішінде мұсылман еместерден тұрды. Сол себепті ол ұлт мүддесін қорғау құралы бола алмады. 1919-жылы Кеңес жаулаушылығының алғашқы қадамдарынан бастап қазақ даласындағы саяси өкіметтің барлық органдары Мәскеудің қарамағында болды...» деп жазды [2]. Қазақ өлкелік партия комитетіне басшылық жасаған Голощекинді, Куйбышевті, Рудзутакты, т.б. айтуға болады.

«Алашорда» үкіметін - Алаш (Қазақ) республикасын құрған қазақ оқымыстылары арасында саяси дағдарыс басталды. 1919-жылы Ахмет Байтұрсынұлы былай деп жазды: «Қазақтарға Ақпан төңкерісі қаншалықты түсінікті болса, Қазан социалистік төңкерісі соншалықты түсініксіз көрінді. Бірінші төңкерісті қандай қуанышпен қарсы алса, екінші төңкерісті соншама үреймен қарсы алуға тура келді...» [3].

1917-жылғы Қазан төңкерісіндегі большевиктердің жеңісі алашордашылардың алдарына қойған арман-мақсаттарының орындалуына кедергі келтірді. Елдегі саяси ахуал алашшылдардың бір тудың астына жиналуына мұрша бермеді. Оның үстіне алаш зиялыларының арасындағы алауыздық ғажайып идеялардың іске асуына мүмкіндік бермеді. Ол қандай ғажайып идеялар?

Жақында Жапония сыртқы істер министрлігінің мұрағатында «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметі туралы құпия сақталған құжаттар табылды. «Мен өзіммен бірге алып келген тарихи құжаттар Жапон Сыртқы істер министрлігінің төменгі саяси палатасының мұрағатында сақталған. Алашорда қайраткерлерінің басым бөлігі автономды мемлекет құруға жұмыс істеген. Мысалы, «Сарыарқа» газетінде автономия құрылымы қандай болу керектігі туралы көп мақала жарияланған. Алайда деректерді оқып қарасаңыз, Алаш арыстарының автономия туралы түсінігі Ресей империясының сол кездегі түсінігінен өзгеше болғанын аңғарасыз. Аталған басылымның кейбір авторлары Ресей аумалы-төкпелі кезеңді кешкен сәтте билікті өз қолдарына алу қажеттілігі туралы да ашық жазған. Яғни Алашорда үкіметі автономия дегенді өзін-өзі басқаратын, жеке дара мемлекет ретінде қарастырған» -деп жазады Хокайдо университеті Славян-Еуроазия ғылыми-зерттеу орталығының ортаазиялық зерттеулер профессоры, жапон ғалымы Томохико Уяма [4].

Тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Қойгелдінің Алаш пен большевизм туралы, «Алаш қозғалысы» туралы былай деп жазатыны бар: «Алаш пен большевизм - екі ағым. Көзқарасы мен ұстанымы мүлде бөлек. Біріншіден, осыны ескеру керек. Екі ағымның арасындағы қарсылық ғасырға созылды. Әрине, Алаш қайраткерлері 20-жылдардың соңы, 30-жылдардың басында қуғын-сүргін құрбаны болды. Саясат сахнасынан кетірілді. Бірақ Алаш идеясы жойылған жоқ. Ел жадында жүрді. Өз қызметін атқарумен болды. Тарих ғылымының ерекшелігі сол, біткен, аяқталған процестерді зерттейді. Ағымдағы процестерді саясаттану зерделейді. Осы тұрғыдан алғанда, Алаш пен большевизм арасындағы қайшылық, қарсыласу - аяқталған процесс. Тарихшы бұл

мәселені зерттей алады, тұжырым жасайды. Тұжырымдауға тиіс. Мәселе неден басталды? Ертедегі Рим тарихында: «Жеңілгендердің соры мол», деген сөз бар. Алаш қозғалысы - жеңілген қозғалыс... Алаш қозғалысы десек, «Алаш» партиясының, Алаш зиялыларының қызметін еске аламыз... Негізі, бұл - қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы. Мағынасы солай. Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы-әлемдік ұлт-азаттық көтерілістер арнасында өмірге келген қозғалыс...».

1920-21 жылғы ашаршылық социализмге деген халық сеніміне сілкеу түсірді. Осындай аумалы-төкпелі кезеңде Т. Рысқұлов қайда болды, тарих сахнасына қалай шықты?

Т. Рысқұлов 1916-жылы Әулиеата уезінде патшалық Ресейге солдат бермеу жөніндегі халықтың ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі болды. Т. Рысқұловтың саяси белсенділігі осы кезеңде көрінді. Бірақ Т. Рысқұлов патшалық Ресейдің қазақ ауылдарындағы әділетсіздіктерін 10 жасынан бастап көрді. Әкесі Рысқұл Жылқайдарұлы 1904-жылы патша үкіметінің қазақ даласындағы айуандық іс-әрекеттеріне қарсы шығып, туған елінің салт-дәстүрлерін қорғағаны үшін, қара халықты езгіде ұстап, патша шенділеріне жағымпаздық жасап, сатқындық іс-әрекеті үшін Жақсыбай деген байды атып өлтірді. Сол үшін 10 жылға сотталып, түрмеге қамалады, кейін Сахалинге жер аударылады. Осындай тағдыр тауқыметі Тұрардың бойында ақ патшаға деген кектің қалыптасуына әкеліп соқтырады.

Тұрар Рысқұлов - Халықаралық деңгейдегі мемлекет және қоғам қайраткері, Орталық Азия түркілерін бір тудың астына біріктіру идеясын іске асыруда жанқиярлықпен еңбек еткен тарихи тұлға болды.

1920-жылы Түркістан Республикасы құрылады. Бұл түркілердің тарихындағы үлкен жаңалық еді. Ежелгі сақтардың патшасы Тарғытай, Ішбақай, Алып Ер Тұңға, қассақтардың ержүрек патшасы Тұмар патшайым, ғұндардың алыбы Мөде мен Аттила патшаның, Махамбет-Исатайдың, беріде Абылай хан мен Кенесарының армандаған арманы орындалды.

XX ғасырдың бас кезінде сонау көне дәуірлерде Қытай шапқыншылығынан, араб басқыншылығынан, монғол шапқыншылығынан, жоңғар шапқыншылығынан, патшалық Ресей отаршылдығынан бөрілі көк байрағын құлатпай, аман-есен Түркістан Республикасы құрылғанын жария еткенде қазақ түркілерінің, өзбек түркілерінің, қырғыз, қарақалпақ түркілерінің, түркімен түркілерінің, ноғай мен башқұрт, әзірбайжан түркілерінің көздеріне жас алып, қуаныштан жылап тұрғанын біз ұмытқан жоқпыз!

Т. Рысқұлов Түркістан Орталық атқару комитетінің Төрағасы болып сайланады. Көкбөрілердің бір тудың астына жиналып Түркістан Республикасының құрылуы Тұрардың қайратына қайрат қосып, ежелден азаттық аңсаған түркі халықтарын әлемге танытпақ болды. Ол Түркістан Республикасы мен Түркістан Коммунистік партиясы атауларын Түрік (Түркі) Республикасы, Түрік (Түркі) Коммунистік партиясы етіп өзгерту туралы ұсыныс жасайды. Бір қызығы Т. Рысқұловтың табанды ұсынысын В. Куйбышев, Я. Рудзутак, Ф. Голощекин қолдап қуаттайды. Тіпті Түркістан Коммунистік партиясы өлкелік конференциясында Т. Рысқұлов ұсынысы бойынша Түрік (Түркі) Республикасы, Түрік (Түркі) Коммунистік партиясы деп аталуы жөнінде шешім қабылданады. Бұл сол дәуірдегі түркі оқымыстыларының үлкен саяси жеңісі болатын. Осы саяси жеңіс тарих беттерінде үлкен әріптермен жазылды. Бірақ осы саяси жеңіс Т. Рысқұловқа «пантюркист» деген жала жабылуымен үлкен жеңіліске алып келді. Яғни, түркілердің бұл саяси жеңісін В.И. Ленин де, И.В. Сталин де мойындаған жоқ.

Бұл кезде қазақ зиялылары «Алашшылдар» және «Кеңесшілдер» болып екіге бөлініп, бір-бірінің үстінен шағым жазып, өз ара қырқысып жатты.

Т. Рысқұловтың бұл ерлігін академик М. Мырзахметұлы былайша бағалайды: «Тұрардың мұсылмандар бюросын ұйымдастыруы, халықтың 98 пайызы болған мұсылмандарды билікке жолатпауға тырысқан шовинистермен тайталасы, Кеңестік

Түркістан Республикасын ұйымдастыру, оған орталықтың қарсылығы, Тұрардың Мәскеуге ауысуы, саяси күрестің үдей түсуі эпопея желісінде арқау болып өрілді...» [5].

Т. Рысқұлов сол кездегі саяси ахуалдың тұтанып тұрғанын біле тұра неге мұндай батылдыққа барды? Он жасынан бастап әкесінің патшалық Ресей шенділері тарапынан азаптануын өз көзімен көрген Тұрардың Алаш қозғалысына белсене қатыспаса да іштей оның идеяларын қолдады. Мұны біз 1919-жылғы Алаш қозғалысының басталар шағында алашшылдарды қолдаған батыл ұсынысы болды деп айта аламыз.

Т. Рысқұлов 1920-жылы қаңтар айында Түркістан Орталық атқару комитетінің Төрағасы болып сайланды дедік. А. Байтұрсыновтың өзінің төңірегіндегілермен ақылдасып, Кеңес өкіметі жағына шығатын кезі 1919-жылдың наурыз айы. Ал, 1913-1918-жылдары «Қазақ» газетіне А. Байтұрсыновпен бірге редактор болған, Алаш қозғалысы мен Алаш партиясына мүше болған, Алаш Армиясының белсенді мүшесі, 1909-жылы Опе қаласында әйгілі «Оян, қазақ!» атты кітабын шығарған Міржақып Дулатовтың да аңсаған арман-мақсаты қазақ түркілерінің бостандыққа шығуы еді. Т. Рысқұлов М. Жұмабаевтың түркілерді қолдап-қуаттап жазған поэзиялық туындыларына жанашырлықпен қарады ма екен? Бәлкім Т. Рысқұловтың «Түркістан Республикасы мен Түркістан Компартиясы атауларын Түркі Республикасы, Түркі Коммунистік партиясы деп өзгерту туралы ұсынысында алашшылдарды іштей қолдау идеясы жатқан жоқ па?» деген сұрақ туылады. Т. Рысқұлов 1924-жылы РПК ОК шешімімен Коминтерн атқару комитетіне қызметке жіберіледі, жаз айында Коминтерн атқару комитетінің Монғолиядағы өкілетті өкілі болып тағайындалады.

1926-жылы Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің қаулысымен Ресей Федерациясы Халық Комиссарлары кеңесі Төрағасының орынбасары болып қызмет етеді. Ол бұл қызметті 1936-жылға дейін жалғастырады.

1929-жылы қыркүйек айында Қазақстанның Тақтәкәпір ауданында Кеңес үкіметіне қарсы халық көтерілісі болды. Бұл қара халықтың Кеңес үкіметіне қарсы тұңғыш көтерілісі болып тарихта жазылып қалды. Көп ұзамай Кеңес үкіметіне қарсы көтерілістер Қазақстанның бірнеше аудандарында жалғасын тапты. Ал, 1930-33 жылғы ашаршылықтың салдарынан 4 миллиондай қазақ шыбындай қырылды.

Қазақстан өлкелік партия комитетінің бас хатшысы Ф. Голощекиннің асыра сілтеушілігі себебінен пайда болған келеңсіздіктердің кесірінен болған жаппай ашаршылық, Т. Рысқұловтың 1920-жылғы Түркістан Республикасын Түрік (Түркі) Республикасы деп атаған ұсынысы И.В. Сталинге ұнаған жоқ еді. Мұның бәрі Т. Рысқұловтың, Ф. Голощекиннің репрессияға ұшырауына әкеліп соқтырды. Сталин Т. Рысқұловты Түркістан Республикасының Төрағасы міндетінен босатып, Мәскеуге қызметке алдырды. Бұл Рысқұловтың көзін жоюдың алғышарты еді. Т. Рысқұлов 1937-жылы «пантүрікшіл» деген айыппен ату жазасына кесілді.

Академик Р. Бердібай Ш. Мұртазаның мемлекет қайраткері Т. Рысқұлов туралы жазылған «Жұлдыз көпір» атты романы туралы «Кемел кезең» деп аталатын мақаласында былай деп жазатыны бар: «Жазушы Ш. Мұртазаның «Жұлдыз көпір» (1984) деген романы оның бұдан бұрын жарияланған «Қызыл жебе» атты екі кітабының жалғасы. Мұнда да орталық қаһарман жалынды күрескер, төңкеріс дәуірінде қатарынан озып шыққан табанды большевик Тұрар Рысқұлов. Шығармада Түркістан Кеңестік Социалистік Автономиялық республикасының 1917-20 жылдардағы шытырман оқиғалары, сол істердің бел ортасында жүрген Т. Рысқұловтың жеке өмірі, әлеуметтік майдандағы қайраткерлігі кеңінен көрсетілген. Сонымен қатар романда Орта Азия халықтарының жаңа тағдыры басталар кезеңдегі алуан, ауыр оқиғалар, кескілескен күрестер, түрлі бағыттағы адамдар бейнелері елестетілген...» (9).

Академик Р. Бердібаев Ш. Мұртазаның «Жұлдыз көпір» романында Т. Рысқұловтың бейнесін шеберлікпен сомдағанын, Тұрардың қазақ халқы ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы түркі халықтарының қамқоршысы ретінде суреттей алғанын қадап айтады: «Роман бойында Тұрардың бейнесін жан-жақты толықтыратын оқиғалар оралымы

мол. Түркістанның соғыс комиссары қызметінде отырған жасырын жау Осиповты елден аластату, өкімет басына орнығып алған арамза Кушекиннің айла - шарғысын әшкерелеу... Түркістан республикасын жаңаша атауға ұсыныс беру кезінде ол кемел білімділік, табандылық байқатады...» деп жазды [6].

Шынында Кеңес үкіметінің түркішілдікке қарсылық көрсетіп, большевиктік идеологияда түркішілдік сарынды баса-көктеп, қарсы шыққан партияның идеологтары дәл сол заманда Тұрарды Кеңес Үкіметінің шын жауы деп таныды. Бірақ Тұрардың адалдығы, ақиқатты шыңғырта айта білуі, іскерлігі, ашаршылықтан шыбындай қырылып жатқан қазақтар жайлы шындықы айтқаны Сталинді таңырқатты, оның іскерлігін мойындаттырды.

Академик М. Мырзахметұлы «Қайраткер жазушы» атты мақаласында Ш. Мұртазаның драмалық шығармалары туралы: «Шерхан жазған драмалық шығармалар уақыт талабынан туындап, ұлттық сананың оянуына елеулі үлесін қосқан, оза шауып бәйге алған дарынды туындылар еді. Әсіресе, Шерханның «Сталинге хат», «Беседің хаты», «Ноқтаға басы сыймаған» пьесалары театрларда аса зор аншлаппен өтіп жатты. Өйткені көптеген беймәлім тұншыққан саяси-әлеуметтік күрделі тақырыптағы драмалық туындылары шындықтың бетін айқара ашып тастауымен көрермен қалың қауымның ұлттық рухын көтеріп, ұлттық сананың оянуына олжа салды. Бұлар өз заманы үшін көрермен көңілінен шыққан драматург Шерханның бірегей табысы ретінде бағаланды...» [5].

Шынында, спектакльде Тұрар бейнесі нағыз қазақ түркісінің қиындыққа қайыспай, байсалдылық танытып, қалай да өз ойының іске асуы үшін саяси күрес жолында тайсалмайтын ер жүрек адам ретінде сомдалады. Айлакерлігі мол, айтқаны қате болса да дұрыс деп табандап тұрып алатын Сталиннің кейбір пікірлеріне қарсылық танытады. Түркі халықтарының арман-мүддесін тайсалмай айтады. Ашаршылықтан баудай түсіп жатқан қазақ халқына араша түседі, елде болып жатқан келеңсіз көріністерді тартынбай, шынайы тұрғыда турасын айтады. Тұрардың бейнесі өскелең ұрпақтарды ұлтжандылыққа, патриоттыққа, отаншылдыққа баулиды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы». 8-том. Шетел ғалымдарының қазақ тәлімі жөніндегі ойлары. – Алматы: Сөздік-словарь, 2009. - 284-б.


2. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: Білім, 2003. - 342б.

3. Жолжан Г. «Жапониядан табылған «Алаш» дерегі», // Егемен Қазақстан, 31-қыркүек, 2022.

4. «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы», шетел ғалымдарының қазақ тәлімі жөніндегі ойлары, 8-том, «Сөздік-словарь». 2009. 284-б.

5. Мырзахметұлы М. Қайраткер жазушы / Шерағаның шыңы, мақалалар топтамасы. Алматы,. 2022 .

6. Бердібай Р. Кемел кезең /: «Қазақтың Шерағасы». I том. Құраст. Құлбарақов С. Тараз: ТИГУ баспаханасы, 2012



## ТҰРАНЫҢ ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰРАРЫ

**Қожамарова Назым Тоқтасынқызы**

Ш.Мұртаза атындағы Руханият және тарихтану орталығының  
«Шерхантану» бөлімінің меңгерушісі

Тұрар Рысқұлов бейнесі жылдар өткен сайын ұлтжанды ұрпаққа жақындай түседі. Оның азаматтығы, халқының болашағы үшін батыл да қайсар, қажырлы да қайратты болғандығы ұлтын сүйгендерге үлгі-өнеге болады. Бүгінгі күні ұлы тұлғаның өмірі мен қызметі жайлы білгісі келетін үлкен де, кішінің көбеюі осы ойымызды айғақтайды.

Тұрар Рысқұловты айтқанда әдебиет айдынында Шерхан Мұртазаны айтпай кету мүмкін емес. Өйткені Абайды Абай еткен Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» болса, Тұрарды да ақтап, тарихтың ақтаңдақтарын құжатты дәлелмен халыққа ұсынған Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебесі» еді.

Өмірінің 35 жылын Тұрардай тұлғаның ғұмырын зерттеуге арнап, ол жайында дәйекті шығарманы халыққа ұсыну Шерхан Мұртазаның ерлігі десек қате айтпаймыз. Өйткені «Қызыл жебе» - Тұрар бейнесі жазушы үшін де үлкен күреспен келді. Олай болса, Тұранның Тұрарын, оның образын ерекше айшықтаған шығармадан үзінді келтірейік:

«Ресей Коммунистік большевиктер партиясы Орталық комитетінің ұлт мәселелері жөніндегі IV кеңесіне Тұрар Рысқұлов кешігіп келеді. Кремльдің үлкен залының ауыр есігін аша бергенде Сталин Кеңесті бастап тұр екен. Рысқұлов екі-үш минут кешігіпті.

-Рұқсат па? – деді Рысқұлов есіктің көзінде тұрып. Зал толы халық бастарын бұрып, көз тікті. Сталин үнсіз қалып, есік жаққа көзін сығырайта қарады да, қара мұрты бүлк етіп:

-А, Түркістанның Шыңғысханы, төрлет, - деді...

Неге олай деді? Ауызынан қалай шығып кетті? Ешкім білмейді. Бәлкім, Сталиннің өзі де байқамай, зілсіз айта салған шығар. Екеуі Наркомнақта бірге жұмыс істеді. Бәлкім, бұрыннан әзіл-қалжыңдары жарасты да шығар. Бірақ екеуінің мөлтек сырын мына кілең ығай мен сығайлар, бүкіл Одақтан жиналған басшы қызметкерлер біле берер ме? Кекесін болып түсініп қалмас па екен? Айтылған сөз – атылған оқ, енді неде болса айтылып кетті.

-А, Түркістанның Шыңғысханы, төрлет.

-Төрге грузиннің князі отырып қалған екен, маған осы бір жер де жетер, - деп Рысқұлов алға озыңқырап, бір бос орынға барып жайғасты.

Зал сілтідей тынды, Сталин десе – деген шығар. Онысы орынсыз көрінсе де кешірімді болар. Өйткені Сталин – Сталин ғой. Ал Рысқұловтікі не жүрек жұтқандық? Мүдірместен сарт ете қалды-ау. Айылын жиған жоқ. Бекер айттым-ау деген қымсыну да білінбейді. Бойын тік ұстап, аспай-саспай барып отырды. Залдың алдыңғы қатарларындағыларға Сталиннің шешек дақты ақсары жүзі ду ете қалғандай көрінді. Біразға дейін үнсіз тұрып қалды. Қолындағы бір парақ қағаз ептеп қана діріл қақты...

«Қызыл жебе» романындағы бұл үзінді көпшіліктің есінде бар шығар. Өйткені дәл осы оқиға ел арасында аңыздай тарап кеткен болатын. Кейін де бұл көріністі Тұрарға арнаған тағы бір жазушының шығармасы «Сталинге хат» драмасында көрініс табады. Расында бір ғана кішкентай көрініс арқылы жазушы өз кейіпкерінің образын айшықтай түсіп, Тұрарды Тұранның биігінен қол бұлғатты.

Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұлов образын ашу үшін үлкен еңбек етті дедік. Ол қандай? Алдымен, архив құжаттары. Өздеріңіз де білесіздер Шерағаның Рысқұловты зерттеуге, ол туралы жазуға қалай келгенін. Сол жолда әдеби шығарманы көпшілікке ұсынбас бұрын жазушы өз кейіпкерін жіті зерттеді. Мұндай әдеби шығарманы жазуда жазушы нағыз зерттеушідей өз кейіпкерінің жүріп өткен әрбір жолын барлап, тарихи ізін анықтады. Архивтегі құжаттармен қатар, көз көрген азаматтармен жүздесіп, ел арасында Тұрар туралы бір ауыз сөз айтылса, көзін көрген жан болса, бірден іздеушісіне жетіп отырды. Оны да бүгінде жазушының өз қолымен жазылған күнделіктерінен анық оқуға

болады. Әрбір сұхбаты мен Тұрар тұлғасына қатысты дауларды, айғақтарды қойын дәптеріне түртіп отырған.

Қолымызда бар жазбалар негізінде Шерхан Мұртаза 1971 жылдың жаз мезгілінде алғаш Тұрар Рысқұловтың жары Азиза Рысқұловамен, қызы Сәулемен жолығыпты. Ол жайын жазушы өз күнделігіне былай деп түртіп қойған: «1971 жыл 2 тамыз. Азиза Рысқұлова өз жары Тұрарды еске алып отырып, былай деген екен: «Turardin tugan qarindasi Tuimetai 32 gili күйеуі өліп, үш қызымен Москваға, менің қолыма көшіп келген. Біздің Тұрардың жолы қиын. Өлі күнге дейін әлегі таусылмай келеді. Кішкентайынан жетім қалып, көрмегенді көрді. Мәскеуде тұрғанымызда үйімізден қонақ үзілмейтін. Студенттер, жолаушылар, арыз қуғандар. 7 бөлмелі үйдің біріне Тұрар екі койка қойғызып, әдейі сол келген кісілерге арнады. Артық зат жоқ, тұрмысымыз шағын ғана болды. Дүние жиған кісі емес. Қолымызға көп адам қарады. Алып кетер күні (21.V. 37) «Қазақ ССР тарихын» қайта қарап, қағаздарын реттеп, баспаға дайындап, редакциялаған еді. Алдында «Қырғыз ССР тарихын» дайындаған болатын».



Бұл Шерағаның Тұрардың жары Әзиза Рысқұловамен жүргізген ұзақ сұхбатының бір бөлігі ғана. Соның өзінен Тұрар Рысқұловтың өмірден өтер өткенше ел жайын тереңінен ойлаған адал перзент болғанын ұғуға болады. Бір ғана елден келетін азаматтар үшін дайындатып қойған бөлмесі оның нағыз қазақылығының көрінісі. Алыстан ат терлетіп келген әрбір азамат осы үйден пана іздеп келеді, оған қол ұшын беру парыз деп біледі. Бұл жайын даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы ғалым Мекемтас Мырзахметұлына әңгімелеген. Ол жайын ғалым былай сипаттайды: «Өндірістік банкіде бухгалтер болып жұмыс істеп жүрген жас Баукеңді басшылық Ленинградтағы финансы академиясына оқуға жібереді. Алайда ондағылар «коммунист емессің, қабылдай алмаймыз» деп кері қайтарады. Содан не істерін білмей дал болған ол әкесінің «Қиналсаң, Рысқұлдың баласы Тұрарға бар. Ол – біздің туысқанымыз. Ағайынгершілік – атадан мұра болып келе жатқан ұлы қасиет. Тұрар да – алдына қиналып келген ешбір қазақтан көмегін аямайтын, қазақтың бәрін өзіне жақсын тартатын бауырмал жан» деген деген сөзін есіне алады. Негізі, әкесі үйде Тұрар жайлы жиі айтып отырады екен. Баукең ұяла-ұяла телефонына хабарласып, «Жуалыдан келдім, әкем сізге жолық деп еді» дегенде, Тұрар Момышты танытындығын айтып, бірден жұмыс орнына шақыртыпты. Министрлер Кеңесінің төрағасы орынбасары қызметіндегі Тұрар Рысқұловтың кабинетіне сескенкіреп барған Бауыржанды өзі орнынан тұрып, құшақ жая қарсы алыпты. Іші-бауырына кіріп, жағдайын сұрап, арқасынан қағыпты. Саосын Баукең әңгімесін «Мән-жайды білгеннен кейін бірден телефонмен бір жерлерге хабарласқан ол маған: «Қазір сол жаққа қайтадан барасың, сені оқуға қабылдайды, оқу орнынан стипендия аласың, оған қосымша саған Ресейдің атынан стипендия бергізіп тұрамын. Сабағыңды жақсы оқы»,- дегенде, алғысымды қалай жеткізерімді білмегем. Осылайша Тұрар ағаның арқасында оқуға қабылданып, екі жақтап стипендия алып, қаржыдан еш қиналыс көрмеген едім. Ақ пейілді, қамқор ағамен бар болғаны бір-ақ рет кездессем де, осы жайт менің жүрегімде мәңгіге сақталып қалды» деп аяқтайтын».

Көзкөргендермен 1989 жылға дейін сұхбаттарын жалғап, ізденісін тоқтатпағанын да Ш.Мұртаза күнделігінен аңғарамыз. Онда жүзге жуық адаммен сұхбаттасып, құпия архивтерге қол жеткізу үшін 1984 жылы Орталық Компартияның бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың алдына барғанын да түртіп алған. Ол кездесуінде Д.Қонаев Т.Рысқұловпен қалай жолыққанын да жазушыға әңгімелеп, зерттеуінің жүруіне барынша қолдау жасайтынын да жеткізген. Сол кездесуден кейін Т.Рысқұловтың ғылыми мақалаларының бір парасы кітап болып басылып шыққан кітапханаларға жеткен кітаптардан да аңғарамыз.

Сондай сұхбаттар легімен жазушы 2002 жылы «халық жауының жары» атанған Әзиза Рысқұловаға арнап «Әзиза» драмалық шығармасын жарыққа шығарды. Бұл да тау тұлғаның ғұмырнамасын толықтыра түскен көлемді шығармалардың бірі болды.



Ш.Мұртаза архив пен орталық кітапхана қорларынан жинақтаған тың деректерді қойын дәптеріне түртіп алып, өз шығармасында пайдаланды. Мәселен, «Қызыл жебе» романында кездесетін Үсіп Сатыбалдин,




Нұршанов, Сарымолдаев, Тоқбаев, Жанұзақов сынды үзеңгілестері туралы деректерді алысқа бармай-ақ, Жамбыл облысының мемлекеттік архивінің құжаттарынан кезіктіруге болады. Ал Сатыбалдин тіпті Тұрармен бірге оқыған тұсын, «Бұқара» революциялық одағын құру сәттерін екі параққа естелік етіп қалдырған екен. Көтеріліс жасаушыларға уездің біраз өңірінен азаматтар қосылды. Үсіптің жазуынша көтеріліске Меркі орыс-түземдіктер мектебінің түлектері белсене қатысқан. Бұл жөнінде түпнұсқасы Өзбекстан Респубикасының орталық мұрағатында, көшірмесі Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағаттарында сақтаулы Тұрар Рысқұловтың партия қатарын тазалау науқанына байланысты және Сталинге жазып берген қысқаша өмірбаяндық жазбасында нақты әрі анық жазылған. Осы құжатта мектепті бітіргеннен кейін бір жылдай Меркіде соттың хат тасушысы және көшір болғанын, одан соң төрт жыл оқып, Пішпек ауыл шаруашылық училищесін бітіргенін жазады. Бұдан кейін білімін жетілдірмек ниетпен Самара орта ауыл шарушылық училищесіне құжатын тапсырады. Бір сөздің жалғауы дұрыс емес деп, емтихан тапсырған 250 адамның арасындағы «жалғыз түземдік» екенімді де еске алмастан құлатып жіберді деп жазыпты. Одан соң Ташкент мұғалімдер институтына түскісі келеді. Бұл жерде оның мұсылман баласы екені алға тартылып оқуға қабылдамай қояды. Ал осы оқу орнына түсу үшін жазған диктантында ол бір ғана тыныс белгісінен қате жіберіп, «-5» деген баға алған. Тұрардың сол жазған диктантының көшірмесі бүгінде мұрағатта сақтаулы. (құжат көшірмесі беріледі). Оқуға қабылданбаған соң Оқу-ағарту министріне арыз жазады. Осы кезде 1916 жылғы дүрбелең басталып кетеді де Тұрар қайтадан Меркіге келіп, көтерілісшілер арасында түсіндіру, үгіт-насихат жұмысын жүргізеді. Бір жағы Тұрардай тұлғаның өмірі ерте қиылмай қалуына сол кездегі совет өкіметінің орнауының да бір пайдасы тиді деуге болады. Бұл ретте атақты «так сложились звезды» деген тіркестің орай келіп тұрғандай. Ал Рысқұловтың өз қолтаңбасы Өулиеата уездік атқару комитеті қорының құжаттарында 1920 жылға дейін жиі кездеседі. Оның ішінде 1919 жылы ашаршылыққа тап болғандарды аман алып қалу мақсатында қоғамдық асханалар құру туралы да тапсырмалық құжаттары бар.

Сонымен қатар Ташкентте түпнұсқасы, біздің өңірде көшірмесі сақталған 1926 жылғы наурыз мерекесін тойлау туралы құжат та, 1915 жылы Ташкент педагогикалық училищесінде емтихан тапсырғанда үздік жазған диктанты Тұрар Рысқұлов туралы жинақталған көп деректің бірі.

Архив құжаттарымен жұмыс жасағандар түсінеді деп ойлаймын, Шерағаның Тұрар туралы жазған әдеби шығармаларын оқысаңыз сол докладтарды оқығандай сезімде боласыз. Әсіресе «Сталинге хат» драмалық шығармасындағы Сталин мен Рысқұлов диалогі Рысқұловтың сотталу ісінен алған сұрақ-жауаптары іспетті. Сондықтан да Шерағаның Тұрар туралы шығармасы толығымен шындыққа негізделген деуге болады.

Тұрар туралы, Шерханның «Қызыл жебесі» туралы кейінгі жылдары зерттеп, пікір білдірген көптің ішінен дәл осы мақаланы жазушы Тұрлыбек Мәмесейіттің мына ой түйінімен аяқтауды жөн көрдім:»Біздің жоғалтқанымыз – қазақ деген соры қайнаған халықты қайтсем бақытқа жеткіземін деп жанпидалықпен күрескен арыстарымыз еді алдымен. Олар – біздің өткеніміз, тегіміз, руымыз еді ғой. Зорақы заман бізді содан айырғысы келді. Мәңгүрт жасағысы келді. Міне, сол оталған арыстарымыздың бірі және бірігейі Тұрар Рысқұлов еді. «Қызыл жебе» хамсасы» арқылы біз алдымен сол Рысқұловты таптық және таныдық... Ал, Рысқұлов тағдыры – халық тағдыры. Рысқұловты тану – халықты тану деген сөз. Халықты тану - өзіңді тану».



## **ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫНДАҒЫ ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ БЕЙНЕСІ МЕН ЖАЗУШЫНЫҢ СУРЕТКЕРЛІГІ**

**Кусёва Салтанат Жұмабекқызы**

Антон Макаренко атындағы орта мектебі, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Сөз өнері қашанда рухани еркіндік пен сана бостандығын талап етеді. Ақиқат өнер иесінің санасына таңбаланған құлдық психология адам жүрегіндегі ізгі руханият құндылығының жаншылуына, өнер сәуклесінің солғындауына әкеледі. Адам санасы қоғамдық ортаға қашан да тәуелді. Сол қоғамның жоқшысы болу, ішкі иірімдерін тану, тамырын басу – руханият әлем өкілінің басты міндеті. «Қай халықтың болмысын әдебиет тарихы ең алдымен сол халықтың қоғамдық-әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты болып келеді. Яғни қоғамдық орта да, шынайы өмір де өнер субъектісінің санасында қорытылып, сол арқылы әдеби ағымның пайда болуына, сол ортадан бастау алып, белгілі бір ағымға ілесуіне жол ашады. Ал жазушының кейіпкерінің болмысын танытуы әдебиеттегі кейіпкерді талдай отырып тұлға ретінде тану десек болады.

Қазақ тарихы табандылық танытудан танбаған. Өмірі күреске толы тұлғаларға бай. Ғасырлар бойы түрлі оқиғаларды бастан өткеріп, небір қиын кездерден өткен ұлтымыз үшін жүрегі ерлікке толы тұлғалардың орны ерекше. Өйткені бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізу арыстандай айбатты, қайсар мінезді ерен тұлғаларымызсыз тіпті мүмкін емес еді. Солардың бірі халқын төніп тұрған ажал тырнағынан аман алып қалу үшін бар күш-жігерін аямаған Тұрар Рысқұлов. Оның өмір жолы үлкен күреске толы. Тұрар тағдыр тұтас ұлт тағдырына айналған тұлға. Десе де оның кейінгі ұрпаққа дәл сол күйінде жеткізе білу де дара ерлікті талап етеді. Ол ерлікті қазақ әдебиетінде өтірік тілді болмысы нұрлы суреткер халық жазушысы Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» роман-эпопеясын жазу арқылы жасай білді. Бес кітаптан тұратын роман мазмұнында Тұрардың бейнесін толыққанды ашуды мақсат тұтқан автор бүтін халықтың тағдыры турасында қалам тербеді. Сондай-ақ өзінің суреткерлік мақсатына дәл керектіні таба білді. Шындығында әдебиет ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы. Шығарма арқауы жазушы өміріндегі сан сана шындықтан өзінің суреткерлік мақсатына керегін ғана тандап алып шығармасына арқау етеді. Бұл ретте ол өмір құбылыстарын өзінің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы тұрғысынан саралайды демекші, Шерхан Мұртаза да шығармаға

нағыз өзек болар тақырыпты шебер жазып оқырманға құнды мұра қалдыра білді [1]. Шығарма мазмұны бойынша бірінші кітап Рысқұлдың қилы тағдырын, оның өмірінің бала Тұрарға ықпалын суреттеумен басталды. Осы жерден әке мен бала арасындағы нәзік көзге көрінбейтін байланыста бала Тұрардың бейнесін толық ашуға кіріспе еді. Өмірдің сан қилы тарам жолдары тіпті бала Тұрардың әкесінің есімін атай алмайтын жағдайға түсудегі тіпті оқырман жүрегін тебіренге түседі.

Қазақ әдебиетінде Тұрар бейнесін жасау жолында алғаш қалам тартқан Мұхтар Әуезов еді. Тұрар Рысқұловтың көзі тірісінде-ақ жазылған «Қараш-қараш оқиғасы» повесі жұртшылықтан жоғары баға алған болатын. Оны оқыған Т.Рысқұловтың ағыл-тегіл егіліп жылағанын жазушы Шерхан Мұртаза өз кітабында шебер суреттейді.

Шындығында, оқырман қауым Т.Рысқұлов жайлы біраз жағдайларға қанық болғанымен, оның өмір жолын түгел қамтитын, ұлт мақтанышы бейнесін жоғарыдан көретін туынды әлі дүниеге келе қоймаған еді. Сол кезеңде зиялысынан адасып қалған ұрпақты ардақтысымен қауыштыра Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы әдебиет әлемінің есігін ашты.

Ол туралы Т.Мәмесейіт былай дейді: «Біздің жоғалтқанымыз – қазақ деген соры қайнаған халықты қайтсем бақытқа жеткіземін деп жанпидалықпен күрескен арыстарымыз еді алдымен. Олар – біздің өткеніміз, тегіміз, руымыз еді ғой. Зорақы заман бізді содан айырғысы келді. Мәңгірт жасағысы келді. Міне, сол оталған арыстарымыздың бірі және бірігейі Тұрар Рысқұлов еді. «Қызыл жебе» хамсасы» арқылы біз алдымен сол Рысқұловты таптық және таныдық. Ал, Рысқұлов тағдыры – халық тағдыры. Өйткені, оның өмір жолындағы басынан өткен шындықтар халық тағдырындағы, тарихындағы шындықтарды елестетер еді. Сондықтан да, Рысқұловты тану – халықты тану деген сөз. Халықты тану - өзіңді тану» . Осы реттен келгенде, «Қызыл жебе» - ұлттың рухын түлеткен, рухани ұстазына, көш бастар көсеміне айналған шығарма болды [3. 22]

Аталмыш романның негізгі кейіпкері – Тұрар Рысқұлов. Автор оның жас шағынан бастап өскен ортасын, өмірден көрген-түйгенін, алған әсерін жан-жақты кең, байсалды суреттейді. Жастайынан көрген қиыншылық, жеген таяқ, аянышты тіршілік пенде атаулының пешенесіне жазыла бермейтін қатал тағдырды танытады. Тұрар қаршадайынан әкесі Рысқұлды өзіне үлгі етіп өсті. Ол әкесінің турашылдығын, күштіден күбіжіктемейтін, мықтыдан ықпайтын тәкаппарлығын, жарлымын деп жасымайтын мінезін ұғып өсті.

Оқырман алғашқы кітаптан-ақ, болашақ большевиктің мінезі қандай ортада, қалай қалыптасқандығы туралы жанымен ұғып, көңілмен танитын мол мағлұматтар алады.

Романда жас Тұрар қара суық өңірде тамыр жайып, қанаттанған тау шынарындай шымырлық танытады. Бұл, әсіресе, баланың болыспен алғаш бетпе-бет келіп, арбасып қалатын сәттен, шабарман Таубайдың «Әкең қайда айт?» деп азаптайтын кезден, надзиратель алып соғардай үстіне төніп кеп қалса да қашпай арқасын дуалға берген күйі астындағы жалғыз тал қызғалдақты өз өміріндей қорғаштап, жанталасқан тұстан көрінеді. Бұның бәрі де, сөз жоқ, болашақ ірі қоғам қайраткері – Тұрар Рысқұловтың бойынан көрінер алғашқы қадір-қасиеттер еді. Өзі құралпас жас балалармен ойнап жүрген Тұрар бірде жаяу жарысып озып, мәреге бұрын жеткенде қос қолын көкке көтере сермеп: «Мен Қызыл жебемін!» - деп айғай салған-ды. Жалғыз кінәсі хас жүйріктігі боп, қарау заманның қабан қанжарына шалынып кете барған Қызыл жебе тағдыры көңілін қатты тербеген жазушы әлгіндей ойлы, терең мағыналы сөзді жас өскіннің аузына бекерден-бекер салып отырған жоқ. Осы бір ауыз сөз арқылы автор Тұрар бейнесін көкке көтеріп кеткендей.

Шындығын айтқанда, осыған дейін Т. Рысқұловтың революциялық бейнесі әдебиетте көрінген емес. Романда Рысқұловтың азаматтық, қайраткерлік, бет-бейнесін таныта түсетін, жан-жақты ашып, толықтыратын оқиғалар табиғи өрбіп отырады. Сол оқиғалардың ішінен жазушы кейіпкер мінезін дәл танытатын, айқын ашатын тартысты тұстарын талғаммен үйлестіре біледі. Әсіресе, Түркістан республикасының тағдырына, болашағына байланысты ойлары мен сол жолдағы ірі істерге үмтылысы, азаматтық

тұрғысының беріктігі оның кесек тұлғасын, табандылығын танытады. Осындай тұстарда қаламгер шабыты да шамырқанып, батылдана түседі. Тұрар әрекеттерін бар шындығымен, бар қайшылығымен барынша табиғи көрсетуге күш салады.

Мәскеуден келген төтенше өкіл Кобозев бейнесінен байыпты, парасатты большевиктің тұлғасын танымыз. Ол келген бойда-ақ Т.Рысқұловты танып, оның мәдениетті де шешен сөйлейтініне сүйсіне таңғалып, қабілет-қарымын байқап, оған қолдау көрсетеді. «Шырайы жеңілтек, яки қатал адамның түрі сияқты емес. Кеңдік, тереңдік, биіктік бар... Ал, осындай азаматы бар ел кадрға, басшы қайраткерлерге жұтаң дейтіндері не? Марксизмнен алшақ, деді-ау Бухарин. Мына Рысқұлов сонда қайдан сауатты?! Ой жүйесі, қазіргі жағдаятты біліп пайымдауы, елдің көңіл-күйін тануы – бәрі көкейге қонымды ғой. Бұларды біз неге менсінбеуге, шетқақпайлатуға тиіспіз?» - деп Тұрармен жақын жүріп, екеуі Кеңес үкіметінің орныға түсуі үшін талай-талай істерді бірге атқарды.

Тарихи шындықты негіз етіп алған романда тарихи белгілі адамдар кездеседі. Қабылбек Сармолдаев, Сағдұлла Тұрсынходжаев, Нәзір Төрөқұлов, Сұлтанбек Ходжанов, Санжар Аспандияров, Абдолла Жармұхамедов, Әбубәкір Диваев, Ғани Мұратбаевтар ара-тұра, Тұрарға қатысты жағдайда көрініс берсе де, олардың әрқайсысының азын-аулақ іс-әрекеті заман тынысын, уақыт рухын танытумен қатар, Рысқұлов бейнесін де жан-жақты шыңдай түседі. Замана ұлыларымен қатар жүрген Тұрар Рысқұлов туралы сыншы Тұрлыбек Мәмесейіт былай деп жазады: «Мәскеуден, орталықтан келген Фрунзе, Элиава, Рудзутак, Куйбышевтардың өзі бір төбе. Міне, кімдермен бірге, кімдермен қатар жүрген Рысқұлов! Нағыз халықтың көсемі десек лайық емес пе! Иә, ғасырдың дүниені дүр сілкіндірген ұлы кезені, соған лайық ұлы адамдары ғой бұлар»[3 . 43].

Азаматтық идеяларды дәріптеу үшін азаматтық тұрғы мықты болу керек. Осы азаматтық тұрғы, автордың азаматтық көзқарасы романның өнбойынан айқын сезіліп отырады.

Романда Тұрар бейнесі осылай көрініс береді. Бұл – жазушының ыждағатты ізденісі мен қажырлы еңбегінің нәтижесі. Халқымыз тағдырындағы осы бір қиын кезеңді жан-жақты суреттеп, сол халқы үшін жанын аямай күрескен Рысқұлов сияқты біртуар азамат тұлғасын қаламгер толыққанды сомдап көрсеткен. Өйткені, Түркістан аталған өлке, солай аталған мемлекет тарихындағы Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы қайшылықтарға толы күрделі оқиғалар нақты құжаттар негізінде бүгінгі заман тұрғысынан бұған дейін әдебиетімізде бар ақиқатымен көрсетіле қоймаған. Шерхан Мұртаза шығармашылығына тән шымыр сюжет, берік арқау «Жұлдыз көпірден» де айқын байқалады. Автор не нәрсені де ықшам суреттеуге, аз сөзбен көп айтуға бейім. Тілге деген жауаптылығы, тілдің, сөздің ішкі мегзеуіне, астарына үлкен мән беретіндігі анық сезіледі.

Бүкіл тіршілігінде адамгершілік, азаматтық парыз бен асқақ мұраттар жетелеген Тұрар Рысқұловқа мансап креслосы емес, туған халқының өмірлік мүддесі биік. Ол сол үшін небір қиындыққа нартәуекел етеді. «Буыршын мұздан тайған» талай қиын жағдаяттар мен күндерде Тұрар Рысқұловты аман алып шыққан да оның иманы зор, парызы биік, мүддесі асқақ, адал да әділ күрескер тұлғасы еді. Сондықтан болар, суреткер Ш. Мұртаза өзінің бас кейпкерінің бойындағы әрі азаматтық, әрі қайраткерлік абзал қасиеттерді шанайы бейнелеп бере алған. Міне, өмірде тарих аренасында орын алған шындықтар нәтижесінде ашаршылыққа қарсы коммунистік патриоттық, азаматтық, қайраткерлік күрестің басты мазмұны – романдағы Т.Рысқұловтың өмірлік те, көркемдік те тұлғасын ірілендіріп тұр деп толық айта аламыз.

Ал, тура мағынасында түсініп, қабылдасақ мұның өзі де Т.Рысқұловтың азаматтық, қайраткерлік болмысын неғұрлым өркештендіріп тұр. Тұрар Рысқұловтай күрделі тағдыр бар жерде, тарихи шындықтардың жемісті түрде игерілгеніне «Жұлдыз көпір» романы қай жағынан алсақ та, қарастырсақ та тегеурінді дәлел. «Жұлдыз көпір» романының оқырманға айтар ойы терең, тілі көркем. Туындыдағы ой тереңдігі дегеніміз Тұрар

Рысқұловтың кешегі социалистік қоғам мен революция мұраттарына, туған халқының нұрлы болашағына қызмет етуге негізделген көпарналы, көпартысты, көп мағыналы іс-әрекеттерінің уағынан да, ірісінен де кеңінен аңғарылады. «Қызыл жебе» роман-эпопеясының төртінші кітабы «Қыл көпір» деп аталады. Шығарма ауқымына – Т. Рысқұлов өмірінің ең шешуші тұстары – мемлекеттік қайраткерлік өрлеу кезеңі алынған.

Ұлттардың өзін-өзі басқару, революция жеңістерін орнықтыру, социалистік жолдарын нығайту мен өркендету, ұлттық республикалардың экономикасын арттыру жоспары, қазақ халқының жұт пен аштыққа ұрынған кездегі зобалаңы мен өлшеусіз трагедиясы тәрізді мәселерді шешу барысындағы Т. Рысқұловтың азаматтық-қайраткерлік орасан тұлғасы оның ширыққан-шиеленіскен тағдырының драмалық кезеңдері арқылы кеңінен әрі мейілінше нақты іс-әрекеттер үстінде көрсетіледі. Осы арада атап айту керек, суреткер Шерхан Мұртаза Т. Рысқұловтың халық перзенті ретіндегі қаһарман ерлігінің бүкіл әлеуметтік-тарихи мазмұнын, қыл-көпір температурасын сол шынайы қалпында яғни не асқындырмай, не әлсіретпей мейілінше байыппен бейнелеген.

Мысалы, Сталиннің орынбасары болып жүргенінде Тұрар Рысқұловтың Якут, Дағыстан, Абхаз, Аджар автономиялық республикаларының, сондай-ақ Бурят, Комби, Чечен – Ингуш автономиялық облыстарының құрылуына көп күш-жігер жұмсағаны белгілі. Жазушы осының бәрін тізіп, тәптіштеп жатпайды. Тек Сталин мен Рысқұловтың жүздесуі барысында еске түскен бір деталь арқылы ғана береді. Мысалы: «Асылы, Рысқұловты тек қазақ жанды дейтіндер қателеседі. Иә, Сталиннің әлі есінде: жиырмасыншы жылдардың басы еді. Ұлт мәселелері жөніндегі Комиссариаттың бар кезі. Сталин – Нарком, Рысқұлов – орынбасар. Осы Рысқұлов сонда сонау қиыр терістікте жатқан сахалардың жоғын жоқтап, Сталиннің мазасын қайта-қайта алғаны бар», - деген эпизодтың өзі талай нәрсені аңғартып тұр.

Жазушы Тұрар Рысқұловтың халықаралық деңгейдегі зор тұлға, өрелі қайраткер екендігін романның «Қызыл батыр» тарауында әдемі көрсеткен. Ол – Коминтерннің Монғолиядағы Төтенше өкілі ретінде жас республиканың мемлекеттік құрылымына, соның қалыптасуына үлкен үлес қосқан жан.

Дегенмен, «Қыл көпір» романында ең басты назар Т. Рысқұловтың Сталинге жазған екі хатының әлеуметтік тарихына аударылады. Шерхан Мұртаза осы романда сонымен қатар сталиндік репрессияның түп-тамырына да үңілген. Т. Рысқұловтың көркемдік бейнесі жазушы Ш. Мұртаза шығармашылығында өз деңгейінен де жоғары көрсетілгендей. Осы туындыны оқу арқылы Тұрарды танымайтындар таныды, білмейтіндер білді, ұнатпайтындары ғашық болды. Жазушы бір тұлғаны халқымен қауыштыру мақсатында отыз жыл ғұмырын арнады. Рас, кезінде жазушыға сын да айтылды, түрлі сұрақтар да қойылды. Бірақ, біздіңше, бұл роман-эпопея деп атауға тұратын ұлы туынды.

Біріншіден, Ш. Мұртаза бұл туындысында Тұрардың әкесінен дарыған қайтпас қайсар, өжет мінезін шырқау шегіне көтере суреттейді. Сталинмен әр әңгімесінде де, қиянат көргенінде де, түрмедегі жауабында да Тұрардың осынау мінезі суреткер шығармасында алдыға шығып отырады.

Екіншіден, біз осы роман арқылы Т. Рысқұловтың бай ақыл-ойдың иесі екенін көреміз. Оған Тұрардың Ленинмен әңгімесі дәлел бола алады. Өзге мемлекет қайраткерлерінің Т. Рысқұловпен сөз таластыруға сескенетіні де көп дүниені аңғартатындай.

Үшіншіден, Тұрар біздің көз алдымызда баға жетпес қоғам қайраткеріне айналды. Түркістан республикасының өркендеуі жолындағы қызметтері, Монғолияға барған іссапары, кез-келгеннің қолы жете бермейтін Кремльдегі қызметін жазушы аса көрегендікпен суреттейді.


Төртіншіден, Т. Рысқұлов ұлты үшін етінен ет кесіп алса да «қыңқ» етпейтін батыр адам. Бегіне жел де қарсы келіп көрмеген Сталинге қарап тұрып «Сталин қателеседі!» деу,

алдынан өлім тұзағы күтіп тұрғанын біле тұра Сталинге хат жазу кез-келген ұлт зиялысының қолынан келетін іс емес.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетінде де баспасөзінде де Шерхан Мұртаза шоқтығы биік тұлға. Ол өзінің саналы ғұмырында теңіз түбіндегі маржан тастардай көркем.

### Пайдаланылған әдебиет тізімі:

1. Саурықов. Е.Б. Кембаева А.Т. Шерхантану. Оқу құралы. Тараз, 2018
2. Қазақтың Шерағасы. 6-том. -Шерхан Мұртаза 80 жаста. Тараз, 2013
3. Шерхан Мұртаза Алты томдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт, 2002
4. Дәдебаев Ж. Қазіргі кезеңдегі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М.Әуезов дәстүрі. Алматы, 1981



## КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАША ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

### Омарова Айнұр Жамалбекқызы

Жамбыл ауданы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

XX ғасырда халқымыздың басынан небір нәубет өтті. Соның бірі – ашаршылық. Ұжымдастыру науқаны халқымызды негізгі кәсібі малшаруашылығынан ажыратып, малынан айырған еді. Малынан айырылған ел жаппай аштыққа ұрынды. Қолдан ұйымдастырылып, халқымызды қынадай қырған сол зымиян саясатқа ашық қарсылық танытып, сын сәтте батылдық танытқан қазақ зиялылары да болды. Сталинге арналғанымен, Голощекиннің қолына түскен «Бесеудің хатын» *Ғабит Мүсірепов, Мансұр Ғатаулин, Емберген Алтынбеков, Мұташ Дәулетқалиев, Қадыр Қуанышев* сынды ер азаматтар бірігіп жазған еді. Наразылық хаты сұрапыл кезеңнің шындығын көрсеткен құжат ретінде тарихта қалды. Бодандыққа көңісі келмейтін ер рухтың бұлқынысынан Кремль де сескенді. «Бесеудің хаты» мал басының қисапсыз кеміп кетуімен көптеген қазақ аудандарын қамтып, адамдардың жаппай қырылуына әкеп соққан ашаршылық жөнінде әлі күнге дейін ауыз ашпай отыру қаншалықты дұрыс деген батыл сауалмен басталып, дәлелді дәйектермен жалғасады. Осы хаттың негізінде белгілі қаламгер Шерхан Мұртаза «Бесеудің хаты» тарихи драмасын жазды. Пьесада хат Голощекиннің қолына түскеннен кейінгі бюро жиналысы бейнеленеді. Шығарма Ғабиттің ұлттың мүддесін қасқайып тұрып қорғап шындық үшін басын өлімге тіккен ерлігін көрсетеді. Ел ішінде болып жатқан сұмдық оқиға Ғабиттің әңгімесімен беріліп, оқырманның жүрегін шымырлатады. Жазушы бюро отырысы соңында Голощекиннің көзіне тура қарап: «Қисапсыз қылмыстарыңнан мәңгі бақи құтыла алмайсыңдар. Ал атыңдар!» деп қасқаяды. Жазушы сөзі қазақ азаматтарының бар екенін, әлі де туылатынын сездірген еді. Пьеса эпилогы Тұрар Рысқұлов пен Ғабит Мүсіреповтің ана дүниедегі пайымдарымен аяқталады. Екі тұлғаның елесі тамұқты кезіп жүріп, халықты азаптаған залымдардың өздері азапқа түсіп жатқанын көреді. «Бесеудің хаты» - жас ұрпаққа азаттықтың қандай қасіретпен келгенін ұғындырар сүбелі туынды.

### Бірінші сурет

1. «Жауда да жаман, Филипп Исаевич». «Бұқпадан шыққан жау жаман, бүйірден шыққан дау жаман» деп Голощекинге жағымпазданған кейіпкер /*Құрамысов*/
2. «Іштен шыққан жау жаман. Қаскөйлер өз ішімізден шығып отыр» деген кейіпкер. /*Голощекин*/

3. «Сенің бүйрегің бұрып тұрмаушы ма еді әнебіреу жазушысымаққа! А?!» кімге қарата айтылған сөз?

/Ғабит Мүсірепов/

4. «Неге сенің зәрең ұша қалды, а?» кімге айтылған?

/Исаев/

5. Голощекин шыңғырып айтқан сөз.

/Бесеудің хаты/

6. Бірінші бөлімдегі ойналған күй.

/Көбік шапқан/

### **Екінші сурет**

1. «Ақсақ құлан» күйін тартып отырған кейіпкер.

/Нұрхан/

2. Босағада ілулі тұрған заттар

/қос домбыра, құс мылтық/

3. Босағадағы зат

/шоқпар/

4. Ғ.Мүсіреповтің «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?» деуінің мәнісі

/зиялы қауымды сынағаны/

5. Құраннан айтылған сүре

/Әлмүни-фикун/

### **Үшінші сурет**

1. Ғ.Мүсіреповке Крайком аппаратында жұмыс жасатуға мүмкіндік берген кейіпкер.

/Құрамысов/

2. Голощекин Қазақстанға келген жыл.

/1925/

3. Оқиға Голощекиннің Қазақстанға келген қаншасыншы жылымен тұспа тұс келген?

/7/

4. Голощекин көмекшісі Ғ.Мүсіреповті қанша рет шақырды?

/2/

5. Филипп Исаевич, дегенмен тым қатты кетпейік, Бұл бесеудің жазып отырғаны, бір жағынан, шындық та ғой. Одан да хаттағы жайттарды кәперге алып, елге жағдай қарастырайық та. Кімнің сөзі?

/Иванов/

### **Төртінші сурет**

1. Жала арқылы халықты Крайкомға қарсы қою. Бұл – провокация! деген сөз иесі.

/Құрамысов/

2. «Бездельники! Работать надо!» - деп, бастарынан теуіп-теуіп кеткен кейіпкер.

/Голощекин/

3. «Төремен тіреспе, күштімен күреспе» деген кейіпкер.

/Елеусіз/

4. Экспертиза хаттың неше дана болғанын анықтаған?

/3/

5. Хат жазған бесеу емес, алтыншысы кім болған?


/Қарабаев/

6. Хаттың үшінші данасы кімге жолданған?

/Т.Рысқұловқа/

Кейіпкер	Драмадан үзінді	Менің пікірім
Ғабит Мүсірепов		
Голощекин		
Тұрар Рысқұлов		

Драманың идеясын негізге ала отырып, адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, «Арда туған Алаш арыстары ...» тақырыбында әдеби эссе жазу.





## І СЕКЦИЯ

### ҰЛТТЫҚ ТАРИХ, ТІЛ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ

#### **ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫ ТАНУ - ХАЛЫҚТЫ ТАНУ**

##### **Куанышбекова Нагима Нагашбековна**

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Шу ауданының білім бөлімінің  
«Төле би атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Шын білім - ақиқат, анық білім» -деп Әл-Фараби бабамыз айтқан екен. Қазақ Елінің, ғылым мен білім саласы ақиқат пен адалдыққа негізделсе ғана тәуелсіздігіміздің тұғыры берік, болашағы баянды болары сөзсіз. Бүгінгі таңда тәуелсіз жас мемлекетімізді дамытуға, өркениеттілікке құлаш сермеген кезеңде адамгершілігі мол, сапалы да салауатты, тәрбиелі, білімдар жас ұрпақты тәрбиелеу- бүгінгі ұстаз еншісінде. Сан ғасырлық ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбие, тәжірибені ескере отырып, ең бірінші парасатты, халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеуді басты назарда ұстауымыз керек. А.Байтұрсынұлы:»...Бізге тәлімді рух, тәрбиелі білім қажет», - деп білімнен бұрын тәрбиеге көңіл аудару керектігін, тәрбиесіз адамға берілген білім, өз мәнін жоятындығы дөп басып айтқан. Бұл шындық! Бұл ақиқат! Көркем шығармаларды оқыту арқылы оқушының бойына жақсы қасиеттерді қалыптастырып, өнегелі ұрпақ тәрбиелей аламыз. Көркем шығарма арқылы өз мінез-құлықтарын оң жаққа қалыптастыра аламыз.

«Бала жүрегі кішкентай күйсандық. Сол сандықтың сол кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт тұруы керек»-деп, Мұхтар Шаханов айтқандай, әр баланың жүрегіне жол табу, бала бойындағы қызығушылықты ояту мұғалімнің ең басты міндеті деп ойлаймын. «Өмір бойы ойлап табу, жетілдіру, дамыта түсу керек- міне, мұғалім өмірінің ең жалғыз жолы осы» деген екен К.Д.Ушинский. Міне, ізденіп оқу арқылы өзіміз де, өзгені де үйрету – мұғалімнің өзін-өзі дамыту деген осы шығар.

«Елге жасаған жақсылық, халықпен бірге жасайды» демекші, жақсы адам өмірден өткенімен, оның жақсылығының ізі қалады. Сондай тарихи тұлғаға айналған жақсы адамымыз Шерхан Мұртаза- бүкіл ғұмырын төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің дамуына арналған біртуар азаматы, кеменгер жазушы. Шерхан Мұртазаның әр шығармасы – қазақ халқы үшін баға жетпес құнды дүние. Қоғам қайраткері Т.Рысқұловтың өмірінен сыр шертетін шығарманың бірі - «Қызыл жебе» романы. Т.Мәмесейіт «Рысқұловты тану - халықты тану» деген екен. Ендеше, «Қызыл жебе» романын біз қаншалықты бағалап, танытып жатырмыз? Қазіргі педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі деп айтар едім.

Рухани ұстазына, көшбастар көсеміне айналған «Қызыл жебе» романы бүгінгі ұрпаққа берері мол. Шығармада Тұрар бойындағы қасиеттерді үлгі ретінде оқушы бойына бере аламыз. Олар:

- намысшыл болу;
- қайсар,батыл шешім қабылдағыш;
- мейірімді, жанашыр;
- жарқын болашаққа сенеді;
- көзі ашық,білімді;
- ізбасар.

Қазақ халқы үшін қасық қаны қалғанша өмірлерін сарп еткен талай қоғам қайраткерлердің ғұмыры қиыншылықпен өтті. «Батыл болмай, батыр болмас» деген мақал Тұрарға арнап айтылғандай. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» бірінші кітабынан мына бір үзіндіге назар аударсақ. ... Приходько Тұрарды шоқындыруға ниет қылғалы қашан.Сол ойын іске асырудың бір орайы осы сияқты көрінді.

-Турарка, айда жүр, сен де. Аттарға ешкім тимейді. Ағашқа байлай сал. Жүр, көресің, қызық. ... Собор баспалдағына көтерілерде Приходько мырза бас киімін қолына алып, шоқына бастайды. ...Өзгелер дауыл жапырған қоғадай жығылып, бір иіліп, бір тұрып, тынымсыз шоқынып жатқанда, міз бақпай сіресіп қалған Тұрар ғана. Приходько сол көз қиығымен оған қайта-қайта қарай береді. «Сен де шоқын!» деген белгі екенін түсініп, Тұрардың тұла бойы түршігеді. Бірақ шоқинуға қолы көтерілмейді. Қолы қол емес, қорғасын сияқты, зорласаң да көтерілер емес [1, 86].

Приходьконың атшабары болған Тұрар қорықса да, батылдық жасап, шоқынбай кетіп қалады. Тұрардың ар-ұят пен мен намыс-жігердің мықтылығы. Осы іс-әрекетінен бала болса да, бойына сіңірген ұлттық намысты көруге болады. Қазіргі кезде қазақ жастарының басқа дін ағымына кіріп кетуіне әлеуметтік жағдайының төмен болуы десек те, отбасында намысқа үйретудің жетіспеуі дер едім. Түрмеде жүріп, қиыншылықты көрген Тұрардың мойымай, өмірге қасқая тік тұруы: тектілігі, әке тәрбиесі, қайсарлығы мен саналы азаматтығы. Қазіргі кезде жастардың бойынан Тұрар сияқты батыллықтың жетіспеу себебін атап айтсақ:

отбасында кейбір ата-аналардың рөлі бұрынғыдай емес, мән-мағынасы жоқ, бос әңгімелесуі;

-толық отбасы болмауы немесе ажырасудың көптігінен ер мен әйел арасында сыйластықтың болмау салдарынан бала бойында сенімсіздік пен жігерсіздіктің әсерінен;

-отбасында ұлттық тәрбие алатындай үлгілі салт- дәстүр, әдет-ғұрыптан хабары аздығынан;

-жеті атасын жаттататын, ертегі айқызатын ата-әжелердің немере қасында емес, қарттар үйінде паналауынан;

«Отбасы- шағын мемлекет» дегендей әке-басшы, ана-қосшы, бала-шырақ болмаса, жалпы отбасында ұлттық бағыт пен әулетке деген сыйластықтың азаюынан. Негізінен ата-ананың баламен қарым- қатынасының жиі болып, араласып, әңгімелесуі үлкен рөл атқарады. Егер, бір мезгіл отбасында ұлттық намыс-жігер беретін көркем әдебиетті ата-ананың өзі оқитын болса, сонда бала ұядан не көрсе, ұшқанда соны ілер еді. Бірақ, қазіргі кезде отбасына кітап тауып оқу да қолжетімді емес. Кітапхананы айтпағанда кез келген дүкенде ұлттық кітаптардың жоқтың қасы. Бұл - өте ескеретін үлкен мәселенің ең өзектісі. Ата-анасы баласын кітап сыйлап, «Кітаппен дос бол!» деген сөздің балаға әсері болар деп ойлаймын.

Приходько Тұрарды да, әкесі Рысқұловты да аң патшасы арыстанға теңейді. «Арыстанның еміренуі өзінше. Тіпті туған баласына мейірімі түскеннің өзінде түрі ашулы сияқты көрінеді. Біреуді еркелеткенін көтеретіні де, көтермейтіні де белгісіз. Жалынан сипасаң күдірейе түседі» деген Приходьконың осы сөзінде билігі бар адамның өзінің әлсіздігі Тұрардан қауіптенетінін айтып тұр. Бұл - Рысқұлұлы Тұрардың бойындағы қайсарлықтың көрінісі. [1, 106.].


Рысқұл көкпардың киесі – көк бөрі»-дейді жазушы. Міне, осындай жазушының сипаттауы оқып отырған адамға рухани азық деп айтар едім. «Әкеге қарап, ұл өсер» дегендей рухты халықтың баласы рухты ұрпақ болмақ. Т.Рысқұлов тағдыры – халық тағдыры. Өйткені, оның өмір жолындағы басынан өткен шындықтар халық тағдырындағы, тарихындағы шындықтарды елестетер еді. Сондықтан да, «Т.Рысқұловты тану – халықты тану» деген сөз. Халықты тану – өзіңді тану». «Қызыл жебе»-ұлттың рухын түлеткен, рухани ұстазына, көш бастар көсеміне айналған шығарма болды.

Т.Рысқұловтың көркемдік бейнесін жазушы Ш.Мұртаза шығармашылығында өз деңгейінен де жоғары көрсете білді. Бір сұхбатында жазушы: «Осы туындыны оқу арқылы Тұрарды танымайтындар таныды, білмейтіндер білді, ұнатпайтындар ғашық болды. Бес том кітап арнап отырып, жазушының өзі: «Тұрарды өз деңгейінде зерттей алған жоқпын. Т.Рысқұлов әлемі шексіз әлем. Оның мұхитына сүңгу енді сендердің еншілеріңде» деген екен. «Қызыл жебе» кітабын қайталап оқыған сайын, ұлттық тәриенің қайнар көздерін таба беретіндейміз. Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романы қазақ

әдебиетіндегі шоқтығы биік туындылардың қатарынан табылады. Басты кейіпкер Тұрар Рысқұловтың өмірі шынайы бейнеленген. Оның бала кезінен ел ағасына айналған шақтары кезең-кезеңмен даму үстінде өрбиді. Жарқын болашаққа сенген Тұрар көптеген қиыншылықтарға төтеп беріп, қазақ баласы болмысындағы жігерлікті паш етеді. Жүректері «қазақ» деп соққан ерлердің намысын ту етіп ұстайды. Оқиға желісінде кездесетін Рысқұл әкесінің Тұрарға жазған хаттарын оқу барысында әкелік мейірімділіктің, шынайы достықтың ұшқынын байқауға болады. [2, 5б.] Ол Тұрарға ғана емес, жалпы жастарға қанат бітірерлік, намысын қайрайтын ұран іспетті. Қызыл Жебенің рухын ерттеп мінген Тұрар, болашағына сенген - ірі қоғам қайраткері. Тәрбиенің құндылықтарын, ата-ана өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелейтін шығарма болып табылады. Абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және мәдениетін қалыптастыратын тұлға. Осы қасиеттерге баулу қазіргі педагогиканың өзекті мәселесі деп ойлауымыз керек.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мұртаза Ш. Қызыл жебе. 1-кітап. Алматы: Мазмұндама, 2023. - 280 б .
2. Абдуалиева Ж.Б. «Қазіргі кезең әдебиетін инновациялық әдіс-тәсілдерімен оқытудың тиімді жолдары». (Оқу құралы). Тараз, 185 б.



## **ШЕРХАН МҰРТАЗА БОЛМЫСЫНДАҒЫ ТҰРАР ТАҒЫЛЫМЫ**

### **Байсакалова Венера Манатовна**

А.Пушкин атындағы №41 көпсалалы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

### **Балтабай Бифаруза**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының 3 курс студенті, Тараз қ.

Шерхан Мұртазаның шығармашылық шеберлігі шындалып, үлкен суреткерлікке көтерілгенін танытатын айтулы еңбегі – бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе» роман-эпопеясы. Бұл өзі туған әдебиетіміздегі көп томдық романдар дәстүрін сәтті жалғастырған және осы бағытта өзіндік бетбұрыс жасаған шығарма болды. Жазушы Тахауи Ахтанов «Қызыл жебе» романы туралы былай дейді: «Жаңа романда Шерхан тіл жағынан да өсіп, байи түскен. Кейіпкерлердің өз болмыс-мінезіне сай сөз саптауынан, табиғат суреттерінен авторлық баяндау тебіреністерден бүгінгі проза дәрежесіндегі салиқалы кеңдік, шымыр шырақтық сияқты тіл мәдениетін танимыз». Демек, қаламгердің шеберлігін Тұрар Рысқұлов образын нағыз ұлттық болмысқа ұштастырып жазуынан-ақ көруге болады.

Тарихи-революциялық тақырып аясында жазылған «Қызыл жебе» роман-эпопеясының бірінші кітабынан соң, араға жылдар салып келесі кітаптары да жарық көрді. «Тамұқ» аталған соңғы кітабы 1994 жылы оқырмандар қолына тиді. «Қызыл жебе» роман-эпопеясы қилы заман тудырған, сол аласапыранда халқым деп қабырғасы қайысқан Тұрар Рысқұловтай ұлы тұлғаның өмір жолын негізге ала отырып, халық басынан кешкен ауыр сәттерді бар шындығымен көрсетуге ұмтылады. Сол себепті, Тұрар Рысқұлов тағдыры – халық тағдыры. Оның өмір жолындағы басынан өткен шындықтар халық тағдырындағы, тарихындағы шындықтарды елестетер еді. Сөйтіп роман-эпопеяның соңғы кітаптары («Қыл көпір», «Тамұқ») бүкілхалықтық трагедияны суреттеп көрсеткен, азалы кезең келбетін көз алдымызға алып келген келісті туындылар болып шыққан.

Жалпы, Шерхан Мұртазаның көркем шығармаларында дәуір тынысын бейнелеуі жазушылық шеберлігіне ғана емес, өмірді қаншалықты терең зерттеп білуіне де тікелей байланысты. Жазушы асқақ рухты көркем шығармаларында суреткерлік шеберлікпен көрсете білді.

Тұрар Рысқұлов – марксизм-ленинизм ілімін жан-жақты жете меңгерген, принципшіл коммунист. Ол жігерсіз ұл болып тұмады. Ол – рухты ер. Меркеде жұмысшы-шаруалардың революциялық қозғалысының басы-қасында болып, оларға белсене басшылық жасады. Уақытша үкіметті құлатуға бар күш-жігерін тартынбай, бай тәжірбиесін батыл жұмсап бақты. Жазушы Тұрар Рысқұлов бейнесін тек тарихи фактілермен шектеп, соның шырмауында ғана суреттемеген, оның пенделік пішінін, ішкі психологиясын анық та айқын суреттеген.

Қазақ әдебиетінде Тұрар бейнесін жасау жолында алғаш қалам тартқан Мұхтар Әуезов еді. Тұрар Рысқұловтың көзі тірісінде-ақ жазылған «Қараш-қараш оқиғасы» повесі жұртшылықтан жоғары баға алған болатын. Оны оқыған Т.Рысқұловтың ағыл-тегіл егіліп жылағанын жазушы Шерхан Мұртаза өз кітабында шебер суреттейді.

Шындығында, оқырман қауым Т.Рысқұлов жайлы біраз жағдайларға қанық болғанымен, оның өмір жолын түгел қамтитын, ұлт мақтанышы бейнесін жоғарыдан көретін туынды әлі дүниеге келе қоймаған еді. Сол кезеңде зиялысынан адасып қалған ұрпақты ардақтысымен қауыштыра Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы әдебиет әлемінің есігін ашты.

Ол туралы Т.Мәмесейіт былай дейді: «Біздің жоғалтқанымыз – қазақ деген соры қайнаған халықты қайтсем бақытқа жеткіземін деп жанпидалықпен күрескен арыстарымыз еді алдымен. Олар – біздің өткеніміз, тегіміз, руымыз еді ғой. Зорақы заман бізді содан айырғысы келді. Мәңгүрт жасағысы келді. Міне, сол оталған арыстарымыздың бірі және бірігейі Тұрар Рысқұлов еді. «Қызыл жебе» хамсасы» арқылы біз алдымен сол Рысқұловты таптық және таныдық. Ал, Рысқұлов тағдыры – халық тағдыры. Өйткені, оның өмір жолындағы басынан өткен шындықтар халық тағдырындағы, тарихындағы шындықтарды елестетер еді. Сондықтан да, Рысқұловты тану – халықты тану деген сөз. Халықты тану - өзіңді тану». Осы реттен келгенде, «Қызыл жебе» - ұлттың рухын түлеткен, рухани ұстазына, көш бастар көсеміне айналған шығарма болды.

Аталмыш романның негізгі кейіпкері – Тұрар Рысқұлов. Автор оның жас шағынан бастап өскен ортасын, өмірден көрген-түйгенін, алған әсерін жан-жақты кең, байсалды суреттейді. Жастайынан көрген қиыншылық, жеген таяқ, аянышты тіршілік пенде атаулының пешенесіне жазыла бермейтін қатал тағдырды танытады. Тұрар қаршадайынан әкесі Рысқұлды өзіне үлгі етіп өсті. Ол әкесінің турашылдығын, күштіден күбіжіктемейтін, мықтыдан ықпайтын тәкаппарлығын, жарлымын деп жасымайтын мінезін ұғып өсті.

Оқырман алғашқы кітаптан-ақ, болашақ большевиктің мінезі қандай ортада, қалай қалыптасқандығы туралы жанымен ұғып, көңілмен танитын мол мағлұматтар алады.

Романда жас Тұрар қара суық өңірде тамыр жайып, қанаттанған тау шынарындай шымырлық танытады. Бұл, әсіресе, баланың болыспен алғаш бетпе-бет келіп, арбасып қалатын сәттен, шабарман Таубайдың «Әкең қайда айт?» деп азаптайтын кезден, надзиратель алып соғардай үстіне төніп кеп қалса да қашпай арқасын дуалға берген күйі астындағы жалғыз тал қызғалдақты өз өміріндей қорғаштап, жанталасқан тұстан көрінеді. Бұның бәрі де, сөз жоқ, болашақ ірі қоғам қайраткері – Тұрар Рысқұловтың бойынан көрінер алғашқы қадір-қасиеттер еді. Өзі құралпас жас балалармен ойнап жүрген Тұрар бірде жаяу жарысып озып, мәреге бұрын жеткенде қос қолын көкке көтере сермеп: «Мен Қызыл жебемін!» - деп айғай салған-ды. Жалғыз кінәсі хас жүйріктігі боп, қарау заманның қабан қанжарына шалынып кете барған Қызыл жебе тағдыры көңілін қатты тербеген жазушы әлгіндей ойлы, терең мағыналы сөзді жас өскіннің аузына бекерден-бекер салып отырған жоқ. Осы бір ауыз сөз арқылы автор Тұрар бейнесін көкке көтеріп кеткендей.

«Жұлдыз көпір» – «Қызыл жебе» роман-хамсасының үшінші кітабы. Бұл шығармаға жазушы «Азаптардан – жұлдызға жол» деген латын сөзін эпиграф етіп алыпты. Үңіле қарасақ, осы сөздің өзіне талай нәрсе сыйып кеткендей.

Шындығын айтқанда, осыған дейін Т. Рысқұловтың революциялық бейнесі әдебиетте көрінген емес. Романда Рысқұловтың азаматтық, қайраткерлік, бет-бейнесін таныта түсетін, жан-жақты ашып, толықтыратын оқиғалар табиғи өрбіп отырады. Сол оқиғалардың ішінен жазушы кейіпкер мінезін дәл танытатын, айқын ашатын тартысты тұстарын талғаммен үйлестіре біледі. Әсіресе, Түркістан республикасының тағдырына, болашағына байланысты ойлары мен сол жолдағы ірі істерге ұмтылысы, азаматтық тұрғысының беріктігі оның кесек тұлғасын, табандылығын танытады. Осындай тұстарда қаламгер шабыты да шамырқанып, батылдана түседі. Тұрар әрекеттерін бар шындығымен, бар қайшылығымен барынша табиғи көрсетуге күш салады.

Тарихи шындықты негіз етіп алған романда тарихи белгілі адамдар кездеседі. Қабылбек Сармолдаев, Сағдұлла Тұрсынходжаев, Нәзір Төрөқұлов, Сұлтанбек Ходжанов, Санжар Аспандияров, Абдолла Жармұхамедов, Әбубәкір Диваев, Ғани Мұратбаевтар ара-тұра, Тұрарға қатысты жағдайда көрініс берсе де, олардың әрқайсысының азын-аулақ іс-әрекеті заман тынысын, уақыт рухын танытумен қатар, Рысқұлов бейнесін де жан-жақты шындай түседі. Замана ұлыларымен қатар жүрген Тұрар Рысқұлов туралы сыншы Тұрлыбек Мәмесейіт былай деп жазады: «Мәскеуден, орталықтан келген Фрунзе, Элиава, Рудзутак, Куйбышевтардың өзі бір төбе. Міне, кімдермен бірге, кімдермен қатар жүрген Рысқұлов! Нағыз халықтың көсемі десек лайық емес пе! Иә, ғасырдың дүниені дүр сілкіндірген ұлы кезеңі, соған лайық ұлы адамдары ғой бұлар».

Азаматтық идеяларды дәріптеу үшін азаматтық тұрғы мықты болу керек. Осы азаматтық тұрғы, автордың азаматтық көзқарасы романның өнбойынан айқын сезіліп отырады.

Романда Тұрар бейнесі осылай көрініс береді. Бұл – жазушының ыждағатты ізденісі мен қажырлы еңбегінің нәтижесі. Халқымыз тағдырындағы осы бір қиын кезеңді жан-жақты суреттеп, сол халқы үшін жанын аямай күрескен Рысқұлов сияқты біртуар азамат тұлғасын қаламгер толыққанды сомдап көрсеткен. Өйткені, Түркістан аталған өлке, солай аталған мемлекет тарихындағы Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы қайшылықтарға толы күрделі оқиғалар нақты құжаттар негізінде бүгінгі заман тұрғысынан бұған дейін әдебиетімізде бар ақиқатымен көрсетіле қоймаған.

Бүкіл тіршілігінде адамгершілік, азаматтық парыз бен асқақ мұраттар жетелеген Тұрар Рысқұловқа мансап креслосы емес, туған халқының өмірлік мүддесі биік. Ол сол үшін небір қиындыққа нартәуекел етеді. «Буыршын мұздан тайған» талай қиын жағдаяттар мен күндерде Тұрар Рысқұловты аман алып шыққан да оның иманы зор, парызы биік, мүддесі асқақ, адал да әділ күрескер тұлғасы еді. Сондықтан болар, суреткер Ш. Мұртаза өзінің бас кейіпкерінің бойындағы әрі азаматтық, әрі қайраткерлік абзал қасиеттерді шанайы бейнелеп бере алған. Міне, өмірде тарих аренасында орын алған шындықтар нәтижесінде ашаршылыққа қарсы коммунистік патриоттық, азаматтық, қайраткерлік күрестің басты мазмұны – романдағы Т.Рысқұловтың өмірлік те, көркемдік те тұлғасын ірілендіріп тұр деп толық айта аламыз.

Ұлттардың өзін-өзі басқару, революция жеңістерін орнықтыру, социалистік жолдарын нығайту мен өркендету, ұлттық республикалардың экономикасын арттыру жоспары, қазақ халқының жұт пен аштыққа ұрынған кездегі зобалаңы мен өлшеусіз трагедиясы тәрізді мәселерді шешу барысындағы Т. Рысқұловтың азаматтық-қайраткерлік орасан тұлғасы оның ширыққан-шиеленіскен тағдырының драмалық кезеңдері арқылы кеңінен әрі мейілінше нақты іс-әрекеттер үстінде көрсетіледі. Осы арада атап айту керек, суреткер Шерхан Мұртаза Т. Рысқұловтың халық перзенті ретіндегі қаһарман ерлігінің бүкіл әлеуметтік-тарихи мазмұнын, қыл-көпір температурасын сол шынайы қалпында яғни не асқындырмай, не әлсіретпей мейілінше байыппен бейнелеген.

Жазушы Тұрар Рысқұловтың халықаралық деңгейдегі зор тұлға, өрелі қайраткер екендігін романның «Қызыл батыр» тарауында әдемі көрсеткен. Ол – Коминтерннің Монғолиядағы Төтенше өкілі ретінде жас республиканың мемлекеттік құрылымына, соның қалыптасуына үлкен үлес қосқан жан.

Дегенмен, «Қыл көпір» романында ең басты назар Т. Рысқұловтың Сталинге жазған екі хатының әлеуметтік тарихына аударылады. Шерхан Мұртаза осы романда сонымен қатар сталиндік репрессияның түп-тамырына да үңілген.

Т. Рысқұловтың көркемдік бейнесі жазушы Ш. Мұртаза шығармашылығында өз деңгейінен де жоғары көрсетілгендей. Осы туындыны оқу арқылы Тұрарды танымайтындар таныды, білмейтіндер білді, ұнатпайтындары ғашық болды. Жазушы бір тұлғаны халқымен қауыштыру мақсатында отыз жыл ғұмырын арнады. Рас, кезінде жазушыға сын да айтылды, түрлі сұрақтар да қойылды. Бірақ, біздіңше, бұл роман-эпопея деп атауға тұратын ұлы туынды.

Біріншіден, Ш. Мұртаза бұл туындысында Тұрардың әкесінен дарыған қайтпас қайсар, өжет мінезін шырқау шегіне көтере суреттейді. Сталинмен әр әңгімесінде де, қиянат көргенінде де, түрмедегі жауабында да Тұрардың осынау мінезі суреткер шығармасында алдыға шығып отырады.

Екіншіден, біз осы роман арқылы Т. Рысқұловтың бай ақыл-ойдың иесі екенін көреміз. Оған Тұрардың Ленинмен әңгімесі дәлел бола алады. Өзге мемлекет қайраткерлерінің Т. Рысқұловпен сөз таластыруға сескенетіні де көп дүниені аңғартатындай.


Үшіншіден, Тұрар біздің көз алдымызда баға жетпес қоғам қайраткеріне айналды. Түркістан республикасының өркендеуі жолындағы қызметтері, Монғолияға барған іссапары, кез-келгеннің қолы жете бермейтін Кремльдегі қызметін жазушы аса көрегендікпен суреттейді.

Төртіншіден, Т. Рысқұлов ұлты үшін етінен ет кесіп алса да «қыңқ» етпейтін батыр адам. Бетіне жел де қарсы келіп көрмеген Сталинге қарап тұрып «Сталин қателеседі!» деу, алдынан өлім тұзағы күтіп тұрғанын біле тұра Сталинге хат жазу кез-келген ұлт зиялысының қолынан келетін іс емес.

Шебер жазушы Шерхан Мұртаза Тұрар бейнесін көз алдымызда қол жетпес биікке көтерген жан. Бес том кітап арнап отырып, жазушының өзі: «Тұрардың өз деңгейінде зерттей алған жоқпын. Т. Рысқұлов әлемі – шексіз, шетсіз әлем. Оның мұхитына сүңгу енді сендердің еншілерінде», - деген еді. Бұл да ұлылар айтуға тиіс сөз сияқты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Алматы, «Қазығұрт», 2005. – Т.1. Қызыл жебе. Бірінші, екінші кітаптар. – 504 бет.
2. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Алматы, «Қазығұрт», 2005. – Т.2. Қызыл жебе. Үшінші, төртінші кітаптар. – 528 бет.
3. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Алматы, «Қазығұрт», 2005. – Т.1. Қызыл жебе. Бесінші кітап. – 512 бет.



## ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА – ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ

**Абылхасова Райса Джексенбековна**

Көктал орта мектебінің директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Кожангулова Жанна Калкатаевна**

Көктал орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Тұрар Рысқұловтың тарихын тануға оның өмір-тіршілігін зерттеуде бірінші және әділдік танытқан отандық тарихшылар және бірқатар ресей ғалымдары үлкен үлестерін қосты. Оның үстіне, осы көрсетілген зерттеушілер Тұрар Рысқұловтың іс-әрекетінің кейбір жақтарын зерттеп қана қойған жоқ, сонымен қатар оның нәтижелерін әрі оның Кеңес Одағының даму кезеңіндегі қоғамдық-саяси жағдайға тигізген ықпалын кеңінен бағалауға тырысты. Осы бағалардың әділдігі үлкен мемлекет қайраткері өмірінің әр қырын, сіңірген еңбегін және жіберген қателіктерін ескере отырып көрсетуге мүмкіндік береді. Онда тарихы мен өмірбаяны ғана беріліп қойған жоқ, сонымен бірге Тұрар Рысқұловтың байырғы ұлттық тұрғындардың мүдделерін және жергілікті жердің ерекшеліктерін ескере отырып стратегиялық шешімдерді жүзеге асырудағы мақсатты ұмтылысына айрықша көңіл аударған.

Мәдени және рухани өсу жолында тұрған Тұрар Рысқұлов қоғамның шынайы прогресивтік дамуын ұлттық биржуазияның кейбір бөлігінің ұлттық идеяларынан ажыра білді. Тұрар Рысқұлов үшін, оның революционер және болашақ мемлекет қайраткері ретінде қалыптасуға әсерін тигізген қазақ ұлттық-либералдық интеллигенцияның идеялары жақын болған. Оның пантүрік және панислам идеяларын өзіне жақын қабылдамағаны өте маңызды еді. Діндегі барлық ілімдерді жас Тұрар екшелеп, зерттей қабылдаған [1, 106.] .

Идеологиялық тұрғыдан алғанда 1916 жылға қарай Тұрар Рысқұловтың жалпы дүниетаным позициясы марксизммен тығыз байланыста болған. Негізінен, бұл кезеңде марксизм жаңадан қолдануға ене бастағанды-ды – ол басты идеологияға айналған, жаңашыл Тұрар Рысқұловтың замандастарының осы жолмен кетуі табиғи болатын. Осы өзара байланысты ескере отырып, В.И.Ленин демократиялық интеллигенцияның патшаға қарсы шығып, жұмысшы табын жақтауы табиғи нәрсе деп атап өткен.

1918 жылдарға қарай Тұрар Рысқұлов Түркістандағы белгілі саясаткерлердің бірі болып, сол жылдың қыркүйегінде Түркістан Республикасы Кеңесінің VI Айрықша съезіне қатысып, пролетариатты үстемдігін нығайтатын экономикалық және саяси сұрақтармен дәлелді әрі нақсы сөз сөйлеп, өзінің қалыптасқан большевик саясаткер екендігін көрсеткен. Бұл съезд оның саяси қызметінде маңызды болып, ол Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитетіне сайланған. Әрі осы аппаратта Денсаулық комиссары болып бекітілген.

Тұрар Рысқұлов үшін Денсаулық комиссариатындағы қызмет оның саяси істеріндегі жаңа сападағы әрі ауқымды әрі жауапкершілігі жоғары жұмыс болған. Ол Түркістанның орталығында қызметте жүргенде тұрғындардың көбісінің мұқтажына тағы да көз жеткізген. Оның үстіне ашаршылық басталып, республика басшылығының күнделікті жұмысы елді тамақпен қамтамасыз етудің маңызды шараларын шешу болған. Бұл кезеңде Тұрар Рысқұлов осы жағдайды зерттей отырып жазған-ды «... бұл кедейлердің жағдайының шегіне жеткендігі-тін... адамдар бірі-бірінен мәйіттер салынған қаптарды тартып алып, аштықтарын басқан-ды. Аш ата-аналардың өздерінің кішкентай балаларын байларға құлдыққа сатуы, кеңінен тараған зұлымдықтың шегі болды» [2, 156.] .

Республикада ашаршылықтың мәселелерін шешу мақсатында Азық-түлік директориясы құрылып, ол мәселені жер жерде шешпек болғанмен, үлкен нәтижеге қол жеткізе алмайды. Тұрар Рысқұлов ашаршылықты жоюдың нақты кешенді шараларын

дайындайды: тамақ беретін бекеттерді құрып, балалар үйлері мен колонияларын ашу, эпидемияға қарсы алғы шаралар жүргізу және т.с.с. Ашаршылықты аймақта және республикада жеңуге бағытталған Тұрар Рысқұлов шешкен нақты практикалық мәселелер, оны еңбекшілердің өмірін жақсарту үшін күресетін күрескер ретінде одан ары шындаған. Жалпы социалистік платформада құрылған оның көптеген идеяларының өміршең болуына негіз жасаған. Алға қойған мақсатты орындауда Тұрар Рысқұлов табандылық танытып, қарамағындағы қызметкерлермен шектеліп қалмай, басқа мемлекеттік ұйымдардың мүмкіншіліктерін және қорларын кеңінен қолданады. Бұл кезде сақталған құжаттарға қарағанда, ол басшы ретінде «бақылаушының» және реттеушінің жағдайында болмаған, тұрғындардың мәселелерін тікелей шешуге араласып, оқиғаның бел ортасында жүрген. Осының бәрі оның болашақта жан-жақты үлкен мүдделі саясаткер болып қалыптасуына, нәтижелі іс-әрекеттер жүргізуіне және осының арқасында халықтың, сол сияқты өз қызметтестерінің алдында үлкен беделге ие болуына көмектескен.

Азық-түлік майданындағы ауқымды жұмыстардан басқа, жұмыссыздықтың күрделі мәселелерін де шешу қажет болды. Бұл кезеңде республикада 900 мыңнан астам жұмыссыздар болған. Бұлар негізінен жергілікті ауыл тұрғындары болған. Олар ауылдағы ашаршылықтан қашып қалаға келіп, қала жұмыссыздарының қатарын көбейткендер еді. Жұмыссыздардың мәселелерін шешу үшін келесі негізгі бағыттар анықталған-ды: қоғамдық, құрылыс-жөндеу және жер суару жұмыстары. Бұл жұмыстардың көлемі жас кеңес өкіметінде мол болатын, еңбекпен қамтамасыз ету болашағы шаруашылықтың экономикалық құрылымын қалпына келтіру мен қолда бар қорлардың негізінде одан ары дамытуды ескере отырып жасалған-ды.

Тұрар Рысқұлов өзінің нәтижелі еңбегінің арқасында 1919 жылдың сәуір айында Кеңестердің VII Төтенше съезінде Түркістан республикасының ОАК қайтадан сайланады. Бұл жолы оның жұмыс бағыты Ферғана бастамашыларымен күресті ұйымдастыру болып өзгертілген [4, 26.] .

Одан бөлек, Түркістан Республикасында түбірлі айырмашылығы бар жаңа ұлт саясатын жүргізу үшін белсене кіріседі. Ол отаршылдық саясаттың жаңа жағдайда жалғасуына қарсы күрестің бірден-бір тиімді жолы түрік тектес халықтардың басын біріктіру деген қорытындыға келіп, осы жолдың басында Ю.Әлиев, Ю. Ибрагимовтармен бірге комитетке «Кеңестік Түрік республикасын құру» идеясын ұсынады [2, 206.] .

Түрік республикасы деп аталатын жаңа, егеменді кеңестік республика құрамына тек Кеңестік Ресейдегі түрік халықтары ғана емес, сонымен бірге шетелдегі түріктер де кіре алатын болды. Т. Рысқұлов бұл идеяны ұлы державалық шовинистік саясатқа, Кеңес өкіметінің бұрынғы бұратана халықтар жөнінде ұстанған саясатына қарсы қойған.

Жоғарғы үкімет түрік бірлігі идеясының түркі тектес халықтардың бостандыққа, егемендікке талпынған үмітінен, сол егемендікті қорғау қажеттілігінен туған идея екендігін, оның ешуақытта басқа бір мемлекетке немесе бөтен халыққа қарсы бағытталмағандығын түсіне тұра, бұл идеяның жүзеге аспауына қалайда болса кедергі келтіруге тырысқан. Сөйтіп, бұл ұсыныс «феодалдық мемлекет құрамаққа әрекет етуде» деп айтыс-тартысқа түсіп, Тұрар Рысқұловты «пантүрікшіл» деушілер де табылған. Осы мәселе бойынша сәуір айында комиссия құрылып, В.Лениннің тікелей араласуымен түркістандықтардың өзін-өзі басқару идеясын басып тастаған. Т.Рысқұлов бұдан кейін де мемлекеттік дербестік идеясын табанды түрде жақтаумен болған. Бірақ оның бұл талпынысы өзіне қарсы қуғын-сүргін болып тиген.

1920 жылдың желтоқсанында Т.Рысқұлов Түркістан Атқару комитетінің төрағалық қызметінен босатылып, Орталыққа Ұлт істер жөніндегі Халық Комиссариатына шақырылған. Көп ұзамай Халық Комиссариатының Әзірбайжандағы уәкілі болып тағайындалып, Бакуде бір жылдай жұмыс істеп, елдің шаруашылық, мәдени өміріне етене араласып, республика алдында тұрған саяси, экономикалық-әлеуметтік мәселелерді шешуге белсене қатысқан. Ол өзінің Түркістанда жинақтаған мол тәжірибесіне сүйеніп,



партия, үкімет қызметкерлеріне ақыл-кеңес беріп, олардың қызметіне қолдау көрсетіп отырған. Бакудегі қызмет барысында Т. Рысқұлов үлкен беделге ие болған.

Т.Рысқұлов мұсылмандарға түсінікті тілде мерзімді басылымдар шығарып, тарату ісіне де ерекше көңіл бөлген. Жергілікті халықтардың тілінде әдебиеттер басып шығаратын баспалардың болмауы мен газет-журналдардың жоқтығы себепті Т.Рысқұлов Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының құзырындағы «Иштракун» газетін Мұсбюроның қарамағына беруді талап еткен. 1919 жылы 30 маусымда Түрікаткомның шешімімен «Иштракун» газеті Түрікатком мен Мұсбюроның ресми газеті болып қайта құрылған.

1919 жылы 20 шілдеде Түрікатком атына жолдаған хатында Т. Рысқұлов мұсылмандар тілінде баспалардың болмауы себепті мерзімді басылымдар шығарудың қиындығын айта келіп, мұсылман газеттері үшін жедел түрде қызметкерлер мен техникалық құрал-жабдықтардың бөлінуін, Ташкент қаласындағы барлық баспалардағы мұсылман әрпіндегі техникалық құрал-жабдықтарды бір баспаға жинастырып, оның Мұсбюро құзырына бағындырылуын өтінген. Қажетті қаражат пен қағаз тапшылығына байланысты жалпы мұсылмандар газетін шығаруды, онда партиялық, мәдени-ағарту, әскери, ақпараттық және т.б. қоғамдық-саяси мәліметтер мен хабарлар басуды ұсынған.

Тұрар Рысқұлов туралы 1922 жылы 20 қарашада М.С.Эпштейн былай деп жазған: «Рысқұлов Тұрар жолдас есімімен Түркістандағы кеңес өкіметінің...даму тарихының тұтас бір дәуірі байланысты болған... қайраткердің бірі. Т.Рысқұловтың есімі – айналасына партия қайраткерлерінің белгілі бір тобын топтастырған және сонымен қатар басқа топтың қарсы күресін тудырған ту. «Рысқұловшылдық» деп аталатын құбылыстың негізінде жатқан ерекшелік – кеңес өкіметінің соңынан ілескен қазақ халқының ұлттық күштерінің өз тағдырын өзі шешу бағытындағы күрес болатын. Өзінің орасан зор ерік-жігерімен, ірі ұйымдастырушылық дарынымен, көзқарастарының тұрақтылығымен жолдас Рысқұлов үлкен бедел мен құрметке ие болды. Теориялық жағынан жетік... бола тұра, ол өз қызметінде таптық белгілерден де гөрі ұлттық белгілердің әсеріне жиі ұрынады».

Ал М.Шоқаев 1935 жылы Парижде басылған кітабында Т.Рысқұловты «Сталиннің фавориті» деп орынсыз айыптаған. Түркістандағы 1917-1919 жылдардағы сұрапыл ашаршылық туралы жаза келе, автор негізгі тарихи құжат ретінде – Т. Рысқұловтың кітабына сілтеме жасайды. Бірақ М.Шоқаев Т.Рысқұловтың сол сұрапыл аштық кезінде арнайы комиссия ұйымдастырып, Түркістанның миллиондаған аш-жалаңаштарын ажал тырнағынан арашалап қалғанын жақсы біле тұра, ол туралы үнсіз қалады. Өзі пайдаланған Т.Рысқұловтың аталған кітабын «жартылай сауатты кітап» деп санайды. Оған Т.Рысқұлов кінәлі емес, 2 томдық қолжазбаны автордың келісімінсіз қысқартып, 1 том етіп бастырып шығарған редакторлары кінәлі, сондықтан да ол кітаптың мазмұнында біршама кемшіліктерге орын берілген.

Т.Рысқұловтың 1937 жылы «халық жауы» ретінде тұтқындалып, атылып кетуіне байланысты 40-60 жылдары оның есімі мүлдем «ұмытылғандай» болған еді. Алайда, бұл жылдары ол туралы арнайы еңбек жазыла қоймағанымен де, Түркістан Республикасының тарихын жазушы авторлар оның қызметіне тоқталмай өтпеген. Алайда ол еңбектерде Т.Рысқұловқа сыңаржақ бағалар беріліп, оған «ұлтшылдық», «пантүрікшілдік» деп сынаудан аса алмаған.


Т.Рысқұловтың саяси қызметі мен есімін ақтап, ең алғаш мақала жариялаған автор – Р.Байжарасов. Бірақ көп ұзамай бұл мақала партиялық «сынға» ұшырайды да, Т.Рысқұловтың саяси қызметін зерттеу тағы да ұзақ уақытқа тоқтап қалған.

Осындай кезеңде С.Бейсембаевтың «Ленин и Казахстан» атты монографиясының жарық көріп, онда Т.Рысқұловтың саяси қызметіне біршама дәрежеде дұрыс баға берілуінің маңызы зор болған. С.Бейсамбаев тарихшы С.Көлбаевпен бірігіп 1974 жылы Т.Рысқұловтың өмірі мен саяси қызметіне арнап шағын кітапша жариялаған. Бұл Т.Рысқұлов туралы ең алғашқы арнайы зерттеу жұмысы еді.

Ал Т.Рысқұловтың әдеби бейнесін сомдауда көрнекті жазушыларымыз – М.Әуезов, Ш.Мұртаза және Т.Нұртазин ерек еңбек сіңірген. Қырғыз кинодраматургтері Болат Шәмшиев пен Сүйменкүл Чокмаров бала Тұрардың бейнесін кинода шебер бейнеленген. Ал атақты қазақ жазушылары – С.Сейфуллиннің, Ғ.Мұстафиннің, Ғ.Мүсіреповтың, С.Мұқановтың және т.б. шығармаларынан Т.Рысқұловтың өмірі мен саяси қызметі туралы қызықты деректер табуға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі: Түркістан кезеңі / О. Ордалы. Қоңыратбаев. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 447 б.
2. «Тұрар Рысқұлов – Қазақстан, Орталық Азия мен Ресейдің көрнекті мемлекет қайраткері». Т. Рысқұловтың туылғанына 120 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 5-6 желтоқсан - Тараз: Тараз ун-ті, 2014. - 226б.
3. Тұрар Рысқұловтың экономикалық көзқарастары: [моногр] / А. Доғалов. - Алматы: CyberSmith, 2017. - 127 б.
4. Қыдырәлі Д. Қ. Ұлтшыл күрескер // Егемен Қазақстан. - 2019. - № 124. - 2 шілде. – 9 б.
5. Елшібай Ғ. «Ақсұмбе мен Ақсу-Жабағылы арасы» // Egemen Qazaqstan. - 2019. - 8 қазан. – 6 б.
6. Шарахымбай Б. Тұрартануға қосылған сүбелі еңбек // Ана тілі. - 2019. - № 5(1471). - 7-13 сәуір. - 10 б.



#### **БАЛА ТҰРАРДАН - ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ТҰРАРЫ...**

**Анисова Назгүл Төлендіқызы**

Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі,  
Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Ең бірінші Тұрар жайлы әңгіме қозғағанда тағдыры ауыр, қиындықпен арпалысқан, жалғыз тұяқтан үміт күткен әке- Жылқайдаров Рысқұл ауызға ілігеді. Рысқұлды айтқанда- әрбір қазақ отбасының тағдыры елестейді. Жылқайдаров Рысқұл 1859 жылы Түркістан облысы, Түлкібас ауданында дүниеге келген. Тұрардың әкесі Рысқұл Жылқайдарұлы кәнігі аңшы, шабандоз, көкпаршы адам болған. Сырдария облысының Черняев уезінен(қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы Майлықент болысынан шыққан кесек тұлғалы, өр мінезді намысшыл болып өскен жігіт. Аумалы – төкпелі заманда Рысқұл Жылқайдарұлы ХІХғасырдың 80 жылдары патша әкімшілігінің озбырлығына шыдамай, 1880 – 1890 жылдары Түлкібастан Мыңқазанға 12 үй шілденбет отбасы көшіп келгенде, Рысқұл бәрінен де жігерлі болып, көзге түсіп ерекшеленеді. Бірде ауылдың болысы Бектен үлкен ас беріп, ат шаптырады, ұлан -асыр той жасайды. Осы тойға талғарлық болыс Саймасай да шақырылады. Сонда Саймасай Рысқұлдың өжет қимылына көзі түсіп, оны өз ауылына шақырады. Әрине барлық жағдайды жасауға уәде береді. Шілменбеттің үш үйі Мыңқазан ауылында қалып, тоғыз үй Жетісу өлкесі Шығыс-Талғар болысына көшеді.[1, 128]. Сол Шығыс Талғар болысындағы Шұбарағаш ауылында 1894 жылы 26 желтоқсан күні Жетісу облысы(қазіргі Алматы облсысы), уезінің Шығыс Талғар болысындағы Шұбарағаш ауылында Тұрар дүниеге келген болатын. Анасы ертеректе қайтыс болған.

Рысқұл елге атағы жайылған кәнігі аңшы болған. Талғар тауының жағдайын жақсы білген, 1903 жылы ол зерттеуші С. Д. Димитеривке Талғар тауын зерттеуге көмектеседі. Есіл өзенінің бастауындағы мұзды алқап «Рысқұл алқабы» деп аталады. Рысқұл Шығыс - Талғар болысы Үшкемпіров Саймасайдың қоластында жүріп, оның тапсырмаларын орындайтын сенімді адамы болады, алайда ұрланған жүйрік тұлпарға байланысты, болыс Саймасай әділетсіздік жасап Жылқайдаровты ұры деп, оязға ұстап береді, ол ебін тауып қашып шығып, Қараш – Қараш тауларын паналайды. Өр мінезді намысшыл Рысқұл, болыс Саймасайдың әділетсіздігіне төзбей, 1904 жылы 20 желтоқсанда бір топ нөкерлерімен келе жатқан болыс Саймасайды Қараш – Қараш асуында атып өлтіреді, болыстың өліміне байланысты қуғынға түсіп жатқан ел - жұртын көріп, өз еркімен беріліп 30 желтоқсанда Алматы түрмесіне қамалады» - делінген.

Түрмеге қамалған әкесі жалғыз ұлы Тұрарға өш алушылардың зияны тиер деп өзінің қасына алдыртады. Шынында да бала Тұрар бір өлімнен қалған еді. «Қанға-қан, жанға - жан» деп дүрліккен болыстың туыстары «Ардақты адамымыздан айырған сұмның жалғыз ұлын бауыздап, кегімізді аламыз» деп Тұрарды өлтірмекші болғанда төңіректегі ел ара түсіп, әрең аман алып қалған болатын. Түрмеде әкесі баласына өткен өмірін айтады. Араға жылдар сала Тұрар әке әңгімесін досы Мұхтар Әуезовке айтып берген. Ұлы жазушы сол әңгімеден «Қараш-қараш оқиғасы» деген атақты туындысын жазып шығарған. Осылай Тұрар әкесіне әңгімеден мәңгілік ескерткіш қояды. «Түрме баласы» аталған Рысқұлов түрме үйлерін сыпырып, бастықтың атын айдап жүріп, орыс тілін үйренеді. 1904 жылы патша үкіметінің зорлық – зомбылығына қарсы шыққаны үшін Рысқұл 10 жылға сотталып, Сахалинге жер аударылады. Тағдыр тәлкегіне түскен 11 жасар тірі жетім Тұрар 1906 жылы Алматыдан Меркіге келіп, қазіргі Мыңқазан (бұрынғы Ворошилов) ауылына туыстары Молдабек пен Қырғызбайлардың қолында тұрады. Ауылдағы байдың малын бағып күнін көреді. Ауыл тұрғынының бірі Дәлібай қарттың кемпірі Төкен былай дейтін:

-Ауылға келін болып түскелі көше бойлап таналарды айдап өтетін домалақ жүзді қараторы баланы көріп жүрдік. Осы тана баққыш жас бала көп ұзамай оқуға кетіпті деп естідік. [1, 128] Оның еті тірі бала екенін байқаған жергілікті Бектен болыс бір жылдан соң, Қырғызбаев деген фамилиямен анықтама қағаз алып беріп, Тұрарды Меркідегі орыс-қазақ мектебіне оқуға түсіреді. Сол уақытта патша үкіметінің отарлау саясаты жүріп тұрған кез болаты. Жергілікті халықпен қатынасу үшін тілмаштар даярлау мақсатында ашылған мектепте 1907-1910 жылдары Тұрар білім алады. Жазушы Шерхан Мұртаза атамиздың «Қызыл Жебе» шығармасынан әкесін талай рет сағынып, интернатта жартылай аш жүргені бәрімізге бала кезімізден белгілі. Жаңадан ашылған бұл мектепке жан-жақтан ауыл балалары келе бастайды. Мектептің жүруіне ұйытқы болған, сондай-ақ мұнда оқитындардың өмірге прогрессивтік көзқарасын ашқан жағрафия пән мұғалім Иван Андреев еді. Әрине, Тұрардың ол кезде белгілі күрескер, ірі мемлекет қайраткері боларын ешкім білген жоқ. Тұрар түрмеде жатқанда -ақ, өз білімін алғаш сонда ашқан. Меркіге келген алғашқы күннен-ақ зеректігін танытты. Аз уақыт ішінде бірге оқыған балалармен тез достасып, жақын болып кетті. Әсіресе, өзімен бірге оқитын Қабылбек Сарымолдаев, Мақсұт Жылысбаев, Садуақас Жамансартов, Раманқұл Орынтаев, Сыдық Адабаевтар тонның ішкі бауындай көзге ыстық көрінетін. Олардың бәрімен бірге жүріп, кейін де қызмет барысында үзеңгілес серік болды. Меркідегі мектеп -интернатта оқыған 25 жастың көпшілігі кейіннен нағыз революционер болып шықты. Әсіресе, оның ішінен Тұрармен бір партада отырып, білім алған Қабылбек Сарымолдаевтың есімін ерекше атауға болады. Өйткені ол кейіннен мемлекет қайраткері қатарында Тұрармен бірге қызметтес, сенімді серігі болды. Жауапты да ірі қызметтерді атқара жүріп, ол Қазақстанның іргетасын қаласып, кемелденуіне түсуіне зор еңбек сіңірді. Мектепте оқып жүргенде-ақ сауаттылығымен көзге түсіп үлгерген Тұрарды Меркідегі соттың тергеушісі Семашко өзіне хатшы етіп алғанын да білуге болады. 3 жылғы мектепті аяқтап, мұғалімі сеніп тапсырып, «куәлікті толтыра бер, жазуың әдемі»-деп табыстағанда батыл қимылдап,

әкесінің атын өшіргісі келмей, туған әкеден жетесіз ұл безеді деген оймен, батыл қадамға баратыны бар. Арада неше жыл өтсе де, әкім атаулы оның әкесінің атынан өлген бураның баласынан үріккен атандай естері кетіп, көздері елжірей қалады. Соған бола әкесінен айырыла ма? Қолындағы қаламұшты қағаз бетінен тартып алып, өзі таңбалаған «Р» әрпіне үрейлене қарап, меңіреу адамдай сілейді де отырды. Аспара шыңының басында Қызыл Жебе мінген Рысқұл тағы бір рет жалт етіп көрінді де «Р» әрпі қайтадан бұрынғы қалпында қалды. Енді шегінерге жер қалмады. Өткелден шегінетін көпірді Тұрар өзі өртеп жіберді. Енді куәлік бәрібір бүлінді. Тушпен түскен «Р»-ды өшіре алмайсың. Сонда бала «Рысқұлов Тұрар» деген сөздерді бадырайтып тұрып ірілеу жазып болды да, өз денесіне күдірет басқа бас орнатып, кеудесіне басқа жүрек салып бергендей, салмақтана қалды. Шерхан атамның шығармасының осы бір жерін оқып отырған әрбір жан, ішін тартып, енді не болар екен -денген ой болары сөзсіз...Кішкентай бала Тұрар, өзінің тегін, болашағын осылай болжаған болар.

Ақкөз атқа қонғанда бұрынғыдан да айбынды көрініп, әруақтанып кетердей екен. Тұрар еріксіз өз әкесімен салыстырды. Әкесі де ат үстінде ер -азаматтың сұлтаны болатын. Бірақ ол тым лыпылдап, тым тістеніп тұратын.

Мынау жайбарақат, тіпті маңғаз, ай мандайлы, шапыраш шара көз, нарттай нұрлы, нар тұлға екен. Ол ат үстінен еңкейіп тұрып, Тұрарға қолын созды.

-Рақмет аға,-деді Тұрар қоштасуға кимай.

-Оқы, шырағым, жалғызбын деп жасыма. Әкеңнің ошағы өшіп, қазаны төңкеріліп қалды екен деп қапаланба. Мен адам танысам, сен тегін емессің, тексіз емессің. Әкеңнің өшіп қалған ошағын сен жүрегіңдегі оттан тұтатарсың әлі. Сенің әкең есіме түскен сайын менің кеудем жауыр аттың арқасындай сыздайды. Тірі болса, бір келер. Жә, қош...Рақмет, аға.[2]. Осы бір сәттің өзінен -ақ, үлкен үміттің сәулесін көруге болады.

«Ата анасының қадірін білмеген, Отанның да қадірін білмесе» деген терең философиялық пікірі еске түседі. Ұлтының ұлтаны боп, елім деп еңіреп өткен асыл ағалардың еңбегін елемеуден артық күнә жоқ шығар. Халқымыздың кемеңгер, көсем ұлдарының бірі Д.Қонаев өзінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген кітабында: Елдің елдігін танытатын да, тарихын жасайтын да артында өшпес із, өлмес мұра қалдыратын да ұлы перзенттері. Ұлықтың теңдесі жоқ өлшемі де осы,-деп жазыпты. [3, 56] Бала Тұрардан-тұлға Тұрарға дейін жүріп өткен жолдарында тек, елдің мүддесі, елдің бүтіндігін ойлады. Ол шын мәнінде Қазақстанның мемлекет ретінде өзін-өзі билеуін, тәуелсіздігін жақтаған қайтаркердің бірі еді. Кезінде Орта Азия мен Қазақстанда түркі тілдес елдердің республикасын құруды алдына мақсат етіп қойған болатын. Ол Қазақстанның дербес мемлекет болып, өзін-өзі билеуін, тәуелсіздігін жақтап арман етті, оның мақсаты бүгінде орындалды. Ақкөз Қосанұлы таныған бала Тұрар- елінің арманына қол жеткізді. Әке армандаған ұл-елінің белесіне шықты, қазақтың ошағын өшірмеді...


Қай кезде де қоғам бала тәрбиесіне бейжай қарай алмаған. Себебі, бала – ертеңгі ел болашағы. Біздің халық ықылым заманнан келе жатқан әдет-ғұрыптарды айта отырып, отбасы институтын құрметтеуімен ерекшеленген. Бұл жас ұрпақты ұлттық кодты зерделеп сақтау арқылы, сондай-ақ өткен мен болашақ арасындағы рухани дүниені сақтап нығайта отырып, ел болашағын өз қолына алуға шақырады. Бүгінгі таңдағы бала тәрбиесінде біз Тұрардың өжеттігін, білімге құштарлығын, білім алуға деген ынта жігерін бала бойына сіңіре отырып, тәрбиенің бір тармағында қолдануымызға болады. Тұрар бейнесі сол замандағы оқуға құштар балалардың жиынтық бейнесі. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Ал біз бала Тұрардың өн бойынан осы қасиеттерді байқаймыз. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу–барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз–жасұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Біз

бұл мақсатқа Тұрар сынды ұлыларды ұлықтау арқылы жетеміз. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Ұлттық құндылыққа баса назар аударған бүгінгі тәрбиенің біртұтас бағдарламасын жүзеге асыруда біз балалардың назарын басқа ұлттың арасында, туған жерінен жырақ жүрсе де өз елінің тілін, мәдениетін, дінін, салт-дәстүрін ұмытпаған Тұрарды үлгі ете аламыз.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 1994 жылы ұлт қайраткерлеріне арналған «Тарих зердесі» атты кеште сөйлеген сөзінде «Тұрар Рысқұловтың асыл аруағына тағзым етіп, атын ардақтағанда біздің ойымызға оның ел үшін еткен ең ересен, ең ірі, ең қасетті еңбегі алдымен оралады. Қазақ даласына айдың-күннің аманында, қазан ұрмай, қар жаумай-ақ келген нағыз нәубәт – алапат ашаршылық тұсында Рысқұлов тұлғасының шын мәнінде ұлы екені айқын көрінді.[4] Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған, қырына алғанның қабырғасын қақыратып, көденең тұрағнның бәрін көрде шірітіп жатқан Сталиндей тиранға қарсы шабу, қазақ даласындағы қолдан жасалған қырғынды тоқтаттыруды талап ету өлімге бас тігіп, ажал аузына өзі барумен бірдей ерлік болатын... осы ұлы еңбегі үшін Қазақ елі Тұрар Рысқұловтың атын мәңгі-бақи ардақтап өтетін болады!» деп атап көрсетті.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қайраткер Қабылбек Сарымолдаев. – Алматы, 2011. - 128 бет
2. Ш. Мұртаза. Қызыл Жебе. «Рысқұл» және «Тұрар» –Алматы, 2010. 25 бет
3. Д.Қонаев. Ақиқаттан аттауға болмайды. -Алматы, 1992. 56 бет
4. Аңыз адам. Ұлт мақтанышы - Тұрар Рысқұлов. – Алматы, 2011, № 10 (22) мамыр



## **«ТІЛДІК ТҰЛҒА» ТЕОРИЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ**

**Кембаева Айнур Тураровна**

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 2-курс докторанты, Алматы қ.

**Қурбантаева Лаура Тураровна**

№18 Ә.Құрмантев атындағы жалпы білім беретін КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы

Қазақ лингвистикасының соңғы жылдары концептуалдық жүйеде зерттеле бастағаны белгілі. Осыған орай когнитология, антропоцентризм, психолингвистика, т.б. бағыттардың жүйелі түрде зерттеліп жатқандығын байқауымызға болады.

Өзекті мәселлер қатарында көркем шығармалардың шырынын таным және тіл бірлігінде байланыстыра отырып зерттеу лингвокогнитологиялық бағыттың мақсатымен сабақтасады. Осыған байланысты қазіргі таңда көркем шығармалардың тілін «таным және тіл сабақтастығы» бойынша қарастырған дұрыс. «Мәтін түзуші – мәтін – мәтін қабылдаушы» байланысы зерттеушілер тарапынан тұтастық ретінде қарастырыла отырып, «әлемнің тілдік бейнесі» аталған тұтастық негізінде қарастырылады. Шығарманың көркемдік әлемі мен көркем тілі таным мен тіл сабақтастығын түзе отырып, зерттеу объектісіне айналады.

Жоғарыда атап өткен тұтастықтағы авторды, яғни мәтін түзушіні лингвистикада «тілдік тұлға» ретінде қарастырады. Шығарма жазу барысында қаламгердің әлем туралы

түсінігі мен айналадағы дүние шындығын қабылдауы оның тілдік тұлғасы арқылы көрініс беріп отырады.

Жалпы лингвистикаға «тілдік тұлға» категориясының енгізілуі біз қарастырып отырған «тұлға» ұғымының жаңаша мазмұнмен толығып отырғанын көрсетеді. Демек, мұнда тілді зерттеудің құрылымдық-функционалдық аспектісі аясынан шығып, рухани қызметі және ойымен, адам санасымен байланысты болып келетін антропологиялық лингвистикаға айналуына негіз болды. Осындай жаңалықтардың әсері болар, лингвистикада тілді тұтынуға да, шығармашылық адамға да қызығушылық үдеп, жаңаша зерттеулердің бастамасы көрініс берген еді [1, 9].

Й.Вейсгербер алғаш рет тілдік тұлға мәселесін ғылыми тұрғыда сөз еткен. Ал бұл мәселенің көркем шығарма аясында сөз болуы В.В.Виноградов есімімен тікелей байланысты. Оның ойынша тілдік тұлға – «автор образы». Сонымен қатар, А.А.Леонтьев, В.П.Нерознак, В.И.Карасик, В.И.Шаховский сияқты ғалымдар да бұл мәселені қарастырған. Й.Вейсгербер, В.В.Виноградов, Г.И.Богин атты ғалымдардың зерттеулерінде кейіпкер тұлғасы мен автор тұлғасы бірлікте қарастырылуы керек деген ұстаным жасайды. Тілдік тұлғаның көркем шығармадағы деңгейлік үлгісін Ю.Н. Караулов жасап шығарады. Оның пікірінше, оның концепциясының жалпыға ортақ теориялық ұстанымдары бойынша тілдік тұлға дегеніміз – мәтіндерді өзі түсінуге және жасауға қабілетті тұлға. Оның пікірінше «тілді жасаушы, ұстанушы, пайдаланушы адамға назар аудармай, тілдің шегінен аспай, тілдің өзін тану мүмкін емес» [2, 245]. Осындай зерттеулерінің нәтижесінде Ю.Н.Караулов В.В.Виноградов пен Г.И.Богиннің тілдік тұлғаға байланысты пікірлерін қарастыра келе, ғылыми тәсілдерді жинақтай келе «тілдік тұлға» ұғымын толықтырады.

Демек, қазіргі таңда тілдік тұлға мәселесін зерттеушілердің негізгі сүйенетіні – Ю.Н.Карауловтың жүйеленген «тілдік тұлға» теориясы.

Ғалым Ж.Б.Ермекова «М.Жұмабаевтың тілдік тұлғасы» атты диссертациясында былай көрсетеді: «Осы тұрғыда тілдік тұлға мәселесі қазіргі орыс тіл білімі мен қазақ тіл білімінде төмендегідей бағыттарда қарастырылып келеді деп шартты түрде белгілейміз:

- 1) Нақты тұлғаның тілін оның когнитивтік және прагматикалық интенцияларын назарға ала отырып талдау;
- 2) Көптеген ғылыми еңбектерде тарихи тұлғалар тілін диахрониялық тұрғыдан сараптау орын алған;
- 3) Бөлек-бөлек мәтіндер негізінде тілдік тұлғаны модельдеуге арналған зерттеулер де пайда бола бастады;
- 4) Шығармадағы кейіпкерлердің тілдік тұлғасын ашу арқылы шығарма авторының тілдік тұлғасына шығуды мақсат тұтқан зерттеулер де кездеседі;
- 5) Тілдік тұлға бойындағы қасиеттерді оның ұлттық болмысына сай қарастырған еңбектер.

Зерттеу объектімізге айналып отырған Ш.Мұртазаның тілдік тұлғасын тануға арналған зерттеу жұмысымызды жоғарыда қарастырылған бағыттардың ішіндегі бесінші, яғни соңғы бағыт шеңберінде негіздеуге тырысатын боламыз.

Ш.Мұртазаның тілдік тұлғасын түсіндіруге байланысты бірнеше бағытта қарастырамыз. Бұл бізге дейін де қолданылған бағыттар десек болады. Олар:

- 1) Тілдік тұлға болып табылатын жеке адам (Ш.Мұртаза) қалыптасуының негізгі жүйелерін анықтау. Атап айтатын болсақ: тілдік тұлғаның тегі, өмір сүрген ортасы, тілдік және әдеби, ұлттық-мәдени ықпал, т.с.с.;
- 2) Жеке адамның (Ш.Мұртазаның) тілдік тұлғалық болмысын құрайтын жекелік қасиеттерін айқандап беретін ерекшеліктерін анықтау, демек, алған білімі, өзін-өзі тәрбиелеуі мен жетілдіруі, тілдік тәжірибесін болашақ ұрпаққа мұра ретінде қалдыруда жеке жауапкершілікті сезіну, білім дағдыларын игеру, шеберлік дағдыларын меңгеру, тәрізді мәселелер оның тілінің ассоциативтік-вербалдық, лингвокогнитивтік және

прагматикалық деңгейлерін сипаттаудан тұратын деңгейлік талдау арқылы қарастыру керек екендігін көрсетеді.

Осыған байланысты ғалым Ж.А.Манкеева: «аталған деңгейлердің дамуының белгілі бір тұлғада көрініс табуы әртүрлі дәрежеде өрістеп, түрлі сипатта көрінеді. Оның шығармашылық танымдық мазмұны дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесінен тұрады. Сондықтан тілдік тұлғаны алдымен ұлттық тілдік тұлға ретінде түсінеміз. Себебі тілдік тұлға табиғаты тұлғаның ұлттық мәдени сатысымен тікелей байланысты», - [3, 281-284] дейді.

Зерттеуші ғалымдар тілдік тұлғаның қалыптасуы 3 экстралингвистикалық фактордың ықпалына тікелей байланысты екенін көрсетеді. Олар:

- 1) әлеуметтік;
- 2) ұлттық-мәдени;
- 3) психологиялық.

Біз қарастырып отырған Ш.Мұртазаның өмір сүрген ортасы мен қоғам белгілі бір нормалар мен заңдылықтарға бағынып, әлеуметтік фактор болып есептелді. Былайша айтқанда, тілдік тұлға сол жағдайларға бағынуға міндетті. Бұл – бірінші жағы. Екіншіден, тілдік тұлға өзі өмір сүріп отырған қоғамның белсенді мүшесі болғандықтан, айналада болып жатқан кез келген оқиғаға бей-жай қарамай, өзіндік көзқарасы мен тұлғалық ұстанымын білдіру үшін саналы түрде жалпы нормаларды бұзуға қабілетті.

Осыған орай, Ш.Мұртаза әлеуметтік процестерлі қазақ халқының қоғамдық және рухани тәжірибесімен сусындағын өзіндік ой елегінен өткізіп, баға берді. Мәселен, ұлт, намыс, рух феномендері жазушының тілдік тұлғасы қалыптасуында үлкен рөл атқарды. Ұлттық жігер мен болмыстың қалыптасуына тікелей әсер етуші осы құндылықтарды игеру арқылы адам баласы өмірдегі қарапайым заттардан бастап, ғаламның заңдылықтарына дейінгі өзін қоршаған ортаның болмысымен танысады, мәдениетке араласып, руханияттың әлеуметтік қызметі мен дамуына қатысу арқылы тұлға болып қалыптасады. Ш.Мұртаза *»тәуелсіздіктің жолы қатты, дәмі тәтті»* деп руханият феномендерінің сақталуын ұлттың ұлт ретінде өмір сүруінің басты өлшемі ретінде қарайды. *«Тұла бойы тұнған намыстан жаралған қайран қазақ. Намысы мол, айласы аз, бағы да сол, соры да сол»* немесе *«Намыс – адамның жан серігі. Көзге көрінбейді. Жеке жүрмейді. Тым болмаса көзге көрінетін көлеңке де сияқты емес. Бірақ серік. Мықты серік. Бұл серігі жоқ адам қасиетсіз, әлсіз»*.

Демек, тіл арқылы бекітіліп, қоғамдық санада, сонымен қатар жеке тұлғаның санасында сақталатын ұлттық-мәдени тәжірибе сол жеке тұлғаның тілдік әрекетіне де өз таңбасын түсіреді.

Тілдік тұлғаның айқындалуы барысында адамды өзгелерден ерекшелеп тұратын өзіндік қасиет – жекелік фактор маңызды рөл атқарады. Жекелік фактор дегеніміз ең алдымен өзін-өзі танудан көрінеді. Адам баласының тілді өз деңгейінде игеруге байланысты қадам жасауына өзіне байланысты жеке себептер, жеке мақсаттар, жекелік және топтық сәйкестіктегі өзіндік «мен» проблемасы әсер етеді. Ш.Мұртаза: *»Өзге елдің оты өз еліңнің түтініне татымас», «Өз Отанын сағынбайтындарға таңғаламын. Туған елін, өскен жерін іздемей, сағынбай, қарны тойған жерде жүре беретіндер... О, солар қиын...»* – деп келетін позициясы адам жанының, психологиялық әлемнің құпия құбылыстарын суреттеу арқылы жеке адам мен ұлт тағдырын бірлікте қарастырып, түсіндіреді. *Демек, сол кезеңдерде ұлты үшін жан берген қаламгердің биік мінберлерден айтқан ұраны елін жетелеп, күш беріп, арман-тілегін бүгінгі күнмен сабақтастықта жүзеге асырып, ұлттық тұлғасы оның тілдік шығармалары арқылы сомдалып, ұлттық тілдік тұлғаға айналды деп толық айта аламыз.*

Шерхан Мұртаза – өзінің төл шығармаларында тілдің жүйелік құралдары арқылы өзінің дүние туралы түсінігін және сол түсінікке сәйкес туындаған бағасын, мақсат-мүдделерін белгілеген тілдік тұлға. Жазушының тілдік тұлғасын елдік мұрат-мүддемен, дәстүр, сабақтастық тұрғысынан зерделеуде, оның құндылықтар жүйесін, өмірлік

ұстанымын айқындауда, дүниетанымын байыптауды осы мәселлерді негізге ала отырып қарастырудың маңызы зор.

Когнитивтік лингвистикада алғаш рет қарастырыла бастаған «Тілдік тұлға» мәселесі қазақ тіл білімінде де кеңінен зерттеліп, сөз бола бастағаны белгілі. «Тілдік тұлға» ақынның немесе жазушының өз образы [Қ.Жұмалиев] мәселесінде әдебиет тұрғысынан және тілдік тұрғыдан зерттеліп келеді. Мысалы: Р.Сыздық «Абай шығармаларының тілі», А,1968; Е.Жанпейісов «М.Әуезовтың «Абай жолы эпопеясының тілі», А,1976. Бұл іргелі зерттеулерде белгілі бір суреткер тілінің жалпы сипаты мен шығармашылық ерекшелігі сөз байлығы, көріктеу амал-тәсілдерін шебер қолданудың тілдік көріністері (метафора, теңеу, эпитет т.б.), стильдік қолданыс ерекшеліктері шығарма тілінің құрылымдылық жүйесіне сүйеніп жасалған еді. Ал, осы дәстүрлі лингвистика негізінде одан әрі даму үстіндегі қазіргі тіл білімінің антропоцентристік бағыты негізгі назарды сол шығарманы жазушының жанына, танымдық (шығармашылық) болмысына аударады да, тілді соның нәтижесі, көрінісі деп қарайды. Осымен байланысты қазақ тіл біліміндегі Ф.Қожахметова, А.Әмірбекова, Ш.Ниятова т.б. зерттеулерін атап өтуге болады.

«Тілдік тұлға» мәселесінде басты ерекшелік тұлғаның (личность) жай саналы адам (гомо сапиенс) аумағынан кең көлемге өзінің тілдік ерекшелігі арқылы шығып кетуінде жатыр. Кез келген жеке тұлға өзінің тілдік емес басқа қасиеттерімен жұртқа танылғанымен, тілдік тұлға бола алмайды. Оның басты себебі, жеке тұлғаның тіл қаруымен қаруланбауында жатыр. Мысалы, Қажымұқан қазақ халқының ұлы перзенті болғанымен тілдік тұлға ретінде қабылданбайды, ал Махамбет Өтемісұлының дара тұлғасы оның өр де, азаттық рухына сәйкес көркем тілімен сабақтасып, өзіндік ерекше тілдік тұлғасын танытады.

Демек, *»Тілдік тұлға»* есімі, оның айтқан сөздері, шығарған өлең-жырлары, жазған мақалалары ел есінде мәңгі қалуы тиіс

Шын мәнінде тілдік тұлға құрылымы – кешенді құбылыс. Мысалы, Шерхан Мұртазаның шынайы тұлғалық қабілеті оның барлық қырын, атап айтқанда жазушы, журналист, публицист, редактор, қоғам қайраткері, драматург, аудармашы, философ, зерделеу арқылы байқалады. Себебі тілдік тұлға мазмұнына, В.А.Маслованың көрсетуінше, төмендегідей компоненттер енеді:

- 1) құндылық, тәрбие мазмұны компоненті, дүниетанымдық, былайша айтқанда өмірдің мәндері мен құндылықтар жүйесі;
- 2) мәдениеттану компоненті, яғни тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі;
- 3) жеке тұлғалық компонент, әр адамда кездесетін жеке қасиеттер.

Жалпы алғанда тілдік тұлғаның қуаты мен қаруы – сөз, ойы болса – қоғамдағы іс-әрекетінен көрінеді, психологиясы – ұлт перзенті ретінде халқын сүюі сезімімен өлшенеді. Аталған үш қасиет біріге отырып, адамның бойындағы игі, ізгі қасиеттердің оянуына, бас көтеруіне әкеледі. Сонымен қатар, зиялы қауым өкілі ретінде тілдік тұлға сипатына ену, мақсатты түрде жүзеге аспайды. Оған да белгілі бір ішкі жағдайлар әсер етеді. Ал олар өз кезегінде ұлттық сезімнен немесе табиғи дарынның қабілетінен туған ішкі жағдайлар болып табылады.

Қорыта айтқанда, заңғар жазушы, қоғам қайраткері, ұлт ұстыны, руханият жаршысы Шерхан Мұртазаның тілдік тұлға ретінде қалыптасуына төмендегі алғышарттар тікелей әсер етті деп айта аламыз:

1. Отбасылық тәрбиесі, Айша ананың тәлімі, халқының өнегесі, ұлтының ұстанымдары, олар өз кезегінде ұлттық тәрбиенің негізін қалыптастырды;
2. Тілдік тұлға тарапынан қабылданған немесе қабылданбаған құндылықтары, нақтылап айтсақ, ұлттық тілдегі өлшемдер;
3. Мәдени ақпарат болып есептелетін салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымыз;
4. Рухани сана, сонымен қатар дін қағидалары;



5. Үлгі тұтқан тұлғалары (Шерхан Мұртаза үшін Абайдан бастап қазақ әдебиетінің, журналистикасының жампоздары);
6. Озық білім жүйесі;
7. Ең бастысы, тектілік интеллектісі.

Осы аталған қасиеттерді бойына жинаған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Зерттеу объектіміз ретінде алынып отырған Ш.Мұртазаның өзіндік әлеміне бойлау үшін, оның қалыптасуына тікелей әсер еткен жағдайлардың мән-мағынасын түсініп алған жөн болады.


Ұлттық мәдени құндылық ретіндегі ұлттық тілдік мұрамызды, ұлттық ділімізді, ұлттық психологиямызды, ұлттық рухты терең меңгерген Ш.Мұртазаның тілдік тұлғасын зерттеп-зерделеу – қазақ ұлтының болмысы мен халқының дүниетанымын тануда маңызы зор.

Болашақта Ш.Мұртазаның кәсіптік әлемі мен сөз сиқырын тану үшін оның шығармашылық тілін қазіргі лингвистикада белсенді дамып отырған лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, психолінгвистика бағыттарымен кешенді сипатта қарастыру, зерттеу – басты мәселе.

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің даму, баю тарихындағы уақыт туғызған ірі тұлғалардың құнды мұралары қазақ мәдениеті мен мәдениетінің тұтастығын сипаттайды, сол себептен де осы сабақтастықтағы Ш.Мұртазаның орны мен рөлін тану да маңызды болып табылады. Бұл маңыздылық әсіресе зерттеу нысаны ретінде шығармашылық мол мұрасы қайталанбасөрнегімен ерекшеленіп тұратын, тіл мен мәдениет дамуына елеулі үлес қосқан тілдік тұлға алынған кезде арта түседі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ермекова Ж.Б. Жұмабаев Мағжанның тілдік тұлғасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010. – 45 б.
2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 264 с.
3. Манкеева Ж.А. Абайдың шығармалары тілін «тілдік тұлға» тұрғысынан зерттеу мәселелері // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Арыс, 2010. – 352 б.



### **ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫНДАҒЫ ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ БЕЙНЕСІ**

#### **Жазбақова Даматкен Тобышевна**

Мұхтар Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Әр халықтың өзінің бетке ұстар тұлғалары, қабырғалы қаламгерлері болады. Олардың туындылары санаға сәуле шашып, жаныңды нұрға бөлейді. Әсіресе, ХХ ғасырдағы классикалық қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінен осындай шығармаларды жиі кездестіруге болады. Қазақ жұртының кешегі зұлымат соғыс кезіндегі қиын-қыстауды, жоқшылық, жұтшылық ауыр өмірді қалай бастан кешіргенін сәби жүрегімен сезініп, саналарының түкпіріне сақтаған балалар өсе келе сол тағдырды арқау еткен

теңдессіз дүниелерді өмірге алып келді. Бұлардың ішінде шындықтың шырақшысы атанған, қазақтың Шер-ағасы – Шерхан Мұртазаның шоқтығы биік.

Көрнекті қазақ жазушысы Ш.Мұртазаның басты туындыларының бірі «Қызыл жебе» – бес кітаптан тұратын роман-эпопея. Роман-эпопеяның жанрлық ерекшеліктері оның мынадай сипаттарынан байқалады: роман-эпопеяда 1) саяси-әлеуметтік қайшылықтарға толы, сұрапыл өзгерістер мен төңкерістер орын алған бүкіл бір дәуірдің шындығы көркем жинақталған, 2) бүкіл бір дәуір бойы қоғамды, мемлекетті билеп-төстеген әлеуметтік күштердің үдерісі мен күресі бейнеленген, 3) ұлт тағдырындағы, халық өміріндегі кезеңді құбылыстар мен тұрмыстық болмыс тығыз бірлікте суреттелген.

Роман-эпопеяның бас кейіпкері – XX ғасырдың басында Кеңестер Одағы бойынша басшы қызметте болған аса көрнекті мемлекет қайраткері, қазақ халқының ұлы перзенті Тұрар Рысқұлов. Роман-эпопеяда Тұрар Рысқұловтың бала кезінен өзі өмірін арнаған өкіметтің үкімімен өлім жазасына кесілгенге дейінгі өмірі мен қызметі толық қамтылады.

«Қызыл жебеде» Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметі толық қамтылғанмен, оны өмірбаяндық шығарма деп қабылдауға болмайды. Өйткені роман-эпопеяда тарихи тұлғаның өмірі мен қызметі арқылы халық бейнесі, тұтас бір елдің өмір-тарихы аясында бүкіл бір дәуірдің аса ірі саяси-әлеуметтік шындық оқиғалары көрініс тапқан. Сондықтан «Қызыл жебенің» негізгі қаһарманы – халық. «Қызыл жебеде» суреттелген шындық – халық өмірінің шындығы.

Шығарманың тақырыбы туралы мынадай анықтама беруге болады: Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» роман-эпопеясының негізгі тақырыбы – XX ғасырдың басында қазақ халқының өмірінде болған саяси-әлеуметтік өзгерістер мен төңкерістер. Роман-эпопеяның негізгі идеясы – қазақ халқының саяси-әлеуметтік тәуелсіздігі.

Роман-эпопеяның бірінші кітабы – «Рысқұл». Екінші кітап – «Тұрар». Үшінші кітап – «Жұлдыз көпір». Төртінші кітап –

«Қыл көпір». Бесінші кітап – «Тамұқ».

Жазушы Шерхан Мұртаза бұл шығармасында кейіпкерлердің жан дүниесін тартысты оқиғалар легімен ашуда алғырлық танытқан. Кейіпкерлерді суреттеуде де жазушының асқақ рухын танимыз. Ұлттық әдебиетіміздегі роман саласына елеулі еңбек сіңіріп, қазақ әдебиетін көркемдік деңгейі жоғары туындылармен байытуға үлес қосқан шығармашыл тұлға ретінде де Шерхан Мұртаза есімін ерекше атауға болады. Қазақ әдебиетіне жетпісінші жылдардың соңында келіп қосылған «Қызыл жебе» романын жазу барысында қаламгердің архив материалдарын мұқият зерттеп, орынды пайдалана білуі, табиғат суреттерін әсерлі жеткізуі, қазақ халқының әдет-ғұрыптарын, географиясы мен этнографиясын еркін игеруі романның ұлттық құндылығын арттыра түскен.

Енді негізгі тақырыбымызға оралсақ, Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы Тұрардың бейнесі. Қазақ әдебиетінде Тұрар бейнесін жасау жолында алғаш қалам тартқан Мұхтар Әуезов еді. Тұрар Рысқұловтың көзі тірісінде-ақ жазылған «Қараш-қараш оқиғасы» повесі жұртшылықтан жоғары баға алған болатын.

Тұрар әкесінің басынан өткен қиыншылықтардың біразын өз көзімен көріп өсті. Алты жасында әкесімен бірге Алматы абақтысына қамалды. Ұл бала қашанда жақсы әкенің жақсы қылықтарына еліктегіш келеді. Рысқұлдың кедейлігіне қарамастан, өз жолынан таймайтын, өзгеге есесін жібермейтін, намысы зор жігіт екенін аңғартатын тұстар аз емес. Рысқұлдың бойындағы нағыз адамгершіліктің үлкен бір қырын – баласы Тұрарға деген көзқарасынан, оған деген асқан сүйіспеншілігінен байқауға болады. Сот алдында қаншалықты ауыр жаза алатынына көзі жеткендей болып тұрса да, «итжеккенге» айдайтынын аңғарса да баласымен бірге болуын өтінуі, жеке басының тағдырынан гөрі ұлының болашағын көбірек ойлауы – нағыз абзал әкеде ғана болатын қасиет. Романдағы бейнелер мен оқиғалардың барлығы Тұрардың азаматтық тұлғасының қалыптасуына, он мен солын тануына зор ықпал еткені сөзсіз. Шығарма барысында жазушы бала Тұрарды

әрдайым бірқалыпта суреттейді: орынсыз ұшқалақтық, шапшаң ренжіп, тез басылу тәрізді балада көп ұшырасатын қылық жоқ.

Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» романының үш кітабын да сәтті жазып шықты. Шығарманы оқығанда бірден көз алдымызға асқақ та айбынды Тұрар Рысқұлов бейнесі келеді. Біз Қазақстандағы революция күндерін, сол күндері бастан өткен қиындық пен қайшылықтарды Тұрардың өмір жолынан танып білсек, қазақ жанашырының жан дүниесін оның іс-әрекеттері арқылы шынайы сезінгендейміз. Автор баяндауында Тұрардың ағзасын сырқат етсе де, көңілін сырқат еткісі жоқ. Сонымен қатар Тұрардың әкесі Рысқұлдың да бейнесін әр сәтте әр түрлі қырынан көрсеткен. Ең алдымен біз Рысқұлды рухы күшті, намысы биік ұлт азаматы ретінде танимыз. Тұрар әкесінің батылдығы мен қайраттылығына сүйсінеді. Тұқымбайдың жүйрік аты Қызыл Жебеге мініп, көкпар тартқан әкесінің қимылына дән риза болады. Сол кезде-ақ жас бала өмірдің талас пен тартыстан тұратынын, кім батыл, қайсар болса, сол ғана өз үлесін алатынын ұққандай еді. Тумысынан зерек Тұрар өзін тегі асыл ең жүйрік, ең мықты Қызыл Жебеге теңегісі келеді. Балалардың арасында «Қызыл Жебе» атанып кетеді. Автор қанатты сөздерді қолдана отырып та, Тұрар образын шебер бейнелей білген. Әрбір қанатты сөз оған жаңа реңк беріп тұрғандай. Мысалы: «Жүгіріп келе жатқан көшен қисық болса да, жүрісің түзу болсын», «Ұлылықтан пенделікке дейін бір-ақ қадам», «Тиын-тебен қымбат емес, адамның ары қымбат», «Көңілді кірбің тұта берсе кір болады», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұқ жоқ» деген аталы сөздер Тұрар Рысқұлов бейнесіне жарық түсіріп, оның шыңдалуына зор үлес қосқан.

Романда жас Тұрар қара суық өңірде тамыр жайып, қанаттанған тау шынарындай шымырлық танытады. Бұл, әсіресе, баланың болыспен алғаш бетпе-бет келіп, арбасып қалатын сәттен, шабарман Таубайдың «Әкең қайда айт?» деп азаптайтын кезден, надзиратель алып соғардай үстіне төніп кеп қалса да қашпай арқасын дуалға берген күйі астындағы жалғыз тал қызғалдақты өз өміріндей қорғаштап, жанталасқан тұстан көрінеді. Бұның бәрі де, сөз жоқ, болашақ ірі қоғам қайраткері – Тұрар Рысқұловтың бойынан көрінер алғашқы қадір-қасиеттер еді. Өзі құралпас жас балалармен ойнап жүрген Тұрар бірде жаяу жарысып озып, мәреге бұрын жеткенде қос қолын көкке көтере сермеп: «Мен Қызыл жебемін!» - деп айғай салған-ды. Жалғыз кінәсі хас жүйріктігі боп, қарау заманның қабан қанжарына шалынып кете барған Қызыл жебе тағдыры көңілін қатты тербеген жазушы әлгіндей ойлы, терең мағыналы сөзді жас өскіннің аузына бекерден-бекер салып отырған жоқ. Осы бір ауыз сөз арқылы автор Тұрар бейнесін көкке көтеріп кеткендей.

Шындығын айтқанда, осыған дейін Т. Рысқұловтың революциялық бейнесі әдебиетте көрінген емес. Романда Рысқұловтың азаматтық, қайраткерлік, бет-бейнесін таныта түсетін, жан-жақты ашып, толықтыратын оқиғалар табиғи өрбіп отырады. Сол оқиғалардың ішінен жазушы кейіпкер мінезін дәл танытатын, айқын ашатын тартысты тұстарын талғаммен үйлестіре біледі. Әсіресе, Түркістан республикасының тағдырына, болашағына байланысты ойлары мен сол жолдағы ірі істерге үмтылысы, азаматтық тұрғысының беріктігі оның кесек тұлғасын, табандылығын танытады. Осындай тұстарда қаламгер шабыты да шамырқанып, батылдана түседі. Тұрар әрекеттерін бар шындығымен, бар қайшылығымен барынша табиғи көрсетуге күш салады.

Тұрар Рысқұлов – марксизм-ленинизм ілімін жан-жақты жете меңгерген, принципшіл коммунист. Ол жігерсіз ұл болып тумады. Ол – рухты ер. Меркеде жұмысшы-шаруалардың революциялық қозғалысының басы-қасында болып, оларға белсене басшылық жасады. Уақытша үкіметті құлатуға бар күш-жігерін тартынбай, бай тәжірбиесін батыл жұмсап бақты. Жазушы Тұрар Рысқұлов бейнесін тек тарихи фактілермен шектеп, соның шырмауында ғана суреттемеген, оның пенделік пішінін, ішкі психологиясын анық та айқын суреттеген.

Мәскеуден келген төтенше өкіл Кобозев бейнесінен байыпты, парасатты большевиктің тұлғасын танимыз. Ол келген бойда-ақ Т.Рысқұловты танып, оның

мәдениетті де шешен сөйлейтініне сүйсіне таңғалып, қабілет-қарымын байқап, оған қолдау көрсетеді. «Шырайы жеңілтек, яки қатал адамның түрі сияқты емес. Кеңдік, тереңдік, биіктік бар... Ал, осындай азаматы бар ел кадрға, басшы қайраткерлерге жұтан дейтіндері не? Марксизмнен алшақ, деді-ау Бухарин. Мына Рысқұлов сонда қайдан сауатты?! Ой жүйесі, қазіргі жағдаятты біліп пайымдауы, елдің көңіл-күйін тануы – бәрі көкейге қонымды ғой. Бұларды біз неге менсінбеуге, шетқақпайлатуға тиіспіз?» - деп Тұрармен жақын жүріп, екеуі Кеңес үкіметінің орнына түсуі үшін талай-талай істерді бірге атқарды. Бұл жерден біз Тұрардың өте мәдениетті, білімді, шешен екенін байқаймыз.

Жазушы Тұрар Рысқұловтың халықаралық деңгейдегі зор тұлға, өрелі қайраткер екендігін романның «Қызыл батыр» тарауында әдемі көрсеткен. Ол – Коминтерннің Монғолиядағы Төтенше өкілі ретінде жас республиканың мемлекеттік құрылымына, соның қалыптасуына үлкен үлес қосқан жан.

Жазушы Тұрар Рысқұловқа тән қасиеттерді мынадай екі сала бойынша жинақтайды: а) еркін де терең ойдың, рухани ұлы қасиеттің, қайтпас қайраттың адамы ретінде танытады; ә) мемлекет басқару ісіндегі мақсат пен міндетке, оларды іс жүзіне асырудың амалдары мен құралдарына, нәтижелеріне тура әрі әділетті баға беретін, өзі де әділеттен таймайтын аса көрнекті мемлекет қайраткері бейнесінде көрсетеді.


Жас Тұрардың өмір талқысына түскен әр қадамынан оның келешекте халық үшін жаралған азамат екенін дәлелдейтін қасиеттер – табандылық, қайсарлық, турашылдық, тегеуіріндік, зеректік – осылардың барлығы айқын көрініп отырады. Шынында, сүйікті анасынан ерте айырылып, сүзектің азабын тартуы, өгей шешенің қас-қабағын аңдуы, одан кейінгі түрмеде көрген қорлықтары он-он екі жастағы балаға жеңіл жүк емес. Әйтседе бақытына орай, оның Рысқұлдай әкесі бар. Шерхан Мұртаза әлбетте, Рысқұлды ерекше тұлға, адам баласынан ала бөтен бейне етіп көрсетпейді. Ол өз қатарлары сияқты көптеген кедейлердің бірі. Солай болғандықтан оның асып бара жатқан байлығы да жоқ, елді аузына қаратар әкімшілік қызметі де жоқ, қарны бірде тойып, бірде тоймаған жұпыны тіршілігінің арқасында күн көруде. Рысқұл ешқашан баласына «анандай болма, мынадай бол» дегендей құрғақ дидактиканы жаттата бермейді. Бір қарағанда қатал көрінетін нағыз әкенің ер адамға лайық ұстамдылығын, шыдамдылығын, салмақтылығын көреміз. Сонымен қатар әкенің осы бір өр мінезді баласына ұялату мақсатындағы іс-әрекеттеріне сүйсінеміз. Сөйтіп, Рысқұлдың өз ұлына, келешегінен көп үміт күткен баласына ақыл айтудан гөрі нақтылы қимыл әрекеттерімен ықпал ету сәттері басым.

Шебер жазушы Шерхан Мұртаза Тұрар бейнесін көз алдымызда қол жетпес биікке көтерген жан. Бес том кітап арнап отырып, жазушының өзі: «Тұрардың өз деңгейінде зерттей алған жоқпын. Т. Рысқұлов әлемі – шексіз, шетсіз әлем. Оның мұхитына сүңгу енді сендердің еншілеріңде», - деген еді. Бұл да ұлылар айтуға тиіс сөз сияқты.

Қортындылай келе айтқым келетіні осы баяндама арқылы оқушыларды ата - анасын қадірлеуге, елін - жерін сүюге, намысшылдыққа, төзімділікке, қайсарлыққа сондай-ақ, білімнің шыңының зор екендігін түсінуге тәрбиелеуге шақыру.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Дәдебаев Ж.Д., Мұсалы Л.Ж. ҚазҰУ Хабаршысы, Алматы, 2015
2. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Алматы: Ел-шежіре, 2014.
3. dk.kzhttp://dk.kz



## **Б.МҰҚАЙ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ИДЕЯЛЫҚ-КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Тәкей Гүлбану Әзімханқызы**

Бурыл орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі,  
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Махамедова Балжан Яуббаевна**

III. Мұртаза атындағы №30 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі, Тараз қ.

Қазақ халқының сөз өнерінде өзіндік ой-танымымен дараланып, қаламгерлік қуатымен жаңа өрістерге жол ашқан жазушыларының санатында – Баққожа Мұқай шығармашылығының орны қомақты.

Жазушы өзі өмір сүрген кезеңің әлеуметтік, психологиялық жай-күйіне үн қоса білді. Адамгершіліктің асқақ көріністерін көбіне замана шындығынан шығарып суреттеуге мән береді. Сол арқылы халықтың ақыл-ойын, ішкі сезім дүниесінің мөлдірлігін қастерлеуге ұмтылады. Оның шығармашылығының өн бойына замана үнінің қоғам мүддесімен тығыз байланысты екенін аңғару қиын емес.

Әрбір қаламгер өзі өмір сүріп ортаға деген көзқарасын шығарма тақырыбына арқау етеді.

Б. Мұқай әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. Ол тек талантты прозашы ғана емес, шебер драматург, белгілі публицист. Адамдар арасындағы алуан түрлі ой-сезім қақтығыстарын бейнелеген драмалық шығармалары мен тәуелсіз еліміздің көкейтесті мәселелерін арқау еткен көптеген мақалалары жазылып шықты.

Қазақ прозасында өзіндік орны бар Б. Мұқай әңгіме жанрының шеберлігін жетік білген сөз зергерінің бірі. Шағын әңгімелері арқылы жазушы өзінің үлкен концепциялы суреткер екенін таныта білді. Қаламгер әңгіме саласында да нақты өмір шындығын суреттеп, сол арқылы терең азаматтық ойлар, философиялық толғамдар айта білді. Көркем дүниелерінде қайсыбір тақырыпқа қалам тербемесін, қандай да бір идеяны өзек етпесін, оны ең алдымен зерттеп, өз ой елегінен өткізіп қана қоймай, сол құбылысқа баға беріп, қоғам мен замана мәселелері тұрғысынан түйіндейді. Жазу машақатының бар қыр-сырын жете түсінетін қаламгер әрбір туындысында әлеуметтік өмірдің шындығын характерлер бойына жинақтап сомдап, нанымды жеткізуге тырысады. Оқырман жүрегінен терең орын алып, тамырын тап басатын толғамды тұжырымдарды мазмұндайды.

Б. Мұқайдың қаламынан туған дүниелер аз емес. Көркем шығармалары заман мәселелерін әр қырынан зерделеп, терең мазмұнмен дәйектеледі. Осы орайда жазушының көркемдік сапасы мен идеялық мазмұны қоғамдық әлеуметтік мәні бар күрделі де қомақты шындықтарды көтеріп, соған байыпты тың ойлар түйіндеген «Қара талқан» атты әңгімесінің мазмұндық-құрылымдық сипаты терең. Жасан –бүгінде қылтамақ ауруымен төсек тартып жатқан қария. Жалғыз ұлы жоғары жақта бастық. Бірақ осы «құдайдан тілеуін тілеп отырған» [2, 8 б.] жалғзынан жаны азапқа түсіп жатқанда көріп жатқан жақсылығы шамалы қария өткен күніне авторлық баяндаумен шегінеді. Жасан шалдың қара талқанға аңсары ауғалы біраз күн. Талқанды қорек етсе ауруынан ада-күде арылып кетердей болады да тұрады. Мұнысын ұлына айтуға қаймығады. Жәнібектің мінезі морт. Және оның талқан табатын жері де жоқ» [2, 9 б.]. Осы қиналыстың құшағында жатқан кейіпкер өткен күн елесімен ой жүгіртуі арқылы оқырманға ашыла түседі. Әңгіменің әлеуметтік салмағын бағдарлау кейіпкер характерімен, психологиясынан көрінеді. Бір уыс қара талқанға зар болып жатқан Жасан қарттың қиналысы баласы Жәнібекке шыбын шаққан құрлы әсер ете қоймайды. Ал келіні Рауза қарияға тіпті қарамайды. Шығармада безбүйрек ұл мен ұятсыз келін образы жан-жақты бейнеленеді, қарияның немересі Дастан образы қосалқы тұрғыда қарастырылады. Алайда осы образдың әңгімедегі жазушы жақтап отырған ізгілік пен мейірімнің көрінісі ретінде бағасы зор. Әңгіме басында атасының бөлмесіне кіріп жағдайын сұраған немересінің сөзіне оқырманның іші жылып, үміті

оянады. «Сыртқы есік ашылғандай болды. Кірген адамның кім екенін біледі. «Да-а-с-тан» деп қинала дауыстады. Бөлмеге он жасар қара тәмпіш кірді.

- Су ішесің бе ата! – Шал үнсіз бас изеді. Дастан әкелген орта кесе суды сарқып ішті, құсқан жоқ, маңдайынан бұрқ етіп суық тер шықты. «Е, тәубә!» деп күбірледі ол. Бойы сергіп, бір қиырда жылтырап көрінген жалғыз шырақ жақындай түскендей шабысынан жаңыла беретін жүрегі лүп ете түсті. Өзіне бөтен көзбен шошына қарап тұрған немересіне мойын бұрап, ептеп езу тартты да бара ғой дегендей кеудесінен итерді. Дастан соңына жаутандай қарап, бөлмеден шығып кетті» [2, 8 б.]. Автор алып отырған идеяда ата-анасына жаны ашымайтын сүйкімсіз, мансапқа берілген ұл мен келін бейнесі арқылы оқырман жүрегіне қаяу түсіп, көңілі қобалжыса, немеренің қылығы мен ата мен немере арасындағы бір сәттік жылылыққа куә болу арқылы көңілі марқаяды. Қария өмірінің жалғасы бар екендігіне, қайырым-мейірімнің жоғалмайтындығына көңіл тоқтатады. Автор өзінің қаламгерлік ерекшелігі мен терең талантының нәтижесінде айтар ойын түсінікті, әрі оқырманға нанымды жеткізе алады. Келіні мен баласына күні қарап қалған ауру қарттың жан-күйзелісі арқылы қоғамда белең алып бара жатқан ата-ана, отбасының күрделі проблемаларын көтеріп, соған байланысты философиялық ойлар таразылайды. Автор осы мәселелерді кейіпкерінің жан-дүниесіндегі өзгеріс, сезімдер арқылы жеткізеді. Халқымыздың дәстүрлі салтына жат, күнделікті күйбең тіршілікте ата-анасынан безген безбүйрек бала проблемасы жазушының нысанасына алынып, қоғамның нақты шындығын кейіпкерінің өмірге көзқарасы, дүниетанымы арқылы береді. Осы әңгімедегі кейіпкерлердің психологиялық, рухани, адамгершілік мәселелері арқылы заман тынысы терең танылады. Соңғы дәмі таусылуға жақын қалған Жасан қарттың бір аңсары – қара талқан болады. Дегенмен, ауру қарт осыны өз баласына айтуға қаймығады. Себебі, «ата-анамның қабағына қарайын деген ұл жоқ» [2, 8 б.]. Автор қарт күйзелісін тереңдете отырып, безбүйрек Жәнібек образын аша түседі.

Б. Мұқайдың осындай өмірдің тұңғиығына үңіліп, ішкі рухани әлемінің қатпарларына сүңгіп, жазған келесі шағын туындысы – «Тіршіліктің жүрегі» деп аталады. Шығарма - философиялық толғамдарға толы.

Әңгіменің мазмұны мен сюжеті жоғарыда біз сөз еткен шығармаға қарама-қарсы. Әлеуметтік мәселелерді психологиялық талдаумен шебер қиюластыра білген жазушы тағдыр тауқыметін көп көрген қарт ананың өмірге көзқарасын, көрген бейнеті мен кешкен қиыншылығын зерделей отырып, адамгершілік мәселе иіріммен бедерлейді. Кейіпкердің басындағы тауқыметін авторлық баяндаулармен жеткізе отырып, ішкі монологпен қабыстырады. Жалғыздікті кемпірдің сәби деп елжіреген жан-дүниесі әрқилы детальдармен бейнеленген. Перзент аңсаған қарапайым қазақ әйелінің сана-сезімі, көзқарасы арқылы ұлттық жан-дүниесін таразылай түседі. Әйелдің балаға деген ерекше сүйіспеншілігін қарапайым кейіпкер бойына жинақтап баяндау арқылы жазушы қазақ әйелінің ұлттық сипаттағы типтік характерін сомдаған.

Көрші балалардың әженің туған күніне жиналып, арнайы өлеңдер, тілектер жаттап, қолдарынан келген сыйлықтарын сыйлап құрметтеуі оқушының жүрегінен жылытса, бұл жайтты автордың тегіннен – тегін алып отырған жоқ, әрине. Қарапайым қазақ әйелінің сана-сезімі, көзқарасы арқылы адамдық келбетін таразылай түседі. Әйелдің балаға деген ерекше сүйіспеншілігін дәріштеп, қарапайым кейіпкер бойына жинақтап баяндау арқылы жазушы қазақ әйелінің ұлттық сипаттағы типтік характерін сомдаған. Өз үйінің кең бөлмесін босатып, жанына жақын тартқан Қанат пен Гүлсім қыздары Жанаттың кемпірге жақындағанын қаламайды. Әрине, әркімнің өз перзенті өзіне. Дегенмен, бауырына тартып, бар мейірімін төге қарайтын кемпір шіркінге осыны артық көрген ақылсыз ата-ананың бейнесі оқырман көңіліне ұнамайды. Бұл безбүйрек ата-ананың жинақталған образдары. Автордың аталмыш әңгімесіндегі әлеуметтік мәселенің мәні тереңде. Маңдайына жаратушысы жазған тағдырды кешіріп, әйел біткеннің бұл жалғандағы ештеңеге айырбастамайтын ең асыл бақыты – ана болуды көре алмаған бейбақ қарттың жүрегіндегі мейірім мен шуақ арқылы тұлғасы биіктей түседі. Ол


алғашқы әңгімедегі Жәнібек образы мен осы әңгімедегі Қанат пен Гүлсім бейнелерінен өзінің сезім тереңдігімен, адамға деген махаббатымен биік тұр. Қаламгер жазған әңгімелері қилы жағдайды қамтығанымен, мазмұнының мәні тереңде жатыр. Ендеше автор өзі өмір сүріп отырған кезеңнің әлеуметтік проблематикасын көркемдік деңгейде оқушыға шынайы жеткізіп отыр. Баққожа Мұқай әңгімесінде алынған тақырып әр қилы көркемдік шешім тауып, әрине, жазушының характер сомдауындағы ізденісі мен өмір шындығын көркем шындыққа шебер айналдыра білуімен шебер ұштасып жатуы. Мінезі мен адамдық қасиетінің нанымдылығымен ерекшеленетін Сәния әжейдің көрші балаларды алданыш тұтып, оларды қуантуға тырысып отыруы шынайы суреттелетін сәттері оқушы көз алдына оның қайсар да қайырымды бейнесін әкеледі. Ал, қатыгез Қанат бейнесі шығарманың ортасында терең ашылады. Туған күніне дайындық жасаған әжейдің сол қуанышы болар сәтте жүктерін жинап, машинаға салып, жеке бөлініп шығып қана қоймай, өзіне де, балаларына да аналық мейірімін аямаған кейуанадан құтылғанына қуанышты сәттерін беру арқылы кейіпкердің нағыз характерін ашып береді. Бұл көркемдік детальдар арқылы өте ұтымды беріледі. Соңында қызы Жанаттың қоштасып тұрған сәтін де көп көріп, «Жанат үйге кір! – деді балконға шыққан Қанат зілді үнмен. Сәнияның жүрегі ине шаншылғандай шым ете түсті. – Ал, Сәке, сау болыңыз! Жаңа қонысыңыз құтты болсын!» [2, 9 б.], - деген кейіпкер сөзі, әңгіме басындағы басты образ Сәнияның «Неткен жұмбақ адамдар?» Бетіне қарасаң жымыып күліп тұрады, бейне бір жаны бар қуыршақ тәрізді екеуі де. Күлкісі бірақ адамның жүрегін жібітпейді» [2, 8 б.], - деген ішкі монологы арқылы берілген ойы оқырманға ой тастайды.

Қаламгер шығармасына негіз болатын тақырып пен идеяны халықтың ортасынан алып, психологиялық мәнді шығарманы қоғамдық жағдайларға сәйкестендіре суреттеуі туындының эстетикалық мәнін аша түседі. Жазушы өзі өмір сүрген уақыт тынысымен ілесіп, проблемалық мәселе көтеріп отыр.

Жинақтай келгенде, Б. Мұқай әңгіме жанрының көркемдік шарттарын еркін меңгерген. Жазушы әрбір әңгімесінде өмірдің келелі мәселелері жөнінде сөз қозғап, заман тынысын дәл бағамдап, замандас келбетін айқын бейнелейді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 351 б.
2. Мұқай Б. Жазушының жан сыры // Қазақ әдебиеті. – 1995. – 6 қаңтар.



### **М.Х. ДУЛАТИДІҢ «ЖАҒАННАМЕ» ПОЭМАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТТАҒЫ МАҢЫЗЫ**

**Мамытбекова Жанап, Чампбековна, Абиева Меруерт Мырзахметқызы**  
Болтай батыр атындағы шағын орталықты орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімдері, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

Түркі халқына ортақ саналған көптеген мәдени жәдігерлеріміз өзінің рухани маңызын бүгінгі күнге дейін жоғалтпай, тәуелсіз мемлекетіміздің мәдениетінде де тарихи-танымдық және көркемдік құндылығы артып келеді. Осындай әдеби ескерткіштеріміздің бірегейі - Қазақтың Геродоты атанған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Жағаннаме» поэмасы. Сөз құдіретін жете таныған басқа замандастары секілді ерлікті, елдікті, бірлікті жырлауға бағыталған Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығы сол заманның тұрмыс-тіршілігі мен әдеп-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің дербес ерекшеліктерімен үндесіп жатыр. Ұлы ойшыл руханияттың алтын қазынасы болып саналатын «Тарихи Рашиди»

еңбегінде, оған қоса «Жаһаннаме» поэмасында өмірді тануға, ондағы адамның қызметі мен ролін анықтап, айқындау мақсатын ұстанады.

Ойшылдың «Жаһаннамэ» поэмасы 1527-1528 жылдары жазылған деген дерекке сүйенеміз. Түпнұсқасы бізге жетпеген. Әбсаттар Дербісәлиев 1704-жылы Берлинде табылған нұсқасын алғашқылардың бірі болып өзінің «Ислам және заман» атты кітабында жариялады. Зерттеулерге сүйенсек, башқұрт ғалымы Ахмет Зәки Валиди алғаш рет поэманы Берлин кітапханасынан тауып алып, мақала жазады. Ғалым өз мақаласында «Жаһаннаме» поэмасының авторы «Тарихи Рашидиді» жазған адам екендігін бірден бағамдағанын айтып өтеді. Өйткені, поэма мазмұнында баяндалатын тарихи оқиғалар легі, баяндалу мәнері, әсіресе, араб, парсы сөздері мен сөз тіркестері жиі ұшырасатын тілдік ерекшелігі «Тарихи Рашиди» еңбегімен үндесіп жатады. Мұны, дулатитанушы Ә. Дербісәлиев те қуаттап, былай дейді: «Поэма беташарындағы автордың бірінші жақтан баяндаған өмірбаяны» Мырза Хайдардың «екінші дәптерде жазған өмірбаянымен тікелей үндесуі, рет-ретімен оны қайталауы һәм ақынның (Мырза Хайдардың) 33-бәйітте:»...Менің басымнан өткен ісі жайлы айтайын, -деуі ойға тамызық тастайды» [1, 17 б.].

М.Х.Дулатидің «Жаһаннаме» поэмасының әдеби ескерткіш ретінде зерделеген ғалым, профессор Қ.Әбдезұлы да поэманы: «Әлем әдебиетіндегі, әсіресе шығыс әдебиетіндегі мәңгілік махаббат тақырыбы ұлы ақынның көркемдік қабылдауында өз эстетикалық биігімен, өзіндік дүниетанымдық ерекшелігімен көрінеді. Сюжеттік құрылым: дастанның құлақкүйі, басталуы, шарықтау шегі, көркемдік шешімі, барлығы өзара жарасым тауып, іштей тұтасып, көп қырлы рухани дүниенің болмыс-бітімін даралап, жарқырата көрсетеді. Осы тұста ақындық қолтаңба анық аңғарылады. Поэтикалық арнада ақынның, яғни автордың философиялық ой-толғамдары, көркемдік-эстетикалық қабылдаулары, метафоралық дүниетанымы, барлығы біртұтас, кесек, тартымды көркемдік аяда жинақталады. Бұл поэманың философиялық астарының да көп қатпарлы болуы, оқырманға ой салу сыры да осында жатыр. Тіршілік құпиясы пенде болмысымен тұтас, бірлікте танылады. Себебі, Алланың құдіреті, Пайғамбарлар өмірі де адамдар тағдырымен сабақтас сөз болады. Ақын дүниетанымы, пәлсапалық ұстанымы дастанның идеялық өзегін анықтап, рухани арқауын ұстап тұр десек, қателеспейміз»[2], - деп аса жоғары бағалайды. Сюжеттік желісіне үнді дастандарының бірі негіз болған бұл поэма түркілік дүниетаным биігінен ой толғайтын, даналық сөз айтатын классикалық, поэтикалық шығарма ретінде асыл қазынамызға айналды. Поэманың негізгі тақырыбы – тарихи болғанымен, идеялық-философиялық мазмұны бір Жаратушыны дәріптеу, парасатты тағылым беріп, имандылыққа үндеу болып табылады. Поэманың алғашқы 114-бәйіті кіріспе іспетті. Негізгі оқиға желісі 115-бәйіттен басталады. Кіріспеде М.Х. Дулати поэманың жазылу себебін жиырма жылдан кейін «Қала-и Зафар» қаласына қайта оралғандағы қаланың жағдайының негізгі арқау болғандығын былай баяндайды:

95. Бірінің де ізін көрмедім сол кезде,

Қараңғы тартты көзіме жаһан.

96. Құлазып көңілім, ойым тым зарлы,

Қатты жыладым егіліп ұзақ.

97. Ұмыт болған, өшкен айырылысу оттары,

Тұтасты бойыма соның бәрі...

102. Жұмылмай көзім ұйқыға таңға дейін,

Жатып едім сол кез қасымда сияқты [1].

М.Х.Дулати бұл қалада өткізген күндерін қайғыра да мұндана отырып есіне алып, жазады. Өйткені, мұнда ол жастық шағын өткізген, достары мен ата-анасын сағына еске алады. Өмір талқысына ерте түскен М.Дулати талай тауқыметті көргенін қамыға айтады. Жүрек түкпіріндегі қайғы-мұңын жырға қосады. Қайғы-қасіретінен арылу үшін осы поэмасын жазуға кіріскендігі сезіледі. Поэмада ойшыл өмірлік оқиғаларын еске ала баяндап, шығармада тарихымыз кейінгілерге жетсе екен, әрбір ұрпақ өз тегін білсе екен



деген мақсат ұстанған. Поэманың негізгі кейіпкерлер – хандар, шахтар, бектер, т.б. әмірлер, жасаған іс-әрекеттері, барлығы өмірден алынған кейіпкерлер. Олар қарапайым халыққа - қайырымды. Шығарма қоғамда әділеттіліктің орнауы – ел басқарушыға тікелей байланысты, өзгеге қиянат жасамаған басшы басқарса, халық жақсы өмір сүріп, береке-ынтымақ орнайды деген пәлсапалық ойды тереңдете түседі. Бұл поэманың 1056-1057-бәйіттерінде басшының қайырымдылығы мен қанағатшылдығынан халық байыды, басқалардың байлығына пысқырып та қарамады. Оның істеріне халық еш шүбә келтірмеді, ешкім де одан қиянат шекпеді», - деген жолдармен берілген.

«Тарих-и Рашиди» еңбегі секілді аталмыш поэманың алғашқы 14 бәйіті бір Жаратушыны жырлауға арналады.

Мадақ - жаһанды жаратушыға бұрын,

Ешкімнің одан емес ісі жасырын

Қандай адамның қиялы жетер,

Ұлыстың қайсысы құпия етер?

Бәрі оның алдында бірдей болар,

Ашық болса да, түнек мекен болар.

Әлем жұртында не болса да,

Оның құдіреті онда да көрінеді.

Жаһанда не болса да жанды, жансыз болар,

Ауада ұшар, жерде жүгіріп жүрер.

Оның құдіретімен қанат қағар,

Оның құдіретімен жүгіріп қашар, - дей отырып ақ пен қара алмасып келетін өтпелі дүниенің жалғандығын айтып өтеді. Автордың пікірінше, бәрі де Алланың қолында. Ол өте кешірімді. Егер шын тәубеге келіп, бар ниетіңмен жалбарынсаң, кешіреді, ал, оның қаһарына ұшырасаң, өмірің азапқа толы болатынын ескертіп, жаман пиғылдан кез-келген адам бойын аулақ ұстау керектігін ескертеді.

Мұхаммед Хайдар Дулати жақсы өнеге қоғамдағы адамдардың бір-бірімен қарым - қатынасын қалыптастырып, адамгершілік қасиеттердің алда жүруіне жәрдемдеседі, діни талапқа негізделіп жүргізілген тәрбиелік шаралар ғана адамдарды имандылыққа алып келеді- дейді. Оның поэмасындағы адам өмірінің мәні – еліне қызмет етіп, оны жаудан қорғау жолында өз өмірін құрбан ете білу, бұл мақсаттарды адамның жеке мүддесінен жоғары қойып, намыс пен мақсаттарды адамның жеке мүддесінен жоғары қойып, намыс пен батырлыққа, елдік пен ерлікке ғана емес, кіршіксіз адамгершілікке ұмтыла білу – поэманың басты идеяларының бірі.

Мұхаммед Хайдар Дулати поэмасында тереңінде тұнып жатқан тағылымды көзқарастар өзіне дейін де, өзінен кейінгі де, ұлттық танымды жете зерделеуге жол ашатын дәйекті дәнекер, байыпты байлам, тұғырлы тұжырымдар көптеп кездеседі. Олар жеке адамдарға арнау түрінде де, көпшілік оқырмандарға өмір, дүние туралы өзінің көзқарастарын, ұлағатты ұстанымдарын үлгі етіп қалдырып кетті. Адам баласының тіршілігінің тұтқасы ар-ұят екенін айтып, рақымшылдыққа, қанағатшылдыққа үйрену керектігін ескерту арқылы әркімді өз орнын табуға шақырады.

М.Х. Дулатидің пікірінше, өтпелі өмірдің байлығына қызықпайтын патша - нағыз патша, бұл фәнидегі байлықтың өзі мәңгі емес деп бірнеше ескерте кетеді. Байлықтың өзі әділдік пен қайырымдылық болған кезде ғана келеді. Алланың құлы өмірден кетер сәтте, өзімен бірге махаббат пен достықты алып барғаннан артық бақыт жоқ.

Аларыңды аларсың керегіңді байлықтан,

Ақылдылар әдетте сол байлықтан қаймыққан,

Сену керек дер едім осыны айтқан данаға.

Дәулетімен Карунның кете алмайсың астасып,

Сіңбес еді бойыңа жегеніңмен басқасы.

Жисаң егер тонаумен дүниені, мүлікті,

Ол ошағы болады бітпес даудың, бүліктің,

Жиғаныңнан не қалар, о да бір күн жоғалар,  
Жылатқаның жылатар, тонағаның тоналар [1, 365 б.].

Поэмада көтерген негізгі мәселелер - қиыншылықты мойымай жеңу, бір-біріне мейірімділікпен қарау, өмірде өз орныңды табу, жаман әрекеттерден тазару. Яғни жүректі жаман әрекеттерден тазарту. Яғни жүрек жаман әрекеттерден тазарғанда ғана, Аллаға жақындай түседі дейді М.Х. Дулати. Жүректегі Алла деп отырғаны, әр адамның ар-ұяты, санасы. Оның пікірінше, имандылық дегеніміз – адам мен адамды жақындастыратын, жақсыға үйір, жаман әрекеттер жасамау.

Поэмада Фирузшахтың Жаһан бану, әйелі Назбой, Назбойдың шешесі Махи-Руй-Зариф ханым, Низанин сияқты әйел бейнелері арқылы пәк сезімді, адалдықты, адамгершілікті байқауға болады. Әйел, ер адамның ақылшысы, қамқоршысы, қиын кезде жанынан табылып, ақылына ақыл қосып, кеңес беретін жолдасы. Тек үйде, жанұяда ғана емес, жалпы адамзат баласына, мемлекеттің ілгері дамуына септігін тигізіп отырғандығын айтады.

М.Х. Дулати адам бойында жамандық ойлау, жеңілтектік, өзінің қара басын ғана ойлау, жалақорлық, өтірікшілік, т.б. қасиеттер адам асқақтаған кезде араны ашылып, тойымсыз ниет пайда бола бастайды деп түсіндіреді. Сондықтан мемлекет басшысы, осы қасиеттерді ауыздықтай алмаса, бүкіл халқын апатқа ұшырататыны сөзсіз. Басшы әрқашан қарапайым халықпен ой бөлісіп, санасып, жарлық шығарарда шарифат заңдарын бұрмаламай, әділ болу керектігін ескертеді.

Поэманың өзіндік ерекшелігі – азғыншылықтан, жан азушылығынан, сатқындықтан, дүниеқорлықтан сақтану болып табылады. М.Х. Дулати өзінің поэмасында адамның өте нәзік жан сырын, шынайы адамгершілік мәдениетін мейлінше толымды етіп бейнелеген, әрі логикалық ой арқылы суреттейді.

Әсіресе, адамдар арасындағы қарым-қатынастарға көңіл бөле отырып, әлеумет пен қоғамның да қатты әсері тиіп отыратындығын ескертеді. М.Х. Дулатидің «Жаһаннамэ» поэмасын адамдарды адамгершілікке шақыру туралы шығарма деп атасақ та болады. Оның мысалдарын поэмадан көптеп кездестіруге болады:

«Тағыңа отыр сұлтандық, тұлпарыңа мін өзің,  
Дәруіштей биязы болғай бірақ мінезің» [1, 411 б.].

Жаны жарқын адамның жылы ұшырар ауласы,  
Соны сезген адамның қай кезде де сау басы [1, 467 б.].

М.Х.Дулати «Жаһаннамэ» поэмасының өн бойында өмірдің өтпелілігі желілік сипатпен баяндалады. Осыдан өрбитін ойшылдың адамгершілік асқақ мұраттарымен бірге қайнасып жатқан ғұмырлы ойлары бүгінгі күн талабымен ұштасып, жас ұрпақтың сусындай берер рухани асыл мұрасы болып қала беретіні сөзсіз.

Поэманың негізгі өзегі қаһармандардың ерлігі, батырлық қимылдары, ел басынан өткен тарихи оқиғалар, сондай-ақ, халықты бірлікке шақыру болып табылады. Және де, бұл шығарманы халықтың тарихи санасы мен көркемдік ой-пікірі дамуының жемісі деуге болады.


Қорыта айтқанда, М.Х. Дулатидің «Жаһаннамэ» поэмасының тақырып аясы өте кең. Шығармада күнделікті тұрмыс тіршіліктен бастап, ел, мемлекет басқару, еларалық саясат мәселелеріне дейін нақты сөз болады.

Тәуелсіздігіміз рухани дамуымызға да жаңаша бетбұрыстар әкелді. Әсіресе, өткен ғасырлардағы ұлы әдеби-мәдени мұраларымыз, тарихи жәдігерлеріміз руханиятымызға қайта қосылып, зерделенуде. Осы тұрғыдан алғанда, М.Х.Дулатидің «Жаһаннамэ» поэмасы бүгінгі әдебиетіміздің тағылымды тамырларының тереңде екендігін аңғартады, Ежелгі үнді ертегісі негіз болған дастанның сюжеттік құрылымынан, тақырыпты топтастыруынан, ең бастысы суреттеу, бейнелеу құралдарынан сонау б.з.д. VII-VI ғасырларда, сақ дәуірінде дүниеге келген көне дастандарымыз “Алып Ер Тоңға”, “Шу батыр”, ғұн дәуірінен жазылған “Аттила” (Еділ патша) дастандарының, тіпті берідегі б.з.

VI-VIII ғасырларындағы Орхон-Енисей мұралары “Күлтегін”, “Тоныкөк” жырларының дастандық арналары, көркемдік ерекшеліктерін анық аңғарамыз. Ең бастысы, поэмада тарихи шындық басым. Мәңгілік дәстүрлік үлгілер қайта жаңғырған «Жаһаннаме» поэмасының тілі жатық, оқырманды терең мазмұнымен, баяндау мәнерімен еліктіріп әкетеді. Мұнда ұлы ойшылдың сөз өнерінің жетік білгірі, өлең-сөздің теориясын толық меңгерген ақындық табиғатын тануға болады. Түпнұсқасы толық жетпесе де, «Ислам және заман» кітабында келтірілген Берлин нұсқасын талдай отырып, осыдан бес ғасырға жуық бұрын жазылған аталмыш туындының ұлттық руханияттағы маңызының тереңде екендігін бағамдадық.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дербісәлиев Ә. Ислам және заман. – Алматы: Дәуір, 2003. – 560 б.
2. Әбдезұлы Қ. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Жаһан Наме» дастанының тарихи танымдық және көркемдік құндылығы // ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ. ШЫҒЫСТАНУ сериясы. - 2007. - № 2. - Б.107- 111.
- 3.



## САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ҚҰРМАЛАСУ ЖОЛДАРЫ

### Адилова Динара Жумалиевна

Абай атындағы мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Тараз қ.

### Сыздықова Шолпан Асқарбекқызы

Қ.Тұрысов атындағы № 53 мектеп- гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

### Алышова Айсұлу Жайлыбаевна

Балалар мен жасөспірімдер орталығының үйірме жетекшісі, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Бүгінде білім алушының ойлауы мен тілін дамыту, дүниетанымын қалыптастыруда қазақ тілі пәніне үлкен міндеттер жүктелген. Оның ішінде әрбір грамматикалық тақырыптардың қосатын үлес салмағы бар. А.Байтұрсынов: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімінің, шеберлігінің ұзақ жолын қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өтуі үшін, керек білімді кешіктірмей кезінде беріп отыру, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру», -деп айтқан [1].

Тілдік материалға талдау жасатуда қандай мақсат көзделсе де кешенді түрде жүргізілгені дұрыс. Талдауды тұрақты және жүйелі жасату шәкірт біліміндегі олқылықтарды толықтыруға септігін тигізеді. Мақсаты – білім алушылардың ойлау қабілеттері мен грамматикалық дағдыларын қалыптастыру, грамматикалық талдаулар жүргізу арқылы тіл байлығын, сөйлеу мәдениеттерін арттырып, шығармашылық ойлауға дағдыландыру.

Салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлерін құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, өзара бір-бірімен тең дәрежеде байланысып, салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен өзара белгілі мағыналық қарым-қатынаста айтылып, араларында мағыналық қарым-қатынас болмаса, жай

сөйлемдер бір-бірімен құрмаласпайды. Салалас құрмалас сөйлемнің түрлерін ажыратуда ерекше тұстары көрсетіліп, синтаксистік кешенді талдаулар жасалды.

Құрмалас сөйлем мағыналық және құрылымдық жағынан бір-бірімен байланысты екі не одан көп жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіргендіктен, жай сөйлемдердің байланысуына орай үш түрге бөлінеді: салалас құрмалас, сабақтас құрмалас және аралас құрмалас сөйлем.

Салалас құрмалас сөйлем – құрамындағы жай сөйлемдер өзара тең дәрежеде байланысып, баяндауыштары тиянақты тұлғада жұмсалатын сөйлем. Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің байланысуының екі түрі бар: 1) жалғаулық шылаулар арқылы байланысу. Оның бұл сөзді не үшін егіле айтқанын Тайман сезген жоқ, өйткені ол Сәуленің өзінің болашақ келіні екенін білмейтін-ді; 2) жалғаулықсыз, интонация арқылы байланысу. Айтпақ ойы екеу: бірі – Арманның ұсынысына даярлаған жауабы, екіншісі – көптен ойында жүрген інісінің жұмысына қатысты сауал.

Салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрі ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем құрамындағы ыңғайластық мәндегі жалғаулық шылаулар (да, де, та, те, мен, бен, пен, және) бірыңғай мүшелерді байланыстырған жағдайда салалас құрмалас сөйлем бола алмайды. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Егер өзі қатысты сөзге күшейткіш мән үстеп қана тұрса – демеулік те, ыңғайластық мәнде сөздерді я сөйлемдерді байланыстырып тұрса – жалғаулық. Демеулік мәнінде бұл шылау қайталанбай, бір ғана сөздің жетегінде тұрады да, жалғаулық мәнінде ол көбіне қайталанып келіп, кейде қайталанбаса да екі сөзге я сөйлемге ортақ болып отырады. Мысалы: Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан (А). Сөйлемдегі «де» демеулік, «сен» деген сөзге ғана қатысты болып, оған күшейткіш мағына үстеп тұр, ал «та» — жалғаулық, ол тап және бар қалан деген бірыңғай баяндауыштарды ыңғайластыра (бірінен кейін бірі болған қимыл) байланыстырып тұр.

Да (де, та, те) жалғаулығы да, демеулігі де сырт тұлғасы жағынан жатыс септік жалғауымен ұқсас келеді. Жатыс септік жалғауы (-да, -де, -та, -те) сөзге жалғанып, бірге жазылады, оны түсіріп айтуға болмайды. Мысалы, Жасымда ғылым бар деп ескермедім (А). деген өлең жолындағы -да жалғауын түсіріп қолдансақ, оқшау сөздің қаратпа түріне айналады.

Ал да (де, та, те) шылауы бөлек жазылады, оны түсіріп те айтуға немесе жалғаулық мәнінде келгенде басқа жалғаулықпен алмастырып та қолдануға болады. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдердің түрлі дәрежелі өзіндік ықшамдалу жолдары бар. Ықшамдалып алынған салалас құрмалас сөйлемдерде сызықша белгісі қойылады. Ағаш – жапырағымен, жер – топырағымен. Әкеден – ақыл, шешеден – мейір. Дананы – ойынан, батырды – сойынан, ізгіні – ісінен, жақсыны – түсінен, көлгірді – көзінен, суайтты – сөзінен.

Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдерінің бірі (,) себеп мәнді: сондықтан, сол себепті, сол үшін; (: ) салдар мәнді: себебі, өйткені, неге десеңіз. Құранды бірсыдырғы әдемі оқитын даусым бар, (сондықтан) Сәдірбайға мен жақтым. (үйірлі мүшелер – әдемі оқитын. Сәдірбайға мен жақтым: (өйткені) Құранды бірсыдырғы әдемі оқитын даусым бар.

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің баяндауыштары болымды-болымсыз тұлғадағы сөздерден және антоним сөздерден жасалады [1]. Біз ыңғай бермеп едік, – Олжастар қоғадай жапырылды. Бас болу – оңай, – бастамақ – қиын. Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың аражігіне үтір мен сызықша, яғни қабаттаса қойылатын тыныс белгілері қойылады. Қарсылықты салаластың құрамындағы «ал» жалғаулығы арқылы құрмаласатын жай сөйлемдер барлық жағдайда қарама-қарсы мәнде айтылмайды. Сондай-ақ, «ал, дегенмен, алайда, бірақ» жалғаулықтары сөйлемнің басында келсе, бұл сөздерден кейін үтір қойылмайды.

Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем жалғаулықсыз, іргелес, ұласпалы интонация арқылы жасалады. (-) сол, сонша, соншалық, сондай сілтеу есімдіктерінен кейін: Кейінгі жастарға айтарым сол – өз тіліңді құрметте! (: ) мынау, мынадай, мыналар есімдіктерінен кейін қойылады.

Мұның түпкі себебі мынау: романда ұнамсыз кейіпкер мүлде жоқ. Бірыңғай мүшелермен қызметтес, тұлғалас жалпылауыш сөздер де сілтеу есімдігімен жасалады.

Кезектес салалас құрмалас сөйлем жай сөйлемдері іс-қимылдардың кезектесіп келетінін білдіретіндіктен, жалғаулығын алып тастаса, ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемге айналады. (Кейде) қабағы түксие қалады, (кейде) бет әлпеті күлім қағады.

Талғаулы салалас құрмалас сөйлем жай сөйлемдері әрдайым жалғаулық шылаулар арқылы жасалады. Сөз бен қылық суық көңілді жылытады немесе жылы көңілді суытады. Жалғаулықтар бірыңғай мүшелерді байланыстырған жағдайда салалас құрмалас сөйлем бола алмайды.

Салалас құрмалас сөйлемді сатылай кешенді талдау (синтаксистік талдау) Ақымақтың ақылы – білегінде, ақылдының ақылы – жүрегінде.

1.1 Сөйлемде үш тыныс белгісі бар. Олар: нүкте, үтір, сызықша.

а) Нүктенің қойылу себебі: сөйлемді тиянақтап тұр.

ә) Үтірдің қойылу себебі: құрамындағы жай сөйлемдердің аражігін ажырату үшін.

б) Сызықшаның қойылу себебі: бастауыш пен баяндауыш есім сөздерден болғандықтан бастауыштан кейін сызықша қойылады.

1.2 Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – хабарлы сөйлем. Баяндай жеткізіліп тұр.

1.3 Құрылысына қарай – құрмалас сөйлем. Екі компоненттен құралған. а) құрамындағы жай сөйлемдердің байланысу тәсіліне қарай – салалас ә) мағыналық түрлеріне қарай – жалғаулықсыз ыңғайлас салалас


1.4 Құрмаластың құрамындағы бірінші жай сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшелеріне талдау а) білегінде ә) ақылы б) жүрегінде

1.5 Сөйлемдегі сөздерді байланысу түрі мен тәсіліне талдау

1.6 Сөз тіркесіне талдау.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ грамматикасы. Алматы, 2002.



## **СІЛТЕУ ЕСІМДІКТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

**Тусипбекова Толғанай Тулепбергеновна**

№48 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы

Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Қазақ тілін оқытуда, мәтіндермен жұмыс жасауда бізге ең көп кездесетін сөз таптары есімдіктер екендігі баршамызға аян. Есімдіктер мәтіннің ішінде көптеген байланыстырушылық қызметтер атқарады. Әсіресе, сілтеу есімдіктерінің қолданысында көптеген ерекшеліктерді байқауға болады. Сілтеу есімдіктері мәтіндегі сөйлемдерді, тіпті күрделі синтаксистік тұтастықтарды байланыстырып, өздерінің сілтеу функциясы арқылы өте кең форматта қызмет етеді.

Сілтеу есімдіктеріне синтаксистік тұрғыдан қарағанда олардың табиғаты ашыла түсетіндігін тіл білімі тарихында көптеген ғалымдар атап өткен. Солардың бірі А.В.

Исаченко өзінің «О синтаксической природе местоимений» деген еңбегінде былай деген: «Явное отсутствие критериев морфологического характера, позволяющих объединить столь пестрый лексический материал в единый морфологический класс, с одной стороны и беспорное наличие в языке класса «слов-субститутов», с другой, заставляют подойти к вопросу о местоимениях не с морфологической и не семантической, а с синтаксической точки зрения» [1. 159].

Сілтеу есімдіктері өздеріне тән сілтеу функциясын дейкис пен анафора теорияларының негізінде іске асырады. Ғалымдар арасында анафора мен дейкисінің ұқсастығы мен айырмашылықтары жайында көптеген даулы пікірлердің өрбігендігін біз тіл білімі саласындағы еңбектерді зерделеу арқылы көре аламыз. Қазіргі таңда тіл білімінде олар сілтеудің екі түрі ретінде кеңінен сөз болуда. Мәселен, Т.В. Шемелева өз еңбегінде былай дейді: «Несмотря на то, что большинство анафорических местоимений сочетает анафорическую функцию с дейкисической, выделение анафоры наряду с дейкисом при описании класса местоимений, является необходимым и оправданным. При собственно дейкисическом указании местоимения идентифицирует опираясь на ситуацию акта речи, а анафорические показатели идентифицируют референт, опираясь на контактные связи» [2. 14].

Кейінгі жылдардағы синтаксис саласындағы еңбектерді қарап отырсақ, есімдіктердің синтаксистегі рөлдерінің зор екендігіне көп назар аударылады. Мәселен, Ж.А. Жакуповтың «Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі» тақырыбындағы докторлық диссертациясында былай делінген: «Сөйлемнің коммуникативтік мүшеленуі құрылымының нақты қарым-қатынасқа қызмет етуін көрсетеді, сондықтан да сөйлемді контекстен, мәтіннен бөлек алып қарау әрқашан тиімді бола бермейді. Өйткені кез-келген сөйлем мәтіннің құрамдас бөлігі болады да, сол сөйлемдер тұтас мәтінді құрау үшін бір-бірімен байланысты болып тұрады. Міне, осындай байланыстың белсенді құралы есімдік болады» [3. 160].

Сілтеу есімдіктерінің қолданысындағы бір ерекшелік – олардың анафоралық қолданысында. Анафора ұғымы тіл білімінде дейкис тәрізді кең және тар мағынасында жұмсалады. Кең мағынасында ол жалпы мәтіндегі сөздердің бәрін көрсететін болса, тар мағынасында ол тек алдыңғы контекстегі, сөйлемдегі элементтерді сілтеуді іске асырады да, анафора және катафора деген анафораның екі түрін ажыратады екен.

Біздің бірінші байқағанымыз көбіне сілтеу есімдіктері анафоралық қолданыста кеңінен жұмсалып, мәтін, сөйлем элементтерін байланыстырады және де мәтіндегі керексіз қайталауларды ауыстырады. Мысалы: *Бұл мәселе өзекті екен. Осыны бірінші кезекте шешіп алсақ қайтеді.*

Сілтеу есімдіктері анафоралық қолданыста жұмсалғанда, олардың сілтеп көрсететін объектілері әртүрлі болып келеді. Олар тұлға атауы, зат немесе заттық емес атаулар болып келулері мүмкін, кейде тіпті кең көлемде предикаттарды, сөйлемдердің үзінділерін де көрсете алады. Сілтеу есімдіктерінің анафоралығы мәтінмен танылады, сондықтан сілтеу мәні басым есімдіктердің анафоралық қызметін сөз ету барысында біз мәтін синтаксисін басты нысан етіп аламыз.

Ал есімдіктердің заттық емес формалары предикаттарға, анығырақ айтқанда, предикатты құрылымға сілтеуге арналған. Мысалы, *Басшы ақырында атқа қонды. Үш жыл бойы ел маңайына салынған құрылыстарды аралаумен болды. Бұған жауап ретінде халық та ризашылығын білдірді.*

Мәтіннің ішінде заттық емес формаларды ауыстырушы зат есім болған күннің өзінде, ол жеке актантты емес, жалпы предикаттық топты білдіреді, сонымен бірге заттық емес формалар басқа есімдіктер сияқты өздері бар сөйлесімде атаулық позицияда тұрады. Сонымен, заттық емес сілтеу есімдіктері синтаксистік аспектіде толық емес атаулардың субституты болады. Мысалы, *Әсет бір сағаттай мызғып алды, бұл оны біршама тынықтырды, ал Асан бұл түнді ұйқысыз өткізді.*

Мұндағы «бұл» деген заттық емес фома «Әсетің бір сағаттай мызғып алғаны» деген прикаттық құрылымымен байланысты. Антецедентті қайталаудың орнына қою үшін оған атауыштық форма беру керек. «Әсетің бір сағаттай мызғып алғаны оны тынықтырды» деп ауысар еді. Зат есім мен есімдіктік көрсеткіштен тұратын есімдіктік топтар (бұл оқиға, оның келуі, мына күш) толық атаумен (зат есімдер мен есім сөздермен) де, сондай-ақ, предикаттық құрылыммен де байланыста бола береді. Олар бұл жағдайда толық емес атаулардың субституттары ретінде көрінеді, яғни мұндай топтардағы заттық және заттық емес қайталаулар арасындағы айырмашылық жойылады. Сонда *бұл оқиға* деп те, *бұл кітап* деп те айта беруге болады. Мысалы, *Асқар да айланып қалды. Бірақ бұл сескенетін дәнеңе жоқ; Озық оқуға оның да ойы бар. Бұл ойын мұғалім де мақұлдайды; Былтырғы жылы қиын оқиға болған еді. Сол оқиганың соңы осы болды.* Мұнда бұл, сол есімдіктері заттық және заттық емес атауларды талғамай сілтеп тұр.

Сілтеу есімдіктері енетін есімдіктік топ сол құрамдағы етістіктер мен зат есімдердің мағыналарымен сәйкес келуі керек. «Бұл» есімдігі анафоралық қолданыста заттық емес мәнде жұмсалғанда өзінің орын ауыстыратын етістіктерімен байланысады да, болған оқиға, құбылыстардың жалғасын, мәні мен маңызын сілтеп көрсетеді және де олар бұл қолданысында жай анафоралық та, әрі анафоралық, әрі дейксистік те болып жұмсала алады. Мысалы, *Қара мысықты іздеп табамын деушілік әлі тоқтар емес. Бұл әлі жалғасады, бұның соңы көрінер емес; Менің айтқанымды бұлжытпай жеткіз. Бұл өте маңызды.* Мұндай құрылымдарда заттық емес есімдіктер синтаксистік субъектінің орнында болады.

Егер сілтеу есімдігі анафораның құралы болса, онда ол контекстің сәйкес келетін элементтерін немесе үзінділерін көрсетеді, мұнда антецеденттегі ақпарат антецедентке сілтеу жолымен қысқарған түрде беріліп отырады. Ал егер сілтеу есімдігі атаулы қолданыста көрінсе, яғни зат есімнің қасында болса, онда мұндай анафоралық құрылымдар көп жағдайда жаңа қосымша ақпаратты жеткізу қызметін атқарады, ал есімдік анафораның екі элементінің теңестірілуіне, контекстің өзіне сай бөлігімен байланысына сілтейді. Мысалы, *Ол сол күнді менімен өткізу мүмкіндігіне ие болу үшін бәрін де берер еді, бірақ мен оның бұл ойын жоққа шығардым.*

Контекст элементтерін семантикалық жағынан байланыстыруда зат есімнің қасындағы сілтеу есімдіктері ерекше роль атқарады. Сілтеу есімдіктері зат есімнің қандай да бір семантикалық белгілері арқылы контекстің басқа элементтерімен сәйкес келуінің белгісі ретінде қызмет атқарады. Сондықтан да сілтеу есімдіктері лексикалық бірліктер арасындағы семантикалық қатынас жеткіліксіз болған кезде мәтіншілік байланысты іске асыру үшін қолданылады. Мысалы, *Біздің пір тұтатын ағамызбен жүздесуімізге ол тиым салды. Біз соның өлеңдерін оқып, шапағаты мол әңгімелерін тыңдап өмірге құлшынамыз. Осы мейірімді жанның рухани көмегі болмағанда, біздің киномыз не болары да белгісіз еді.* «Осы мейірімді жан» мен «ағамыз» деген сөздердің бір тұлғаға қатысты екенін «соның» есімдігі білдіріп тұр.

Мысалы, *Сандықты ашқан кезде, бұл жердегі қыз атаулының жүректері лүпілдеп кетті, бұл заттарға бәрі де көптен ынтық еді.* Мұндағы «бұл» деген сілтеу есімдігі *сандық, заттар* деген сөздердің байланысына сілтейді, бірақ алғашқы мысалдағыдай бұл атаулар бір референтке қатысты деп айта алмаймыз, тек олардың арасындағы мағыналық байланысты байқаймыз.

Сілтеу есімдіктерінің анафоралық қолданыстарын сөз етуде біз «бұл» есімдігінің көп жұмсалатындығын байқадық. Сондай-ақ, «бұл» есімдігі септік жалғауларын талғамай қабылдай отыра, мәтінде анафоралық қолданыс табады. Мысалы, *Жастардың барлығы да тапқыр-ақ. Ал ол бұлардың ішіндегі ең шапшаңы және айтқышы еді; Шіркін-ай, мұнша қартайып кеткен екенсіз ғой, - деп әйелін іштей елжірей аяп, бұған өзін кінәлі санағандай сезімде қалды; Театр осы, - дедім мен үлкен үйді нұсқап. – Бұдан біз қалай табамыз?- деді Ерғазы апалақтап.* Бұл мысалдардағы «бұл» есімдігінің түрлі формаларының анафоралық қолданыстары арқылы түрлі антецеденттер қайталанып жұмсалған.

«Бұл» есімдігі субстантивтенген сын есімдерді ауыстыруға да бейім тұрады. Мысалы, *Менің соңғы айтайын дегенімді тыңдасаңыздар. Бұл есімдік мәселесіне қатысты. Сіздің ойыңыздағыны орындау мүмкін емес. Ал сіз мұны мүмкін етіңіз.*

Анафоралық қолданыстағы «бұл» есімдігінің қолданылуына семантикалық қажеттілікті үйлесімділік қолданысты предикат тудырады. Мысалы, *Ит судағы өз бейнесін көріп, бұл басқа ит деп ойлады.*

Сондай-ақ, анафоралық құрылымда антецедент пен предикатив бір-бірімен мүлдем сәйкес келмеген кезде «бұл» есімдігі кеңінен қолданысқа түседі (яғни антецедент пен предикатив жанды-жансыз, көпше-жекеше болып ажыратылады). Мысалы, *Бұдан бір гасыр бұрын мұнда динозаврлар мекендеген. Бұл қазір кездеспейтін жағдай.*

«Бұл» есімдігінің анафоралық қолданысындағы мағынасы объектіге ешбір концептіні байланыстырмай-ақ сілтеп көрсете алатын дейксистік қолданыстағы мағыналармен сәйкес келеді. Сөйлеуші объектіні алдындағы концептіден босатып алғысы келсе, ол ештеңені салыстырмай-ақ анафоралық «бұл» есімдігімен көрсете алады. Мысалы, *Қай Айнұрды айтасың, ол кім өзі? Бұл марқұм Асанның қызы.*

Қарап отырсақ, сілтеу есімдіктері антецеденттердің тепе-теңдіктерін сілтей отыра, контекстке қосымша сәйкестікті енгізеді. Анафорадағы сілтеу есімдіктерін қолдану қайталау құралымының сәйкестігіне байланысты, өйткені реті әртүрлі бір референтке сілтеу ретіндегі белгінің мағынасы әртүрлі болып келеді.

Сілтеу есімдіктерінің анафоралық қолданыстығы контекстпен байланысы өзара байланысты көптеген факторлармен, яғни қайталау енетін үзіндінің синтаксистік құрылымында да, антецеденті бар үзіндіге де байланысты болады, солармен анықталады. Сілтеу есімдіктерінің қолданысына антецедент пен қайталаудың қатынастары әсер етеді, сондай-ақ сілтеу есімдіктері бар анафоралық сөйлемдер контекстен, жағдайдан тыс айтыла алмайды.

Сонымен бірге, сілтеу есімдіктерінің сөйлемде жұмсалуды басқа бір лексемаға қарсы қойылатын топтың болуымен де байланысты, яғни сол топтағылар бір-біріне белгілері жағынан қарсы қойылады. Мысалы, *Жомарттың осы айтқаны мен алдыңғысының арасында көп уақыт өте қойған жоқ.* Мұнда әрекеттер уақыттық белгілері жағынан қарсы қойылған.

Анафораның аясындағы сілтеу есімдіктері көбінесе тілдік жүйеде бір-біріне сәйкес емес және семантикалық топқа енбейтін бірліктерді теңестіру құралы ретінде жұмсалады. Мысалы, *Дәмежанның қолөнері, баласының саудасы, әкесінің шағын істері жанұяны асырауға жетпей-ақ жатады. Алайда бұлардың да септігі тиіп-ақ жатыр.*

Сілтеу есімдіктерінің анафоралық қолданыстарына көз жүгіртіп қарап отырсақ, анафоралық сілтеу есімдіктері бар тұтастық мынадай құрылымнан тұрады: есімдіктермен берілген референт, оны ауыстыратын сілтеу есімдіктері немесе онымен мағыналық байланыстағы жағдай немесе мәтін барысында алдын ала айтылған үзінді.

Сонымен сілтеу есімдіктерінің қолданысындағы ерекшеліктер саналуан болып келеді екен. Біз мақаланың көлемін ескере отырып, сол қолданыстардың біразына ғана тоқталып өттік. Бұл қолданыс ерекшеліктер әлі де көптеген талдау-зерттеулерді қажет етері сөзсіз. Ол әрине, болашақ істің негізі болмақ.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Исаченко А.В. О синтаксической природе местоимений // Проблемы современной филологии: сборник статей к 70 летию академика В.Виноградова. – Москва, 1965. – С. 159.
2. Шемелева Т.В. Русское местоимение как часть речи // АКД. – Москва: 1997. – С. 14-18.
3. Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы) // ДД – Алматы, 2001. – 160 б.



## **А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Әбдіманапова Мереке Бахбергенқызы**

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Журналистика және филология»  
кафедрасының аға оқытушысы, педагогика магистрі, Тараз қ.

**Абишева Камила Серікбайқызы**

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі, Тараз қ.

А.Байтұрсынұлының терминалогиялық мұрасын зерттеуші ғалымдар көбейіп келеді. Олардың зерттеулерінің басым көпшілігі ғылыми мақала жанрында жазылған.

Ғалымның терминалогиялық мұрасына көңіл бөлгендердің ішінде әр түрлі ғылыми салалардың мамандары бар: тілшілер, әдебиетшілер, әдістемешілер, математиктер, химиктер, биологтар, дәрігерлер, тарихшылар, техника саласының мамандары. Бұл жағдай А. Байтұрсынұлының терминжасамдық дүниесінің маңызы жан-жақты екендігін, қазақ қоғамының барлық әлеуметтік салалары үшін еңбек етіп жатқанын дәлелдейді.

Яғни, А.Байтұрсынұлының терминалогиялық мұрасы - полиғылыми, полиәлеуметтік дүние. Ө.Айтбаевтың сөзімен айтатын болсақ, «Қазақ әдебиеті тарихында ұлы Абайдың орны қандай болса, қазақ тіл білімі мен мәдениеті тарихында Ахмет Байтұрсынұлының орны сондай» (Айтбаев, 1989,7-6.).

Зерттеушілер көңіл бөлген негізгі мәселелер әр түрлі. Сол мәселелердің мағыналық көлемін біз төмендегідей анықтадық:

1. А.Байтұрсынұлы — жалпы қазақ терминалогиясының жолын көрсетуші (родоначальник) және негізін салушы (основоположник).

2. А.Байтұрсынұлы — қазақ тіл білімінің, қазақ әдебиеттануының, қазақ әдістемесінің негізін салушы;

3. А. Байтұрсынұлы салалық ғылыми терминалогияның негізін салушы;

4. А.Байтұрсынұлы — қазақ тілі терминжасамы теориясының негізін салушы (ұғымдар, принциптер, жасалу жолдары, т.б.);

5. А.Байтұрсынұлы — терминжасамдық қызметте қазақ тілі мүмкіншілігінің ажарын ашушы, қазақ тілі бірліктерін термин ретінде қолдануды бас міндет деп баяндаушы және соларды ғылыми қызмет айналымында қолданушы;

6. А.Байтұрсынұлы — қазақ тарихындағы, жалпы түркі әлемі тарихындағы терминжасам ілімінде дара тұлға.

Ізденушілерді шартты түрде екі топқа бөлсе болады. Бірінші топқа жататын мамандар А.Байтұрсынұлының терминалогиялық теориясында интернационалдық терминдерді қолдану мүмкін емес деген принцип жоқ дейді. Екінші топқа жататын мамандар А.Байтұрсынұлының терминалогиялық теориясында термин тек қазақ тілі (түркі тектес) сөздерінен жасалу керек дейді. Біз бірінші топтағы мамандардың пікірін қолдаймыз. Бірақ қазіргі қазақ тіл біліміндегі, жалпы қазақ терминалогиясындағы интерминдерге бас иіп, тізе бүтудегі асыра сілтеушілік бағытына қарсымыз. Әр нәрсе, әр ағым ретімен, қатаң бақылау негізінде жүзеге асу керек. Бірінші топқа да, екінші топқа да жататын мамандар осы бағыттың өлшемсіз жайылғанын айтады.

Бүгінде А. Байтұрсынұлы терминжасам теориясының негізгі ережесі сақталмай жатыр дейді. Оның негізгі ережесі — термин мүмкіншіліктің барынша қазақ тілі бірліктерінің негізінде жасалу керек деген ереже.

А. Байтұрсынұлы салып берген қазақша термин жасау жолы тарылды, себебі, көп жағдайда қазақ тілінде сондай ұғым бар, атау да бар, бірақ бәрібір үндіевропа тілдерінен енген термин қолданылады. Басқа тілдерден еніп қолданылып жүрген терминдер қазақ тілінің заңдылықтарына байланысты адаптацияланбайды.

А.Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасын зерттеуге арналған мақалалардың концептуалдық деңгейі бүгінгі жалпы тіл біліміндегі терминология теориясының ұғымдарына, принциптеріне сай. Мақалалардың авторлары терминнің шығу тегін, мағынасын, құрылымын, жасалу жолын, контекстегі қолданыс ерекшеліктерін әңгімелейді. Бірақ сол ұғымдармен қатар тұрған терминологияның негізгі ұғымдары — метатіл ұғымы, терминдер номенклатурасы ұғымы өте сирек тілге алынады, алынғанда да көбінесе иллюстрациялау мақсатында.

А.Байтұрсынұлының терминдер қорының саны да, қолдану жиілігі де арнайы ізденістердің объектісі болмаған (Ш. Жалмаханов пен Ж.Қ. Смағұловтың еңбектерінде ғана терминдердің саны көрсетілген, бірақ арнайы статистикалық анализ жасалмаған).

Сонымен А. Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасына арналған еңбектердің ұқсастығы да, айырмашылығы да бар.

Ұқсастығы — зерттеу объектісінің бір екендігінде (Ғалымның терминологиялық мұрасы), айырмашылығы — зерттеу пәндерінің (предмет исследования) көптігінде (Ғалымның жалпы терминологиясы, салалық терминологиясы, терминжасам жолдары, терминнің мағынасы, терминнің құрылымы, терминнің шығу тегі, т.б.). Яғни зерттеушілердің ғылыми пікірлерінің тамыры бір болғанымен, бұтақ болып жайылудағы бет алысы мен жапырақтауы алуан түрлі. Бірақ, соған қарамастан, қазақ тілшілері бір пікірді медеу тұтады: А. Байтұрсынұлы — қазақ терминологиясының негізін салу.

Ахмет Байтұрсынұлы және жалпы біліміндегі тіл, тілдесім (сөйлеу), тілдесім қызметі (сөйлеу әрекеті) ұғымдары. Тілдің объективтік табиғи болмыс ретінде бір түрлі күйде емес, екі түрлі күйде болатындығын Вильгельм фон Гумбольд анықтады. Ол тіл біліміне екі ұғым және екі термин ендіріп - *ergon* (тілдің статикалық күйі), *energeia* (тілдің динамикалық күйі). Тілдің екі түрлі күйде өмір сүретінін И.Бодуэн де Куртене де, Ф.Ф. Фортунатов та, В.В.Щерба да тағы басқалары айтқан.

А. Байтұрсынұлы та тілдік дихотомия (тіл - сөйлеу) мен трихотомияны (тіл - сөйлеу - сөйлесу) қолданған. Бірақ Ғалымның үштігінің ұғымдық жағы Ф.де Соссюрдің үштігінің мағынасымен тең емес. Тіл ұғымы бірдей. Ал Ғалым айтқан сөйлесу ұғымы Ф.де Соссюр айтқан *parole* (речь) ұғымы мен *речевая деятельность* - *langage* ұғымына өте жақын, себебі Ғалым сөйлесудің жазба және ауызша түрлері бар дейді (яғни тілдесім түрлерін анықтай бастаған). Сөйлеу терминінің мағынасы А. Байтұрсынұлы концепциясында *parole* (речь) ұғымын қамтымайды, себебі абзац, күрделі синтаксистік бөлшек мағыналарында қолданылған.

Сонымен А. Байтұрсынұлы тілдік дихотомияны, трихотомияны принцип, концепция ретінде қазақ тіл білімінде толық қалыптастырмаған, бірақ осы ұғымдарға жақын ұғымдар жиынтығын атап өткен, сол атауларды қолданған. Сонымен А. Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет (әрекет) ұғымдары айқын байқалады, яғни А. Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басында қазақ тіл білімінде, жалпы түркі тіл білімінде тілдің бір күйде емес, екі түрлі күйде өмір сүретінін ашуға жақын болған, яғни тіл - тілдесім - тілдесімдік қызмет ғылыми ұғымдарын анықтау әрекетін жасаған. Осындай ізденістерді соңына жеткізбесе де А. Байтұрсынұлының ғылыми мұрасының маңызы төмендемейді, себебі, ғалым тілдің болмыс құбылысы екендігін биік деңгейде игерген. Сондықтан тіл бір түрлі күйде емес, екі түрлі күйде болатындығын қазақ тілін зерттеуге арналған еңбектеріне (мөр басқандай нық болмаса да) ендірген. Яғни ХХ ғасырдың басында А. Байтұрсынұлы - қазақ және жалпы түркі тіл білімінде тілдің дихотомиялық және трихотомиялық ұғымдарын ашуға өте жақын тұрған ғалым.

А. Байтұрсынұлының осы саладағы ізденістерінің бітпегендігі, принцип, теория деңгейіне көтерілмегендігі - заман ғылымының ерекшелігінде (ХХ ғасырдың бірінші ширегінде бұл ұғымдар жалпы әлем тіл білімінде де, орыс тіл білімінде де әлі толық қалыптаспаған еді, яғни тиісті теориялар әлі пайда болмаған еді). Осы күрделі лингвистикалық мәселе қазіргі қазақ тілтанымында ұғым ретінде де, термин ретінде де

қалыптасқан (тіл, сөйлеу, сөйлеу әрекеті - дәстүрлі терминдер). Бірақ соған қарамастан, біздің ойымызша, осы мәселенің әлі толық шешімін таппаған жағдайы бар.

Қазіргі қазақ тіл білімінде *langage* (речь) ұғымын сөйлеу терминімен атайды. Сөйлеу сөзінің мағынасы - ауызша тілдесу (айтылым), яғни бұл терминнің шығу тегі тілдесімнің басқа түрлерінің ұғымдарын қамтымайды (жазбаша тілдесу (жазылым), оқу арқылы тілдесу (оқылым), тыңдау арқылы тілдесу (тыңдалым)). Сонымен қатар бұл термин бір топ ғалымдар айтып жүрген тілдесімнің тағы екі түрінің мағынасын да қамтымайды (іштей тілдесу - *внутренняя речь*, аударма тілдесу - перевод).

Біздің ойымызша, *langege* (речь) ұғымын қазақ тіл білімінде тілдесім деп атау керек, себебі бұл термин ұғымды толық қамтиды.

Тілдесім түрлерінің (виды речевой деятельности) атауларын (терминдерін) қазақ тіл білімінде жасаған ғалым — Ф.Оразбаева (Іштей тілдесім мен аударма тілдесімнен басқа түрлерінің атауларын). Ол осы екі ұғымды тілдесім (Ф.Оразбаева бойынша сөйлеу) түрлері ретінде атамайды (Оразбаева Ф., 1996). Ф.Оразбаева тілдесім терминін де қолданады, бірақ *langege* (речь) ұғымында емес, оның қолдануында тілдесім термині лингвистикалық аспектен тыс шығып кетеді де, өмірлік тәжірибе жинау аспектен де білдіреді (яғни экстралингвистиканы да).

*Langage*(речевая деятельность) тілдесім ұғымын атауда қазіргі қазақ тіл білімінде бір ойлылық жоқ. Мысалы, көп тілшілер осы ұғымды атау үшін сөйлеу әрекеті терминін қолданады, «Тіл білімі сөздігі» лұғатында сөйлеу іс-әрекеті термині қолданылады

(Ф.Оразбаева сөйлесім әрекеті терминін қолданады).

Біздің ойымызша, *parole* (речь) ұғымын сөйлеу термині емес, тілдесім термині толық қамтитын болған соң, *langage* (речевая деятельность) ұғымын да тілдесімдік қызмет (тілдесімдік әрекет) терминімен маркерлеген жөн. (Тілдесім (речь), тілдесімдік қызмет (речевая деятельность): соңғы ұғымның түрлерінің атаулары - сөйлесім (айтылым), жазылым, оқылым, тыңдалым). Қазақ тіл білімінде бұл терминдер бүгін де жиі қолданылмайды, бірақ қолданыс процесі басталды.

Жоғарыда көрсетілген кейбір нақсыздықтардың негізгі себебі орыс тілінде жарияланған терминологиялық сөздіктердегі лингвоұғымдық статьяларды бұлжытпай қазақ тіліне аудару салуда.

Біз ұсынған тілдесім, тілдесімдік қызмет (тілдесімдік әрекет) терминдерінің екіншісі бір түрлі болмай тұр. Қазақ тіл білімінің келешегінде осы синонимиялық терминдердің (тілдесімдік қызмет, тілдесімдік әрекет) қайсысы доминанта болуы шешілер. Бірақ, әлем тіл білімі тарихында бір ұғымды екі, үш,... терминмен атау кездеседі. Мысалы, орыс тіл білімінде дыбыс ұғымын екі терминмен атайды - звук, фон; дыбыстау мүшелері ұғымын төрт терминмен атайды - органы речи, речевой аппарат, артикуляционный аппарат, артикуляционная база; қазақ тіл білімінде сөз мағынасын өзгертетін дыбысты (фонеманы) бес терминмен атайды - фонема, сингармофонема, сингармема, сингрема, үндеспе.

Қазіргі қазақ тілтанымындағы тіл, тілдесім, тілдесімдік қызмет ұғымдарының қалыптасуы, терминдендірілуі, яғни жан-жақты зерттелуі Вильгельм фон Гумбольдт, Фердинанд де Соссюр, Л.В. Щерба еңбектері әсерінің салдары. Осы қатарға біз А. Байтұрсынұлының да есімін жазуымыз керек, себебі тілдің екілік, үштік дихотомиясы әлем тілтанымында әлі қалыптаспаған кездің өзінде, Ғалым қазақ тілі материалы негізінде ғылыми ізденістер жасап, сол ұғымдарды, я сол ұғымдармен тектес ұғымдарды, олардың терминдерін қазақ тілтанымына, қазақ тіліне оқыту әдістемесіне енгізді.

Қорыта айтқанда, сөзжасам теориясын алғаш ашқан — А. Байтұрсынұлы. Оған дәлел терминологиялық мұрасы. А. Байтұрсынұлының терминологиялық концепциясы - жалпы тілтаным табиғатының негізі. А. Байтұрсынұлының тілтанымдық ғылыми мұрасы - тарихи шындық. Сезімталдық та, ұғымталдық та емес. Ол — қазақ тілі стилистикасының, ғылыми стилінің, оның подстильдерінің және терминологиясының қалыптасу процесінің жол бастаушысы да, негізін қалаушы да. А.Байтұрсынұлы терминді екі түрлі жолмен жасалатынын жақсы игерген, тіл, әдебиет, әдістеме, т.б. ғылыми салалардың терминдерін

жасағанда қазақ халқының жалпылама ұғымын (ойлау қабілетінің мүмкіншіліктерін) пайдаланған. А. Байтұрсынұлы жалпы терминологияға (ұғымдар жүйесіне), терминдер номенклатурасына (нақты-ғылым саласына) арнап терминдер жасаған, семасиологиялық таңбалар ретінде қалыптастырған. Тіл туралы сол тілде тілдесім жасау - ғылыми ізденістер жасау. Олай болса, А. Байтұрсынұлының тілтанымдық табиғаты тілдік тілдесім негізін, қорын құрайды. А. Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасын зерттеушілер концептуалдық жақтан терминнің шығу тегін, жасалу жолын, қолданыстағы ерекшеліктерін әңгімелейді.

Біз А. Байтұрсынұлы жасаған терминдердің мағыналық, құрылымдық және статистикалық негіздеріне ғылыми талдау жасадық. А. Байтұрсынұлы еңбектерінің тілтанымдық мұрасы – қазіргі қазақ тіл білімінің негізі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Нұрпейісов К., Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. Алматы: Санат, 1996. - 176 б.
2. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.;
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. А., 1992.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдері. Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.
5. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. Ташкент, 1924; Алматы, 1992. - 53 б.
6. Жұмашева Г. Қ. «Жаңа мектеп» журналының тіліндегі терминдер // Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. Алматы, 1996.
7. Әбдірәсілов Ербол Қазақ терминологиясының жүйесі. Астана, 2005
8. Исакова С. С. Қолданбалы терминология. Ақтөбе, 2015
9. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. Жиекбаева А. Б. Алматы, 2014



## **ТӨЛЕ БИ – ҚАЗАҚТЫҢ АБЫЗ БИИ**

### **Елтайұлы Тынышбек**

Төле би атындағы №8 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Тараз қ.

### **Мырзабекова Багила Ерғарақызы**

№11 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы

Ұлт болмысындағы асқақ рух, ерлік мінез, елдік пәтуа-бірлік сияқты қасиеттер ең алдымен тарихтың тағылымы. Ұлт болмысы тарихтың толғақты кезеңдерінде қалыптасып, тағдырлы іс-әрекеттер барысында шындалады. Соңғы екі-үш ғасыр аясында бодандықтың тұзағына шырмалып, басынан тоқпақ, аузынан қақпақ кетпеген қазақ халқының бойындағы сұлулықты әспеттей алатын асыл сезім, ақ жарқын адалдық, кең қолтық қонақжайлық, селкеусіз бауырмалдық, әсіресе сын сағаттарда ширап шыға келетін асқақ рух, өр мінез сияқты ғажайып қасиеттер қай кезде, қандай күдіреттің күшімен дарыды екен?! Қара басының қамын күйттегендіктен емес, қара орман халқының қамы үшін Асан қайғыны күңіреткен, Қазтуғанды ширықтырған, Төле бидей данаға сын сағатта сындарлы саясат жүргізіп, пәтуалы билік айтқызған, Кенесарыны азаттық үшін

арпалыстырған, ереулі атқа ер салып, егеулі найза қолға алып Махамбеттей ақынды атқа қондырған, Құрманғазыны бурадай буырқантқан ұлы құдіретіңіз сөз жоқ, ең алдымен ұлттың болмысы, елдіктің асыл қасиеті деп айтуға толық негіз бар.

Рас, қазақ халқының бойындағы елдік қасиеттің, сол елдік қасиетті бәрінен де жоғары қойғызатын асқақ рухтың тек-тамыры тым әріден бастау алады. Ол заман қазақ халқы үшін шын мәнінде ерлік пен серіліктің заманы болды. Адами қалыпты айғақтайтын небір сындарлы сәттер эпикалық жыр түрінде, ұлағатты әңгіме, тағылымға толы толғау, шешендік сөздер, сұңғыла сарынға толы ән-күй түрінде халық жадына орнықты. Әрине мұның бәрі ұрпақтың көкірегінде тыныш жатпайтыны, қазақтың жігерін жанып, қайратын ұштап, елдік пен ерліктің рухын шыңдап отыратыны белгілі. Осының бәрі соңғы үш ғасыр бойы ұдайы шектеу көріп, тиым-тежеуге ұшырап келгеніне қарамастан қазақы болмыстың, қазақы рухының аман сақталып келе жатуының да сыр осында болса керек. Бұл ретте, қазақ халқы үшін елдігі мен ерлігіне ең бедерлі айғақ болатын да, жан-жүрегіне шабыт дарытатын да, тәуелсіздікті қорғау жолында жалтақсыз құрбандыққа бастайтын да бірден-бір тағылымы мол тарихи кезең – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысы. Осы сындарлы сағатта тарих сахнасына қас батырлар мен аузы дуалы би-шешендер, ел бастаған көсемдер шықты.

Ақын, шешен де өз дәуірінің перзенті, туған халқының ұланы. Сол үшін де қандай шешеннің болсын, шығармашылығында өзі ғұмыр кешкен кезеңнің сыр-сипаты, ақыл ойы мен болмыс бітімі тұжырым табады.

Төле бабамыздың өмір сүрген дәуірі қазақ тарихындағы әйгілі қырғын «Ақтабан шұбырынды алқакөл сұлама» аталатын соғысы, елдің мамыражай күнінен айырылып, қалмақтан босаған жаңа мекенге жайласып етек - жеңін жинап үлгере алмай, керенау тіршіліктен кері кетіп, елдің мазасыз күндерді басынан өткізіп жатқан кез еді. Ерлері сауытын сыпырмай, ереулі аттан ер алынбай, ағайын арасындағы жанжал, болымсыз қыжыл, ұсақ – түйек дау дамай дүбірі осы кезеңде үдеп, қараша қазақтың қаралы күні басталар дейтіндей күн еді. Пешенесіне батпанай қылып сорды жазған тәңірімнің қалауы шығар қазақ тағы да үдере көшіп, Алқакөлге барып сұлайтын күн де алыс емес еді. Жаратқанның қысылғанда қыса түсіп, ширыққанда дем беріп, ниетіне қарай бақ пен берекеге батыра салатынын білді ме екен қайран қазақ.

Қасиетті Қаратау - әулие аймағы елдің елдігін сақтап қалуда ерен ерлік үлгісін көрсеткен хас батырлар мен от ауызды, орақ тілді атақты билер, аттары аңызға айналған арқалы ақындар шыққан тарихи да шежірелі өңір. Сол бахадүрлер мен билер шоғырының көш басында ғибраты мол, тұлғасы биік Әлібекұлы Төле би бабамыз тұрады. Сонымен Қазақтың Төле биі кім болған? Төле би ең алдымен тарихи тұлға, біртума, аса дарынды да қайталанбас алғыр ойлы, өз заманында баға жетпес дипломат, мемлекет қайраткері, көреген дана, елі үшін жанын да арын да, білім-қабілетін да аямаған ұрпақтары үшін әділдіктің, бостандықтың, достықтың туын жоғары көтерген қалың қазақтың ұлы, ата ұлы болғаны әмбеге аян. Осынау ұланғайыр елдің келешегі үшін, бақытым, теңдігім деп тарихтың қиын да қилы заманында өмір сүрген, қазағы үшін тар жол тайғақ кешуден тайсалмаған ұлы Төле бабамыздың мұрасын жас ұрпақ әлі де біле беремейді. Төле бабамыз өзінің салихалы саналы ұзақ өмірінде Әз Тәуке хан тұсында «Жеті жарғы» әдет заңын шығарушылардың бірі де осы Төле бабамыз.

Қара сөзбен терең ой толғаған өлеңге бергісіз кестелі, әсерлі де ұтымды дана тағылымға толы сөздерді де айтады. Алқалы топ, мемлекеттік маңызы бар үлкен жиындарда, сөз сайыстарында алдына жан салмаған Ұлы Төле бабамыздың «Қазақтың Төбе биі атануы да» осыдан. Төле биді өз заманында хан да, қараша халықта сыйлап өткен. Қазыбек би мен Әйтеке би де аға деп алдынан кесе көлденең өтпеген деседі халық шежіресі. Кемеңгер бабамыз өзінің өмір жолында қаншама тарихи оқиғаларға араласып, қаншама елге бата беріп, өз шапағатын шашқан. Халықтың қайғы-қасіретін арқалаудан танбаған, талай-талай қилы кезеңдердің куәсі болып, ұлт мүддесін жоғары қоя білген. Атамзамандардан бастау алып, әр кезеңдерде дүниеге келіп, жалғасын тауып, талай қилы

заманнан аман өтіп, бүгінгі ұрпақтарға дейін жеткен шешендік өнердің өлмес мұралары өздерін санасында жаттап, көзінің қарашығындай сақтап, ақыл-ойының жемісі болса да, «бұл – біздің қазақтың асыл мұрасы» деп кейінгі ұрпағына үйретіп, аманат етіп қалдырып отырған Төле дей бабаларымыздың асыл аманатына адал болу біздің парыз.

Әулиеге, әулиелікке, шешендікке қажеттілік қай заманда болмасын болған және де бола бермек. Себебі пенденің болмысында Жаратушының нұрымен берілетін бір қасиет бар. Турасын айтсақ, адам қара жердің топырағынан жаратылған. Ол пенденің дүниеге шексіз құмарлығы мен тынымсыз, тойымсыз нәпсісі, пенденің пендешілік істеуіне, шындықтың шыңынан кері кетуіне алып келеді. Міне, осы кезде жөнге салушы әулие шешен керек. Қазақ жұртынан үлгі алар батыр, тәлімі мен тағылымнан, ақылы мен парасатынан үйренер көсем сөзуарлар аз шықпаған. Солардың бірі ғана емес, бірегейі Төле бабамыз. Жалпы ұлтымыздың бойындағы шешендік, ділмарлық, тоқсан ауыз сөздің түйінін айту – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан әдемі дәстүр. Төле бабамыз сондай әулие адам болған.

Төле би заманы қиын кезеңде өткен. Ол кезде қазақ пен жоңғар хандықтары ұдай біріне-бірі шабуыл жасап, жауласудың шегіне жеткен кез еді. Тәукеден кейін қазақ хандығы ыдырай бастап, Төле би ендігі жерде Ұлы жүзді билеп, қазақ қауымдарын біріктіріп, олардың жоңғарлар езгісінен азат етудегі қызметі айтарлықтай. Кейбір деректерде Абылай сұлтанның хандық дәрежеге жетуіне де Төле бабамыз ықпал жасаған деген деректер де бар. Төле бидің түйесін жайып жүрген Сабалақ атты баланың қалайша Абылай батыр (кейін хан) дәрежесіне жетуін ел әлі күнге дейін аңыздап келеді. Қазақ халқының жоңғарларды жеңуіне Төле бидің шешуші тұлға болғаны тарихтан мәлім. Төле би өз заманында белгілі батырлар мен билердің, тіпті хандардың бір сыпырасына ақылшы болған. Би болса да хан айтатын хақ сөзді Төле бабамыз айтып, қазақ қауымдарын біріктіріп, олардың жоңғарлардың езгісінен азат етудегі оның қызметі айтарлықтай. Ұлылығымызды түгендеу ұлтты ұлылыққа бастайтын алтын баспалдақ секілді. Сол өрге кеткен ұзақ сонар баспалдақпен жүре берсең ұлылардың ұлы көшіне кезігесің.

Төле жастайынан ескіше оқып, сауатын ашады. Арапша, парсыша тарихи кітаптарды, аңыз, хисса-хикаяларды көп оқиды. Төле бала әкесіне еріп жүріп ел көреді, жұрт таниды. Он бес жасқа келгенде билікке араласып, өзінің ақыл, парасаттылығы, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түседі. Жасы жүзге келген Әнет баба ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып, жас биді сынамақ болады. Қолына бір бума солқылдақ шыбық алдырады:

- Балам мынаны сындырып көрші? Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.

- Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? – Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп сындыра бастайды. Әнет баба: - Бұдан не түсіндің, балам? – дейді. Сонда Төле бала:

- Түсіндім, баба бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды, «Сақ жүрген таяқ жейді» демекші, «бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай ала алады» дегеніңіз ғой.

- Бәрекелді бабам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауыз бірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың - ынтымаққа» дегеннің мәнісі осы,-депті. Өзі ақын жанды Төле би ақын, жыраулар мен әнші, күйшілерді жанай жүрген. Қай елде жақсы ақын, өнерпаз бар деп естісе, оған арнайы ат жіберіп алдырып, бірнеше күн олардың жырын, ән күйін жалықпай тыңдап өз бағасын беріп отырған. Әншілердің үстіне шапан жауып, ат мінгізіп, сыйлап аттандыратын болған. Аса дарындыларды қасына алып, билік айтуға дайындаған екен. Өзінің саналы өмірінде Төле бабамыз шындық, әділет, адалдық жолында қыруар қызмет атқарды. Сөйтіп халқының болашағы, бақыты, бірлігі, тірлігі, тұрмысы, салт – сана, дәстүрі үшін бүкіл ғұмырын сарп етті. Сол үшін де елі оны төбесіне көтеріп, құрметтеді. «Қара қылды қақ жарған әділ би», «Төбе би», «Әулие ата», «Қарлығаш әулие» деп атап кетті.

Төле бабамыздың мұралары деп ең алдымен оның өршіл, рухты, ат төбеліндей қазақты бітімге, сабырлыққа, шақырған толғауларын айтар едік. Төле бабамыздың толғауларының, даналық ой иірімдерінің ел аузында сақталуының өзі – оның ғибратқа толы нақыл сөздерінің өлместей құдіреттілігін, әрдайым қараша халықтың көкейкесті сөзін сөйлегендігін, сондықтан да кәрі тарихтың қойнауына кетпей, жылдар өткен сайын жайнап, жаңғырып отырғанын көреміз. Ұлтқа керек ұлы істің басатуында, басы-қасында Төле бабамыз жүреді. Сол үшін де әдебиет деген алып бәйтеректің ұшар басынан Төле бабаны көреміз. Қазақтың шешендік өнерінің құндылығы сол, сөздің нағыз мәйегі айтумен қатар, сол заманның көрінісін айна қатесіз көз алдыңызға алып келеді. Төле бидің ерекшелігі, сол қисынсыз ортада аз отырып, көп сынаған, жарлығына қарай жабдығын іздеген. Ал ізгілікті игі істерді ұзақ бақылап төзімділікпен аз сөйлесе де, жан жараламай, әділдікке жүгінген. Төле би туралы: «Қазақтан туған асылдар, өнеге болар ұрпаққа, ділін айтқан ер еді», -деп тауып айтылған.

Тоғыз жасар Жетес тоқсандағы Төле биге сәлем бере барыпты: сонда Төле би былай деген екен:

- Бата басақ, қына тасқа, ақыл жасқа, не қалайсың, балам ? –депті. Сонда Жетес бала:

- О, қасиетті баба! Ат берсеңіз өліп қалады, тон берсеңіз тозып қалады, атқа да, тонға да бергісіз өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсиет айтсаңыз соған ризамын, - депті.

- Онда қолыңды жай, балам, - деген Төле би:

- Бір үйдің баласы болма,  
Көп үйдің санасы бол!  
Бір елдің атасы болма,  
Бір елдің данасы бол!  
Бір тонның жағасы болма,  
Көп қолдың ағасы бол!  
Ақты ақ деп бағала,  
Қараны қара деп қарала.  
Өзегің талса өзен бойын жағала,  
Басыңа іс түссе көпшілікті сағала.  
Өзіңе-өзің кәміл бол,  
Халқыңа әділ бол.  
Жауыңа қатал бол,  
Досыңа адал бол.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген мақал Төле би сияқты ешкімге бұра тартпай, қара қылды қақ жара әділ сөйлейтін билерге айтылса керек.

Жоңғарларға қарсы бір үлкен шайқаста:

- Жауға тізе бүгуден басқа амал жоқ, деген Қарабекке ашуланған Төле би:

Атадан ұл туса игі,  
Ата жолын қуса игі.  
Өзіне келер ұятын,  
Өзі біліп тұрса игі.  
Жаудан бұққан немені,  
Ортасынан қуса игі! – деп, шырық бұзғандарды жиыннан қудырып

жібереді. Айналасындағыларға қарап:

Уә, көсіле шабар жерің бар,  
Ту көтерер ерің бар.  
Қол боларлық елің бар,  
Атадан қалған жолың бар.  
Құлдық ұрсаң дұшпанға  
Арылмайтын сорың бар...


Құлдық ұрсаң дұшпанға,  
Еркек болып туды деп,

Мына сені кім айтар? – деп толғайды. Төленің осы төрелік сөзін өзгелер түгел құп алып, жауға қарсы күш біріктірген екен. Төле би бабамыздың өсиеттерінің тағы бір үлгісі тайға таңба басқандай ақын да салмақты.

Қазақы қалыбын, ұлттық үлгісін, халықтық қасиетін жоғалтпай бүгінге жеткен жұртымыздың болат босағасы мен алтын тұғыры осы уақытқа дейін қиямет-қайым қилы кезеңдерде шайқалғанмен, шарт сынбай келе жатуының астарында данагөй ел ағаларының ақ батасы мен даладай кең пейілі жатқандай көрінеді. Мына жаһандану жақындаған (мүмкін дендеп кірген де шығар) заманда ұлттың болашағын әріден ойласақ, дана бабаларымыздың тағылымға толы жауқар сөздерін ұрпақ санасына сіңіруіміз керек. Бала жанын батыстың былығына батырып, болашағын бұлыңғыр еткенше, бабалардың асыл сөзімен сусындату керек. Дәл бүгінгі заманға керек осылар. Данагөй халқымыз «ер – елдің айнасы, ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деп бекерге айпаған. Төле бидің тағылымды тұлғасы халқына әрдайым нұрын аша береді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 ж.
2. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. «Алматыкітап баспасы», 2019 ж.
3. Тоқтабай А. Төле би туралы тың деректер. Егемен Қазақстан. – 2023 – 31-желтоқсан.
4. Қозыбаев М. Ежелден білікті аңсаған. Егемен Қазақстан. – 1993. – 19 маусым
5. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Таңдамалы Билер. – Павлодар: ЭКО, 2018.



## ВСЕМИРНО ИЗВЕСТНАЯ ЛИЧНОСТЬ – ТУРАР РЫСКУЛОВ

**Ботабаева Адеми Еркебаевна**

Международный Таразский инновационный институт им.Ш.Муртазы, кандидат педагогических наук, доцент

**Сулейманова Зульфия Ширияздановна**

Учитель истории Казахстана средней школы №21, г. Тараз

Турар Рыскулов – имя, которое звучит с почтением и восхищением в сердцах многих людей Казахстана и за его пределами. Этот выдающийся лидер, политик и общественный деятель оставил огромный след в истории своей страны и всего мира.

Турар Рыскулов родился 26 декабря 1894 года в Казахстане, Восточно-Талгарской волости Верненского уезда Семиреченской области в урочище Бесагаш (ныне — Талгарский район Алматинской области), в семье кочевника-скотовода Рыскула Жылкайдарова, по национальности — казах. Происходит из рода шымыр племени дулат.

Рыскул, несмотря на бедные обстоятельства, был характером гордым и независимым; он не поддавался богатым и влиятельным людям. Однако 20 декабря 1904 года, став жертвой клеветы и злых наработок, он совершил убийство волостного управителя Восточного Талгара. После этого жандармерия насильственно переселила его родных, включая 10-летнего Турара, в поселок Бесагаш, а затем в Бурундай. Озабоченный судьбой сына и близких, Рыскул добровольно явился в полицию, и 30 декабря его



арестовали и заключили в Верненскую тюрьму. После многочисленных ходатайств перед начальством тюрьмы ему удалось добиться размещения Турара рядом с ним. Больше года Турар находился в тюрьме рядом с отцом, занимаясь различными работами.

(Жизнь и борьба с колониальной властью Рыскула были описаны в литературных произведениях, в том числе в повести М. Ауэзова «Выстрел на перевале Караш-Караш», а также в произведениях других известных писателей, таких как Т. Нуртазин и Ш. Мургаза).

Маленький Турар служил кучером, возил детей богачей в гимназию куда ему самому путь был перекрыт, а потому он с усилием познавал грамоту посещая курсы прямо в тюрьме. Вращаясь среди арестантов он впервые узнал кто такие революционеры, Турар проводил целые дни рядом с ними. Он тянулся к знаниям и продолжил обучение сначала в Аулие-Атинском уезде куда сбежал после того как его отца отправили на каторгу затем – Бишкек, Саратов, Ташкент. Это было время больших перемен и Турар подвергавшийся различным унижениям и притеснениям выбрал свой путь. Поэтому, несложно понять, что борьба против национального угнетения станет делом всей его жизни.

Несмотря на имевшиеся проблемы и тяготы, Турар проявлял большое стремление к получению знаний и учебе, что было отмечено учителями Меркенской школы. После окончания обучения они вручили ему рекомендательное письмо, и направляют его в сельскохозяйственное училище Пишпека (ныне г. Бишкек).

Осенью 1914 года Турар успешно заканчивает его по специальности садоводство. Сразу же после окончания учебы, он стремится продолжить свое обучение и подает свои документы в сельскохозяйственное училище 1-й степени в далекой Самаре. Но несмотря на успешную сдачу вступительных экзаменов, приемная комиссия отвечает ему отказом.

Потерпев неудачу, Турар весь 1915 год проводит в кругу своих родственников в Тюлькубасе. В то время здесь происходило строительство Арыско-Аулиеатинского участка Семиреченской железной дороги. Руководство строительными работами вел выпускник Санкт-Петербургского института, инженер М. Тынышпаев. Как уроженец Семиречья, М. Тынышпаев был наслышан о беспрецедентном поступке отважного Рыскула, поэтому узнав, что его сын Турар находится в ближайших окрестностях, решает познакомиться с ним.

Его жизненные взгляды, широкий кругозор, умение мыслить не по годам зрело и необычно, смелый характер Турара произвели на М. Тынышпаева впечатление, он, выделив ему средства из своих сбережений, настоятельно советует не прекращать свое обучение. Турар навсегда запомнил этот благородный поступок М. Тынышпаева, который протянул ему руку помощи в сложный период, и позднее, он по возможности, старался помогать как самому Мухамеджану, так и его сыну.

В Ташкенте Турар unsuccessfully пытался поступить в учительский институт, его письменные запросы не получили ответа ни от инспектора учебных заведений Туркестанского края, ни от Министерства народного просвещения Российской империи. Однако он не опустил руки: продолжая работать садоводом на опытной станции в Красноводске возле Ташкента, он учился заочно в Ташкентской мужской гимназии и в конечном итоге получил свидетельство вольнослушателя 2-го разряда.

В 1916 году Турар присоединился к восстанию своего народа против колониальной политики царского правительства. Покидая Ташкент, он срочно возвращается в Мерке.

*Из воспоминаний Турара Рыскулова: «Мой приезд совпал с начинающимися брожениями казахских масс в Меркенском районе и Аулие-Атинском уезде. Ко мне обратились ямщики и батраки, работавшие у русских кулаков в Мерке, и казахи из аулов, спрашивая, как быть. Предвидя неизбежность восстания, я посоветовал им организоваться, а не организовано, небольшими группами не выступать. Советовал главным образом нападать на царскую администрацию, вынуждая ее отказаться брать рабочих-казахов на тыловые работы, но остерегаться столкновений с русским*

*крестьянством. Я чувствовал опасность того, что царизм может направить русское переселенческое крестьянство на казахов и тогда последние могут очутиться в тяжелом положении. На деле так и вышло. Повстанцам не удалось избежать столкновений с русским крестьянством.*

Царская власть уже тогда заметив, то что Турар является неким политическим лидером и во время усиления восстания местная полиция арестовала Турара, предполагая его активное участие в нем. Однако, не смогла доказать его вину и вынуждена была вскоре его отпустить. Но Турар уже окончательно выбрал свой путь, путь революции.

Одним из важнейших качеств Турара Рыскулова которое ярко проявлялось на протяжении всей его жизни было сильное желание помочь своему народу. Лично объезжая все аулы встречаясь с простыми людьми Турар разъясняет им о происходящих событиях. И благодаря своей четко выстроенной политической позицией, красноречивостью и таланту оратора Турар Рыскулов с блеском справляется с этой миссией. Простой народ идет за ним и поддерживает революцию.

Турар Рыскулов обладал колоссальным дипломатическим талантом, он всегда стремился решать все не вооруженным путем, а путем переговоров, а это в свою очередь требовало огромных усилий.

В 1918 году свирепый голод охватил не только Аулиеатинский уезд, но и весь Туркестанский край. В годы царизма Туркестан был превращен в колонию по выращиванию хлопка для России, в связи с чем на его территории в очень малых количествах сеялся хлеб, в период гражданской войны поставки зерна из России практически полностью прекратились, в результате чего население стало голодать и гибнуть.

Турар Рыскулов быстро понял, что единственным выходом остановить эту катастрофу было всеми возможными способами войти в состав краевой власти. На проходившем осенью 1918 года VI съезде советов Туркестана в Ташкенте Т. Рыскулов избирается членом ТурЦИК и назначается на должность народного комиссара здравоохранения республики.

28 ноября 1918 года Т. Рыскулов по собственному желанию отказывается от комиссарской должности, и образует Центральную Комиссию по борьбе с голодом при ТурЦИК.

*Из воспоминаний Турара Рыскулова: «Трагизм состояния бедняков достиг наконец, крайности – люди рвали друг у друга из рук мешки, наполненные мертвечиной, и утоляли ею зверский голод. Случаи же продажи голодными родителями своих малых детей в полную собственность, т.е. в рабство, баям, стали обычным ужасным злом, получившим уже широкое распространение»*

Турару Рыскулову на тот момент 23 года, но не смотря на столь юный возраст он успешно справляется с поставленными задачами, добивается от ТурЦИК ассигнации в размере 40 млн. рублей на поставку продовольствия.

По всей республике были организованы около 1200 общественных пунктов питания, детские дома, противинфекционные лечебницы и санитарные кордоны. По приглашению Турара Рыскулова к работе в отделах комиссии на местах были привлечены 11 тысяч молодых патриотов Туркестанского края. В результате проведенной огромной работы, растянувшейся на 6 месяцев и потребовавшей невероятных усилий, к весне 1919 года масштабы голода в Туркестане постепенно начали уменьшаться. По данным от неминусимой гибели было спасено 1 млн. человек.

В апреле 1919 года Турар Рыскулов внутри Компартии Туркестана создает Мусульманское бюро, которое вскоре превращается в организацию способную эффективно противостоять русским большевикам, управляющим Туркестаном. Мусбюро, благодаря усилиям Рыскулова, становится отдельной политической партией мусульман Туркестана и играет значительную роль в политической жизни региона, оказывая влияние на политику большевиков и достигая практических результатов.

Мусульманское бюро просуществовало не долго, всего около года. За это время оно вело непрерывную и тяжелую борьбу за создание суверенной Тюркской республики и Мусульманской армии. Мусбюро сыграло большую роль в политической жизни Туркестана. Благодаря ему был нанесен сокрушительный удар по укоренившимся шовинистическим устоям.

Таким образом, выйдя победителями во внутренней политической схватке, мусульманские коммунисты во главе с Тураром Рыскуловым наткнулись на новое и более серьезное препятствие – Турккомиссию, в ее состав вошли такие опытные большевико-революционеры, как Ш.З. Элиава, М.В. Фрунзе, В.В. Куйбышев, Ф.И. Голощекин и Я.Э. Рудзутак. Одной из самых главных задач, возложенных на Турккомиссию, было внедрение принципов коммунизма в Туркестане. Опираясь на военную силу Туркестанского фронта, Турккомиссия начала предпринимать решительные шаги по сосредоточению всей государственно-политической власти в республике в своих руках.

21 января 1920 года Т. Рыскулов избирается председателем Центрального Исполнительного Комитета Советов Туркестана, став таким образом в его истории первым руководителем, являвшимся представителем коренного народа Туркестана.

Рыскулов уделял большое внимание вопросам здравоохранения, образования и просвещения, культуры и искусства, оказывал содействие в возникновении и становлении государственных учреждений в этих сферах, содействовал обеспечению их стабильной и плодотворной работы. На государственном уровне Т. Рыскулов активно занимался оказанием финансово-материальной помощи казахским и кыргызским беженцам 1916 года, вопросами их реэвакуации из Китая.

В августе 1920 в Москве Турар становится заместителем комиссара по делам национальностей РСФСР. Но недолго проработав весной 1922 года в высших властных кругах начинает активно подниматься вопрос о необходимости отправки Турара Рыскулова в Туркестан для восстановления народного хозяйства, разрушенного в годы гражданской войны и антисоветского вооруженного движения в Туркестанском крае. В своем письме от 14 мая 1922 года Г.К. Орджоникидзе И.В. Сталин следующим образом оценил значимость Турара Рыскулова: *«...баловать туркестанских коммунистов незачем, они этого не заслужили, последние два года показали, что они вместе взятые ниже Рыскулова, против возвращения которого не возражаю».*

Без объединения экономических ресурсов Центральноазиатских республик – Туркестанской АССР, Бухарской и Хорезмской НСР – трудно было ожидать восстановления и развития народного хозяйства региона, особенно сельского хозяйства. Реконструкция ирригационной системы требовала совместных усилий. Необходимость общей политики в промышленности, торговле, финансах и транспорте стимулировала лидеров трех республик к созданию единой экономической организации. Первая экономическая конференция среднеазиатских республик, проведенная в Ташкенте по инициативе Турара Рыскулова в марте 1923 года, выявила совместные интересы и проблемы, что привело к созданию Среднеазиатского Экономического совета.

Одним из направлений деятельности Т. Рыскулова на посту главы правительства Туркестанской республики стали проблемы образования и просвещения. Для восстановления народного хозяйства нужно было решать вопросы не только экономического характера, но и заниматься ликвидацией безграмотности среди населения.

В 1924 году большевистская власть намеревалась провести в Средней Азии национально-государственное размежевание, против которого выступал Турар Рыскулов. По этой причине, на прошедшем в начале января 1924 года XII Всетуркестанском съезде Советов Рыскулов «не был избран» ни на одну ответственную должность. 16 января 1924 года Турар Рыскулов официально сложил с себя полномочия председателя Совнаркома Туркестанской АССР.

В период с августа 1924 года по июль 1925 года Т. Рыскулов, являясь представителем Коминтерна в Монголии, внес значительный вклад в развитие ее государственности как независимой страны. После возвращения из Монголии прибыв в Казахстан, Рыскулов как обычно энергично приступил к работе. Тем временем Сталин поняв что Турар – молодой, энергичный, талантливый политик, старался держать его под особым контролем так как видел в нем вероятного конкурента. Обладая такими лидерскими качествами, Турар Рыскулов был по всей видимости обречен на ту судьбу что его постигла в 1938 году.

В 1926–1930 годах Т. Рыскулов возглавляет Комитет содействия строительству Турксиба. Значение Турксиба для казахского народа и Казахстана сложно переоценить, и в настоящее время она является важной и жизненной артерией в экономике независимого Казахстана. Благодаря железной дороге начинаются кадры рабочих-специалистов и инженеров из числа казахов.


Под руководством Ф.И. Голощекина, который благодаря поддержке И.В. Сталина правил Казахстаном в течение 8 лет, из-за его политики в 1932–1933 годах казахский народ пережил ужасный голод, приведший его к краю вымирания. Политика насильственных коллективизации и массовых убийств скота привела к катастрофическому сокращению стад кочевых казахов. В этот мрачный период Турар Рыскулов обратился с открытым письмом к И.В. Сталину, предприняв героическую попытку спасти свой народ от голода и угрозы исчезновения.

21 мая 1937 года Т. Рыскулов был арестован в Кисловодске, и под конвоем доставлен в Москву. После 8 месяцев следствия и допросов, он был обвинен «врагом народа» по решению суда В. Ульриха, длившегося всего 15 минут. 10 февраля 1938 года Т. Рыскулов был расстрелян.

Таким образом деятельность Тураара Рыскулова может служить ярким примером искреннего и бескорыстного служения интересам своего народа и своего государства. Он без остатка был предан своему народу, был истинным патриотом. Рискуюя всем должностью, свободой, ценой собственной жизни пытался сохранить свой народ от гибели. Трагичность судьбы Тураара Рыскулова даже спустя десятилетия после его смерти заставляет задуматься о подвиге тех кто не побоялся выступить против жестокого Сталинского режима, о тех кто жил судьбой своего народа и был готов отдать за него жизнь. Турар Рыскулов - выдающийся казахский писатель, образователь и общественный деятель, чей вклад в культуру и историю Казахстана невозможно стереть. Его литературные произведения пронизаны глубоким патриотизмом и любовью к родной земле, отражая дух народа и его богатое культурное наследие. Рыскулов оказал значительное влияние на формирование казахской национальной идентичности, пропагандируя традиционные ценности и историческое наследие страны. Его активная деятельность в сфере образования способствовала распространению знаний и развитию образовательной системы Казахстана. Кроме того, он являлся выдающимся общественным деятелем, стоявшим у истоков многих социальных и культурных инициатив в стране. Наследие Тураара Рыскулова продолжает вдохновлять и восхищать поколения, оставаясь неотъемлемой частью истории и культурного богатства Казахстана.

#### Список литературы:

1. «Тайны и судьбы великих казахов» - Турар Рыскулов  
<https://youtu.be/6Dj2ez0NKyM?si=vvEdrL6p2KkbWfXK>
2. Турар Рыскулов  
<https://ie.kz/?p=25703&ysclid=lupmszolk651511161&lang=ru>
3. Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметінің күндерегі.



## ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ӘЛЕМДІК ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

**Нурбеков Талғат Балтабекұлы**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

**Саурықова Алия Байұзақовна**

Жамбыл атындағы мектеп гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы

Адам таным субъектісі ретінде ақиқат болмыс жайында белгілі бір пікірлер, көзқарастар, білімдер жүйесінің иесі болып табылады. Бұл білімдер жүйесі әртүрлі ғылымдарда әр қалай аталып (ғаламның концептуалды жүйесі, ғалам үлгісі, ғалам бейнесі, т.б.), бірнеше аспектілерде қарастырылады. Жоғарыда атап өткеніміздей, ғаламның тілдік бейнесі концептуалды бейненің бір бөлігі және оны ғаламның когнитивтік үлгісі ретінде қарастыруға болмайды. Ол – ғалам туралы адам білімінің репрезентациясы, тілдік бейнелеудің негізі. Ғаламның қарапайым және тілдік бейнесін тұрмыстық, негізсіз көріністер деп те түсінетін пікірлер жоқ емес. Ғаламның қарапайым үлгісінің идеясы мынадан туындаған: әрбір табиғи тілдің белгілі бір ғаламды қабылдау тәсілі бар және барлық сол тіл иелеріне міндетті болып саналады. Ғалым Ю.Д. Апресянның көзқарасы бойынша, ғаламның тілдік бейнесінің аңғал болуы көлемі мен мазмұны бойынша ғылыми анықтамалар мен тілдік түсіндірмелердің үнемі сәйкес келе бермеуінен туындаған [1, 18].

Қызметі барысында адам санасында бар дүниенің субъективтік бейнесі қалыптасады. Адам тілді де қоршаған орта секілді игереді. Және бұл ретте ғаламның логикалық (ұғымдық) бейнесімен қатар тілдік бейне де пайда болады, ал ол логикалыққа қарама-қарсы келмейді, бірақ онымен бара-бар да бола бермейді. Ғаламның концептуалды бейнесі индивидтың дүниені игеру үдерісінде қалыптасады, сол себепті де онда халықтың ұлттық рухани қызметі көрініс береді.

Профессор А. Салқынбайдың пайымдауынша: «Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамзат дүниетанымы мен сананы қалыптастырып, дамытуға қызмет ететін күрделі құрылым» [2, 4]. Ғаламның концептуалды бейнесінің ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын концептілер – ақиқат болмыстың бір көрінісін бейнелейтін нәтиже ретіндегі когнитивтік құрылым болып табылады. Концептілерде екі түрлі мазмұн тіркеледі: ұғымдық, вербалды және ассоциативтік, мәденитанымдық. Сондықтан да концептілердің тіларалық салғастырылуы түрлі тіл иелерінің концептуалды ғалам бейнелеріндегі ұлттық пен әмбебап компоненттерін айқындауға мүмкіндік береді. Ал, менталды айырмашылық мәдениет құрылымындағы ерекше ұлттық концептілер арқылы айқындалады [3, 69].

Ғаламның концептуалды бейнесінің ұлттық ерекшелігін қарастырған С.И. Драчева: «Қоршаған ортаны танып білу тәсілдерінің әмбебап болуына орай түрлі тіл иелерінің ұғымдық компонентінің мазмұнында үлкен ұқсастық болуы заңдылық. Оның үстіне түрлі мәдени концептілердің өзек компоненттері, жалпы алғанда, бір-бірімен сәйкес келеді. Ал, ұлттық ерекшеліктер, негізінен, концептінің мәдени компонентінде немесе шеткері аумақтарында ғана көрініс береді» [4, 12]. Сол себепті де ұғым базалық ретінде түрлі тіл мен екі тіл иесі (билингв) білім көзқарастырының ерекшеліктерін айқындау барысында іріктеліп алынады. Ал, тіл иелерінің қызмет ерекшеліктеріне тәуелді, яғни мәдени, географиялық, т.б. концептуалдық бейнесінің ұлттық сипатын айқындауда талдауға тек бірқатар концептілер ғана негізге алынады.

Ғаламның концептуалды бейнесінің ұлттық сипаты мәдениетке қатысты белгілі бір концептілерде ғана көрініс береді. Мұндай концептілердің жиынтығы менталитет ерекшелігін айқындайды және оның маңыздылығы тек сөйлеу, айтылымдарды ұғыну үшін ғана қажет емес, сондай-ақ мән-мағына жасалым өзгешелігін көрсетуге де септігін тигізеді. Концептілерді тіларалық салғастыру барысында, олардың құрылымында идиоэтникалық пен әмбебап компоненттердің тұрақты арақатынасы айқындалады және ақиқат болмыстың сол бір үзігіне, яғни әмбебап сипатына қатысты түрлі тіл иелерінің санасындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктер концептінің басқа компоненттері арқылы анықталады.

В.А. Пищальникова: «...концептіде психологиялық та, жеке тұлғалық та мән-мағына болады», – деп тұжырымдайды [5, 31]. Бұл құрылымның өзегін ерекше белгілері бойынша бір топ заттардың қосындысы ретіндегі ұғым құрайды. Концептінің әрбір компонентінде интерсубъектік бөліктің болуы түрлі концептуалдық бейне иелерінің арасындағы коммуникацияға мүмкіндік береді. Субъектімен игерілген сөздер мен басқа да тіл бірліктерінің мағыналары тиісті концепт жүйесіне оның бір құрамдас бір бөлігі ретінде қосылып, концептінің қалған компоненттерінде (визуалды, есту, т.б.) секілді оны тұтастай айқындауы мүмкін. Сондықтан да тілдік таңбаның қабылданымы концептідегі эмоционалды, ұғымдық, субъективтік бейнелі ақпаратты алға тартып және керісінше мұндай ақпараттың кез келген түрі таңбамен ассоциацияланады [6, 11].

Сонымен, ғаламның тілдік бейнелерінде түрлі семантика болғанымен, олардың барлығы да өзара жүйелі қатынастармен бір-бірімен тығыз байланыста болып келеді. Біздің зерттеуімізге арқау болған ертегілер әрбір халықтың өмір сүруінің тарихи және табиғи жағдайларын бейнелейтін ауызша халық шығармашылығының түрінің бірі болып табылады. Ертегілерде ежелгі адамдардың тұрмыс-тіршілігі мен болмысы түрлі аспектілерде суреттеледі. Олар халық даналылығының, халық дарынының, халық дүниетанымының синтезі болып саналады.

Ертегілер, әдетте ойдан шығарылған кейіпкерлер мен оқиғалар жайындағы ғажайып, фантастикалық күштердің қатысуымен баяндалатын халықтық-поэтикалық шығарма деп түсініледі. Ертегілер деп ауызша прозаның не бір түрлерін атайды, сол себепті де олардың жанрлық ерекшеліктерінің анықтамасында бірыңғай қалыптасқан тұрақтылық жоқ. Дегенмен, қазақ ертегілерін зерттеген бірқатар ғалымдарды атап кетуге болады: В.В. Радлов, Г. Потанин, И. Березин, А. Алекторов, П. Мелиоранский, Ш. Уәлиханов және т.б.

Академик В.В. Радлов: «Өзге туыстас елдерде қазақтың ерекшелігі – сөз орамына шебер, тамаша шешен», – деген қорытынды жасайды [7, 44]. Фольклоршы, этнограф Ә.А. Диваев: «Көпеев бүкіл дерлік қазақ даласын, Түркістан өлкесін аралап, көптеген адамдармен, суырып салма жыршылармен кездесті... Өзінің белгілі адамдармен әңгімелерін, олардың айтқандарын, маңызды нақылдарын, ұтымды өткір сөздерін өзінің дәптеріне, күнделігіне жазып отырады... Оның үстіне ол орыс, татар ғалымдары мен жазушыларының қазақ жайындағы жазбаларын зейін қоя зерттеді. Қазақтың әдебиеті мен тарихы жөнінде бағалы материалдар жинады», – деп М.Ж. Көпеевтің қазақ ертегілерін зерттеудегі рөлін атап өтеді [8, 98].

Осымен байланысты М. Әуезов: «Қазақ ертегісі көп. Сол ертегілердің ішінде ең ескіргенін алсақ, бұрынғы заманғы ескі нанымды білдіретін жалмауыздар араласқан ертегі мен кәсіптік ертегілері болады. Кәсіптік ертегіге көп кіретіні аңшылық. Өте ескі ертегілер – «Еділ-Жайық», «Құламерген» сияқтылар болса, бұнда иен тау, елсіз жерлерді жапа-жалғыз мекен еткен баяғының батыр аңшылары әңгімеге кіреді», – деп көрсеткен [9, 31] және «...қазақ ертегілерін шартты түрде мынадай топтарға бөлеміз:

- а) қиял-ғажайып ертегілер;
- б) хайуанат жайындағы ертегілер;
- в) салт ертегілер;
- г) балаларға арналған ертегілер;
- д) аңыз ертегілер, күй аңызы», – деп жіктейді [9, 173].

Осы тұрғыдан алғанда, фольклортанушы Ә. Қоңыратбаев: «Қазақ ертегілерінің қай түрі болса да замана елегінен өтіп, халық санасына сіңіп кеткен сюжеттер. Онда бірқатар елдерге ортақ әрі төл сюжеттер болып жүрген мотив-образдар аз емес», – деп айта келіп, қазақ ертегілерін тақырыбына қарай: «мифтік ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер, тұрмыс салт ертегілері», – деп көрсетеді [10, 67]. Сонымен, фольклордың басқа түрлерінен ертегілердің айырмашылығы баяндаушы атып береді, ал тыңдаушылар оны, ең алдымен, поэтикалық, қиыл-елес шығармасы ретінде қабылдайды. Ертегілер осы жағынан ерекшеленеді. Алайда, бұл – ертегілердің идеялық мазмұнын, тілін, сюжеттер сипатын, уәждерін, бейнелерін айқындайтын ақиқат болмыспен байланысы жоқ деген сөз емес.

Алғашқыда ертегі тарихында классикалық ертегілер сипатының басты белгісі болып табылатын саналы түрде ойлап шығару жайында сөз болған да емес. Бірте-бірте адам баласы өзін табиғат күштерінен тәуелсіз бола алатынын сезінгеннен бастап, сондай-ақ қоршаған ортаны танып білу үдерісінің тереңдеуіне орай ертегішінің дүниетанымы ежелгі ертегілердегі мифологиялық көзқарастармен толық сәйкес келе бермейді деген де пікірлер де бар [11, 21]. Бұл әрине ағылшын ертегілеріне қатысты көзқарас деп санаймыз.

Шын мәнінде, ертегілер сан түрлі болып келеді. Сондықтан да оларды толық көлемде зерттеу мүмкін емес сияқты көрінеді. Ол үшін материалды міндетті түрде бөлшектеп, яғни жіктеп алу қажет: «Дұрыс жіктелім – ғылыми сипаттаудың алғашқы сатысы. Жіктелім дұрыстығы кейінгі зерттеудің дұрыс шығуына тікелей байланысты... ертегілердің ең қарапайым жіктелуі – ғажайып мазмұны бар, тұрмыстық және хайуанаттар жайындағы т.б. ертегілер», – деп көрсетеді В.Я. Пропп [12, 32].

Жоғарыда келтірілген жіктелім ертегілерді бөлімдерге ажыратып көрсетеді. Әрине, бір қарағанда, бұл жіктелім күмән келтірмейді. Алайда бірқатар пікірталас тудыратын тұстары да бар екені анық. Себебі, бөлімдерге бөліп көрсетуден басқа сюжетке негізделетін жіктелімдер де бар. Бұл ретте, күрделі, басы ашылмаған, бірнеше анықтамасы бар сюжет ұғымын атап өткен жөн.

Қазақ ғалымдары С.А. Қасқабасов пен Е.Д. Тұрсынов та миф пен ертегінің өзара байланысы туралы сөз етеді. Мысал ретінде қазақ ертегілерінің танымал кейіпкері Жалмауыз кемпірді келтіріп, оның кей жағдайда басты кейіпкерге көмек көрсете алатынын, ал, негізінен ертегінің жағымсыз кейіпкері екенін атап көрсетеді. Авторлардың пайымдауынша, ертегідегі Жалмауыз кемпір бейнесі мифтен алынған және миф бойынша ол о бастан Жерді тудырған түп негіз және адам баласының қамқоршысы болған.


Ертегіде оның бейнесі толық өзгеріске ұшырап, адамның қас жауына айналған [13, 74]. Мысалы, «Еркем-Айдар» ертегісінде ол жауыз қарындасқа немесе әйелге айналып, дәу алып көмегімен ағасын немесе күйеуін құртып жоймақшы болады. Сонымен, мифологиялық кейіпкерлердің қызметтері ертегілер, көп жағдайда, әлеуметтік маңызы өзгеруіне байланысты қарама-қарсы сипатқа ие болады. Осымен байланысты қиял-ғажайып ертегілері мен мифтердің генетикалық өзара қатыстылығы бар деп тұжырымдауға әбден болады деп санаймыз.

Қорыта келе, тұрмыстық ертегілерде тіршіліктің күйбеңінде болып жатқан әрекеттер кейде қаз-қалпында суреттеледі. Мұнда әрқашан қарапайым еңбек адамы, адал адам істеген жақсы істерімен жеңіске жетеді. Әлем бейнесінің концептуалданған, тіршіліктегі болып жататын әрекеттер мен көзқарастар жиынтығының тілдегі көрінісі.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Апресян Ю.Д. Избранные труды в 2х т. Т. II.: Интегральное описание языка и системная лексикография. – М.:Школа «Языки русской культуры», 1995. Ф С.348-385.
2. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект. Филол.ғыл.док.дисс. автореф. Алматы, 1999. – 47 б.
3. Павиленис Р.И. Проблема смысла: Современный логико-функциональный анализ языка. – М., 1983. – 296 с.

4. Драчева С.И. Экспериментальное исследование вербального содержания этнической концептуальной системы // Текст: структура и функционирование. Вып. 2. Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 1997. – С. 60-64.
5. Пищальникова В.А. Проблема смысла художественного текста. – Новосибирск, 1992. – 127 с.
6. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Часть V. Наречие 4. дикокаменных киргизов. – СПб., 1885. – 420 с.
7. Казахская народная поэзия / Сост. Н. С. Смирнова, Г. М. Гумарова, М. С. Сильченко, Т. С. Сыдыков. Алма-Ата, 1964. – 256 с.
8. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Он жетінші том. Мақалалар, зерттеулер. Алматы: «Жазушы». 1985. – 350 б.
9. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Оқу құралы. – Алматы, 1991. – 288б.
10. Рошияну Б.Н. Миф или реальность: правдивые факты. – М.: Филология. 1998. – 346 с.
11. Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки. – М.: Просвещение, 1999. – 289 с.
12. Каскабасов С.А. Казахская волшебная сказка. –Алма-Ата: Наука, – 173 с.
13. Турсунов Е.Д. Генезис казахской бытовой сказки. –Алма-Ата: Наука, – 211 с.



## **ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ**

**Асенова Мархабат Темирханқызы**

Мұхтар Әуезов атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі,  
Жамбыл облысы, Шу ауданы

Қазақтың арғы-бергі тарихында ұлт дамуына өзінің үлесін қосқан талантты тұлғалар көп. Саналы ғұмырын халықтың игілігіне жұмсап, ел мүддесін жеке басының қамынан жоғары қоя білген ұлтымыздың таланттыперзенттерінің бірі – Шерхан Мұртаза. Ұлттық болмысты тіршілігінің өзегі санайтын әрбір жас ұрпақ осы бір тау тұлғалы талант иесін, ең алдымен, ұлт жанашыры, халық адамы ретінде танитыны анық. Заман көші жылжыған сайын жадымызда көмескі тартудың орнына бейнесі күндей жарқырай түскен қарымды қаламгер есімі бүгінгі таңда белді ғылым саласына айналып, оның ұлттық, отаншылдық көзқарастары заманауи тұрғыда жаңаша сипат алып жүр. Шерхантану ғылымының аясында еңбек еткен ғалымдардың пікіріне сүйенсек, шерхантану – ғылымда әлі күнге дейін зерттелуі жалғасып келе жатқан күрделі сала. Бұл мақаламызда біз Шерхан Мұртазаның қайраткерлік қырына, оның ұлттық идеяларының өміршеңдігіне тоқталмақпыз.

Қарымды қаламгер, жалынды журналист Шерхан Мұртаза сонауқылышынан қан тамған Кеңес үкіметінің кезінде-ақ өзінің публицистикалық мақалаларында, ғылыми-көпшілікке қарата айтылған жалынды сөздерінде ұлттық рух, тәуелсіздік, ұлт пен тіл тақырыптарын жүйедентайсалмай, жиі қозғағандығы тарихтан мәлім. Ал Тәуелсіздік жылдарында ол идея саяси еркіндік алып, ұлы тұлға рухани еркіндікте ұлттық болмыс туралы емін-еркін сөз қозғап, тіл мәселесін көтеріп, халықтың мұң-мұқтажына айналған өзекті тақырыптарды айтып, өткір дүниелерін, терең ойларын баспасөз беттерінде жариялағаны көпшілікке мәлім. Мұндай ұлттық идеяларды жазушы өзінің көркем шығармаларына да арқау еткен болатын. Өйткені жазушының қайбір көркем әңгімесін оқып көретін болсаңыз, ол шығарма ұлт тағдыры туралы өрбиді. Негізінен жазушы өзінің шығармаларында оқырманға ақыл-кеңес бермейді, бағыт-бағдар сілтемейді. Ол әңгімесін



баяндай келе, оқырманға философиялық ой салады. Осылайша ойлауға, ойлануға итермелейді. Сөзінің астарынан үнемі ұлттық рух, елдік мәселесі мен мұнда лап тұрады.

Шерхан Мұртазаны қазақ халқына алдымен танымал еткен – оның жазушылық қыры. Жазушы Шерхан Мұртазаның қаламынан туған әдеби шығармаларды тізбектеп, оқырманға көрсетудің басы артық екенін білеміз. Дей тұрғанмен, ұлттық болмыс, руханият туралы көзқарастарын саралау үшін, әсіресе, қаламгердің тек қазақ халқы ғана емес, жалпы түркі әдебиетінің асыл жауһары саналатын “Қызыл жебе” романы туралы сөз қозғамау мүмкін емес.

Шерхан Мұртаза – қарымды қайраткер, жалынды жазушы. Қайта құру кезеңінде, әлі кеңестік дәуірдің салқыны саябырламаған кездің өзінде ол Алаш зиялыларын тануға және көпшілікке, әсіресе, жас ұрпаққа танытуға қызмет етті. Мұндай қоғамдық қызмет оның ең алдымен отаншылдық рухын, ұлттық жанашырлығы айғақтайды. Ол ұлттық тарихтың түбінде уақытша елеусіз қалып, шаң басып қалған құнды дүниелерді, ұлттық құндылығы жоғары жәдігерлерді қайта тірілті. Өзіне етене жақын, жанына жуық тақырыпты, яғни ұлттық құндылық турасында алаш қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірбаянын зерттеп, «Қызыл жебе» атты роман-эпопея жазды.

Көзі қарақты оқырман белгілі қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов тарихи деректерден хабардар болғанымен, оның өмір жолын түгел қамтитын, ұлт мақтанышы бейнесін жоғарыдан көретін іргелі туынды Шерхан Мұртазаға дейін дүниеге келе қоймаған еді. Осындай кезеңде зиялысынан адасып қалған ұрпақты ардақтысымен қауыштыра Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы әдебиет әлемінің есігін ашты. Ол туралы Т. Мәмесейіт былай дейді: «Біздің жоғалтқанымыз – қазақ деген соры қайнаған халықты қайтсем бақытқа жеткіземін деп жанпидалықпен күрескен арыстарымыз еді алдымен. Олар – біздің өткеніміз, тегіміз, руымыз еді ғой. Зорақы заман бізді содан айырғысы келді. Мәңгүрт жасағысы келді. Міне, сол оталған арыстарымыздың бірі және бірігейі Тұрар Рысқұлов еді. «Қызыл жебе» хамсасы» арқылы біз алдымен сол Рысқұловты таптық және таныдық. Ал, Рысқұлов тағдыры – халық тағдыры. Өйткені, оның өмір жолындағы басынан өткен шындықтар халық тағдырындағы, тарихындағы шындықтарды елестетер еді. Сондықтан да, Рысқұловты тану – халықты тану деген сөз. Халықты тану – өзіңді тану»[1]. Осы тұрғыдан алғанда, «Қызыл жебе» - ұлттың рухын түлеткен, рухани ұстазына, көш бастар көсеміне айналған шығарма болды.

Тарихтан белгілі ұлттық болмысы биік тұғырдан көрінген тұлғалардың біріне айналған Тұрар Рысқұлов жайында жазылған жазушы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірбаянын ғана баяндап қоймай, оның ұлт үшін атқарған қызметін, жан-дүниесін, мінез-құлқын, ұлттық ұстанымын түрлі оқиғалар мен диалогтар арқылы ашып көрсетеді. Бұл шығарма Қазақстан әлі өзінің тәуелсіздігін алмай тұрып, сонау тұсаулы тар заманның тұсында жазылған. Автордың айтуынша, бұл шығарманы ширек ғасыр зерттеп жүріп қағазға түсірген. Тарихқа жүгінсек, Шерхан Мұртаза 1960 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде Байжарасов[2] деген автордың Тұрар Рысқұлов туралы мақаласын оқығанын, мақала қатты әсер еткені сонша, сол кезге дейін есімін атауға тыйым салынған осынау ұлы тұлға туралы көркем шығарма жазуға бекінгенін айтады. Ал редакция суретшісінен сұрап алған Тұрар Рысқұловтың суреті ол туралы жинаған материалдарының алғашқысы болған екен. Бірақ бұл мақала Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросында қаралып, оны жариялаған газет редакторы Қасым Шәріпов қызметінен босатылады. Себебі ол кезеңде Тұрар Рысқұлов қылмыскер ретінде ақталса да, саяси қайраткер ретінде ақталмағаны белгілі. Қаулы бойынша кеңес мүшелері Тұрар Рысқұловты бастан-аяқ қаралап шығады. Тіпті ол туралы қайтып жазуға мүмкіндік қалдырмайтындай қылып қаралайды. Сол кездегі партия басшылығының қаулысының мәтінін оқыған жас журналист Шерхан Мұртазаны бұл негізсіз қаралау алған бетінен қайтара алмапты. Мұндай қайсар шешімге келу Шерхан Мұртазаның тумысынан болмысында болғандықтан, қолына қалам алып, Рысқұлов тағдырын жазуға кірісіп кетіпті. Ұлт туралы, ұлттық ой, тұлға туралы айтуға шек қойылған уақытта мұндай кесек дүниені

жазып, оны тайсалмай жарыққа шығару – үлкен ерлік. Өйткені бұл роман-эпопеяда бір ғана тұлғаның өмірі баяндалмайды, тұтас қазақ қоғамының бодандықтан тартқан қасіреті, ұлттық болмысы, тіршілігі, салт-дәстүрі, тарихы, өзіндік болмысы ашық баяндалады. Автор өзінің ұлттық құндылығын, тәуелсіздікке талпыну идеясын, азаттықты аңсау сарынын бүкпесіз көрсетеді. Шерхан Мұртазаның өзі жазушыретінде, жалпы ұлттың жанашыр перзенті ретінде Алаш рухты болғандықтан, Тұрар Рысқұловтың бойындағы қасиеттерді, сол кезеңдегі тарихи жағдайларды баяндап отырғанда да ұлттық көзқараспен, ұлттық рухпен баяндайды. Сондай-ақ Алаш идеясын кейіпкердің сөзі, әрекеті арқылы қиыстырып жеткізеді.

Бұл романның бас кейіпкері – тарихи тұлға Тұрар Рысқұлов. Автор романда оның жас шағынан бастап өскен ортасын, өмірден көрген-түйгенін, алған әсерін жан-жақты кең, байсалды суреттейді. Жастайынан көрген қиыншылық, қорлық, жеген таяқ, аянышты, қарабайыр тіршілікті суреттеу арқылы кез келген адамның басына түсе бермейтін сұрқия, қатал тағдырды танытады. Тұрар қаршадайынан әкесі Рысқұлды өзіне үлгі етіп өсті. Ол әкесінің турашылдығын, күштіге жағымпазданбайтын, ойын күмілжімей айтатын, мықтыдан ықпайтын қайсарлығын, жарлымын деп жасымайтын мінезін көріп өсті.

Бүкіл тіршілігінде адамгершілік, азаматтық парыз бен асқақ мұраттар маңызды болған Тұрар Рысқұловқа мансап немесе атақ емес, туған халқының өмірлік мұрат-мүддесі биік болды. Ол сол үшін небір қиындыққа нартәуекел етеді. Небір зұлмат, талай қиын жағдайларда, бұлтты күндерде Тұрар Рысқұловты аман алып шыққан да оның иманы зор, парызы биік, мүддесі асқақ, адал да әділ күрескер мінезі болды. Сондықтан да суреткер Шерхан Мұртаза өзінің бас кейіпкерінің бойындағы әрі азаматтық, әрі қайраткерлік абзал қасиеттерді шынайы бейнелеп бере алған. Осылай, тарихтың ақтаңдақ беттерінде өшпес сиямен жазылып қалған тарихи шындық – Тұрар Рысқұлов өмірі арқылы қарымды жазушы Шерхан Мұртаза тұтас бір халықтың ұлттық мұратын, рухани болмысын, өмірлік құндылықтарын айқындайтын зор азаматтық, ұлттық идеясын білдіріп кетті.

Бұл ұлттық рух пен идея оның барлық шығармаларында көрініс табады. Баспасөз беттерінде ол талай мәрте қандастарымызды ұлтқа адал қызмет етуге, ұлт дегенде үнсіз қалмауға шақырғанын білеміз. Оның әрбір шығармасы, әрбір қоғамдық ортада сөйлеген сөзі ұлттық идеяны үндейді. «Демократия – жүгенсіздік емес!»[3] деп кесіп айтқан бір ғана сөзінде теңіздей терең мән бар. Кезінде қайғылы Желтоқсан көтерілісі туралы сөз қозғап: «Бұл көтеріліс – империалистік күшке көрсетілген қарсылық. «Мен қазақпын!» деген жастардың көрген қасіретке қарсы шыққан мінезі еді»[4], - деп үн қосады. Сол сияқты ол өзінің азаматтық үнін жер мәселесіне келгенде де өткір айтып, халық назар аударып, жердің елдің меншігіндегі дүние екендігін айтады. Бабамыздан қалған ең негізгі байлық – жерімізді шетелдіктерге сатуға тыйым салу қажет екендігін биік мінбелерден айтып, тайсалмай арыстанша алысқан бейнесін бәріміз білеміз.

Шерхан Мұртазаның ұлттық идеясы дегенде ойымызға оның тіл туралы айтқан өткір толғамдары оралады. Ол: “Тұтас бір дәуір қазақтарды ана тілінен айыруға қызмет етті. Сол Ана тілінен өгей қалғандар «жаңа идея», «жаңа теория» ашып, оны халықтың санасына сіңірмек болып, әрекет жасап жатыр. Ана бір Телемтаев деген оқымысты «Саф-сана» деген кітапша жазып, «Қазақстан ұлты» деген ұғым тудырды”, “Президент «қазақша сөйлеңдер!» дейді. Ал президенттің айтқанын маңайындағылар орындап отыр ма? Жоқ! Бірде-біреуі орындап отырған жоқ. Есіктен шыға бере айтылған сөз айтылған жерінде қалады. Жиналыс біткеннің бәрі орыс тілінде жүреді. Басшыдан бастап, қосшыға дейін орысша баяндама жасайды. Қазақ үкіметінің кіндігі орыс тілімен бірге байланып туған. Мәселенің түп қазығы осында”, “Ана тілінсіз халық болмайды. Тілінен айырылған ұлт – тарихынан, түп-тамырынан айырылған ұлт. Тілсізді ұлт деуге болмайды. Тілінен айырылған халық – ата-бабасының, туған әкесі мен анасының атын ұмытқан халық. Ал ондайларды мәңгірт деп атайды”[4]деп толғанған. Осылайша, қоғамда орын алған тілге қатысты ұлттық қозғалысты қолдап, тілдің жанашырларымен бір сапта, бір мүдде

екендігін үнемі білдіріп, ұлттық тіл үшін әрдайым аянып қалмаған Шерхан Мұртазаның мұраты – ұлт болып қалу үшін ұлы байлығымызды сақтау.

“Рухы мен намысы сөнген ел – өлген ел” [5] деген сөзі – Шерхан Мұртазаның ұлттық құндылықтар туралы айтқан келелі ойы. Қазақы қалыпты, ұлттық болмысты сақтауды ол өзінің азаматтық міндеті санап қана қоймайды, өзге де қоғам мүшелерінің асыл парызы екенін ұғындырғысы келеді. Ұлтың ұяты, елдің намысы оның өз тілін, ділін, дінін, салт-дәстүрі мен тарихын құрметтеуден, оны ұмытпай, әрдайым дәріптелген басталатынын қатаң ескертеді. Осы тұрғыдан алғанда жоғарыда келтірілген қанатты сөзі – күн тәртібінен еш уақыт түспейтін, өзінің өзектілігін қай дәуірде де жоғалтпайтын құнды ұстаным.


Шерхан Мұртаза Тәуелсіздік алған күннің өзінде де санасы өзгеге тәуелді, бодандық кейпін әлі де кешіп жүрген қоғам мүшелерінің бар екенін қауіптен айтқан. Оның: “Өлі күнге дейін кешегі империя етігінің темір өкшесін аңсайтындар бар” [5] деген ойы осы сөзімізді дәлелдейді. Осы астарлы ойдың түбінде ел тәуелсіздігінің мызғымастығын қалыптастыру қажет екендігін жеткізер идея жатқандай. Қазақтың азаттығы мәңгілік болуы үшін қоғамда бұрынғы дәуірді аңсайтын, оның қайта келуіне мүдделі жандардың орнын жасампаз, жас ұрпақ алмастыруы керек деген ой ұшқыны келеді. Бұл да Шерхан Мұртазаның ұлттық идеясын өзектендіре түсетін салмақты да ардақты сөз.

Сонымен қатар біздің азаматтық әрі зайырлы қоғамымызда ұлтты қазақы қалпымен қалтқысыз сүйіп, ерекше қадір тұтатын өзге де ұлт өкілдерінің бар екендігін баса айтатын тұсы бар. Оның әйгілі жазушы, ғасырдың ғаламат перзенті, неміс ұлтының өкілі, қазақ тілінің жанашыры Герольд Бельгер туралы: “Егер Қазақстанды мекендейтін көп ұлттың әрбір азаматы Қазақстанды, қазақты, оның тілін, салт-дәстүрін, мінез-құлқын, жер-суын Бельгерше түсініп, Бельгерше біліп, Бельгерше сыйлап, құрметтесе, онда бұл елде Құдай сүйгендер ғана тұрып, жұмақ орнар еді” [5] деген сөзі көп нәрсені меңзейді. Яғни қазақтың суын ішіп, жерін басып жүрген кез келген өзге ұлт балалары осы Отанды, ұлы қазақ халқын қазір тұтып, оның ұлттық болмысына зор құрмет көрсетуі заңдылық деген ойды айтқысы келгендей. Расында, қазақ халқы кезінде тағдырдың айдауымен, тарихтың толқынымен атажұртынан ажырап, бас сауғалап көшіп келген әртүрлі ұлт пен ұлыс өкілдеріне пана болып, жүрегінен орын, үйінен төр, асынан сыбаға берген еді. Сондықтан да, қазіргідей өз қолы өз аузына жеткен тұста, ол ұлт өкілдері қазақтың жанашырлығын, қазақтың даладай дарқан көңілін, қазақтың меймандостығын, қазақтың қонақжайлығын сыйлап, оның салты мен дәстүріне, тарихына, тіліне құрметпен қарауды парыз деп санауы заңды құбылыс.

Қорыта айтқанда, Шерхан Мұртазадай ұлт жанашыры, қарымды қаламгер, дарынды журналистің ұлттық идеяларын оның тұлғалық қасиетін даралай түседі. Оның ойынан төгіліп, қаламынан шыққан құнды дүниелерді жас ұрпақ бойына сіңіріп, семсер сөзін ұрпақан-ұрпаққа жалғау – біздердей аға буын өкілдеріне, әсіресе, ұстаздарға жүктелген асыл міндет.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы Тұрар бейнесі. Әдебиет порталы. Алматы, 2017 жыл.
2. Халық жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның өмірден озғанына – 1 жыл. “Егемен Қазақстан” газеті, 3 қазан, 2019 жыл.
3. Шерхан Мұртазаның қанатты сөздері. Жетісу.кз, 29 қаңтар, 2022 жыл.
4. Ойлар. Ұлағатты сөздер. – Bilim-all.kz, 15шілде, 2016 жыл
5. Қанатты сөздер жинағы. Автор Шерхан Мұртаза. –Zharar.info. 16 сәуір, 2021 жыл.



## РУХАНИЯТ – ХАЛЫҚТЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІ

**Жанна Нурмашқызы**

№54 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

Ұланғайыр Қазақ даласы ұлы Сақ, Ғұн, Түркі, Қыпшақ тайпаларының қара шаңырағы, әрі ұйытқысы болған жер. Осынау ұлы даланың көгінде ата-бабаларымыз мәңгілік іздерімен артындағы ұрпағына өшпес мұра тастап, сонау ғасырлар қойнауындағы мәдениетін бізге әртүрлі жолдармен қалдырғанына бәріміз куәміз. Осындай ежелгі ұлы тайпалар Қазақ даласын өздерінің Отаны ете отырып, әлемдік адамзат баласының дамуында тарихи ірі мәдениеттерімен үлкен үлес қоса білді. Сол ғаламдық өркениеттің жетістігіне қосылған үлкен үлестің негізі Қазақ халқының ұрпағына берген данагөй тәрбиесі мен рухани құндылықтары дер едім. Халқымыз тарих толқынында қаншама шапқыншылық пен қырғын соғыстарды басынан кешірді, тіптен, қырылып барып қайта еңсе көтерген замандары да аз болған жоқ [1, 15-24].

Тарих тереңінен таразылап қарасаңыз халықтың осындай әлеуметтік құлдырауынан қайта жоғары көтеріліп, серпін алуына негіз болатын себептің бірі – руханият қағидасы. Халқымыздың әрқашан «рухың сынбасын, рухани жүдеме» деп айтып жататын салиқалы ойларының барлық тәрбиелік мәні де осында жатса керек.

«Рухы биік ұлт қана ұлы істерді атқара алады». Шынында да адамдарды ой-саналық құлдық пен азғырушылықтан, жан-дүниенің күйзелісі мен еңбектік жалқаулықтан құтқаратын бір ұлы тылсым дүние бар, ол – руханият.. Шын көңілдің көзімен қарай білсеңіз руханият деген – тозығы жетіп, құлдырап бара жатқан білдей бір қоғамды қайта түлетіп, азғындық құлдырауға түскен түпсіз терең шыңыраудан да алып шығатыны ақиқат нәрсе. Өйткені, руханият – адамзат баласының ішкі жан-дүниесінің кеңдігі мен адалдығынан, ой-санасының нәзіктігі мен жоғарғы сипатта дамуынан, әділеттілік үшін күресе білетін белсенділігі мен ізгі ниетті қайырымдылығы тұрғысында қалыптасатын рухани ішкі әлемдердің жиынтық дүниесі. Ал, бұл дегеніміз – адамгершілік, ар-ұят пен адами қасиеттердің мәдени құндылықтарын мейірімділік аясында өн бойына сақтап, қастерлеп, оны әрекетке айналдыру қабілеті деген сөз. Әрине, ол мұнымен ғана шектеліп қоймайды, сонымен қатар, адам дейтін салиқалы жанның тарихы, әдебиеті, өнері мен ата-бабадан қалған даналық жолдарын, әрі тәрбиелік мәні зор ғылыми, біліми салт-дәстүрлерінің дамуына да ықпал ететін ұлы күш. Күн нұрындай жарқырап жан-дүниеңе сәулелі шуағын шашып, сезімді сергелдеңге сала отырып, ой-санаңды теңіз толқынындай толқытып әкететін де осы рухани дүниелер. Қас-қағым бір сәтте шырмауықша шырмалған жалаң ойлардан да арылтып, жаныңды жай шуаққа бөлейтін де түпсіз терең шыңырау шұңқырынан да сені алып шығып, есінді жиғызатұғын, әрі саған демеу болып қара күштің атасы мен батасын да беретін де осы - ата жолы ұлттық тәрбиеден бойыңа сіңген рухани азықтар ғана. Міне, бабаларымыз сол үшін де адамзатқа сарқылмас азық пен от болар руханият қағидатын ұрпақ қамы үшін бірінші жолға қойып, әлеуметтік саланы екінші жолға қойды. Тарих толқынданып өте береді, өмір өрескел ісін көрсете береді, тек, рухани дүниелер ғана саған мәңгілік жолбасшы болып, өмір өзенінің арнасын кеңейтуіңе жол ашады. Осыны білген біздің ата-бабаларымыз қандай данышпан десеңізші?! Қазақтың біртуар ұлы тұлғасы Әлихан Бөкейханов: «Рухани мәдениеттің бір белгісі – жұрт баласына жалпы оқу, газет, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп, адам баласына жақсылық жол ашу» - деп айтып кетіпті. Ғұламаларымыз мұның бәрін жайдан-жай айтып кеткен жоқ, көзге көрінбес, сөзбен айтып жеткізе алмас мәдени азықтардан нәр алып, сол арқылы адам болып қалыптасуды әрі ұлттық бірыңғайлықты сақтап қалудың жолы екеніне сілтегені.

Әрине, біздің тақырыбымыз адамның жетілуіне негіз болар ой-сананың дамуының бастамасы ретіндегі ақыл, сезім және қазақи тәрбиеліктің түп қазығы – руханият жайында болған соң, соның өзегін қаузап жатқанымыз ғой. Заманға қарай адамы, адамына қарай

қоғамы қалыптасатын жаңашылдық дәуірдің жаңа белестері мен сатыларын бастан кешіріп келе жатқан біздерге, қазіргі таңда, рухани байлық әбден керек-ақ. Ол елдің дамуына, халықтың азып-тозбауының алдын алатын қорғаныш есебіндегі қамал секілді болмақ. «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақалада айтылған «Ұлттық код» дегеніміздің өзі осы - руханият ғылымы. Ал, сол рухани ғылымды бала кезден өн бойына бабаларынан қалған тәрбиелік ілім ретінде сіңдіріп, игеріп, дарытып алған ұрпақтың санасына ешқандай да өзге ұлттың саяси арам ойларының ешқайсысы да бұзып-жарып кіре алмайды. Яғни, ол – сол ұлттың рухани коды.

Иә, рухани жаңғыру бағдарламасы аясында осылайша келелі істер мен жұмыстардың талайы қолға алынып, жақсы нәтижеге бастап келе жатқаны қуантарлық жағдай. Сондай рухани жаңғыру мен руханият ғылымының дамуының бір дәлелі 2019 жылы Жамбыл облысының құрылғанына 80 жыл толуына орай, мерейлі мереке қарсаңында, Тараз қаласында ашылған «Көне Тараз тарихи этно-мәдени кешені» болып табылады. Еліміздегі сондай тарихи-мәдени кешен – тұңғыш рет тарихи мұраларға бай өлкелердің бірі-қасиетті Жамбыл өңірінде ашылды.

Тараз өлкесі ежелден бері ірі өркениеттің ортасы болған жер ғой. Сондықтан да, мұндай мәнді де мағыналы мәдениет ошақтарының қасиетті Тараз қаласынан ашылуы – бәріміз үшін де үлкен мақтаныш болды. Әрине, мәселе бұл кешеннің азиялық бейнеде ашылып, Таразға тарихи көрік бергенінде емес, қайта жоғалғанымызды тауып, ұмытқанымызды еске түсіріп, салт-дәстүріміздің, тарихымыздың, әдеби мұраларымыздың өзімізге оралғаны еді.

Мұны айтып отырған себебім, аталған кешен ішінде ерекше атап айтар мекеме «Шерхан Мұртаза атындағы Руханият және тарихтану орталығының» ашылуы болатын. Аталған мекеменің аты айтып тұрғандай ұлттық кодымыз болып саналатын рухани құндылықтар мен сол құндылықтардың негізі ретінде айқындалатын ата-баба тарихының ғылыми тұрғыда зерттеліп, бір орталыққа жиналатыны және оны кейінгі ұрпақтың жадына сіңдіре алатындығымызда. Үш мың жылдық тарихы бар халқымыздың атадан балаға қалып келе жатқан қасиетті тәрбиесі мен киелі рухани білімдерін «Руханият» атты үлкен ғылыми орталықтан еліміздің жаһандану заманындағы жаңа ғасырдың жаңашылдық тәрбиесіне бейімдей отырып, өзіміздің түпкі тарихымызда сараланған салт-дәстүр мен қазақи тәрбиені, дала философиясы мен тек қазақта ғана кездесетін тапқырлық, шешендік секілді рухты көтеретін рухани ғылымымызды жаңғырта дамыту болатындығы.

Тарихтың сонау терең жылғаларына қарай жылыстайтын болсақ, Тараз қаласы өзінің даму барысында гүлденудің, өркендеудің және рухани жаңғырудың үш кезеңін басынан кешірді. Оның біріншісі 6-7 ғасырлардағы Батыс Түркі қағанаты кезінде әлемді дүр сілкіндірген бабаларымыз Түркілердің арқасында дүниежүзіне белгілі саяси, рухани астана ретінде танылды. Екінші кезеңі бұл – Қарахан мемлекеті құрылған 10-13 ғғ тұсында. Бұл кезде Тараз қаласы нағыз гүлденудің шегіне жетіп, білім мен ғылымның, мәдениет пен өркениеттің, сауда мен ақша айналымының орталығы болып, Шығыс пен Батысты байланыстырушы ең ірі астаналық қалаға айналған еді. Тараз тарихында дәл бұл кездегідей шарықтаудың ең биік шыңына көтеріліп, рухани жаңғыру мен руханият ғылымының дамуына үлес қосқан кезі болған емес. Қарахандар кезеңінде Тараздан ныспысы «Таразилер» деп аталатын 70-ден аса ғалым шығуының өзі осының дәлелі. [2, 80-87].

Иә, 2000 жылдық тарихы бар Тараз мұнымен де тоқтап қалған жоқ. Қаншама шапқыншылықты басынан өткерсе де рухы биік ұлттың орталығы ретінде жойылмастан 21 ғасырға жетіп, «Мәңгіліктің қаласына» айналды.

Рухани жан-дүниесі бай халықтың өзі де істеген істері де өлмейтіні тарих айқындаған шындық. Сондай шындықтың куәгері болған Тараздың үшінші гүлденуі мен рухани жаңғыруы осы 21 ғасырда қайта жалғасты. Өзінің ежелгі тарихи бейнесіне оралып, бабалар жатқан қасиетті де киелі мекен қайта түледі. «Қасиетті Қаратау әулиенің кені еді» деп жырлаған аталар аманаты орындалды. Ортағасырда қаншама ұлыс пен тайпаның діни

салт-дәстүрінің басын біріктірген, бәрінің ортақ мекеніне айналған қасиетті Төртұрмас әулие тауының үстінде Қарахан дәуірінде ел билеген ұлы патша – Қарахан бабамыз тау үстінде көкті жара көтеріліп, елін, жерін рухани түлеткен ел ағалары мен халқына қарап, ұлы батасын беріп жота үстінде мәңгілік тұр. Ұлағатты ұлылардың сөресінен сусындаған, айбыны мен атағы айды жарған, дін мен ғылымды ұштастыра отырып елім деп жылаған қасиетті Әулиеата бабамыз мәңгілік тірілді.

Бұл кім дейсіздер ғой? Қарахан әулетінен шыққан, 40 жыл ел билеген, Тараз қаласының өркендеуі мен гүлденуіне, білімі мен ғылымының дамуына үлес қосқан, 63 жасында пайғамбар жасы деп түркі әлемінде бірінші рет өз еркімен тақтан бас тартқан ұлы тұлға. Осылайша 21 ғасыр Тараз қаласының үшінші рет рухани жаңғыруы болып, тәбәрік дүниенің тарихында мәңгі қалды [3, 55-61].

Біз мұндай рухани дүниелерге қуанамыз. Өйткені, қазақ халқының мыңдаған жылдардан бергі тарихында жалын от сөнуге, бар нәрсе сағымға айналып бара жатқан тұста оларды өшірмей, жоғалтпай қайта тіріліп, еліміздің рухани кодын жаңғырттық.

Осындай әр елдің өзіндік тарихы, өзіндік мәдениеті, өзіндік рухани даму жан-дүниесі болады. Сол ел осы құндылықтарымен әлем алдында ерекшеленіп, бағаланатыны да белгілі. Себебі, бұл осы елдің рухани қазынасы бола отырып, халқына ұлтжандылық сезім слайтын ұлттың мәңгілік ұраны болмақ. Мұндай халқымыздың түп тамырынан рухани азық алатын адами-мәдени қазыналар халқымызда жетерлік.


Міне, осындай мәдениетіміз бен руханиятымыз сияқты ұлттық құндылықтарымызды әлемге паш етіп, ата-бабаларымыздың тасқа қашап жазған рухани тарихы мен сол тарихының ішіндегі ұрпағына арнап қалдырған рухани мұраларымызды жүрегіміздің түкпіріне сақтай отырып, бүкіл ел болып қолдауға тиіспіз. Бұл біздің салмақтық түрдегі міндетіміз әрі парызымыз болуға тиісті.

Киелі мекен, әруақты жер - жер жаһанға мәңгілік жаңғырды.

Мәңгілік ел – Мәңгілік руханият өлмесе – халық та мәңгілік жасайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Кәдірқұлова Г.Қ. Қазақстан тарихы: Оқулық. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005 – 320 б.
2. Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы: Оқулық хрестоматия. – Астана: Фолиант, 2003. – 264 б.
3. Берденова К.Ә. Қазақстан тарихы: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2013. – 307 б. +16 бет сурет.



## **МАНГЫШЛАК И ХИВА – ВЗГЛЯД НА ЭКСПЕДИЦИЮ С МИРОВОЙ АРЕНЫ**

**Шынғыс Рахметулла**

Студент 4-курса Международного Таразского инновационного института  
им. Шерхана Муртазы, г.Тараз

**Сейлхан Токболат**

Кандидат исторических наук, старший преподаватель Международного Таразского  
инновационного института им. Шерхана Муртазы. г.Тараз

*«Исследование финансируется Комитетом по науке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант №AP19676769)» «Логистика военных походов Российской империи в казахскую степь и Туркестанский край: влияние и последствия для казахского общества»*

Взаимоотношения между Младшим жузом и Хивинским ханством могли быть определены в рамках исторических событий и взаимодействий на территории Центральной Азии. Обе эти сущности в разные периоды времени могли иметь как дружественные, так и напряженные отношения, в зависимости от политических, экономических и культурных факторов того времени. Российская империя, которая имела под своим покровительством если не весь Младший жуз, то значительную ее часть, теперь же военная экспедиция в Хиву, оставалось лишь вопросом времени.

Интерес к Хиве можно рассматривать в международной арене как интерес к овладению своей гегемонией в Средней Азии. Помимо русского государства, которая на рубеже 60-ых годов XIX века вовсю занялась расширением своих границ, интерес к Хиве, как суверенному государству впитывала и Британская империя, которая путем торгово-дипломатических миссий смогла привлечь в свою сторону Хивинское правительство. Данная статья как предметом исследования обращает внимание на сложные взаимоотношения между Хивой и Российской империей, нацеленные на подтверждение тезиса о том, что все экспедиции в Хиву были тесно связаны с действиями англичан на территории Южной Азии. В контексте взаимосвязи с казахами Младшего жуза, особенно Мангышлакского региона, статья аргументирует, что их дистанцирование от администрации Российской империи способствовало их к единоверству с Хивой.

Вероятно значительная часть казахов Мангышлака поддерживала сторону Хивы, что приводило к распространению политики Хивинской администрации среди других родов Младшего жуза. Это способствовало укреплению и обогащению государственности Хивы, как со стороны Мангышлакских казахов, так и со стороны Британской империи. Активная политика англичан по отношению к Хиве, не могла не вызвать реакцию у России. Первые попытки вторгнуться в Хиву были осуществлены в 1839-ом году, генералом В.А. Перовским, под предлогом освобождения двух тысяч пленных русских солдат.

В начале российские власти предпочли отклонить идею похода в Хиву, представив доклад председателя пограничной комиссии Г.О. Генса, который утверждал, что для затеи подобных экспедиций, во-первых, потребуются крупнейшая сумма денег, а во-вторых, легко может случиться так, что экспедиция не достигнет цели по той причине, что хивинцы при виде приближающихся русских войск казнят поголовно всех пленников из-за нежелания выдать их живыми. Таким образом, создается ощущение, что сражаться в итоге будет не за кого [1; стр. 137]. Даже если на Хивинскую экспедицию правительство поставила крест, то уже в 1838-ом году обстоятельство дел резко поменялось. В срочном порядке были начаты исследования логистики в Хиву и сбор войск. Сама подготовка к походу начался весной 1839-го. Но что повлекло Российских властей на такое оперативное решение?

Среди зарубежных исследователей, которые затронули данный вопрос, стоит выделить английского историка А. Моррисона. Ученый в одной из своих последних работ рассказывает о британском вторжении в Афганистан в 1838 году и сравнивает его с зимним походом России на Хиву [2] [так же 3; стр. 193]. Однако никто не говорит, что действия англичан стало толчком для русских в организации хивинского похода, и оно не удивительно. Целью российской империи было установление доминирующего положения в регионе, при этом данные действия маскировались под предлогом освобождения плененных солдат. Как отмечает Иванов, 11-го марта 1839-го года Комитет пограничных дел постановил: «Содержать истинную цель похода в Хиву в тайне» [4; стр. 3.]. Связано было это с тем, что в том же году Англия отправила своих агентов в Хиву, и не было исключено, что шпионы могли бы оказаться и среди русского правительства. Как бы то ни было, российских властей уже не волновало участь заложников. Их спасение являлось лишь предлогом для Британских властей, которые активно начали распространять свою гегемонию на юге Азии.

Указанный поход окончился полным поражением, войдя в ряды военной истории России, по причине недостаточного финансирования и неприспособленности русского войска к зимней степи. Вместе с тем, спустя 14 лет, в 1853-ем году, под командованием того же Перовского, наступление к Средней Азии было возобновлено, уже в сторону Кокандского ханства. Однако и здесь, Хивинское правительство начало принимать меры по поводу расширения русских владений в Средней Азии, привлекая на свою сторону западные страны. Напуганное прежним походом Перовского, хивинцы, заслышав о сборе русских войск, думая, что они снова пойдут на Хиву, в 1852-ом году, отправляют в Бухару и в Коканд послы, с целью заключить военный союз, объявив газават против неверующих. Англичане не упустили этот момент, в борьбе с Россией за господство над Средней Азией. Объявление священной войны Хивинцами, подтолкнуло британцев задействовать Османскую Империю, преследовавшую собственные интересы распространить шиитское мусульманское течение на Востоке. При поддержке Британских властей, турецкие послы отправлялись в Хиву, в Бухару и в Коканд, чтобы наладить их отношения с турецким султаном провозгласившим себя «халифом всех правоверных». Хивинское посольство, которое вела переговоры с Россией в 1852-ом году, угрожало Перовскому уступить свои земли для создания англо-турецкого опорного пункта [5; стр. 74. 6; стр. 144]. Однако Перовский убедил Хивинского хана, что Россия не имеет никакого замысла по отношению к ним, учитывая те государства которые стояли за спиной Хивы.

Так, ко второй половине XIX века, Хива, полагавшаяся на помощь британского правительства, всеми мерами старалась вести доступные с ней взаимоотношения. Как было сказано выше, активные действия русских на рубеже 60-ых годов, в расширении своих пределов в Средней Азии, серьезно встревожило английский парламент. После взятия русскими Кокандского ханства и Бухарского эмирата, движение в сторону Хивы оставалось лишь вопросом времени, с которым Британское правительство обязана была принять меры. По мере того как Россия начала продвигаться вперед, английский министр иностранных дел лорд Кларендон, уведомил русского посла в том, что нельзя ли создать нейтральную зону между двумя империями – *«который предохранил бы их от всякого случайного соприкосновения»* [7; стр. 120]. Этой нейтральной зоной Британское правительство видело реку Амударью в той части, что протекает к югу от Бухары, однако русский двор отвечал что не может пойти на такие уступки, так как создания нейтральной зоны на этом регионе, полностью бы закрыл доступ к Хиве и позволило бы его правителю продолжить свою гегемонию над родами Младшего жуза.

Переговоры между Петербургом и Лондоном продолжались в течение трех лет. Настаивания английского правительства на то, что бы именно Хива играло роль нейтральной зоны было связано с тем, что в конце 1868-го года к английскому послу явились два депутата от туркмен, с просьбой принять их в подданство. Английский посол посчитал, что если мусульманское общество из родов Туркмен и граждан Хивы составят союз, то русские *«не посмеют идти за Амударью»*. Видимо Британская правительство, как и во время похода Перовского на Ак-Мечеть, хотела создать мусульманскую коалицию – *«указав им на необходимость соединения всех народов»* [8; стр. 85]. Осведомленные этим русское правительство уже весной 1869-го года двинулось к занятию Красноводского залива, цель которого была – *«отвлечения Хивы от составлявшейся против нас мусульманской коалиции»* [8; стр. 97]. Именно занятие Красноводского края и постройки там укрепления, плохо отразилась на жизнедеятельности проживающих там родов. Колониальные мероприятия повсеместно спровоцировали сопротивления всех слоев населения, в особенности простых кочевников, интересы которых ущемлялись в первую очередь. Недовольство и выступления народных масс ученые объясняют по разному. Зачастую основываясь на работах М.П. Вяткина [9], А.Ф. Якунина [10], П.Г. Галузо [11], и В.Ф. Шахмотва [12], волнения связывают с потерей пастбищ и увеличением кибиточного сбора. Как бы то ни было, мятеж кочевников



приобрел масштабный характер только при выступлениях рода Адай, представителей которых А.К. Гейнс в своем дневнике упоминал как *«дикие и воинственный народ»* [13].

Истинной же целью сопротивлений со стороны адаевцев было в том, что они находились под администрацией Хивинского ханства, и на любое соприкосновение с русскими они должны были реагировать отчасти негативно. Само начало распространения влияния Хивинского ханства на адаевских казахов относится к концу XVIII века [14; стр. 34-35]. Именно усилиями Хивинского хана, Мангышлакское волнение вскоре переросло в массовые беспорядки, так как в результате занятия Красноводского залива, Хива оказалась в окружении царских войск и ей было необходимо расширить анти-движение как со стороны туркмен, так и в рядах покорных ему адаевцев. Сами русские по этому поводу писали: *«Адаевцы, благодаря своей отдаленности и малодоступности, дольше всех остальных нашего влияния. Они... скорее склонны были подчиниться к единоверной им Хиве»* [8; стр. 86]. Такая самоуверенная политика Хивинского хана Мухаммеда Рахима заключалась в том, что он в случае войны с Россией, надеялся на военную помощь Англии [15; стр. 290]. Само Британское Правительство не планировало обострять отношения с Россией, так же как и русский царь Александр II, пока не затрагивался вопрос о нейтральной зоне между двух держав, приказал генерал-губернаторам по возможности вести мирные переговоры с Хивой, в случае если же эти земли отпадут к рукам англичан. Русский двор по поводу занятия Хивы англичанами отвечали следующим образом: *«Оставим эти признаки прошлого, которые должны бы были исчезнуть при свете нашего времени... Со своей стороны, мне не питаем никакого страха к честолюбивым видам Англий в центре Азий...»* [7; стр. 120].

Не желая с первого раза прибегать к крайним мерам, генерал фон-Кауфман попытался вразумить Хивинского хана: *«Я не хочу думать, чтобы все это делалось с вашего ведома, а желал бы верить, что вы к этим деяниям нисколько не причастны. Подобные действия бывали прежде и со стороны Коканда и Бухары – вам известны последствия»*. Ни на одно письмо фон-Кауфмана адресованное Мухаммеду Рахиму не принесло ни ответов, ни должных результатов. Более того, отправленный посол с письмом был задержан в Хиве и арестован. Им оказался казах с форта Перовского (ныне Кызылорда) – султан Даулает Бушаев. Тем не менее, Мухаммед Рахим не считал письма Кауфмана всерьез и продолжал поощрять беспорядки среди адаевцев, которые приводили в Хиву русских пленных. Сами адаевцы говорили Хивинскому хану – *«не сдаваться на требования, чтобы такую уступчивостью не унижить своего достоинства»*, они упрекали хана в своей преданности: *«Мы воевали с русскими по твоему ханскому приказу и за то лишились своих земель и народа, которым управляли, у нас остались одни головы»*. Так Мухаммед Рахим усилил свои действия известив адаевцев, что скоро на помощь придут войска хана, в основном состоящих из туркменов и пленных русских солдат: *«...высланные ханом небольшие отряды выростали воображений казахов в огромные армии и поощряли их на все возможные сумасбродства»* [8; стр. 94-95].

Подобные действия вызывали негативную реакцию не только у русских, но и у Британских властей. Уже в марте 1870-го года, великобританский посол при русском дворе доносил, что – *«Хива умышленно вызывает на ссору русское правительство»*. О безуспешных переговорах Кауфмана с Хивинским ханом министерство иностранных дел постоянно сообщало английскому двору и директор Азиатского департамента предупредил лорда Лофтусу что: *«Если мы будем вынуждены наказать хана, то все его государство развалится как картонный домик. Мы сделали все возможное со своей стороны чтобы заставить хана быть благоразумным, но без всякого успеха»* [7; стр. 122-123]. Сам Кауфман в последний раз предупредил Мухаммеда Рахима в мирных решениях всего происходящего беспорядка: *«желая установить и поддерживать мирные и дружественные отношения с вами, я трижды вам писал, но ни одно письмо не получил от вас ответа. Вы даже позволили себе вопреки всякому праву, задерживать последних посланных моих... Подобный образ действий не может быть более терпим. Одно из двух:*

*или мы будем друзьями, или мы будем врагами – другой середины между соседями быть не может» [8; стр. 99].*

Угроза со стороны Кауфмана, заставила Мухаммеда Рахима принять более активные действия в привлечении родов Младшего жуза на свою сторону. Видимо Хивинский хан надеялся на то, что поселив казахов на пограничные зоны своего государства, то любое соприкосновение с русскими могло бы встретить сопротивление, что оказывалось ими и в Мангышлаке, тем самым отгородив военные действия в зоне досягаемости своей резиденции. Так перекочевавшие к Хиве казахи были освобождены от налогов с тем условием что при *«случай войны, они выставили по одному джигиту с каждых двух кибиток»* [8; стр. 95], в результате которого около 57 тысяч казахов – самая активная и непримиримая с русскими часть, и видные предводители со своими семьями ушли в сторону Хивы [16; стр. 69; 17; стр. 353]. Для Генерала фон-Кауфмана, считавший весь Младший жуз территорией империи, действия Мухаммеда Рахима стало пиком в их неприязненных взаимоотношениях. Откол родов Младшего жуза под покровительство Хивы, не мог не вызвать реакцию в самом Петербурге, где докладывали: *«...где бы ни жили поданные Белого царя, они останутся Его подданными...»*, кроме того, русским двором было повторено требования об освобождении всех увезенных в Хиву пленных, которых вместе собой привозили перекочевавшие роды Младшего жуза что *«с них взыскать кровь своих убитых родственников за что будут вознаграждены за ограбленное имущество»* [8; стр. 100-101].

Действительно, что таким образом, несмотря на отсутствие нейтральной зоны, которую Петербург и Лондон еще не решились определить, все попытки вести гуманное обращение с Хивой свели на ноль, что побудило русское правительство провести военную экспедицию против Хивы. В начале 1873-го года в Лондон был отправлен генерал-адъютант граф Шувалов, который уведомил английский парламент: *«что император (Александр II)... желает завладеть Хивой... и дал положительное приказание предупредить (Англичан) возможность этого завладения, и что Кауфману посланы инструкции... чтобы занятия Хивы ни в коем случае не могло быть продолжительным»* [7; стр. 123]. Так, под командованием генерала фон-Кауфмана, началась Хивинская экспедиция предпринятая в самых широких масштабах, что должно было обеспечить ее успех. Поздно осознавший свои ошибки Хивинский хан Мухаммед Рахим, решил воспользоваться своей козырной картой в виде Британской империи, к которой отправила своих послов с просьбой о помощи. Ответ вице-короля Британии как следовало ожидать, заключался в совете *«смирится перед Россией, исполнить все ее требования и затем не давать никаких поводов к дальнейшему неудовольствию»* [18; стр. 543].

Генерал фон-Кауфман двинулся с трех сторон Туркестанские отряды с Казалинска и с Джизака, отряды Оренбургские из Эмбинского форта и кавказские из Мангышлака и Красноводска, с численностью всего в 13 тысяч людей и 20 тысяч верблюдов. Из всех отрядов только один Красноводский не дошел до назначения. Связано это было с тем, что адаевцы воспрепятствовали в сборе верблюдов в их регионе. Но несмотря на оказанное сопротивление походу Кауфмана эти волнения никак не повлияли, так как при приближении русских войск, Мухаммед Рахим бежал в сторону Афганистана, тем самым вызвав среди своих войск брожение. Уход хана вызвало серьезное расстройство в государственном строю Хивы, что способствовало на окончательный успех Хивинского похода в 1873-ем году. Примечательно что Петербург дал волю генералу Кауфману в проведении там собственной политики, как это было и в Бухаре. Кауфман предпочел сохранять по отношению к Хиве «возврат к исходному состоянию» то есть, оставить все так, как есть, без внедрения личного административного кодекса. Кауфман вступил в переговоры с Мухамедом Рахимом и написал письмо через его брата Атаджана – *«с просьбой вернуться в Хиву и принять бразды правления»* [15; стр. 291; 19; стр. 26-27]. Решение Кауфмана возможно было из-за того, что хан Мухаммед Рахим как во время правления своего, так и после, продемонстрировал себя как «хан поневоле», и не обладал

властью как для подписания мирного договора, так и для исполнения его условий. Здесь уже судьба Хивинского ханства была и остается в руках двух держав, но номинальную власть над ней теперь имела Россия [20; стр. 262-263].

Взятие Хивы Российской Империей имело значительное мировое значение, особенно в контексте политики и геополитических изменений в Центральной Азии и Средней Азии в XIX веке. Взятие Хивы также имело важное стратегическое значение для России в связи с ее интересами на территории Центральной Азии. Этот регион представлял собой важный маршрут для доступа к Британской Индии и контроль над Хивой позволял России укрепить свои позиции на этом маршруте. Это демонстрировало военную мощь и стратегическую дипломатию России в регионе. Это послужило примером для других империй и государств, которые сталкивались с амбициями России в Центральной Азии. Таким образом, взятие Хивы Российской Империей имело далеко идущие последствия для политической карты Центральной и Средней Азии, укрепив позиции России в этом стратегически важном регионе и оказав влияние на глобальную геополитику того времени.


### Литература:

1. «Труды Оренбургской ученой архивной комиссии» Выпуск XVI – Том XVI: Правовая типолитография Ф.Г. Каримова // Оренбург 1906 г.
2. Morrison A.6 – «The Russian Conquest of Central Asia: A Study in Imperial Expansion, 1814–1914» Cambridge University Press, 2020.
3. Тоқболат С.Т. – «1839 жылғы Хиуа жорығына қазақтардың қатысуы» // «XIX-XXI ғасырдың алғашқы ширегіндегі отандық тарихтың аймақтық аспектілері» Тараз: 7 қаңтар, 2023 ж.
4. Иванин М.И. – «Описания зимнего похода в Хиву 1839-1840 гг» // Санкт-Петербург: «Общественная польза» 1874 г.
5. Н.А. Халфин – «Присоединение Средней Азии к России (60-90-е годы XIX в.)» // изд. «Наука» Главная редакция Восточной литературы: Москва, 1965.
6. «Туркестанский край. Сборник материалов для истории его завоевания. Собрал полковник А.Г. Серебrenников» Том 8 – Ташкент: 1912 – 1916 г.
7. С.С. Татищев – «Император Александр II: Его жизнь и царствование» Том второй. Издание А.С. Суворина: Санкт-Петербург, 1903 г.
8. М.А. Тереньтев – «Россия и Англия в Средней Азии» // Типография П.П. Меркульева, Графский пер., д. №5. Санкт-Петербург, 1875 г.
9. Вяткин М.П. – «Очерки по истории Казахской ССР» Москва: Госполитиздат, 1941 г.
10. Якунин А.Ф. – «Восстания казахов на Мангышлаке в 1870 г.» Большевик Казахстана, 1941 г, №5; Народы Средней Азии и Казахстана во второй половине XIX века. Лекция, прочитанная в Высшей школе при ЦК КПСС. Москва, 1954 г.
11. Галузо П.Г. – «Революция в Средней Азии» Сб. 2. Ташкент, 1929 г.
12. Шахматов В.Ф. – «История Казахской ССР» Т. 1. Алма-Ата, 1957 г.
13. А.К. Гейнс – «Дневник 1866 года. Путешествие в Туркестан» Санкт-Петербург, 1898.
14. Алекторов А.Е. – «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» Казань, 1900 г.
15. Почекаев, Р. Ю. – «Губернаторы и ханы. Личностный фактор правовой политики Российской империи в Центральной Азии: XVIII — начало XX в» — Москва. Изд. Дом «Высшей школы экономики», 2017.
16. Турсунова М.С. – «Казахи Мангышлака во второй половине XIX века (Вопросы социально-экономической и политической жизни)» Алматы, 1977.
17. Темиргалиев Р. – «Казахи и Россия» изд. ASPANDAU. Алматы, 2019.

18. Милютин Д.А. – «Воспоминания генерал-фельдмаршала графа Дмитрия Алексеевича Милютина, 1868-1873» // под ред. Л.Г. Захаровой. Москва: РОССПЭН, 2006 г.

19. Тухматетов Т.Г. – «Русско-Бухарские отношения в конце XIX – начале XX века. Победа Бухарской народной революции» Ташкент: Фан, 1966 г.

20. Тереньтев М.А. – «История завоевания Средней Азии» Т. II. Санкт-Петербург: Типо-литография В.В. Комарова, 1906 г.



## **ӘУЛИЕАТА ЖЕРІНДЕГІ АШТЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ**

**Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының  
доценті, PhD, Тараз қ.

**Құрманбек Есенбатыр**

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ, 4-курс студенті, Тараз қ.

Халқымыз ұзақ жылдар бодандықтың бұғауында болып, отаршылдық зардабын басқа халықтарға қарағанда көп тартты. Қиын да қатал тариты басынан кешірген қазақ халқының өткен тарихында ақтандақ жайттар мен ашылмаған ақиқат сырлар өте көп. Әсіресе, XX ғасырдың 20-30 жылдары билік басына келген большевиктер мен коммунистердің бұйрықшыл, әміршіл-әкімшіл социализм, бюрократтық жүйесінің әсерінен қазақ халқы бұрын соңды болмаған нәубет пен зобалаңға ұшырады. Қазақстандағы аштық мәселесі әлемдік деңгейде зерттелсе де, өзіндік тарихи сырлары тереңдеуде.

Мәселен, америкалық тарихшы, зерттеуші Сара Камеронның қазақ жеріндегі ашаршылық туралы еңбегі қазақ тілінде басылып шыққан. «Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату» (The Hungry Steppe. Famine violence, and the making of Soviet Kazakhstan) кітабы сол жылдардың сұмдығы әлі көз алдынан кетпеген Әлжаппар ақсақалдың әңгімесі арқылы баяндалған.

Билік басына келген Голощекиннің «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранының кесірінен еліміздің барлық өңірін, оның ішінде Әулиеата жерін де аштық жайлады. Бұл туралы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бастамасымен тарихшы ғалымдар З.Қабылдинов, Т. Байқұлов «Әулиеата жеріндегі аштық» тарихи-танымдық зерттеуін шығарған. Бұдан басқа Т.Омарбеков, М.Қойгелдиев бастаған танымал тарихшы ғалымдар да өз ғылыми еңбектерінде қазақ жеріндегі аштықтың тарихи себептерін талдап көрсеткен. «Қазақ қалай аштыққа ұшырады» авторлық жинақ жарық көрген.

Дегенмен, осындай зерттеулерде түрліше пікірлер кездесетіні жасырын емес. Еліміздің өзге аймақтарына қарағанда «Әулиеата өңірі қатты аштыққа ұшырамаған» деген пікірлерді кездестіруге болады. Көптеген зерттеулер мен тарихи деректерді қарастыра отырып, бұл пікірлердің асығыс айтылғандығын аңғардық. Осы себепті де, өз жұмысымызда тарихымыздың темірқазығына саналатын Әулиеата жеріндегі аштық пен тарихи зұлмат туралы талдаулар жасадық.

Түркістан өлкесі мен Жетісу өңірінің арасындағы Әулиеата аймағын да зұлмат нәубет шарпыған. Көптеген жергілікті тұрғындардың аштықтан көз жұмып, немесе басқа аймақтарға қарай босқандығын кейбір көзі тірі көнекөз қарияларымыз және осы мәселені зерттеу барысында кісілермен көп кездескен тұлғалар тебірене айтады. Бұл айтылғандарды тарихи деректер де айғақтайды.

Тарихи фактілер негізінде аштықтың Әулиеата жерінің Талас, Сарысу аймақтарында ерекше болғандығын байқадық. Бұған жауап іздеуге тырыстық. Жауабы айқын, басқа аймақтарға қарағанда, аталған аудандар тек мал шаруашылығымен шұғылданатын құмды аймақтар болып саналады. Оған қоса, Сарысу негізінен Орталық Қазақстан шекаралас, шығыс жағы Мойынқұм арқылы Бетпақдаламен шектесетін аудан. Ал Талас ауданы сол Мойынқұмға барып тіреліп жатқан аймақ.

1928 жылы ірі қазақ байларын кәмпіскелеп, халықтың күн көрісі болып отырған бар малын сыпырып алған соң, жағдай өте ауырлап кеткен. Бір сөзбен айтқанда, Әулиеата өңіріндегі осы қос аудан аштықтан адам айтқысыз азап шеккен. Тіптен Сарысу ауданындағы жағдай сол кездері Т.Рысқұловтың Сталинге жазған екінші хатында көрсетілген.

Яғни, 1933 жылы 9 наурызында Рысқұловтың Сталинге жазған хатында мынандай мәселе айтылады: «Сарысу ауданындағы 7000 қожалықтан 500-дей қожалық қалған, өзгелер Әулиеатаға және басқа аудандарға көшіп кеткен, ал бірсыпырасы, тіпті Қырғызстанға ауып барған. Сарысу ауданында ашаршылық өте қатты өршіп тұр. Адамдар босып, көпшілігі Әулиеата қаласына барды. Қараша айында осы ауданнан әлденеше жүздеген қазақ тайлы-таяғы қалмай шұбырып, ұзақ жолға шыққан. Осы жол үстінде олардың біразы қаза тапқан. Қаңтардың екінші бескүндігінде ғана 24 адамның сүйегі табылған. Жолшыбай жосылған адамдарға жолда қаруланған бандиттер шабуыл жасап, өзі аш адамдарды одан сайын қырғынға ұшыратты. Аштықтан босып шарасы қалмаған әйелдер өздерінің кішкентай баларын суға лақтырған. 5-6 қаңтарда Әулиеатаның шайханаларында үсіп өлген 20 баланың сүйектері жинап алынған және сол мерзім аралығында 84 ересек адам аштан өлген» дейді. [1, 596.].

Бұл айтылғандарды осы аудандарға уәкіл болып келген Ораз Жандосовтың елді ашаршылықтан аман алып қалу үшін жанұшыра жасаған әрекеттері туралы тарихи деректер де растайды, біраз елді Созаққа, Әулиеата жерлеріне көшірген. Тіпті Голощекинге былай деп хат жазады: «Қара жолменен Сарысу ауданында №5 ауылға қарай келе жатыр едім, алдымнан айдалада 12-14 жастағы екі бала жолықты. Олар айдалада жаяу кетіп бара жатыр екен. Содан көлігімді тоқтатып: «Әй балалар қайда бара жатырсындар?» деп сұрадым. Сонда балалар: «анау сайда көктемде ит атқыштар келіп иттерді атып, солардың терісін сыпырып алып кеткен. Енді біз сол сайға барып, иттердің өлімтігін жеп, тамақтанып жүрміз. Бұл жаз айы болса, ал енді иттердің өлімтігі көктем айында болған болса, қаншама уақыт өткен сол бұзылған иттердің өлімтігін балалар барып жеп жүр екен. Одан кейін бір ауылға келгенімде алдымнан ісініп кеткен аяғы ауыр бір әйел шығып, маған зорға дегенде күбірлеп сөйлеп, қолын көтеріп, «анау кетіп бара жатқан итті атып берші» деді. Оны не қыласың? - дегенімде «Үйде бес балам аштан өлейін деп жатыр, итті атып берсеңіз, соларға мен тамақ қылар едім»[2, 1096.].

Қарап отырсақ, хатта Әулиеата жеріндегі аштықтың бүкіл жағдайы айқын баяндалып отыр. Ал, тағы да уәкіл болып жіберілген Ғалым Ахметовтың қазіргі Байзақ ауданында аштықтан адам етін жегендерді қалай ұстағаны туралы еңбегін оқи отырып, қазіргі тәуелсіздігіміз бен ашық аспанымыз, тоқшылық үшін үлкен шүкіршілік етесің.

Бірқатар тарихи еңбектерді қарастыра отырып, Әулиеата жері ғана емес, жалпы Қазақстандағы аштықтың туындау себептерін былай деп тұжырымдадық. Бәрінің басы Кеңес үкіметінің жете ойластырылмаған саяси реформасының яғни, «тәркілеу» мен «ұжымдастыру» науқандарынан басталады. VI Бүкілқазақтық партия конференциясында (1927 жыл, қарашаның 15-23-і) қазақ байларын күшпен тәркілеу туралы қорытынды жасалады. Қазақ байларын тәркілеу туралы декреттің өзі 1928 жылы тамыздың 27-сінде қабылданып, онымен бірге БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті «барлық еңбекшілерге» деген үндеу де қабылдады. Декрет те, үндеу де 5 қыркүйекте баспасөзде жарияланды.

Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бюросы 1929 жылы 6 қарашадағы өзінің мәжілісінде «Қазақ халқын отырықшыландыру туралы қарарды бекіту» мәселесін арнайы

талқылады. Онда «қазақтардың үлгі боларлық отырықшы шаруашылық ұяларын» жеделдете жасау қажеттігі партия және кеңес органдарына ескертілді.

Қазақ байларын тәркілеу туралы 1928 жылы тамыздың 27-сінде қабылданған декретке байланысты нұсқаулар жергілікті кеңестік әкімшілік апараттағы шолақ белсенділердің тарапынан бұрмаланып, асыра сілтеушілікке жол беріп, халықтың наразылығын тудырды. Мысалы, байлардың тек мал-жанын ғана емес, «барлық киім-кешектері, іш-киімдері, барлық азық-түлігі» тәркіленді. Ыдыс-аяқ, ұсақ-түйектің бәрі, балалардың іш-киімдері тартып алынды.(ҚР ОМА. – 1380-қ., 1-т., 243-іс. 1,2,3,5,,59, 8-п.)[3].

Ал енді осындай жағдайдан кейін қазақ кедейлерінің өзі жергілікті коммунарлардың озбырлығын көре отырып, олардың ісінен түңіліп, қазақ қоғамында тәркіленіп кеткен ірі байлардан кейінгі тап орта шаруалармен бірлесе кеңес үкіметіне қарсы наразылық білдіре бастады. Осы себепті де, қазақ жерінде көтерілістер жиіледі. Негізінен 1928 жылы қазақ даласында бүкіл ірі байлар толық тәркіленіп біткен. Алайда науқанның орындау жоспарына бұл байлардың саны жеткіліксіз болды да, жергілікті белсенділердің тарапынан 1929-1930 жылдары орта шаруалармен қатар кейбір кедейлердің тобы да тәркіленіп, жер аударылып кеткен. Осындай жағдайдан кейін Сарысудағы қазақтардың жаппай бас көтеруіне әкеліп соқты. Зерттеуші-жазушы Б.Қойшыбаев өзінің «Тараз. Жамбыл облысы» энциклопедиясында жазған Сарысу көтерілісіне байланысты мақаласында 1930 жылғы көтеріліс бастауларын және себептерін 1928 жылғы ірі байларды кәмпескелеу саясатынан орынды іздестіреді [4].

Бұл тарихи оқиғаға байланысты көп зерттеу жүргізген тарих ғылымының докторы, ҰҒА құрметті академигі марқұм Талас Омарбеков және тарих ғылымының кандидаты Бейбіт Қойшыбаев пікірінше Жамбыл облысының аумағы да ХХ ғасыр ширегіндегі Кеңес үкіметінің жете ойластырылмаған саяси реформасының көп зардаптарын шеккен. Тіпті Кеңестік билік органдарының қазақтың ішіндегі ірі байларды тәркілеу және ұжымдастыру науқандарындағы бассыздығы мен асыра сілтеушілігіне қарсы жергілікті халықтың жаппай бас көтеріп, наразылықтарын білдіріп, көтеріліске шыққандарын, яғни сол ереуілдерге қатысқан жергілікті халықтың кейіннен билік тарапынан жаппай қатаң жазалауға ұшырағанын да ұлтымыздың қасіретті тарихынан білеміз.

Мысалы тарихымыздың қилы да құбылмалы қиын кезеңдеріне үңілер болсақ, Кеңес үкіметінің орнаған уақытындағы алғашқы он жылдығының өзінде еліміздің басында бұрын сонды болмаған зобаланды бастан кешті. Олар әрине, «тәркілеу», «кіші қазан» саясаты, «ұжымдастыру» науқандары.

Тарихи фактілер Қазақстанда халық көтерілістері болған басқа өңірлер секілді Әулиеатада байларды кәмпескелеу саясатының аса қатал болғанын көрсетеді. Мәселен, бір Сарысу ауданының өзінен 1928 жылы күзде ірі байлар яғни, ауданда дәстүрлі шаруашылықты жүргізудің үлгісін көрсеткен ағайынды Арғынбаев Кәку және Өксікбай, Жәнібеков Төлебек, Ықыласов Жүсіп, Кеңкөзов Ақберген, Ағайынды Қожатаев Әуелбек және Иманбек, Құнанов Әліп, Өтешиев Сыздық тәрізді т.б. ауқаттылар қожалықтары осы кәмпеске науқанында тәркіленді. Бұған қоса, жер-жердегі осындай соңы үлкен зұлматқа әкелетін тарихи жағдайға қарсылық көрсеткен ел ішіне танымал азаматтар ұсталады. Сосын ел ішінде ірі байларды тәркілеу соңы орташа дәулеттілердің мал-мүлкін сыпырып алуға ұлақан [5].

Осындай жағдайлардан кейін 1930 жылдары Талас, сарысу жерлерінде кеңестік озбыр саясатқа қарсы халықтық іс-әрекеттер бой көрсете бастаған. Сарысудағы наразы халықпен болған қақтығыста Сарысу ауданы ГПУ-дің өкілі Тыныштықбаев өлтірілген. Ал, талас ауданында атқару комитет төрағасы Шыналиевті өлтіреді. Осыдан бастап, өкімет тарапынан көтерілісті жою шараларына саяси мән беріле бастайды.

Бұл туралы тарихшы ғалым Т.Омарбеков өзінің монографиялық зерттеуінде былай деген: «Әулиеатадан 23 наурызда Александровскіге кадрлық ротаның 27 атқышы, Қазақ ұлттық дивизионы және милиция отряды келіп, жазалау операцияларын бастап кетеді.

Сарысудағы көтерілісті ұйымдастырған Жантірешманов, Сараевтар ұсталып, атылған» [6, 128-129бб.].

Бұндай қозғалыстар Қордай ауданында да жалғасқан. Байқап отырсаңыздар сол кездегі тергеу құжаттарында көтеріліске қатысқан жергілікті азаматтардың бәріне «бандылар» деген айдар таққан. Әрине, Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекиннің 1929 жылғы «Батпаққара», «Тақта көпір» және «Бостандықтағы» көтерілістерден кейінгі шыққан арнайы қаулысынан соң елдегі бүкіл ереуілге тағылған басты айыптауы болатын.

Тағы да тарихи деректерге сүйенсек, «Жалпы жазалауға келсек, Қордай ауданында болған көтерілістерге барлығы 250 адам қатысты деген кінәмен тұтқындалды.

Қазақстан ОГПУ-нің Ерекше үштігінің 1931 жылы 23 қарашадағы, 1932 жылғы 28 қаңтардағы және 19 ақпандағы қаулыларымен 28 адам ату жазасына кесілді, 107 адам 1 жылдан 10 жылға дейінгі әртүрлі мерзімдерге еңбек түзету лагерлеріне қамалды. Қазақстанның өз ішіндегі аудандарға 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімдерге 11 адам жер аударылды. Алдын ала тұтқында отыру мерзімі есебінен 22 адам босатылды. 1 адам 3 жыл мерзімге еңбек түзету лагеріне шартты түрде сотталған [7, 215-216бб.].

Жоғарыда аталған үш аудандағы халықтың жаппай көтерілуінен туындаған қақтығыстарда аудандық деңгейдегі кеңестік биліктің аз уақытқа болса да құлағанын байқауға болады.

Осындай тарихи жағдайлар мен Голощекин өкіметінің әсерінен қазақстанда жаппай аштық орын алған.

Жалпы, қазақ даласында аштықтың бір емес, бірнеше рет болғаны тарихтан белгілі. Мәселен, 1914 жылдан 1921 жылға дейін созылған аштықтың да кесірі елге аз тиген жоқ. Мұрағаттық деректеріне сүйенсек, 1918 жылы Әулиеата уезінде 390 мың халық болса, 1920 жылы 151 мыңға дейін кеміген. Екі-ақ жылдың арасында жергілікті халықтың тең жартысы аштықтан опат болып, тағдыр тәлкегімен босып кеткен. Бір ғана Сарысу ауданында 1930 жылы жалпы мал басы 472 мың 364 болса, 1933 жылы небәрі 3567 бас мал ғана қалған. Ал аштықтың сол кездегі Әулиеата өңірінің барлық ауданын жайлағанын ескерсек, қырылған малдың санында есеп жоқ деуге болады.

Аштықтың қасіреті ел арасында «Кіші жылан», «Үлкен жылан» деген атаулармен де белгілі. Зерттеулерден жантүршігерлік деректерді кездестірдік. Мысалы, 1933 жылғы қаңтар айының екінші бескүндігінің өзінде-ақ 24 адамның сүйегі табылғаны, басы ауған жаққа босқан әйелдердің жолда қарақшылардың шабуылына тап болып, шарасыздан балаларын суға лақтырғаны, 5-6 қаңтарда Әулиеата шайханаларында үсіп өлген 20 баланың сүйегінің табылғаны, сол кезде 84 ересек адамның аштан өлгені, т.б. – тарихи шындық, тебіренбеу мүмкін емес. Сондай-ақ ел арасында аштықтың салдарынан сүзек, оба сияқты қатерлі аурулардың тарап, қаншама баланы тумай жатып жалмаған. Оның көріністерін көптеген көркем әдеби туындылардан да кездестіруге болады.

Өз бастарын арашалау үшін сол кездегі басшылар халықты аштықтан құтқару керектігін айтып, жаны ашығансып, арнайы комиссия құрып, орындар жасақтауға тырысады. Алайда, бұның шапағаты көп тимеді. Нәтижесінде, аштық салықтарын талауға салды деген себеппен көптеген қызметкер ауыр жазаларды арқалап кеткен. Мәселен, Әулиеата маңындағы Ботамойнақ-Алмалы болысына қарасты 4-ауылда орналасқан аш адамдарды тамақтандыру пунктінде небәрі 600 ғана адам қалғаны анықталған. Ал бұл жерде тіркелген адам саны 1850 болған екен. Аз уақыттың ішінде бұл жерден де жүздеген адам жоғалып кеткен. Көпшілігі тамақтандыру орындарының нашар болғандығынан күдер үзіп, халық тығыз орналасқан ауылдарға қарай бас сауғалаған. Бұл – сол кездегі тамақтандыру орындары жұмысының на-шар-лығын көрсететін бір ғана дерек. Архивтен мұндай жүздеген дерек табуға болады. Осындай жағдайлар Әулие-ата өңіріндегі Меркі, Ақыртөбе тамақтандыру пункттерінде де кездеседі.


Халықты аштықтан құтқару жөніндегі Тұрар Рысқұловтың еңбегі тарихтан мәлім. Ол адамдарды тамақтандыру үшін 40 миллион рубль бөлгізуді көздейді. Сол сияқты,

Әулиеата уезі бойынша құрылған аштыққа қарсы күрес жөніндегі комитеттің қызметкері Үсіпалы Нұршановтың да Алмалы пунктіндегі бес жүзден астам адамның ауыр халін, тамақтың тұрақты берілмейтінін айтып, тиісті орындарға хат жолдауы ерлікпен пара-пар еді. Сол бір қасіретті жылдары елге жаны ашыған талай Нұршанов сынды азамат болды. Өкінішке қарай, көбінің есімі ел жадынан өшіп, уақыттың тасасында қалып қойды. Аштық салдарынан қанша адамның сүйегінің далада қурап қалғаны да белгісіз еді.

Қазақ даласындағы қайғылы кезең-дердің суреті тарих толқынында тұнып тұр. Адамның етін адам жеген уақыттың қасіреті ешқашан ұмытылмайды. Халықта «Жұт – жеті ағайынды» деген сөз бар. Өзі аштықтан арып-ашқан елдің басынан сол кезеңдерде қара бұлт арылған жоқ. Әулиеата өңірінде аштықпен бірге саяси қуғын-сүргін де қатар жүрді. Мәселен, сол кездегі «Құмжота» колхозы партия ұйымының хатшысы Алтыбек Тілеукеев 1933 жылы үйіне молда шақырып, қайтыс болған әкесіне Құран оқытады. Көп ұзамай оның үстінен арыз-шағым түсіп, ақыры ату жазасына кесіледі. Осы сияқты аянышты тағдырлар көптеп кездеседі. Мұндай кезеңде көптеген құрбандықтың шолақбелсенділердің пәрменімен жүзеге асқанын да айта кету керек. Дегенмен қазақ тарихындағы қаралы кезеңнің бірінен саналатын аштықтың ақиқаты ұрпақ санасынан ешқашан өшпейді. Ғаламның, адамның, қоғамның қасіреті Ұлы даланың қатпар-қатпарында жазулы тұр. Оны уақыттың дауылы да, жауыны да өшіре алмайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ қалай аштыққа ұшырады. Ұжымдық жинақ. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 207б.
2. ҚРПМ. 141 – қ. 17-т., 471-іс, 222-п.
3. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. – 319б.
4. Қойшыбаев Б. Сарысу көтерілісі. // Тараз. Жамбыл облысы. Энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖАҚ-ы, 2003
5. Омарбеков Т. 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері. Алматы: Арыс, 2018. – 289б.
6. Омарбеков Т. Зобалаң. - Алматы: Санат, 1994
7. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті, Алматы: Санат, 1997. – 301б.



## **НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ ИДЕЯЛАРЫН НАСИХАТТАУ**

**Абсалимова Айбуби Тулемишовна**

Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі,  
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Тарихи сананы қалыптастыруда тарих сахнасында орын алған белгілі оқиғалардың субъектісі болған, ХХ ғасыр басындағы оқиғаларға тікелей қатысушы болған мемлекет және қоғам қайраткерлері жайында зерттеулер тұлғатануда ерекше орнын алады.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында большевиктік билік құрылымдарына тартылған қазақ зиялылары қазан төңкерісіне дейін ұлт-азаттық қозғалысқа араласып, саяси дайындық жолынан өтті. Түркістан өлкесінде билік құрылымдарында басшылық қызмет атқарған Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Н. Төреқұлов, С. Асфендияровтар реформатор тұлғаларға айналды. Олардың саясат, білім және мәдениет салаларындағы қарымды қызметі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда өзінің өзектілігін айқындай түседі. Көрнекті мемлекет



және қоғам қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметіне және ұлт зиялыларының ғылыми-педагогикалық мұрасына назар аударудың маңызы зор. Өйткені, ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының тікелей басқаруымен ұлттық мәдени-рухани дамудың бағдарлары айқындалып, саяси және мәдени құндылықтар қалыптасып, ұлттық өркендеу бағдарлары белгіленді.

Қазақ зиялыларының Түркістан өлкесінде кеңестік биліктің жоғары сатысына көтерілуі объективті және субъективті факторларға байланысты өрбіді. Түркістандағы этнос аралық және конфессиялық тұрғыда қазақ этносының арасынан Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров, Н.Төрешұлы сынды Мәскеуде білім алған еуропалық үлгіде, осындай тұлғалардың саясатқа келуіне қаншама факторлардың ықпал етуінен болды.

Отандық тұлғатануда кеңестік үлгідегі қайраткерлерді зерттеу бағытының дамуына кең ғылыми және саяси мүмкіндіктерге жол ашылды. Қазіргі кезде мемлекеттік дамудың бағдарына алынған рухани жаңғыру үдерісі тарихи жадымызды жаңғыртумен тікелей байланысты. Өтпелі тарихи кезеңдердегі қоғам өміріндегі өзгерістер билік басындағы жеке тұлғалардың қызметімен тығыз байланыста қаралатындығы белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, ұлт зиялылары тұтас тарихының аса жауапты да шешуші кезеңінде саяси билікпен бірге саяси жауапкершілікті өз мойнына алды. Үлкен жауапкершілікпен мемлекет құруға араласып, осы мақсат үшін тер төгіп күресіп келді. Міне, осылай бұл тарихи мақсат тәуелсіздікке жеткеннен кейін өмірлік шындыққа айналды.

Тәуелсіздік жағдайында қоғамдық ойдың құрылымындағы түбірлі өзгерістер көп мәселелерге жаңаша қарауды талап етеді. Осыған байланысты «Постмодерн жағдайында кәсіптік тарихнама мен бұқаралық тарихи сананың өзара ықпалдастық сипатына ой жүгірткенде мынаған баса назар аудару керек; біріншіден, өткен мәдени кезеңнің ерекшелігіне, екіншіден, жаңа жағдайдағы кәсіптік тарихнаманың өзекті міндеттеріне» [1], – деген мәселелер отандық тарихшылар үшін де жат емес деп білеміз. Әрине, бұл аталған факторлардың өзара ықпалдастығын жоққа шығару қиын. Содан да посткеңестік кезеңдегі Қазақстан үшін ерекше қызығушылық туғызған тарих ғылымының алдында тұрған міндеттердің бірі – халықтың тарихи өмірін зерттеу, нақтырақ айтқанда ұлттық сәйкестікті қалыптастыру. Бұл міндеттердің де іске асырылуының өзіндік қиындықтары бар.

Соңғы жылдары Отан тарихында батыл концептуалдық зерттеулер жасалынуда. Соның арқасында жекелеген субъективті, кәсіби ұсыныстармен бірге жалпыадамзаттық құндылықтарға сай ғылыми мектептер қалыптасуда.

Н. Төрешұлының қоғамдық-саяси қызметі жайлы былай деуге болады. 1922-1928 жылдар арасында Сауд Арабиясына дипломатиялық қызметке ауысқанға дейін Мәскеуде Шығыс халықтарының Орталық баспасында 6 жыл қызмет атқарған еді. Жаңа түркі әліпбиін құрастыру жөніндегі арнайы комиссияның пленумдарында жасаған баяндамалары, латын әліпбиіне көшуге байланысты пікірталастардағы жарыссөздері мен жазылған мақалалары, бірінші жағынан жан-жақты қоғамдық-саяси қызметін танытса, екінші жағынан, түрік халықтарының мәдени бірлестігін нығайту жолында бірыңғай әліпби жасаудағы ғылыми шығармашылығын танытқан болатын [2]. Біздің қазір кешіп жатқан жаһандану үдерісіне түрік ұлттарының мәдени өміріндегі араб, латын және кириллица түріндегі үш әліпбиді қолданғаннан пайда болған қиындықтар Н. Төрешұлының жұртшылыққа ұсынған идеясының дұрыстығын дәлелдейді.

Қазақстандағы әліпби мәселесінің жалпы ахуалын 1927 жылдың 24 сәуірінде Мәскеудегі қазақ студенттерінің жиналысында Н. Төрешұлы: «... қазақ жұртшылығы екі лагерге бөлінді. Бір жағында жаңа қазақ алфавиті жалпы мұсылмандық мәдениеттен және жалпы мұсылмандық дәстүрден бөлуді көздейді деген пікірдегі ескі кері тартпа интеллигенция. Олар өздерінің осы мәселеге жаулық әрекетін халықты ағарту қамын ойлағансыған әрекетімен бүркемелегісі келеді. Екінші жағында біз, жаңа алфавиттің тәжірибелік және принциптік жағын салмақтай келген көп санды жаңа интеллигенция

тобы, ауыл мұғалімдері және оқушы жастар» [3, б. 204], – дей келіп, әлем халықтарының басым көпшілігі осы әліпбиді қолданады.

Қазіргі тез өзгеріп жатқан жаһандағы ғылым-білімнің, техника мен технологияның басым бөлігі ағылшын тілі мен латын әліпбиінің негізінде жасалған деген тұжырым жасады. Сондықтан қазақ өз ғылымын, экономикасын дамытқысы келсе, өркениет көшіне ілесуді қаласа, латын әліпбиіне көшуі шарт. Бастауыш сыныптан бастап балаларға ағылшын тілі оқытылатындықтан оларға латын әліпбиі үйренуге оңай.

Мектептерде ұйымдастырылатын танымдық-тәрбиелік шаралар бітіруші сынып оқушыларын Н. Төрекұлов туралы білімдерін толықтыруға және оның қайраткерлік өнегесінен тәлім алуға елеулі ықпал болатынына көзіміз жетті.

Ол үшін қазіргі таңдағы мұғалімдер келесідей құзыреттілікке ие болуы қажет:

1. Педагогикалық үдерісте жүйелі түрде жұмыс істей алатын;
2. Педагогикалық өзгерістерге тез бейімделу;
3. Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
4. Оқушымен ортақ тіл табыса алатын;
5. Білімді, шебер, іскер болуы тиіс.

Болашақ жас буын тарихшылар қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде тарих пәні мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекеттерінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды болып табылады. Ал ғылым мен техниканың тез дамыған, мәліметтер ағыны күшейген ХХІ ғасырда жан-жақты кәсіби шығармашыл тарих пәні мұғалімін қалыптастыру қазіргі таңда басты міндет болып табылады. Бұл үшін әрбір білімгердің қабілетіне қарай білім беріп, оның өзіндік ізденуіне, шығармашылығына тәрбиелеуді жүзеге асыратын болашақ кәсіби тарих пәні мұғалімдеріне жүктеледі.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда болашақ тарих пәні мұғалімі дәрісті дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал мұғалімнің негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады. Инновация «Нәзіртану негіздері» элективті курсына бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады және мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Бүгінгі таңда Қазақстанда ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары жан-жақты қарастырылады. Осы технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже көрсетті. Біз «Нәзіртану негіздері» элективті курсына оқытуда инновациялық технологияларды жүзеге асыруда тарих пәні мұғалімі белсенділігі, шығармашыл ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, еңбегін шәкірттерінің бағалауы, білім сапасының жоғары болуы ерекше орын алады.


Қазіргі кезде отандық тарихи тұлғатану бағытында кеңестік биліктің жоғары эшелонында саяси қызметтің жоғары сатысына көтерілген ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси тарихын зерттеуге және олардың саяси, азаматтық өнегесін рухани жаңғыру аясында насихаттауға кең ғылыми мүмкіндіктерге жол ашылды. Мемлекеттік бағдарға алынған рухани жаңғыру үдерісі тарихи сананы жаңғыртумен тікелей байланысты. Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Асфендиаров, Н. Төрекұлов сияқты тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының мәскеулік кезеңінің тарихын Отан тарихының құрамды бөлігі ретінде қарастыру арқылы олардың елжанды, мемлекетшіл өнегесі елдің игілігіне айналып, тарихи жадынан берік орын алуы тиіс деген қорытындыға келдік. Қазіргі таңда ұлттық тарихтың құндылықтары терең талдау арқылы ой елегінен өткізіліп, өзінің лайықты бағасын алуда. Н. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында тарихи тұлғаларға қатысты жасаған тұжырымдары да зерттеу жұмысымыздың мемлекеттік бағдарламаға сай жүргізілгендігін маңыздылығын айғақтай түседі және оның міндеттерін іске асыруға үлес болып қосылады деп білеміз.

Қазақ қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын мемлекеттік бағдарламалардың аясында қарастыру – тұлғатану бағытындағы зерттеулерді сапалық жаңа деңгейге көтереді. ХХ ғ. Бас кезіндегі революциялық және реформалық өзгерістер

сол кезде тарих сахнасына шыққан ұлттық элитаны қазақ халқының болашағына қызмет етуге жұмылдырды. Кеңестік биліктің жоғары лауазымдарындағы ұлт қайраткерлері өздерінің көзқарастары мен саяси ұстанымдарының әртүрлілігіне қарамастан жаңа қоғамдық-саяси жүйеге қызмет ете жүріп бар күш-жігерін кеңестік автономияға ұлттық мазмұн беруге жұмсағандығы айқындалды. Алайда, олар өздері құрған кеңестік биліктің тоталитарлық саясатының құрбаны болды. Сондықтан да ұлттық тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне шынайы баға беру тарихымыз үшін ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағын рухани жаңғыру ұстанымдары тұрғысынан елжанды, мемлекетшіл етіп қалыптастыруға қызмет етеді. Осыған байланысты тәуелсіз тарихи сана қалыптастыруда ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметі мен ұлттық мемлекеттің негіздерін қалаудағы тарихи қызметін мемлекетшілік идеясына топтастыра қарастыру арқылы ғылыми қалпына келтіру бағытында жүргізілетін зерттеулерге әдістемелік негіз болуы тиіс тұжырымдар жасалды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Коллигвуд Р. Дж. Идея истории. Автобиография / пер. Ю.А. Асеева. – М.: Наука, 1980. – 488 с.
- 2 Нәзір Төрекұлов: архивтік құжаттар мен материалдар жинағы. Назир Турекулов //Сборник архивных документов и материалов / құраст.: Тұрсұн Х.М., Батырбекқызы Г. – Шымкент: АЗИАТ, 2017. – 204 б.
- 3 Кокебаева Г.К., Жақупова Г.Т. Методика преподавания истории:учебно-метод. пособие. – Алматы, 2015. –160 с.



### **Т.ҚОРДАБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ СИНТАКСИСІ**

#### **Абдрахманова Гульзира Қаржаубаевна**

Абай атындағы шағын орталықты орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

#### **Рахимбаева Сымбат Нусупалина**

Әл-Фараби атындағы орта мектебінің мұғалімі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Отандық тіл білімі ғылымында мол еңбек етіп, барлық салалары бойынша өзіндік қолтаңбасын қалдырған қайраткер - профессор Төлеубай Рақымжанұлы Қордабаев. Ғалым Т.Қордабаев ана тіліміздің теориялық мәселелерін, әсіресе, морфология, синтаксис, әдеби тіл тарихының ең келелі мәселелеріне тереңдеп барып, түркітану мен қазақ тіл білімінің тарихы турасында ғылыми зерттеулер жазды. Осымен қатар, сөздіктердің, тілді оқыту, жан-жақты меңгерту мақсатында әзірленген бірқатар бағдарламалар мен оқулықтардың авторы. Профессор Т.Қордабаев ғалым ретінде жеке басының мансабын немесе тіршілік қамын күйттемей, тек отандық ғылымның қажетін өтеп, қал-қадірінше, өзекті мәселелерді шешуге, түйінді толғамдарды тарқатуға ұмтылды.

1946-жылдан 1949-жылға дейін ҚазПИ-де ұстаздық болып қызмет етті. Ұстаз бола жүріп, ғалымдық талантын ұштап, ол қазақ тілі грамматикасының қолданымдық мәселелеріне арнап әдістемелік еңбектер жазды. Ғылыми-ізденіс жұмыстары 1949 жылғы қазақ тіліндегі етістіктің шақтары туралы кандидаттық диссертация қорғауынан басталды. Ғылыми жетекшісіз ең күрделі сөз табы саналатын етістіктің даулы грамматикалық категориясы – шақтарын ғылыми тұрғыда кең айналымға түсіріп, түйткіл мәселелеріне нүкте қойды.

Қиындығы көп ғылым жолындағы алғашқы қадамын осылай бастаған ғалым сол кездің ғылыми күн тәртібіндегі мәселелері сөз және оның мағынасы, грамматикалық құрылысы, сөздерді тастастыру мәселелеріне арнап бірнеше мақалалар жазды. Осы тұста түркі тіл білімі мен қазақ тіл ғылымында екі түрлі пікірталас өрбіді. Бірі – сөйлемнің толықтауыш мүшесі мен пысықтауыш мүшесі арасына ара жік қою туралы 1952 жылғы М.Балақаевтың «Халық мұғалімі» журналындағы мақаласына байланысты болған пікірталасқа Т.Қордабаев та қатысып, өз пікірін білдірді. Екіншісі – түркі тілдеріндегі сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының сипатын нақтылауға байланысты. Осы және басқа да келелі мәселелер қозғалған 1956 жылы Алматыда өткен түркітанушылардың бүкілодақтық кеңесінде «бағыныңқының дербес бастауышы болуы қажет» деген Т.Қордабаевтың тұжырымы қазіргі кездегі қазақ синтаксисінің басты критерийлерінің бірі болып қалды.

Т.Қордабаев ғылыми еңбектерінің негізі қазақ тілінің синтаксисіне арналған. 1961 жылы М.Балақаевпен бірге шыққан «Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис» оқулығында құрмалас сөйлемге байланысты А.Байтұрсыновтың пікірлерін ғылыми тұрғыда дәйектеп, салыстырып, толықтырып отырды. Осы себепті де, аталған оқулық тәуелсіздік алғаннан кейін 1995 жылы қайта басылып шығып, осы күнге дейін жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы студенттері үшін өте құнды оқулықтардың бірінен саналады. Профессор Т.Қордабаев қазақ синтаксисін зерттеумен қатар, оның көкжиегін кеңітіп, келелі мәселелерін кең тұрғыда зерттеген бірқатар жас ғалымдарға бағыт-бағдар беріп, ғалымдық қырымен қатар, шәкірт тәрбиелеудегі өзіндік рөлімен дараланды.

Т.Қордабаев тіл білімі мәселелерін, оның ішінде синтаксисті түбегейлі зерттеп, бүкіл ғылыми-ізденіс жұмыстарының негізгі арнасы ретінде зерттеді. Докторлық диссертациясын ғалым ХҮ-ХХ ғасырлардағы қазақ жазбалары тілінің синтаксисіне арнады.

ХХ ғасырдың екінші жартысында қазақ тіл білімі А.Байтұрсыновтан бастау ала отырып, кезең-кезең тұрғысынан салалық ерекшеліктері ескеріле отырып, зерттеу көкжиегін кеңейте түсті. Ғылымға жан-тәнімен берілген, терең білімді, ізденімпаз бір шоғыр талантты ғалымдар ана тіліміздің грамматикалық құрылымына терең бойлап, жан-жақты өркендеуіне барынша өз үлестерін қосты. Осындай шоғырдың ішінен тіл білімінің салалары бойынша іргелі ғылыми зерттеулер жазып, ана тіліміздің басты бағыттары мен тіл дамуының негізгі заңдылықтарын жүйелеп, ерекшеліктерін анықтауда өнімді еңбек еткен ғалым – Т.Қордабаев болды. Тіл дамуын - өркениет пен мәдениеттің жетілуінің негізгі факторы деп санайтын лингвист- ғалым тілді тарихи құбылыс деп қарай отырып, өзі зерттеген саласы бойынша жаңаша пайымдаулар жасап, дәлелдеді.

Қазақ синтаксисіне арналған еңбектерінде бұған дейін белгілі бір тиянақталған ойды білдіретін тілдік тұлға деген анықтаманы жаңаша түсіндіреді. Өзінің «Тілдің структуралық элементтері» деп аталатын монографиялық еңбегінде «Сөйлем - ойды жарыққа шығарушы материалдық көрсеткіш. Бірақ сөйлем арқылы берілетін ойды аяқталған, тиянақталған ой деу онша дұрыс болмайды. Өйткені ойды аяқтау үшін бір емес, толып жатқан сөйлемдер айту керектігі тәжірибеден белгілі. Сөйлем аяқталған ойды емес, жеке ойды білдіреді. Ондай жеке ойлар логикалық жағынан аяқталмауы мүмкін. Сөйлем - жеке ойды оған тетелес басқа ойдан бөліп көрсететін коммуникативтік дербес тұлға»,- деген анықтама берді [1, 101б.]. Тіл білімінің синтаксис саласы бойынша еңбектерде көптеген ғалымдар бұған дейін сөйлемге ««... аяқталған ойды білдіретін бір я бірнеше сөзді сөйлем дейміз» (Қ.Жұбанов), «...айтушының ойын тыңдаушы барлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» (А.Байтұрсынұлы) деген анықтамалар беріп келген-ді. Бұл әр кезеңнің қоғамдық даму сипаты мен рухани-әлеуметтік ахуалының дәрежесіне байланысты болды. Бұл анықтамалар сол кездің өзінде зор ғылыми маңызға ие бола білді. Аталған ғалымдар еңбектерінен бастау алған зерттеуші ғалымдар уақыт өте келе, сөйлемнің белгілі бір тиянақты ойды білдіре алмайтындығын аңғарып, ендігі кезекте, тілдік мысалдарға жүгіне отырып, синтаксистің басты нысаны –

сөйлем анықтамасын кеңейтіп, ғылыми тереңдетті. С.Аманжолов: «тиянақты ойды білдіру дегеннің өзі шекті нәрсе екен... Ақынның я жазушының бүтін романы, поэмасы, баяндамашының жасаған баяндамасы түгелімен бір ойға, күрделі бір пікірге байлаулы болады. Сол роман я поэма біткенде ғана, ақын я жазушының ойлаған ойы, айтайын деген сөзі бітеді. Міне, бұдан ойдың өрісі, ішкі көлемі кең екендігі анық көрінсе керек. Сөйтіп, сөйлем дегеніміз кейде ұзын ойдың бір бөлшегін, кейде қысқа ойдың бүтінін қармайтын сөздер тобы екен», - деген тоқтамға келсе [2, 67б.], көрнекті лингвист, қазақ лексикологиясының атасы М.Балақаев: «... сөйлем сол жеке ойлардың синтезі ретіндегі байымдауды (суждение), хабарлауды, сұрауды, модальділікті білдіреді. Әдетте, бұлар жеке сөйлеммен тиянақталып, ойымыз жеке сөйлемнен аяқтала бермейді. Сөйлемнің аяқталмаған ойды білдіруі оның маңындағы басқа сөйлемдермен қатынасына қарай да айқындалады... Контекстен бөліп алынған сөйлемдер әр уақытта мүлде аяқталған ойды білдірмейді, біршама (относительно) ғана аяқталған ойды білдіреді» [3, 6б.],- деп ғылыми пайымдады. Т.Қордабаев осылай ғылыми көкжиегін кеңейтіп берген сөйлем кейін тұлғалық, грамматикалық жақтан едәуір кең көлемде зерттеліп, ғылыми анықтамаларға ие болды. Синтаксистің белгілі маманы Р.Әмір: «Қазақ тілінде сөйлемдердің ішіндегі ең көп жұмсалатыны екі мүшелі болып, бастауыш, баяндауыштан құралады. Бұл кездейсоқ емес, тіл мен ой тығыз байланысты. Сөйлем пікірді хабарлаудың амалы болғандықтан құрылысы жағынан да оған ұқсамай, оны қайталамай тұра алмайды... Тілімізде атаулы сөйлем деп аталатын бір мүшелі сөйлемдер бар. Бұл сөйлемдер пікірді білдіреді және олар екімүшелі пікірге тең. Сөйлем бір мүшелі бола тұра пікірді толық баламалап хабарлап тұр. Предикат та, субъект те сөйлемнің бір мүшесі арқылы көрінеді», - деген соны ой айтып, бірнеше ғылыми еңбектерін арнады.

Сөйлемнің құрамына енген сөздер мен сөз тіркестерінің құрылымдық өзгеру процестері саны көп және олар әртүрлі болады. Бұл мәселе де Т.Қордабаев еңбектерінде едәуір орын алып, өзіндік зерттеу нысаны болғаны белгілі. Ғалым зерттеулерінің бір ерекшелігі көп ғалымдар талдай қоймаған, аңғарылып, атала бермейтін тілдік деректерді ғылыми айналысқа шығарып, қалтарыста қалған көмекші бірліктердің сөйлемдегі мағынасы мен мазмұндық мәнін ерекше атап көрсетіп, бағын аша білді.

Тілдің табиғаты тізбекті болса да, синтаксисте сөйлемнің компоненттерінің арасындағы байланысты мағыналық байланыс, әртүрлі орын тәртібі, интонация және т.с.с. құралдармен анықтауды, сөйлемнің мағынасына, мақсатына, стиліне, эмоциялық реңіне қарай түрлерін айқындай отырып, профессор Т.Қордабаев «сөйлеуде жұмсалатын әрбір тілдік бірліктің сөйлем жүйесінде өзіндік мағынасы, мәні, ой мазмұнын бекітуде рөлі бар. Сөйлемнің бір “элементі болып табылатын сөз де, сөз бен көмекші сөздің тіркесі және тұрақты тіркестер де сөйлемге енгенде қалай да белгілі бір заңдылықтар негізінде жүзеге асады”, - деп ғылыми тұжырымдады.

Грамматика саласының даму процесіне назар аударған ғалым сөйлеу тіліндегі синтаксистің мәніне ерекше көңіл бөледі. Бала тілінің син-

таксистің, алғашқы сөйлеу жүйесіндегі ойдың, пікірдің берілуіндегі синтаксистің маңызына тоқталады. Егер белгілі интонацияға ие болса,


жеке сөздердің сөйлем болуы мүмкін деген ой айтады. Мұндай ғылыми пікірлер қазақ синтаксисінің болашақта дамуына қатысты айтылған бастамалар деуге толық негіз бар.

Қорыта айтқанда, қазақ синтаксисінің зерттелуіне профессор Т. Қордабаев өзіндік үлкен үлес қосқан ғалым. Оның еңбектерін қайталай оқығанда, қазақ тіліндегі сөйлемді зерттеуде қандай ғылыми тұжырымға қол жеткізілді, болашақта қандай бағытта ізденуге болар еді деген сұрақтарға жауап

ала аласыз. Артына өлмес мұра қалдырған профессор Т. Қордабаевтың еңбегі әлі талай ғылыми еңбектердің зерттеу нысанына айналары хақ.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қордабаев Т.Р. Тілдің структуралық элементтері. Алматы, 1975.
2. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алматы: Санат, 1994
3. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Алматы: Мектеп, 1966.



## НАРША ҚАШАҒАНҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК АРНАЛАРЫ

Ауғанбаева Гулзахира Аубакировна

«АРАІ ELITE» мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Тараз қ.

Талапбек Фаризи  
8-сынып оқушысы

«Жалпы, қай дәуір ақындарын алсақ та, негізінен өлеңіне өміршең қуат, сөнбес от беріп тұратын тағы да осы азаматтық әуен, ақынның дүниетанымдық позициясы. Оларды ғасырлар қойнауларынан табыстырып, жалғастырып жататын дәстүр өзектері де сол төңіректен туындайды» [1, 143 б].

Ақ қағазды алдыма алған сәттерде,

Ар алдында отырғандай сезінем, - деп жырлаған ақын Нарша Қашағанұлы – шын мәнінде ақындық пен азаматтықты қатар алып жүрген.

Нарша Қашағанұлы буырқанған бұла шабытты албырт кезінде арнасынан асырып, ерте шалдықтырып алмауды бала кезінен мақсат тұтты. Өзінің:

Өлең екен өмірімнің мәні шын,

Өлеңімде – сезімім мен намысым.

Әр өлеңім – жазған хатым халқыма,

Халқым мені сол арқылы танысын – дегеніндей, әр туындысын оқырманға жүрекжарды сезіммен, жоғары азаматтық рухпен жолдаған Нарша ақын өлеңдерінің тақырыптық арнасы алуан болып келеді:

Ақын – өз заманының перзенті. Ол қоғам ыңғайымен бірге өмір кешеді. Олай болса, қоғамдағы әрбір саяси-әлеуметтік оқиғалар мен құбылыстарды әрбір ақын өз кезегінде жырға қосып, өлеңмен өрнектейтіні даусыз.

Осыған байланысты өмірлік тақырыптарға айналған туған ел мен жер, махаббат, тарихи, өмір толғамдары, т.б. қатар, ел мен жерді сүю, қастерлеу, ауыл, адамгершілік тақырыптарын да кеңінен жырлап, өзіндік өлең өрнектерімен дараланды.

Аз жазса да, саз жазатын сыршыл ақын:

Ақын да бір, бала да бір бүлдіршін,

Ақын адам шын жыласын, шын күлсін.

Жүз жинақ па, ел есінде қалатын,

Жоқ, жалғыз-ақ жыр ма, оны кім білсін...» [2], - деп жырлағандай, ақын өлеңдері – оқыған сайын тамсандырып, рухани тереңдетеді.

Дүлдiл ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Тұманбай Молдағалиев Нарша Қашағанұлының «Өлеңге менің-дағы бар таласым» деген алғашқы жыр жинағына жазған алғы сөзінде: «Өлеңнің не екенін Нарша інім менен де жақсы біледі. Біреу айтқанды қайталап айта беру де ақынның ақындығына айып. Осы қағиданы түсінген Нарша талай жыл үндемей кетті-ау. Бірден Пушкин болғысы келді ме, білімді, текті, тегеурінді жас

жігіт. Анда-санда жолығып қалғанда өзін жоғалтпағанын, сезімінің сақталғанын, ойына ой, біліміне білім қосып байи түскенін байқайтынмын. Өлеңге сенің де, Нарша, таласың бар. Жаза бер. Ойдың азабын көргенше оны қағазға түсір»[3], - деп ақ тілеуін арнап, ақын інісінің бойындағы ақындық дарынның тереңдігін аңғарған екен.

«Азаматтық – идеялық-эстетикалық категория. Ол ақынның творчестволық позициясын, дүниетанымын белгілейді, сөйте тұра, өлең сөзге өлмес өмір сыйлайды» [4, 143 б].

Шын ақын өмірі бір адамның басынан кешкендерімен шектелмейді. Ақын көптің өмірін сүреді, көп көргенді көре алады, көп сезгенді сезе алады. Бұл – ақын сезімі жалпы және жеке адам сезім-күйінің жиынтығы деген сөз. Ол жеке адам көңіл-күйін заман рухымен жалғастырады. Жалпылық пен жекелікті осылай тұтастыра алғанда ғана ақын азаматқа айналады, өзінің ақындық, азаматтық тұлғасын қалыптастырады.

Поэзиядағы азаматтық әуен де ең алдымен ақынның азаматтық тұлғасына байланысты. Әдебиеттің халық алдындағы биік мақсат-мұратын дұрыс түсініп бағалаған, сөз өнерінің күнін ардақтай сыйлаған, өмір шындығын, қат-қабат құбылыстарын оның терең мазмұнына үңіле отырып суреттей алған ақын жыры әрқашан қоғамдық, азаматтық мәселелерді көтереді. Ақынның азаматтық тұлғасын оның шығармаларының азаматтық үні ғана таныта алады» [5, 159-160 б].

Нарша Қашағанұлының азаматтық тұлғасы өз поэзиясының әрбір жолдарынан паш етіліп тұрады. Ойлы да өрнекті жырлары Алаш

жұртының рухани байлығына айналған Нарша ақынның ана тіл тағдыры, ұлт болашағы туралы өлеңдерінде де ақынның азаматтық тұлғасы шын танылады: Аталы сөзді құлағыңа ілмесең,

Ана тілін менсінбесең, тілдесең.

Абайдың бір жырын жатқа білмесең

«Қазақпын» деп айтпай-ақ қой, бауырым!, - десе, енді бірде:

Аттың басын ауыл жаққа бұрмасаң,

Ақсақалға сәлем беріп тұрмасаң,

Ағайынның адал малын ұрласаң,

Қазақпын деп айтпай-ақ қой, бауырым! [2, 33б,], - деп тереңнен толғайды.

Наршаның қаламынан төгілген барлық өлеңдері ұлттық бояуымен,

қарапайым да терең мағынасымен халық жүрегіне жылы тиеді.

Үндемей құл болсаң,

Мақтайды кім-кім де.

Ұлтыңа ұл болсаң,

Үндемей мүмкін бе? [2, 47б,], – деп жүріп үндемей қоя алмайтындығының зардабын да талай шекті...

«Жақсылық жаса адамға», «Елде тұрам», «Туған ел тұлғалары» секілді жыр сүйер оқырманның іңкәр сезіміне бөленген жинақтардың авторы жас кезінен-ақ күліп тұрып бірауыз ұтқыр сөзімен сұлата салатын болған Осындай Нарша Қашағанұлы келе-келе түйінді мәселенің ұтымды шешімін тауып көптің сөзін сөйлейтін көсемге айналды. Ел аузында «Наршаның сөзі – баршаның сөзі» деген секілді нақылға айналып кеткен сөздері

– осының

дәлелі.

Журналисттердің «сізді ерке, сері дейді» деген сұрағына Нарша: «Ерке, сері деп өзіме-өзім ат қойған жоқпын. Ел солай қабылдады. Егер өзің адамды сүймесең, ел сенің шынайы махаббатыңды сезінбесе, құр еркеліктің құны болмайды» деп жауап берді.

Жақсылық жаса,

Сыйла адамды тік тұрып,

Өмір мәні сол екенін ұқтырып.

Бар кезде де, тар кезде де тарылма

Өзгермеудің өзі білсең – мықтылық.

Жақсылық жаса, далаға ол кетпейді,

Болсын билік, байлығың да көп мейлі.  
Жас боп шыққан жанарлардан алғысқа,  
Бұл дүниеде ештеңе де жетпейді [6,13б.], –дейді ақын риясыз көңілден үздігіп.  
Бәйтерегім сен едің, бір бүршігің мен едім  
Қолым қысқа демедім, қолтығымнан демедің.  
Рахмет, саған туған ел.  
Қазақ деп соққан жүрегі, қазығыңның бірі едім.  
Тайғағыңда тағдырдың табанды саған тіредім.  
Рахмет туған ел, рахмет саған туған ел [6,20б.].

Бұл - көпке әбден танымал болған, қазақтың аяулы азаматтарынан құралған «Музарт» тобының орындауында халықтың сүйіспеншілігіне бөленген ән.

Туған елді бәйтерекке теңей отырып, ақын өзін оның бір бүршігі деп біледі. Бәйтеректің өзіне жасаған жақсылықтарын санамалай келіп, рахметін білдіреді. Туған ел мен жерді қасиетті, киелі деп санайтын Нарша ақын өзін еркелігі қалмаған жас балаға теңейді. Туған елді жас баласының қателіктерінің барлығын кешіре білетін қамқор ана деп біледі. Жүрегі тек қазақ деп соғатын қазығының бірі ретінде ақын туған елге деген мың рахметін өлең жолдарымен жеткізеді.

Бұл, әрине тек Нарша Қашағанұлының ғана емес, бәріміздің туған елге деген рахметіміз секілді. Шынында, туған ел мен жердің әрбір адам баласы үшін орны ерекше, маңызы терең. Оны жырламаған ақын жоқ. Алайда, бұл жерде ақын теңеулерді қолдана отырып, терең философиялық ойлар тұжырымдайды. Өлеңнің осындай терең мағыналы болуы өз кезегінде Әуезхан Салабековтің де назарын аударып, өлең мәтініне ән жазды.

Ал, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев болса, ақынның «Рахмет, саған туған ел» өлеңін ести отырып, ақын туралы тебірене сұраған екен. Бұл да өлеңнің жан тебіренер толғанысқа жетелейтіндігін білдіреді.

Яғни, ақын өлеңдерін талдай отырып, жоғары азаматтық пафосты аңғарамыз. Бұл әрине ақынның елі мен жеріне, туған халқына, ұлтына деген адал ұлының адамдық болмысынан өріліп жатқан ақындық шеберлігі. Ақындық болмыспен шебер ұштасқан азаматтық әуен ақын өлеңдерінің өміршең сипатын тереңдете түседі. Бұл айтылғандардың барлығы да мына өлең жолдарымен айқын дәйектеліп тұрғандай.

Атың шығып, айдарынан жел ессін,  
Байлығың да, билігің де тең өссін.  
Ешқашан да есіңнен бірақ шығарма,  
Кім болсаң да, елден үлкен емессің.  
Ел болмаса - сен де ешкім емессің,  
Баз біреулер үшін бәлкім, ірісің,  
Біреулердің, тіпті, мүмкін пірісің.  
Бірақ, бірақ, Ел-ананың киелі

Алдында сен көп перзенттің бірісің[2, 17б.], - деген жолдар ақынның туған ел мен жер, ауыл жайындағы толғамдарын тереңдете түседі.

Тағдырым менің тұрмайды тек жеңістен,  
Балы да бар, уы да бар мен ішкен.  
Өлеңдерім – халқыма жазған хаттарым

Өмір жайлы ойларымды бөліскен, - деген Нарша ақын өмір туралы жазылған өлеңдерінде үлкен ойшыл ретінде танылды.


Ақын шығармашылығындағы азаматтық әуен көріністері «Бітпейтін кітап» атты кітабында тіпті терең мазмұндалады. Кітапқа автордың жазған қара сөздері енгізілген. Бұл туралы «Бітпейтін кітаптың» алғы сөзінде белгілі ақын, халықаралық «Абай», «Алаш» әдеби сыйлықтарының иегері Ғалым Жайлыбай былай деген екен: «Жүрген жерінде айтқыштығымен, шешендігімен, тапқырлығымен алға озып тұратын ерке ақынның оңашадағы ойларын оқығанда оның сыршылдығына, ойшылдығына тағы да көзіміз жете түсті. «Жақсы адам мен жақсы кітапқа өлімнің өкімі жүрмейді», деп Наршаның өзі



айтқандай бұл кітапқа да өлімнің өкімі жүрмейді деп ойлаймыз. Нарша ақын да, оның жазған әрбір дүниесі де халқымен бірге жасай бермек» [7]. Кітаптағы «Арыңды кірлетпей өмір сүруден артық бақыт та, байлық та жоқ. Ол – адами ерлік» »Жақсы адам мен жақсы кітапқа өлімнің өкімі жүрмейді», «Тәрбиенің төресі –өзінді тәрбиелеу», т.б. ақынның ойшылдығын, азаматтығын дәйектейді. Бұл кітаптың өзі үлкен зерттеулерге өзек болары даусыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жұмалиев Қ. Стиль-өнер ерекшелігі. Алматы, 1966
2. Қашағанұлы Н. Елде тұрам. – Алматы, 2009
3. Қашағанұлы Н. Өлеңге менің дағы бар таласым. – Алматы, 1998
4. Горький М. Әдебиет туралы. Алматы, 1984
5. Әдебиеттану терминдерінің сөздегі. Алматы: Ана тілі, 1998
6. Қашағанұлы Н. Жақсылық жаса адамға. – Алматы, 2008
7. Қашағанұлы Н. Бітпейтін кітап. – Алматы: Нұрлы әлем, 2015



## **ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: МАЗМҰНЫ МЕН ТӘРБИЕЛІК ҚЫРЛАРЫ**

**Жумадилова Раушан Жумабековна**

№64 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

**Сегизбаева Гульзада Торехановна**

М.Әуезов атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы,

Шу ауданы

Дін – адамзат тарихының үлкен тағылым-тәрбиесінің бірі және сарқылмас даналық көзі. Егемен ел болып қалыптасуымыз, мемлекетіміздің өсіп, өркендеуінде діннің алатын орны зор. Өйткені, дін - имандылықтың, әділдіктің, сыпайылықтың, парасаттылықтың, көпшілдіктің, төзімділіктің кепілі. Діні, тілі жоқ халықтың болашағы жоқ.

Қазіргі кезде рухани идеологияның ең басты аспектілерінің бірі ата-бабаларымыз ұстанған ислам дінінің құндылықтары дұрыс түсіндіріліп, дәріптелуінде болмақ. Әрбір қоғам аясында адамдар өздерінің қарым-қатынастарын негіздейтін діннің, діни қағидалардың болуы табиғи құбылыс. Тарихта дінді ұстанбайтын адам болғанымен, діннен тыс қалған қоғамның болмағаны шындық. Немесе дінсіз дамыған, моральдық ұстанымдары әлеуметтік тұрғыдан жетілген, адам сапасын көтеруге бағытталған қоғам кемде-кем.

Еліміздің тәуелсіз ел ретінде әлемдік қауымдастыққа енуі, ұлт руханиятының қайнар көзі тіл, діл, дінді өркендетуге жол ашты. Ислам діні мен мәдениетінің қазақ жеріне келуі мен орнығуы ислам ілімі мен мәдениетінің өркендеуіне жол ашты. Ислам діні мен руханиятын қабылдаған түркі халықтары ислам мәдениеті мен ғылымын өркендетуінде зор үлес қосты. Ислам дінін қабылдаған түркі халықтары арабтық ассимиляцияға ұшырамай, төлтума тілі мен әдебиетін өркендетіп, әлемге әйгілі етті. Ежелгі түркілер ислам діні мен ілімін қабылдағаннан кейін түркі әлемінде ренессанстық (өрлеу) құбылыс ортағасырлық мұсылмандық ренессанс атауымен белгілі болды.

Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік», Жүсіп Баласағұнның «Құтадуғу білік», Ахмед Йүгінекидің «Хибат-ул Хақаиқ», Ахмет Иассауидің «Диуани Хикметі» ислам мәдениеті аясында жазылған жәдігерлер. Түркі ойшылдары ислам мәдениеті мен ғылымының өркендеп өсуіне елеулі ықпалын тигізді. 960 жылы Қарахан мемлекетінің

мемлекеттік діні болып ислам діні жарияланды. Қарахандықтар дәуірінде қала мәдениеті дамып, мұсылмандық сәулет өнерінің ескерткіштері Алаша хан кесенесі, Әулие Ата, Айша бибі кесенелері, мешіттер мен медреселер, кітапханалар Қарахан мемлекетіндегі рухани-мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары болғанын дәлелдейді[1].

Қазақ руханиятының және ұлттық дүниетанымының қайнар бастауларының бірі, бұл-фольклор. Қазақ фольклорының ерекшелігі ұлттық руханиятымыздың асыл қазынасы ретінде айшықталады. Көшпелі өркениет пен ұлы далалық дүниетаным, ұлттық әдеп жүйесі, діл мен құндылықтар шаруашылық түрі фольклорлық үлгілер мен деректерде тұтастай көрініс табады. Қазақ фольклорының шығуы мен даму тарихы бұл ұлттымыздың рухани болмысы мен тұрмыс-тіршілігімен, әлеуметтік өмірімен, ұлттық қадір-қасиетімен тығыз байланысты.

Ұлттық руханияттың асыл мұрасы халық ауыз әдебиеті, аңыз-әпсаналар, тарихи жырлар, ғашықтық жырлар, батырлар жырлары, тұрмыс-салт жырлары және мақал-мәтелдер болып табылады. Халық дүниетанымында мақал-мәтелдер дүниетанымдық, тәлім-тәрбиелік, даналық және рухани имандылық күшке ие болған.

Қазақтың классикалық дастандарында («Алпамыс», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қобыланды» т.б.) ислам діні мен мәдениетінің құндылықтарын халқымызға насихаттауда өзіндік рөлі бар. Шығыстық үлгідегі дастандарымыз ислами құндылықтар дінімізді, әдет-ғұрпымызды, ұлттық тұтастығымызды сақтап қалуда рухани тұғыр бола білді. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында ұлттық дүниетаным мен рухани мәдениеттің құндылықтық ұстанымдары әділеттілік, мейірімділік, ұстамдылық, төзімділік және келісім мәдениеті толығымен айшықталады.

Сонымен қатар, қазақ ақын-жырауларының дүниетанымы мен философиялық ізденістерінде рухани құндылықтар жүйесінде исламның ықпал-әсері айқын көрінеді. Ақын-жырау шығармаларында имандылық мәселесіне үлкен көңіл бөлді. Діндарлық пен имандылық, тәубешілдік пен сабырлылық, рақымшылдық пен қанағатшылдық, сынды ұғымдар олардың шығармашылығының негізгі өзегін құрайды.

XVIII ғасырдағы жыраулар ішіндегі ең көрнекті тұлға Бұқар жырау ел басына күн туған кезде халықты бірлік пен ынтымақты сақтауға шақырған қоғам қайраткері. Қалмақ басқыншылығы кезінде елдің рухын өз жырларымен көтерген, ол халқын имандылыққа, Құран мен Сүннетті ұстануға, ислам парыздары мен иман шарттарын орындауға үндеген жырларында исламның рухани әлеміне көңіл қояды. Өзінің «Тілек» деген жырында:

Бірінші тілек тілеңіз,  
Бір Аллаһқа жазбасқа.  
Екінші тілек тілеңіз,  
Өзәзіл, пасық, залымның  
Тіліне еріп азбасқа.  
Бесінші тілек тілеңіз;  
Бес уақытта бес намаз,  
Біреуі қаза қалмасқа [2].

Бұқар жырау өз замандастарының әдеби мен ахлағын түзетуге ұмтылған ойшыл. Бұқар жырау өз жырларында Аллаһқа ғибадат етуге, иманын көтеруге, рухани тазаруға, пейілді түзетуге басқа түскен қиындықты қайыспай көтере білуге, адамдық қадір-қасиетті жоғары ұстай отырып, тағдырға налымай, өмірден түңілмей қандай жағдайлар болмасын, сабырлы болу болашаққа деген сенім мен ертеңге деген үмітті сөндірмей әрекет етуге шақырады.

Шалкиіз, Ақтамберді, Шал ақын, Дулат, Мұрат, Қаблिसа, Жиёмбет, Доспамбет, Қазтуған және т.б. жыраулар мұрасындағы құндылықтар иерархиясында Аллаһқа деген құлшылық жоғары тұрады. Жыраулар дүниетанымының діни негізі айқын. Сондықтан да жыраулар мұраларында адам үшін, яғни оның екі дүниенің бақытына ие болу шарты имандылық пен руханилықта екендігіне басты назар аударылады. Ақын-жыраулар өз

ізденістерінде ұлтты рухани өрлеу мен ұлттық құндылықтарды сақтау, адамның иман әлемін күшейтіп, әдебін жетілдіруді қарастырады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырлар басында қазақ қоғамында экономикалық, саяси және рухани жағдайдың алмағайып кезеңі болатын. Отарлық әкімшілік жүйе қазақтың мәдениеті мен діни дәстүрін, білім беру жүйесін әлсіретіп құртуға бағытталады. Патшалық Ресей қазақтарды рухани отарлауды тілі мен дінінен, салт-дәстүрінен айыру жолымен шоқындыру саясатын қарқынды түрде жүргізе бастады.

Қазақстанның Ресейге күштеп қосылуының нәтижесінде қазақ халқы орыс мәдениетімен танысып, осы арқылы Батыс еуропалық мәдениеттің озық жетістіктерін игерді. Философ-ғалымдар А.Қасабек, Ж.Алтаев: «Қазақстандағы ағартушылық ойдың қалыптасуына XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы орыс ағартушыларының, әсіресе революциялық демократизмнің ықпалы қатты әсер етті. Орыс революционер-демократтарының идеалдары Қазақстан ағартушы-демократтарының жанына жақын келді» деп көрсетеді [3].

Бұл дәуірдегі ақындар, ойшылдар мен зиялылар өз білімдерін медреселерде алып, ел мүддесі мен руханияты үшін күш-қайратын жұмсаған қайраткерлер болатын. Қазақ оқымыстылары мұсылмандық шығыс пен батыс мәдениетінің озық жетістіктерін терең меңгеру арқылы, ұлттық болмыс пен ұлттық ділдің ерекшеліктерін тереңінен тану арқылы өздерінің шығармаларының күш-қуаты мен рухани әлеуетін ұлттық сана-сезімді оятуға, рухани құндылықтарды жандандырып, өрлету жолына арнады. Қазақтың ойшылдары мен зиялылары Ресей отарындағы мұсылман халықтарының көшбасшылары тәрізді, ислам діні мен құндылықтарын отаршылдыққа қарсы бағытталған күрестің негізгі тірегі ретінде қабылдады.

Қазақ оқымыстылары ислам құндылықтарын халық санасында ояту жолымен дәстүрлі мәдениеттің рухын көтеру жолында еңбек етті. Осы кезеңде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары мен діни дастандары, 1884 жылы Қазан қаласында араб әріпінде басылып шыққан Ыбырай Алтынсариннің «Шариат-ул ислам», («Мұсылманшылдықтың тұтқасы»), 1911 жылы шыққан Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты», Ғұмар Қараштың еңбектері халық арасында ислам құндылықтары мен мәдениетін, ілімдік негіздерін түсіндіру мақсатын көздеді. Бұл шығармаларда ислам, иман, ихсан, әдеп мәселелері көтерілді.

Жалпы алғанда ағартушылардың шығармашылық мұраларына ортақ негізгі өзек-қазақ халқын оқу-білімге үндеп, тіл мен дінді салт-дәстүрді қастерлеу, ұлттық сезім мен намысты ояту, саяси-әлеуметтік белсенділікке шақыру болды [4].

Қазақстандағы діни жағдайды сараптайтын болсақ, қазақ елі мұсылман мемлекеті яғни, ел халқының 73% мұсылмандар, 22% христиандықтың православие, католик бағытын және яһудей дінін ұстанатындар құрайды.

Қазақстанда 3972 діни бірлестіктер (2011 жылы-4551 болған) бар, соның ішінде соңғы кезде деструктивтік діни ағымдардың саны өсіп келеді. Нақты айтатын болсақ, 1990 жылдары діни ағымдардың жалпы саны 10 бола, бүгінде (2012 жылы) деструктивтік діни ағымдардың саны шамамен 160-тан асады: христиандық «Иегова куәгерлері», «Жетінші күн адвентистері», «Сайентология», «Бірігу шіркеуі», «Благая весть», «Грейс Благодать», «Жатва» және исламдық жаңа діни бағыттары «Хизб-ут-Тахрир», «Уахабшылдық» (Салафиттер деп те аталады), «Таблиғи Жамағат» (немесе «дағуатшылар»), Исламиттер, Ахмадийа және т.б. атауға болады.

Қазақ қоғамының рухани тұрғыдан жаңаруында дәстүрлі діндер маңызды рөл атқарады. Елімізде Ислам, христиандық және иудей діндерінің жалпы адамзаттық және гуманистік құндылықтар ұлтаралық және конфессияаралық келісім мен татулықты орнықтырудағы атқаратын ролі ерекше. Дәстүрлі діндердің жасампаз қоғамымызда достық пен өзара құрмет пен түсінушілікті нығайтуға қызмет етеді. Қазақ халқының мәдениеті мен руханияты ислам өркениеті мен дүниесінің ажырамас бөлшегі және елдегі дінаралық келісім мен таулықты сақтауда өзіндік рөл атқарады.

Бұл дәуірдегі ақындар, ойшылдар мен зиялылар өз білімдерін медреселерде алып, ел мүддесі мен руханияты үшін күш-қайратын жұмсаған қайраткерлер болатын. Қазақ оқымыстылары мұсылмандық шығыс пен батыс мәдениетінің озық жетістіктерін терең меңгеру арқылы, ұлттық болмыс пен ұлттық ділдің ерекшеліктерін тереңінен тану арқылы өздерінің шығармаларының күш-қуаты мен рухани әлеуетін ұлттық сана-сезімді оятуға, рухани құндылықтарды жандандырып, өрлету жолына арнады. Қазақтың ойшылдары мен зиялылары Ресей отарындағы мұсылман халықтарының көшбасшылары тәрізді, ислам діні мен құндылықтарын отаршылдыққа қарсы бағытталған күрестің негізгі тірегі ретінде қабылдады.

Елімізде әрбір үш жылда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері өтіп келеді. 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға Қазақстанның төрағалық етуін ИКҰ(Ислам конференциясы ұйымы)-ға мүше елдер ризашылықпен қабылдады. Өйткені, Қазақстан халқының басым бөлігі мұсылмандар екенін бүгінде көп жұрт біледі. Әрі, бұл – ИКҰ мен ЕҚЫҰ арасында тығыз байланыс орнату мүмкіндігі. Сондай-ақ, Қазақстанның осы абыройлы орынға ие болуы, бір жағынан, оның әлем мемлекеттері алдындағы беделін арттырса, екінші жағынан, ол Батыс пен Ислам әлемін байланыстыратын, ымыраластыратын алтын көпірге айналмақ. Ал енді ИКҰ-ның тізгінін ұстау – еліміз үшін үлкен мүмкіндік, әрі Қазақстанның көпвекторлы саясатының бір қыры. Бұл саясаттың өзін-өзі ақтағанына күн өткен сайын көзіміз жетуде. Барлық мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен мейлінше жақсы дипломатиялық байланыстар мен қарым-қатынастар орнату бұл алпауыт елдермен таразы басын тең ұстау үшін де керек.

Қорыта келгенде, Ислам діні - әлемдік өркениеттердің ең озығы. Гуманизм мен бейбітшілікті жақтайтын татулық діні.

Қазақстан халқының руханияттағы ұстанымы-бірлік, төзімділік, өзара сенім, сыйластық пен Қазақстандық отансүйгіштік рухы.

Бүгінгі ұрпаққа дейін келіп жеткен осы қасиетті аманатты көздің қарашығындай қорғау, рухани құндылықтарымызды дәріптеу-қазіргі әрбір исі мұсылман баласының қасиетті борышы. Бұл борыш біздің қоғамда жүрегі Алла деп соққан азаматтар қатары көбейген сайын өз деңгейінде атқарыла берері сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қасымжанов А.Х., Қасымжанова С.А. Духовное наследие казахского народа.-Алма-Ата, 1991.-с 54.
2. Он ғасыр жырлайды.-Алматы, 2006. -133 б.
3. Қасабек А, Алтаев Ж. Қазақ философиясының тарихына кіріспе.-Алматы: Ер-Дәулет, 1994.-149 б.
4. Бейсенов Б.Қ. Қазақ руханиятындағы ислам құндылықтары. . Автореферат. Алматы, 2010.



## **XVIII Ғ. 2-ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ СЯСИ ҚАТЫНАСТАР**

**Досқожа Жандос**

№3 орта мектебінің директоры, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Қазақ халқының көршілес қырғыз халқымен қарым-қатынасы ұзақ уақытқа созылған тарихи процесс болды. Мәдениет пен тұрмыстағы, экономика мен этникалық тарихтағы ұқсастықтар мен көп ғасырға созылған көршілес өмір екі халықтың арасында әртүрлі сипаттағы қарым-қатынастардың орнауына себеп болды. Бұл қатынастар көбіне бейбіт,

достық сипатта болғанымен, кейбір кездері көршілес екі халық арасында көшпелі өмір-салтына байланысты туындап отыратын, жер-су даулары да болып отырған. Сыртқы жаулардың басқыншылық жорықтары кезінде қазақтар мен қырғыздар, оларға қарсы біріге отырып, бір майданда күрескенімен сыртқы жау қаупі сейілісімен олардың арасындағы ескі дау-жанжалдар қайта басталатын. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы мұндай жанжалдар көбінесе, Жоңғар хандығы түбегейлі талқандалғаннан кейін, Солтүстік Қырғызстан мен Жетісудағы, бұрын жоңғарлардың иелігінде болып келген жайылым жерлерге талас-тартыс төңірегінде болды.

Алғашында мұндай жанжалдардың соңы барымта түріндегі ұсақ шапқыншылықтармен аяқталғанымен, олар бірте-бірте ашық соғысқа ұласты. Қазақ пен қырғыз арасындағы мұндай қақтығыстарды Орта Азияны түпкілікті жаулап алуды көздеген қытайдың Цин империясы шебер пайдалана отырып, екі халықтың ортасына от тастауға тырысты. XVIII ғасырдың 50 жылдарының ортасында Жоңғар хандығы құлаған соң, Қазақ хандығы мен қырғыздардың шығыс шекарасы Цин империясымен бетпе-бет қалған болатын. Орта Азияны ашық түрде жаулап алу саясаты нәтиже бермеген Цин империясы Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы халықтардың өзара қырқыстарына арқа сүйеуге тырысты [1, 89б.].

Цин өкіметінің бұл арандату саясаты көп ұзамай өз нәтижесін бере бастады. 1760 жылы қырғыздар қазақтың Дулат және Қоңырат руларының қоныстарына шабуыл жасады. Бұған жауап ретінде осы жылдың тамыз айында қазақ қолдары Талас қырғыздарын жеңіліске ұшыратты.

XVIII ғасырдағы қазақтар мен қырғыздар арасындағы алғашқы қақтығыстар туралы белгілі орыс тарихшысы А. И Левшин: «1760 жылы Орта жүздің қырғыз-қайсақтары жабайы қырғыздарға немесе буруттарға жорық жасап үлкен шығынға ұшыратты» деп жазды [2,242б.].

1760 жылы 19 қаңтардағы орыс армиясының полковнигі Т. Томастың Сібір әскерінің бригадирі фон Фрауендорфқа берген рапортында 1759 жылы Орта жүз сұлтандары Әбілфейіз бен Ханбабаның 15000 қазақ әскерімен қырғыздарға жорық жасағандығы және бұл жорыққа қырғыздардың қазақтардың малдарын айдап кету сияқты түрлі қылмыстық әрекеттері мен Қытаймен, Ташкентпен сауда-айырбас қарым-қатынастарын жасауға кедергі жасауы себеп болғандығы туралы айтылған [3].

Бұл мәліметтен көріп отырғанымыздай қазақ және қырғыз феодалдарының өзара кеіспеушіліктеріне Синьцзян мен Ташкентпен сауда қатынастарына үстемдік етуге деген бәсекелестік те себеп болған.

Орыс деректеріне қарағанда 1762 жылдың күзінде Баркөл маңында орналасқан Цин әскерінен Әбілмамбет хан мен Абылай сұлтанға елшілер келген. Бұл елшілік Абылай мен Әбілмамбеттен Цин әскерінің Самарқантпен Түркістанды басып алу үшін 1763 жылы жасамақ болған жорығына бірге аттану үшін қазақ жасақтарымен дайын тұруын талап еткен.

Қазақ билеушілері өзара ақылдаса келіп, жаңа көршілерінің бұл талаптарын орындаудан бас тарту туралы шешімге келген.

Орта Азия мен Қазақстанға Цин империясының басып алу қаупінің төнуі Орта Азия мен қазақ билеушілерінің Цин империясына қарсы күрес туралы келісөздер жүргізіп уақытша бірігуге мәжбүр еткенімен Цин қаупі сейілісімен бұл халықтар арасындағы бұрынғы жанжалдар қайта өрбіген. Орта жүз қазақтарының Қытаймен қарым-қатынасын анықтау мақсатымен Абылай ордасында болған башқұрт старшыны Шүкір Абзановтың 1764 жылы 24 қазандағы мәліметтеріне қарағанда « сол жылы бұрын қалмақтардың иелігінде болған, қытай шекарасына жақын маңдағы және Іле өзені бойындағы жерлердегі Ұлы жүз бен Орта жүз көштері қырғыздар тарапынан үш мәрте шапқыншылыққа ұшыраған [4,668б.].

Қырғыз феодалдарының бұл әрекеттері қазақ феодалдарының қарымта жорықтарына себеп болды. Қазақтардың жорықтары туралы 1765 жылдың сәуір айында ген-поручик

Шпрингердің шет елдер істері жөніндегі коллегия атына « Орта жүз сұлтаны Әбілфейіздің қырғыздарға қарсы жасаған жорығы туралы» жолдаған рапорты көп мәлімет береді. Бұл рапортта 1765 жылы қазақтардың қырғыздарға жорыққа аттануына қырғыз билеушісі Қарабұта бидің қол астындағы қырғыздармен Ташкент саудагерлерінің керуендерін Орта жүз территориясына жібермей, талап-тонаулары себеп болғандығы айтылады.

Бірақ Абылай хан қырғыздарға жорық жасау туралы түпкілікті шешімді Әбілмамбет ханмен кездесуден кейін ғана қабылдаған. Мұның алдында Әбілмамбет Абылайға қырғыздарға қарсы бірігіп жорық жасау туралы ұсыныспен хат жолдаған болатын. Көптеген ру басылары қырғыздармен даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуді ұсынғанымен Абылай хан қырғыздарға жорық жасау туралы шешім қабылдады. 1765 жылы Абылай басқарған 30000-дық армия қырғыздарға қарсы келесі жорыққа аттанған. Абылай ханның бұл жорығына қырғыздардың Абылай елшілерін дұрыс қабылдамауы сылтау болды. Мұның алдында Абылайдың қырғыз билеушілеріне қазақтардың сауда керуендеріне кедергі жасамауды және қазақ көштеріне барымта жорықтарды тоқтатуды сұрап жолдаған хатын қырғыздардың ру басшысы Балдыбек (қырғыз тарихшысы Д.Б. Сапаралиев Балдыбекті қазақтардың ру басшысы болған дейді) елшілердің көзінше жыртып тастаған болатын [5,946.].

Бұған жауап ретінде Абылай хан 1765 жылдың Қазан айында қазақ әскерлерімен Қырғызстан территориясына жақындады. Бұл кезде қырғыздар қоқан билеушісі Ердана бекпен күрес жүргізіп жатқан болатын.

Абылай хан қырғыз ру басыларының бірқатарын бейбіт келісім жасауға мәжбүр ете отырып, олардан адалдығының кепілі ретінде аманат алады. 1766 жылы 3 тамызда Орта жүзден оралған башқұрттар К. Қазанбаев пен У. Азлаев қырғыз билеушісі Қарабұта бидің Абылай сұлтанға аманат ретінде өзінің туған баласы мен мал-мүлкімен қоса 7 жанұя бергендігін (қырғыз тарихшысы Д.Б. Сапаралиев аманатқа 9 адам жанұясымен бірге алынғандығын айтады) және қырғыздардың тұтқынындағы қазақтарды қайтарып, өз ұлдарымен бірге Ұлы жүз территориясында екендігін хабарлаған.

Бұл жорықтарда қазақтардың жеңіске жеткеніне қарамастан, XVIII ғасырдың 60-жылдарында қазақ пен қырғыз арасындағы жанжалдар шешілген жоқ. Бұған Қазақстанның халықаралық аренадағы күрделі жағдайы, Қытайдың басып кіру қаупінің сақталуы, сондай-ақ күшейіп келе жатқан Қоқан мемлекеті тарапынан қауіп тууы себеп болған еді [1, 2526.].

XVIII ғасырдың 60-жылдарының екінші жартысында Орталық Азия мұсылман мемлекеттерінің арасында Цин империясына қарсы одақ қалыптаса бастады.

Бұл одаққа бастама көтерген Ауғанстан билеушісі Ахмад шах болатын, ол мұсылмандық Шығыс Түркістанды «дінсіз» қытайлардың билігінен азат етуді талап етті. 1762 жылдың өзінде-ақ Абылай сұлтан мен Әбілмамбет хан Орта Азияны басып алуға бара жатқан Қытай армиясын өз иеліктері арқылы өткізуден бас тартқан еді.

1765 жылы қырғыздарға жорықтан кейін Абылай соғыс әрекеттерін бұрынғы одақтасы Қоқан бегі Ерданаға қарсы бағыттады. Бұл соғысқа да екі жақтың сауда жолдарына үстемдікке деген бәсекелестігі себеп болды. Абылай жасақтары мен Қоқан әскері арасында ірі шайқастар болмаған. Бірақ шешуші сәттерде қазақ ру басыларының Абылайды қолдамай, өз мекендеріне қайтып кетуі қоқанмен соғыста түбегейлі жеңіске жетуге кедергі жасады. Тарихи құжаттардың мәліметтеріне қарағанда қазақ ру басыларының бұл әрекеттеріне Абылайдың соғыстан түскен олжаны олармен бөліспеуі себеп болса керек [5,2636.]. Бірақ Абылайдың көреген саясаты нәтижесінде Қоқан хандығына қараған Кухан, Саркон, Катагаш, Салтан, Рабат сияқты бірқатар қалалар Абылай ханға көп мөлшерде алым-салықтар төлеуге мәжбүр болған. 1768 жылы наурызда Троицк бекінісінде қазақтар Б. Тураев пен С. Мамбетовтың көрсетулері бойынша Ташкент қаласы мен округінің тұрғындары еш ұрыссыз Абылайдың билігін мойындап, оған салық төлеуге келісіп, Абылайдың басқаруындағы қазақтардың қол астына өткен.

Ал 1767 жылдың жазында Ердана бидің әмірлерінің бірі Фазыл би Абылайға бағынатындығын білдіріп, Абылайға келеді. Бірақ Абылай бұған қанағаттанбай, Ердананы өз билігіне толық бағындыруды көздеп, 1767 жылы Пекинге әскери көмек сұрап Даулеткерей сұлтан басқарған елшілерді қайта жіберген.

Алайда зеңбірек және 20 мың жаяу әскер беруді сұрап, Қытайға жасаған өтінішіне жұмсақ айтылса да, үзілді-кесілді бастартылған жауап келген. Дегенмен, XVIII ғасырдың 60-жылдарының аяғында Абылай Қазақстанның оңтүстігінде де өз жағдайын нығайтып алды, Ұлы жүздің қазақтары әділетті түрде оны өз мүдделерін қорғаушы деп біле бастады. Ал 1770 жылы қартайған Әбілмамбет хан қайтыс болған соң Абылай Қазақ хандығының шын мәніндегі бірден-бір билеушісіне айналды. XVIII ғасырдың 60-жылдарының соңына қарай Қазақ мемлекеті Абылайдың белсенді сыртқы және ішкі саяси қызметі арқасында біршама мықты әрі біртұтас мемлекетке айналды. 1770 жылы Абылай қырғыздармен қайта басталған жанжалдарды түбегейлі шешу үшін қырғыз жерлеріне тағы бір жорық жасады. Шату асуы арқылы Қызылсу және Шамси өзендерінің аңғарына өткен қазақ қолдары қырғыздардың Солты және Саяқ руларының ауылдарына шабуыл жасап, қайтар жолда қырғыз жасақтарымен кедескен. Ш. Уалихановтың айтуынша ел аузында «Жайыл қырылған» деп аталған бұл шайқас сол кезеңдегі қазақ-қырғыз соғыстарындағы шешуші шайқас болған. Шайқас Шу өзеніне Ақсу және Қызылсу өзендерінің құяр сағасында болған. Бұл ұрыста қырғыз жасақтары ауыр жеңіліске ұшырап, Шоңбағыш руынан екі ауыл, ал чонтолқан деп аталатын ру бөлімінен 40 адам ғана қалған [5,77-79.б].


Қырғыздардың мұнша шығынға ұшырағанына қарағанда олар тұтқындағы өз туыстарын құтқару үшін, ақтық демі біткенше шайқасқа керек. Осы соғыста қолға түскен көптеген тұтқын қырғыздар Орталық Қазақстанға көшіріліп, онда Абылайдың жеке вассалдары-төлеңгітері құқығымен қоныстандырылады.

Белгілі қырғыз тарихшысы Б. Д. Жамгерчиновтың көрсеткеніндей, қазақ және қырғыз халықтарының арасындағы мұндай қақтығыстар бірде күшейсе, бірде басылып XIX ғасырдың ортасына дейін созылып, екі халықтың да әлсіреуіне алып келген.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-қырғыз қарым-қатынастарының бір ерекшелігі, олар жер-су үшін өзара соғыса отырып, сыртқы жаулардың ортақ қаупі төнісімен бір мезгілде сыртқы жауларға қарсы біріге отырып, күрес жүргізген. 1786 жылы 14 мамырда Омбы көпесі Захар Пеневскийдің хабарлауына қарағанда осы жылы қырғыздарға Ұлы және Орта жүз қазақтарынан ортақ жаулары Қытайға қарсы әскери одақ құру туралы келісім жасау үшін елшілік келген. Мұның өзі қазақ және қырғыз халықтарының тарихи тағдырларының ортақ екендігін көрсетіп берді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. Алма-Ата, 1969
2. Сулейменов Р.Б, Моисеев В. А. Из истории Казахстана XVIII века. Алматы, 1988
3. Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық жинақ. 3-том. Алматы, 1996
4. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Алма-Ата, 1969
5. Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII-пер. треть XIX в. Сборник документов и материалов. Алматы, 1989



## **ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТӘЛІМДІК- ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Усерова Назым Асылбекқызы**

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

**Әбдіжапар Арман Сәкенұлы**

Ш.Мұртаза атындағы №1 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

Жазушы шығармашылығындағы тәлім-тәрбиелік идеялардың жазушы тағдырымен тығыз байланыстылығын және оның теориялық негіздерін анықтау мақсатында педагогикадағы әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдарға жүгінген жөн. Өйткені, педагогика ғылымы да заманның қоғамдық бейнесіне, саясаты мен идеологиясына, экономикасы мен мәдениетіне сай өзгеріске ұшырайды. Осы мақсатта, қойылған зерттеу міндеттерін шешудің негізгі жолы, сол шешімдердің бағыты мен стратегиясын айқындайтын әдіснамалық тұғырларды Шерхан Мұртаза шығармашылығының тәлімдік теориялық негіздерінің сырын ашуда басты бағдаршам етіп алдық.

Педагогикалық әдіснамалық тұғырлар туралы ірі зерттеулер жүргізген Б.С.Гершунский, С.А.Смирнов, П.И.Пидкасистый, В.Сластенин, И.Исаев, т.б. орыс ғалымдарының еңбектері негізінде мәдениеттанушылық, аксиологиялық, өркениеттілік, инновациялық тұғырлар қалыптасқан. Бұған қоса, педагогика ғылымында басқа да бірқатар әдіснамалық тұғырлар бар. Олардың ішінде гуманитарлық, тұлғалық, антропологиялық, жүйелілік, парадигмалық, креативті, танымды-ақпараттық, технологиялық, ақпараттық, т.б. ерекше атауға болады. Отандық педагогика ғылымында әдіснамалық тұғырлар турасында Т.Тәжібаев, А.Сембаев, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, М.Х.Балтабаев, Ш.Таубаева, т.б. ғалымдар бірқатар еңбек сіңірді.

Шерхан Мұртаза шығармашылығының педагогикалық сырын ашу мақсатында біз де бұл мақалада тұлғалық, жүйелілік, ақпараттық-инновациялық, аксиологиялық, креативті, этнопедагогикалық тұғырларды таңдап алдық.

Тұлғалық тұғырға келетін болсақ, Шерхан Мұртаза – Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, кесек тұлға, кенен дарын. Жас кезінен қандай қиындықты көрсе де, мойымай, тіршілік үшін күресуі, арманына қанат бітірген жас Шерханның Мәскеу полиграфиялық институтына оқуға қабылданып, еңбек жолын баспадан бастауы, ірі басылымдарды басқарып, қазақтың Шерағасы, Халық жазушысы атануы, т.б. оның тұлғалық тұғырының мазмұны. Тұлғалық тұғыр бойынша негізгі құраушы элементтерді талдай отырып, Шерхан Мұртазаның өте сезімтал, зерек, отансүйгіш, туған жеріне деген адал, еңбексүйгіш, іскер, ұлтшыл, қамқор, көреген секілді сапаларының ерекше дамығандығын, үнемі бір тылсым күштің жебеп жүргендігін байқаймыз.

Жүйелік тұғырға шығармашылықтан қол үзбей, тақырыптық арнасының жалғасып жатуын атауға болады. Шағын әңгімеде баяндалған ой желісі кейіннен повестерге, одан ары романға дейін айналып отырды. Публицистикалық шығармаларында еңбек адамдарын дәріптеп, шығармашылығының негізгі сарынына елді, адамды сүю, батырлыққа үндеу, ұлтжандылыққа тәрбиелеуді айналдырды. Шерхан Мұртазаның әңгіме, повесть, романдарында Хадиша атты кейіпкер бар. Осы кейіпкер жазушы шығармашылығындағы негізгі тақырыптың, айтар ойының, суреткерлік кемелденуінің негізгі көрінісі. Әрбір шағын әңгіме арқылы Хадиша кемпірдің ғұмырнамасы, заман шындығы толыққанды беріледі. Осы секілді Нариман, Таңшолпан, т.б. кейіпкерлерді атауымызға болады. Бұл кейіпкерлер – өндірістің жаңа адамы ғана емес, кіршіксіз махаббаттың, адалдықтың символы.



Ақпараттық бойынша, журналистік шеберлігі, баспада қызмет етуі, бұқаралық ақпарат құралдарын басқаруы, Қазақстан Жазушылар одағын басқаруы, қай баспаны, қай газет-журналды басқарса да, жаңаша дамытып, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленуі, журналистерге берген сұхбаттары, журналист, публицист ретінде халықпен етене болып, оқырмандарымен тығыз байланыс жасауы, ана тіліміздің, ұлттық құндылықтарымыздың рухын көтеруді негізгі ұстанымына айналдыруы, т.б. атаймыз. Ақпараттың журналист үшін маңызы зор. Өйткені, журналист ақпаратты халыққа жеткізуші. Шерхан Мұртаза да қандай жауапты қызметтер атқарса да, ақпараттың қайнаған ортасында болды, ол мәліметтерге талдау жасап, қорытынды жасап, халыққа ұсынды. Шерхан Мұртаза еңбек жолын баспадан бастап, үлкен басшылық лауазымына көтерілді. Ақпараттың кез-келген ғылым секілді педагогика үшін де маңызы терең. Шерхан Мұртазада Мәскеудің полиграфиялық институтына оқуға түскенде де, оны бітіріп, қызметін бастағанда да жазушы боламын деген арман болмаған. Сондықтан да, Шерхан Мұртазаның қайраткерлік болмысының қалыптасуында журналистік кезең мен ақпараттық тұғырдың маңызы ерекше. Ақпарат кеңістігінде еркін көсілген Шерхан Мұртаза журналист ретінде белгілі бір дәрежеде қоғам тынысының ақпараттық ахуалын реттеуге атсалысты.

Аксиологиялық тұғыр мазмұны сөз өнеріне адалдығын, шығармашылығының негізгі дінгегіне айналған басты кейіпкерлерінің ұлттық рухани негізде сомдалуы, шығармаларында ізгілік пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, мейірімділік пен тасбауырлық, т.б. секілді кереғар ұғымдардың салыстырыла суреттеліп, адамгершілік құндылықтардың дәріптелуі кұрайды. Аксиология дегеніміздің өзі гректің аχία – құндылық, логос – ілім деген сөздерінен құралған. Құндылық туралы ғылым ретіндегі басты ерекшелігі ақиқат пен шындықты іздейтіні.

Құндылық тұғыр Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние» кітабындағы әрбір нақыл сөздерінен, шағын тәмсілдерінен айқын аңғарылады. Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүниесі...» арманға толы, асыл ағаларымен бірге өткен күндерін сағынып, қысқа қайырыммен олардың жарқын бейнесін көз алдына келтіреді, қан қақсатқан кешегі заманның қайғысын бүгінгі ұрпақ ұмытпасын, ұлтым сабақ алсын деп зар етіп айтады, жұтып қойған асыл тұлғаларын іздейді, олардың басына дұға оқып, ең аяғы бас иетін орынды да бұйыртпаған тоталитарлық жүйенің қаныпезерлігіне күйінеді, - кітапты оқи отырып мына өмірдің осыншалықты аумалы-төкпелілігін сезінесің, бүгін Тәуелсіздікке ие болдық деген қазақ елінің, ұланғайыр жерінің қазіргі ұрпақтарының мойнына жүктеген батпан-батпан аманатын ұғынасың.

Бүгінгі хал-ахуалынан хабар беріп: «... Менің жұмысым - жалғыздың жұмысы. Қаруым – қалам. Өрісім - қағаз» дейтін жазушының қазіргі тәуелсіздік заманындағы жердің, елдің иесіміз деген қазақтың шешілмеген мәселесі шаш етектен екендігі де толғандырады. Жалпы, ой іште өлмеуі керек. Әсіресе, халқымен біте қайнасқан, халқының басына түскен қайғы, ауыр күн арқасына аяздай батып, айтар сөзін аянбай айтқан шын жазушы үшін. Осы ретте «Бір кем дүние» кітабы оқырманын шыншыл, сыншыл ойларымен баурап алады.

«Соттар қателесіп, кінәсіздерді өлімге бұйырады. Кінәсіз екені анықталғанда қайтадан тірілте алмайды. Не істеу керек?»

Бір кем дүние.

«Халық жаулары» дегендердің көбі солай өлтірілді»[1,96.], - дейді жазушы сол бір қасіретті заманның әділетсіздігіне күйініп. Бірер ауыз сөзбен түйінделіп берілген кесірлі кезеңнің нақ шындығы, тың толғауы сенің де жан-дүниенді аяздай қарып өтеді. Құдайтағала берген өмірді адам қолымен, әлдебір қаныпезердің оғымен жұлып алу, бірді-екілі емес, жаппай науқанға айналдыру, елдің асыл азаматтарын бірінен соң бірін қынадай қырып салу не деген сұмдық еді дейсің, ондай уақыттың енді қайтып оралмауын тілеп.

Бір кем дүние... Орны толмас өкініштер... Кітапты оқып отырсақ, жазушы көңілінде олар көп-ақ. Жазушының бір мақсаты да, кейінгі ұрпаққа аманаты да - ой салуы.

Келесі әдіснамалық тұғыр – креативті (шығармашылық) болып саналады. Соңғы жылдары ерекше мазмұн беріліп жүрген «Креативтілік – индивидтің ештеңеге ұқсамайтын құндылық жасаудағы, күрделі жағдаяттарды шешудің дәстүрлі жолынан бас тартып, қалыптан тыс шешім қабылдаудағы қабілеттілігі. Креативтіліктің даралық, тапқырлық, қиял, белсенділік, топтай білушілік, т.б. белгілері бар». Педагогика ғылымында креативтіліктің баламасы ретінде шығармашылық аталады. Ал, философиялық энциклопедияда «Шығармашылық-бұрын ешуақытта болмаған жаңа бір нәрсе тудырушы әрекет»[2] деп анықтама берілген. Шерхан Мұртазаның креативті сапаларына тұлғалық болмысындағы тума талант мен ерекше сезімталдық, еңбекқорлық, шығармашылыққа қойған талаптары, әдебиетті жанр жағынан байытуы жатады. «Әдебиет халықтың рухани байлығы болса, сол байлықты азаптанып дүниеге келтірер таланттар халықтың маңдайына біткен кенен ырыс, жарық жұлдыздары», «Адам жүрегін елжіретер құдірет тек әдебиет пен өнерде ғана бар» деген тұжырымдары - қаламгердің шығармашылық кредосы.

Шерхан Мұртаза – үздіксіз жазу үстінде болды. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығы табысты өтіп, еліміз еңсесін тіктей бастаған кезде шүкірін айтып, «Бір кем дүниесін» жазуға отырды. «Өмір философиясы» деген бұл кітаптың жазылу мәнері, мысалдардың жанры туралы әдебиетте бірқатар пікірлер айтылды. Біреулері тәмсіл деді, енді біреулері дидактикалық мысал деді. Қалай десек те, «Бір кем дүние» - Шерхан Мұртазаның креативтілік сапасының жоғары биігі. Дана да дара жазушы бұл кітабы арқылы абыз, ойшылдық тұлғасын айқын танытты.

Ана тіліміздің тағдыры талқыға түсіп, ұлттық құндылықтарымыз таразыға түскен тұста суырылып шығып, айтарын айтып, ең алдымен араша түскен де – Шерхан Мұртаза. Ел тізгінін ұстаған Елбасыға «Елім саған айтам, Елбасы сен де тында» деп көрегенді ойларымен бөліскен де Шерхан Мұртаза. Әкесінің жала құрбаны болғандығын дәлелдеу үшін, заман құпиясын ашу үшін отыз жылын сарп етіп, мұрағаттар ақтарып, бес кітап жазған да Шерхан Мұртаза. Өз роман-эпопеясында халқының біртуар ұлы Тұрар Рысқұловтың өмір жолы мен қайраткерлік өнегесін өте жүйелі баяндайды. Халқымыздың басынан өткерген солақай саясат кесірін жан-жақты ашып береді. Жалпы алғанда, қаламгердің әрбір шығармасы болмасын қазақи мазмұнда, ұлттық сарында жазылған. Әрбір кейіпкерінің аузымен айтылған сөздердің ұлттық тағылымы терең. Бұл айтылғандар Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы этнопедагогикалық тұғырдың мазмұнын құрайды.

Шерхан Мұртазаның кейіпкерлерінің барлығы дерлік – ауыл қазақтары. Олар арқылы болашақ ұрпағын тәрбиелеуге тырысады. Әрбір шығармасы арқылы қазақи болмысты, менталитемізді баяндап, тағылым алуға шақырады.

Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы тәлім-тәрбиелік идеялардың келесі педагогикалық-әдіснамалық тұғыры болып антропологиялықты атаймыз. Жазушы шығармашылығының негізгі діні – адамды сүюге арналса, қайраткерлік болмысы өз ұлтын сүюге шақырады. «Асыл адамдар болмаса, жердің үсті, аспан асты тек күнкөріс үшін жүрген бейшара пенделер мекені ғана болар еді. Адамдар арасында асыл дәнекер болмаса ажырасу, араздасу, азып-тозудан көз ашылмас еді» деп санайтын Шерхан Мұртаза ұлы Абайды оқуға шақырады. Өз шығармаларында үнемі адалдықты, ізгілікті, кіршіксіз махаббатты дәріптейді. «Адамдар – әрқайсысы бір-бір дүние» дей отырып, олардың азғындауынан тек адамдар ғана емес, табиғаттың да орасан зардап шегетінін айтады.

Адам адам болып жаратылғалы сезім қоса жаратылған. Түйсік пен сезім, жаратушыны, адамзатты және әділеттілікті сүю - биік сана иесі адамға ғана тән. Бұған дәлелді адам жаратылысына қатысты аңыз-хикаяттардан көп кездестіруге болады. Соның бірі ежелгі дәуір әдебиетінің өкілі Рабғузид «Қиссасул-әнбия» шығармасында «Адамға

барлық нәрселердің есімін біл, ғылымды меңгеру қасиеті берілді. Бұл Адам ғалайһи-уәссәләм еді. Адам ғалайһи-уәссәләм жымыып күлсе, күн нұрындай мейірлі шуақ төгілетін. Періштелер Адам ғалайһи уәссәләмнің сұлулығын көріп, қайран қалып, Алла тағала берген тақты Адамға қадір тұтты. ...Бірде жалғыздықтан зерігіп, өз жынысынан бөтен әлдебір затқа ынтықты. Осыдан кейін әлсіреп, көзіне ұйқы тығылады. Сол уақытта Алла тағала Адам ғалайһи-уәссәләмнің сол жақ қабырғасының жоғарғы жағынан Хауаны жаратты. Адам ғалаәһи-уәссәләм Хауаның өзінен жаратылғанын сезіп, ұйқыдан оянып, көзін ашты. Хауаны көріп, оның асқан сұлулығына көңілі толды. Хауаның дауысы жіңішке, көздері қара, жүз Тұлым болып өрілген шашы бар еді. Хақтағала сұлулықты жүз түрлі етіп жаратса, соның тоқсан тоғыз сұлулығын Хауаға берген екен.

Адам ғалайһи-уәссәләм Хауаға қолын созып: «Жақында», - деді. Сол сәтте Жебірейіл ғалайһи-уәссәләм: «Ей Адам! Хауаға қол созба!» - дегенде, Адам ғалайһим-уәссәләм: «Хауа мен үшін жаратылған», дейді. Сонда Жебірейіл ғалайһи-уәссәләм: «Әрине, сен үшін жаратылғаны рас. Бірақ некесіз қол созу дұрыс емес. Хауаны Алла тағаладан жұптылыққа сұра», - дейді. Адам ғалайһи- уәссәләм: «Иә, Раббым! Хауаны маған жұп қыл», - деп рұқсат сұрайды. Сұбхана уатағала ықыласымен неке құтпасын оқыды» [3] - деген мысал бар.

Дін - өмір сүрудің теориясы. Діни кітаптарда келтірілген баяндарды жоққа шығаруға қақымыз жоқ. Себебі, жер бетінде қаншама адам осы ұстаныммен өмір сүрді, өмірінің сеніміне, негізіне айналдырды. Жоғарыда келтірілген мысалдарда адамдағы ерекше сезімдердің өзі басқа жыныспен тығыз байланысты пайда болатындығы айтылған.


Антропологиялық тұғыр бойынша талдау барысында жазушының тәрбиеге мен білімге, мәдениетке қатысты ойларын қарастыра отырып, жазушының пікірінен дінге деген ерекше құрметті аңғаруға болады.

Біз әдіснамалық тұғырлар арқылы Шерхан Мұртазаның тәлім-тәрбие идеяларына талдау жасадық. Жалпыдан жалқыға өту (дедукция) заңдылығына орай, енді әдіснамалық ұстанымдар арқылы да шығармашылыққа талдау жасап, тәлім-тәрбиелік идеяларды нақтылау мүмкіндігін қарастырамыз.

Өмірдің өзі өкініштерден тұратынын» бір кем дүниесінде» сан рет баяндайтын жазушының әрбір шағын тәмсілі мен ұлағатты нақыл сөздері, ұлттық калоритпен өрілген әрбір кейіпкері, заман шындығы суреттелетін көркем туындылары – өнегелі насихатымен құнды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұртаза Ш. Бір кем дүние: Ойтолғау. – Алматы: Жазушы, 2008. – 176б.
2. Философская энциклопедия. - М.: Советская энциклопедия, 1970. - Т.5. - 185 с.
3. Рабғузи. Көркемдік нәрі. – Алматы: Жазушы, 1979. – 182 б.



## ҚАЗАҚ СӨЗ ӨНЕРІНІҢ НАРКЕСКЕНІ

**Аширова Назгүл Тазабековна**

Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

**Алдажанова Раткуль Турлубаевна**

№3 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

Әдебиет әлемі тарихында шоқтығы биік жұлдыздай жарқырап тұратын, халық қамы, ұлт мүддесі үшін ерең еңбек етіп, өмір жолының адастырмас «темірқазығы» бола білген дара тұлғаларымыздың саны жетерлік. Соның ішінде өзге ақын-жазушылардың орны бір төбе болса, көркем сөздің көшбасшысы, қазақ журналистикасының жолбарысы, сұңғыла жазушы – Шерхан Мұртазаның орны бір төбе. Ол: «Мидың сәулесі - сана. Жазушы сол миға сәуле түсіруші адам» - дей келе, өзінің саналы ғұмырын адам мен қоғам болмысын тану, тарихты таразылау, әдебиет абыройы, бастысы ұлт мүддесін қорғауға арналады. Таңдаған жолы талай тығырыққа да тіреді, тереңге де батырды, әйтсе де, қанатты қаламы мен өткір мінезі оны асқақ арман-мұратына жеткізді [1, 35 б.].

Оның даладан дарыған дүр мінезі, сесті жанар, семсерлі қарасына сыйып, болмысына бүрлей қонып, беріштей бекіді. Мінберде тұрып мәселені бұрымдай өрді, бұлақтай ағызды. Бурадай қалшылдап, бұлттай боп төнді. Ұлт мұратын ұлық қойып, ұстанымын көрсетті. Ұстанымы - ұраны, ұраны- шындық, шындығы - жемтігі бола берді. Ол оны – Қырандай шеңгелдеп, Қасқырдай шегелеп ұстады. Қағылған қанаттай қасы, қыран қабағымен жиырыла, жымимай жымдасқан қалпы ұлтымыздың жоғын жоқтады, барын бағалады. Өз кезегінде «Ай мен Айшаны» астастырып, «Қызыл жебені» қорамсақтан суырып, «Қара маржанды» қазынаға айналдырып, «Тамұқтан» жол тапқан жазушы бүгінде дүниенің кемдігін түгендеп жатыр. Өмір шындығы мен тарихи шындықты көркем шындыққа айналдыру – үздіксіз ізденісті, қажырлы еңбекті қажетсінетін жауапты процесс. Ал, автор осы процесстің барлық деңгейінен өтеді. Аталған шығармалардың тақырыптары да барынша күрделі, бірақ қалың қазақ үшін аса қажетті, тарих «ақтандақтарын» бейнелейтін абыройлы асу болатын. Ұлт перзенті бұл асудан да мұқалмай, абыроймен аттады. Мәселен, сюжеті шымыр, ойы айшықты, көркем кестеленген «Қызыл жебе» романын жұрт Шерхан Мұртазаның Тұрар Рысқұловқа қойған ескерткіші іспетті қабылдады. Шығармасында Тұрардың өнегелі өміріне байланысты оқиғалар желісі нақты тарихи деректерге сүйене отырып өрбиді. Тұрар туралы тарихи шындықты қалпына келтіруде, оны әділетсіз айыптаулардан ақтауда автор көркем әдебиеттің құдіретіне мейлінше таныта білген. Романда кейіпкерлердің мінезі мен өзара байланысын, қарым-қатынасын ашуда, сюжеттік байланысы мен дамуында, тартысты үдетуде, уақыттың күрделі бейнесін, ішкі күресін беруде диалогтерді тиімді пайдалана білген. Міне, нақ сол диалог арқылы Рысқұловтың кеудесінде қалыптасқан күрескерлік, қайраткерлік бейнесін көреміз. [2, 78-79 б.б.] Шерхан сол диалогтарды енгізу арқылы дұрыс көзқарастағы коммунистерге ой салады, жергілікті халық туралы шындыққа көз жеткізеді.

Кей жазбаларында адуынды абыз отыз жылдан астам уақыт Тұрарды зерттеп-зерделеймін деп, өзі де сол Рысқұловқа бүкіл болмыс-бітімімен ұқсап кеткендігін айтады. Жазушы, сыншы Тұрлыбек Мәмесейітов «Шерхан Мұртаза» атты монографиясында аталмыш романды сан-қырынан, жан-жақты талдай келе: «Енді Рысқұлов – халықтікі. Оны бір кездері адасып қалған халқымен қайта қауыштырып, енді айырылмастай етіп табыстырған – Шерхан Мұртаза. Халқы енді оны құшағынан шығармайды. Зерделі ұрпақ Рысқұловты төбесіне көтерер. Ал, зердесіз жетесіздер болса, ненің бағасын, ненің парқын білер дейсің...» депті. Шын мәнінде, Шерхан Тұрар Рысқұлов секілді ел тұтқасы бола білген азаматты әдебиеттендіру арқылы қазақ әдебиеті төріне үлкен бір сом туынды қоса отырып танытып берді. Әуезов «Абай жолы» романы арқылы қазақ халқының ғасырлық тарихын дүниеге паш етсе, Шераға Тұрар бейнесі арқылы

карама-қайшылыққа тұнып тұрған қазақ халқының тарихындағы ең күрделі, ең ауыр кезеңін суреттей білді. Шерхан даңғыл жолмен дүбірлі де дабырлы тірлікке бас қойып, қамсыз ғұмыр кешер мүмкіндігінің бәрін Қызыл жебедей дір-дір еткен шындық соқпағының қатерлі сапарына айырбастаған. Егер Шераған Мұртаза елі мен жерін Рысқұловтай сүйе білмесе, елі мен жерінің бүгінгі ақиқатын айта алмаса, бұл жолда құрбандыққа құлаш ұрмаса қазақтың Шерағасы атанбас па еді?.. Ал, ел билеудің, әділ төрелік айтудың, ел мен жер қорғаудың, бұлбұл үн мен дүлдүл сөздің өнеге-үлгісі – Шерхан Мұртаза шыққан текте байырдан келе жатқан асыл қасиет. Ендеше, абыздың зейінді ізденісіндегі азаматтық пафос пен көркемдік ойының терең бірлігінен өмірге келген «Қызыл жебе» роман-эпопеясы тәуелсіздігіміздің баянды болуына қызмет ететін құнды шығарма.

Оның «Қызыл жебесінен» өзге де тұғырлы туындылары қалың жұртты асқақ патриотизмге, қайтпас қайсарлыққа, жығылмас жігерлілікке үндейді. Шерхан әңгімелері мен повестері арқылы-ақ арақүрең, ақмүйіз суреткер деушілер көп. «Қызыл жебе» роман-эпопеясының өзі Мұртазаның мұнарасы, қазақ көркем әдебиетіндегі Шераған шыңы, ерен ерлігі, өшпес өнегесі деп білеміз. Ал, оның аштық, ашаршылық турасындағы «Сталинге хаты», «Бесеудің хаты» басатаған драмалық дүниелері – өз алдына бір төбе. Шынтуайтына келгенде, Шерханның әрбір шығармашылығы адам өмірінде тура жолды нұсқаушы «бағдаршам» іспеттес. Оның әрбір шығармашылығының түпкі астарында ұлағатты ұғымдар мен тұтас тәрбие жатыр.

Сондай-ақ,, барша жұртқа бұрнағы жылдардан таныс «Ай мен Айшасы» санамызға сәуле құйып, барша қазақ әйелдеріне тән адалдық пен қайсарлық, төзім мен мейірім, сезім мен үміт секілді дүниелерді сәнді де сұлу суреттейді. Автордың мұндағы мақсаты – сол дәуірдегі адамдардың тұла бойындағы асыл да игі қасиеттерін келер ұрпаққа жазбаша дәріпеу. Жат тұстарын жадыдан өшіріп, бойдағы құнды қасиеттер арқылы өмірдің дұрыс бұрылысына бағытталу. «Ай мен Айшаны» оқи отыра, біз автордың балалық шағы, жалпы, өмір жолының әрбір бұралаң, бұрылысы ұмытылмастай ауыр жағдайда өткендігін байқай аламыз. Осыған орай, жазушының замандасы, белгілі публицист Камал Смайылов: «Сенің «Ай мен Айша» деп аталатын эссе-романыңның бірінші кітабын ықыласпен оқып шықтым. Біз білетін Шерхан Мұртазаның қайдан шығып, қалай үлкен азамат болып қалыптасқанын, соның тамыры мен тағдырын түсінгендей болдық»- деп шығарма мазмұны туралы ішкі ойын осылайша жеткізеді. Қаламгердің де өзінің «Менің жаным – Анамның жаны ғой. Әйтпесе, мен қайдан жаралдым?»- деген толғанысы жүректі шымдай шымырлатады. Расында, «Ай мен Айшадағы» Айша – қазақ әйелдерінің белі қайысса да морт сынбайтын, төзімі мен ізгілігін ақ-адал жүрегіне сақтай білген берік болмыс иесі. Ол – тек Мұртазадай бозымның жастай жесірі, тек Барысханның шешесі ғана емес, 30-жылдардағы нақақтан күйген ерлердің сенімді серігі, тумай жатып көктей солған қызыл қарын бала-шағаның көз жасы, обал-сауабы, ана атаулының жиынтығы. Сондай-ақ, аталған романды толық оқи отыра қазақтың ұмытылып бара жатқан көп қасиетінің сақталуына дәнекер, ертеңгі ел иесі, бүгінгі жас ұрпақтың желеп-жебеушісі, ұлтымыздың бойындағы ар-ождан, адамгершілік, ұят деген ұлы сөздердің түп қазығы етене ескеріліп жазылған. Шерханның қайраткерлік дәрежесіне көтерілген, ұлттың ұланы атанып, елдің ел болып қалыптасар кезеңінде табанды талап-тілектерін биік мінбелерден де, баспасөз беттерінен де қаймықпай айта білген өмір жолы, шығармашылық соқпақтары бір қараған оқырманға сайрап жатқан жол сияқты [3, 62-64 б.б.].

Бүкіл саналы ғұмырында қазақ елінің тілі, әдебиеті, мәдениеті жолында күресіп келеді. Көптеген республикалық басылымдардың басшысы болды. «Лениншіл жас», «Егемен Қазақстан» гезеттерінде бас редактор болған кезінде өте тегеурінді, талапшылдығымен көрінді. Айтқан сөзі ел аузында жүретін Шерағаның өзі абызға, сөзі аңызға айналды. Сөз деген құдіреттің сырын ұғар жан болса, Шерағамыздың кейде шерлі, кейде зілді, әрдайым нәрлі әр сөзінде өмірдің әйтеуір бір ақиқаты жататыны анық. Сол ақиқаттың мірдей оғымен айтылған әрбір сөзінің астарында үлкен өнеге жасырынған. Әр


дәуірдің дауылына кеудесін тосып өмір сүріп келе жатқан Шерағаның кей-кейде шерлі көңілінің де шері бар. Ол шер Шерағаның қара басының жайын күйттегеннен емес елі мен халқының мүддесін ой көзімен шолған кездегі көңілінің пәс болатыны, даусының ащы шығатыны да сол кез болатын.

Ал, аптал азамат, асыл перзент, арда ұлдың іздеушісі қазірде кімдер? Бұлт арасынан бұлаң етіп, тұман ішіне тұна бекіп біз неге көрінбейміз? Қазақ халқында «Жолбарысы бар орманды өрт шалмайды» деген нақыл сөз бар. Расында да, айбынды жолбарысы ішінде жүрсе, ол орманға ешкім де жанап, жақындай алмас. Қалың елі қазағы, қайран жұртына әркезде де құласа қорған, сүрінсе тірек бола білген жолбарыстай азулы, арыстандай айбынды батырларының бірі де – Шерхан. Ол өз заманы туғызған ерен тұлға. Қанды кеңес империясының бүкіл ғұмырын көз алдында өткізіп, қазақ халқының адам айтқысыз қсірет шеккенін өз көзімен көрді. Осы нәубеттерден кейінгі «кемелденген» социализм тұсының да куәгері болды. Куәсі болып қана қойған жоқ, заманның тыныш, тұрмыстың қалыпты бола тұра жоғалтқанымыздың көп екенін де көреген көзі көре білді. Көре біліп қойған жоқ, тоқырау деп аталатын меңіреу заманда қазақтың атпал азаматы ретінде жарғақ құлағы жастыққа тимей, халықты оятып, серпілтуге бар жанын салды. Осылайша, бағзы замандардағы халқының қамын жеген ұлы тұлғалардың үнін осы заманға лайық жалғастыра білді [4, 99-100 б.б.].

Қазірде біз таяқты тай деп, тайды тұлпар деп белгісіз бәйгеде шауып келеміз. Ал, кешегі құлагер шауып, құлан жосыған далада жарау мініп, жай қамшылап, ойлы жанары ортаны шолған Көсем абыз көрінбейді. Шамырқанып, шаңқ еткен қыран шау тартты дейді. Құзда отырғаны – қанаты талғаны, биікте жүретін барыстығына салғаны. Ол – құлаған шындықты құшақтап көтерген қалпы өз заңғарында тұр. Басына нендей қауіп төнсе де шындықтан жалтармады, қорықпады. Жаза берді, айта берді. Кезінде аяқтан шалынды, арқадан қысты, алқымнан алынды. Сірә, сондағы сұғылған қанжарлар, сұқтанған жанарлардың елесін еміс-еміс ауырсынып алатындай арасында. Қысқаласақ, Алатаудың баурайында Абызымыз бар. Шындықтың шырағданы сөнбеуі тиіс, қазіргі таңда сол абызымыздың қарайып қасымызда жүргені – ұлттың бақыты.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Ш. Мұртаза. Алты томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2002
2. «Шерхан Мұртаза шығармашылығы және тәуелсіз ел руханияты» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Тараз, 2017. - 16 қазан
3. Қазақтың Шерағасы. I том. Тараз, 2002
4. Зау тұлға. IX том. Тараз, 2017



#### **ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

**Сағаділда Эльнара**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының  
2-курс магистранты

**Омарова Алия Амангелдиевна**

№3 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

Тілдегі номинация заңдылығы бойынша тілдегі тұлғалардың мағыналық және тұлғалық сипатын өзгерте отырып, қолданып, жаңа ұғымды атауға болады. Тіл пайда болған ең көне кезеңдерден бүгінге дейін жаңа туынды мағыналы сөз пайда болуының,

атаудың таңбалануы үшін дыбыстар сәйкестігі мен орын ауысуы ең өнімді болып келді. Тіл білімінде дыбыстардың генеологиялық тектес, туыстығын зерттеген ғалым Б.Сағындықұлы оларды біртектес және әр тектес деп бөліп, жіктейді. Мәселен, т-д, с-з-ш-ж; ұ-ү-у-н-б-в; х-к-қ-ғ-г; н-ң-м; сәйкестіктерін тектес, ал л-ш, р-з, ғ-у, ғ-й әр тектес дыбыс сәйкестіктері деп бөледі [1,51б.].

Тіл дамуында дыбыс сәйкестіктерінің қайсысы болмасын өздігінен пайда болмайды, сөзжасам мен сөздердің тұлғалық және мағыналық жасалуында пайда болатын күрделі үдеріс.

Кез-келген атауды атап, таңбалау үшін кез-келген таңба қолданыла алмайды. Ұғымды атауға қажетті таңба сол ұғыммен, ол туралы таныммен байланысты болуы тиіс. Негіз түбірдің тура және ауыспалы мағынасы мен дыбыстардың өзгеруінен сөзжасамдық мағына туындайды. Осыдан келіп, фонетикалық-семантикалық сөзжасамда көпмағыналық, синонимдік, антонимдік сөз мағыналары пайда болады. Дыбыстар жіктелісі мен сәйкестігі, сондай-ақ дыбыстар өзгеруі нәтижесінде тындаған сөздерде ортақ сема ретінде себепші негіздің сақталуын зерттеуші ғалым А.Салқынбай өзінің тарихи сөзжасамға арналған еңбегінде түсіндіреді.

Адамзаттың пайда болуы мен сана-сезімінің дамуы мен танымы ортақ болуынан да сөз жасаудың бастапқы тәсілдері ортақ болғандығын бағамдауға болады. Бұны А.Салқынбайдың «өгіз» сөзіне байланысты талдауынан анық байқауға болады.

Әлем тілдері үшін дүниетанудың басты белгісі – шеңбер десек, оның адамзаттың танымындағы рөлі ерекше. Зороастризм секілді ең көне діндегі Күн құдайы – сиыр малын өсірушілердің Құдайы деп есептелген. Бұл дінді ұстанушылар От, Митра, Жылқы, Жарықты қатты қастерлеген. Қазіргі тілде де осы діни-мифологиялық наным-сенімнен қалған адамдардың жақсы қасиеттерін бейнелейтін түбір сөздерді кездестіруге болады. Дегенмен, сөзжасам үдерісінің тарихи дамуын бір, екі немесе үш түбір сөз арқылы анықтау мүмкін емес. Зерттеуші ғалымдар мен сөзжасам үдерісінің жалпы тілдік табиғатын жан-жақты зерделеу нәтижесінде сөз туғызу үдерісіне әсер еткен негізгі тілдік жағдайлар ретінде мыналарды атай аламыз:

1. Белгілі бір ұғымды таңбалау қажеттігінен сөз пайда болады, керісінше, сөз пайда болуы үшін, ұғым қажет болады;
2. Тілдегі дыбыстар, әріптер сөзжасам үдерісіне қатысады;
3. Дыбыстардың ерекше рөлі сөзжасам үдерісінде де байқалады. Әсіресе, т,н дыбыстары сөз жасауда негізгі рөл атқарса, п,һ дыбыстары протеза жасауға қызмет етеді. Дыбыстар антонимдік, синонимдік мағыналар мен ерекшеліктер жасайды, мәселен, р дыбысының синонимі – з дыбысы, антонимі – л дыбысы, н дыбысы көбіне заттануды туындатып, қарама-қайшылықты білдіреді.
4. Дыбыс сәйкестіктерінің өзіндік заңдылықтары мен тілдік қалыптасу жолдары болады.

Тілдегі сөздердің сөз таптарына бөлінуінің де негізгі қайнар көзі – дауыссыз дыбыстар сәйкестігі арқылы жасалған сөзжасамдық үдерістер. Сөзжасамдық үдерістер кез-келген тілде сөз мағыналарының жіктеліске түсуін жеделдетеді. Түбір макросема жаңа микросемаларға бөлінгенде, заттың атауын, соған сәйкес оның қимыл-қозғалысын, белгі-ерекшеліктерін білдіретін семаларға бөлінеді екен. Осының әсерінен сөз белгілі бір таптарға бөлінеді. Мәселен; өт-ет, қақ-сақ, тор-тоз, арық-азық, жай-жак, бақ-бас, атырау-ажырау, т.б.

Қарап отырғанымыздай, келтірілген мысалдардың барлығының бір сыңарлары есім сөздер, екіншісі етістіктер. Бұл туралы М.Томанов: «тарихи тұрғыдан сөздердің етістік және есім деп аталатын грамматикалық кластарға жіктелуі тілдің грамматикалық құрылысының дамуымен, соның нәтижесінде аффиксация тәсілінің болуымен байланысты»[2, 123б.], - деп түйеді. Ал, бірқатар ғалымдар сөздердің морфологиялық тұлғалар арқылы түрленіп, басқа сөз табына өтуі, сөздің семантикалық дамуымен байланысты мағыналық жіктеліс нәтижесі. Демек, сөзжасам үдерісі жаңа тунды мағына

жасаумен қатар, сөздердің белгілі бір сөз таптарына бөліну үдерісін жеделдетумен қатар, оны жетілдіреді. Ал, оның ішінде фонетикалық-семантикалық сөзжасам үдерісінің рөлі тіпті ерекше екендігін бағамдауға болады. Белгілі бір ұғымды бейнелейтін сөз одан ары силлабофонема, морфема-түбір болып бөлінеді. Демек сөздің лингвогенездік сипатын осылай тану қажет.

Дауыссыз дыбыстар сәйкесуі мен жіктелуі туынды сөздердің белгілі бір қалыптарын жасауға себепші болды. Оны былай қалыптауға болады: л-т сөзжасамдық қалыбы, қ-й сөзжасамдық қалыбы, р-з сөзжасамдық қалыбы, р-з, р-и, р-л, н-ң, н-й, б-м, т-с, с-ш, т-ш, т-ж, т-й, д-ж, ж-й, з-й, д-й, д-з, қ-с, қ-и, ғ-и, қ-у, ғ-у, ш-ж сөзжасамдық қалыптары. Жекелей тоқталып өтетін болсақ, көне түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстардың біз атаған сөзжасамдық қалыптарының сәйкесуі біркелкі емес. Бұл сөзжасамдық қалыптар сөздің лексикалық мағынасын өзгертеді. Бұл турасында Н.Баскаков, Н.Дмитриев, А.Кононов, т.б. секілді белгілі түркітанушы ғалымдар зерттеулер жүргізген. Аталған сөзжасамдық қалыптардың өзгерткен лексикалық мағыналарының антонимдік, синонимдік сипатта болатыны туралы, әр дыбыстың белгілейтін мағыналық нысаны, сөзжасамдық ұядан тарайтын атаулардың өзек семасының ортақ болуы, т.б. анықтау мақсатында талдаулар жасалған. Жоғарыда аталған ғалымдар еңбектеріне сүйене отырсақ, Л-Т сөзжасамдық қалыбының көне түркі тілінде өзіндік мағынасы ондағы л және т дыбыстарының мағыналарынан құралған. Бұл сөзжасамдық қалыпта көбіне антонимдік мағына айырылады: Мысалдар келтірсек, кел-кет, ал-ат, құл-құт, сал-сат, т.б.

Дауыссыз дыбыстардың ішінде бірқатар дыбыс сәйкестіктері бойынша туындаған сөзжасамдық қалыптар шығу төркіні бір дыбыстардың өзара алмасуы нәтижесінде жүзеге асырылатындығын атап айттық. С-Ш дыбыс сәйкестігі де генетикалық жақындықтары ретінде қалыптасқан сөзжасамдық қалыптардың бірі. Дегенмен, бұл дыбыс сәйкестігі нәтижесінде жаңа сөздер туындайды екен. Мысалы: ас-аш, өс-өш, қас-қаш, т.б. Бұл сөзжасамдық қалып негізінде туындаған тұлғалар мағынасы антонимдік сипатта болып, ұғымды таңбалау қажеттілігінен туындаған. Мәселен, өс – алға қарай өрле дегенді білдірсе, өш – керісінше, құлдырау ұғымын білдіреді. Аталған реттегі дыбыстық өзгеріс те белгілі бір ұғымды таңбалау немесе жаңа атау туындату мақсатында пайда болғандығы даусыз.

Дауыссыз дыбыстардың сөзжасамдық қызметін анықтауда Т-Й сөзжасамдық қалыбының да өзіндік маңызы бар. Бұл сәйкестік «ти» дыбыс тіркесінің жіктелуі негізінде ерте заманда қалыптасқан деп ұйғарылады. Бұл сөзжасамдық қалып тілімізде синонимдік қатарлардың пайда болуына өз септігін тигізген. Бұл қалып бойынша Т алғашқы атау болса, й фонемасы арқылы жасалған сөздер мен атаулар екіншілік болып есептеледі. Бұл туралы көне түркі сөздігінде: «Көне түркі тіліндегі «қата»сөзінің мағынасы - «раз, крат», кейінгі дамуда тұлғалық өзгеріске түсіп, «қайта, қайтара» сипатын иеленген. Мұндағы «й» сына дыбыс» [3], - деп айтылады. Т-И сөзжасамдық қалыбы арқылы ки, киім атаулары туындап, жаңа деривация жасалған.

Д-Ж сөзжасамдық қалыбы туралы да осыларды айтуға болады. Бұл дыбыс сәйкестігі де «ДЖ» аффрикат дыбыстарының бөлінуінен туындаған. Қазақ тілінің кейбір диалектілерінде бұл аффрикат әлі де сақталған. Сонымен қатар, көне түркі тілінің сөздігінде д дыбысынан басталатын сөз кездеспейді, ғалымдар д дыбысының сөздің басқы буыны мен соңғы буынында кездеспейтіндігін айтады. Д –дан басталған сөздер санскрит, араб-парсы тілдерінен енген сөздерде ғана кездескен. Демек, бұл дыбыс сәйкестігі сөздің ортасында өзара жіктеліп, жаңа атау қажеттігін өтеген. Д-Ж сөзжасамдық қалыбы арқылы жасалған көптеген туынды сөздер өзара синонимдес мағынаға ие болады. Көне түркі тілінің сөздігінде қадыр сөзі қатыгез (суровый, лютый) мағынасында болса, қазақ тілінің қазіргі қолданысында қадыр, қадырлы сөздері осы мағынаның екіншілік атауы. Қажыр, қажырлы сөздерінде алғашқы мағына перифериялық өрісте сақталған. Демек, қадыр-қажыр сөздері аталған сөзжасамдық қалып нәтижесінде пайда болған. Сонымен қатар,



бұл дыбыс сәйкестігіне адыр-ажыр, адасу-ажырасу, дау-жау, жүр-дүр, т.б. мысалға келтіруге болады.

Ал, дауыссыз дыбыстардың ішінде Қ-С сөзжасамдық қалыбы – өнімді болып саналады, әлем тілдері, оның ішінде түркі тілдерінде ерекше маңызға ие. Бұған дейін айтып өткеніміздей, «Қ-С» дыбыс сәйкестігі де тілдердің бөлінуіне әсер еткен. Бұған түркі және латын тілдерінің тілдік тұлғаларын салыстыра отырып, көз жеткізуімізге болады. Бұл туралы латын-орыс сөздігінде: «Түркі тілдерінде «Қ» дыбысы арқылы жасалған сөздер латын тілінде «С» дыбысы арқылы тұлғаланған. Мағыналық жақындығы мен біртектестігі айқын. Мысалы, лат. cervus – кербез, кер марал, certatio- (ссора) – керісу; citer trp (находиться на той стороне) – шет тұру; civi civicus (обходительный, вежливость) – сыпайы, сыпайылық; сого соегі (собирать, связывать) – көгендеу; соһор chors cors (двор, закон) - қора» [4,185-190бб.], - деп берілген. Бұған қоса, ғалымдар осындай мысалдардың көптеп кездесуін «Х» (кс)-ның к және с дыбыстарына жіктелуінен деп тұжырымдайды. Бұған мысал ретінде орыс тіліндегі «сорок» және біздің тілдегі «қырық» сөздерін айтуға болады.

Біз бірқатар дауыссыз дыбыстарының сәйкесуі арқылы сөзжасамдық үдерістің көне заман нәтижесі екендігін, дыбыс жіктелістерінің туындау себептерін, тарихи фонетикада дыбыстардың жіктелуі, қалыптасуы қарастырылса, өз кезегінде сөзжасам үдерісіне фонетикалық әдісінің де елеулі үлес қосатындығын бағамдауға тырыстық. Негізінен алғанда, дауыссыз дыбыстар сәйкесуі арқылы жасалған сөзжасамдық қалыптар түркі тілдерінің өзара жіктеліп, жеке халықтық тіл ретінде қалыптасуына бірден-бір ықпалын жасады, екіншіден, ол тілдердің әрқайсысындағы, яғни қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық жағынан өзгеріске түсіп, дамуын туғызды, үшіншіден, сәйкесінше тілдің сөздік құрамын жаңа мағыналы туынды сөздермен байытса, төртіншіден, сөздердің таптастырылуының негізгі көрсеткіші бола білді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Салқынбай А. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік, 1998. 305 б.
2. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі – Алматы: Ана тілі, 1993.- 190б.
3. Қалиев Қ, Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 199б.
4. Латынско-русский словарь. М., 1976. – 109бс.



### **ХІХ Ғ. ІІ ЖАРТЫСЫ – ХХ Ғ. АЛҒАШҚЫ ОНЖЫЛДЫҚТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Алимбаева Райля Жадикбаевна  
Ибрагимова Галия Мухамбетрахимовна**

П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің тарих пәнінің мұғалімі,  
Алматы қ.

Зиялылар – қоғамды дамытушы негізгі күш болғандықтан, олардың еңбектері мен шығармаларында сол қоғамның әлеуметтік және мәдени мәселелері міндетті түрде қарастырылып, оны шешудің жолдары да көзделеді. Қазақ елінің көптеген жылдары бойы отарлаудың құрсауында болып, одан кейін кеңестік биліктің тар шырмауында қалуы, халықтың дамуына көп жағдайда кері әсерін тигізген болатын. Сондай жағымсыз әсерлердің бірі – қазақ зиялыларының шығармаларының жарық көруіне тиым салынып, еңбектері қолданыстан шығарылып тасталса, тағы біріне – ұлттық элитаның әртүрлі саяси

қуғын-сүргіндерге ұшырауы жатады. Сондықтан да кезінде «халық жауы» ретінде жазықсыз қуғындалған зиялылардың уақыт өте келе ақталғанына қарамастан, тәуелсіздік алған кезге дейін олардың қоғамдық қызметіне, әдеби және ғылыми мұраларына теріс баға беріліп, толыққанды зерттелмей келді. Халқымыз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін тарихшылардың, әдебиетшілердің және философтардың қажырлы еңбектерінің арқасында зиялылардың көптеген шығармалары жарық көріп, жекелеген тұлғалардың өмірі мен қызметі, көзқарастары зерттеле бастаған болатын. Дегенмен осы уақытқа дейін қазақ зиялыларының қызметтеріне баға беріліп, зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, олардың әлі де жарық көрмей жатқан еңбектері жетерлік. Сонымен бірге зиялы қауым өкілдерінің жекелеген пікірлері мен көзқарастарының кешенді түрде арнайы зерттеудің өте аз болуы, біздің тақырыбымыздың өзекті екендігін дәлелдей түседі.

XIX ғ. Екінші жартысы – XX ғ. басы Қазақстан тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл кезеңде Қазақстанның, соның ішінде қазақ халқының жағдайы қиын болды десек, қателеспейміз. Бұл кезеңде жүргізілген әртүрлі саясаттың халқымыздың дамуына кері әсерлерін тигізбей қоймады. Сондай күрделі мәселелердің бірі – Қазақстандағы денсаулық сақтау ісі болып табылады. Ал біз қарастырып отырған кезеңдегі Қазақстанның денсаулық сақтау ісіндегі мәселелердің шынайылығын сол кезде өз шығармаларында арнайы жазған, зерттеген қазақ зиялыларының еңбектері негізінде біліп, анықтай аламыз. Себебі, көп жылдар бойы қазақ зиялыларының еңбектерін оқуға, зерттеуге тыйым салынып, олар зерттеушілердің назарынан тыс қалып отырғаны белгілі.

Сонымен XIX ғ. Екінші жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы қазақтарға білім беру мәселесіне байланысты қазақ зиялыларының көзқарастары мен негізгі тұжырымдарын талдау барысында, патша өкіметі қазақ жерінде алғаш ашыла бастаған мектептерде тек орыс тілінде оқытып, тек шенеуніктерді дайындағанымен, қазақ зиялылары орыс тілінің өмірде өте қажеттігін насихаттаған болатын. Кейіннен, яғни XX ғ. Басына қарай зиялылар қазақ тіліне өте қатты назар аударып, бастауыш мектептердің алғашқы екі-үш жылы міндетті түрде қазақ тілінің оқытылуы қажеттігін көрсетті. Ал, мектептерде оқытудың қарапайым халыққа қиындық тудыратынына байланысты қазақ байлары мен қажылары, меценаттары және жергілікті мекемелер қаржы жинап, қазақ балаларының оқып, білім алуына жәрдемін тигізіп отырған және зиялылар мұндай көмектерді қызу қолдап, өздері де қазақ жастарының білім алуына көмектескен. Мектеп санының аздығы, оның ішінде қазақ тілінде сабақ беретін оқытушылардың аздығы оқыту ісі мен мамандар дайындауға зор кедергілер келтірді. Себебі, болашақ мұғалімдерді аз уақытта, қысқаша дайындық курстарында оқып шығуы, олардың кәсіби біліктілігінің төмен болуына алып келді. Мұның өзі Қазақстандағы білім беру ісінің дамуына кері әсерін тигізген. Жалпы, Қазақстандағы білім беру ісінің қазақ зиялылары еңбектерінде қарастырылуы, олардың халқының болашағы жарқын болуы үшін күрескендігін, аянбай еңбек еткендігін көрсетеді. Дегенмен бұл көтеріліп отырған мәселе бірден шешімін тауып кетпесе де, зиялылардың белсенді қызметінің нәтижесінде білімді қазақ жастарының көбейгендігі байқалады.

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстандағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелерге қазақ зиялыларының көзқарастарын зерттей келе төмендегідей қорытындылар жасаймыз.

Жалпы қазақ зиялыларының көзқарастары, әсіресе, қазақ ының әлеуметтік және мәдени мәселелерге көзқарастарының тарихымызда алатын орны зор. Себебі, ұлттық зиялыларымыз аталған кезеңдегі мәселелерді шешуде белсенді араласып, қазақ халқының мәдени және әлеуметтік жағдайларын көтеруге өздерінің белгілі бір үлесін қосқан еді. Сонымен қатар олар өз мамандықтары бойынша қызметтер атқара отырып, мерзімді басылым беттерінде өз мақалаларын жариялап, зерттеу еңбектерін де жазған. Осы еңбектер арқылы біз қазақ қоғамының әлеуметтік және мәдени мәселелерін жан-жақты талдап, белгілі бір тарихи шындыққа қол жеткізуге тырыстық.

Қазақ ру-тайпаларын құрылымын қарастыруда қазақ зиялыларының еңбектері маңызды рөл атқарады. Себебі, онда ауызша шежірелер мен ғылыми зерттеулердің негізінде зиялыларымыз ру-тайпалық құрылымды арнайы қарастыра отырып, үш жүз қазақтарының этникалық құрамын негізінен дұрыс талдап, нақты жазып кеткен болатын.

Ұлт зиялыларының ру-тайпаларын зерттеу себебіне М.Тынышпаевтың мына пікірі дәлел болады деп ойлаймыз: «...Қырғыз (қазақ-ред.) халқының әрбір жеке руының шығу тегін, алдын-ала зерттемей, сондай-ақ оның кіммен және қандай уақыттарда бас қосқанын анықтамай қырғыз (қазақ – ред.) халқының тарихи тағдырының жалпы көрінісін көзге елестету мүмкін емес» [1, 5 б.].

Үш жүзге кіретін рулар мен тайпалардың құрамын, орналасқан жерлерін, олардың санын, таңбалары мен ұрандарын анықтап, зерттеп білуіміз болашақ ұрпақ үшін, Қазақ елі үшін қазіргі уақытта аса маңызды. Қазақта «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген мақал бар. Жеті атасын білу руын ғана емес, ата-бабасының тарихын білу болып табылады. Сондықтанда ұрпағымыз елін, жерін, қазақ жерінің тұтастығын сақтап, аман қалуы үшін руы мен өзінің шыққан тегін білуі керек.

Қазақ ру-тайпаларының қоныстануы біршама зерттелген тақырып болғанмен, е қазақ зиялыларының еңбектері негізінде жан-жақты қарастыру мәселенің құндылығын жоғарылатады еп. есептейміз. Қазақ ру-тайпаларының белгілі бір қоныстарының болуына қарамастан, әкімшіл-әміршіл заманда жүргізілген реформаларға байланысты олардың көші-қоны біршама өзгерістерге ұшыраған болатын. Дегенмен қазақтың үш жүзін құрайтын тайпалары өздерінің басты қоныстарын сақтап қалғандығын байқаймыз.

XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасыр басындағы Қазақстандағы денсаулық сақтау ісіне байланысты қазақ зиялыларының еңбектерін талдау барысында Қазақстандағы аурулардың шығу және таралуының себептеріне халықтың отырықшылыққа көшірілуі ғана емес, Ресей мен көрші елдерден шаруалардың көптеп көшіп келуі де жатты. Себебі, ол елдерден көшіп келгендер өздерімен қоса әртүрлі жұқпалы аурулар да таралатын. Сонымен қатар халықтың жеткілікті дәрежеде тазалықты дұрыс сақтамауы және әлеуметтік жағдайдың төмендігі де әртүрлі жұқпалы аурулардың таралуына әсер етті. Қазақстанда маман дәрігерлердің жетіспеуі салдарынан XIX ғ. Екінші жартысында бақсы-балгерлердің емі кеңінен пайдаланылса, оның да өз кезегінде зиянды және пайдалы жақтары да болды. XX ғ. 30-шы жылына дейін де жергілікті халықтың бақсы-балгерлердің көмегін пайдаланып отыруы – дәрі-дәрмектің, дәрігерлердің, соның ішінде қазақ дәрігерлерінің және ауруханалардың әлі де болса өте аз екендігін, ал ол өз кезегінде Қазақстандағы денсаулық сақтау ісі деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Жалпы, қазақ зиялыларының ертеден келе жатқан әдет – балаларын жастайынан атастырып қою, құдаласу, әмеңгерлік және көп әйел алушылық сияқты зиянды ғұрыптарға арнайы қалам тартуының себебі – бұл сол кездегі өзекті мәселелердің бірі болатын. XIX ғ. Екінші жартысынан бастап зиялылар қалам тартқан бұл тақырып XX ғ. Басында да өз жалғасын тапты. Ұлттық сананың оянуы барысында мұндай мәселелерді көтеріп, мерзімді басылым беттерінде жариялау және насихаттау зиялылардың міндеттерінің бірі болды. Себебі, ұлт болашағы – жас ұрпаққа тәрбие беретіндер, әйелдер болатын. Ал, басында теңдігі жоқ, сауатсыз әйелдердің дұрыс тәрбие бермейтіндігі белгілі. Сондықтан да қазақ әйелдеріне теңдік әперу, олардың құқықтарын ерлермен теңестіріп, сауатын ашу, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатыстыру ісінде зиялылардың қосқан үлесі өте зор.

Сонымен әдебиет кештеріне байланысты қазақ зиялыларының көзқарастарын талдай келе, мынадай қорытындыға келеміз. Қазақ жерінде алғаш ұйымдастырыла бастаған әдебиет кештері бастапқы кезде Семей, Торғай, Атбасар сияқты қалаларда жиі өткізілген болатын, оған осы қалаларда ұлт зиялылары мен қазақ оқушы жастарының көп шоғырланғандығы себеп болған. Өйткені, мұндай кештерді ұйымдастырушылар қазақ зиялылары мен білімді және оқудағы қазақ жастары болды. Әдебиет кештеріне алғаш негіз болған қазақ халқының рухани мұрасы бұл кезде де өз жалғастығын тауып, ұлт театрын қалыптастыруға зор әсер етсе, сол кештерді ұйымдастырып, өздері де белсене


қатысқан зиялыларымыз бен халық арасынан шыққан дарынды өнерпаздар болатын. Қазақ әдебиет кештерінің алғашқы өнерпаздары кейіннен ұлттық театрдың алғашқы әртістерін құрады. Әдебиет кештерін ұйымдастыруда әкімшілік тарапынан немесе қаржылай қиыншылықтардың болғанына қарамастан, зиялыларымыз бен өнерпаздарымыз ұлтының болашағы – өнерлі жастарға көмек беріп қана қоймай, қазақ өнерінің өркендеуіне зор үлес қосқан.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақтарға білім беру мәселесіне байланысты қазақ зиялыларының айтқан көзқарастарын талдау барысында, алғаш ашыла бастаған мектептерде тек орыс тілінде оқытуды көздесе, кейіннен, яғни XX ғасырдың басына қарай зиялыларымыздың бастауыш мектептердің алғашқы екі-үш жылы міндетті түрде қазақ тілін оқыту қажеттігін көрсетті. Ал, мектептерде оқытудың қарапайым халыққа қиындық тудыратынына байланысты қазақ байлары мен қажылары, жергілікті мекемелер қаржы жинап, қазақ балаларының оқып, білім алуына жәрдемін тигізіп отырған. Мектеп санының аздығы, оның ішінде қазақ тілінде сабақ беретін оқытушылардың аздығы оқыту ісі мен мамандар дайындауға зор кедергілер келтірді. Себебі, болашақ мұғалімдерді аз уақытта, қысқаша дайындық курстарында оқытып шығу, олардың кәсіби біліктілігінің төмен болуына алып келді.

Жалпы, Қазақстандағы білім беру ісінің қазақ зиялылары еңбектерінде қарастырылуы, олардың халқының болашағы жарқын болуы үшін күрескендігін, аянбай еңбек еткендігін көрсетеді. Дегенмен бұл көтеріліп отырған мәселе бірден шешімін тауып кетпесе де, зиялылардың белсенді қызметінің нәтижесінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткендігін байқатады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Тынышпаев М. История Казахского народа. – Алматы, 1998. – 224 с.



#### **SH. MURTAZA'S PUBLICITY AND SAYINGS ARE ABOUT INDEPENDENCE**

**Shulenbaeva Adima Abylaevna**

**Teacher of English at the T.Ryskulov secondary school, Zhambyl district, Zhambyl region**

Sherkhan Murtaza is one of the man who is alive, who respects his nation and he is the leader of human beings.

Sh. Murtaza's creative works it is a new way to Kazakh society, in the cultural society, in the minds galaxy, in all Turkic society. Why we say like these, because writer has risen main problems of society, it is nowadays themes. Different society's dilemmas and his accuracy and fluency in his style of writings, it is as a model for young writers and it is a creative school for them.

Sh.Murtaza – not only a journalist, an essayist, a playwright, he worked also in the genre of publicity. He didn't think about himself, he didn't want any career as a public figure because he wanted to be only as a journalist, but of course he worked as public figure but always he thought about people's condition, not lie every time to tell only the truth, not everybody liked him and certainly he had many problems. From the beginning of 60- years national interest years began from years to the matter of inner world actively mixed up, work of Sh. Murtaza that aimed, spacious by a channel theme, by connection, deeply by maintenance, national character of power isolated.

Talk virtuoso limning of essay Sh. Murtraza - that we didn't make a mistake. And it is one of the reason special of owner talent of the writer. Because, essay-is a feature of difficulty abundant genre. On to write Essay the last names move there and here are not enough. Essay real hunt core is dedicated to the question; touch to the reader an idea put, ardently to give near her. When this stand took, saying, till Sh. Murtaza was afraid on true essays, bravely offers move there and here.

“Poets and mayors” talks named book first division writer special honors of poets and word jeweler it unknown secret a word life and work nature does, talent secret distributes, discusses hardens, humanism nature, simplicity and sign of God owner one time and talent spacious move there and here string, talk is broken a secret.

Incautiously will not be furniture of Kazakh that was collected by a book not, unbecoming compressed sheep dung not be it is not Kazakh, and general conversation of Abay with the judicious man. And ray of house, at that stood in honored a place book of Abay is more abundant. Abay's book special ray splashes stands - talks considers with Abay's father of a Kazakh, mother - freedom to move about talks understands, careful - Kazakh eats earth that it gives birth, eats earth and it holds to stand leading the light. Carefully today is from before more necessary appearance. Its - Kazakh and tomorrow, and the next day needed. As air, driving, envying, as a star, as the river, as a lake necessary Abay» [1, 14p.], - talk pound, «ray of Abay».

Periodic press – is a society mirror not only, and also height of talents, writes ability gets a writer, to love writing, and height of work source progressing goes down to help abundant opened, mastering as a school like.

When it looked at experience, devoted newspaper public of literature shows itself literature society close of student to public. Breathing-breathing, by a requirement-profit, that it will not be jerked by every time, as living continuous video, on living melody hints well. Life and literature, daily relation of wasp people and writer continuously grow.

Newspaper community of literature novel, drama, poems or conversation, essay, though compositions in individual type of songs gave an opportunity to bear, creative life is slow, inexpressive.» [2, 79p.], - talks epoch writer M. Auezov between other Sh. Murtaza standard holds, writer line flows to hold row writer literature life line and work with the emotional state conducts, discusses, artistically personality makes.

Spiritual to life Sh. Murtaza went out ally in time concord of fifteen republics look to the countries to the journeys, widow, there was close that in a communication. And of her spectacles were to compositions of publicist writer of a plot. Will Try, glorified dramatist Tuphan Minnulin, linguist-scientist Abrar Karimullin, Kyrgyz writer of son clicks a finger secret special courtesy, hot desire about Sh. Aimatov. And also, it is about G. Mussirepov, B. Mailin, G. Mustaphin, K. Mukhamedzhanov, A. Tazhibayev, A. Nurpeisov, A. Sarsenbaev, S. Dautuly, A. Kekilbayev, D. Issabekov, U. Essdauletov, M. Baygut, O. Bokey, etc., civil person and work the articles straightened. In the article everybody named word jeweler composition ideal-creative power, spiritual importance of the national spirit education gives the role, country spiritual development of momentous activity in detail anger large possibility.

True composition – is a child. When move there and attained here, gives birth. Social and political journalism is a direction except. If artistic literature – is heavy artillery, social and political journalism is cavalry. And of him labor knows momentous» – Sh. Murtaza, that talks, very talk it is necessary social and political journalism to the people. Social and political journalism's momentous duty – is a breathing-life of society, it is the state of political-economical in detail delivering spiritual life to the people, and an idea conducted discussion, discussing gives. When this stand came, self intends book second division to personality of citizens; Sh. Murtaza ate that caring of country. What stands from five books on work, wrote «Red novel of arrow», on settled son of nation time worship T. Rysskulov.

“Journalist – must be universal” it is very important and necessary words for every journalist and journalists must understand it deeply. Sh. Murtaza was an editor and he wrote

essays, articles every time. Of course he understood that the newspaper is a very main political idea.

Sh. Murtaza's nation knew near, till figure of society, true could be seen on only time of patriot, is educator of generation. Kazakh people's veteran personality and authority figure, modest representative citizenship nature and personality of quality an idea slender and conducts sits, straightens dyed conversation national consciousness-sense searching runs around and main ideas to the reader specially to leave the impression.

Sh Murtaza – after taking independence he worked in different works, had influence to economical – political, cultural, society fields. Also, he wrote his masterpieces and thoughts.

Sh. Murtaza – not only well-known writer, but also publicist—he added a lot of works into this genre of literature.

Sh. Murtaza gave only simple opinions about his book, it shows that he is very simple man. According to the book, every essay, article had main and deep problems and thoughts.

The book's third chapter called «Nation, I say to you, Leader, you listen to it! ». In this chapter writer gave his correspondence with Kamal Smaylov. Developing country's nowadays and future in these letters had risen different problems of the country and all these correspondences were for the readers, that they could know all truth about nation's patriotic feelings.

Sh.Murtaza is one of the man who works and loves literature, he tried to develop and keep nation's traditions and values. “Human's leader – thought, follower – talent, thinker – mind, friend – profession, holder – patient, keeper – character, critic - nation” like these words said Sakkuluk bi, and it is according to Sh.Murtaza. Everybody knows Sh.Murtaza in Kazakhstan. Every time he talked only truth, that's why every person in Kazakhstan respects him. Through his works he tries to change and influence human's mind.

For his honour and for national truth a lot of writers gave him their grateful. They wrote their opinions about him as a writer and a journalist. Contemporary D. Issabekov wrote: «Sh.Murtaza – is one the stars of Kazakh literature. We must respect him not only for his creative writings but also for his spiritual citizen andnationalism» [3, 3p.], B.Nurzhekeev wrote: «Shaken – was born in the period of hunger and war, may be, that's why his works are full of impression from those periods, A.Duysenbek wrote novel - essay «Parade of Sherafa». In general Sh.Murtaza's creative activity is Kazakh people's man T.Rysskulov, the book is written for him “Red arrow”, year after year his works are investigating, and will be investigated. But we have investigated writer's social political views, and how he became Sheraga. Our aim is to investigate his creative activity such as a political figure, and his points of view about nation, motherland and language problems. According to his works, we have tried to define his role in the Literature, because in every his works he tried to touch this problem. In this year he will be eighty, not to depend his age, he tried to tell the generation, that we must respect our language and nation. According to his age he writes about our country's problems and he includes his opinions about future of the Kazakh people.

To conclude it, Sh.Murtaza tries to work and includes his influence to the Independence of Kazkhstan, his writings are full of spiritual feelings. To investigate and to learn his creative activities are our duty.

#### **LIST OF LITERATURE:**

1. Murtaza Sh. Poeta and Mayors. – Astana, 2002. – 415p.
2. Auezov M. Answer to the questionnaire. // Zhuldyz. –1991. – №10.–15–17pp.
3. Duysenbek A. Parade of Sherage. – Almaty, 2007.- 186p.



## ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ПЕН ӘДЕБИЕТТЕГІ А.ЯСАУИ ІЛІМІНІҢ МАҢЫЗЫ

**Сейсембекова Перизат Сергеевна**

К.Қасымов атындағы шағын орталықты орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы

**Сембекова Алия Ерзахановна**

«Жібек жолы» мектеп-лицейінің тарих пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Ұлттық сананың өз кезегінде біздің жеке ұлт ретіндегі бәсекеге қабілеттілігімізге, бірегейлігімізге, біркелкі дамуымызға, әлемдік әлеуметтік өзгерістерге ашықтығымыз бен үн қосуымызға тигізер әсері шексіз. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан құру бағытында да біз ұлттық кодымызды сақтап, елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алу, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейтуге баса назар аударуымыз қажет. Себебі, бұрынғы тарихымыз бен бабалар сөзін, аталар нақылын ескермей, бүгінгі ұрпақ ұлтжандылық, отаншылдық рухында қарулана алмайды. Бүгінгі оқушылардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылық және адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыруда орта ғасырда өмір сүріп, күллі күншығыс мұсылмандарының ұстазы болған Ахмет Ясауи ілімінің маңызы ерекше.

Түркі әлемінде Қожа Ахмет исламның негізгі таратушысы болды. Ал оның арқасында Ясы қаласы Түркістан күллі түркілердің рухани орталығына айналды. Бірақ Ахмед Ясауи тек діни қайраткер болған жоқ. Оның философиялық және поэтикалық шығармалары танымал және құрметті болды. Сауатсыз көшпенділер оның өлендерін, салған суреттерін жатқа айтып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған.

Қожа Ахмет Ясауи қарахандықтар кезеңінен бастап қалыптасып, XVI ғасырда шарықтау шегіне жеткен түркі-ислам өркениетінің өне бойында өшпес із қалдырды. Оның осы ерен еңбегін әрқашан есте сақтап, ұлықтауымыз, ғылыми тұрғыда зерделеп отыруымыз қажеттік. Ахмет Ясауидің хикметтері оқыған сайын тереңдей беретін түпсіз тұңғық тәрізді терең дәрия. Ғұлама сопылық ілімін шарифат, тарикат, мағрифат және хақиқат шеңберінде негіздеп, ислам дінінің түгел түркі топырағына жерсінуге үлкен рухани еңбек сіңірді.

Ұлы өркениеттер заманауи адамның зияткерлік және экзистенциалдық тұрақсыздықтарына қарсы өзінің ішкі динамикасы мен тарихына сүйене отырып ізденістерге кірісті. Әсіресе соңғы үш жүз жылда дағдарыс кезеңін басынан кешірген ислам өркениеті түрлі себептерге байланысты жаңғырту және жаһандану үдерісінен ауыр зардап шекті. Бүгінгі таңда мұсылман қауымы ислам әлемінің барлық елдерінде дерлік өз ішінде де, әлемде де тіршілік үшін күресуде.

«Сіз, біз деген халайықтан қаштым мен» деп ескертіп кеткен Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың аманат-өсиетін жадымызда сақтап, кеңпейілділікпен, төзімділікпен өзіміздің біртұтас қазақы мәдениетімізді зерделеуде, зерттеуде өте мұқият әрі сергек болуды сезінгеніміз абзал.

Қ.А. Ясауи ілімінің негізгі мазмұны – дін болып табылады. Діннің негізгі мақсаты - адамдарды күнәдән сақтандыру. Қ.А.Ясауи іліміндегі дін мәселесі сопылық мазмұнда түсіндіріледі. Ұлттық мәдениетіміздің кез-келген саласына жетпіс жылдан астам үстемдік еткен кеңестік ғылымдағы атеистік идеология сопылық ағымды теріс ұғындырып келді. Сопылық поэзия туралы мүлде теріс пікірлер айтылып, діндар, сопы саналған сөз зергерлерінің, дін уағыздаушы шығармалар зиянды деп танылды. Сопылық ағым өзінің табиғатында әділдікті, тазалықты, төзімділікті, тақуалықты уағыздайды. Шығыстанушы ғалым Бертельс Е. Э. өзінің «Суфизм және сопылық әдебиет» атты

еңбегінде сопылық әдебиетті танып-білмей, ортағасырлық мұсылмандық Шығыстық мәдени өмірі туралы нақты түсінік қалыптастырудың мүмкін еместігін, өйткені оның классиктерінің дәл XX ғасырдың басына дейін Шығыс әдебиетіне түгелге дерлік әсер еткендігін, мұсылмандық Шығыс авторлары шығармаларының суфизммен тығыз байланыстылығын өте орынды атап көрсеткен [1, 54].

Басқа да түркі халықтары сияқты қазақ халқының да мәдениеті мен әдебиетіне, салт-дәстүріне, ой-санасы мен мінез-құлқына да сопылық ілім әсер етті.

Сопылық-мінез-құлқтың кемел мәртебесіне жету үшін Расулаллаһ көрсеткен жолмен жүру, нәпсіні тазалап, көркем мінез-құлық иесі болуға ұмтылу. Сопылар-тағамды аз жеп, аз ұйықтап, мол дәулетке қызықпай, адамдармен қатынасты азайтып, оңашалану арқылы нәпсіні тежеп, рухани күштерді жетілдірушілер.

Зерттеуші Назира Нұртазина «Қазақ мәдениеті және ислам» деп аталатын тарихи-мәдениеттанулық зерттеуінде сопылықты тек шартты түрде ғана ілім немесе бағыт де атайды. «Сопылықтың мәні - дінді аса биік дәрежеде ұстану, оны терең түсініп, Аллаға шын жүрекпен құлшылық ету, үлгілі, кемелденген мұсылман азаматы болу, рухани жетілу жолына түсіп пәктікке, Аллаға деген хақиқи махаббатқа ұмтылу»[2,45], - деп тұжырымдайды.

Ал, сопылықтың негізі - Құран мен хадисте, бір жаратушыға деген ерекше махаббаттан бастау алады. Кейбір еуропалық шығыстанушылар исламды әлсіретпек болып, сопылықты исламға қарсы қойды. Мұндай пікірлер кеңес өкіметі дәуірінде кең етек алды.

Діни әдебиеттерде Мұхаммед пайғамбардың бір сұхбатының үстіне Жебірейіл періште адам кейпінде келіп: «Ислам деген не? Иман деген не? Ихсан деген не?» - деген сұрақтар қойғандығы жайлы айтылады. Пайғамбарымыз мұсылмандықтың үш сатыдан: ислам, иман және ихсаннан тұратындығын айтады. Ислам - діннің сыртқы жағы, иман - ішкі жағы, ихсан - ақиқаты. Осындағы «ихсан» сөзі сопылық ұғымын білдірген. Хадистердің бірінде: «Ихсан дегеніміз- яғни ғибадат қылсаң, Алланы көріп тұрғандай құлшылық ет, сен бұл уақытта Алланы көрмесең де, ол сені көріп тұратындығы анық» - делінген.

Ислам дүниесіндегі ғылым мен мәдениеттен өздеріне лайықты орын алған, қазақ даласынан шыққан Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари секілді Қожа Ахмет Ясауи, т.б. сопылық дүниетанымды қалыптастырып, дамытуға өзіндік үлес қосты.

Әсіресе, Ясауи ілімі сопылық негізінде исламды түсіндіріп, оның ішінде халықтың ұлттық ұғымына, санаға сіңген шариғат негізінде жан-жақты түсіндіріп, қарапайым тұжырымдауымен ерекшеленеді.

Мәселен, А. Ясауи былай дейді: «Кімде-кім құдайды есіне алса, ол онымен табысқанын көре алады». Сондықтан да Ясауи үшін құдайды тану өзін-өзі танумен бірдей. Сопылықтағы доктрина құдайды мистикалық сүю болып табылады. Ясауи ілімінде бұл доктрина оның «таным» теориясының бөлінбес бөлігі бола тұрып, ерекше орын алады.

Қ.А. Ясауиден бұрын түркі нәсілдері Тәңірге табынатын болса, енді олар Аллаға сыйынатын болды. Ясауи сопылығы арқылы бүтін шығыс философиясымен, әлемдік діни философиямен хабардар боламыз. Сопылықтың ықпалын, Ясауиден кейін өмір сүрген көптеген ақын, ойшыл ғұламалардың еңбектерінен де кездестіреміз.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінде хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – топырақ сипатты болу, нәпсіні тыю. Рухани дүниеміз бен мәдениетімізде үлкен орны бар, жөн сілтеуші әулие – Ясауи бабамыздың ілімінде «алдымен өзінді тану» маңызды.

Адамның өзін-өзі тануы – қай уақытта да болмасын маңызды екендігін ғұлама жете түсінген. Өзін-өзі толық танымаған адамның жалпы қоғамды танып, айналасындағылар мен өз Отанына ешқандай пайда әкеле алмайтындығын хикметтерінде санамалап көрсетеді.



Қ.А. Ясауи сияқты әулиелер қоғамның рухани тірегі, руханияттың күйреуіне, азғындауына тойтарыс беретін, Алланың жер бетіндегі «құты» ретінде танылған. Сондықтан оған тарихта, «құтб ул ақтаб, «султан ал арифин», хазрат ал султан», «ахмад ус сани», «пир и Туркистан» деген сияқты атақтар берілген. «Кез келген мемлекет немесе қоғам рухани іргетасының шайқалуының, азғындауының нәтижесінде тарих бетінен жойылады» деген исламдық қағида бар.

Исламдық дүниетанымды, оның рухын, мәнін терең түсінген, ақиқатына жеткен Ясауи ғұлама да ең алдымен қоғамның қараңғылығы мен рухани азғындауына қарсы күресу қажет деді.

Бүгінгі мақсат - Ясауи ілімін «өзімізді табуға» жол сілтер сүрлеу ретінде ұғындыру болып отыр.

Ең бастысы, Ахмет Ясауи - рух тәрбиешісі, сана қалыптастырушы ұстаз ретінде қоғамға жаңа тыныстағы толық адам жетілдіру жолында күрескен кемеңгер дана, әулие. Қожа Ахмет Ясауи ақиқатты адам баласына ескертіп, тікелей еске салып отыратын таным көзі – [Құран](#) деп біледі. Сонымен қатар, Алланы танудың негізгі сыры адамның өзінде екендігін айтады. Адам – микрокосмос болса, рух, бүкіл әлем, болмыс – макрокосмос, Алланың аяттары, яғни белгілері.

Жаратушы – Жан-АЛЛА,

Жарылқаушым ғаламда.

Мейіріңнен дәметем

Кірпігімді жабарда.

Әзірейіл төнгенде,

Қарқараға келгенде

Не қылармын, Құдай-ай!?![3], - деп басталатын «Даналық кітабы» - шын мәніндегі бүгінгі ұрпақтың тәлімдік бұлағы.

Бүгінгі қоғамдағы діни ахуал өте күрделі сипат алуда. Әсіресе, жат ағымдар мен секталардың көбеюі жастарымыздың болашағына қауіп төндіруде. Әсірешілдік, дінді толық түйсінбегендіктің зияны да өте көп болып жатыр. Осы тұрғыда, ислам дінінің бар өзегін көрсететін А.Ясауи тұжырымдарын зерделеп отыру өте қажет. Ал,

«Он сегіз мың ғаламға сәруар болған Мұхаммет,

Отыз үш мың асхабқа сардар болған Мұхаммет.

Жоқшылық пен індетке қанағатшыл Мұхаммет,

Күнә тартқан үмбетке шапағатшыл Мұхаммет»[3, 7], - деген жолдар Мұхаммед пайғамбарды дәріптеп қана қоймайды, әрбір жанның аузынан тастамайтын тәмсіліне айналуы қажет.

Пенде болсаң, мехнат тарт, ғафыл қалма,

Ғанибет – сол, тозбас киім ақыл жанға.

Жан – аманат, қиянатқа хақың бар ма?! –

Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет[3, 9], - деген жолдардан да осы уақытқа дейінгі ізгілік идеясы, Құранда айтылатын барлық түсініктерді пайымдаймыз.


*Қорыта айтқанда*, жаңа Қазақстан құру жолында саяси жаңару мен жаңғыру мәселесі қоғамдық ортада жан-жақты қолдау табуда. Мемлекет басшысының Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдыру бастамалары мен идеялар тұжырымдамасының негіздері жалпы халықтың көңілінен шықты. Осы тұрғыдан алғанда, Қожа Ахмет Ясауи ілімін тұлғалық тәрбиелеудің негізіне айналдыру, жалпыұлттық рухани мәселелерді шешуде, саналы ұрпақ тәрбиелеудің негізі ретінде зерделеп отырудың берері мол деп ойлаймын.

Даңқы күн санап кең тарап, түркі әлемі, қазақ жұртшылығына танымал болған ғұлама Ахмет Ясауидің туғанына биыл 930 жыл толып отыр. Ясауи қараңғылық заманның аспанына жарық жұлдыз болды. Еліміз егемендік алғаннан бастап әдеби-мәдени мұраларымыздың асыл қазыналарын насихаттауға ерекше басымдық берілді. Сондай бетбұрыстың бірі – Қожа Ахмет Ясауи мұрасына жаңаша көзқарас, тарихи жаңа

таным аясында зерттеулер жүргізіп, талдау жасау. Өйткені, жаңа ғасырда озық идеялар желісінде рухани дамуға бет алған Жаңа Қазақстан қоғамы үшін Қ.А.Ясауи ілімінің маңызы аса зор.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература. – Москва: Издательство восточной литературы, 1965. - С. 447
2. Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам. – Алматы: ҚазМӨҒЗИ, 2002.- 206б.
3. Диуани хикмет. Аударған М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: Мұраттас, 1993



## II СЕКЦИЯ

### ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

#### **БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ФОРМАЛАРЫ**

**Абдыкалыкова Балжан Болатовна**

№64 орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

**Игиликова Бахыткуль Мейрхановна**

Мойынқұм орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Білімге деген көзқарас әр уақыт тезінде жаңаша сипат иеленеді. Бұл негізінен, білімнің құндылық ретіндегі және білімнің нәтиже ретіндегі қырларына аса мән берумен байланысты. Осыған орай білім жүйесінің соңғы нәтижесі оқушының жеке пәндер бойынша алған білім, білік дағдылары емес оларды пайдалану арқылы қалыптасатын, тұлғалық дамытатын өмірлік дағдылар, құзыреттіліктер болып табылады.

Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру жүйелерінде бірқатар өзгерістер енгізіліп, олардың жаңа ұлттық модельдері көрініс табуда. Орта мектепті ақпараттандыру бағытында көптеген бағдарламалық жұмыстар атқарылуда. ҚР Білім заңында да бұған ерекше мән берілген[1]

Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстардың негізгілерінің бірі жалпы білім беретін орта мектепте информатика пәнін білімді сіңіртетін әдістемелік құрал тұрғысында оқыту, мазмұндық қайта жаңғырту болып табылады. Қазіргі ғылыми педагогикалық зерттеулер жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту процесінде іске асу үшін оны технологияландырудың қажет екенін дәлелдеп отыр.

Әрбір тарихи кезеңде қоғамда туындаған талаптарға сай жасөспірім ұрпаққа берілетін білімнің мәніне жаңа сипат беріліп, жаңа ұстанымдар негізінде ұйымдастырылу басты талап ретінде қойылуда. Әдетте, бұл жеке мемлекеттің білім беру жүйесінде реформаларымен жалғасады. Жүргізілетін реформалар тереңділігі, ауқымы, сол қоғамның білім мәні бойынша алған ұсынымына байланысты. Осы тұрғыдан еліміздің білім беру жүйесі ХХІ ғасырдың жаңа талаптарына сай болу мақсатында үлкен бетбұрыс алдында тұр.

I. Оқушылардың өз бетінше ойлай білуі, бір проблемалық мәселені шешудің сан қилы жолын іздестіру, олардың шығармашылық қабілетінің дамуының бір әдісі. Оқушыны өз бетінше жұмыс істеуге үйрену, пәнге қызығушылығын арттыру - басты мақсат.

II. Оқушының білімін көтерудің ең басты шарты - оның пәнге деген қызығушылығын арттыру. Пәнге деген қызығушылығы болса ғана, бала оған көңіл қойып тыңдап, тереңдете оқып үйрене бастайды. Пәнге қызыққан оқушының білім сапасының жоғары болатыны белгілі. Мұғалім үнемі оқушының ойлау белсенділігін арттырып, білімге қызығушылығын тудырғанда ғана сабақ мақсатына жетеді[2].

III. Ал қызығушылық туғызудың тәсілдері өте көп. Олар: сабақ барысында қолданылатын дидактикалық ойындар, сайыстар, эстафеталар, жарыстар, олимпиадалар, тіпті жақсы дайындықпен өткізген күнделікті сабақтар. Дұрыс ұйымдастырылған сабақ оқушының ой-өрісін кеңейтеді, өзіне деген сенімін күшейтеді.

Бүгінгі заманда, компьютер - ақпарат ошағы. Компьютердің көмегімен оқу үрдісін ұйымдастыру өте жеңіл, қолайлы, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, дұрыс көзқарастарын қалыптастыруда бірден-бір көмекші құрал. Олардың өмірге деген көзқарасы оянып, ақпараттық жаңалықтарға деген үмтылыстарын туғызады.

Жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдағы барлық салаларда үлкен өзгерістер жасалуды талап етеді. Ақпараттық технологиялар өте тез дамып келеді.

Оқыту технологиясы - оқыту, өздігінен білім алу және өзін-өзі бақылау процестерін керек етіп, соларды жүзеге асыратын шарттарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін әдістер, тәсілдер, құралдар жиынтығы.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны[3].

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемі ұлғайтады.

2. Білімге бір-бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан әртүрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.

3. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың оқу материалының сапасыны арттырады.

Компьютерлік технологиялар – ақпаратты бейнелеу, тасымалдау және жинақтау, оқушының танымдық әрекетін бақылау және басқару сияқты мұғалімнің кейбір функцияларын модельдейтін компьютерлік техника.[4]

Компьютерлік технологияның мүмкіндігі:

- оқушының білім алу үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытады;
- білім алу траекториясын таңдауына жол береді;
- оқу үрдісінің біртұтастығын сақтайды;
- оқушының ақпараттық мәдениетін дамытады;

Мультимедиалық технология – бейнелік және аудиоэффектілік, әртүрлі мультипрограммалық мүмкіндіктерді интерактивті программалық жабдықтың басқаруымен орындалатын электрондық құжаттарды дайындау тәсілдері.

Электрондық оқулықтардың тиімділігі:

- теориялық материалды өз бетімен оқып үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;
- сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға көмектеседі;
- сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әр түрлі деңгейлі, шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда барлық оқу орындарын жоғары жиіліктегі ғаламторға қосу – мемлекеттік тапсырма. Былтырғы өз Жолдауында Мемлекет басшысы «еліміздегі барлық ауыл мектебіне жылдамдығы жоғары интернетті қолжетімді ету мәселесін шешу аса маңызды. Бұл – Үкіметтің алдындағы шұғыл міндет. Ауыл мектептерін жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз ету – Цифрлық даму министрлігіне де, облыс әкімдеріне де жүктелетін жауапкершілік. Алты айдан кейін берілген тапсырманың орындалуын тексеремін. Жалпы білім беру жүйесін мүлде жаңа деңгейге шығару үшін ауқымды цифрлық трансформациялау жұмыстарын жүргізуіміз керек. Ең алдымен, 2027 жылға дейін интернет желісі әлі тартылмаған мектептердің бәрін жылдамдығы жоғары интернетке қосу қажет. Бұл ретте олардың әрқайсысында жергілікті желі орнатылуы керек», деген болатын.

Осы тұрғыдан келгенде, ауданымызда мектептердің барлығы жылдам жиіліктегі ғаламтормен қамтылған. Тек ғана информатика пәнінің мұғалімдері емес барлық пән мұғалімдерінің күнделікті оқыту үрдісі осы ғаламтормен тығыз байланысты.

Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі

Оқушы үшін	Мұғалім үшін
Өмірге деген көзқарасы оянады, жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады,	Әр оқушымен жеке жұмыс жасауға, оқушының қатесін түзеуде уақытты үнемдеп,

жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде өздерінің потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.	мүмкіндігін көруін, сапасымен қоса оқыту әдістемесіне түзету енгізуге мүмкіндік туады.
---	--


*Жаңа ақпараттық техноогиялар еніп, көптеген өзгерістер болуда. Солардың бәрін игеруге, оқушылар икемді жақсы қабылдайды. Бірақ қанша жаңа технологияар енгенмен, оқыту процесінде, басты рөлде мұғалім болып қалады.*

Бүгінгі күнде мектептің жаңа реформалық жүйесінде әрбір өзін кәсіби деңгейі жетілген деп есептейтін кез келген мұғалім, білім беу қызметкері бұл жүйенің қыр-сырын түгел меңгермей бала дамуының мәселелерін түгелімен меңгере алмайды. Сондықтан білімнің жаңа үлгісі өзіне сәйкес жаңаша күзiреттiлiктер ие мұғалiмдердi талап етуде. Ол мұғалім шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға, педагогикалық қызметтің барлық келеңді- келеңсіз зерттеп- меңгеруге ынталы, өзінің жетік меңгерген кез-келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениттілігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын мұғалім болуы керек.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білімнің, іскерліктің болуын қамтиды. Жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлаға қабілетті болуын талап етеді. Сондықтан да мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың интеллектілік, шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, әр адамның бойында туылғаннан пайда болған интуициясын әры қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негіз салу болып табылады. Білімге деген ынтасын, қызығушылығын, тұрақтылығын қалыптастыру жолдарын әртүрлі тапсырмаларды орындату арқылы бақылап отыру қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Білім туралы Заңы //
2. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру. Монография. Тараз: ТарМПИ, 2006
3. Ерғожина Ш.Л. Жаңартылған білім негізі – оқу іс-әрекетін белсендіру құралы // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. №3 (171). 2018
4. Мұратәлиева Н. Жаңа формациядағы ұстаз, оның кәсіби мәдениеті. // Білім және инновация. 2016. - №3



## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ**

**Мұсабеков Ғайни Керимбердиевич  
Көлжанова Марал Нарымбетқызы**

Болтай батыр атындағы шағын орталықты мектептің информатика пәнінің мұғалімдері, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

«Қазақстан - 2050» стратегиялық бағдарламасы бойынша білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуы білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен

сипатталады. Ақпараттандыру жүйесін білім саласында кеңінен қолдану бүгінгі күннің талабы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9-тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану туралы міндет қойылған[1]. ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет-сервисті, мультимедиялық жабдықтарды, электронды оқулықтарды оқу үрдісінде тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың білімділігін күшейту мен білім сапасын көтеру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. Қоғамда ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияларды меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.


АКТ құралдары дегеніміз микропроцессорлық және АКТ негізінде қызмет атқаратын, ақпаратты жинақтау мен олардың қорын жасау, сақтау және өңдеу, оларды жан-жақты таратуды, компьютерлік жүйелердің ақпараттар қорына енуді қамтамасыз ете алатын программалық, программалық-ақпараттық және техникалық құралдар жиыны.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану білім мазмұнының заман талабына сай болуымен, білім алушылардың білімді өздігімен меңгеруі және өзін-өзі бағалай алуы, өз күшіне сенімділіктің болуымен бағаланады. Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз - оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, оқу қызметіндегі есептеуіш техникалық құралдары, оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады. Яғни, ақпараттық технология - білім беру мекемесі мамандарының жұмысын жүзеге асырушы әдістер мен формаларын беруші құрал.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы жүргізілетін оқытудың жаңа формаларының ауқымы кеңейіп келеді (1 сурет).

Ақпараттық технологиялардың кеңінен қолданылуы интерактивті жүйе құруға алып келеді. Интерактивті жүйе дербес компьютерді пайдалану, сондай-ақ бейнедискілі құрал және теледидар кешендері негізінде құралады. Демек интерактивтілік дегеніміз - студент пен құралдар арасындағы екі жақты сұхбатты жүргізу. АКТ-лар арқылы кері байланысты ұйымдастыру студенттің әрекетіне бақылау мен түзету енгізумен, әрі қарай жұмыс жасауға нұсқау берумен, ақпаратты түсіндіретін анықтама алуға мүмкіндіктер береді.

Интерактивтік – бұл дидактикалық құралдардың әрбір субъектінің өз нәтижесі үшін маңызды жауапкершілікке болуын қамтамасыз ететін және қарым-қатынас кезінде субъектілер арасындағы әрекет, өзара түзетулер қатынастар орнатуды көздейтін іс-әрекетті ұйымдастыра білу қабілеті [2]. Интерактивтік және бейімділік интерактив тақта (компьютердің қосымша құрылғылардың бірі және дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды, ақпараттық кескін мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал) арқылы да жүзеге асырылады. Одан басқа бағдарламалық құралдар - электрондық оқулықтар, электрондық дидактикалық материалдар, электрондық анықтамалар, электрондық энциклопедиялар, жаттықтырушы және дамытушы компьютерлік бағдарламалар да қолданылады.



1-Сурет. Ақпараттық- коммуникациялық технологиялардың топтамасы

Бүгінгі заман талабына сай жаңа технологиялармен сабақ жүргізуде АКТ – ны пайдалану өте тиімді және өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады.

Бұл технологияны пайдалануның негізгі мақсаттары:

- ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқу үрдісінің барлық деңгейін жетілдіру, оқу жұмысына жаңашылдық енгізу;
- білім алушыны заман талабына сай жан-жақты дамыту, ақпараттық қоғамда өмір сүруге икемдеу, даярлау;


АКТ-мен жұмыс істеу компьютерді кеңінен пайдалануға, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны, интернет-сервистерді жан-жақты қолдануға, компьютерлік оқыту бағдарламаларын қолдануға негізделеді. АКТ-ны оқу үрдісіне енгізудің оқытушы үшін тиімділігі өте жоғары:

- компьютерлік желілерді пайдалана отырып сабақты қызықты өтікізуге мүмкіндік туады;
- студенттер мен оқушылар өз бетімен жұмыс жасайды;
- білім-білік дағдылары тест тапсырмалары арқылы тексеріледі;
- шығармашылық жұмыстар жасалады;
- қашықтықтан білім беру мүмкіндігі туады;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі болады;
- интернетте жұмыс жасау арқылы жан-жақты ақпарат алу ;
- студенттер мен оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулу, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету және т.б.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білім алушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашуы керек.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім туралы Заңы. Астана, 2007.
2. Мукашева М.Б. Интерактивные технологии обучения как дидактическое условие успешности учебного процесса в ВУЗЕ. Алматы, 2005.



## МЕТОДЫ И ПРИЁМЫ РАБОТЫ С ТЕРМИНАМИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Сапаркулова Сауле Токтаралиевна

Т. Рысқұлов атындағы орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

В настоящее время в лингвистике наблюдается тенденция к интенсивному изучению такой лексической группы, как термины. Проводятся исследования общетеоретического плана, а также освещаются прикладные аспекты данной области языкознания. К терминологии обращаются отечественные и зарубежные лингвисты, расширяя и углубляя знания о ней с каждой новой работой. Актуальность статьи обусловлена, таким образом, необходимостью дальнейшего исследования терминологического яруса современного русского языка; частотностью употребления в современном русском языке терминов, влиянием их на общеупотребительную лексику, обязательностью разграничения профессиональных речевых систем. Кроме того, являясь составной частью языковой панорамы, терминологический ярус, как и сам язык, претерпевает изменения, постоянно совершенствуется, что положительно влияет на лингвистическую картину мира и предоставляет возможности для дальнейших исследований и прогнозирования [1, 12].

В рамках данной статьи показано многообразие и особенности приемов терминологической работы при изучении всех разделов русского языка.

Используя предложенные методы и приемы работы, следует придерживаться ряда методических рекомендаций.

Работа с терминами на уроках русского языка может осуществляться на всех его этапах: при изучении нового материала, его закреплении, проверке знаний, умений и навыков.

1. Включение в речь терминов лингвистики на каждом уроке. *Дефиниции* и *термины* вводятся в активный словарь обучаемых через показ функциональности термина. Информационное содержание *понятия*, передается учеными адекватными средствами, т.е. они фиксируют в *определении* путь свои поисков и находок. Учащиеся как бы повторяют путь исследования в ходе построения понятия на уроке, т.е. в квази исследовании. На практике усвоение опыта человечества происходит через действия наблюдения, сравнения, сопоставления, анализа и синтеза, а затем получает свое второе воплощение через знаковую систему языка культуры - словесный язык, на котором студенты формулируют выводы своей деятельности. Выводами становится формулировка определения, вершиной которой является термин.

2. Работа с толковыми и специальными словарями. Словарные статьи содержат значительный по объему набор коммуникативных конструкций, разнообразных смысловых вариантов моделей двусоставных предложений. В процессе вербального выражения мыслей заголовочное слово *-термин*, включенный в высказывание, всегда выступает в качестве подлежащего, а существенные признаки понятия раскрываются в сказуемом с зависимыми (второстепенными) членами предложения.

3. Классификация понятий в соответствии с существующей практикой изучения курса русского языка по названиям разделов языкознания: морфемика, семантика, синтаксис и т.д. Изучение языковых единиц опирается на методы исследования лингвистики и предопределяет моделирование способов употребления терминов в учебной практике.

4. Определение сходства и различия значений данных терминов.

Например, даны термины *имя существительное*, *имя прилагательное*, *имя числительное*, *глагол*. Три первых термина объединяет понятие *имя*, у них общий способ изменения *-склонение*, в то время как у глагола другой способ изменения *-спряжение*.

5. Выявление сходства смыслового значения какого-либо из терминов с другими.



Например, *омонимы, синонимы, антонимы, паронимы* объединяет вторая часть слова, соответствующая греческому корню *оним-* что в переводе означает «*имя*».

6. Выявление важнейшего свойства терминов способствовать объединению понятий в общие категории.

Например, *окончание как* термин показывает, что все слова, имеющие эту часть Слова, объединяются в группу *изменяемых частей речи*.

7. Отгадывание задуманного термина по его словесному определению.

Например, викторина с вопросами типа «К какому разделу русского языка относятся термины с частью *-оним?*», «Что изучают в разделе русского языка, который называется латинским словом, обозначающим *строение?* Назовите *этот* термин».

8. Выявление общего признака в нескольких определениях *терминов*

Например, у каких терминов в определении встречаются понятия *род, число?* Определения каких терминов начинаются словами «*это часть речи ...*»? и т.п.

9. Перечисление слов-терминов одного ряда.

Например, по разделам русского языка (в фонетике: *гласные, согласные* и т.п., в лексике: *прямое - переносное значение* ит.п.); наименований грамматических категорий (*род, вид, время* и т.п.); наименований процессов в языке (*словообразование, словоизменение, синонимия*).

10. Распределение терминов по источникам и особенностям заимствования.

Например, рассмотрим названия разделов русского языка: *лексикология, морфология* - в терминах усматриваются два корня, один из которых *лог-* из греч. *log-* - «слово, учение, наука» можно обнаружить в названиях школьных предметов (*биология, зоология* и т.п. и многих других наук (*геология, минералогия, терминология* и т.п. *орфография, лексикография, графика* имеют в своем составе корень *графо* греч. *grapho-* - «пишу», который встречается в названиях *география, историография* и т.п.. Понимая значения этих заимствованных корней, мы можем догадаться, чем занимается та или иная наука. Такие термины, как *аффиксы: суффикс, префикс* (приставка), *постфикс* (-ся/-сь), *интерфикс* (соединительный гласный в слове), имеют общую часть *-фикс-*, что от лат. *fix* - «прикрепить». Это помогает осознать «внутреннюю форму» слова-термина, и такое сравнение закрепляет языковую «зоркость» - умение восстанавливать значение термина по набору известных латинских (греческих и др.) корней.

11. Анализ определений термина по форме. Существующие в лингвистической литературе определения термина разнообразны по своей форме. Более или менее строгих требований к построению определений придерживаются авторы словарей.

Например, в словаре лингвистических терминов О.С. Ахмановой определение «Термин - слово или словосочетание специального (научно-технического и т.п. языка, создаваемое (применяемое, заимствуемое и т.п.) для точного выражения специальных понятий и обозначения специальных предметов» можно использовать в качестве методического алгоритма опознавания [2, 36]. Данное определение представляет собой повествовательное предложение с прямым порядком слов. Оно может служить образцом для составления учениками собственных определений. Часто встречаются определения, состоящие из двух и более предложений. Такие определения носят описательный характер. Задания на формулировку определения к термину весьма эффективны на уроках построения понятия.

12. Анализ определений термина по содержанию, т.е. установление его содержания. Определить понятие - значит указать, какие существенные признаки мыслятся в его содержании. В логике под существенными признакам и понимаются такие признаки предмета (понятия), каждый из которых необходим и все в совокупности достаточны, чтобы отличить данный предмет (данное понятие) от остальных предметов, понятий.

Используя предложенные методы и приемы работы, следует придерживаться ряда методических рекомендаций.

Работа с терминами на уроках русского языка может осуществляться на всех его этапах: при изучении нового материала, его закреплении, проверке знаний, умений и навыков.

Давая домашнее задание, учитель должен предусмотреть продолжение терминологической работы самостоятельно дома. Терминологическую работу учитель должен проводить в системе ненавязчиво, то есть в сочетании с теми методами и приемами, которые формируют знания учащихся. Это необходимо особенно в тех случаях, когда требуется, чтобы учащиеся запомнили название, например, частей речи, то есть когда на уроке вводится большое число терминов [3, 138].

Обучение учащихся приемам работы с лингвистическими терминами осуществляется в основном в ходе знакомства с новым материалом.

Записывая термин, учащиеся тренируются в его правильном написании, произношении, запоминании, что способствует установлению связей между различными типами памяти.

Распространен такой прием терминологической работы, когда по мере объяснения учитель вводит термин, записывает его на доске, а учащиеся в тетрадях, здесь же дается словесное или письменное объяснение термина. В связи с этим учителя часто предлагают учащимся заводить специальные тетради-словари. Кроме таких словарей, можно рекомендовать в тетради по русскому языку отвести специально несколько страниц для работы с терминами [4, 22].

Приём проговаривания термина несколько раз вслух позволяет тренироваться в правильном его произношении. Особенно целесообразно этот прием применять при знакомстве с терминами иностранного происхождения (например, орфография, орфоэпия, фонетика, графика, морфология и т.д.). Желательно, чтобы проговаривание сочеталось с одновременным считыванием термина с доски или тетради. Выявлено, что работа над выяснением семантики и этимологии терминов способствует формированию умения анализировать, выделять главное в изучаемом понятии и делать обобщения, то есть такая работа способствует развитию мыслительной деятельности учащихся. В связи со сказанным в планировании задач уроков учителю следует предусматривать такие приемы терминологической работы, которые выясняли бы этимологию и семантику терминов.

Приёмы выявления семантики и этимологии слова особенно важны в работе с терминами иностранного происхождения. Необходимо, выяснив происхождение термина, его смысловое значение сочетать с переводом на русский язык. Большое значение имеет выяснение семантики термина, то есть его смыслового значения. Данный прием можно использовать особенно часто, так как в большинстве случаев смысловое значение термина совпадает с основным содержанием того понятия, которое определено данным термином.

Рассмотрим такой пример: дан ряд слов: *узел, уж, вязать, узы, союз*. Почему же все эти слова записаны в один ряд? Открыв этимологический словарь, посмотрим происхождение слова «союз». Оно образовано с помощью приставки «съ» («со» обозначает соединение, сближение, связь). Например, содружество, согласие. Вникнув в смысл данного термина, учащиеся безошибочно свяжут их с основным содержанием понятия.

Часто такую работу можно начать прямо с сообщения темы урока. Например, называя тему урока «Сочинительные и подчинительные союзы», учитель может предложить учащимся по названию темы дать характеристику изучаемых союзов. Он предлагает для этого осмыслить каждое слово в названии темы. Эта работа не требует много времени, но учащиеся сразу выделяют основное содержание изучаемого материала. Казалось бы, незначительный прием терминологической работы, но в данных условиях он позволяет стимулировать самостоятельную мыслительную деятельность учащихся и применять поисковые методы изучения нового материала.


Новые лингвистические термины в процессе изучения материала учитель вводит вместе с раскрытием понятий во время рассказа, беседы или объяснения. При введении

терминов иностранного происхождения положительное влияние на усвоение соответствующих лингвистических понятий и терминов оказывает логический прием анализа и синтеза на основе этимологии. Этот прием способствует установлению и поддержанию связи между восприятием и усвоением слова, в основе которого в сознании учащихся лежит ассоциация звукового комплекса с определенным образом, представлением или понятием. Целостное понятие о содержании термина формируется благодаря синтезированию существенных анализируемых признаков и понятия, и термина.

Практическое значение изучения терминологии заключается в том, что оно раскрывает термин как элемент словарной системы, положительно влияет на осознание учащимися специфики остальных единиц языка, воздействует на овладение орфографическими навыками, является базой обогащения словарного запаса учащихся. Изучение терминологии развивает внимание учащихся к значениям и употреблению слов, воспитывает у них потребность в выборе подходящего слова для выражения той или иной мысли в собственной речи, формирует умение пользоваться словарем.

### **Использованные литературы:**

1. Им Хынг Су Становление терминологической лексики русского языка. – М., 1995. – 235с.
2. Кауфман И.А. Терминологические словари. Библиография. М.:ИНФРА - М, 1996. – 121с.
3. Климовицкий Я.А. Лингвистическая обусловленность формирования частных терминологических систем. – Саратов, 1986. – 184с.
4. Анюшкин Е.С., Васютин В.А. Воронежская школа терминоведения: прагматические аспекты понятийно-терминологической работы // Отраслевая терминология: Лингвопрагматические аспекты. – Воронеж, 1996. – С. 27-35
5. Розенталь Д.Э. и Теленкова М.А. Словарь – справочник лингвистических терминов. Пособие для учителей. Изд.2-е, испр. и доп. М., «Просвещение», 1976. – 543с.
6. Ярцева В.Н. Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990. – 472с.



## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ЗАМАНА МІНДЕТІ**

**Сатыбалдиева Курмангуль Кыдырбековна**

Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі,  
Тараз қ.

Ұрпақ тәрбиесін толымды жүзеге асыру үшін баланы адамгершілік мұратқа ерте бастан баулу оның отбасынан басталып, бастауыш мектеп қабырғасында жалғасын табады. Мектепке дейін балада адамгершілік сезімдер мен ұғымдар, адамшылық мінез-кұлқының ең қарапайым дағдылары қалыптаса, бастауыш мектеп жағдайында бұл жұмысты ұстаздар жүйелі түрде жүргізеді.

Сонымен, әрбір ұстаздың оқушыны мәдениеттілікке тәрбиелеудегі салар күш-жігері өте зор. Осы жерде В.А.Сухомлинскийдің мынадай сөзі тілге оралады: «Менің пікірімше, тәрбиешінің ең қиын міндеті мынада: әрбір адамның бойында берік, мызғымас моральдық негіз қалыптастыру, мұратты нығайту, мамандық беру, өмірдің күрделі жағдайында өз бетімен бағдарлай білуге әзірлеу». Олай болса мектеп қабырғасында сапалы білім мен жақсы тәрбие алған бала өмірде тура жолдан таймай, өз мақсатына

жетіп, орнын таба алады. Сондықтан жас ұрпаққа адамгершілік, әдептілік, имандылық, ізгілік тәрбие беріп, оны мәдениеттілікке тәрбиелеу- адамзаттық парыз [1].

Осы ретте, болашақ жастарды ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеудің маңызы күн өткен сайын арта түсуде. Әрине адамзат ғұмырында сұлулық, көркемдік, әсемдік, биязылық, өмірдің өзінде екені рас. Сонымен қатар, рухани жаратушыны мойындап, ақиқат шындықты тануда, тұлғаның соған бейімделіп, оны өнеге етіп тұтуда, эстетикалық таным жетекші мәнге ие болады. Оқушылардың бойына эстетикалық тәрбиенің сіңуі мен көңіліне дарытуды қазіргі философтар да жан-жақта дәлелдеп, көркемдік таным тұлғанның бойына зорлықпен, күш көрсетумен, әміршілікпен дарымайтындығын мойындап отыр. Оқушылар әдемілікті сезіп және оның заңдарын түсініп қана қоймай, осы заңдар бойынша өзін қоршаған айналаға өзгеріс жасауы қажет. Өмірге енген эстетика адам сүйсіндіреді. Адам белсенді түрде өмірдегі әдемілікке, көркемдікке өз үлесін қосып, оны көріксіздіктен, ұсқынсыздықтан қорғауы қажет.

Бастауыш мектептегі эстетикалық тәрбие оқушылардың сыныптан тыс жұмысының жүйесінде кеңінен пайдалынуды керек етеді. Эстетикалық талғамның өмір елегінен өткен көптеген формалары бар. Шығармашылық үйірмелер, әдебиет, музыка хореография, бейнелеу өнері, тағы басқалар. Эстетикалық талғамын тәрбие жұмысына көмектесуде мектеп кітапханасының маңызы өте зор. Эстетикалық тәрбие берумен айналысқан қазақ ойшылдары. Эстетикалық талғамын қалыптастырудың ерекше көңіл бөлген Ш.Уалиханов болды. Ол ауызекі шығармашылық арқылы халықтың көзқарасын, талғамын, эстетикалық сезімін көрсете білді. Ш.Уалихановтың орыс мәдениеті мен ғылымының атақты қайраткерімен достығы және олармен жақын араласуы оның ағартушылық қызметі мен қоғамдық, эстетикалық көзқарасына дұрыс баға береді. Қазақтың халықтық педагогикасында эстетикалық тәрбие үлкендердің, ата-аналарының жеке басының жақсы істерін үйрету жүзеге асырылып отырады.

Эстетикаға орасан зор үлес қосқан А.Құнанбаев болды. Абайдың қара сөздері, өлеңдері мен әндері балалар мен жастарды «өткірдің жүзі, кестенің бізі» салған ою-өрнектер тәрізді өзінің көркемдігімен, бояуының қанықтығы мен қызықтырады. Абай осылайша әнші жастардың эстетикалық көзқарасы мен толғанысының қалыптасуына ықпал етумен бірге, олардың көмегімен қазақ даласына өзінің өлеңдерін де қолма-қол таратып отырған [2].

Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің эстетикалық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізгі алу қажет деген пікірді ұстағандардың бірі Ы.Алтынсарин. Балаларды ауызекі шығармаларын қадірлеуге, ондағы халықтың басынан өткен қилы-қилы тарихи кезеңдерге әділ баға бере білуге үйретті. Оны ерекше әсермен, жоғарғы эстетикалық сезіммен қабылдауға баулыды. Адам баласына эстетикалық тәрбие керек, себебі, Бұл Ыбырайдың баланың әсемдікке, сұлулыққа деген талғамын арттырған. Туған елге, Отанға, жерге сүйіспеншілік сезімін қалыптастыратын әсерлі шығармаларды жас ерекшеліктеріне байланысты іріктеп ала білгенін дәлелдейді. Ы.Алтынсарин өз шығармаларында халық шығармаларын басшылыққа алып, адамгершілік, эстетикалық идеяларын мысалдармен атап көрсеткен [3].

А.Байтұрсынов оқытудың білімдік-танымдық жағымен бірге, тәлімгерлік жағына да баса көңіл бөлді. Оның «Әдебиет танытқыш» атты оқулығы көркемсөз өнерінің қисыны әдебиет теориясының негізін тыңнан тұңғыш салған, жүздеген әдеби білімдік терминдерді (мысалы: өнер (искусство), сәулет өнері (архитектура), сымбат өнері (скульптура), кескін өнері (живопись), әуез өнері (музыка), сөз өнері (литература), шығарма, сөз әуезділігі, өрнекті сөйлемдер, өлең, оның түрлері, қара сөз, дара сөз, шешен сөз, көсем сөз, толғау, терме, айтыс, т.б.) тұңғыш тілімізге енгізген аса құнды ғылыми еңбек болды. Ол сөз өнері мен ғылымды егіз деп қарады. «Адамды ғылым тілімен де, көркем сөзбен де әрі білімді, әрі тәрбиелі етіп, жан-жақты жетілдіруге болады» [4] дейді.

Міржақып Дулатовтың артына қалдырған рухани мұрасында кешегі көшпелі қазақ елінің әдет-ғұрпы, дәстүр-салты, жол-жоралғысы, тәлім-тәрбиесі мен өнегесі, өзіне тән этикалық, эстетикалық талғамдары ұлттық ерекшеліктерімен, сан алуан нақты деректермен бірге безендіріле баяндалған. Осы тұрғыдан «Оян, қазақ» атты туындысының орны бөлек.

Қазіргі таңда қазақ жастарында ұлттық салт-дәстүрлерді жете меңгермеуі, ата-тегін, ана тілін білмеуі бала бойында теріс қылықтардың пайда болуына бірден-бір әсер ететіні белгілі. Сондықтан да ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас бүгінгі таңда ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бала үшін отбасы бір жағынан - тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан – тәрбиелік орта. Баланың алғашқы өмірінде отбасының ықпалы басқа жағдайларға қарағанда басымдау келеді. Зерттеу деректеріне сүйенетін болсақ, отбасы - бұл мектеп те, ақпарат көзі де, еңбек ұжымы да, дос жарандары да, әдеп пен өнер кілті де, қоғамдық ұйымы да, яғни отбасы - баланың ең негізгі тәрбие көзі. Осыдан педагогтар және психологтар мынадай нақты дәл тұжырымға келіп отыр, ол жеке тұлғаның қалыптасуындағы нәтижелік әрбір бала тәрбиелеуші, бала өсіруші ата-анаға, шағын мемлекетке, яғни отбасына тәуелді. Неғұрлым өнегелі отбасы болса, соғұрлым тәрбиенің жемісі жоғары. Отбасы қандай болса, онда өсіп, ер жеткен бала да сондай. «Азамат қалыптастырамын десең, бесігінді түзе» - деп ұлы ғұлама М.Әуезов бекер айтпаған. Бала тәрбиесі туған, өскен ортаға, яғни ата - анаға, үлкендерге байланысты екендігі бізге мәлім. Мысалы: «Бала айналасына қарап өседі,» - деген мақал – мәтелдері дәлел бола алады.

Сөз зергерлерінің аузынан шыққан мақалдар мен мәтелдерін үздіксіз қолданып, үлгі етіп, ұрпақ тәрбиесіне бағыштап пайдалануды дәстүрге айналдырған дұрыс.

Адамзат баласы ешуақытта өмірдің мәнін ұрпақтар тағдырынан бөліп қараған емес. Сол себептен, халқымыздың ең басты мақсаты, парызы - дені сау, рухы таза, саналы да салауатты ұрпақ тәрбиелеу . Жеке ұрпақтың әдемілік, үйлесімділікте болуына басты назар аударады. Болашақ ұрпақтың мінезі қандай болу керек? - дегенде де халық мақал -мәтелдері бұлжымас нұсқау береді. Мысалы, «Әдептілік - адамдықтың белгісі» деген мақал-мәтелдердің тәрбиелік-этникалық мән-мағынасы әлі күнге дейін өз күшін жойған жоқ.

Адам бойындағы барлық жақсы қасиеттерді паш етіп, ал жамандық атаулыны күлкіге, келекеге, әзіл-оспаққа айналдырады. Даңқұмарлық, мақтаншақтық, қорқақтық, ездік сияқты жаман қасиеттерден бойын аулақ ұстауға насихаттайды.

Өнегелі ел әдеп пен әдептілікті жоғары бағалайды, оны адамгершіліктің биік шыңы деп көрсетеді. Адамгершіліктің бір негізі - үлкенді сыйлау. Халқымызда үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. «Анасын сүйгеннің баласын сүй».

Қазақ халқының тәрбие құралдарының бірі - тыйым сөздер. Бұл сөздер балаға жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған. Тыйымсыз ешбір қоғамда тәртіп болмайды, ал тәртіп болмаған жерде ешбір нәрсе өз нәтижесіне жетпейді.

#### 1. Жолын кеспе.

Асығыспыз десек те, ал мынаны есепке,

Ақсақалды атаның алдынан сен кесе өтпе.

Біл мынаны, жігітім, емес бірақ үгітім,

Жолын кесең қарттардың - кесіледі үмітім.

2. Түнде шашты тарама, біреу қуып бара ма?- деген ережелердің, тыйымдардың өзіндік бала тәрбиесіне берер ықпалы зор.

Осындай тыйымдар негізінде қазақ халқының бала тәрбиесіндегі философиялық көрегендігін аңғарамыз.

Халық нақыл сөздерінде орасан көркем сыр, эстетикалық ықпал жасайтын ерен күш бар. Халқымыздың бай мәдениеті, әдебиеті мақал-мәтелдер арқылы осы күнге дейін жеткізілген. Бірнеше ғасырлар бойы халық жадында сақталып келе жатқан мұраларда

ұрпақтың көкейіне орнықтырып, керекті жерінде баланы тәрбиелеуде, тілдік қарым-қатынаста қолдануына кезек келді. Сондықтан қазақ халқының асыл қазынасы - нақыл сөздерді қарым-қатынаста және баланы тәрбиелеу үшін қолдану алға қойған міндетіміз.

Оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру проблемалары өнердің сипаты, қоғамның материалдық және рухани қабілеттіктерінің алдына жаңа міндеттер жүктейді оның ішінде балаларды өмірдің сұлулық заңына сәйкес құруға ұмтылдыру, олардың күш-жігерін дамыту болып табылады. Эстетикалық тәрбие жеке адамды жан-жақты дамытудың бөлінбейтін бөлігі болып есептеледі. Ол балалардың көркемдік – эмоционалдық сезімін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар оның адамгершілік, интеллектуалдық, дене жағынан да жетілдіреді.

Адамның сырқы көрінісі, киімі, жүріс-тұрысы, оның эстетикалық мәдениетіне байланысты. Киім эстетикасы сән (мода) қазіргі өмір талабына сәйкес болуды қажет етеді. Ескірген сән бойынша киіну адамды ұсқынсыз етеді, оның сүйкімділігін жояды. Сәнді дұрыс пайдалану - бұл әдемілікті сезу, өмірге, адамның бейнесіне сергітуші жаңалықтар енгізу. Артық сәндену, түрлі формаларға, түстерге еліктеу адамға абырой бермейді. Сырт киімді, аяқ киімді, шашты сәндеуді өскелең өмір талабына, жас ерекшелігіне сәйкес тандап алу керек. Киім-кешек эстетикасында сұлулықтың өлшемін есепке алу керек [5].


Қазақстан Республикасы әлемнің өркениетті елу елдерінің қатарына қосылуы жолындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістері мен қазіргі отандық білім беру жүйесінің басты мәселелерінің бірі келешек ұрпақ заман талабына сай интеллектуалды мен мәдениеттілігі ұштасып жататын елжанды азамат етіп тәрбиелеу міндетін жүзеге асырумен байланысты.

Осы орайда, бастауыш мектеп оқушыларына эстетикалық білім мен тәрбие беру де үлкен орын алатыны белгілі. Эстетикалық тәрбие берудің негізі түрлі пәндерді оқудың нәтижесінде беріледі.

Қорыта келе эстетикалық талғамын қалыптастырудың күрделі мәселелерін айқындауда қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы тәрбие тәжірибе берудің теориялық мәні мен мазмұнын аша түстік. Эстетикалық тәрбие деген ұғымды көркемдікке, сұлулыққа тәрбиелеу деген ұғыммен бір мағынада қарастырады. Ол өнердегі табиғатта және бүкіл қоршаған өмірдегі сұлулық құралдары арқылы тәрбиелейтінің айқындай түстік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сухомлинский В.А. // Соч.: В3 т. – М., 1980.- Т.1.-357с.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық жинағы. - Алматы, 1995
3. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2003
4. Байтұрсынов Ахмет. Ақ жол: өлендер мен тәржімелер, публистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. - Алматы: Жалын, 1991. – 460 б.
5. Табылдиев Ә. Қазақ халық педагогикасы және тәрбие. - Алматы, 1991



## ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС – ТІЛ САБАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ

**Садуакасова Гульнар Бактияровна**

Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия, Алматы облысы, Алматы қ.

**Дуйсекеева Анара Мейрамбековна**

Әл-Фараби атындағы орта мектебінің мұғалімі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің  
мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Қазіргі уақытта ғылымда, жеке пәндерді оқытуда қамтылған оқу материалдарының жүйесінде пәнаралық байланыс негізінде білім беру мен тәрбиенің түрлі салаларын (түрлерін) жүзеге асыруда ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістердің кешенділік сипатқа ие болу қажеттілігі орын алып отыр.

Мәселен, Ж. Аймауытұлы XX ғасырдың бас кезінде-ақ, кешенді оқыту мәселесіне мән беріп, төмендегідей ой-тұжырымдарын мұғалімдер қауымына ұсынған болатын:

- 1) Пәлен күнге бір тақырып алынсын, одан артық та, кем болмасын.
- 2) Материал тізгенде, тұрмыс пен ғылым айқасып, астасып тізілсін.
- 3) Жұмыс жасайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсін.
- 4) Жұмыс жасау негізінде баланың бұрынғы өз тәжірибесі, перне қоры, мағлұматы салынсын; дәл айтқанда, балаға танымал жақын нәрседен басталсын» [1,113б.], – деп негіздеп берген.

Ғалым, педагог-психологтың пайымдауынша, пәнаралық байланыс белгілі бір жүйемен кешенді түрде жүзеге асырылуы қажет екендігі негізделеді. Оқу пәндері мен ондағы материалдардың мазмұндық, құрылымдық жүйесін өзара байланыстыру мен қабыстыру және олардың өзара айырмашылықтары мен ерекшеліктерін ескере отырып, жақын немесе ортақ тақырыптар жүйесімен бағытталған білімдер беру қажеттілігін айта келе, пәндерді оқытудың әдістемелік жағы басшылыққа алынып, өмірлік тәжірибемен байланысты болуын ескертеді.

Оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары бойынша берілетін білімнің толығырақ, тереңірек меңгертуге септігін тигізетін амалдардың жиынтығы болып табылса, осы амал-тәсілдер оқу материалдарының мазмұндық құрылымын өмірлік тәжірибемен және басқа да білімдер жиынтығымен ұштастыруға негізделген қызметтерді атқаруы да тиіс және соған бағытталуы керек. Бұл өз кезегінде оқушыға әлемді және қоршаған ортаның бейнесін біртұтастықта ойлай білуге, логикалық ой жүгіртуге, алғы шарттардан белгілі бір қорытындылар жасай білуге бағыттайды және үйретеді. Яғни, пәндер арасындағы байланыстылық белгілі бір алғы шарттарды тірек етеді. Сондықтан пәнаралық байланыс – педагогика ғылымында білім философиясы, психологиялық, дидактикалық және жеке пәндерді оқытудың әдістемесі тұрғысынан қарастырылатын күрделі мәселе.

1960 жылдардағы жалпыға бірдей орта білім беру мазмұнында біраз өзгеріс болып, оқушыларды тәрбиелеу, білім беру және дамыта оқыту міндеті де қойылды. Осы тұста да пәнаралық байланысқа үлкен мән берілді. Сондықтан да соңғы жылдары Қазақстан ғалымдары мен әдіскерлері оқушыларды дамыту жолдарының бірі ретінде пәнаралық байланысқа ден қойып, бұл саланы көбірек зерттеуге кірісті.

Қазақстандық білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктерінің бірі – еуропалық және әлемдік білім беру кеңістігімен ықпалдасу жағдайына енуі. Бүгінгі әлемдік дамудың қарқындылығы – ғылым мен техниканың жедел дамуына және өзгермелі дүниенің сұраныстарын қанағаттандырудағы ілгері ғылыми зерттеулер мен озық білімдер жүйесінің өмірлік тәжірибеде орын алуына себепкер болуда. Ғылымдардың өзара іштей сараланып және олардың іштей кіріктірілуі мен сұрыпталып өзара байланысуы арқылы пәнаралық байланыс орын алады. Мұндай құбылыс ғылымның іштей дамуына және ізденістерінің

аумағын кеңейте отырып, орындайтын міндеттерінің нақтылануын жүйелеуге, әрі ғылымда белгілі болған деңгейлік көрсеткіштердің нақтылануына мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, техникалық ғылымдардың және эстетикалық білім мен тәрбие беру саласындағы білімдердің өзара байланыста болып дамуына негіз болатыны анық.

Қазіргі қоғамымыздағы орын алып отырған әлеуметтік-саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-рухани саладағы үдемелі даму – мектепте берілетін білім мазмұнын түбегейлі өзгерте отырып, оның мазмұндық және құрылымдық жүйесінің жаңа сипатқа ие болуына алып келді. Ғылыми ілімдердің үдемелі дамуына байланысты білім беруде оқытылатын әр сала пәндерінің оқу материалдарын өзара байланыстыру басшылыққа алынуда. Бұл жеке пәндердің ерекшелігін ескере отырып, оған талдаулар жасауға және басқа пәнмен өзара іштей байланыстыру мәселесін анықтап, заңдылықтарын негіздеуге мүмкіндік береді.

Интеграциялық жүйенің орын алуы – барлық пәндердің мазмұндық құрылымындағы білімдер жүйесін топтастыру, жинақтау, біріктіру мен кіріктіру үдерісі бір ғана пән немесе оқулық түрінде орын алуы емес, берілетін білімдердің мазмұндық ортақтығы және олардың оқушы тұлғасын дамытуға қажетті және тиімді құрал ретінде қазіргі сұранысты қанағаттандыруы. Мұндай құбылыстың орын алуын философиялық тұрғыдан қарағанда, ғылыми ілімдердің негізделген бірлігін көрсете отырып, олардың дамуындағы тарихи қалыптасқан дербес бөліктерінің жойылып кетуін жоққа шығарады, яғни, ең алдымен жекелеген ғылымдардың сан ғасырлық бытыраңқылығын толық жоюға мүмкіндік беретін ғылыми-зерттеулерді үйлестіріп, олардың бірлігін ғылыми жағынан негіздейтін әдіснамалық ортақтығын дәлелдейді. Яғни, қазіргі уақыттағы ғылыми танымның алдында тұрған келелі көкейкесті мәселелерді шешуге кешенді тұрғыдан келу – жалпы біртұтас ғылыми дүниенің бейнесін жасаумен сипатталады.

Қазіргі уақыттағы ғылымдарды интеграциялау барысында оларды жинақтау мен құрудың негізінде нысандық бағыттағы дүниетанымдық болмыстарының ұқсастығы ғана емес, олардың кейбір қасиеттері мен заңдылықтарының ортақ үйлесімділіктерінің болуы, ішкі және сыртқы құрылымдық жүйелерінің туыстық немесе жақындық мәселелері де назарда болады.

Ә. Мұханбетжанова өз зерттеулерінде «ғылымдардың қазіргі интеграциялану үдерістері кейбір құбылыстар бойынша барынша жоғары (пәнаралық байланыстар) дәрежеде өтуде, оларды дерексіздендірудің жалпы заңдылықтарын анықтау ретінде түсіндіруге болады» [2, 25б.], – деп негіздейді

Ғалымның ғылыми пайымдауы бойынша ғылыми білімдердің интеграцияға түсуі – философиялық танымдағы дүниенің бірлігі туралы заңдылықтар мен қағидаларының өзара байланысты сақтауы және ғылыми білімдердің дүниені танудағы кешендік әрі, нақты жолы ретінде анықталуы.

Қазіргі ғылымдардың үдемелі даму үдерісі – мемлекеттік құрылымдардың өсіп-өркендеуіне өз ықпалын тигізуде. Ғылымдардың интеграциялануы арқылы олардың дифференциялануы (сандық салалануы) мен даралығы белең алады, ғылыми танымдағы немесе олардың заңдылықтарын негіздейтін құбылыстарды қамту ой аумағы кеңейеді, ғылыми-техникалық саланың жаңашылдығына байланысты өмірлік тәжірибедегі көкейкесті мәселелер мен жаңаша міндеттердің туындауы, күрделілігі және көптүрлілігінің заманауи сипат алады. Яғни, туындайтын көкейкесті мәселелерді қалыптасқан ғылыми әдіс-тәсілдермен зерттеп, қарастыру оң нәтижелерін бере алмайды, түрлі қиындықтарға соқтыруда. Бұл өз кезегінде ғылымдарды интеграциялаудың жаңа үлгісіне көшуді талап етеді.

Қазақстандық педагог С.К. Сейітқалиев: «Қазақстандағы білім беру интеграциясының пайда болуы келесі факторларға байланысты: заңнамалық база жеткіліксіз және қарама-қайшылықтар болғанда, экономикадағы дағдарыстарда жүзеге асырылады, бірақ ол балалардың құқығын шектемейді» [3, с.23], - деп тұжырымдайды.



Ғылымдардың интеграциялану мәселесінің теориялық және тәжірибелік тұрғыдан шешу жолдарымен бірқатар отандық ғалымдар да айналысқан болатын. Мәселен, А.А. Бейсенбаева, А.Д. Болтаев, Н.А. Оразақынова – пәнаралық байланыс негізінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мәселелерін, А.Р. Бектеньярова, Р.К. Аббасова, Н. Жапанбаева, О.К. Шайхеслямова – жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие үдерісіндегі интеграция мәселесінің педагогикалық негізін қарастырса, М.А. Абсатованың еңбектерінде интеграция идеясының қалыптасуы мен даму тарихы баяндалады, ал Ғ.К. Шолпанқұлова, Г.А. Меңдіғалиева жаңа үлгідегі мектептердің ғылым мен тәжірибе интеграциясының педагогикалық негізін, Ә. Мұханбетжанова бастауыш білім мазмұнын интеграциялау мәселесін зерттеу нысанына алған. Бұл еңбектер республикадағы қазіргі білім берудегі және педагогика ғылымындағы интеграция құбылысын ғылыми тәжірибелік тұрғыдан айқындауға бағытталған зерттеу жұмыстары болып табылады [4].

Отандық педагогикада пәнаралық байланысты алғаш ғылыми негіздеушілердің бірі А.А. Бейсенбаева «ғылымдар интеграциясы дегеніміз – бұл екі ғылым элементтерінің жай қосылуы емес, ол табиғат заңдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік беретіндей дәрежеде олардың жаңаша жүйеленген ішкі бірлігі» [5, 116.], – деген анықтамасын береді

Яғни, интеграциялық үдерістің жеке даралығы ғана емес, олардың топтасу, тоғысу, өзара ықпалдасулары мен байланыстарын зерттеу оң нәтиже береді деп тұжырымдауға негіз болады. Біз зерттеуімізде адамға берілетін жаңаша білімдердің мазмұндық нысандары мен әдістерінің жаңа үдерістерге тән бейімделіп, сипат алуын интеграциялану құбылысының мәнді және маңызды белгілері деп атай аламыз.

Осыған байланысты ана тіліміз бен әдебиет сабақтарындағы білімнің жан-жақты жеткізілуі мен тәрбиелік мазмұнмен ұштасуында этнопедагогика, жаратылыстану ғылымдарымен интеграциялық бірлікте ұйымдастырудың зор нәтижелерге жеткізетіні сөзсіз.

Бұл орайда, ғылымдардың өзара байланысуы арқылы интеграциялану үдерісі орын алады да, оның заңдылықтарын тануда құрылымдық, байланыстылық және олардың мән-мағынасын ашуға бағытталған атаулық ұғымдар (терминдер) қолданылады. Бұлар интеграциялану үдерісінің жүйелік сипаттарын негіздей отырып, оған тән белгілі бір қырлары мен заңдылықтарын және логикалық тәртіптілігін анықтап көрсетуі керек. Яғни, ғылымдардың интеграциялану үдерісінің орын алуы деген түсінікті оның математикалануы деп қабылдауымыз қажет. Демек, Я.А. Коменскийдің «Ұлы дидактика» еңбегіне талдаулар жасай келе, «Білім беру мен оқыту (дидактика) саласында интеграцияның ғылыми көрініс табуы педагогика ғылымының өсіп-өркендеуі мен дамуының негізі болды және білім берудің тарихында алғаш рет интеграциялық үдерістің пайда болуы мен оған тән классикалық дидактикада ұғымдық түсінік беріле отырып, оның мәні жағынан теориялық қағидалардың орын алуына себеп болды» [6], – деген болгар педагогы И. Маревтің тұжырымын басшылыққа аламыз.

Қазақ педагогы М. Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде балаларда сұлулық сезімдерін қалыптастыру жөнінде былай жазады: «Баланың маңайында сөйленетін сөздер әдепті, сұлу болуға тиісті. Баланы сұлу искусствомен терең таныстыру керек. Бала неше түрлі сұлу үндерді естісін, неше түрлі сұлу түрлерді, түстерді көрсін, сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттасын. Түрлі музыка құралдарының үндерін тыңдасын, сурет салып үйренсін. Ән салып, музыка құралдарында ойнап үйренсін. Міне, осыларды істесе, баланың сұлулық сезімдері өркендейді» [7, 376.], – деп пәнаралық байланыстың қаншалықты керек екендігін негіздеп берген.

Қорыта айтқанда, тіл, әдебиет сабақтарындағы пәнаралық байланыстың философиялық негізіне жаратылыстағы барлық заттың, құбылыстың өзара байланыстылығы жайында қалыптасқан дағды алынады. Дүниедегі бар құбылыс бір-бірімен байланысты болады, сондықтан оны танып-білетін ғылымдар да өзара байланысты. Екіншіден, пәнаралық байланыстың жүзеге асырылуы, оның психологиялық негізі үлкен қызмет атқарады. Онда, ақыл-ой, сана қызметінің

аналитикалық-синтетикалық қызметін зерттеп, оның үздіксіз дамуда орын алатын өзгерістерді білім беру мен оқытудағы танымдық болмыстың жетілуіне өзек болатындығын басшылыққа алады. Сондай-ақ, ойлаудың және ақыл-ойдың даму жүйесінің қызметіне қабылдау, санадағы талдау, сұрыптау, түсіну, қорытынды жасау жатады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Аймауытұлы Ж. Комплекспен оқыту жолдары. – Алматы: Ел-Шежіре, 2013. – 384 б.
2. Мұхаметжанова А.О., Әбілдина С.Қ. Бастауыш сыныптарда қазақ тілінен жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2004. – 75 б.
3. Бейсенбаева А. Педагогика курсының лекциялары. Мектептегі оқу-тәрбие процесіндегі пәнаралық байланыс. –Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ 1991. – 112 б.
4. Сейткалиев С.К. Интегрированное образование в Казахстане: проблемы и политика // Интеллект, идея, инновация.–2017.– №1 – С.23-26.
5. Саурықова Ж.М. Пәнаралық байланысқа ғылыми көзқарастар // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. ХАБАРШЫ. «Педагогика ғылымдары» сериясы. –Алматы, 2018. – №3(59). – Б.18-23
6. Марев И. Дидактика как наука. // <http://www.my-ref.net/didaktika-kak-nauka/>.
7. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. Аудармалар, ғылыми еңбек мақалалар.–Алматы: Жазушы, 2005. – 232 б.



## **ТӨМЕНГІ СЫНЫПТАРДА АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУДІ ЖЕКЕЛЕЙ ОҚЫТУ**

**Өмірзаққызы Арайлым, Тапелова Шынар Муратовна**

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері

**Датеева Қарлығаш Сейтхановна**

Бөлтірік Әлменұлы атындағы орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,

Жамбыл облысы, Талас ауданы

Қазіргі уақытта білімге деген көзқарас адамның, қоғамның, мемлекеттің дамуына, өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ететін шаралар кешенінің ең маңызды құрамдас бөлігі ретінде белсенді түрде өзгеруде.

Мұғалім оқытылатын пәнге қызығушылығын оятып, оны жүйелі түрде сақтай білсе, табысты оқуға болады. Дәстүрлі оқыту әдісінде мұғалім көбінесе оқушыны сырттан берілетін ақпарат объектісі күйіне қояды. Оқу-тәрбие үрдісін мұндай ұйымдастыру танымдық белсенділіктің дамуын жасанды түрде кешіктіреді. Баланың жеке тұлғасына бағытталған оқытудың бір жолы - жеке тәсілді қолдану. «Егер педагогика адамды жан-жақты тәрбиелегісі келсе, ең алдымен оны жан-жақты білуі керек». Осындай ғылыми негізін Қ.Д. Ушинский қалаған «Адам тәрбие объектісі ретінде» деген жеке көзқарас іргелі идеяға айналды.

Жеке тәсіл – оқытуды дараландыруды қамтитын шет тілінде оқу процесін ұйымдастырудың дидактикалық құралдарының жүйесі. Оқытуды даралау – оқушының тұлғалық ерекшеліктерін, интеллектуалдық дамуын, танымдық қызығушылықтарын, әлеуметтік жағдайын, өмір сүру тәсілін және т.б. ескеретін оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың дидактикалық принципі. Нақ осы факторлар. оқудың табыстылығына әсер етеді.

Шетел тілі сабақтарында оқытуды даралаудың өзектілігі оқушылардың оқу нәтижесі тәуелді болатын сапаларындағы үлкен жеке айырмашылықтарға байланысты: білім, білік, дағды, оқу дағдылары мен дағдылары, сондай-ақ осы нақты студентке әсер ететін және жеке жағдайларда ескерілетін қасиеттер мен жағдайлар.

Ұзақ жылдар бойы мұғалімдер мен психологтар мектеп жағдайында оқушылардың жеке ерекшеліктерін, сондай-ақ қоғамның сұранысы мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың барынша дамуына ықпал ететін білім беру жүйесін құру мүмкіндіктерін іздестіруде. Бұл мәселенің дамуына көрнекті психологтар мен педагогтардың еңбектері елеулі үлес қосты: И.Е.Унт, В.А.Артемов, А.Н. Леонтьев, Л.С.Выготский, И.А.Зимняя, Е.И.Пассов, Г.В.Рогова, Е.Н.Соловова және т.б.

Оқытуды даралау эпизодтық қана емес, сонымен қатар жүйелік болып саналады. Эпизодтық жеке жұмыс балалар әрекеттің осы түріне бағытталмаған кезде жүргізіледі. Ол сәтті әдістемелік техникаға, мұғалім немесе студенттердің біреуі көтерген мәселеге жауап ретінде өздігінен пайда болуы мүмкін. Ал, өз кезегінде оқушылардың интеллектуалдық ерекшеліктерін, оқуға деген көзқарасын ескере отырып, жүйелі жеке жұмыстар алдын ала жоспарланады. Мұғалім дидактикалық материалдарды дайындайды, шет тілі сабақтарында жалпы сынып пен және нақты оқушылармен жеке жұмыс істеу формалары мен әдістерін анықтайды.

Саралап оқытуға келетін болсақ, бұл жағдайда әрбір оқушы өз қабілетінің деңгейінде жұмыс істейді, материалды меңгеруде айтарлықтай сезілетін, бірақ еңсерілмейтін қиындықтарды жеңеді. Мектептерде саралап оқытуды бақылаулар көрсеткендей, мұндай тәсіл арқылы мұғалімдер оқушыларды әдетте «күшті» және «әлсіз» деп бөледі [1,154].

Ішкі саралау мектеп ішінде (жас, жеделдетілген оқыту сыныбы және нивелирлеу сыныбы бойынша) жүзеге асырылады.

Оқушылармен жұмыс жасауда саралап оқытудың мынадай түрлерін қолдануға болады:

- әртүрлі дәрежедегі күрделіліктегі тапсырмаларды қолдану;
- бір типті тапсырмалардың нұсқаларын қолдану;
- әртүрлі қиындықтағы мәтіндерді оқу;
- бір тапсырманы орындауда оқушыларға әртүрлі көмек көрсету;
- бір тапсырманы орындау үшін әр түрлі уақыт;
- тіректердің әртүрлі түрлері;
- жеке карточкалар бойынша жаттығуларды орындау.

Бұл әдістемелер оқушылардың қабілеттерін дамытады, шет тілі сабақтарында олардың шығармашылық сөйлеу және ойлау әрекетінің дағдыларын қалыптастырады, соның арқасында бала тұлғасының резервтерін анықтау және дамыту жүреді.

Қазіргі педагогикада шет тілінде жеке-бағытталған тапсырмалар мен жаттығуларды құрудың көптеген тәсілдері бар. Біріншіден, мұндай жаттығуларды жасағанда мұғалім жаттығуларды оқушылардың тілдік дайындық деңгейіне, психологиялық қасиеттеріне сәйкес өзгерте білуі керек. Екіншіден, студенттің сөйлеу құзыреттілігіндегі барлық олқылықтарды дер кезінде жою қажет. Сонымен қатар, жеке жаттығуларды әзірлеу кезінде оқушы тұлғасының бағыттылығын, оның қызығушылықтарын, қажеттіліктерін және шет тіліне деген көзқарасын ескеру маңызды.

Жеке жаттығулардың типологиясында 3 негізгі түрі бар: 1. Бейімделу:

Көмекші және сөйлеу жаттығулары болып екіге бөлінеді. Көмекші жаттығулардың мақсаты – әлсіз оқушыларға жаттығуларды орындауға көмектесу, ал күштірек оқушыларға тіл деңгейін сақтау үшін тапсырмалар беру.

Сөйлеу немесе шартты сөйлеу жаттығуларының мақсаты - олардың жеке мүдделері мен қарым-қатынас дәрежесін ескере отырып, белгілі бір жағдайларда сөйлеу дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру.

2. Түзетуші:

Бұл жаттығулардың мақсаты – шет тіліндегі олқылықтарды жою және шет тілін табысты меңгеру үшін маңызды болып табылатын осындай психикалық процестер мен тұлғалық қасиеттерді дамыту.

3. Жаттығулар оқушының жеке басының барлық психологиялық қасиеттерін жетілдіруге және оның даралығын қалыптастыруға бағытталған. Жаттығуларды жақсартудың келесі белгілері бар:

- тұлғаның жеке сферасын мақсатты түрде дамыту;
- оның дайындық деңгейіне сәйкестігі;
- сөйлеу-ойлау тапсырмасын құруға жағдай жасау;
- жеке іс-әрекет стилін қалыптастыру.

Жаттығулардың барлық түрін тілдік материалды да, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін де (сөйлеу, тыңдау, жазу, оқу) оқытуда қолдану керек.

Шетел тілін оқытудың заманауи әдістемесі сабақта оқыту мен сөйлеу жағдаяттарын кеңінен қолдануды көздейтін коммуникативтік принципке бағытталған.

Оқу іс-әрекетінің табыстылығын анықтайтын негізгі фактор – жеке тұлғаның психикалық қасиеттерінің ауырлығы. Шетел тілін оқыту үдерісін оңтайландыру үшін оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Шет тілі оқу пәні ретінде мектеп бағдарламасының басқа пәндерінен ерекшеленеді, сондықтан студенттер бұл пәнді оқуда белгілі бір қиындықтарға тап болады.

Шет тілі ана тілінен белгілі бір ерекшеліктермен сипатталады:

- меңгеру жолының бағыты, ол жүзеге асыратын функциялардың жиынтығы;
- тілді пәндік-коммуникативтік әрекетке қосу;
- «Бала өз ана тілін санасыз және байқаусызда үйренеді, ал шет тілі саналылық пен ниеттіліктен басталады» [2, 24].

Оның үстіне бала шет тілін өзінің тікелей объективті әрекетінде қолданбай, тек сабақта ғана меңгереді. Демек, жат сөз студенттің тілдік санасында өзінің концептуалды, абстрактілі-логикалық жағымен ғана өмір сүреді, бұл жаңа шетел сөзін жадында сақтаудың нәзіктігіне әсер етуі мүмкін.

Қойылған мәселеге байланысты, неге кейбір оқушылардың білімді меңгеруде жемісті жұмыс істейтінін, ал туындайтын қиындықтар оларды мақсатқа жетуге итермелесе, ал басқалары, тіпті болмашы кедергілер пайда болған кезде оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын жоғалтатынын анықтау қажет. Бұл құбылысты түсіндіре отырып, психологтар мен мұғалімдер көбінесе оқушылардың келесі жеке психологиялық ерекшеліктеріне жүгінеді:

- интеллект деңгейі – білімді меңгеру және оны есептерді шешу үшін табысты қолдана білу;
- шығармашылық – жаңа білімді өз бетінше игеру қабілеті;
- оқу мақсаттарына жетуде күшті оң тәжірибені қамтамасыз ететін оқу мотивациясы;
- талаптардың жоғары деңгейін қалыптастыратын жоғары өзін-өзі бағалау және т.б.

Дегенмен, жоғарыда аталған ерекшеліктердің ешқайсысы жеке немесе біріктірілген түрде оқушылардың оқу іс-әрекетінде жиі немесе ұзаққа созылған сәтсіздіктер жағдайында білімді меңгеруде қажырлы еңбекке деген ой-өрісін дамытатынына кепілдік бермейді.

Алынған деректерді синтездеу және талдау үшін пәндік, мета-пәндік және жеке нәтижелерге қол жеткізу деңгейін диагностикалау картасы жасалды, онда алдын ала және қорытынды зерттеулердің деректері атап өтілді. Алынған деректерді талдай отырып, біз ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың тілдік дайындығы мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, үш топ бойынша саралауды қолдандық.

Мұғалім оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін біле отырып, әр оқушының ерекшеліктеріне сәйкес атомдар мен жұмыс тәсілдерін ұсына алады.

Зерттеу жұмысы барысында біз келесі қорытындыларды алдық:

оқушылардың жеке сипаттамаларына ие бола отырып, мұғалім олардың оқу іс-әрекетіне әсерін болжайды (олардың назарын басқару тәсілдері; олар жаңа материалды қаншалықты тез және берік қабылдайды және есте сақтайды; әртүрлі міндеттер мен мәселелерді ойлау қарқыны; өзіне деген сенімділік; сын мен сәтсіздікке реакция және т.б.).


оқушының жеке психологиялық ерекшеліктерін біле отырып, мұғалім оқушының ерекшеліктеріне сәйкес педагогикалық стратегия жасайды.

Осылайша, мұғалім баланы оқуға үйретеді, оның оқу іс-әрекетінің жеке стилін қалыптастырады, бұл оң нәтижелерге әкеледі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Зимняя, И. А. Психология обучения иностранному языку в школе[Текст] / И. А. Зимняя. – М. : Просвещение, 1991. – 222 с.

2. Рабунский, Е. С. Индивидуальный подход в процессе обучения школьников [Текст] : на основе анализа их самостоят. учеб. деятельности /Е. С. Рабунский. – М. : Педагогика, 2000. – 213 с.



## **ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ**

**Нурбекова Асыл Арыстановна**

Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектептің география пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

**Надырбаева Нуртолкын Сериковна**

Бөлтiрiк Әлменұлы атындағы орта мектебiнiң қазақ тiлi мен әдебиетi пәнiнiң мұғалiмi, Жамбыл облысы, Талас ауданы

Мемлекетiмiздiң даму бағыттары айқындалған «Қазақстан-2050» стратегиясында: «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы бiлiм беруге ұмтылуымыз керек. Мен өскелең ұрпақтың озық бiлiм алуы үшiн мүмкiндiк туғызуға көп күш жұмсадым: «Балапан» бағдарламасы жүзеге асып, зияткерлiк мектептер, Назарбаев Университетi, «Болашақ» бағдарламасы жұмыс жасап жатыр.

Өздерiңiз бiлесiздер, оған тек дайындығы бар және дарынды балалар ғана өте алады. Баланы бiлiм мен еңбекке дайындау – ата-ананың борышы»[1], - деп жеке тұлғаны дамыту, дана және дара ойлай алатын дарынды бала оқыту мен тәрбиелеу қажеттiгiн айтты.

Жалпы бiлiм беретiн мектеп бәсекеге қабiлеттi бiлiмi бар, өзiн-өзi дамытуға және шығармашылыққа ұмтылатын азаматты қалыптастырудың негiзгi тiрегi екенi анық. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейiнгi Стратегиялық даму жоспарында 2020 жылға қарай қазақстандық жалпы бiлiм беретiн мектеп оқушылары PISA, TIMSS, PIRLS сияқты халықаралық салыстырмалы зерттеулерде жоғары нәтижелерге жетедi», - деп көрсетiлген. Бұл мiндет орындалуда. Дегенмен, осы тұрғыда, дарынды балалармен жұмыс жүргiзу қажеттiлiгi туындайды.

Осы себептi де, орта мектептерде ұлтымыздың көсегесiн көркейтiп, ғылымын көркейтетiн жас дарындармен жүргiзiлетiн жұмыстың маңызы арта түсуде. Дарынды оқушылармен жұмыс жүргiзуде мұғалiмнiң маңызы зор. Ең бастысы, ұстаз әрбiр баланың

шын дарынды екендігін өзі сезінумен қатар, оқушының өзін де толық мойындатып, үлкен сенімін қалыптастыруы шарт. Үлкен жеңістерге жетелейтін сеніммен қатар, мұғалім дарынды балаға мейірімін төгіп, бала жанын жазбай танып отыруы қажет.

Оқушының дарындылығын анықтап, оны дамытуы үшін мұғалімнің бойында күдіретті күш, мол мейіріммен қатар, бірқатар мақсат-міндеттер болғаны жөн. Бұл турасында «Дарынды балалармен жұмыс» атты оқу-әдістемелік құралда былай жазылған:

1. Дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру;

2. Жан-жақты ақпараттандыру;

3. Коммуникативті бейімдеу;

4. Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету[2,44б.].

Бұл мақсат-міндеттерді орындау үшін әрбір мұғалім нәтижелі жоспар құрып, ол жоспарда дарынды оқушының негізгі қызығушылықтары ескеріліп, жұмыстарды жеке жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ететін алғышарттардың болуы қажет.

Оқушының дарындылығын ашып, танымдық қасиеттерін айқындап, зерделеуге арналған бағдарламалық жоспарының басым бағыттарына мұғалімнің шығармашылық тапсырмаларды сұрыптау, орындау мен талдауды жүйелі жүргізіп, дарынды оқушылардың білім деңгейін арнайы әдістемемен тексеруі, сыныптан тыс және оқушының жеке қызығушылығы бар шығармашылық байқауларға жыл бойы дайындауы, онымен жеке жұмыстарды көптеп жүргізуі жатады. Ең бастысы, мұғалім әр оқушының білім жетістіктері мен психопедагогикалық ерекшелігі туралы күнделік арнауы тиіс.

Дарынды балалармен жүргізу үшін мынадай жұмыс түрлерін ұсынуға болады:

1. Ғылыми жұмысқа баулу;

2. Пәндік олимпиадаларға дайындау;

3. Өзекті тақырыптардағы пікірталастар мен дебаттарға, интеллектуалды ойындарға дайындау;

4. Көшбасшылық дағдыларын қалыптастыратын үйірме жұмыстарын ұйымдастыру, т.б. тарту.

Осы жұмыс түрлері арқылы өз ойын дәлелдей алатын, жан-жақты біліммен қаруланған, өзіндік азаматтық ұстанымы қалыптасқан, адамгершілігі мол, отаншылдық рухтағы дарынды тұлғаны тәрбиелеуге мол мүмкіншіліктер қарастырылады.

Мәселен, маңыздылығы күннен-күнге артып келе жатқан ғылыми жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеу болып табылады.

Пәндік олимпиадаларға жүйелі дайындау дарынды оқушының өзін қызықтыратын пәнге деген шығармашылық белсенділігі мен қызығушылығын дамытып, ғылыми білімін тереңдетуге, дебаттар мен интеллектуалды ойындар дарынды баланың қайсыбір өзекті қоғамдық мәселеге қатысты белсенділігін арттырып, ғылымға қызығуына мол мүмкіндіктер жасайды.

Бұл айтылғандармен қоса, дарынды оқушыны анықтап, онымен жұмыс жүргізуде әлеуметтік жағдайының төмендігі, кейбір жаңа келген дарынды оқушының сыныпқа бейімделе алмауы, өтпелі кезеңдегі өзгерістер, мінез-құлқындағы ұяндық, т.б. жағдайлар да кездесіп жатады. Сондықтан да, дарынды баланы анықтауда түрлі мәліметтерді жинақтау, баланы жан-жақты бақылау, онымен еркін әңгіме құру, т.б. көмегіне жүгінеміз. Десек те, көп ретте мұғалімдер дарындылықты тек үлгерімі жақсы оқушы бойынан іздеумен шектеліп жатады.


Ал, дарындылық дегеніміздің өзіне педагогикалық энциклопедияда: «Белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі», - деген анықтама берілген. Олай болса, шығармашылық дарыны бар оқушыларды дұрыс анықтап, олармен тиімді жұмыс түрлерін жүргізу әрбір мұғалім тұлғасынан жан-жақты

білімді, оқушы дарындылығының моделін, жеке тұлға теориясы мен оны қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін, дарынды оқушыны анықтаудың психодиагностикалық әдістері мен оқытудың инновациялық технологияларын жетік білуі, дарынды оқушыны оқыту мен тәрбиелеуде үлгерімді ғана басты назарда ұстамай, басқа көрсеткіштердің сапасына да көңіл бөліп, шығармашылық тапсырмалармен нәтижелі жұмыс жүргізе алу қабілетін талап етеді.

Ал, бұл өз кезегінде, «Ең алдымен білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», - деген келелі міндеттің жүзеге асырылуына үлкен үлес қосатыны даусыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
2. Сейсенбаева Ж., Орманбекова Л. Дарынды балалармен жұмыс. – Алматы, 2011



## **АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНАН ТЫС ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУ ШАРТТАРЫ**

**Байсакалова Толкын Манатовна**

И.Панфилов атындағы №39 мектеп гимназия, Тараз қ.

**Оршыбеков Мухит Шаймаханович**

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Ибраимова Салтанат Зафиденовна**

Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектебі

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жетім балалар мен ата-анасынан ажыратылған, яғни олардың қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайы көпшілікті толғандыруда. Өртүрлі жағдайларға байланысты ата-ананың қамқорлығы мен сүйіспеншілігінен тыс қалғандардың мәселелері өзекті болып отыр. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2030» даму стратегиясына сай жетім балалар үйіндегі тәрбиелініп жатқан әрбір ұрпақтың жеке адам ретінде қалыптасуының шешуші факторы ұлттық тәрбие деп көрсеткен. Жетім балалар тәрбиесіне қазіргі кезде ұлттық тәрбие тұрғысынан да көңіл бөліп, оларды тұлғалық қалыптастыру мәселесі бүгінгі күн талабы.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларда аса маңызды әлеуметтік құрылым – отбасының ықпалы жетіспейді. Тәрбиеленушілер үшін балалар үйі – уақытша болатын жер, оқу аяқталғаннан соң балалар өздігінен өмір сүру үшін ашық әлеуметтік ортаға шығарылады. Тәрбиеленушілердің өмір жолдарының ойдағыдай болуы оларды балалар үйінің дербес өмірге қаншалықты дайындағанына байланысты. Жеткілікті өмірлік тәжірибесі жоқ, әдеттегі қамқорлық пен өмір салтынан айырылған бұрынғы тәрбиеленушілер дербес өмірге кірісуге дайын емес болып шығады [1].

Жетім балалар үйінде тәрбиеленушілердің ерекшеліктерін және олардың педагогикалық-психологиялық даму өзгешеліктерін Е.М.Рыбиновский, Д.Янхольц, И.В.Дубровина, А.Г.Рузская, Дж.Боулби, И.М.Бгажнова, С.А.Беличева, Ю.В.Василькова және т.б. ғалымдар қарастырды. Жетім балаларды тәрбиелеудегі дене мәдениетінің мәнін

Н.И.Пономарев, В.И.Жолдак, С.Б.Тихвинский, И.М.Воронцов, О.Ю.Фадеева және т.б. өзіндік тұрғыдан ашқан. Бұл мәселені зерттеуде А.М.Прихожан, Н.Н.Толстых және О.Ажнина отбасында және отбасынан тыс тәрбиеленетін жасөспірімдердің психикалық дамуындағы ерекшеліктерін қарастырған. М.В.Осорина жетім баланың жеке дамуын және даму барысындағы өзгерістер байланысын анықтаса, В.С.Мухин балалар үйіндегі жетім балалардың мінез-құлқындағы ауытқушылықтың негізгі себептерін зерттеген.

Ал, Л.С.Славина мен Г.М.Сысоева балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан жетім балалардың өз мүмкіндіктерінің бағасын жоғарылату үшін жасайтын іс-әрекеттерін сипаттаған. Отандық ғалымдар арасында, мінез-құлықтың ауытқуын Г.А.Уманов, В.В.Трифонов, Л.К.Керимов және т.б. педагогикалық тұрғыдан қарастырған. Мысалы,

Л.К.Керимов өз еңбегінде қиын оқушыны жеке-дара қайта тәрбиелеу тұжырымдамасын және ондағы педагогтың іс-әрекеттің белгілі жүйесін жасап көрсеткен. Ш.Е.Жаманбалаеваның еңбектерінде девиантты мінез-құлықтың әлеуметтік аспектілері қарастырылған. Бұл зерттеулер әрине, біздің мәселеге де қатысты, өйткені жетім балаларды, девиантты, қиын балалар қатарына да жатқызады. Қазақстандағы балалар үйі мен интернаттарда тәрбиеленуші жетім балалардың дамуы мен тарихын Л.Г.Ақжаркенова зерттей келе ондағы оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесін дамытуға өзіндік үлес қосты. Ал, ол жердегі дене тәрбиесі арқылы ұлттық ойындарды ендіру әдістемесін Қ.Т.Жанабаев зерттеген. Балалар үйіндегі еңбек тәрбиесін Н.Н.Семеренко қарастырған. Белгілі психологтар Б.Г.Ананьев, А.Т.Асмолов, А.А.Бодалев, В.В.Давыдов, М.Кле, А.Н.Леонтьев, отандық ғалымдар З.У.Кенесарина, М.М.Мұқанов, Ж.Н.Намазбаева т.б зерттеулерінде жалпы жасөспірімдердің әлеуметтік және жеке даралық білімдері мен өмір тәжірибелерінде адамзат қоғамының жетістіктерін, рухани байлықтарын игеріп, мінез-құлқын, дүниетанымын қалыптастырып, күнделікті жүріс-тұрыстарын басқарып отыруға өз биліктері мен бостандығының алатын орнын айқындаған. Ю.И.Юричка жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың диагностикасын қарастырған [2].

Академик В.С.Мухина жетім балалардың сана-сезім құрылымының қалыптасуының бұзылуына көңіл аударады. Адамның сана-сезімі келесі тарихи тұрғыда құрылған әлеуметтік құрылымда дамиды:

- 1) өзінің атына өзіндік есімдікті қосқанда;
- 2) мойындау талаптары;
- 3) жыныстық теңестіру;
- 4) жеке тұлғаның психологиялық уақыты: өткен, қазіргі, болашақ;
- 5) әлеуметтік кеңістік: парызы мен құқығы.

Балалар үйінде балаларды көбіне тегімен шақырады, аты көп уақытта тегімен үйлеседі. Баланың аты бұйрық беру кезінде ғана қолданылады, сүйіспеншілікті көрсетуде еш уақытта қолданылмайды. Нәтижесінде баланың өзінің атына деген жағымсыз сезімі туады [3].

Баланың талаптануы өзінің ортасында күшпен, тәрбиеленушілерге барабар озбырлықпен жүзеге асырылады. Қажеттіліктерін жүзеге асыра алмаған жағдайларда ашу-ыза, қызбалылық, мазасыздану сезімдері туады.

Тағы бір маңызды жағдайға назар аударғанымыз жөн – балалар үйіндегі «біз» деген ұғым. Ата-ана қамқорынсыз өскен балалардың интернаттық «біз» ұғымы қалыптасады. Бұл ерекше психологиялық құрылым. Ата-анасыз өскен балалар әлемді «біздің» және «бөтен», «біз» және «олар» деп бөледі. «Бөтендерден» бәрі бірігіп өздеріне керектісін алуға дайын. Оларда «бөтендерге» және «өзімізге» деген ерекше қарым-қатынас қалыптасқан.

Интернатта өмір сүретін балалар өз топтарының ішінде өзінің құрбыларына немесе өзінен кіші балаларға қатыгездік көрсете алады. Өзін олай ұстауы бірнеше себептерден, біріншіден жүзеге асырылмаған сүйіспеншілік пен танылмағандық, баланың сезімдік тұрақсыздық жағдайда болуы, ата-ана қамқорлығынан айрылуы.

Балалар үйінің тәрбиеленушілерінің сана-сезімінің тағы бір маңызды ұғымы



бұзылған, ол жеке тұлғаның психологиялық уақыт ұғымы. Бала өзінің қазіргі кездегі күйін өткен заманғы немесе болашақтағы өзімен біріктіре алмайды: өзінің жеке өткен шақтары көп жағдайда есінде сақталмаған, болашақ олар үшін анықталмаған [3].

*Әлеуметтік белсенділіктің төмендеуінің факторында:*

*Отбасылық депривация факторлары.* Баланың жас шамасына сәйкес ересектермен қарым-қатынасы оның толыққанды психикалық дамуының басты шарты болып табылады. Мұндай қарым-қатынастың негізінде өмірдің алғашқы айларында қалыптасатын жеке байланыстар жүйесі жатыр. Отбасылық әлеуметтену тәжірибесінің болмауы тәрбиелеу мекемелеріндегі өмір жағдайынан туын-даған қордаланып қалған қажеттілік фрустрациясымен (психологиялық реакция) байланысты бала-ның тұлғалық және психикалық дамуын тежейді. Отбасылық депривация интернат үлгісіндегі мекемелерде тәрбиеленіп жатқан жасөспірімдердің әлеуметтенуінің бұзылуының бірден-бір басты себебі болып табылады.

*Балалар үйлерінің өзіндік ерекшеліктеріне, жетім балалардың әлеуметтік қоршаған ортамен еркін және кең қарым-қатынасы шектелген. Соның салдарынан, балалар үйлерінде тәрбиеленушілер әлеуметтік белсенділіктің субъектісі ретінде толық-қанды қалыптаспайды. Олардың ересектермен, құрбыларымен қарым-қатынастарында сындарлықтың байқалмайтыны, өз ұстанымдарын өзгелердің пікірлерімен ұштастыруға қырсыздықтары тән. Олар-дың сана-сезімі қарым-қатынас үдерісіндегі көбіне-көп қорғаныс қызметін атқарады.*

*Шектеулі қарым-қатынас факторы. Жасөспірім жаста қарым-қатынас қаншалықты әлеуметтік және тұлғалық дамудың тетігі болып табылса, оның бұзылуы да қайта қайталанатын қиындықтарды белгілейтін фактор болып саналады. Оның кемшілігі психикалық дамудағы артта қалушылықпен, се-зімдік және еріктік аяда ауытқушылықтармен мазмұндалады.*

Жетім балалардың өз құрбыларымен қарым-қатынас орнатудың барынша мол мүмкіндігі мазмұн-ды байланыстарға негіз болмайды. Күнделікті өмірдегі «бәрі барлығымен» амалсыздан тілдесудің байланыстары тең тұрақты қатынастар қалыптастыру мүмкіндігін төмендетеді. Сезімдік-ұнамды, сезімдік-ұнамсыз байланыстар көбіне шамадан тыс, артық қарым-қатынас ретінде қалыптасады. Жас-өспірім жетімдер ашушаң, дауқұмар болып келеді. Олардың арасында ауыр және қарама-қайшылық-ты жағдайлар жиі болып тұрады [4].

Жетім балалардың психологиялық даму ерекшеліктері туралы А.М.Прихожан, Н.Н.Толстыхтың «Дети без семьи» атты еңбегінде: «Көптеген елдерде жүргізілген зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, отбасынсыз өскен балалардың дамуы, оның ішінде баланың мінез-құлық дағдылары мен жеке тұлға қасиеттерінің қалыптасуы отбасында өскен балаларға қарағанда ерекшеленіп тұрады. Басқаша айтқанда, олардың дамуы төмен немесе жоғары емес, жәй балаға қарағанда - олар өзгешелеу» - деп тұжырымдаған .

Жетім балалардың дамуында психологиялық ерекшеліктер байқалады. Олар:

- психикалық процестердің дамуындағы ерекшеліктер: қабылдауының төмендігі, түйсінудің әлсіздігі, есте сақтаудың, қиялдың баяу дамуы, көрнекілік-бейнелік ойдың толық жетілмеуі, ерік-жігері әлсіз, зейіннің тұрақсыздығы, т.б.;
- мінез-құлық дағдыларындағы ерекшеліктер: жиі көңіл-күйдің өзгеруі мен тұрақсыздық, ашушаңдық, өзін-өзі ұстай алмаушылық, сабырсыздық, сенбеушілік, ызақорлық, тұйықтық, енжарлық, қатыгездік, ұқыпсыздық секілді жағымсыз мінез-құлық дағдылардың басымдылығы;
- қарым-қатынастағы ерекшеліктер: құрдастарымен жиі келіспеушілік, құрдастарымен бірігіп ойнай білмеуі, үлкендермен сөйлесе алмау, оқшаулануы.

Осыған орай, жетім балалардың психологиялық дамуындағы сәтсіздікті анықтайтын себептер мынадай:

- тәрбиеші мен тәрбиеленушілер арасындағы қарым-қатынас пен оқу-тәрбие үдерісінің дұрыс ұйымдастырылмауы;

- әлеуметтік мәдени ортамен қарым-қатынастың шектеулілігі;
- балалар үйі тәрбиешілерінің психологиялық-педагогикалық дайындығының жеткіліксіздігі;
- тәрбиеленушілерді тәрбиелейтін үлкендердің, маман педагогтардың жиі ауысуы;
- жетім балалардың қарапайым мұқтаждықтарының шектелуі.

Балалардың есеюі олардың ересектермен белсенді өзара әрекеттестігі жағдайында мүмкін болады. Сондықтан жетімдік өмір салтының ата-аналарының қамқолығынсыз қалған балалардың әлеуметтенуі мен дербестену процесіне жағымсыз ықпал етуі, сондай-ақ ересектердің балаларға қатысты позицияларының қалыптасуына ықпал еткен қоғамдағы елеулі өзгерістер, міне бұлардың бәрі әр түрлі әлеуметтік құрылымдардың тәрбиелік ықпалдарын оңтайландырудың мүмкіндіктері мен жеке тұлға қалыптасуының жаңа резервтерін із-дестіру қажеттілігіне әкеледі [4].

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Трудности социализации детей-сирот. Изденіс. – Алматы, 2008. - №1. - 314-317 бб.
2. Зубайраева З.А. автореферат «Жетім балалардың тұлғалық әлеуметтенуінің педагогикалық шарттары». Түркістан, 2008 ж.
3. Закарьянова Ш. Н. автореферат «Балалар үйіндегі тәрбиеленушілерді әлеуметтендірудің психологиялық аспектілері». Алматы, 2009 ж.
4. <http://www.youtube>.



## **ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ**

**Арымбаева Сандуғаш Дукенбаевна**

М.Мақатаев атындағы №14 орта мектептің география пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

**Алиева Света Қуанышбаевна**

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының география пәнінің мұғалімі,  
Тараз қ.

География ғылымы өте қызықты да күрделі. Пәнге қызықтыру арқылы, оқушыға табиғаттың күрделі құбылыстары мен заңдылықтарын ұғындырып, сапалы білім беру мұғалімнен үлкен шеберлікті, оған қоса ғылым мен техника жаңалықтарын, яғни жаңа педагогикалық технологияларды әр сабағында тиімді қолдануды талап етеді. Жаңа ақпараттық технологияны сабақта пайдалану, оқушының шығармашылық интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірге пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. Білім беру жүйелерін қазіргі замануи талабына сай, жерсерік (интернет) арнасы арқылы қашықтықтан оқыту және электрондық оқулықтарды пайдаланып, география пәніне деген қызығушылығын арттыру әрбір география мұғалімінің міндеті. Электронды оқулықтар оқушының білім қорымен қаруландырып қана қоймай, танымдық белсенділігін арттыруда алатын орны ерекше. Орта мектептерімізде география пәні бойынша 6-10 сыныптарға арналған электронды оқулықтар бар. Бұл оқулықтар Білім стандарты мен оқу бағдарламасының талаптарына сай жасалынған. География пәні басқа пәндермен салыстырғанда, картамен тығыз байланысты екенін ескеріп, оқушылардың география сабағында құрлықтар мен дүние бөліктерін және аралдағы елдер мен халықтар жайында, қызғылықты деректерді, тек

оқулық мәтіндегі берілген карта, сызба, сурет немесе диаграммаларды пайдаланумен ғана шектелмей, электрондық оқулықта көрсетілген бейне арқылы пайдалану тиімдірек болатынын ескеру керек.

Ғылым ғасырының табалдырығынан аттағалы тұрған қазіргі таңда компьютер өмірдің барлық саласына кеңінен енуде. Оқыту үрдісінің басты мәселелерінің бірі, оқыту материалының қабылдау деңгейін қалай көтеруге болады, яғни түсінуді, есте сақтауды және алған білімді қолдануды жақсарту болып табылады. Ақпараттың 80 пайызын адам көру мүшелері, 15 пайызын есту және қалған 5 пайызын иіс, дәм сезімдері арқылы қабылдайтыны белгілі. Бірақ, тек қана қабылдау емес, ақпаратты есте сақтау туралы сөз қозғағанда қозғалыс зейінінің ролі өседі. Сондықтан сабақ уақытында оқушыларға әрдайым түсіндіріліп жатқан материалға байланысты өздеріне әрекет етуге мүмкіндік беру керек. Осы жағдайда жаңа ақпараттық технологиялар өте үлкен көмек көрсетеді, түсіндіруге және ақпаратты белсенді қабылдау үшін мультимедиялық орта беріп қана қоймай, оқушылардың осы ақпаратты оқып-үйренуге деген мотивациясын жоғарылатады. Қазіргі кездегі білім саласында қолданатын жаңа ақпараттық технологиялардың негізгі компоненттерінің бірі - электрондық интерактивті тақталар. Интерактивті тақталарды білім саласында қолдану оқыту үрдісіне жаңа сапа енгізеді, өйткені тек қана сабақты дайындауды және өткізуді жеңілдетіп қоймай, интерактивті тақталарға дейін болмаған мүмкіндіктерге жол ашады. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктерінің бірі сабақты көп жіберетін білімгердің белсенділігі мен шығармашылығы артады. Оқуға ықыласы жоқ, оқығысы келмейтін оқушы үшін интерактивті тақта - таптырмайтын құрал. Басқа ешқандай құрылғы мұндай мүмкіндіктер бере алмайды. Компьютердің кішкентай мониторы арқылы ондай мүмкіндіктерге қол жеткізу мүмкін емес.

Технология – дайын бұйым алу үшін өндірістік процестерде пайдаланылатын шикізаттың, материалдың немесе шала өнімнің пішінін, қасиетін, күйін өзгерту, оларды дайындау және өңдеу тәсілдерінің жиынтығы. Интерактивті технология – бірлесіп әрекет жасау ұғымын білдіреді. Сабақ барысында оқушылардың топтармен жұмыс жасауға қалыптаспауы мүмкін емес.

Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіндігі өте зор. Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек.

Интерактивті тақта тек қана білім саласында ғана пайдалы, әрі әсерлі емес, сонымен қатар, дамуы баяу және патологиясы бар балалармен жұмыс жасауда өте тиімді. Интерактивті тақта мұндай балалар үшін әсерлі ойын құрылғысы болып табылады. Яғни, балалар интерактивті тақтаның әртүрлі мүмкіндіктерін пайдаланып, ойын арқылы тез белсенді дамуы мүмкін. Егер мұғалім ойын арқылы баланың дамуына көмектессе, уақыт өте келе, балада өзіне деген сенім пайда болады, өз бетінше үйреніп, өзі істеуге тырысады.

Қазіргі кезде сабаққа дайындалу барысында мұғалім сабақ мазмұны оқушылар үшін танымдылығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсайды. Ал жекелеген курс бойынша мәселелік – бағ-дарлы оқу бағдарламалары пакетінің болуы мұғалімге «мұғалім – оқушы» жүйесінде ақпаратты беруді, өңдеуді және қайталауды жаңаша ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Бірақ, мұның барлығы жүзеге асуы үшін мұғалім компьютерлік оқыту технологиясы бойынша білімдер мен іскерліктерді игеруі қажет. Бұл дайындық дифференциалды болуы тиіс. Себебі, әрбір пән мұғалімдері үшін компьютерді оқыту үрдісінде пайдалану әр түрлі сипатқа ие.

Сабақта уақытты үнемдеу, демонстрациялық материалдар даярлау мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланған тиімді.

### **Интерактивті тақтаның үш режимінде де жұмыс жасауға болады.**

Ақ тақта режимі – ең қарапайым режим. Ақ тақта режимін қолданғанда оны ақ бет қағазбен жұмыс жасағандай және тақырыпқа қажетті жерін белгілеулермен, негізгі

ұғымдарын ерекшелеу үшін түрлі түсті қаламды қолдануға болады. Ақ беттің артына фон ретінде мазмұнды суретті пайдалануға болады. Тақтаның бұл қасиеті, мысалы гуманитарлық пәндерде және т.б. жаратылыстану пәндерден сабақ жүргізгенде ыңғайлы. Фон ретінде тақырыпқа байланысты әртүрлі суреттерді, географиялық картаны, физикалық аспаптардың суреттерін алуға болады және сабақ барысында қажет болса картаға белгі салуға, жазуға мүмкіншілік бар [1].

Екінші режим – Office режимі. Бұл режим сабаққа қажетті дайындық жұмыстарын, яғни материалдар даярлауға ыңғайлы. Сабаққа дайындық жұмыстары Word мәтіндік редакторының, Excel электрондық кестесінің құжаттары, Power Point – презентациясы болуы мүмкін. Мысалы, Microsoft Word құралдарымен төрт түрлі мәтіндік тапсырмаларды қамтитын құжат әзірлеуге болады. Осы құжатта тапсырмаларды қайталап, жауаптарының дұрыс нұсқаларын немесе амалдардың дұрыс тізбегін көрсету керек. Қайталанған тапсырмаларды сурет салу панелінің «төртбұрыш» объектілерімен жасырамыз. Сабақта қажет кезде бұл құжатты интерактивті тақтаның Office режимінде ашу қажет. Бұл режим Microsoft Office – нің барлық мүмкіншілігін ұсынады. Сондай мүмкіншіліктерінің бірі – құрылған құжатқа мәтінді қосуға болады, яғни экраннан түсірілген суретпен емес құжатпен тікелей жұмыс жасаймыз. Сонымен, мұғалім оқушыны тестілік тапсырмаға жазбаша жауап беруге тақтаға шығарып, оқушының жауабын дұрыс жауаптарымен салыстыра алады ( «тік төртбұрыш» объектісін жылжыту немесе жою арқылы) және дайындалған материалды шаблон ретінде келесі сабақтарды пайдалану үшін сақтап қоюға болады.

Үшінші режим – тақтаның интерактивті режимдегі жұмысы.

Сабақтарды жүргізуде өткен материалды қайталау қажет, сондай жағдайда интерактивті тақтаның сілтеме жасауға арналған компонентін қолдануға болады. Бұл компонент арқылы Microsoft Office құралдары арқылы құрылған құжаттарға, графиктік редакторлардың немесе программалау ортасының көмегімен құрылған файлдарға, интернет беттеріне сілтемелерді ұйымдастыруға мүмкіншілік береді.

Прожектор және Шторка құралдары экранның белгілі бір кішігірім аумағын көрсетуге арналған. Прожектор құралы аудиторияның назарын бір объектіге аударуға арналған. Экран бетінде бір мезгілде бірнеше объектілер орналасқан болса, оның қажет объектісін ерекшелеп, қалғанын жауып қоюға арналған. Шторка экранның бір бөлігін жауып қоюға арналған ( есеп шығаруда дұрыс жауаптарын, оқушыларға әзір белгісіз ақпаратты ) және материалды оқу барысында мүмкіндігінше тақтаның қажет бөлігін көрсету [2].

**ИТ оқыту мен үйретуді әртүрлі бағытта өтізуге мүмкіндік береді:**

- Презентация, модельдер жасау және оны демонстрациялау: қажет бағдарлама мен қорды интерактивті тақтамен өзара үйлесімді қолдану жаңа сабақты түсінуді жақсартады.
- Білімгердің белсенділігін, қызығушылығын арттыру. ИТ-ны қолдану арқылы білімгерді жігерлендіру артады;
- Сабақтың өтуі мен жылдамдығы интерактивті сабақты жоспарлау мен барысын оның темпін жақсартады.

Интерактивті тақта оқу материалын көрнекті түрде жеткізудің тамаша амалы, сабақты қызықты да қарқынды өткізуге, әр түрлі ресурс көздерінен мәлімет жинақтап ұсынуға мүмкіндік береді.

Оқытушылар интерактивті тақтаға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді және оның негізгі мүмкіндіктерін игеруі қажет. Және де интерактивті тақтамен жұмыс істеуде қандай ресурстар көмектесе алатынын анықтап алу маңызды [3].

Оқушыларға белгілі бір елдің немесе мемлекеттің географиялық ерекшеліктерін түсіндіруде осы тақтаның мүмкіншілігі тіпті артады, мәселен, карта бойынша шектесетін мемлекеттері, өзен-көлдері мен аумақтық шегі, тағы да басқа өлшемдерін оқушы суреттен көре отырып, толығымен қабылдайды. Оған қоса, берілетін географиялық тапсырмалар мен есептерді шешуде моделін құрады: есепті шешуді клавиатура арқылы әр түрлі

формада енгізеді: (іс-әрекетпен, мысалмен), мұнда қадамдардың біртіндеп орындалуы талданады әрекетті дұрыс таңдап және орындауды, көлемнің өлшем бірліктерін жазу, есептің жауабын жазуды, енгізуді үйренеді.

Дәстүрлі әдістемені қолданғанда мұның бәрі ауызша жеткізіледі немесе географиялық есептердің шарттарын түсіндіргеннен кейін, оның шығару барысын мұғалім тексеру үшін бірнеше сағат жұмсауы қажет болады. Компьютердің көмегімен ол бұл жұмысты сабақ барысында істей де және әр оқушы туралы ақпарат жинай да алады. Әдетте, географиялық ерекшеліктерді толық түйсінуде оқушылардың өз көзімен көріп, сәйкесінше басқалармен салыстырмалы түрде тұжырым жасауы аса маңызды. Ал, географиялық есептеулер енгізгенде қате жіберген жағдайда, компьютер есепті қалай шығару керектігі жөнінде кеңес береді.

Есеп шарттарының моделі «мультипликациялық фильмдегідей» беріледі, мұнда интерактивті тақтада әрқашан іздейтін өлшемдер пайда болып олардың арасындағы тәуелділіктер анықталады.


География сабағын информатикамен тығыз байланыстырып, компьютерде ақпараттық технологияларды және электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың білімін одан әрі жетілдіреді. Ақпараттық технологияны қолданудың тиімді жақтарын зерттей отырып, үздіксіз жүйелі жұмыс жасау, білім жүйесін дамытуда үлкен нәтижелерге жеткізеді, сонымен қатар білім сапасын да арттырады[4].

Қорыта айтқанда, қайсыбір пәнде болмасын интерактивті тақтаны қолданудың маңызы өте зор. Ол өз кезегінде уақытты үнемдеп, оқушының кең мәліметтер қорымен сусындауына, сонымен қатар кері байланыс орнатып, мұғалімнің әдістемелік қорын тиімді пайдалануына жағдайлар туғызады.

Осы себепті де, география сабағында ғана емес, жалпы оқу-тәрбие үрдісінің кез-келген форматында және сабақтан тыс жұмыстарда интерактивті тақталарды пайдалану өте қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттерімі:**

1. Дүйсенова Н.Т. Promethean Activstudio бағдарламасын үйренушілерге арналған әдістемелік нұсқау. Тараз, 2014.
2. Абдулов Р. М. Использование интерактивных средств в процессе развития исследовательских умений учащихся. Екатеринбург, 2013
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану». Оқу құралы. - Алматы, 2009
4. Оразымбетова Г., Бекқұлиев А. Географияны оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану // <https://pps.kaznu.kz/>



## **ФОРМИРОВАНИЕ ВОЛИ У ДЕТЕЙ ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА**

**Иманалиева Гулзира Тоғайқызы**

Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебінің орыс тілі пәнінің мұғалімі,  
Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы

Психологическим аспектам становления личности подростка посвящено множество работ, но, тем не менее, проблематика этого возраста остается неисчерпаемым источником для психологических исследований. Это проблема актуальна, так как часто

возникают трудности в общении между подростками, непринятия ими друг друга, и вследствие этого может снизиться самооценка [1].

В современных условиях развития общества, в период серьезных социальных перемен в нашей стране повысился спрос на людей, умеющих найти решение в нестандартных ситуациях, открытых новому опыту. В 7-8 классах подростки начинают систематически и целенаправленно заниматься волевым самовоспитанием. Это особенно характерно для мальчиков, среди которых идеал мужественности становится одним из основных идеалов, порождающих критерии оценок окружающих людей. Подростки любят приключенческие, романтические фильмы, так как именно в них встречаются герои, обладающие нужными качествами мужественности, смелости, характером и силой воли. Они пытаются подражать этим героям в жизни, воспроизводя в играх и создаваемых ими ситуациях сцены, прочитанные в книгах или увиденные в фильмах.

В старшем подростковом возрасте многие мальчики начинают заниматься саморазвитием у себя необходимых волевых качеств личности. Объектом для подражания для них становится, товарищи более старшие по возрасту, - юноши и взрослые мужчины. В компаниях с ними подросток принимает участие в делах, требующих проявления воли.

К примеру, ученик 7 класса нашей гимназии, Георгий, своей решительностью, стремлением быть впереди, занимаясь плаванием, и добившись высоких результатов в спорте, смог завоевать авторитет среди своих одноклассников и учеников гимназии. Благодаря этому он улучшил свои результаты и в учебе, т.е. смог самоутвердиться, развить свои волевые качества, доказать сверстникам, что при желании, каждый из них может достичь определенных результатов. Главное - это сила воли, желание показать себя.

Весьма распространенным среди современных подростков способом развития у себя волевых качеств являются занятия спортом, связанные с большой физической нагрузкой и риском, такие, где требуется, незаурядная сила и мужество. Это – бокс, борьба, тяжелая атлетика, хоккей. Увлекаясь многими видами спортивных занятий, в начале ради развития волевых качеств, некоторые подростки затем продолжают заниматься ими же для достижения высоких спортивных результатов. Благодаря этому получает дальнейшее развитие мотивация достижения успехов [2].

Имеется определенная последовательность в выработке волевых качеств личности в подростковом возрасте. Вначале развиваются в основном динамические физические качества. Это – сила, быстрота и скорость реакции. Затем вырабатываются качества связанные со способностью выдерживать большие и длительные нагрузки: выносливость, выдержка, терпение и настойчивость. Вслед за этим наступает черед формирования более сложных и тонких волевых качеств, таких, например, как концентрация внимания, сосредоточенность, работоспособность.

Общая логика развития всех волевых качеств может быть выражена следующим образом: от умения управлять собой, концентрировать усилие, выдерживать и выносить большие нагрузки до способности управлять деятельностью, добиваться в ней высоких результатов. Соответственно этой логике сменяют друг друга и совершенствуются приемы развития волевых качеств. В начале подросток просто восхищается ими у других людей по - хорошему завидуют тем, кто обладает этими качествами (10-11 лет). Затем подросток заявляет о желании иметь такие качества у себя (11-12 лет), и наконец, приступает к их самовоспитанию (12-13 лет). Наиболее активный период самореализации продолжается с 13 до 18 лет.[3]

Для подростка воля как черта характера стоит в одном из первых мест. Волевые люди становятся для него идеалом, на которого он хотел бы походить. Однако как раз о подростках принято говорить, что воля у них слабая. У детей этого возраста очень ярко выражено стремление подбирать аргументы в пользу эмоционально более привлекательного поведения. Иначе говоря, у подростков сильные эмоции гораздо чаще, чем у взрослых, блокируют разумное решение.

Родители и учителя оказывают влияние на формирование характера подростка. Именно поэтому требует пристального внимания к вопросам формирования и воспитания воли в подростковом возрасте – важное условие эффективности индивидуального подхода в учебно-воспитательной работе. Трудный для подростка период важна поддержка и понимание со стороны взрослых. Необходимо перестраивать взаимоотношения с ними так, чтобы он мог продолжать гармонично развиваться. Эти отношения необходимо строить на основе личности подростка, так как оно даст возможность предвидеть, как он поступит в той или иной ситуации. Оно поможет установить подлинные причины тех или иных особенностей, и подскажет, что можно ожидать от него в будущем. Главнейшая задача учителя – направить активность каждого подростка в нужном направлении, на познание других людей, на общественно полезную деятельность, на саморазвитие и самовоспитание. Изучение особенностей развития эмоционально-волевой сферы играет важную роль в воспитании подростков. Наша опытно-педагогическая работа позволяет говорить о том, что развитие воли выражается следующими дифференцирующими признаками:

- 1) целеустремленность;
- 2) подросток преодолевает все возрастающие внешние и внутренние трудности (формируется сила воли);
- 3) подросток достигает все большей длительности волевого усилия (выносливость воли);
- 4) проявление самообладания, выдержки;
- 5) подросток учится ставить цели и направлять свои усилия на их достижения.

В подростковом возрасте у ребенка начинают укрепляться и утверждаться такие волевые черты характера, как: целеустремленность, решительность, смелость, мужество, инициативность, настойчивость, самостоятельность, выдержка, дисциплинированность. А теперь можно представить себе образ волевого человека, обладающего такими качествами и человека, обладающими им противоположными – состояние безволия, проявляющееся в таких качествах, как упрямство, податливость, внушаемость, нерешительность, трусость, боязливость, удаль....

Именно в подростковом возрасте сила воли становится одним из самых ценных качеств личности и почти все дети этого возраста начинают целенаправленно и активно развивать свою волю. К концу подросткового и началу юношеского возраста основные волевые качества личности можно считать сформировавшимися. Практически это означает следующее:

–если к этому возрасту воля человека оказалась развитой, то он может ее самостоятельно проявлять во всех делах, за которые берется;

–если воля у человека отсутствует, то с этим недостатком после данного возраста уже трудно бороться;

–подростки, которые имеют волю, обычно начинают с этого возраста, в личностном плане развиваться быстрее подростков, которые выросли безвольными.

Потребность в самовоспитании – одна из самых ярких возрастных особенностей подростка. Уровень развития мышления, воли в этот период формирования личности, активно действующей в направлении самоотвержения, позволяет открыть подростку «волшебную» силу воли в этой ответственной и значительной для него деятельности. Возникнув стихийно, чаще как порыв, потребность совершенствовать себя находит удовлетворения в мальчишеских коллективах, в рискованных состязаниях в смелости, доказываемой и демонстрируемой прыжками с крыш, с подножек поездов и так далее, или в упрямстве, выводящем из «равновесия» и родителей, и учителей. Во всех этих случаях естественная и положительная потребность в самосовершенствовании характера выливается в нежелательные для воспитания виды активности подростков. Хорошо известно также, что педагогически управляемое самовоспитание, начинающееся с мечты, с интереса, превращается в важнейший факт развития личности [2, с.42].

Как показал ряд исследований, раньше и охотнее всего подростки начинают заниматься волевым самовоспитанием. Оно вытекает из складывающейся установки на самоутверждение, для чего надо быть самостоятельным, смелым, настойчивым и так далее. Это не значит, конечно, что подростки не хотят быть умными, сильными или, что всякое другое самовоспитание является «не волевым». Подростки на основании личного опыта, знаний о людях и жизни, личных самонаблюдений приходят к правильной оценке воли как средства к достижению целей, как такого качества, которое определяет успех.

Успех протекания самовоспитания в значительной мере определяется не только отношением к нему ученика, но и отношением к нему воспитателей, взрослых людей. Практика показывает, что пока существует неправомерная недооценка самовоспитания, остается низкой и эффективность воспитания. Перенос в систему личных ценностей того, что узнает ребенок, происходит при таком обязательном условии, как поддержка взрослых авторитетных людей, подкрепление ценностей ориентации подростков со стороны учителей, родителей, старших братьев, сестер и так далее. Учитель должен передать детям необходимые знания о воле и самовоспитании, проводить целенаправленную воспитательную работу в школе; создать положительное эмоциональное отношение подростков к самовоспитанию; развить активность, выражающуюся в выработке индивидуальной программы самовоспитания. Для этого необходимо специальная психолого-педагогическая подготовка учителей, которая создала бы установку на целенаправленное подведение подростков к осознанию необходимости самовоспитания и развития волевых качеств подростков. Существенным является формирование у подростков таких качеств, как чувство долга, ответственность. Помогая школьнику достичь некоторой цели, не следует специально обращать его внимание на то, как в этом процессе развивается его воля. Лучше показать ему, какие позитивные чувства связаны с «победой над собой», над своим нежеланием что-либо делать, собственным страхом. Школьники часто не могут отличить настойчивость от упрямства, следование определенным принципам от стремления, во что бы то ни стало добиться своего, видя во всем этом разные проявления воли. Поэтому большое значение приобретают беседы с подростками, в ходе которых они учатся отделять подлинные проявления воли от ложных. Очень важно обеспечить школьника средствами для достижения желаемой цели. К таким средствам относятся: умение предвидеть последствия несовершенных и совершенных поступков, способность представлять себе такие последствия не только интеллектуально, но и эмоционально. Школьнику следует целенаправленно прививать умение представлять то, как он будет себя чувствовать в дальнейшем, через определенный временной промежуток. Это для них очень трудно, поскольку по Л.С. Выготскому, «подростки не умеют предвидеть те последствия поступка, которые зависят не от объективных обстоятельств, а от собственного психологического или даже физического состояния» [3].


За пределами юношеского возраста, воля, по-видимому, у человека уже не развивается. Если к данному возрасту человек уже стал волевым, то таким он, скорее всего, и останется, если к этому возрасту он оказался безвольным, то, скорее всего, останется таким в дальнейшем. Те перемены волевого характера, которые могут происходить, проявляются в том, что волевое поведение человека приобретает все более разумный, сознательный и взвешенный характер. Прежде чем приложить к чему-либо волевые усилия, человек размышляет, взвешивает свои шансы, решает для себя, стоит ли делать то, что требует у него волевых усилий или не стоит, и, если после долгих размышлений он приходит к выводу, что это делать стоит, лишь тогда начинает проявлять свою волю. Иными словами, воля подростка по мере его психологического развития перестает быть слепой, неразумной силой и становится сознательным подспорьем к его разуму.

Как мы видим, для становления подростка в современном обществе необходимо развитие его волевых личностных качеств, желание и стремление ребенка самоутвердиться, найти свой правильный жизненный путь.



## Список использованной литературы:

1. Алексеев Н.Г. Воля // Философский энциклопедический словарь.- М. : Сов. энцикл., 1983.- С. 90-91.
2. Ким В.А., Немеребаев М.Н., Ким Э.В. Патриотическое сознание, убеждение, мировоззрение и личность. ( методология, теория, практика) – ТИГУ,2014. – с.204
3. Выготский Л.С. Собр. Соч. Т. 4.-М., 1983. – с. 225



## АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ТӘСІЛДЕРІ

**Қарымсақова Ақмарал Айдархановна**

№64 орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

Әлемдік ғылыми-техникалық жағдай күннен-күнге жаңа дамуға бет алуға. Еліміздің даму бағытындағы жаңа саясаты да білім сапасының бәсекелестігін арттырып, жаңа тұрпатты көшбасшы дайындауға ерекше күш салуда. Халықаралық деңгейдегі білім сапасы әлемнің озық дамыған Малайзия, Сингапур, т.б. елдерінің тәжірибесінен үйренуге, жаңаша мазмұнын ендіруге де ерекше мән берілуде.

Осы тұрғыдан алғанда жаңа инновациялық технологияларды оқыту үдерісіне ендіру қажеттілігі күн өткен сайын жаңа талаптар мен мазмұнға ие болуда. Әрбір білім ордасы компьютерлердің жаңа үлгілерімен жабдықталып, бағдарламалық қамтамасыз етілуі де назардан тыс қалған емес. Бүгінгі таңда қаламыздағы көптеген мектептер электронды оқыту мен бағалауға көшкен. Бұл білімнің барлық сфераларында жаңа перспективаларды ашып, мұғалімнің де үнемі шыңдалып отыруға жетелейтіні даусыз.

Әрбір мұғалімнің білімді жеткізу, меңгерту мәнері бөлек, осыған сәйкес әрбір оқушы да жаңа білімді түрліше қабылдап, сіңіреді. Бірқатары оқылықты оқи отырып, материалды терең ұғынса, енді біреулері тыңдау арқылы тез ұғынады. Дегенмен, оқушының барлық қабылдау мүшелері арқылы сіңірілген білім ең үздік нәтиже болып табылады. Ал, бұл мүмкіндікті бізге мультимедиялық құралдар бере алады. Оқытуда мультимедияны қолдану қоғамда өте қажеттілікке ие болып отырған ағылшын тілін терең әрі тез меңгертуге де өте тиімді. Өйткені, қазіргі таңдағы ағылшын тілі материалдары негізінен компакт-дискілерде жинақталған. Қажетті материалды іздеуге де көп уақыт кетпейді. Осылармен қатар, белгілі мәтінді аударма жасау барысында да суреттердің көрінуі оқушы жадында тез, әрі берік сақталады. Компьютер арқылы материалдарды бірнеше рет қайталау мүмкіндігі мол. Ағылшын тілі грамматикасының ең қажетті де күрделі тұстарын сіңіруде, сөздердің айтылуын дұрыс реттеуде де жазбаны тыңдап, оқушының айтылуымен, нақты сөздің жазылуымен салыстырмалы түрде түсіндіру де материалдың қажетті меңгерілуін жылдамдатады. Мультимедиялық құралдар арқылы өткізілген әрбір сабақ соңында компьютер материалдың қаншалықты меңгергендігін тексереді. Компьютерлік оқыту бағдарламаларымен жұмыс түрі: лексиканы меңгерту, айтуды дұрыстау, диалогтік және монологтық сөйлеуді оқыту, хаттарды оқу, грамматикалық өзгерістерді дұрыстауды қамтиды.

Сөздік қорды белсенді толықтыру жүйесінің негізгі үш кезеңі бар. Алғашқы кезеңде компьютер мәтіндегі сөзді көрсете отырып, атайды, ал оқушы оны есте сақтау үшін қайталап, қатардан шығарып отырады. Бұл ретпен таңдалып алынған сөздер белгіленеді. Бұл дәстүрлі үлестірмелі қағаздармен жұмыс жасаудың жаңаша үлгісі.

Жүйенің екінші кезеңінде қолданушы керісінше әрекет орындайды, атап айтқанда, компьютер айтқан нысанды немесе оның атауын көрсетеді. Егер сөз дұрыс көрсетілсе, ол сөз циклдан шығып кетеді немесе орындаушыға қателескендігі туралы ауызша хабарланады және дұрыс жауап көрсетіледі, келесі циклда сөз қайталанады. Үшінші кезең тек екінші кезең нәтижелі аяқталғанда ғана басталады.

Үшінші кезең негізінен сөзді дұрыс айтуға бағытталады. Ол жаңа сөзді тыңдап, айтылуын жазады және оны салыстырады.

Грамматиканы оқыту жүйесі өзімен қатар бірқатар тапсырмаларды қамтиды. Әрбір жаттығу грамматикалық заңдылықтар мен ережелерді тиянақтауға жұмыс жасайды. Мәтінде түсіп қалған сөзді табу, қатені немесе дұрысын табуға қажетті сөздер беріледі. Оқушы қажетті сөзді немесе сөз тіркесін таңдап, орнына қояды, компьютер оны тексереді.

Қазіргі таңда ғаламтор ең қолжетімді ақпарат көзіне айналды. Ғаламтор бізді мәтіндік, графикалық және дыбыстық мәліметтермен қамтамасыз етеді. Ғаламтор-технологияларын қолдану өзімен қатар:

Электронды пошта арқылы басқа елде шет тілі ретінде ағылшын тілін меңгеруші мен тіл білуші арасындағы жазбалар (тілімен бірге мәдениетін де меңгеруге деген мүмкіншілік, мәліметтердің жеделдігі, қазіргі тіл элементтері, т.б.);

Телекоммуникациялық конкурстарға, олимпиадаларға, тестілеулерге қатысу (өз білімін жан-жақты тексеруге деген мүмкіндік, сынақтарға дайындық, өзін-өзі тексеру, конкурстар мен олимпиадалардың басқа түрлеріне қатысу);

Оқушының шығармашылық жұмыстарының тегін жарық көру мүмкіндіктері (мотивацияның артуы, т.б.);

Тегін қашықтан оқыту курстарында өзіндік білім алу.

Шет тілін меңгеруде қарым-қатынас – ең тиімді де нәтижелі тәсіл. Бірақ, ағылшын тілін үйренуші оқушылардың басқа шет мемлекетке барып, шетелдік құрбыларымен қатынас жасай алмайды. Ал, ғаламтор виртуалды болса да, осындай мүмкіншілікті жасайды. Ғаламтор арқылы ағылшынша көп қатынас жасаған оқушы тілді тез меңгереді.

Еліміз болашақта дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатында, жан-жақты, әрі белсене қызмет атқаруда. Әсіресе, қазіргі таңда өсіп келе жатқан балаларымыздың ағылшын тілінен біліміне ерекше мән берілуде.

Шындығында, әлемге таныла беруіміз үшін, дамыған мемлекет болып қалыптасуымыз үшін, біз қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік білуіміз қажет...

Болашақтың ең үлкен инвестициясы – бала екені анық. Әсіресе, бастауыш сынып жасында алынған білім – баланың жарқын болашағына жол бастайды. Бұл жас кезеңіндегі оқушыларға сапалы білім беру үшін педагогикалық технологияларды тиімді қолданып тұрған жөн.

Әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында еліміздің білім беру жүйесіне қазіргі кезде көптеген өзгерістер жүруде. Осыған орай еліміздің мектептерінің оқу үрдісіне инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу белсенді түрде қолға алынып жатыр. Жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін деңгейлеп саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау, ақпаратты-коммуникациялы оқыту, жобалап оқыту, коммуникативті оқыту, модульді оқыту технологияларының негізгі қағидалары- балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оның өз бетімен білім алуына ықпал ету, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуға қабілетті, өзіндік пікірін анық, жүйелі жеткізе алатын жеке тұлға қалыптастыру, баланың танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту болып табылады.

Осыларды қолдана отырып, ағылшын тілін жан-жақты меңгерту – бүгінгі пән мұғалімдерінің міндеті. Өйткені, оқушылардың қызығушылықтары бар, қоғамда сұранысқа ие ағылшын тілін үйретуде озық технологиялардың мүмкіншіліктерін қолдану жаңаша ізденістерді талап ететіні даусыз.

Тіл – қарым-қатынас құралы. Тіл игеру арқылы адам айналасындағы дүниені таниды, басқалармен қарым-қатынасқа түсе отырып, оның ой өрісі кеңейеді. Ағылшын тілін үйретудегі негізгі әдістемелік бағыттар - оқу үрдісі оңайдан қиынға қарай


бағытталған, тілдік материалдар күнделікті өмір шындығынан алынған және оқу процесінде әбден шыңдалып, өңделген. Жаңаша технологияны пайдалана отырып сабақ жүргізгенде жұптық, топтық жұмыстардың, ойынның, әннің, жобалау жұмысының маңызы зор. Жұптық жұмыс барысында рөлдік ойындардың берері көп: басынан бастап сөйлеу ретінде жүргізілуі; тілдік серіктестің шынайы болуы; өздері ықылас білдіріп өз еркімен сөйлеуі. Топтық жұмыс кезінде оқушылар өзара пікір алысып, сөйлеу қабілеті артады, топ мүшелері арасында қарым-қатынас күшейіп, ұжым құруға септігін тигізеді, өзгенің де, өзінің де ісін объективті бағалауды үйренеді, оқушылардың іскерлік қабілеті артады. Жоба жұмысын қорғау барысында белгілі тақырып бойынша сұрақ-жауап түрінде пікір алысу қосымша мәліметтерге сүйене отырып сөздік қорды молайту, монологты дамыту, мәселелерді анықтау, көтеру және шешу. Оқушының сөйлеу іскерлігін дамыту үшін салыстыра отырып әңгімелесу, мәтін бойынша өз ойын ортаға салу, пікір алмасу, проблемалық сұрақтарды талдау, логикалық ой тұжырымын дамыта отырып сөйлеу, түйіндеу, ситуацияға байланысты сөйлеу, ойындар арқылы сөйлеу, сұраққа жауап беру, қорытындылау, өз пікірін айту сияқты сөйлеудің түрлерін қолдануға болады. Оқушының оқу іскерлігін дамыту үшін мәтін кеңінен қолданылады. Мәтін - негізгі қарым-қатынас құралы. Мәтінді оқымас бұрын сұрақтар беріледі. Ол сұрақтар бойынша сол мәтіндегі мәселеге байланысты оқушы не біледі соны білу керек. Бұл жұмысты топ болып және жұптасып талқылауға болады. Оқушыны еркін сөйлеуге үйрету үшін сөздерді қайталау, оларды еркін қолдана білуге үйрету, грамматикалық материалдарды, сөйлем құрылымын орынды қолдануға үйрету де басты назарда болу керек [1].

Қорыта айтқанда, «Қазақстан мектебінің алдына қойып отырған мақсаты — инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында оқушыларға жүйелі, нақты білім беру. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке — ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады»[2,66.].

Ағылшын тілі сабақтарында инновациялық технологияларды пайдалана отырып оқытудағы басты нәрсе — бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім беру парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік (фундаменталдылық) те шешуші рөлге ие. Сонымен, инновациялық білім беру өз құрамына жеке тұлғалық көзқарасты, білім алудың мықты негіздерін, кәсіби шеберлікті, екі мәдениеттің (техникалық және гуманитарлық) синтезін, жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды біріктіреді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е, Баймұқанова Б.С. Шет тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 2007.
2. Абдраманова Б.Г., Байзульдаева Г.О. Инновациялық технологиялардың білім берудегі рөлі // «Молодой учёный», 2015, № 7.1 (87.1) - 4-66б.



## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ЖЕТЕКШІ СУБЪЕКТИВТІ ФАКТОРЫ – ҰСТАЗ

И.Т. Жапарова

Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия, Алматы облысы, Алматы қаласы

Қазақ халқы - рухани зор байлықтың мұрагері. Оның бүгінгі өтесі биік өскелең мәдениетінің түп төркіні сонау VI-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей ежелгі түрік жазбаларынан бастау алады. Бүкіләлемдік өркениет тарихынан ерекше орын алатын әмбебап ғұлама әл-Фараби бабамыздан бастап, түркі тілдес халықтарға ортақ өшпес асыл мұра қалдырған орта ғасыр ойшылдары: Баласағұн, Қашқари, Иассауи трактаттары, сондай-ақ Алтын Орда дәуірінің даналары: Хорезми, Сарай, Дулати, Жалаири, Әбілғазы, т.б. еңбектері - қазіргі ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ асыл қазына.

Ал Асан Қайғы, Жиёмбет, Ақтамберді, Шалкиіз, Бұқар, Дулат, Мұрат, Махамбет, Майлықожа сияқты күміс көмей, жез таңдай ақын-жыраулардың әр түрлі өмір құбылыстары, адам мен қоғам, жан мен тән, тіршілік тынысы туралы терең толғаныстарының, дана өсиеттерінің қазіргі жастардың білімі мен тәрбиесіне берер пайдасы, қосар үлесі қаншама...

Бір халықтың ғана емес, адамзат тудырған алыптардың қатарындағы ұлы Абай мұрасының, оның педагогикалық көзқарастарының алар орны бір төбе. Озық мәдениеттің жарық жұлдыздары Шоқан, Ыбырайлармен қатар XX ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірлермен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Халел, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Міржақыптардың ұлттық дәстүрді өз туындыларының негізгі арқауы еткені, педагогикалық, психологиялық тұжырымдары қазіргі заман талабымен үйлесе үндесіп жатқаны белгілі.

Ата-бабадан жеткен даналық сөздер, ұлағатты ойлар, қағидалар өміршеңдігімен құнды. Кезінде қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтар өз ұлтының салт-санасын, әдет-ғұрпын, жол-жоралғысын, дәстүрін терең үңіле зерттеп, халықтың ғасырлар бойы жиған мұрасына тәлімдік, танымдық тұрғыдан талдау жасаған. Ж.Аймауытов ұлт тәлімінің дінгегі өз халқын қастерлеу, өткеніне жіті қарау деп бағаласа, М.Дулатов: «Мектепте алған тәлім-тәрбиенің әсерлі, сіңімді болуы қай халықтың болса да, ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан алынған мағлұматтан тұрса, ұрпақ бойына ұлт рухы дариды», - деп жазған [1, Б. 18].

Ж.Аймауытов адам баласының мәдениет тарихынан өнердің көрнекті орын алып келгеніне, өнерсіз қоғамның дамуы, рухани байлықтың молаюы мүмкін еместігіне тоқталып, ұлт мектептерінде әуелі кескін мен әуез өнерін, яғни сурет салу, ән-күй үйретуге негіз салу керектігін, әрбір баланың өнерге деген ынтасын қозғап, өнерпаздық қабілетін тәрбиелеу қажеттігін баса айтады. Жазушының халқымыздың психологиялық ерекшеліктері жайындағы пікірлерін айрықша атауға болады. Белгілі бір халықтың немесе ұлттың өзіне тән құлқы, темпераменті, талғамы, әдет-ғұрпы, эмоциясы болатыны белгілі, олар өздерінің бірсыдырғы тұрақтылығымен айрықшаланып, қоғамдық сананың барлық түрлеріне өзінше бояу береді. Ұстаздық етуде, педагогика, психологиядан дәріс беруде де Ж.Аймауытов өз ұлтының салт-санасын үңіле зерттеген. Ел ішінде сіңген әдет-дағдыларға сыни тұрғыдан қараған, олардың жөндісі де, жөнсізі де, естісі де, есері де барына көз жеткізген, жөн-жосыққа, адамгершілікке сыйымдыларын, өмір-тіршілігіне тиімділерін заң ретінде пайдалануды атап өткен.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру саласында жалпы білім берудің мемлекеттік стандарттарында мұғалімнің сыныптың көңіл - күйін сезе білуі, оқушылардың жан дүниесін түсінуді, олармен тең қарым-қатынас құра білуіне айрықша назар аударылуда. Мұғалімнің кәсібилігін анықтайтын өлшемдердің арасында ең басты орында сөзсіз, ұстаздық қызметтің қортындысы оқушылардың тәрбиелілігі мен білімімен кешендесіп, өмірде бағыт - бағдар алуға көмектеседі. Осы дәрежеге оқушыларды шебер мұғалім жетектейді, аз оның жеке басына қандай қасиеттер тән?

Руханикалық қазақтардың қасиетін - мейірімділікті, адамгершілікті және

жанқиярлықты біріктірсе, халықтық қауымдықты, дәстүрлік және ашық жарқындықты, мемлекеттік, отансүйгіштік пен күшті мемлекеттік биліктің қажеттілігін мойындауды білдіреді. Ұстаз, біріншіден, халқымызға тән жастарымыздың да бойында бар адамгершілік сипаттағы дүниетанымына, өз мәдениетіне, әдет - ғұрып, салт - саналарына, қол өнері мен педагогикасына арқа сүйейтіндігіне және ашық жарқындығы мен бауырмалдығына, яғни қазақ ұлтының басқа халықтармен сіңіре алушылық қабілетіне ерекше назар аударғаны жөн.

Екіншіден, өзі оқытатын пәнді терең меңгеруге міндетті. Ол ақпараттарды еркін және икемді меңгеріп, оларды сол білімдері меңгертуге жұмылдыра алатындай болуы керек. Үшіншіден, өздігінен білім алуға ынталы болуы қажет. Бұл қасиет педагогқа әр уақытта өз білімін толықтырып, шығармашылығын арттырып отыруға немесе «екі есе оқу деген» принципі іске іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалімнің жеке басының үлгісі кәсібилікпен біте қайнасқан қасиет болуы керек. Себебі, кез келген ұжымдағы қарым-қатынас мұғалімнің жеке басының үлгісімен тығыз байланысты.

Ұстаз кез келген жағдайларда ұстамды, шыдамды, әлсіз сезімтал әрі мейірбанды болуы керек, яғни өз қызметі және оқушылармен қарым-қатынас жасау барысындағы мінез - құлқын үнемі бақылап отыратын болуы тиіс.

Жаңаша ойлайтын мұғалім міндетті түрде жаңа бағыттағы идеялар, технологияларды меңгеруді және сол білімдарлық технологияны меңгеруге дайын болуы керек.

Тәрбиенің субъективті факторының маңызды қатарында тәрбиешінің жеке басы болып табылады. Шәкірт тұлғасын сомдайтын ұстаз жақсы болмай, қоғамның келешегін құрушы азамат тәрбиелеу ісін жолға қою мүмкін емес. Олай болса ел болам десек, тәрбиені бесігімізден түзеуден бастауымыз керек. Бесікті түзейтін мектеп пен ұстаздар қауымы. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы». «Ұстаз қандай болса, шәкірт сондай болмақ» деген халқымыз текке айтпаған.

Бүгінгі мектеп-адамның мәдени-әлеуметтік тұрпатын сомдайтын, сыңаржақтылық пен толымсыздықты еңсеретін, ұлттың азаматтық тұғырын табуға жетелейтін орын.

Қоғамды ізгілендіру - ХХІ ғасырдағы өркениетті дамудың талабы. Ізгілендірудің басты мақсаты-зиялылық қалыптастыру, сезім және көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеу, өмірлік құндылықтар мен бағалардың белгілі бір жүйесін қалыптастыру.

Білім беру саласының жаңаша мазмұны ұстаздарға оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы халықтық салт-дәстүр негізіндегі жаңа технологияларын меңгеру міндеттерін қойып отыр. Ананың ақ сүтімен, әкенің ыстық ықыласымен, ұстаздың ұлағатымен дарыған ана тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, оның қолданылу ауқымы біртіндеп кеңейіп келеді. Дегенмен, тілге де талғам керек, ол үлкен ұқыптылықты, табиғи жақындылық пен тартымдылықты қажет етеді. Бізге табиғи нәрсе қандай жақын болса, тілге де сондай жақын. Өзімізге ұнамайтын жасандылық оған да жат. Тіл - адамзат баласы жасаған көркем ой қазынасы, әрі ғылым мен білімді барынша жинақтап, молынан сақтап отырған қойма.

Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр рухани игіліктің қайнар көзі ретіндегі тәрбие құралы. Сондықтан қазіргі кезде жасөспірімдерді халықтық педагогика мұраларын пайдалана отырып адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуде дәстүрлері қалыптастыру міндеті тұр.

Қорыта айтқанда, еліміздің жалпы адамзаттық, ұлттық тәрбие дәстүрлерін қайта жаңартып жатқан жағдайда оқушының жан сарайын ұлттандыруға көңіл бөлінсе, ұлттық тәрбие беру мәртебесі жоғарылайды.

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балаларының көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы - туған ұясы, өз отының басындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі. Қазақта «баланың бас ұстазы - ата-анасы» деген сөз бар. Жас кезінде

дұрыс тәрбие алмаса, есейе келе тәртібі қиындап, оқу үлгерімі нашарлап кетеді. Сондықтан әрбір ата-ана балаларының оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, оны қадағалап отыруы қажет. Тәрбие және білім үрдістері ешқандай үзіліс, демалыс күндер дегенді білмейді.

Бұдан шығатын түйін, бала тәрбиесіне ең әуелі ата-анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл-ойы мен сана-сезімі, адамгершілігі әсер етпек. Бала - ата-ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттық ертеңгісі, келер тарихқа аманат. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатта, ой-өрісі биік азамат етіп адамгершілік негізде тәрбиелеу қоғамымыздың ең өзекті мәселесі.

Ата-аналармен кездесіп, оқу-тәрбие үрдісіндегі іс-шаралар туралы ақылдасып отыру артық болмайды. Өйткені тәрбие мен оқытудың көптеген қиын мәселелерін шешуге тура келеді. Ата-аналармен жеке әңгімелескенде мұғалім мектеп оқушысының үйдегі тұрмысы мен жұмыс жағдайларын анықтап, оның мінез-құлқының нақты көріністерін талқылайды. Оқуды, еңбекте және күнделікті мінез-құлқында кездесетін кемшіліктерін жоюдың жолдарын белгілейді. Әңгімелесу барысында ата-анасы арқылы оқушылардың үй жұмысына көмектесуі, кішкентайларға қамқорлық көрсетуі және бос уақытын қалай ұйымдастыратынын анықтауға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Дулатов М. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1997. - 334 б.



## **КӘСІБИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ**

**Жолдыбаева Гулназ Биртановна**

Ш.Смаханұлы атындағы №44 орта мектептің тарих және география пәнінің мұғалімі,  
Тараз қ.

**Турсынбаева Айнур Аманжоловна**

Жаһандық күзiреттiлiк пәнiнiң мұғалiмi, Мағжан Жұмабаев атындағы №21 орта  
мектеп, Тараз қ.

Кез-келген қоғам дамуының бәсекелестік көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенетіні белгілі. Осы орайда, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары білім беру жүйесінде де бірқатар өзгерістер орын алып, реформалар жүзеге асырылуда.

Мемлекет басшысы *Қасым-Жомарт Кемелұлы* елде алдағы уақытта атқарылар басты 10 бағыттың бірі ретінде жастар саясатын атап айтып, «Жастар Қазақстанның дамуында шешуші роль атқарады. Олар прогресстің қозғаушы күші болуға тиіс. «Жастар – ел тірегі» арнайы жобасы жұмыс істеуде. Жас кәсіпкер, Жастар бизнес бастамаларын қолдаймыз, жастар стартаптарына қолдау көрсетеміз, жастарды жұмысқа орналастыру бағдарламаларын ендіреміз. Менің міндетім жастардың өз армандарын жүзеге асыру, өз табыс тарихтарын жасауына мүмкіндіктер жасау. Талантты жастарды мемлекеттік қызметтің барлық деңгейлерінде көтерілу үшін Президенттік кадр резерві жасалады. Біздің жастарымыз мақсаткер, еңбексүйгіш, креативті, сондықтан Қазақстанның болашағы сенімді қолда», - дей отырып, Қазақстанды бәсекеге қабілетті адамдық капиталы бар мемлекетке айналдыруға ерекше маңыз берді. Елбасы бұл жоба бойынша білім беру үрдісіндегі инновациялық даму, ақпараттық даму және жастарды рухани тәрбиелеу секілді үш бағытты нақтылап көрсетіп, осыған байланысты іс-шаралар жүргізу қажеттілігін айтып өткен болатын. Және, дамудың жаңа сатысын белгілеген стратегиялық

құжаттардың негізгі мақсатын белгілеуде де Н.Ә.Назарбаев қазіргі қоғам үшін «арды бағалай білетін, белсенді, жоғары моральды, әдепті де рухани байлығы мол адамдардың аса қажет екендігіне тоқталған болатын.

Әрбір мемлекет мәдениетінің айнасы – білім деңгейі. Шын мәнісінде еліміздің әлеуметтік, мәдени, саяси, психологиялық жай-күйі халықтың білім жүйесінен, оның деңгейінен, ағартушылық іс-әрекетінен анық аңғарылады. Осы орайда, жазушы Ә.Кекілбаевтың «Уақыттың жалғыз өлшемі бар ол-адам ғұмыры. Адам ғұмырының жалғыз өлшемі бар, ол – арттағы халықтың қамы үшін бітіретін іс» -деген сөзін еске алсақ, заман талабына айналып отырған инновациялық оқытудың басты жүзеге асырушысы – мұғалім екені даусыз.

Әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына ену міндеттерінің ішінде, әсіресе білім мәселесі өте маңызды. Бұл заңдылық. Европалық және әлемдік білім кеңістігіне ену – қазіргі уақыт талабы. Бұған дейін әзірленген «Білім туралы» Заңында, Білім мен ғылымды дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған, 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының да басты мазмұны мен міндеті – өскелең ұрпақты рухани-мәдени, ұлттық құндылықтарымыз арқылы тәрбиелеп, бәсекелестігін қалыптастыру, көшбасшылық тұлғасын шыңдау, озық ойлы елдермен теңесетін ұрпақ тәрбиелеу болып отыр.

Бұл – әлемдік аренада өз орнын белгілеуге ұмтылған тәуелсіз мемлекетіміз үшін аса қажеттілік болып табылады. Өйткені, ел ертеңіне саналатын бүгінгі білім алушылардың ой-санасын дамытып, тұлғалық қалыптастыратын, көшбасшы болуға итермелейтін, ғылыми танымын кеңейтіп, болашағына бағыт беретін – педагог екені анық. Бұл туралы, ұлттық педагогикада да тым ертеден айтылып келеді. Ендеше, мұғалімнің біліктілігін көрсетіп, пән мазмұнының жан-жақты меңгерілуіне қолайлы жағдай туғызатын – пәнаралық байланыс екені даусыз. Оны да ұйымдастырушы ортақ тұлға – мұғалім. Бұл тұрғыда, оқушының тұлғалық дарындылығы, шығармашылық мүмкіншіліктері, педагогикалық-психологиялық қабілеті ескерілуі қажет.

Қазіргі технологиялар ерекше дамыған заманның өзінде білім сапасын қамтамасыз етудегі мұғалім рөлін еш нәрсемен ауыстыруға болмайтындығын халықаралық тәжірибелер көрсетіп отыр. Демек, мұғалім біліктілігі, бұл еліміздің бүкіл білім беру жүйесін алға бастырып, оны заман талабына сай етіп құрудың негізгі алғы шарты, басты кепілдігі болып табылады. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды білімді мұғалімдер, жан-жақты кемел ұстаздар ғана тәрбиелеп шыға алады [1].

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтың және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, әрі өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына ықпал етеді. Демек, жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру жаңа тұрпатты мұғалімді қалыптастыруға қойылатын негізгі талап. Жаңа тұрпатты мұғалімдер педагогикалық қызметтің барлық түрлерін зерттеп, кез келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениеттілігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында қандай мәселе болсын шеше алатын педагогикалық үдерістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын жаңашыл әрі шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға болуы керек.

Мұғалім білімінің құндылығын айқын түсініп, өз пәнінің жетік шебері, педагогика мен психологияны терең меңгерген, жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдана алатын, өзін жеке тұлға ретінде дамытып отыруы тиіс [2].

Кәсіпқой мұғалім өз пәнін жетік біліп қана қоймай, әрбір қатынасушының педагогикалық үдерістегі орнын білуі керек. Оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алуға қабілетті болып, оның нәтижелерін алдын-ала болжамдап көре білуі тиіс, болуы мүмкін ауытқушылықтарды дер кезінде түзете алуы, яғни құзыретті тұлға болуы керектігіне назар аударылады.

Жаңа тұрпатты мұғалім мынадай құзыреттіліктерге ие болуы тиіс:

- әдіснамалық;
- жалпы мәдени;
- пәндік-бағыттылық;
- инновациялық.

Педагогикалық қызметтің шығармашылық бағытталуы төмендегідей:

- біріншіден, мұғалімге мамандығы үшін мәні бар күшті және әлсіз жақтарын (өзін-өзі тануын, эмоционалдық қалпын, коммуникативтік және дидактикалық қабілеттерін және т.б.) бағалай алуы;

- екіншіден, зияткерлік мәдениетін (ойлау, ес, қабылдау, зейін), мінез-құлық, қарым-қатынас, соның ішінде педагогикалық қарым-қатынасты меңгеруі;

- үшіншіден, қазіргі интеграциялық үдерістер, әлемдік білім берудің даму тенденцияларын бағдарлай алу сияқты мәселелерді қарастырумен байланысты.

Шебер мұғалімге қойылатын талаптар келесідей болмақ:

- оқушылар бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыта білу керек;

- өзі оқытатын пәнді терең меңгеруге міндетті;

- өздігінен білім алуға ынталы болуы керек;

- мұғалімнің – педагогикалық ойлау қабілеті ғылыми түрде дамыған болуы шарт;

- мұғалім оқытуды инновациялық негізде ұйымдастыруы тиіс;

- мұғалім – оқушыны білім негіздерін өз бетінше оқып-үйренуге бейімдеуі қажет.

Шындығында, инновациялық білім берудегі процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар – озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инноватика пәні, инновациялық процесстердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық және практикалық жаңалықтарды қолдану болуға тиіс.


Бұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Өйткені, мұғалім жаңа педагогикалық технологияның, теория мен концепциясының авторы, талап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихаттаушысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымдағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс таңдап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді. Ал педагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлармен айқындалады.

Қорытындылай келе, инновациялық оқыту талабы – жаңа тұрпатты мұғалім даярлығын талап етуде. Бұл тұрғыда да, елімізде тиісті жұмыстар жүргізіліп, педагог біліктілігін бағалау көрсеткіштері жаңартылуда. Демек, жаңа тұрпатты мұғалім - дегеніміз білім мазмұнын жүйелі түрде жетілдіріп отыратын, оқу-тәрбие үдерісін басқара алатын, қабілетті, жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген, оны бала тәрбиесінде орынды пайдалана құзыретті тұлға. Өз бойындағы әдіснамалық тұғырларға негізделген теориялық білімді инновациялық технологиялар арқылы жан-жақты жеткізіп, шығармашылық қарым-қатынас қалыптастыратын, ең бастысы білім алушы қызығушылығын туғыза білетін педагог – жаңа Қазақстан құрудың басты қозғаушы күші деп санаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Білікті ұстаз-сапалы білім негізі //Егемен Қазақстан, 27мамыр. 2011 ж.
2. Жаңа тұрпатты мұғалім келбеті қандай болуы керек? Қазақстан мектебі, № 9. 2012 ж.





## БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ РУХАНИ, МӘДЕНИ ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Нурмаханбетова Айзада Ережепбаевна  
Абдрахманова Жазира Рашидовна

№ 6 мектеп- гимназиясы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Түркістандағы түркі халықтары ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ірі ғалым, публицист, тарихшы, дипломат. Түркі халықтарының бірлігі мен тұтас Түркістан идеясы үшін күрес жүргізген біртуар тұлға - Рысқұлов Тұрар Рысқұловтың -130 жылдығы мен Жамбыл облысының 85 жылдығының аталып өтілуі тарихымызды ұмытпаудың бір нышаны деп білемін.

Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарында , әсіресе еліміздің әлеуметтік экономикалық даму жағдайында жас ұрпақ тәрбиесі ең басты мәселелердің бірі болып саналады. Білім беру саласында ұстаздар түрлі білім мен оқушылардың келешекте неге қол жеткізетініне бағыттап дайындауға көңіл бөліп, соған қарай әдіс- тәсілдер қолдана отырып, өздерінің де білімдерін жетілдіре түседі. Бүкіл әлемдегі оқушыларға айтарлықтай әсері болатын елеулі факторлардың бірі – инновациялық технологиялардың кең таралған түрін пайдалануға байланысты білімге оңай қол жеткізудің артып келе жатқандығы педагогикадағы қазіргі өзекті мәселелері бірі деп есептеймін. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат- міндеттердің ең бастысы – өзінің өмірін жалғастыраатын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ал балаларды жан- жақты қабілетті адамзат етіп өсірудегі халықтық салт – дәстүрлердің, тәлім – тәрбиелік, білім танымдық рөлі орасан зор. Ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Ұлттық салт – дәстүрлеріміздің , тіліміз бен музыкамыз , әдебиетіміз, жоралғаларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық роухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Қазіргі жаһандану кезеңінде білімге қойылған стратегиялық бағытта жүзеге асырудағы шешуші факторлардың бірі – білім мен ғылымды өркендету, осының негізінде экономиканы дамыту және жас ұрпақты адами ізгіліктің ең биік тұрғысында тәрбиелеу. Ол деген сөз балаға білім мен тәрбиені қатар беру қажеттілігін көрсетеді. Ұлы ғалым Әл-Фараби бабамыз айтып кеткендей «Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөздің іс жүзінде қазіргі кезеңде де белең алып жатқандығы байқалады.

Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның халқына өлшеусіз еңбек сіңірген Тұрар Рысқұловты өміріне арналып жазылған «Қызыл жебе» роман-эпопеясы ұлттың рухын көтерген бірден бір шығарма. Осы шығармасында бай баласы бала Тұрардың жыртығына күлгенде оның ұстазы: «Тесікке надандық үніліп қарайды» деп білімсіздік пен адамгершілікті байланыстыра тілге тиек еткен. Бұндағы сол кеңес заманында да , қазіргі білім мен техниканың дамыған кезеңінде де әр адамзат баласының байлықты білімнен жоғары қоятындығын көре отырып, балаларға білім беруде ұстаздар мен ата- аналарға рухани мәдениет пен адамгершілік құндылықтарды іске асыру қажеттілігін ескерткім келеді. Ол үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата- аналардың белсенділігін қамтамасыз ету. Ата- анасы баланы жас кезінен адами құндылықтар дарытып, саналы өмір сүруге борышты деп өзін санай отырып, мектеп мұғалімдерімен тығыз байланыс жасап, екі жақты әріптестік әрекетінің негізінде қалыптасады. Көрнекті кеңес педагогы А.С.Макаренко «Балаға берілген дұрыс тәрбие- бұл бақытты кәрілік, қате тәрбие біздің келешектегі сорымыз, біздің көз жасымыз» деп, білім беруде тәрбиеге көп көңіл бөлу қажеттілігін негіздеген. Абайдың даналығы , Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың

жырлары мен Құрманғазының күйлері ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміз. Осының бәрін ұрпақтың бойына сіңіру ұстаздар мен ата-аналардың міндеті.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев жолдауында : «Мектеп- білім мен тәрбиені жас ұрпақ бойына сіңіретін орта болса, осы ортаны өзінің кәсіби құзыреттілігі арқылы танытушы – ол мұғалім» деп, мұғалімнің еліміздің ертеңі болатын ұрпақ тәрбиелеушісі екенін, ал сол білім алған жас бүлдіршіндердің еліміздің ертеңі екенін ұштастыра атап көрсеткен. Балаға жас кезінде қандай бағыт берілсе, ол өсе келе сол бағытта өзін- өзі алып кетеді. Сондықтанда балаға өз бетімен оқуды үйрету қажет. Тек баға үшін емес, көп білімді бойына сіңіру өмірде қажеттілігін түсіндіре отырып, бейімдеп оқыту. Қазіргі балалар өз бетімен әдеби кітаптар оқымайды, оны оқыту жолдарын қарастыра отырып, кітапқа джеген қызығушылықтарын арттыру керек.

Ұстаздық ең қиын да, жауапкершілігі мол жұмыс. Бала- шырақ секілді. Ұстаз – сол шырақты жағушы. Сол себепті мұғалім өз білім, білігін , оқытудың әдіс- тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және жаңа педагогикалық технологияны меңгеруі тиіс деп ойлаймын. Бұл ретте, «Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес. Ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Жүсіпбек Аймауытовтың сабақ беруді өнер деп бағалауы тегін емес. Ал пән мұғалімі ретінде менің басты мақсатым- оқушылардың ақпарат пен идеяны шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу, қабілетін дамыту. Сонымен қатар, өзінің оқуына қатысты таңдау жасау арқылы басқалардың идеяларына күманмен қарауды қалыптастыру. Менің ойымша, сабақты үйлесімділік жағынан жетілдіру қажет. Өйткені оқыту- арнайы танымдық іс әрекет. Ол – негізгі ойдың, ақылдың жемісі. Бүгінгі таңдағы мектеп мұғалімінің алдында тұрған басты міндет- жеке тұлғаны оқытудың танымдық қызығушылығын арттыру барысында біліммен қаруландыру, бәсекеге қабілетті, ой- өрісі кең, қоғамда өз орны бар, іскер тұлға тәрбиелеу.

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан басталады» - деп ұлы ойшыл, даншпан Абай атамыз айтқандай, мектептің тірегі де, жүрегі де екені анық. Ал біз мұғалімдер оқушылардың рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтарын қалай жүзеге асырамыз? деген сұрақ қоя отырып, жұмыс жасау қажеттілігі туындайды. Балалардың тек мектептегі стандартты біліммен ғана шектемей, әдеби кітап оқуға тарту, өз бейімділігіне қарай үйірмелер мен шығармашылық қабілеттеріне қарай білім беру, байқаулар мен интеллектуалды ойындарға тарту, әлемдік халықаралық Экономикалық және ынтымақтастық даму ұйымының қолдауымен өткізілетін «PIZA», «TEMSS» білім бақылау жобаларына қатыстыру.

Қазіргі кезеңде әр баланы бір «artsport» kz үйірмелеріне қатыстыру мүмкіндін пайдалану, кітап оқу байқауларын жиі жүргізу, ат- анамен бірлесіп кітап оқу жүйелері арқылы балалардың білім деңгейін көтеру, қызығушылықтарын арттыру қажет.

АҚШ мектептерінде оқытушы оқу тоқсанында бірінші сыныптан бастап әр оқушыға адамгершілік тақырыбына жеке әңгіме- кеңеске 5-6 минут бөледі.

Японияда мектепте адамгершілік курсы енгізілген, бағдарлама курсының мақсаты- әлемдік және халықтық қоғамдастық мүшесін тәрбиелеу. Бастауыш мектептерінде ерекше адамгершілік сағаты тәжірибесі сағаты тәжірибесі қолданылды. Сабақ уақытында және өзге іс- шараларда түрлі дидактикалық материалдар және әңгіме оқу , поэтикалық туындамалар, мазмұндамалар жазу, видео және аудио басылымдарын көрсету, әңгіме- дүкен, балалар сауықкешін өткізу сияқты өзге де жұмыстар қолданылады.

Еліміздегі білім беру үдерісінде жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру жұмыстарын әді де болса жолға қою іс- шаралары жүзеге асырылса рухани-адамгершілікті қалыптастыруға бағытталған бағдарламалардың балабақша тәрбиесінен бастап ЖОО-да үздіксіз жүргізілсе еліміздің ертең болатын, рухани байыған, мәдениеті дамыған, адамгершілігі қалыптасқан жастарымыз көбейіп,

еліміз сауатты да, салауатты болып, басқа елге де өзін мәдениеті мен әдебиетімен таныла бермек.


Білім берудегі инновациялық ерекшеліктерді ескере отырып, біздің елімізде де , ұдайы өзін-өзі дамытуға, кемелдендіруге, рухани баюға бағытталған тұлғалық дамуды қамтамасыз ететін білім берудің маңызды бөлігі ретінде мектеп қабырғасында сынып сағаттары жүргізілуде. Үш құндылық - ұлттық мүдде, ар-ұят, талап тақырыптары бойынша аптасына бір рет сынып сағаттары жүргізілуде.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту, педагогикалық кадрларды даярлау және ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру сынды негізгі бағыттардың жолға қойылуы – қоғамның негізгі даму басымдықтарын айқындайтын білім беру саясатының үлкен жетістігі. Яғни, еліміздің туын асқақтатар білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу – біздің алдымыздағы ең басты міндет. Ал ұрпақ тәрбиесінде рухани-адамгершілік тәрбиесінің маңызы қай қоғамда, қай кезеңде болмасын күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Бірінші ұстаз Аристотельдің «Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басыуынан гөрі, кері кетуі тезірек» — деген сөзі жасалған қадамдарымыздың дұрыстығын дәлелдей түседі

Алаштың ардақты перзенті Мағжан Жұмабаев «Кімде-кім өзін сүйсе, туысқандарын сүйсе, өз елін сүйсе, әсіресе, адам баласын бауырым деп білсе, сол адамды ізгі дейміз» деп айтқандай, рухани-адамгершілік құндылықтарды ұрпақ бойына дарытып, әлеуметтік ортадағы мейірімділік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу, жастардың өмірге оң көзқарастарын қалыптастыру бүгінгі барша ұстаздар мен ата- аналардың міндеті деп білемін.

### Әдебиеттер тізімі

- 1.Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі, Ж.Қоянбаев, Алматы «Рауан» 1990- 756
- 2.Тренерге арналған нұсқаулық. Алматы «Педагогикалық шеберлік орталығы», 2016-7,8 б
- 3.Мұртаза Ш. Ай мен Айша. – Алматы «Дария», 2022. – 103 б
- 4..Мұртаза Ш. Бала Тұрар Алматы «Жалын» , 1989 ж



## БҮГІНГІ ҰРПАҚҚА ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

### Нурпейсова Жадыра Абдулахамитовна

Жамбыл облысы әкімдігінің «Т.Рысқұлов аудандық білім бөлімінің Абай атындағы шағын орталықты орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелестік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс»,- деген болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп атап өткен Мемлекет басшысының бастамасы қолдауға лайық.

Білімді ұрпақ – жарқын болашақ кепілі. Сондықтан келешек ұрпағымызды білімді, білікті, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу – мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі мектепте қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі

ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат – өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген, білімді, дағдыларды меңгеретін, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру және тәрбиелеу.

«Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек» деген Қасым-Жомарт Кемелұлы балаларға ерекше көңіл бөлу керектігін жеткізді.

Заманауи қоғам ұрпақтың төрт-бес буынынан тұрады. Олардың ұстанымы, арман-аңсары, қажеттілігі мен қызығушылығы әртүрлі және өзара үйлеспей де мүмкін. Осыдан түсінбеушілік туып жатады.

Осы бағыттағы зерттеулердің сүбелісі америкалық ғалымдар Нил Хоув пен Уильям Штрауска тиесілі. Олар 1991 жылы «Ұрпақтар» (Generations) атты кітапта «ұрпақтар теориясын» ұсынды. Оған жүгінсек, әр буынның өкілі белгілі бір нышанға ие, әрқайсысын ерекшелер қыры бар. Нил Хоув әр буынның ерекшелік белгілері заманына, өскен және тәрбиеленген ортасына байланысты дейді. Психологтар мен әлеуметтанушылар адамның құндылықтары негізінен 10-12 жасқа дейін түзілетінін айтады. Болашақ тұлғаның қандай болып қалыптасатыны мектепке, оқыған кітаптары мен көрген телебағдарламаларына, достарына, қоршаған ортасына, ата-анасына байланысты: бала соларға қарап, қоғамда өзін-өзі қалай ұстау керегін үйренеді, дүние таниды. Сарапшылар жаңа буынның қалыптасуына 1981 жылы ашылған MTV арнасының ықпалы зор болғанын айтады. Белгілі өнертанушы Полина Виноградова оның жаңғырығы Кеңес Одағына дейін жеткенін нықтады. «Телеарна қоғам әдепсіз, тіпті жиіркенішті деп таныған дүниелерді көрсете бастады. Эфирге шығарған тұңғыш бейнебаяны «Видеожазба радио жұлдызын өлтірді» (Video Killed the Radio Star) деп аталған. Ағысқа қарсы жүзуі, қоғамға қарсы үн қатуы арқасында жастар арасында кең танымал болды. Rolling Stones, Sex Pistols және басқа да панктер мен рокерлер жас ұрпаққа өз ұстанымын таңды. Көрнекті талғамсыздық (показная безвкусица), яғни жыртылған джинсы, көнетоз тері күртке сәнге енді. Оған дейін телевизия сабырлы, байсалды болатын. Ал эм-ти-ви кадрлардың тез алмасуын, экшнді енгізді», – дейді ол. Бұл ақыры үлкен ауқымда ақпарат қабылдай алмайтын, үлкен мәтінді оқуға шыдамы жетпейтін жастарды тудырды. Twitter пайда болды. Әлеуметтанушылар қазіргі ұрпақты келесі буынға бөледі: біріншісі – ұлы ұрпақ (Greatest generation, the World War II generation), оған 1900-1923 жылы дүниеге келген адамдар жатады. 1923-1943 жылы өмір есігін ашқандар – үнсіз ұрпақ (Silent Generation деп аталады. Тайм журналы 1951 жылғы 5 қарашада «Кішіпейіл ұрпақ» деген мақаласында азаматтық құқықтарды қорғауға күш салған әке-шешелеріне қарағанда, осы буын жастары плакат көтеріп, шеруге шықпайтынына, мінберге ұмтылмайтынына, тыныш қана іс тындыруды жөн көретініне назар аудартты.

Осы ұрпақ көп елде «үнсіз көпшілікті» құрайды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін барлық елде, соның ішінде Қазақстанда да бала туу көрсеткіші күрт өскен. Сондықтан 1943-1963 жылдары туылғандар «бэби-бумерлер» саналады. Ары қарай 1963-1983 жылғылар «Х ұрпағы», 1983-2003 жылғылар миллениал немесе «Y ұрпағы» аталады. Жер бетінде ХХІ ғасырда, 2003 жылдан бері өмір сүретіндер – «Z ұрпағы» қатарына кіреді.

### **Көшпелілердің заманауи мұрагері**

Американың маркетингтік өлшеу жүргізетін ірі Nielsen ұйымы қызықты зерттеуін жариялады. Оның дерегінше, «Z ұрпағының» өкілдері мектеп бітіргеннен кейін бірден жоғарғы білім алуға жанталаспайды екен, ең алдымен төл бизнесін ашып, дамытуға құлшынады. Оларды кәсіпкерлердің дербестігі, бизнестегі іс-қимыл еркіндігі қызықтырады. Зумерлер планетаға, экологияға, қоғамға көмегін тигізуге, өз өмірін мағыналы, мәнді етуге

күштар. Демек, ерікті-волонтерлер солардың арасынан көп шығады. Бұл ретте осы жастардың бір бөлігі өз ісін дөңгеленту үшін ЖОО бітіру міндетті емес деп есептейді екен. Мұны әр елде мыңдаған жасөспірімге сұрау салған TD Ameritrade сауалнамасы да растады: қазіргі заман жастары ескіше оқығысы келмейді, 89%-ы дәстүрлі университеттердің өмірге қажетті білім береріне сенбейді. Z ұрпағы өкілдерінің 30%-дан астамы мектеп бітірген соң бір жыл тынығуды жоспарлап отырғанын, тек содан кейін жоғарғы білім жайын ойластыратынын жеткізіпті. Бұлардың үлесі жыл санап өсуде. Бір ғажабы, бүгінгі балалар мектеп жасында жоғарғы технологияларды жақсы игереді. Біразының біліктілігі жоғары болғаны сонша, олар кеңсеге бармай-ақ қашықтықтан тапсырысты орындай беретін «цифрлы көшпелілер» (Digital nomad) сапын белсенді толықтыруда. Болашақтағы кадр корпусының ұстынын солар құрайтынын түсінген компаниялар мен жұмыс берушілер мектеп оқушыларын кәсіби дағды-машыққа үйретуге ден қойып жатыр. Осылайша, компаниялар зумерлердің жоғарғы оқу орнына айналады: жұмыс беруші нақты жұмыс орнына қажетті мамандарды өзі даярлайды, нарықта жұмыс істеудің қырсырына баулиды, жасөскіндердің көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан әлемде өзекті білім алуына жәрдемдеседі. Google, Adobe, Hubspot, Microsoft секілді жаһандық алпауыттар ағылшын тілін меңгерген кез келген елдің оқушысына арзандау немесе мүлдем тегін курстан өтуді ұсынады. Бұл жалпылама білімге, ынталандыру мен шешен сөзге құрылған қазақстандық бостекі тренингтерге ұқсамайды. Онда игерген білім жастарға нақты жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді. Зумерлердің бір бөлігі білім ордасынан түлеп ұшқасын табыс табуды, саяхаттауды және волонтерлікті қоса алып жүруге ынтық.

### **Біздің елде Z өкілі қанша?**

Қазақстандық «Z ұрпақ» кім? Әңгіме 1981-1995 жылдары туған Y (игрек) және 1995 жылдан кейін дүниеге келген Z (зет) буындарына тән құндылықты бағдарлар мен дүниетанымдық ұстанымдардың бірін-бірі ауыстыруы жайында болып отыр. Біздің әлеуметтік зерттеулеріміз паш еткендей, зет ұрпағы цифрлы қызметтерді көп тұтынады. Еңбекке, ақшаға, демалыс түріне қатысты көзқарасы дәстүрліден ерекшеленеді. Олар компанияның миссиясына, құндылықтарына баса мән береді. Басым көпшілігі жұмысты қашықтықтан орындауға бейім. Сондықтан әлдеқайда мобильді. Тұрғылықты орнын жиі ауыстыруы мүмкін, – дейді Д.Абаев. Әлеуметтанушылар сан алуан зерттеу нәтижесінде анықтағанындай, аға ұрпақтан және миллениалдан айырмашылығы сол, бұл жаңа буын өкілдері кеңседе отыруды ұнатпайды. McKinsey&Company зерттеуі олар үшін жылжымайтын мүлікке ие болғаннан гөрі, қызметтерге қолжетімділік әлдеқайда маңызды екенін көрсетті. «Цифрлы көшпелілердің» негізін құрайтын зумерлер санды телекоммуникация технологиялары көмегімен жұмысты коуоркинг-орталық, дәмхана, фудкорт, баршаға ортақ кітапхана, саябақтарда орындай береді. Әлдебір стационарлы жұмыс орнына байланбаған. Нәтижесінде, жұмыс берушіге кеңсе жалдап, оны ғаламтор, ауабаптағыш, кофеқайнатқыш, диспенсер-кулер, компьютер-принтер және басқасымен жабдықтау қажет болмайды. Цифрлы көшпелі жастар онсыз да тапсырылған жұмысты тап-тұйнақтай орындайды. Сонысымен құнды. «Шетелдік әлеуметтанушылар Z ұрпақ – кедей, бірақ заман талабына ең бейімделген буын екенін атап өтеді. Өйткені олардың меншігінде баспанасы, тіпті көлігі де болмауы мүмкін. Бірақ жұмыс кестесі мен тапқан табысы оларға жайлы апартамент жалдауға, қала ішінде қозғалу үшін Uber пайдалануға мүмкіндік береді», – дейді министр. Біраз уақыттан соң Қазақстанның тізгінін «Зет ұрпақ» қолға алмақ. Олар отандық телеарналарды көрмейді, газет-журнал оқымайды. Негізінен, әлеуметтік желіде, әсіресе Instagram, TikTok-та өзін ілгерілетуге көбірек алаңдайды. Демек, бұл ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарды, елдік бағдарды дарыту үшін билік тәрбиенің жаңа тәсілдерін меңгергені абзал.

Буын, ұрпақ, қазақы таныммен айтқанда құрдас, замандас. Олар әрине, белгілі бір жақын уақыт межесінде дүниеге келіп, белгілі бір қоршаған ортадан ортақ нәр алып, танымдық тұрғыдан бір-біріне өте жақын, тілегі, арманы, тағдыры бір-біріне аса жуық бір

буын ұрпақтың тобы. Z-ұрпақ деп отырғанымыз да осындай ұстанымдары мен көзқарастары аса жақын жаңа ұрпақ, жаңа буын атауы.

Z-ұрпақ – ХХІ ғасырдың ұрпағы. Осы ғасырдың жемісі. 15-20 жас аралығындағы жасөспірімдер. Өткен жылғы санақтарға сүйенсек, жер бетіндегі z-ұрпақтың саны 2,6 миллиардқа жеткен. Бүгінгі әлемдік қауымдастықта бұл ең үлкен ғаламдық күш болып саналады. Сондықтан барлық саладағы өндірушілер осы ұрпақтың көңілінен шығатын өнім дайындауға тырысуда. Z-ұрпақ ұғымының пайда болуына ғалымдар тобынан тыс осы маркетингтердің ықпалы айрықша болғаны сөзсіз. Өйткені олар үнемі жаңа буынның талғамын, сұранысын зерттеп, солардың дүниетанымына сай өнім шығаруды ойластырып отырады. Осы тұрғыдан келгенде z-ұрпақ бизнес саласында кеңінен жалпыласқан таным деп айтуға болады.

Z-ұрпақтың өзіне ғана тән ерекшеліктері бар дедік, еңбастысы олар межелі бір уақыттың ішінде туады. Сондықтан да сол уақыт ішінде болған тарихи, саяси уақиғалардың, экономикалық, әлеуметтік әртүрлі мәселелердің ықпалына ұшырайды. Ондай ірілі-ұсақты уақиғалар болмыс иесінің қалыптасуына міндетті түрде өз әсерін тигізбей қоймайды. Осының нәтижесінде z-ұрпақтың бастан кешкендері, дүниетанымы, алдарына қойған мақсаттары мен міндеті барынша ұқсас келеді. Міне, осындай құндылықтары мен ұстанымдарының жақындығына қарай, қоғамдық формацияда z-ұрпақ өркениеті бірте-бірте бой көтеріп келеді. Олардың ең басты қасиеті – еркіндік, ашықтық, азат ойлылық. Олар өзгеге емес, өздеріне ұнаған нәрсені жасайды. Бірақ оларды өзіміз деп есептеуге келмейді. Олар бәрін өзімізден тең санайды және өзін өзгеден төмен қою комплексы жоқ. Жасқаншақтықтан, сенімсіздіктен ада. Сондықтан да оларды бір идеологиямен басқара алмайсыз. Хараридың жазуынша осы ғасырдың ортасына барғанда жүйеге бағынышсыз, жүйеге керексіз адамдар қауымдастығы пайда болатын сыңайлы. Ондай қоғам осы z-ұрпақтың тәрбиесін көрген адамдар тобы болуы әбден мүмкін. Z-ұрпақ негізінен виртуальды әлемде өмір сүреді. Қашықтықтан жұмыс істеуге бейім. Ескі, дәстүрлі білім жүйесінен қашады. Көптеген z-ұрпақ мектеп бітіре сала жоғарғы оқу орынына бірден түсе кетпейді. Өзінің шығын бизнесі болғанын, сол негізде өзіне лайықты тәуелсіз кеңістік болғанын қалайды. Алдағы өмірінде барынша азат болудың жайын ойластырады. Ойындағы

Шынайы және виртуалды әлемнің айырмашылығын ескермейтін Z – ұрпағы туралы не білеміз? Олардың әлем дамуына қосып отырған жаңалықтары мен алдағы жылдары алып келетін идеялары адамзат цивилизациясын қаншалықты өзгертпек? Қызық па? Әлемнің болашағы “Z – ұрпағы” жайында оқыңыз.

Дэвид Стиллман «Z – ұрпағы жұмыс барысында» атты кітабында 1995 – 2012 жылдар аралығында дүниеге келген жасөспірімдердің барлығын Z – ұрпағы деп атайды. Тоқтай тұрыңыз! Бұл балалар «Миллениал» ұрпақтары емес пе? Деген сұрақ көкейге келеді. Олай емес. «Миллениалдар» қазіргі таңда ата-ана атанып отыр. Міне, сол «миллениалдардың» балалары – Z – ұрпағы, Z – ағымы.

Назарларыңызға Z – ұрпағы туралы деректерді ұсынамыз. Әлемдік сандарды жазатын болсақ, бұл жасөспірімдердің саны шамамен 73 миллионнан асады, бұл толқынның алды жасы жиырмадан асты.

#### **«Z ұрпағы» бәрінен де бай.**

Олар өз бетімен ақша табу үшін мектептің қабырғасынан бастап жұмыс жасайды. Жастардың 76 % – ы өз хоббилерін табыс көзіне айналдырғысы келеді. Олар тәуелсіздікке ұмтылуда және тәуелсіз жұмыс жасау үшін алдыңғы ағым ағалармен бәсекелестікке түсуден қорықпайды. Сандарды сөйлететін болсақ, жоғары сынып оқушыларының 72%-жеке бизнестерін ашуға дайын.

#### **«Z ұрпағы» бос уақыттары жоқ.**

Z – ұрпағы сөздің тура мағынасында әлемді өзгертпек. Жастардың 60%-ның ойынша, олардың жұмыстары қоршаған ортаға және қоғамға пайда әкелуі тиіс екен. 16

мен 19 жас аралығындағы жастар еріктілердің қатарынан табылуда. Сол себепті жас ұрпақ мамандық таңдауда әлеуметтік салаға жиі бет бұруда.

Ү-ұрпағының өкілі Facebook-тың негізін қалаушы Марк Цукерберг өз компаниясын 20 жасында қаласа, Z – ұрпақтары өздерінің қоғамдық белсенділіктерін одан да ерте, 13-16 жаста бастауда.

#### **«Z ұрпағы» әлемге шынайы қарайды.**

Олар «11 қыркүйек» күнінен кейінгі әлемде өсіп келеді. Бұл әлемнің атмосферасы хаосқа, жалпыәлемдік тұрақсыздыққа және сенімсіздікке толы. Жастар аға буынның қателіктерінен көп үйренуде. Білім алып, өзін тұлға ретінде дамыту үшін шет ел асудан қорықпайды. Z – ұрпағының әр екінші өкілі жоғары білім алған, ал Y-ұрпағының әр үшінші өкілінің, X-ұрпағының әр төртінші өкілінің жоғары білімі бар.

#### **«Z ұрпағы» тәуелсіз.**

Олар өздерінің жасаған істеріне, айтқан сөздеріне жауап беруге дайын. Бала бола тұра балалықтан ерте шығады. Қолға түскен қаражатты шашпай, жинақтауға ұмтылады. Z – ұрпақтарымен сауал жүргізген кезде, олардың тек 25% ғана көшедегі төбелестерге қатысқан екен. Салыстырмалы түрде Y-ұрпақтарының 42%-көше төбелестерінің ортасында болған. Сондай-ақ жас буын арасында денсаулыққа зиянды заттарды, тиым салынған өнімдерді пайдалану саны төмен. Олардың ата-аналары қамқорлықты шектен тыс пайдаланбайды. Нәтижесінде, жас балалар арасында жеке уақыт және жеке кеңістік деген ұғымдар сіңісіп кеткен. Олар өздерінің шабытын, ойларына келген сұрақтардың жауабын интернет кеңістігінен табады. Тәуелсіздікпен қатар, Z – ұрпақтары ата-әженің мейірімін көріп, ата-баба құндылықтарының мазмұнымен етене таныс.

#### **«Z ұрпағы» интернеттің екжей-текжейін жақсы біледі.**

Z – ұрпағының 85%-ы өмірінде бір рет болса да, ақпаратты табу үшін интернет көмегіне жүгінді. Жасөспірімдердің 52%-ы Youtube пен әлеуметтік желіні үй жұмысын жасау үшін пайдаланады. 13-17 жасар балалар теледидар қарағаннан көрі смартфонға жиі жүгінеді. Таң атқаннан кеш батқанға дейін Z – ұрпағы теледидардың, смартфонның, планшеттің, ноутбуктың, музыкалық плеердің, электронды кітаптың экранына қарап үлгереді. Нәтижесінде жастардың ақпаратты қабылдау межесі өсіп, ал бір затқа өзінің назарын 8 секундтан артық бөле алмау проблемасы туындайды.

#### **«Z ұрпағы» кеңістікте қажет бағытты таба алмайды.**

3D және 4D графика, көлемді дыбыстау, мінсіз компьютерлік графика әлемінде туған Z – ұрпағының балалары кеңістікті өзгеше қабылдайды. Олар үшін нысананы жақындату функциясы бар гугл-карта қашан да болған. Сол себептен болар, көп жасөспірімдер өз қалаларында GPS-мобильді қосымшасыз жүре алмайды. Белсенді жастар интернет әлемінде өз тәуелсіздіктерінің шектелуін де қаламайды.

Цукербергтің желісінен қызығушылық таппаған жасөспірімдер Instagram, Telegram мен Youtube әлеуметтік әлеміне назар аударуда. «eMarketer»-тің пайымдауынша, Instagram желісіне тіркелген 12-17 жастағылардың саны 2017 жылы 8,8%-ға өсті. Қалай болса да интернетке еркін кіре алатын жасөспірімдердің 81%-ы әлеуметтік желілердің тұтынушылары. Виртуальді әлемнің небір қосымшалары смайлдар мен стикерлердің тілін дамытуда, бұл дегеніміз – визуальді тіл Z – ұрпағы үшін ұзын тексттерді біртіндеп ауыстырады

#### **«Z ұрпағы» қызығушылықтары мүлдем басқа.**

Z – ұрпағы үшін интернет ойындары ерекше орынға ие: 6-11 жас аралығындағы балалардың 66%, ал жасөспірімдердің 51% уақыттарын өткізу үшін интернет ойындарына жүгінеді. Олар талғаммен дайындалған тағамдарға көп тоқталып, интернет арқылы сауда жасағанды әдетке айналдыруда.

Z – ұрпағын экономикалық процестің салдары мен әлемдік нарықтың бағалары толғандырады. Олардың бұл мәселелерге назар аударуы алдыңғы толқынға қарағанда ерте басталды.

Z – ұрпағы адамзаттың қоршаған ортамен үзілмес байланысы туралы біледі: соның ішінде, 80 %-ы экологиялық проблемалардан хабардар болса, 76 %-ы экологиялық мәселелерге бейжай қарамауға тырысуда. Жасөспірімдердің 78 %-н әлемдегі аштық жағдайы толғандырады. Әлемдік проблемаларға қарамастан, болашақ экологияның жақсаруына он жастың жетеуі сенім білдірсе, жарқын болашағына оптимистік көзқараспен оның тоғызы қарайды.

Технологиялар дамып, барлық ғылым салаларында адамзаттың мүмкіндіктері артқан сайын өскелең ұрпақтың өмірге деген көзқарасы өзгеруде. Біз алға қарай қадам басқан сайын өзгеріске ұшыраған көзқарастар түбегейлі өзгеруде. Жастардың өмірлік құндылықтары да өзгеріске ұшырауда. Алдыңғы буын мен кейінгі буын бір-бірін түсіну үшін ұрпақтар сабақтастығы үзілмеуі керек.

Шетелдік ғалымдар ұсынған «ұрпақтар теориясы» деген ұғыммен бұрыннан таныспыз. Түрлі ұрпақ ұстанатын құндылықтар, ұқсастықтар мен ерекшеліктер сол дәуірдегі саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдаймен һәм технологияның дамуымен байланысты. Өсіп келе жатқан жас буынды түсініп, жылы қарым-қатынас орнату қашанда оңай шаруа емес. Алайда олар ер жетіп, қоғамның бар бөлігіне айналғанда санаспауға болмайтыны анық.

Бумерлер, X ұрпағы, миллениалдар мен Z ұрпағы. Әр 20 жыл сайын дүниеге келген ұрпақтың өзіне тән атауы мен ерекшеліктері бар. Оларды белгілі бір кезең мен сол кезде қалыптасқан тарихи жағдайлар біріктіреді. Көп жағдайда бұл топтардың құндылықтары, өмірге деген көзқарасы, мінез-құлқы мен дүниетанымы ұқсас келеді.

Осыған дейін екі ғасыр тоғысында дүниеге келген миллениалдар қоғамдағы жаңашылдықтың белгісі ретінде көп айтылатын еді. Енді 25-40 жасқа жеткен ұрпақты келесісі алмастырып жатыр. Оларға Z ұрпағы деген атау берілген. Олар қазір шамамен 9-24 жас аралығында. Технологияның нағыз қарыштап дамыған заманында өмірге келді. Дүниетанымы бөлек. Жаһандану алып келген «шекарасыз әлемнің» ұрпағы.

Жалпы, жас аралықтарын зерттеп, зерделеудің не керегі бар дерсіз? Бұл, ең алдымен, қоғамдағы коммуникацияны дұрыс жолға қою үшін маңызды. Бір тілде сөйлегенімен, бірін-бірі түсінбейтін қоғамның болашағы қандай болатынын көзге елестету қиын. Отбасының өзінде ата-әжесі мен немересі, баласы мен ата-анасының тіл табысуы сол шаңырақтың бірлігіне, жарасымды өмір сүріп, көркеюіне сеп болады. Мемлекет деңгейінде де тура осы секілді. Тек бұл бәсте елдің болашағы мен қоғамның дамуы тұрады. Одан бөлек, ісін дөңгелеткісі келген кез келген өндіріс не қызмет үшін өз аудиториясын тани білу маңызды. Ал мемлекеттік құрылымның басты аудиториясы – оның халқы.

Кезінде бәріне түсініксіз болған миллениалдардың алды бүгінде ел ағасы болатын жасқа келді. Олардың орнына технологияның қыр-сырын жетік білетін, смартфон мен интернетсіз өмірді елестете алмайтын Z ұрпағы келді. Әлемде күнде болып жатқан ғылыми-технологиялық төңкеріс пен саяси-әлеуметтік шиеленістер қазіргі жастарға қалай әсер ететінін, болашақта тұлға ретінде қалыптасуына нендей үлес қосатынын болжау мүмкін емес. Дегенмен Z ұрпақтың кейбір ерекшеліктерін қазірден байқауға болады.

Америкалық жазушы, білім саласын зерттеп жүрген маман Марк Пренски digital immigrants және digital natives деген екі ұғымды ұсынған. Біріншісі диджитал немесе цифрлы иммигранттар түсінігі технология дамығанға дейін дүниеге келген адамдарға қатысты айтылады. Олар – балалық шағы цифрлы құралдарсыз өтіп, өсе келе технологияны меңгеруге мәжбүр болған жандар. Ал digital natives деп аты айтып тұрғандай, цифрлы дәуірде туып өскендерді «диджитал дәуірінің тумалары» деуге болады. Олар өмірді басқаша елестете де алмайды. Дамыған елдер ғалымдарының бұл тұжырымдарын кез келген елде қолдана беруге болады, тек технологияның тұрмысқа қай жылдары ене бастағанын ескерсек болғаны. Өйткені АҚШ пен Қазақстанда күнделікті қолданыстағы жеке компьютерлер мен интернет бір уақытта келе қойған жоқ. Ал басқа жағынан ғалымдар айтқан әр ұрпаққа тән жалпылама қасиеттер бізде де кездеседі.



Бүкіл әлемде Z ұрпағының қатарында 2 миллиардтан астам адам бар, олар –1997-2009 жылдар аралығында туғандар. Жер тұрғындарының шамамен 30 пайызын құрайды және 2025 жылға қарай Z буынының 27 пайызы басты жұмыс күшіне айналады. Ол буынның медиамен таныстығы ерте басталды. Бұл ұрпақ өкілі өзінің алғашқы ұялы телефонын шамамен 10 жасында алды. Олардың көпшілігі ата-аналарының ұялы телефондарымен немесе планшеттерімен ойнап өскен. Олардың әлемінде байланысқа шектеу жоқ, қарым-қатынас құралы ретінде смартфонды көбірек қолданады. Жекелеген елдердің тұрғындары болмаса, көбісі соғыс көрмеген. Ата-анасының қаржылық қиындықтарын көріп өскен олардың өз капиталын дамыту, қаржылық сауаттылыққа деген ұмтылысы жоғары. Тіпті қазіргі пандемияның өзі олардың қалыптасуына үлкен әсер етуі мүмкін.

Z ұрпақты «зумерлер» деп те атап жүргендер бар. Сарапшылар оларды алдыңғы ұрпақтарға қарағанда нәсілдік және этностық жағынан да әртүрлі деп санайды. Дегенмен бұл ерекшелік АҚШ секілді көптеген этностардың басын қосқан елдерде басымырақ көрінеді. Сондай-ақ басты ерекшеліктерінің бірі – олар тарихтағы ең білімді ұрпақ атануға жақын. Дәстүрлі медиадан алыстап бара жатқандар да – осы зумерлер. Оның себебі де түсінікті. Айналасын тани бастағанда интернеттің не екенін үйренген бала үшін теледидар мен радио ескіліктің қалдығы секілді көрінеді.

Мәселен, АҚШ президенті Джо Байденнің бағдарламасында қоршаған ортаны қорғау, климат, энергетика саласына қатысты бастамалар кеңінен қамтылған. Оның бір себебі – президенттікке сайлау кезінде жақтастарының қатарына миллениалдар мен ересек зумерлерді қосу болды. Ал жастарды саясатқа тікелей қызықтыру қиын екені белгілі. Оның орнына табиғатты аялап, қоршаған ортаны қорғау мәселесі әлдеқайда жақын. Осы мәселеде ойын биік мінберлерден еркін айтып жүрген швед белсендісі Грета Тунберг көптің есінде болар. Бұл, бәлкім, өздері өмір сүретін ортаның болашағына алаңдауынан немесе технологияның ортасында өсіп, табиғатқа деген ерекше ықыласынан туындаған қызығушылық болуы мүмкін.

Осы секілді қарапайым мысалдан кез келген істе ұрпақтар ерекшелігін ескерудің маңызына көз жеткізуге болады. Қазақстандағы көптеген ұйымдардың жастармен байланыс орната алмауының себебі осыдан шықса керек. Басшылықта отырған жасы үлкен басшы өзінен кейінгі ұрпақтың сұранысын түсінбейді немесе мүлдем елемей жатады. Технологияда өзін суда жүзген балықтай сезінетін жас ұрпақ өзіне бағытталған хабарламаны қабылдай алмайды. Өйткені хабар таратушы оның тілінде сөйлеп тұрған жоқ. Оған ең қарапайым мысал ретінде әлеуметтік желідегі коммуникацияны алуға болады. Жаңадан мектеп бітірген жас түлекті оқуға шақырған университеттердің тарататын кітапшалары мен әлеуметтік желідегі баннерлерінің дизайны сын көтермейді. Компьютердің құлағында ойнайтын ұрпақ айқыш-ұйқыш жасалған суретке мән берсін бе? Миығынан күліп қоятын болар. Міне, осылай бүкіл бір ұрпақпен байланыс жоғалады. Осы алшақтық одан сайын еселенбей тұрғанда Z ұрпақтың «тілін» қазірден табу керек. Ертең олар оқу бітіріп, жұмысқа орналасып, қоғамның басты қозғалтқышына айналғанда алдыңғы ұрпақпен сабақтастығы үзілмейтініне кім кепіл? Алда әлі 2010 жылдан бері дүниеге келген альфа буын барын ұмытпайық. Өмір заңымен бір буын екіншісін алмастыра береді, ал ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыру – басты мәселе.

Бүгінгі қоғамда әлеуметтік желінің әлеуеті басым. Содан болар Z ұрпақ ғаламторда коммуникация құралы ретінде интернет-мемдерді (ағыл. meme – интернетте тарайтын тапқыр, кекесінді мағына беретін сурет немесе бейнежазба түріндегі ақпарат) жиі қолданады. Аталған буынның еңбекке деген көзқарасы да зерделеуді қажет етеді. Z ұрпақтың осы және өзге ерекшеліктерін «Global Web Index» (GWI) пен «Randstad» атты екі компания сауалнама нәтижесінде анықтады.

Өткен ғасырда ұрпақтарды латын әліпбиінің X, Y, Z әріптерімен белгілеу қалыпқа енді. Z буынға 1997-2012 жылдар аралығында дүниеге келгендер, яғни қазіргі жастар мен жасөспірімдер кіреді. «Global Web Index» компаниясы «Gen Z» туралы зерттеуіне 50 мем-

лекеттен 900 мың респондент қатысқан. Нәтижесінде, интернет пайдаланушылардың 73 пайызының өз ойын, эмоциясын интернет-мемдер арқылы жеткізу оңай әрі тиімді екені анықталды.


Соңғы уақытта Z ұрпақ арасында «BeReal» француз әлеуметтік желісіне қызығатындар қатары көбейген. Бұл платформа қолданушыға достарының дәл сол сәтте немен айналысып отырғанын көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеушілердің пайымдауынша, биыл бұл техно-өнім жастар арасында трендке айналуы мүмкін. Әлеуметтік желі демекші, жеткіншектердің 9/10-ы смартфон арқылы түрлі ойындар ойнайтыны анықталған. Демек мета-әлемнің негізгі аудиториясы – жастар.

Бүгінде Z ұрпақтың басым бөлігі оқуды аяқтап, жұмыс істеп жүр. Бірнеше жылдан кейін олардың еңбек нарығындағы үлесі едәуір артады. «EmploymentHero» компаниясының зерттеуі жастардың еңбекке деген көзқарасындағы 7 ерекшелікке назар аударады: олардың амбициясы жоғары болғанымен, мансапта ілгерілеуіне деген сенімі төмен; олар карьера жасау мүмкіндігінің жоқтығы, төмен жалақы мен ұжым мәдениетінің нашар болуына байланысты жұмысын жиі ауыстырады; жас қызметкерлер үшін жұмыс тәртібінің икемді болуы (онлайн және оффлайн) өте маңызды; жастардың талаптарына жұмыс орнында психологиялық көмектің қолжетімді болуы да кіреді; олар үшін «work-life balance», яғни жұмыс пен жеке өмір балансын сақтау маңызды; құжат айналымын цифрландыруды керек етеді; өздеріне ұнайтын жұмысқа ғана кіргісі келеді.

АҚШ-тың Z ұрпақ өкілдерін Американың басқа державалармен бақталастығы емес, қоршаған орта мен адам құқығы мәселелері көбірек толғандырады екен. «Carnegie» орталығы жүргізген зерттеуге сәйкес, респонденттердің жартысы үкімет қоршаған ортаны қорғауға басымдық беру керек десе, 12%-ы Қытай агрессиясын назарға алу керек деп санайды. Олардың пікірінше, өзге елдермен тату қарым-қатынас жасау сыртқы саясаттың негізгі бағытына айналуға тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Балабақшадағы экологиялық тәрбие. Отбасы және балабақша — 1996. №11-12/
2. Құлмағамбетов Т. Табиғат тануды оқыту әдістемесі – Алматы: Қазақ университеті, 1988
3. Керімбаева Р. Табиғат. Бала. Тәрбие. Отбасы және балабақша. – 1997. № 1 – 3.
4. Жұмабекова Ф.И. Көркемдік тәрбиені ұйымдастыру ерекшеліктері. \ \ Бақшадағы көркемдік тәрбие.
5. Құлмағамбетов Т. Табиғат тануды оқыту әдістемесі — Алматы, Қазақ университеті, 1988.



## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР**

**Ботабаева Адеми Еркебаевна**

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ, педагогика ғылымдарының кандидаты

**Құдайбергенова Дарина Дарханқызы, Есімханқызы Аружан**

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ, «БВ01702-Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының 2 курс студенттері, Тараз қ.

Белсенді өзгеріп жатқан қазіргі әлем жағдайында еңбек нарығы да тез өзгеруде. Кейбір мамандықтар пайда болып, танымалдылығы артса, енді басқа мамандықтар аз

сұранысқа ие болып, ұмытыла бастайды. Демек, «қандай мамандықты игерген дұрыс?» деген ой келеді.

Мүмкін сіз жақындарыңыз бен достарыңыздан кеңес сұрап, интернеттен ақпарат іздеп, таныстарыңыздың пікірлерін жинаған боларсыз. Сізге әртүрлі кеңестер беріледі: сүйікті ісіңізді іздеу немесе отбасылық кәсіпті жалғастыру немесе беделді, жақсы еңбекақысы бар мамандық таңдау.

Беделді мамандық көпшілікті қызықтырады және алдымен оқуға түскен кезде, кейіннен жұмыс орнына орналасарда байқауда жоғары болады. Сондықтанда жоғары табыс пен мансаптық жетістікке жету үшін талапкер қиын сынақтар мен үлкен бәсекелестікке дайын болуы керек. Талапкер бүгінгі таңда және болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтарды жаңа кәсіптер атласының көмегімен таңдауына болады.

Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы - бұл әр сала сарапшыларының пікірінше, қазірдің өзінде сұранысқа ие және жақын арада пайда болатын кәсіптер жинағы. Бұл атласта бізге жақын болашақта 5-10 жыл көлемінде үлкен сұранысқа ие болатын мамандықтар тізімі берілген.

5-10 жылдан кейін қандай мамандықтар өзекті болатынын анықтау үшін Foresight (Форсайт) әдістемесі қолданылды. Форсайт әдістемесі мынаны ұсынады:

- болашақты болжауға кепілдік берілмейді;
- болашақ біздің іс-әрекетімізге және қазіргі кездегі күш-жігерімізге байланысты;
- болашақта мамандықты дамытудың көптеген нұсқалары бар және біз өзімізге сәйкес келетін нұсқаны таңдай аламыз;
- болашақ нұсқаларды әзірлеудегі жетекші рөл өз саласында айтарлықтай тәжірибесі бар, саланың дамуына әсер ететін және болашақтың дамуына өзіндік көзқарасы бар салалық сарапшы – мамандарға тиесілі;
- болашақ нұсқаларды сала сарапшылары бірлесіп жұмыста және форсайт-сессия деп аталатын арнайы іс-шарада талқылау кезінде әзірлейді және келіседі;
- Форсайт-сессия жұмысындағы негізгі мақсат – кәсіби қызмет салаларының өзгеруіне әсер ететін, уақыт өте келе дамитын үрдістерді анықтау және талдау.

Анықталған трендтердің оң және теріс салдары болуы мүмкін.

Пайда болған жаңа технологиялар болашақ мамандардың оларды пайдалану үшін қандай құзыреттерге ие болуы керектігін анықтайды. Жаңа құзыреттерді біріктіру және топтастыру жаңа мамандықтарға қойылатын талаптарды қалыптастырады және оларға сұраныс 5-10 жылдан кейін жоғары болады.

Жаңа мамандықтарды қалыптастырумен қатар, инновациялық технологиялар кейбір мамандықтарды қажетсіз етеді және басқалардың өзгеруіне айтарлықтай талаптар қояды.

Болашақта сұранысқа ие болмайтын кәсіптерді жойылып бара жатқан кәсіптер деп атаса, ал болашақта қалатын, бірақ айтарлықтай өзгертін кәсіптерді трансформацияланатын кәсіптер деп аталады.

Сұранысқа ие маман болу үшін талапкер болашақ мамандықтардың бірін таңдауы керек. Сондай-ақ жойылып кету қаупі бар мамандықты таңдаудың қажеті жоқ.

Жаңа кәсіптер атласынан сіз 3 кәсіп тобының сипаттамасын таба аласыз:

1. Жаңа кәсіптер – әлі ресми түрде жоқ, бірақ жақын арада пайда болу ықтималдығы жоғары кәсіптер.
2. Трансформацияланатын кәсіптер - бұл бұрыннан бар кәсіптер мен мамандықтар, бірақ айтарлықтай өзгертін кәсіптер.
3. Жойылып бара жатқан мамандықтар – бұл жақын арада сұранысқа ие болмайтын кәсіп түрлері.

Қандай жаңа мамандықтар пайда болатынын, бар мамандықтардың қалай өзгертінін немесе жойылатынын қалай анықтауға болады?

Ескі кәсіптердің өзгеруі немесе жаңа кәсіптердің пайда болуы қандай технологиялардың дамитынына және болашақ мамандық трендтеріне байланысты. Трендтер - бұл қоғам мен экономикадағы өзгерістердің күшті тұрақты процестері. Олар

ғылыми прогреспен бірге инновациялық технологияларды тудырады. Кәсіпорындарда жаңа технологияларды қолдану жұмыс процесін өзгертеді. Қазіргі заманғы машиналар мен жабдықтар адамдардың көмегінсіз операциялардың бір бөлігін орындай бастайды, осыдан жойылып бара жатқан мамандықтардың тізімі пайда болады. Екінші жағынан, инновациялық технологиялар мен механизмдер жаңа еңбек міндеттерін орындап, жұмысшыларға жаңа талаптар қояды. Сала сарапшылары бұл өзгерістерді талдайды және қандай жаңа мамандықтар қажет болатыны туралы көзқарастарын айтады. Демек, жетекші трендтер ғылыми прогресс пен технологияларды ендірумен қатар, еңбек міндеттерінде өзгертеді және өндірістік қиындықтар туғызады, бұл кәсіптер құрамының өзгеруіне әкеледі.

Трансформацияланатын мамандықтардың көпшілігі қазіргі уақытта сұранысқа ие, бірақ олардың өзектілігін сақтау үшін мамандар жаңа техника, саладағы жаңа тәуекелдер мен мүмкіндіктерді талап ететін жаңа дағдыларды игеруі керек. Кәсіптердің атауы өзгермеуі мүмкін, бірақ мамандық ішіндегі біліктілік талаптарының деңгейі өзгереді. Кәсіптің бұл класын білімі бар және біліктілігін арттыруды жоспарлап жүргендерге зерттеу пайдалы. Мүмкін сіз дәл осы мамандықтармен айналысасыз немесе оларды игергіңіз келеді, сіз өз құзыреттеріңізді қай бағытта дамыту керектігін қарастыруыңыз керек.

Сондай-ақ, мамандар жойылып бара жатқан мамандықтарға назар аударуы керек. Мамандықтардың жойылуының екі негізгі себебі бар:

- автоматтандыру-цифрлық технологияларды дамыту жағдайында қол еңбегі мамандықтары да, қарапайым ақыл-ой еңбегі мамандықтарының бір бөлігі де азаяды, яғни олар автоматтандырылады;

- еңбек нәтижелеріне немесе қызметтеріне деген қажеттілікті жоғалту сонымен қатар кәсіптің біртіндеп жоғалып кетуіне әкеледі. Жақын арада аудармашы, сметашы, кітапханашы, турагент, даяшы, кондуктор т.б. сияқты мамандықтар жоғалып кетуі мүмкін.

Жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы 9 сала бойынша дайындалған. Талапкерге жаңа кәсіптердің Атласымен жұмыс істеуі ыңғайлы болуы үшін оны әмбебап үлгі бойынша әзірлеген. Ол алты негізгі трендке негізделген.

Жетекші трендтер:

1. Роботтар мен ақылды жүйелерді енгізуді тарату.
2. Цифрландыру және үлкен деректерді қолдану аясын кеңейту.
3. Шикізаттың табиғи қорларының сарқылуы.
4. Экологиялық нормаларды күшейту.
5. Y және Z буындарының өкілдеріне жаңа мамандық түрлерін ұсыну.
6. Халықтың тұтынушылық қалауының өзгеруі

Ұсынылған атласта келесідей кәсіби құзыреттіліктер таңдалады:

- жүйелік ойлау;
- салааралық байланыс;
- экологиялық ойлау;
- жобалар мен процестерді басқару;
- клиентке бағдарлану;
- бағдарламалау, робототехника, жасанды интеллект;
- көркем шығармашылық;
- көп тілділік және көпмәдениеттілік [1].

Қазіргі таңда трендте болып жатқан мамандықтар жасанды интеллектке байланысты. «Жасанды интеллект» сөзін алғаш рет 1956 жылы «Дартмут университетінде» өткен конференциясының преамбуласында Джон Маккарти қолданған [2].

Жасанды интеллект өздігінен жұмыс істейтін бағдарлама емес, ол құрылғыларға қондырылған кезде ақпаратты анықтап, сараптап, біріктіру арқылы белгілі бір шешім

шығаруға ұсыныс жасайды, ал кей жағдайларды сол шешімдерді өзі қабылдайды. Ең бастысы бұл тренд әлі де дамып, жалғасын табады [3].

Жасанды интеллектке байланысты келесі дей мамандық түрлері қолданысқа енеді [4]:

1. *Ауыл шаруашылығындағы болашақ мамандықтар.* Заманауи технологиялар - генетика, 3D басып шығару, жасанды интеллект және роботтар - ауыл шаруашылығымен айналысатын миллиондаған адамдарды ауыр физикалық еңбектен босатады. Көкөністер мен жемістерді өсіруді егістіктерден қалалық көпқабатты үйлердің төбесіндегі шағын фермаларға ауыстырады және жаппай мал сою мәселесін азайтады. Мысалы, жануардың жасушасын пробиркада өсіреді немесе 3D көмегімен басып шығару арқылы ет түпнұсқасының дәмін алуға болады.

- Агрокибернетик (агроинформатик) - ауыл шаруашылығы саласында заманауи ақпараттық технологияларды, автоматтандыру, деректерді талдау және жасанды интеллект жүйелерін қолданумен айналысатын маман.

2. *Логистика мен көліктегі болашақ мамандықтар.* Қауіпсіздік, тұрақтылық және логистика көлік саласындағы өзгерістердің негізгі қозғалтқыштары. Жерден ұшқышсыз теңіз және әуе кемелерін қашықтан басқарады. Қалалық көлік жүргізушілер «ақылды» жолдардың нұсқауымен ең қысқа жолды таба алады.

3. *Білім берудегі болашақ мамандықтар.* Біз қазір үздіксіз оқыту режимінде өмір сүріп жатырмыз - lifelong learning тұжырымдамасына негізделіп. Үнемі үйрену үшін жаңа құралдар мен тәсілдер қажет. Жалпы білім беру жүйесі сөзсіз әрбір оқушы мен студентке жеке көзқарастарының дамуына жағдай жасайды. Болашақтың тәлімгерлері мен педагогтері әр адамның талантын ерте жастан таниды және дамытады.

1. Жасанды интеллект негізіндегі білім беру курстарының авторы - оқушының білімі мен қызығушылығына негізделген онлайн курстарды әзірлейтін IT маманы. Ол жеке оқу бағдарламасын құруға, емтихан өткізуге, оқушыларды ынталандыруға және чат сұрақтарына жауап беруге қабілетті.

2. Онлайн білім беру платформасының үйлестірушісі - онлайн курстарды әзірлеуде сүйемелдейтін, оларды ұйымдастыратын және насихаттайтын, оқытушылар мен студенттердің қарым-қатынасын модерациялайтын, платформаны нақтылауға қойылатын талаптарды тұжырымдайтын білім беру мекемесінің немесе жобаның ішіндегі маман.

3. Жасанды интеллект мұғалімі - адамдарға жасанды интеллект мүмкіндіктерін барынша пайдалануға үйретеді.

4. Жадты оңтайландыратын маман - цифрлық импланттарды жадқа орнатады және қажетсіз ақпараттарды жою арқылы жұмыс жадының көлемін арттыруға көмектеседі.

4. *Туризм мен қонақжайлылықтағы болашақ мамандықтар.* Әлемдік экономикалар өсіп келеді, сондықтан көптеген адамдар саяхаттауға мүмкіндік алуға. Сондықтан туристер үшін сапарларды жоспарлау және ұйымдастыру, клиенттерге қызмет көрсету және кеңістікті жобалау тәсілін қайта қарастыру қажет болады.

- Виртуальды суретші - көрермендерді дрон оркестрлерімен қоршап, оларға дыбыстық және жарық шоуларын, көптеген жарық көздерінен керемет суреттер жасайды.

5. *Ғарыштағы болашақ мамандықтар.* Фантастика, ұзақ уақыт бойы армандаған нәрсе алдағы онжылдықтарда болуы мүмкін, адамзат алыс ғарышты жаулап алуға кіріседі [5]. Мұнда да жасанда интеллектке байланысты жаңа мамандықтар пайда болады.

Тәуелсіз мемлекетімізге құзыретті тұлға тәрбиелеу - өмір талабы. Өйткені, қоғамдық өміріміздің ертеңгі жалғасы бүгінгі білім алушы дейтін болсақ, оларға саналы тәрбие, сапалы білім беруге тиіспіз. Жалпы қорыта айтқанда міндетіміз - оқушылардың келешектегі мамандықтарына тандау жасай алуына ықпал ету.

Кәсіптік бағдар беру білім алушының қызығушылығын, қажеттілігі мен мүмкіндігін кеңірек ескеріп, танымдық қабілеттерін, шығармашылық ізденісін жан-жақты дамуына

жағдай жасау. Жарқын болашақтың білімді ұрпақтарын көбейтіп, елінің өркендеуіне әр кәсіптік бағдар беруші маманы үлестерін қосса, нұр үстіне нұр, болмай ма!

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Атлас новых профессий и компетенций (enbek.kz)
2. What is Artificial Intelligence? FAQ. Джон Маккарти, 2007.
3. <https://ult.kz/post/zhasandy-intellekt-zhane-onyn-turleri>
4. РБК Трендов. <https://trends.rbc.ru/trends/education/5d6e48529a794777002717b>
5. Ботабаева А.Е., Мамикова У.О. Кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал. – Тараз, 2024. – 90 б.



## **ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДЕР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Жиентаева Бегаим Жиентаевна**

Туран-Астана университеті,

педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Астана қ.

**Амангелды Арлен Елешұлы**

Туран-Астана университеті, 2 курс магистранты, Астана қ.

Бүгінгі күнде мамандардың кәсіби дайындығын гуманистік аспектісіз, тұлғаның рухани дамуының маңыздылығын ескермей, бір жақты қарастыруға мүлдем болмайды. XXI ғасырда ЮНЕСКО-ның пікірінше, жетекші ғылым психология, яғни адамның жаны туралы, оның өзіндік санасы мен өзін басқаруы туралы ғылым болуы керек. Көріп отырғанымыздай, адамның ақыл-ойына емес, оның жанына кездейсоқ баса назар аударылып отырылған жоқ. Әлеуметтанушылардың мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі кезде көптеген жастар адамның ақыл-ойын, интеллектісін басқа құндылықтардан артық көреді. Заманауи «білімді адам – тек маман немесе тек тұлға ғана емес, ол мәдениетті және өмірге дайын адам. Қарапайым әдеттегі өмір мен жолға қойылған өндіріске ғана дайын емес, сонымен қатар сынақтарға, күнделікті өмірдегі ауысуларға, өзгерістерге дайын». Осылайша білім көмегімен қалыптасқан адам ғана XXI ғасырда қоғам модернизациясының субъекті бола алады. Заманауи білім беру адамның бойында рухани және материалдық, сезімдік және рационалды үйлесімділік тұрғысынан, адамның космоспен, табиғатпен органикалық бірлігі тұрғысынан қарастырылатын біртұтас философиялық дүниетаным негізінде құрылуы керек. Қаншалықты таңданарлық, қаншалықты жалықтырған болса да, Қазақстан Республикасында гуманизация және гуманитаризация туралы заң қабылданды (1994 ж.) ол туралы көп айтылып және жазылып жүр, алайда, гуманизация – ол XXI ғасырдағы білім беруді адамзаттың бү-кіл мәселелерін шешудің маңызды құралы етуге көмектесетін негіз.

Қазіргі жаңа кезеңдерде ғылымдар жүйесінде, кәсіби өзіндік анықталу мәселесін зерттеу өзектілігі қоғам талаптарына орай еңбек сипаты мен мазмұнының аумақты, жылдам өзгеруіне байланысты кәсіби бағдар мен мамандық таңдауға психологиялық дайындықты қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық өңдеулерін жүзеге асыру маңызды сұрақтардың бірі болып отыр. Кәсіби бағдарлау мен кәсіби анықталу, соған орай, іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолдану, психологиялық, педагогикалық, практикалық кеңес беруді кеңінен қолдануды негіздеп көрсетеді.

Этномәдени білім беруде ұрпақтың кәсіби іс-әрекет пен мамандық таңдауға саналы дайындығының ішкі субъективті факторын зерттеу қажеттілігі әлеуметтік педагогика үшін әрқашан маңызды болып табылады.

Еліміздің экономикалық жағдайы, оның нарық жағдайына қаншалықты бейімделуі білікті мамандарға деген сұранысты қанағаттандыру мәселесіне байланысты болып отырғаны мәлім. Саяси-әлеуметтік және экономикалық реформаларды жүзеге асыруда бәсекелестікке қабілетті, кәсіби құзыретті маман даярлауда қоғамда болып жатқан экономикалық өзгерістер талабы жаңаша көзқарасты талап етіп отыр. Осыған байланысты болашақ маманның кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мәселесі қазіргі кезеңдегі психология, педагогика ғылымның алдында тұрған басты мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан қазіргі кезеңде болашақ маманның кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мәселесі өте күрделі және оны түбегейлі зерделеуді қажет етеді. Алайда, кәсіби бағдарлану жүесінің білімдер аймағында жетіспей жатқан жастарының бірі білім алушылардың ішкі әлемін, олардың қызығуын, білімділігін, қабілеттерін зерттеу және өзіндік бағалауларын, мамандық таңдауға байланысты зерттеу мәселелері жеткіліксіз.

Алғашқылардың бірі ретінде оқушылардың мамандық таңдау субъектерін арнайы зерттеген Петербург университетінің профессоры Н.И.Кареев болды. Оның жұмыстарында жастардың мамандық таңдаудағы түсініктері төмен және олар болашақ мамандықтың айналасындағы адамдардың ақылымен таңдайды деп көрсетілген. Мамандық таңдау себептерін тереңнен зерттеген Н.А.Рыбников болды, ол себептерді дифференциалды қарастырды, яғни, жынысына, жасына, тұрмыс жағдайына, ата-анасының мамандығына, т.б. байланысты.

Жалпы білім беретін мектептерде жоғарғы сынып оқушыларының кәсіптік бағдарын бақылау, болжау және түзетулер енгізу Республикадағы нарықтық қатынастарды реттейді, оқушылардың мамандықты дұрыс таңдауына және қазіргі кездегі еңбек ресурстарындағы өнімді күштерді айқындайтын болады. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы қатынастар олардың кәсіптік-біліктік құрылымдарының өзгеруіне басты себепкер болады.

Кәсіп – (профессия – латын тілінен аударғанда – мамандық дегенді білдіреді) адамның білімі туралы тиісті құжаттармен расталған кәсібінің, еңбек қызметінің негізгі түрі [1, 71б].

Мамандық таңдау – жасөспірім кезеңдегі қабылданатын маңызды шешімдердің бірі [1, 72]. Мамандық таңдаудың маңыздылығына байланысты бірнеше себептер бар. Әр бір адам қоршаған ортаның оны қабылдағандығын, оны бағалай және мақұлдай білгендерін, тәуелсіздікті және махаббатты қалайды. Бұған қол жеткізудің бір тәсілі оған эмоциялық қанағаттандыру алып келетін, қоршаған адамдардың арасынан оны бөліп көрсететін мамандықты таңдай білу болып табылады.

Қазіргі педагогика ғылымда жеке адам және оның дамуының ерекшеліктерін анықтауда түрлі бағыттарда (Б.Г. Ананьев, Л.И.Божович, А.Н.Леонтьев, А.В.Петровский, С.Л.Рубенштейн, Е.В.Шорохова және т.б.) неғұрлым эвристикалық тұжырымдамасын А.Н.Леонтьев берген [2.]. А.Н.Леонтьевтің пікірінше, тұлға – ерекше жүйені құрайды және индивидтің игерген сезімнен жоғары қасиетімен жеке адам болып дами отырып өзінің іс-әрекетімен көп жақты әлеуметтік қатынастарға түседі.

Шетел мектептері мамандық таңдау мәселесін тұлғаның педагогикалық психологиялық ерекшеліктерімен ұштастырады. Мамандық таңдау мәселесі тұлғаның әлеуметтік даму сатысына немесе формасы ретінде түсіндіріледі (А.Г.Здравомыслов, М.Х.Титма, А.Е.Голомшток, В.И:Журавлев, және т.б.).

Шетелдік әдебиеттерде мамандық таңдау мәселесін тұлғаның мотивациялық жүйесімен, жеке адамның мотивациялық сферасының иерархиялық құрылымы және оның бағыттылығымен байланыстыра зерттеген.

Мамандықты ақыл таразысына сала отырып таңдау үшін өмір жолына дұрыс бағыт керек. Ал өмір жолын таңдау жеке бастың ерекшеліктеріне, яғни өзін-өзі терең тану арқылы ғана іске асады.

Мамандықтың адам өміріне немесе оның өмір сүру салтына әсер етуі туралы балалармен әңгімелесе отырып «Біз қалай өмір сүргіміз келеді?» деген сұраққа жауап беруіміз керек. Бұл сұраққа жауап табу үшін жасөспірімге өзінің ерекшеліктерін білу, өзін-өзі танып түсіну, өз тілегінің бұл өмірдегі талаптарға қайшы келмеуін анықтау «өзін тану» бағытында ұзақ жолды жүріп өтуі шарт. Тек сонан кейін барып «сол» өмірді құру барысында қандай мамандықты таңдау керектігін шешеміз. Сонда ғана мамандықты таңдау нақтылы, әсерлі бола алады.

Мамандықты дұрыс таңдау үшін төмендегідей қажеттіліктерге назар аудару қажет:

1. Сіздің кәсіби қызығушылықтарыңыз бен икемділіктеріңіздің қандай екенін анықтап алыңыз. Қысқаша бір-ақ ауыз сөзбен «маған қажет» деп айтуға да болады.

2. Түбінде сіздің кәсіби жарамдылығыңыз бен мүмкіндігіңізді айқындайтын кәсіби маңызды қасиеттеріңізді – денсаулық, біліктілік және қабілет –бағалаңыз.

3. Қандай мамандықтар еңбек нарығында сұранысқа ие, қандай мамандықтар бойынша жұмыс табу мүмкін екендігін біліп алыңыз. Басқаша айтқанда, бүгінгі күні қаншалық «керек» екендігін айқындайды.

Яғни, егер жасөспірімдер «маған қажет», «қолымнан келеді», және «керек» сөздерін өзара байланыстыра алатын болса, кәсіби таңдауы да сәтті болады деген пікірдеміз.

«Қажет, істей аламын, керек» деген мамандық таңдау алгоритмдерінің ішінен «қажеттілік» жоғары қоямыз. «Ия, мен саясатшы бола алмаймын. Себебі, менің өзіме деген сенімділігім аз, бірақ қажет болса мен бойымдағы осы қасиетті дамыта алмын» - деген мысалдан біз қажеттіліктің жеке тұлға негізін қалайтынын байқаймыз. Ендеше, жеке тұлға аймағындағы жұмысқа сүйене отырып, сол арқылы тұлғаның мінезін, икемділігін т.с.с. жеке басының ерекшеліктерін дамытуына ықпал ету арқылы бейімделудің әсерін арттырамыз.

А.М.Кухарчуктың пікірінше, кәсіби өзіндік анықталу – мамандықты тәуелсіз таңдау және талдау нәтижесінде ішкі ресурстарды жүзеге асыру болып келеді. Осы сұрақтың маңыздылығын түсінсе де жасөспірімдер бұл сұраққа немқұрайлықпен қарайды. Олар үшін бастапқы кезеңде өз қатарынан қалмай, жоғарғы оқу орнына тұсу маңызды болады [3].

Және мамандық таңдау мәселесін адамның қабілетімен байланысты-рады. Өйткені мектеп бітірушілер мамандық таңдау барысында осы фактор-ларды басшылыққа алуыда мүмкін. Осыған сәйкес автор мамандықтың үш типін бөледі:

1. Кез-келген адам қызмет ете алатын немес орындай алатын мамандық;
2. Кез-келген адамның қолынан келе бермейтін, өзіндік талаптары бар мамандық;
3. Жоғары іскерлікті, қабілеттілікті талап ететін мамандық (Сурет 1).

Мамандық таңдау іс-әрекеттің күрделі түрі болғандықтан, ол ұзақ саналы ұғындырылатын мотивті қажет етеді. Себебі, бұл тұлғаның таңдап алынған мамандықты игеру жолындағы тұлғалық бағдарларымен қатар, оның жекелеген бөліктеріндегі оқыту белсенділігін ұйымдастыруға себепші болуы тиіс. Қазіргі кезде адамның белгілі бір кәсіп түрін таңдау және осы мамандықты игеруге деген ұмытылысы мен болашақ кәсіпке деген жағымды қатынастық мәселелері алғаш рет жеке бағыт ретінде Н.В.Кузьмина еңбектерінде қарастырылған.

Мамандықтардың сан алуан турлері бар болғандықтан, адамның өзінің қабілетіне, не тілегіне қарай таңдауы оңай мәселе емес. Көптеген психолог-тардың пікірі бойынша





## Сурет 1- Мамандықтың үш типі

(Э.Гинберг, И.Кон, Е.А.Климов және т.б) жоғары сыныптық кезеңде негізгі жаңа білім болып өмірлік және кәсіби өзіндік анықтау, болашақта өз орнын табу болып табылады.

Мамандық таңдау туралы Қазақстандық ғалымдар С.М.Жақыпов, Г.М.Кәрібаева, Ж.Т.Түрікпенұлы, Ж.Ы.Намазбаева, Р.Ш.Сабырова, И.А.Әбеуова, Ж.Ж.Бейсенова, жұмыстарында жасөспірімдер мен жеткеншіктердің өзіндік бағалау ерекшеліктерімен жасөспірім шақтағы өзіндік сана сезімдер жайлы олардың тұлғаның даму сатыларындағы әсері көрсетіліп, зерттелінеді.

Мамандық таңдау мәселесі ғылыми тұрғыдан өткен ғасырдың ортасынан басталады. Жалпы мамандық таңдау тұлғаның бойында кәсіби бағыттылықтың қалыптасуына негіз болады. Бұл туралы ой қозғаған Ф.Парсонс: «Теорияның негізінде үш факторды бөлу жатады: мамандыққа үміткердің психологиялық жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерделеу; мамандыққа қойылатын талаптарды зерделеу; кәсіптің талаптарына адамның ерекшеліктерінің сәйкес келуіне негізделетін алғашқы екі факторды салыстыру» - деген. Аталған теория кәсіби кеңес беру және кәсіби бағдарлау әдістеріне әсер етті. Аталған ұстаным өкілдерінің ойынша, кәсіби оқытудың тиімді әдістерін дұрыс таңдай отырып, кез-келген адамды әртүрлі мамандыққа үйретуге болады.

Д.Сьюпердің көзқарасы бойынша, кәсіби қалыптасу процесінің өзіндік ерекшелігі бар және ол оның қалыптасуы шарттарының қайталанбастығы көрінеді. Ғалым тұлғаның өзін кәсіби жұмысшы ретінде өзіндік түсіну процесіне ерекше мән береді. Оның еңбектеріне ұқсас шетелдік концепция-ларға Анна Анастаси және Леон Тейлордың психологиялық концепциялары жатады. Аталған авторлар мамандық таңдау субъекті тұлғаға ерекше мән береді. Бұл теориялар негізінде тұлғаны зерделеу, оның бағдарын, себебі, құрылым ерекшеліктері қарастырылады.

Авторлар ұсынған кәсіби кеңес берудің негізінде тұлғаның өзіндік түсінуі арқасында жатыр. Адамның мамандықты өзіндік түсінуі арқасында болашақ мамандықты саналы түрде таңдауына мүмкіндік береді. Бірақ аталған авторлар концепциясы негізі болып табылатын өзіндік түсіну механизімін түсіндірмейді.

Мамандық таңдау белгілі бір талаптар, ниеттер негізінде жүзеге асады. Әрбір кәсіби іс-әрекет - жеке адамның қиындықтарды жеңу қабілеттілігін, әрекеттерді орындауға байланысты жеке бастық кәсіби бағдарды, іскерлікті, кәсіби сана қалыптастыруды, білімділікті талап етеді.

Көптеген зерттеулерде ерекше орынды жасөспірімді кезеңді қарастыруды алады – балалықтан ересектікке өту шағы. Бір жағынан, бұл күрделі кезеңде жағымсыз көріністер бой көрсетеді, тұлғаның қалыптасуындағы үйлесімсіздік, оның ересектерге деген қатынасындағы мінез-құлқының қарсыласу сипаты.

Екінші жағынан, жасөспірімдік кезең көптеген жағымды факторлармен ерекшеленеді: баланың өз бетіншелігі өседі, басқа балалармен ересектер арасындағы барлық қатынастары неғұрлым көпжақты әрі мағыналы бола бастайды, оның іс-әрекет сферасы айтарлықтай кеңейеді және біршама өзгереді, өзіне, басқа адамдарға деген жауапкершілігі артады.

Жасөспірімдерде қиялдау, жасөспірімдік қиялдар олардың тұлғасы үшін маңызды орын ала бастайды. Осыған байланысты бірінші жоспарға мамандық таңдау сұрағы шығады, жасөспірім тұйықталып, өзінің меншікті әсерленулеріне бой алдырады.

Еңбекке деген дайындықтың қалыптасу негіздерін, әлеуметтік- кемелденудің қалыптасу динамикасын, қызығулар мен қажеттіліктерді, сенімділіктерді қалыптастыру жолдарын табу, психология ғылымы үшін әрқашанда өзекті мәселелердің бірі.

Мамандық таңдауда Ж.Айтмауытовтың жастарға айтқан ақылы шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді

берекелі болмақ, әр өнер, әр қызмет мемлекетке, әлеуметке қажет. Әлеумет те, мемлекет те, әр адамның еңбегі берекелі, пайдалы болуын тілейді, неғұрлым әр мүшесінің еңбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрғысы да тез оңалмақ» - дейді.

Мамандық таңдауда кісінің жеке қасиеттерімен кейбір жұмыстан берілетін ерекшеліктерін ескерту қажет. Бұл жерде өзін-өзі басқарып, қандай қасиет-қабілет бар екенін білуі қажет.

Әрбір мекеме өзіндік стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған кадр саясатын анықтайды және іс-шаралардың кешенін жоспарлайды. Осыған орай, үш құрамдас бөліктері: кадр саясаты, кадр стратегиясы және жоспарлау адами ресурстар жазықтығында орналасқан, жүйелік тұғыр оларды табысты жүзеге асыруға септігін тигізеді.

Түрлі мамандық адамға түрлі талаптар қояды, осыған орай, түрлі талаптар әлеуметтік мүмкіндіктер мен ресурстарға арналады.

В.Н.Маркованың «Басқару кадрларының тұлғалық кәсіби әлеуеті» атты зерттеуінде басқарушының тұлғалық дамуы мен оның кәсіби жетістіктері төмендегідей объективті және субъективті қарама-қайшылықтармен айқындалатындығын ескертеді:

- тұлғаның кәсіби іс-әрекетінде өзінің әлеуетін максималды жүзеге асыру мен кездейсоқ өмірлік қиындықтарды жою үшін ішкі ресурстар қорының қажеттілігі арасында;

- мамандықтың тұлға және оның мүмкіндіктеріне қойылатын талаптар арасында;

- тұлғаға деген сыртқы объективті талаптарын туғызатын қарама-қайшылықтармен қатар басқарушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктері арасындағы ішкі тұлғалық қарама-қайшылықтар маңызды роль атқарады [78, 123].

Қызметкердің тұлғалық дара қасиеттерін ескеру тез бейімделуіне, қалыптасуына және кәсібиліктің шыңына жетуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, бұл салада кәсіби мәнді қасиеттері басты копоненттері болып табылады.

Г.А.Журавлева кәсіпті таңдау мәселесін кәсіби бағыттылықпен байланыстыра қарастырады: мамандық таңдау мотиві, мамандыққа қызығушылық пен қанағаттану дәрежесі, мамандық шарттары мен мазмұны туралы түсінік деңгейі, маманның рөлдік қызметі, кәсіби іс-әрекеттің құндылық құрылымы [4].

А.А.Бодалев кәсіби бағыттылықты таңдап алынған мамандыққа байланысты іс-әрекетке деген жағымды қатынасты анықтайтын ішкі талпыныстар мен түрткілер жүйесі ретінде түсінеміз. Мұндай жүйеге жеке адамның жалпы бағыттылығына кіретін және жеке адамның мотивациялық жүйесін қалыптастыратын құрамдас элемент-тердің барлығын (қажеттілік, мотив, бағдар, құндылық бағдары, қызығулар, дүниетаным, идеал, сенім-наным) жатқызуға болады. Әр адамның мінез-құлқының негізгі сипаттарының бірі – оның бейімділігі, бағыттылығы. Бейімділіктің әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан дамуы адамның оқып, білім алуы мен тәрбиеленуі үшін маңызды екеніне ешкім күмән келтірмейді. Алайда әр адамның «бағыты» деген ұғымның өзі өте күрделі ұғым.

Әр жеке тұлғаның кәсіби бағыттылығын сезінуі қоғамдық болмыстың айнасы болып табылатын қоғамдық сананың қалыптасуы үрдісіне аса қажет.

Кәсіби бағдар сезіну

а) бір нәрсеге өз бетінше стихиялық түрде ұмтылу ;

ә) жеке жоспар ;

б) бір жүйеге келтірілген, ой-санадан өткізілген өмірлік жоба түрлерін-де болады.

Тек саналы түрдегі бағыт адамның сол кәсібін меңгеруге деген қоздырғыш күшін тудырады.

Педагогика ғылымдарының докторы Ж.Шоқыбаев «Өтпелі кезеңдегі кәсіптік бағдар» деген мақаласында: «Бізде, әзірше кәсіби бағдардың мәні мен құрылымы, сол құрылымның адамның жасына қарай өзгеруі туралы нақты көзқарас жоқ. Жеке адамның өмірдегі орны, оның психологиялық іс-әрекеттері, сол іс-әрекеттердің уақытқа, қоршаған

ортаға орай өзгеріске ұшырау себептері, оқу-тәрбие жұмыстарын бағытты жүргізу арқылы оның өмірде, қоғамда өз орнын табу ісі жете зерттелмеген» - дейді [5].


Педагогикалық және психологиялық зерттеулерде кәсіп таңдауға «дайындық» деген термин әр түрлі түсіндіріледі. Психологияда «дайындық» дегеніміз – адамның барлық психологиялық және физиологиялық жүйелерін арнайы іс-әрекеттерді орындауға шоғырлануы деп түсіндіріледі. Оның құрамына қажеттілік, қызығушылық, ұстаным, сапа, білім, білік, дағды т.б. кіреді.

Н.В.Кузьмина «дайындықтың» төрт компонентін көрсетеді: құрылым-дық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және гностикалық [6].

Н.Д.Хмель болса, кез келген іс әрекетке дайындықты үш компонент арқылы анықтайды: мотивациялық, мазмұндық және үрдістік [7].

И.Н.Назимов кәсіби бағдар берудің принциптерін анықтады:

- объективтілік және перспективтілік;
- әлеуметтік негіз бен белсенділік;
- нақтылық және сенімділік;
- тұлға белсенділігі;
- қолайлылық;
- жоспар және жүйелілік (Сурет 2).



Сурет 2 – Кәсіби бағдар берудің принциптері (И.Н.Назимов бойынша)

Кәсіби бағдар беруде оқушы тұлғасын зерттеу мәселесін қарастыра келе ол шешімін табатын бірқатар міндеттерді айқындады:

- ақпараттық дайындық деңгейін анықтау;
- таңдалған мамандықтың жеке тұлға ерекшеліктермен сәйкестігі;
- кез-келген мамандықта қажет болатын сапа мен қасиеттерді тәрбие-леу (мысалы, еңбексүйгіштік);
- өндіріс пен мамандық салаларын анықтау;
- мамандыққа қажетті сапаларды қалыптастыру жолдарын белгілеу [8].

Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеу еңбектері болашақ мамандарға кәсіптік бағдар беруді толық шешілді деп есептемейді. Бірақ мамандықты таңдау мен игеруге үлкен септігін тигізеді.

Болашақ мамандарға да мектеп оқушыларына ұқсас кәсіптік кеңес беріп отыру өте қажет. Қорыта келегенде, мамандық таңдауда төмендегідей кеңестерді ұсынамыз:

1. Сізді қызықтыратын, сіздің мүмкіндіктеріңізге сәйкес келетін және еңбек нарығында қажет мамандықты таңдаңыз.

2. Келешегі бар мамандық туралы өзіңіздің де, бөтеннің де көзқарасын саралап, дұрыс шешім қабылдаңыз. Сіздің қызығушылықтарыңыз бен қабілеттеріңізді таразыдан өткізгеннен кейін ғана мамандықтың болашақта маңыздылығын ескеру қажет.

3. «Қандай мамандық игерсем де, жалақысы жақсы болса екен» деген принциппен мамандық таңдамау.

4. Жақсы еңбек шартына оқудың қолжетімділігіне қарап, мамандық таңдаудан аулақ болыңыз.

5. Мамандықты ата-ананың бастырмалауымен немесе жолдасыңның ықпалымен мамандық таңдау қажет емес. Тек олардың көзқарастарына құлақ асып, мамандықты өзіңіз тағдағаныңыз жөн. Себебі, мамандық таңдау – сіздің жеке ісіңіз.

6. Мамандық таңдауда берілген іс-әрекет түрлерінің ерекшеліктерін ескерген дұрыс.

7. Мамандықтың сыртқы немесе қандай да бір жеке жақтарымен ғана әуестену қажет емес.

8. Мектепте оқу пәндерін мамандықпен теңестірмеңіз.

9. Денсаулыққа зияны бар мамандықтар болады. Мұндай мамандықтар аз болғанымен физиологиялық жүйенің ұзақ күш-қуатын талап етеді. Өзінің кейбір дене ерекшеліктері мен кемшіліктерін білмеу немесе бағалай алмауы – мамандық таңдауда теріс бағыт берушілердің бірі.

Болашақ мамандармен жүргізілетін жұмыстағы жетекші педагогикалық идея: жеке тұлғаның өзіне тән құштарлықтарына сәйкес оның негізгі мүмкіндіктерін іске қосу үшін, жүзеге асыру үшін жағдай жасау, өз болашағының әлеуметтік-мәнділік жағын анықтап алуы үшін көмектесу. Бұл кезеңде тәрбиенің маңызды қызметі оқушының өз мамандығын таңдауына көмектесу, өзінің отбасын құруына дайындау және азаматтық көзқарасы тұрғысынан әлеуметтік, Отанға деген белсенділігін қалыптастыру болмақ. Сондықтан, болашақ мамандарға берілетін еңбек тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттерін, мазмұны мен әдіс-тәсілдерін анықтағанда, тәрбие мәселесін кешенді түрде шешу басты орын алуы қажет.

Бұл міндеттерді табысты шешу қазіргі маманның білімі мен қабілетінің, кәсіптік шеберлігінің деңгейіне тығыз байланысты. Жастарды оқытуға, оларға кәсіби бағыттауға, кадрларды жан-жақты даярлауға егемендік еліміз барынша зор назар аударып отыр.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Бұлақбаева М.К. Жоғары білім беру жүйесіндегі педагогикалық шығармашылық /Монография. – Алматы, 2010. – 221 б.

2. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – М., 2000.

3. Кухарчук А.М., Ценциппер А.В. Профессиональное самоопределение учащихся. – Минск, 1986.

4. Түрікпенұлы Ж.Т. Кәсіптік бағдар /Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. – 144 б.

5. Шоқыбаев Ж. Өтпелі кезеңдегі кәсіптік бағдар //Қазақстан мектебі. – Алматы, 1997. №2. – Б. 77-81.

6. Кузьмина Н.В. Методы системного исследования /Учебное пособие. – Ленинград, 1984. – 172 с.

7. Хмель Н.Д., Алимухамбетова Г.Е. Школьник как субъект собственного развития //Вестник научно-педагогического центра. – 1994. - №16. - с.6.

Назимов И.Н. Экономические и педагогические проблемы профориентационной работы. – М.



## ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖОЛЫ

**Жиентаева Бегаим Жиентаевна**

Туран-Астана университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор, Астана қ.

**Тұрсынбек Әсем Серікбайқызы, Миртурдыева Нигина Мирфазиловна**

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ; «БВ01702-Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру  
бағдарламасының 2-курс студенттері, Тараз қ.

Қазіргі таңда қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшеліктерімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындады. Тәуелсіздік жолына түсіп, өркениетті отыз елдің қатарына қосылу мақсатын жүзеге асыруға кіріскен Қазақстан елі үшін халқымыздың ұлттық сана-сезімі мен ұлттың дүниетанымын қалыптастыру бүгінгі таңда аса маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан елімізде жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге септігін тигізуде. Бұл жөнінде «Мәдени мұра» бағдарламасында да нақтыланып айтылған: «...дәстүрлер мен әдет-ғұрыпты зерделеудің тұтастай жүйесін құру шеңберінде қазақ халқының тарихымен, материалдық және рухани мәдениетімен байланысты негізгі ғылыми проблемаларды зерттеу және танымал ету» [1].

Ұлттық-мәдени және педагогикалық мұраларымыздың қалыптасуына өз үлесін қосқан тұлғалар - Алаш зиялылары еді. Олардың мұраларындағы ең негізгі мәселелер – халқымыздың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оқу-ағарту ісін жандандыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, қазақ алфавитін жасау, жастарға ұлттық тәрбие беру, т.б.

Әр тарихи кезең өз ұландарын қалыптастырады. Қоғамның заңы мен уақыттың талап етуі бойынша бойында қабілеті бар жастардың өмір сахнасына шығуына негіз қалайды. ХХ ғасырдың басында жарқырап көрінген қазақ халқының кемеңгер ұлдары, яғни Алаш зиялылары - Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев, Абылаев А., М.Шоқай, Т.Рысқұлов., Арғыншиев С., Арғыншиев Н., Арыстанов Ө., т.б.

Алаш зиялыларының күшімен Алаш партиясының құрылғанына да 100 жылдан асты. Бұл партияның үш жыл ғана ғұмыры болды. Осы уақытта халыққа адал қызмет көрсетіп, соңында Алаш зиялылары сол кездегі билік тарапынан үлкен қудалауға ұшырады. Бірақ, Алаш зиялылары жас ұрпақтың жадында өшпейтін әлеуметтік-педагогикалық идеяларын, халқына деген патриоттық сезімін, бойындағы батылдығы мен батырлығын қалдырды. Алаш зиялыларының артында қалдырған ерен еңбектерін халық ұмытпайды. Уақыт өткен сайын Алаш зиялыларын зерттеушілер қатары көбейіп келеді. Сондай-ақ әр салада зерттелген жұмыстар саны баршылық. Бірақ әліде болса, зерттеуді қажет етеді. Олардың ағартушылық идеяларын оқыту үдерісіне ендіру маңызды мәселелердің бірі. Алаш зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі - Тұрар Рысқұлов.

Тұрар Рысқұлов Орталық Азия тарихының шежіресінде бастаушы көшбасшы, реформатор, ұлтшыл ретінде елеулі орын алады. 1894 жылы қазіргі Қазақстанда дүниеге келген Т.Рысқұлов Орталық Азиядағы түркі халықтарының автономиясын және мәдени болмысын бекітуге ұмтылған Алаш Орда қозғалысының негізгі тұлғасы ретінде көрінді. Оның мұрасы оның өмірінің шегінен шығып, аймақтағы белсенділер мен көшбасшылардың кейінгі ұрпақтарына әсер етті.

Т.Рысқұловтың ағартушылық қызметі 1920 жылдар мен 1930 жылдардың басында Қазақстанда қарқынды мәдени және идеологиялық өзгерістер кезеңінде өркендеді. Ол бір мезгілде қазақтың мәдени мұрасын сақтауды насихаттай отырып, сол кездегі революциялық рухты қабылдады. Рысқұловтың поэзиясы мен прозасында қарапайым қазақ халқының әлеуметтік сілкініс кезіндегі күресін жиі суреттеп, олардың өмірінің мәнін жанашырлықпен, көрегендікпен суреттейді [2].

Тұрар Рысқұловтың ең көрнекті шығармаларының бірі – қазақ халқының тарихын, азаттық пен тәуелсіздікке ұмтылуын баяндайтын «Ақмола» эпопеясы. Т.Рысқұлов жарқын образдар мен қуатты символизм арқылы ұлттық мақтаныш пен қайсарлық сезімін оятып, қазақ жазушылары мен зиялыларының ұрпақтарын шабыттандырды.

Т.Рысқұловтың қалыптасу жылдарын кейінгі империялық Ресейдің аумалы-төкпелі саяси-әлеуметтік жағдайы қалыптастырды. Қарқынды модернизация, этникалық шиеленіс және революциялық қызу кезеңде өскен ол Орталық Азиядағы қандастарының алдында тұрған қиындықтарды жақсы түсінді. Алғашында дәстүрлі медреселерде алған білімі кейін еуропалық идеялар мен социалистік әдебиетпен танысу арқылы толықтырылды. Міне, осы эклектикалық интеллектуалдық астар Т.Рысқұловтың болашақтағы белсенділігі мен идеялық бағытының негізін қалады.

1917 жылғы Ресей төңкерісінен кейін пайда болған Алаш Орда қозғалысы Орталық Азия автономиясы үшін күрестің бетбұрыс кезеңі болды. Т.Рысқұлов басқа да жас зиялылар мен қайраткерлермен бірге түркі халқының өз тағдырын өзі шешуге, мәдени жаңғыруға деген ұмтылысын айтуда шешуші рөл атқарды. Т.Рысқұлов Алаш Орда үкіметінің жетекші қайраткері ретінде оқу-ағарту, тіл құқығын және экономиканы дамытуға бағытталған саясатты жақтады. Бәсекелес топтардың қарсылығы мен сыртқы қысымға тап болғанына қарамастан, ол ұлт-азаттық пен әлеуметтік әділеттілік ұстанымдарына берік болды [3].

Т.Рысқұловтың Орталық Азияға деген көзқарасы жай саяси автономиядан да асып түсті; ол аймақтағы орныққан теңсіздіктер мен әділетсіздіктерді жою үшін әлеуметтік және экономикалық реформалардың шұғыл қажеттігін мойындады. Ол өзінің бүкіл мансабында жерді қайта бөлу, әйелдер құқығы және жұмысшылардың құқықтары сияқты мәселелерді қолдап, оған прогрессивті ойшыл және белсенді ретінде беделге ие болды. Т.Рысқұловтың Орталық Азия қоғамын модернизациялау мен демократияландыру жолындағы күш-жігері сол дәуірдің күрделі динамикасын көрсететін таңданыспен де, қарсылықпен де кездесті.

Т.Рысқұлов білім және мәдениеттің дамуына көп көңіл бөлді. Оның бастамасымен Ташкент қаласындағы Орта Азия университеті және С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) құрылды. Тұрар Рысқұловтың қаламынан ондаған кітаптар, кітапшалар, жүзден аса мақалалар шыққан. Қазақ халқының осындай керемет ұлының құрметіне Алматы қаласында даңғылға, Қазақ экономикалық университетіне де оның есімі берілген.


Қазақ халқының көрнекті перзенті, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов өзі өмір сүрген кезеңде туған елінің болашағы үшін көп нәрсе жасады. Рысқұловтың артына қалдырған өшпес мұрасы – саясат, экономика және рухани құндылықтар тақырыбына жазған публицистикалық, терең зерттеу еңбектері мен мақалалары бүгінде өз ұрпағына қызмет етуде [4].

Тұрар Рысқұловтың 1933 жылы 30 жасында мезгілсіз дүниеден өтуі келешегі зор әдеби жолын кесіп тастағанымен, оның мұрасы қазақ әдебиеті мен мәдениетінде әлі де жаңғыруда. Оның шығармалары лирикалық сұлулығымен, эмоционалды тереңдігімен, қазақ халқына деген мызғымас адалдығымен танымал болды. Т.Рысқұловтың ықпалы әдебиет аясынан да асып түседі, өйткені ол Қазақстандағы мәдени қарсылық пен ұлттық бірегейліктің символы болып қала береді.

Тұрар Рысқұловтың өмірі мен шығармашылығы басқаларды терең ойға бағыттайды. Оның өмірі көпті қызықтырады. Қазіргі уақыттың өзінде Тұрар Рысқұлов туралы деректер толық емес. Әр адам өз елінің осындай тұлғаларын ешқашан ұмытпауы қажет. Біз Тәуелсіз елімізбен мақтанамыз. Бұл еркіндік оңайлықпен келген жоқ. Қазақ елі еркіндікке жету үшін қаншама қиын қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар Қазақстан тәуелсіздік алды. 20 ғасырдың басында Алаш зияткерлері аңсаған еркіндікке қолжеткізген тұста бұрын тарихта жазылмаған ақтаңдақтар ақиқатын зерделеуіміз керек.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы. - Астана, 2007. – 34 б.
2. Ботабаева А.Е., Қалжан Н.А. Алаш қайраткерлерінің әлеуметтік - педагогикалық идеялары: Монография. – Алматы: TechSmith, 2023. – 80 б.
3. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел шежіре, 2008.- 360 б.
4. Тұрар Рысқұловтың өмірі <https://ppt-online.org/126662>



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Нурмаханова Арайлым Игентаевна, Сексенбаева Гулбагила Калдарбековна**  
Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназияның  
бастауыш сынып мұғалімдері, Тараз қ.

2020 жылдан бері Қазақстанның барлық жалпы білім беретін орта мектептеріне инклюзивті білім беру жүйесі енгізілді. Инклюзивті білім беру – ерекше білім қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық оқушылардың білім алуына тең қол жеткізуді қамтамасыз ететін үрдіс.

Ерекше білім қажеттігі бар білім алушылар – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, жалпы білім бағдарламаларын қажет ететін тұлғалар.

Білім беру ұйымдарының басшыларына инклюзивті білім беруді ұйымдастыру үшін жауапкершілік жүктеледі:

- оқу-тәрбие үрдісін басқару;
- білім бағдарламаларын оңтайландыру;
- кедергілерді барынша жою;
- мектеп пен қоғамның өзара байланысын арттыру;
- мектеп пен отбасы байланысын қамтамасыз ету.

Ата-аналар балаларды әлеуметтендіру және бейімдеу үрдісінде мүдделі: мектеппен бірлесіп әрекет етуге.

Жергілікті әкімшіліктер жалпы білім беру мектептерінде инклюзия үрдісінің дамуы үшін міндетті:

- жауапкершілікпен қарауға;
- белсенділік танытуға;
- қолдау көрсетуге.

Мұғалімдер ерекше баланы қалыпты ортаға қосу үрдісінің жеңіл өтіп, нәтижелі болуы үшін орындауы тиіс:

- оқу құралдарын түрлендіру;
- оқу материалдарын – оңтайландыру;
- оқыту формаларын оңтайландыру;
- білімді бағалау әдістерін оңтайландыру [1. 30-33 б.].

*Жалпы орта білім беретін мектептердегі Педагог-ассистенттің* қызметін ұйымдастыру инклюзивті білім беру процесінің жалпы құрылымындағы ажырамас құрамдас бөлігі. Педагог-ассистенттің негізгі қызметтік міндеті оқу процесінде баланы қолдау, оған оқу бағдарламасын меңгеруде балаға көмектесу, сонымен қатар Ерекше білім қажеттігі бар оқушылармен (бұдан әрі – ЕБҚ) жұмысты ұйымдастыруда мұғалімге көмектесу жатады. Педагог-ассистенттің ЕБҚ бар баланы қолдауы педагогикалық практикада жеке-бағдарланған, тұлғалық-бағдарланған тәсілдерді жүзеге асыру үшін кең

мүмкіндіктер береді. ЕБҚ бар балаларды қолдау аясында педагог-ассистенттің қызметі пәнаралық командаға қатысушылардың барлығымен тығыз байланыстағы және өзара іс-қимыл жасаудағы өлшеусіз еңбектен тұрады. Практикалық жұмыс тәжірибесі ЕБҚ бар балаларды қолдау командасының ұйымдасқан жұмысына әрбір маман өзіне жүктелген тар шеңбердегі кәсіби міндеттерді орындағанда ғана қол жеткізеді, баланы толыққанды білім беру процесіне қосу жөніндегі жалпы мақсаттарға жету жолындағы жұмыстарды да атқарады. Топтық жұмыстың табыстылық кепілі мынадай сипаттардан тұратынын бөліп көрсетуге болады:

- кәсіби қызметтегі және дүниетанымдық аспектідегі бағдарлардың жалпы құндылықтары;
- өзара кәсіби және тұлғалық қолдау;
- білім беру процесіне қатысушылардың барлығымен жүргізілетін жұмыстағы бірыңғай философиялық және әдіснамалық тәсілдер;
- балаға және оның отбасына деген қарым-қатынастағы кәсіби ұстанымдардың бірін-бірі толықтырушылық және мамандардың құзыреттілігі, олардың жұмыстың барлық кезеңдеріндегі тығыз ынтымақтастығы;
- бірыңғай кәсіби тіл және терминологиялық орта; - мамандар мен мұғалімдер бір-бірлеріне ұсынатын баланың ілгерілеушілігі, оның даму динамикасы туралы расталған ақпарат, сұранысты қалыптастырудағы белсенді ұстаным;
- жұмыс, әрі проблемалы, сыни жағдаяттардағы іс-қимылдың үйлестірілгендігі және нақты ұйымдастырушылық;
- қосымша әдістемелік, материалдық және басқа да ресурстарды тарту;
- күрделі кәсіби қоғамдастыққа қатысу.

Педагог-ассистент жұмысының мақсаты ЕБҚ бар баланы мектептің және сыныптың жалпы білім беретін кеңістігіне табысты қосу үшін жағдайлар жасай отырып, мұғалімге көмек беру. Бұл жұмыстың тиімділігі ЕБҚ бар бала өмірінің салаларын:

- 1) когнитивті (танымдық) саласын: білімі мен дағдыларын;
- 2) коммуникативті саласын: қарым-қатынас жасай білуін, қарым-қатынас жасау процесінде туындайтын әртүрлі жағдайлардан өз бетінше шыға білуін;
- 3) эмоционалдық саласын: сыныпта оқу процесіне психологиялық бейімдеуді, оқыту процесіне және мектеп ортасында болуға қатысты жақсы эмоционалдық көңіл-күйдің туындауын және оны сақтауды;
- 4) дербестігін – өз-өзіне қызмет көрсету, психикалық және физикалық реттеуді дамыту тұрғысынан анықталуы тиіс.

Ерекше оқушының мектепте болуы үшін жағдайлар шын мәнінде қолайлы және оның дамуына түрткі болуы үшін педагог-ассистенттің жұмысының негізінде, балаға сену, оның жеке тұлғасына шынайы қызығушылық, оның ерекшеліктерін қабылдау, ізгі ниеттілік, шыдамдылық, жүйелілік сияқты ұғымдар жатуы тиіс.

Сабақ кезінде оқушының белсенділігі педагог-ассистенттің бақылауында болады. Мысалы, педагог-ассистент оқушыға тақтадан неше сөз жазу керектігін айта алады, бір тапсырмадан екіншісіне көшу кезінде оған бағыт бере алады. Осылайша, педагог-ассистент қарамағындағы баланың білімін біртіндеп кеңейтіп және баланы сыныпта оқуға бейімделуге көмектесіп, оны оқытуды бақылауына алады. Ол сыныптағы екінші мұғалім. Мұндай тәсіл кейбір шетелдік (атап айтқанда, кейбір американдық) мектептерде таралған. Баланы өз бетінше оқуға қабілетсіз деп тану оның құқығын бұзушылық болып табылатындығына байланысты, дамуында ерекшеліктері бар бала оқитын сыныпта екі мұғалім жұмыс істейді, олар алмасып отырып барлық балаларға оқуға көмектеседі, ал дамуында ерекшеліктері бар балаға көп дәрежеде көмек береді. Балалар тобы үшін педагог-ассистент. Егер сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы біреуден көп болса, педагог-ассистент бірнеше оқушымен жұмыс істей алады.

Педагог-ассистент, күн сайын баланың сабақтағы және сабақтан тыс жай-күйі мен қызметін, оның барлық жетістіктері мен пайда болған қиындықтарын жазба арқылы



көрсетеді. Бұдан басқа, ата-аналар танысу үшін мектептің психологиялық-педагогикалық консультациясының отырыстарына ұсынылатын материал болғандықтан, баламен жұмыс істеудің тиімді формалары да көрсетіледі [2].

Инклюзивті білім берудегі психологиялық қолдаудың мақсаты - ерекше қажеттіліктері бар балаларға мектеп ортасына бейімделуге, дағдыларын дамытуға және кездесетін қиындықтарды жеңуге көмектесу. Психологтар жеке оқушылармен де, топтармен де кеңес беру, тренингтер және психологиялық ойындар өткізу арқылы жұмыс істейді.

Психологиялық қолдаудан басқа, инклюзивті мектептерде әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Ол барлық оқушылар өздерін жайлы сезінетін және бір-бірін қолдайтын сынып бөлмесінде қолайлы және достық атмосфераны құруға бағытталған. Әлеуметтік қолдау бағдарламалары әлеуметтік дағдылар бойынша тренингтерді, бірлескен іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастыруды, оқушылардың ата-аналарымен және отбасыларымен жұмыс істеуді қамтуы мүмкін.

Инклюзивті білім берудегі психологиялық және әлеуметтік қолдаудың маңызды құрамдас бөлігі әр оқушыға жеке көзқарас болып табылады. Педагогтер мен мамандар оқыту мен қолдаудың әртүрлі әдістерін қамтитын жеке оқу жоспарларын әзірлейді. Олар өз жұмыстарында әр баланың ерекшеліктерін, қабілеттері мен қажеттіліктерін ескереді, сонымен қатар оқу мен дамудың оңтайлы жағдайларын жасау үшін ата-аналармен және басқа мамандармен ынтымақтасады.

Инклюзивті білім беруде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен келесідей бағыттардағы тренингтерді жүргізуге болады:

1. Таныстыру тренингі.
2. Қимыл дағдысын қалыптастыру тренингі.
3. Сөйлеу дағдысын қалыптастыру тренингі, т.б.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1 Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П. Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет.

2 Педагог-ассистент қызметінің мазмұны мен ерекшелігі. <https://melimde.com/pedagog-assistent-izmetini-mazmni-men-ereksheligi-pedagog-assi.html>



## **ҚАЗІРГІ ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Жантурсынова Алия Кыясовна**

№ 15-гимназия география пәні мұғалімі, педагогика ғылымының магистрі,  
Тараз қ.

**Күзембекова Қымбат Сүйімбекқызы**

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының география пәнінің мұғалімі,  
Тараз қ.

Кез-келген ғылым қоғамдық сананың формасы ретінде сипаттамалық кезеңнен теориялық және әдіснамалық түсіну кезеңіне дейін дамудың күрделі жолынан өтеді. Кез келген ғылымның тарихы – бұл оның жетістіктері ғана емес, ең алдымен осы оқиғаны жасаған адамдар тобы екенін естен шығармаған жөн.

География - бұл барлық жаратылыстану ғылымдарын «біріктіретін» ғылым және бірнеше мың жыл ішінде ол ғылыми және ғылыми емес фактілердің орасан зор материалын жинақтады. Әр жинақталған мәліметтердің қазіргі жаһандық мәселелерді

шешудегі рөлі қандай, сонда біздің міндетіміз не? Мұндағы біздің міндетіміз қарапайым: біріншіден, географияны ғылым ретінде теориялық және әдіснамалық түсіну мен мұраның интеграциялық тәсілдері саласындағы негізгі жетістіктерді қарастыру болса, екіншісі иықтарына ауыр жүкті арқалап географияның дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін жоққа шығармай, қазіргі жаһандық мәселелердің шешіміндегі география ғылымының орнын айшықтай түсу және географиялық ойлауды мәнін ашу болмақ.

Географиялық ойлаудың мәні - кеңістік заңдылықтарына талдау жасай білу, геожүйелер мен олардың компоненттерінің арасындағы өзара байланыстарды қазіргі әлемнің географиялық картинасына түсінік беретін тарихи әдістемелер негізінде анықтау.

Географиялық өзекті мәселелерді қарастырудың негізгі **мақсаты** - табиғи және әлеуметтік-экономикалық кеңістіктің даму заңдылықтары, қазіргі заманғы адамзаттың ғаламдық проблемалары туралы түсінік және ғылыми дүние таным қалыптастыру. Ал, **міндеттеріне** тоқталсақ, олар:

- Географиялық зерттеудің және геоэкологияның қазіргі мәселелері, қоршаған ортаны рационалды пайдалану және қоршаған ортаның экологиялық жағдайы туралы білу және түсіндіру;

- Қазақстан аумағының гидроэкологиялық қауіпсіздігі және ауаның ластануы туралы мәселелерді талқылай алу;

- Қазақстан Республикасындағы экзогендік және эндогендік жүйелер моделін құрып, суреттеу.;

- Рекреациялық жүйелердің қазіргі жағдайы мен даму болашағы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың туристік әлеуеті, туристік инфрақұрылым дамуының қазіргі деңгейін саралау;

- Техника және технологияның дамуына байланысты географияда Жерді қашықтықтан зерделеу (ДҚЖ) және ГАЗ (географиялық ақпараттар жүйесі) технологияларды пайдалану жолдары мен тәсілдерін ұсынады, жорамалдау[2, 35].

География ғылымының өзекті мәселелерінің басым көпшілігі антропогендік іс-әрекеттің нәтижесі екенені өтірік емес. Ондай мәселерді шығу тегі бойынша 5 топқа жіктеп қарастырамыз. Олар:

Экологиялық	Экономикалық	Әлеуметтік	Саяси	Рухани
✓ зон тесігі	О ✓ амақ мәселесі.	Т ✓ мографиялық мәселе.	Де ✓ ғыс пен бейбітшілік мәселесі – ядролық соғыс қаупі.	Со ✓ «Б ұқаралық мәдениеттің деграциясы», моральдық-этикалық құндылықтардың құнсыздануы.
✓ рмандарды кесу	О ✓ аму тіректері: «S-S».	Д ✓ нсаулықты қорғау мәселесі (рак, ЖИТС, атипті пневмония.).	Де ✓ рамәкайшылықтың қалған полюстері, ықпал ету салалары үшін күрес (АҚШ-	Ад ✓ амдардың шындықтан елес әлеміне кетуі (нашақорлық).
✓ Парниктік эффект	« ✓ кономикалық өсудің шектері мәселесі.	Э ✓ пневмония.).	Ка ✓ рамәкайшылықтың қалған полюстері, ықпал ету салалары үшін күрес (АҚШ-	Ад ✓ амдардың шындықтан елес әлеміне кетуі (нашақорлық).
✓ оршаған ортаның ластануы	Қ ✓ өсудің шектері мәселесі.	Р ✓ өсудің шектері мәселесі (1 млрд. сауатсыз).	Біл ✓ өсудің шектері мәселесі (1 млрд. сауатсыз).	Ад ✓ амдардың шындықтан елес әлеміне кетуі (нашақорлық).


<p>✓ Т</p> <p>абиғи апаттар: тайфун, цунами, дауыл, су тасқыны, құрғақшылық</p>	<p>есурстардың сарқылуы.</p> <p>✓ Э</p> <p>кономикалық жаһандық.</p>	<p>✓ Эт</p> <p>никалық, конфессиялық қақтығыстар</p>	<p>Еуропа-Ресей-Азия-Тынық мұхиты аймағы).</p> <p>✓ Са</p> <p>яси жүйелердің айырмашылықтары (демократия, авторитаризм, тоталитаризм).</p>	<p>✓ Жа</p> <p>ппай компьютерлендіруге байланысты агрессия, жүйке-психикалық аурулардың өсуі</p>
<p>✓ F</p> <p>арыш пен мұхиттарды зерттеу.</p>			<p>✓ Те</p> <p>рроризм (халықаралық, ішкі саяси, қылмыстық).</p>	<p>✓ Ға</p> <p>лымдардың өз жаңалықтарының салдары үшін жауапкершілігі мәселесі.</p>

Барлық географиялық ғылымдар дамушы территориялық объектілердің кеңістіктегі арақатынасын зерттейді. Ғылым дамуы барысында географиялық зерттеулердің мақсаттары түрлене түседі, өйткені, жаңа объектілер мен жаңа әдістемелер пайда болады. [3, 17]

Қорытындылай келе, ХХІ ғасыр – дүниежүзілік қоғамдық тарихтың ғана емес, адамзат тағдырының да бетбұрыс кезеңі. Өткен ғасырдың барлық алдыңғы тарихтан түбегейлі айырмашылығы - адамзат өзінің өлмейтіндігіне сенімін жоғалтты. Ол өзінің табиғатқа үстемдігінің шексіз емес екенін және өзін өлімге әкелетінін түсінді. Шындығында, адамзаттың өзі бұрын-соңды бір ғана ұрпақтың өмірінде 2,5 есе өсіп, «демографиялық баспасөздің» күшін арттырған емес. Адамзат бұрын-соңды ғылыми-техникалық революция кезеңіне аяқ басқан, дамудың постиндустриалды кезеңіне жеткен жоқ, ғарышқа жол ашқан емес. Оның тіршілігін қамтамасыз ету үшін бұрын-соңды мұнша көп табиғи ресурстар қажет болған емес және оның қоршаған ортаға қайтарылған қалдықтары да соншалықты көп емес еді. Әлемдік экономиканың мұндай жаһандануы, мұндай біртұтас әлемдік ақпараттық жүйе бұрын-соңды болмаған. Ақырында, бұрын-соңды «қырғи-қабақ соғыс» бүкіл адамзатты өзін-өзі жоюдың шегіне жақындатпаған еді. Дүниежүзілік ядролық соғысты болдырмау мүмкін болса да, жер бетінде адамзаттың өмір сүру қаупі әлі де сақталады, өйткені планета адам әрекетінің нәтижесінде қалыптасқан адам төзгісіз жүктемеге төтеп бере алмайды. Қазіргі заманғы өркениетті құруға мүмкіндік берген адам өмірінің тарихи формасы өзінің шексіз көрінетін мүмкіндіктері мен ыңғайлылығымен түбегейлі шешімдерді қажет ететін көптеген мәселелерді тудырғаны барған сайын айқын бола түсері анық.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Дерябо С. Д. Экологическая педагогика и психология : оқулық = Сравнительная педагогика : учеб. для вузов / С.Д. Дерябо, В.А. Ясвин. – Ростов-на-Дону, 1996. – 306 бет.
2. Ақашева Ә.С. География мен экологияны оқыту әдістемесі : университеттер студенттеріне арналған оқу құралы / Ә. С. Ақашева, К. Ж. Дүйсебаева. – 2-ші басылым. – Қарағанды, 2012. – 166 бет.
3. Гарапова Г.С., Женсикбаева Н.Ж. География пәнінің мұғалімдеріне арналған күнтізбелік жоспарлар үлгілері : университеттер студенттеріне арналған оқу құралы / Г.С. Гарапова, Н.Ж. Женсикбаева. Өскемен, 2010. – 91 бет
4. Максаковский В. П. Географическая культура. М.: Изд-во Владос, 1998.
5. Преображенский В. С. Быть географом // Газета география, 1998. №23.



## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАСЫМ БАҒЫТТАР**

**Жусупова Гульжанат Касымовна**

Д.М.Карбышев атындағы № 16 орта мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

**Тлепова Алия Сериковна**

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ; «БВ01702-Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, Тараз қ.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің дамуына бағыт-бағдар беріп отырған Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы. Оның мақсаты - қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды тәрбиелеу және оқыту, ғылымның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесін арттыру [1].

Демек, қазіргі таңда Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің ахуалы оның төмендегідей даму үрдістерін айқындайды:

- білім философиясының жаңартылуы;
- жоғары білімнің жаңа парадигмаларын енгізу;
- білім жүйесін басқарудың тиімді әдістерін іздеу;
- ғылым мен білімнің интеграциясы;
- білім жүйесінің мемлекеттік стандарттарын жетілдіру;
- білімді ақпараттандыру және білім берудің жаңа адекватты технологияларын жасап шығару;

- болашақ мамандардың трансверсалды дағдыларын қалыптастыру;
- білімділік пен жоғары мектеп түлектерінің кәсіби біліктілік деңгейін көтеру.

Осыған орай, қазіргі білім беру саласында әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан алғандағы басты мәселе – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын болашақ педагогтарды даярлау. Себебі, өскелең ұрпаққа білім беріп, тәжірибе бөлісіп, бағыт-бағдар, жол көрсету – педагогтардың міндеті [2].

Қазіргі білім беру жүйесі адамдардың мақсаттарын өзгертті және білім беру бағдарламаларына дағдылардың барынша кең тізбегін енгізді. UNESCO қабылдаған негізгі халықаралық құжат «тұрақты даму мақсаттарын», сонымен қатар, танымдық, әлеуметтік-эмоционалды және мінез-құлық нәтижелерін анықтады. Бұл ақпараттар Қазақстандағы білім беру жүйесінде өте маңызды.

Барлық елдердің арасында адамдардың бойында бәсекеге қабілеттілігін ұзақ уақытқа әрі тиімді қалыптастыратын стратегия - білім беру жүйесін жетілдіруде орын алмақ. Белгілі бір бағыттағы осы дағдылардың әр түрлі конфигурациясына, ғылым, технология және тағы басқа салаларды орын алған өзгерістерге қарамастан, адамзат табысты болу үшін негізгі құзыреттер жиынтығы ретінде қалыптасқан. Осыған орай, кез келген білім дағдысына аса көңіл бөлу- қазіргі күнгі міндеттер қатарын толықтыратыны анық.

Қазіргі кезеңде тәуелсіз еліміздің ертеңі - жастардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ - ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Бүгінгі таңда педагогика ғылымдарының өзекті мәселелерінің бірі - оқушыны тұлға ретінде қалыптастыру процесі, оны жан-жақты дамытуда, білім беруде, ғылым-білімнің соңғы жетістіктерін қолданып, дүниеге көзқарасы кең, саналы, рухани бай азамат дайындау.

Әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциясы жоғары оқу орындарына жаһандық тенденцияларды ұстануға мүмкіндік беретін жаңа модельдер құруды қамтиды. Алайда, көптеген шешілмеген проблемалар мұндай реформалардың көптеген аспектілерін тежейді. Еліміздегі білім берудің негізгі мәселелері:

- білім беру бағдарламаларының икемділігінің жеткіліксіздігі және еңбек нарығы мен бизнестің нақты талаптарына әлсіз реакция;

- білім беру ұйымдары құрылымының және экономика мен әлеуметтік салаға қойылатын талаптардың сәйкес келмеуі, сондай-ақ сапасыз білім беретін жоғары оқу орындары санының едәуір ұлғаюы;

- жоғары оқу орындары түлектерінің білімі мен дағдыларының сапасын бағалау үшін бақылау мен бағалаудың тиімді жүйелерінің болмауы;

- профессор-оқытушылар құрамы мен профессорлар құрамының кәсіби деңгейінің төмендеуі;

- көптеген жоғары оқу орындарында ескірген материалдық ресурстар мен оқу жабдықтары, олардың жаңартылу ықтималдығы.

Педагогикалық білім барлық деңгейлерді қамтиды: мектепке дейінгі, бастауыш, орта, кәсіптік және ЖОО бітіргеннен кейінгі. Әсіресе, педагогикалық мекемелер оқу үшін нақты мамандарды мақсатты түрде дайындайды. Бұл мамандардың кәсіби құзыреттілігі педагогикалық мәдениетке байланысты, ал басқа жоғары оқу орындарында түлектердің ішкі даму мәселелерін елемеу үрдісі байқалады. Жаңғырту, қайта құру және оңтайландыру үшін жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жоюдың барлық әрекеттері әлемдік үрдістерге қайшы келіп қана қоймай, мемлекеттің білім беру қағидаттарына нұқсан келтіреді.

Мектепте білімді дамыту мәселесін шешу үшін біріншіден мектептің даму жоспары құрылып, оның ішінде 6 басымдықтың жүзеге асуына көңіл бөледі. Соның ішінде 3-інші басымдық «Мұғалімдердің іс-тәжірибесіне сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсілдерін енгізу» мақсатын көздейді. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек.

Қазіргі қоғамдағы жылдам өзгерістерге ұшыраған заманауи педагогика бірқатар күрделі міндеттерге тап болады. Педагогика жаңа ұрпақты дамыту мен тәрбиелеуде шешуші рөл атқаратындықтан, бұл міндеттер ерекше назар аударуды және тиімді шешімдерді іздеуді қажет етеді. Сондай өзекті мәселелерге төмендегілер жатады [3]:

*Білім беруді цифрландыру.* Ақпараттық технологиялардың дамуымен білім беру процесі цифрлық революцияны бастан кешуде. Қазіргі қоғам күн өткен сайын осы технологияларға көбірек тәуелді. Бір қарағанда, бұл оқуды жақсартудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады. Алайда, технологияларды қолданудың өсуімен білім сапасы, оқуға қолжетімділік туралы сұрақтар туындайды. Технологиялық процеске бейімделудің жеткіліксіздігі қазіргі қоғамда көптеген проблемаларды туғызады. Көптеген оқу орындары қарқынды дамып келе жатқан қоғамдағы заманауи технологиялардың маңыздылығын ескермей, ескірген оқыту әдіс-тәсілдерін қолданады. Бұл мәселені шешу үшін мұғалімдер білім беру процесіне заманауи технологияларды енгізуі керек. Бұл интерактивті тақталар, онлайн курстар, оқыту платформалары мен оқуды нәтижелі ететін басқа құралдар болуы мүмкін.

*Білім берудің әлеуметтік және эмоционалды аспектілері.* Өзекті мәселелердің бірі - оқушылардың психологиялық және эмоционалды жағдайына назар аудару. Стресспен, мазасыздықпен және әлеуметтік мәселелермен күресу педагогикалық жұмыстың ажырамас бөлігіне айналады. Көптеген оқушыларда әлеуметтік проблемалар бар, олар айналасындағылармен байланыс орнатуда қиындықтарға тап болады, қарым-қатынас жасай алмауынан зардап шегеді. Бұл мәселені шешу үшін оқу бағдарламасына оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы сабақтар, курстар


кіруі керек. Бұл бірлескен жобалар, топтық тапсырмалар, топтық іс-шаралар болуы мүмкін.

*Жеке тұлғаны қалыптастырудағы мектептің рөлі.* Мектеп оқушылардың құндылықтарын, дағдылары мен дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі педагогтер оқу міндеттері мен азаматтық және моральдық жауапкершілікті қалыптастыру арасындағы тепе-теңдікті сақтау міндетіне тап болады. Қазіргі білім беру процесі әр оқушының жеке басының дамуына ғана емес, сонымен бірге оқушының жетістікке жетуге деген ұмтылысы болуы үшін өзін-өзі дамытуға ынталандыруға бағытталуы керек. Барлық оқушылар оқу процесіне жеткілікті қызығушылық танытпайды және көп күш жұмсамайды. Әркім өзінің жеке дамуы үшін оқу процесінің барлық маңыздылығын түсінуі үшін оқушылар үшін ынталандырушы жағдай жасау маңызды. Ол үшін оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану, оқу процесін қызықты және практикалық тапсырмалармен байыту қажет.

Қорытындылай келе, қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың қажеттіліктеріне бағытталған болуы керек деп айтуға болады. Білім беру жүйесі кешенді тәсілді және әдістерді үнемі жаңартуды қажет етеді. Бүгінгі педагогтер көптеген қиындықтарға тап болады, бірақ олардың жұмысы біздің қоғамдағы ең маңызды және ықпалды салалардың бірі болып қала береді. Білім беру саласы келешек ұрпақты саналы болуына, олардың рухани бай болуына үлкен үлес қосады. Жалпы орта білім беретін мектептер тек оқушылардың білім деңгейін жоғарылату үшін ғана қызмет етпейді, ол кез келген жасөспірімнің тұлға болып қалыптасуына үлес қосады. Қазіргі заманғы мектептер білім деңгейі жоғары, жан-жақты және мамандандырылған біліктілігі бар мұғалімдерге мұқтаж. Білім берудің жаңа жаһандық тенденциялары мектептің жаңа түрін жасайды: оқушылардың жеке әлеуеті мен рухани мәдениетін дамытуға бағытталған гуманистік, ауыспалы педагогикалық шығармашылық мектебі. Педагогикалық білім қазіргі мектептің күрделі және өзара тәуелді әлеміне ену үшін жаңа дағдылары, кең білім базасы және құзыреттілік жиынтығы бар тұлғаларды дайындауы керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2020.
2. Ботабаева А.Е. Жоғары мектеп педагогикасы: Магистранттарға арналған оқулық: – Алматы: 2023. – 271 бет.
3. <https://bilimger.kz/112728>



## **ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР МЕН ҚҰРАЛДАР**

**Шантаева Гульнар Агабековна**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, көркем еңбек пәнінің мұғалімі  
№54 орта мектебі, Тараз қ.

**Маратова Аружан Нұрбекқызы**

Ш. Мұртаза атындағы ХТИИ, 2-курс студенті, Тараз қ.

Ұлттық тәрбие беру үдерісінде педагогикалық ықпал етудің толып жатқан әдіс-тәсілдері, амал-жолдары қолданылады. Оқушыларға ұлттық тәрбие беру үдерісінде педагогикалық ықпал етудің тиімді әдіс-тәсілдері: балаларға қайырымды, ілтипатты қатынас жасау, баланың адал, адамгершілік сезімдерін ояту, жанама ықпал жасау,

моральдық қолдау, өзіне деген сенімін нығайту, сенім артуға түсіндіру, көрсету, ақыл айту, өнеге беру, өтініш жасау, жаттықтыру, мақтау, мадақтау, тұспалдап айту, ескерту, реніш, наразылық білдіру немесе ашулану, айыптау, бұйыру, еркелете кінә арту, жалған енжарлық көрсету, алғыс айту, алғыс бата беру, қарғау, т.б.

Балаларға педагогикалық тұрғыдан ықпал жасаудың ең кеңінен тараған әдісі – *тұспалдап айту*. Онда алмастай өткір сөздер, әзіл сөздер көп. Тұспал сөздер үлкенге де, балаларға да айтылған және образды, абстрактілі ойдың дамуына жәрдемдескен. Үлкендер арасында, ақындар сайысында, той-думан, спорттық жарыс, ойын барысында, еркін қарым-қатынас кезінде астарлы сөзді (әдетте, әзіл-қалжың) неғұрлым жиі пайдаланылады. «Ымды түсінбеген дымды түсінбейді», «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» деген халық мақалдары соны аңғартады. Бір жақсы қасиет ойын-сауықтарда нақты бір адамды ренжітіп алмау үшін тұспал сөз біреуге қадап айтылмайды. Бұл сыйластықтың үлгісі [1. 108 б.].

*Бата* – арабтың «фатеке» деген сөзінен шыққан, адам баласына жақсылық ойлау, оған тілек айту, қазақ халқының дінге байланыссыз, алғашқы қауымнан қалыптасқан дәстүрі. Сонымен бата-тілектер жастарды жақсы сөзбен жарылқап, еңбекке ынталандырып, отбасы татулығын күшейтуге айрықша әсер етті. Ол – халықтың рухани қуат алатын құдіретті сенім күші. Ол талапты жастарға үлкендер жақсы ісіне риза болған жағдайларда берілген ұлы адамдар мен ел ақсақалдарының ақ тілегі, әрі өмірлік жолдамасы. *Тілек*– батаның «ұсыныс» түрі.

*Ұлттық тәрбие құралдары*. Ұлттық тәрбиеде құралдардың негізгісі ұлттық өнер болып есептелді. Қазақ халқында өнер туралы жазылған және айтылған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер де аз емес, мәселен: 1. Өзін елге іздеттірсе – өнердің қасиеттілігі.

2. Өнеге желісі үзілмесе,

Өнер өрісі де үзілмейді.

3. Өнер – таусылмас азық,

Жұтылмас байлық.

Ұлттық тәрбие құралдарына келесі өнер түрлерін жатқызуға болады: халықтың фольклорлық өнерін, ән өнерін, сәндік-қолданбалы өнерін, би өнерін және халықтың ұлттық ойындары. Енді осы құралдарға қысқаша тоқталып, сипаттап берейік.

*Халықтың фольклорлық өнеріне* – мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегі-аңыздар жатады.

Мақал-мәтелдер ғасырлар бойы жинақтаған халық даналығының рухани көрінісі. Мақал-мәтелдерді оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану арқылы жастардың бойына адамгершілік, отан сүйгіштік, эстетикалық, еңбек сүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға болады. Мақал-мәтелдер өзара тығыз байланысып, бірін-бірі толықтырып жататын даналық көзі.

Мақал дегеніміз – өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысында шарт немесе жалпы пайымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтатын бітімі бекем, өте ықшам, бейнелі әрі ырғақты халық нақылы. Мәселен, «Көңілі пәктің, көрері ақ».

Мәтел дегеніміз – халық арасында көп тараған, қорытындысы болмайтын, тұжырымы тиянақталмаған, қарама-қарсы теңдестіруі жоқ, ықшам кестелі халық сөзі. Мәселен, «Көппен көрген, ұлы той». Мақал-мәтелдер көлемі жағынан аз, яғни тобықтай сөздің тоқ етерін қысқа, әрі нұсқа сөзбен, не астарлап жеткізеді [2. 5 б.].

Ал қазақ мақал-мәтелдері сан жағынан көп, мазмұны жағынан кең, мағынасы жағынан терең. Бұл жөнінде атақты ғалым, лингвист, этнограф, археолог және қоғам қайраткері В.В.Радлов былай дейді: «Қазақтың ақыл-ой, қабілетінің зор екеніне барған сайын көзім жете түсуде, қандай әсем сөйлейді. Айтқысы келгеннің бәрін тез түсіндіреді, қарсыласының да сөзіне шебер тойтарыс бере біледі. Тіпті балалардың ақыл-ойы есі де тез жетіледі. Ойын дәл ұғындыра алады» [3. 5 б.]. Мысалы:

1. Өзге елде сұлтан болғанша,

Өз елінде ұлтан бол.

2. Қояндықамыс,

Жігітті намыс өлтіреді.

Фольклорлық өнердің елеулі туындыларының бірі - жұмбақ айту. Ол әр халықтың әріден келе жатқан дәстүрінің бірі. М.Әуезов «Жұмбақтар туралы» еңбегінде, қазақтың ертедегі әдет-ғұрып салтында жұмбақтың ерекше орын алғандығын айта келіп, былай деген: «Кейде бүкіл бір ертегі жұмбақтан тұрады. Әңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады. Ертеде ердің даналығын, жүйріктігін жұмбақпен сынауға машық болған». Бұл – тарихи шындыққа негізделген пікір.

Жұмбақтардың тақырыптары былай топталады: жаратылыс-табиғат; адамның анатомиясы және іс-әрекеттері; жан-жануарлар тіршілігі. Жұмбақтардың бәрі де жастардың ой-өрісін, білім қорын кеңейтуге дүниетанымдық-эстетикалық көзқарасын, талғамын қалыптастыруға көмектеседі. Көбіне халқымыз әдептілікті күнделікті өмірден, табиғат құбылыстарынан, адамдардан көрген және оның теңестірмелі түрде берген [4. 129-130 б.]. Мысалы:

Бір нәрсе өзі түкті шұбар ала,

Сипаты бек асып тұр көрсең жаңа.

Ішінде шығар жері қиын екен,

Егер де қолға түссе болар пана.

(Пұшпақ, ішік)

Қазақтың фольклорлық өнерінің көрнекті туындылардың бірі – жаңылтпаштар. Ол бала тілін ширатудың қолайлы құралы және ол белгілі бір мағынада құралады, дүниетанымдық, тәрбиелік мәні бар. Жаңылтпаш балаға ана тілінің бай қорын игеруге, таза, майда, анық сөйлеуге көмектеседі, тапқырлыққа сөз мағынасын тез ұғып, оны жылдам сол қалпында айнытпай есте сақтап, қайталап айтуға үйретеді.

Қазақ халқында, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің тиімді құралдарының бірі – ертегілер. Ертегілер көбінесе, қара сөз ретінде айтылмағандықтан, оның халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесі деп қараймыз. Орыс педагогы К.Д.Ушинскийдің: «Ертегілер орыстың халықтық педагогикасының алғашқы және тамаша талпыныстары, сондықтан әлдекім бұл жағдайда халықтың педагогикалық данышпандығымен бәсекеге түсе алады деп ойламаймын», - деуінде терең мағына жатыр.

*Тәрбиелік мүмкіндіктері:* ұлағаты мол мұрадан қалған халықтың фольклорлық өнері – жастар бойында (оқу-тәрбие үдерісінде) этнопедагогикалық шеберліктер мен эстетикалық талғамды шыңдап, дамытып, жетілдіріп отыруына көмектеседі. Осы жерде ескере кететін ерекше жәйт, бұл жастардың таным деңгейі мен жас ерекшеліктеріне көңіл бөлу. Ендеше, оны жас ұрпақ тілі мен ұлттық санасын дамытуда, көкірек көзін ашуда, еліміздің тарихын жетік білуде, әсемдікті түсіндіруге, адамгершілік және т.б. қасиеттерді қалыптастыруда олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып кеңінен, әрі орынды пайдалана білу керек.

2. *Халықтың музыка өнері.* Қазақ халқы бұрыннан әнге, өлең-жырға бай. Мұны ұлы Абай атамыздың төмендегі өлең шумақтарынан байқауға болады.

1. Құлақтан кіріп бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй.

2. Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Әннің тәтті оралған мәні оятар.

3. Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,

Қазақтың келістірер қай баласы.

Мұнда Абай өлеңнің ішкі мазмұнындағы сөз әсемділігінің адамға жағымды әсері туралы айтып отыр.



Ақын, шешен ұстаздар, әдетте, өнер қуған талапкерлерге елдің ежелгі әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын таныстыра жүрген. Батыл да, тапқыр жастарды қасына ертіп жүріп, білгенін үйретіп, үнемі көтермелеп, қолдап отырған. Бабамыз әл-Фараби өзінің ғылыми еңбектерінде адамгершілік-имандылық тәрбиесін қарастыра келіп, халық музыкасы арқылы жастарға әсемдік тәрбие беру мәселесі туралы келелі ой-пікірін айтады. Халықтық музыка «...жақсы көңіл күйге, адамгершілік тәрбиеге жәрдемдеседі, тепе-теңдікті жоғалтқандардың мінез-құлқын сабасына түсіреді және әрі кемеліне келтіреді... Бұл музыкаға тән сұлулығы үшін де пайдалы, өйткені, тән ауырған кезде, жан да сөнеді... Сондықтан тән сауықса, жан да сауығады, осындай ықпал жасайтын дыбыстардың арқасында оның күш қайраты қалыпқа келіп, оның субстанциясына бейімделеді». Бұдан көретініміз тарыққанда, шаршағанда жақсы музыканың қуат-қайрат берумен бірге, адам бойындағы зіл басқан, ауырлықты жеңілдететін құдіретті күшті байқау қиын емес.

*Тәрбиелік мүмкіндіктері:* Қазақтың ұлттық мәдениетіндегі әр алуан тақырыпты қамтитын музыка өнерінің ерекшеліктерін, тәлім-тәрбиелік мәнін үйрету арқылы ұстаздар және ата-аналар жастардың адамгершілік-эстетикалық тәрбиесін жетілдіре түскен. Жастарға музыкалық-эстетикалық тәлім-тәрбие беруде халықтың музыка өнері әсемдік пен сұлулықты түсінудің, ол жөніндегі талғамының дұрыс қалыптастырудың негізгі құралы болды.

3. *Халықтың сәндік-қолданбалы өнері.* Халқымыз өнерді қолдағы материалға сүйеніп жасады. Ал материал халықтың шаруашылығына, кәсібіне байланысты өндірілді. Қазақ халқы көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан ел болғандықтан киім-кешек, үй-бұйымдарын, ер-тұрман, ат әбзелдерін жасау үшін тері, былғары өндіретін болған. Ағаш, асыл тастар табиғаттан алып өндірілді. Осы айтылған материалдар негізінде үй жиһаздарын, ыдыс аяқтарын, құрал-саймандарын, ер-тұрмандарын, киім-кешектерін, сән бұйымдарын өрнектеп, нақыштап, түрлі түске енгізіп, безендіріп әшекейледі. Халқымыз бұл бұйымдарды арнайы өндірісте емес, жанұяда өзінің ұл-қызының қолымен іске асырды. Қас шеберлер ұстаздық етті. Халқымыз бұл бұйымдардың, құрал-саймандардың қолайлы болуымен қатар көз тартарлық әсем болуын да көздеді.

*Тәрбиелік мүмкіндіктері:* сәндік-қолданбалы өнер, киім тігу және зергелік өнерлерді көріп, жеңіл түрлерін (ою-өрнектер кесу, кесте тігу, киім тігу т.б.) жасап үйрену арқылы жастардың іскерлігі, шеберлігі артады, эстетикалық талғамы қалыптасады. Мысалы, текеметтерге алдын ала дайындалған түрлерден өрнек түсіруді көру, үйрену негізінде эстетикалық талғамы дараланады, өрнектердің мазмұны, мағынасымен таныса отырып ақыл-ойы өседі, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігі артады.

4. *Халықтың би өнері.* Тарихшы-этнографтар, өнер зерттеушілері би өнері жайлы еңбектерінде оның ерте заманнан қалыптасып, халықтың ән-күйлерімен, фольклорлық өнерімен, тұрмыс-салт, әдет-ғұрпымен тікелей байланыса халықтың өзімен бірге дамып келе жатқанын сөз етеді. Би өнері ата-бабадан қалған мәдени мұраның үлкен бір тармағы ретінде оның халық өміріне рухани азық болғанын аңғаруға болады. Оның дәлелі халық арасында сақталған кейбір халықтың әдет-ғұрпына байланысты «Жез тырнақ», «Ай қосақ», еңбекке байланысты «Өрмек би», «Құсбегі», жануарларға байланысты «Ортеке», «Қара жорға» т.б. туындаған билер.

Қазақ билерінің қарыштап дами бастауы Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде кәсіби өнердің дамуымен байланысты болды. Халық билерінің қайнар көзі бірқатар зерттеушілер мен бишілер еңбектерінде бейнеленді (Ш.Жиенқұлова, Л.Сарынова, Д.Абилов, О.Всеволодская-Голушкова). Олар халық билерінің тууына қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің, әсіресе, ою-өрнектерінің үлкен маңызы бар екендігін көрсетті. Мәселен, «тұмарша», «шаңырақ», «қошқар мүйіз» т.б. би қимылдары ою-өрнек аттарына да тән, мазмұны мен бейнеленуі бір-біріне өте ұқсас болып отырады.

*Тәрбиелік мүмкіндіктері:* Халықтың би өнерінің оқушыларға музыкалық-эстетикалық талғам қалыптастыруда ерекше орны бар. Ол өзін қоршаған өмірдегі заттар мен құбылыстардың дәл бейнесін әсем де, көркем қимылдармен безендіреді, сәндеп көрсетеді. Сонымен бірге, би өнері балалардың дене тұлғасының сымбатты қалыптасуына, музыкалық ырғақты нақты сезіне білуіне әсер етеді және эстетикалық талғамдарын арттырады, сұлулыққа қызығушылығын, мәдениетке деген сезімін оятады.

*Халықтың ұлттық ойындары.* Ойын – халықтың баланы әдептілікке баулитын тәрбиелік құралы. Сондықтан әрбір ойынның мәнін, мазмұнын түсініп, қызыға, әдеппен, тәртіппен ойнау қажет. Орынсыз ойнай берме, оқуды да, тұрмыс – тіршілікті де ойлай білу – әрбір баланың міндеті. Е.Сағындықовтың «Қазақтың ұлттық ойындары» деген кітабында [5] қазақ ұлттық ойындарының шығу жолдары мазмұны және ұйымдастырып жүргізу тәсілдері жақсы баяндалған. Кітапта ұлттық ойындар өзінің мазмұнына байланысты үш топқа бөлінген.

Осы ұлттық ойындарға қысқаша тоқталып өтейік. *Ойын-сауық тұрмыс-салт ойындары*, оның қырықтан астам түрлері бар. Олар: «Ақ боран», «Жар-жар», «Қыз кәде», «Беташар», «Сиқырлы таяқ», «Белбеу тастау», «Балтам тап», «Алтыбақан», «Айтыс ойыны», «Сақина тастау» т.б. Мұндай ойындар халық педагогикасында өте көп және мазмұндары да, бағыттары да бір-біріне қайталамайтындай сан-алуан, әрі қызғылықты. Жоғарыдағы қай ойынды алмайық бәрінде де би элементтері кездеседі. Ән, күй, тапқақ мәнерлі қимыл мен ыммен жасалатын көріністер т.б. бір-бірімен алмасып жатады.

*Дене шынықтыру, спорт ойындары* қазақ халқымызда үлкен орын алады. Олардың саны жүзден асады, олар: «Ақ серек көк серек», «Айгөйлек», «Соқыр теке», «Жаяу жарыс», «Әуе таяқ», «Қап киіп жарысу», «Таспа доп», «Көген тартыс», «Бүркіт», «Қазан доп», «Ақ сүйек», «Көкпар», «Орда», «Тартыс», «Қазақша күрес», «Арқан тартыс», «Аударыспақ», «Жорға жарыс», «Қыз куу», «Теңге алу», «Жігіт куу», т.б. Бұл топтағы ұлттық спорттық ойындардың дене шынықтыру тәрбие саласында маңызы өте зор.


*Оймен келетін ойындар* жастардың қисындылық және математикалық ойларының дамуына ықпал етеді. Оларды атап айтсақ: тоғыз құмалақ, жұмбақтар, «Үш аманат», «Қай қолымда?» т.б. Бұл ойындардың бәрінде ақыл-ой жетекшісі болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық ойындары сан алуан. Міне, осы ұлттық ойындар ұрпақтан-ұрпаққа тарап, бірін-бірі жалғастырып, осы заманға жетіп отыр. Ендігі жерде біздің мақсатымыз - осы ойындарды ұмыт қалдырмай, алға алып бару. Себебі, ұлттық ойын арқылы сол халықтың тұрмыс тіршілігімен танысып, тамашалаймыз. Осы қазақтың ұлттық ойындары арқылы жастардың эстетикалық талғамдарын, ой-өрісін, шапшаң, әрі тез қозғалуын, дүниетанымын, тапқырлығын, батылдық пен ұжымшылдық қасиеттерін қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, ұлттық ойындар балалардың дене тұлғасының сымбатты қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Қорыта келе, қазақтың ұлттық тәрбие беру құралдары деп бірнеше ғасырдан бері халықпен жасасып, қалыптасып келе жатқан бала тәрбиесіне ықпал ететін халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарынан туындаған халық даналығының жиынтығын айтамыз. Оған біз ұлтымыздың фольклорлық, ән, сәндік-қолданбалы және би өнері мен ұлттық ойындарын жатқыздық.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Б.Мұханова, Р.Ильясова. Этнопедагогика: Оқу құралы. – Астана, 2008. – 440 б.
2. Маржан сөз. Мақал-мәтелдер. // Аударған М.Әлімбаев. – Алматы: Жазушы, 1978. – 447 б.
3. Ботабаева Ә.Е., Сәлімбаев О. Өнер құралдары негізінде оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру: оқу-әдістемелік құрал. - Тараз, 2007. - 126 б.
- 4 М.Әуезов. Қазақтың халық жұмбақтары. – Алматы: ҚМБ, 1959.



## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

**Таджикова Айгерим Джамбуловна**

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ, педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы

**Ескермес Шұғыла, Әбілғазы Ақжарқын**

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ, 1-курс студенттері, Тараз қ.

Психокоррекция – бағыты индивидтің бүтіндік дамуы мен қызметіне психологиялық әсер ету болып табылады. Жеке бас дамуына әсер ету жас және дара психологиялық ерекшелігіне (танымдық, эмоционалды – еріктік, қалыпты мінез-құлық және қасиеттеріне) қарай жүретін қалыпты үрдіс.

Мақаланың құрылымы теориялық деңгейде мазмұн бере отырып, жас ерекшелігіне байланысты қолданылуы, сапасы ретінде психикалық жаңа білім беру қарастырылады.

Балаларды сензетивті көрсем-білсем, үйренсем деген кезең болғандықтан бала өз алдына дара қажеттілігін түсінеді. Мен қасиеті арқылы ортаға әлеуметтенуді меңгереді. Баланың жетекші әрекеті ойын болғандықтан түзету жаттығулары осы негізде құрылады. Ойын жаттығулары жеке және топтық түрде психологтың жұмыс жоспарына байланысты жүргізіледі. Л.С. Выгодскийдің еңгізген «таяудағы даму аймағы» есепке алынып «жоғарыдан төмен» және «төменнен жоғары» ұстанымы негізінде құрастырылды. Жеке жаттығу ойын және кеңес беру түрінде ата-ана мен бала өзара қатынасында қарастырылады.

Психологиялық коррекция – баланың әлеуетті мүмкіншілігін ынталандыру мен дамытуға бағытталған әдістер жиынтығы Тәжірибелі психолог маман психодиагностикалық өңдеу көрсеткішінен алынған нәтижені негізге ала отырып, жеке бас дамуын қалыптастыруға коррекциялық жаттығуларын қолданады. Психолог маман жұмысының тиімділігін талдау, балалармен нақты өзара әрекетті ұйымдастыру және оны жүзеге асыру болып табылады.

Психокоррекциялық жұмыста «коррекция» терминінің кең қолданымға енуі ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталды, тура аудармасы «исправление-түзету» деген мағынаны береді. Психолог жеке тұлғаның мінез-құлқы мен сапаларына, белгілі әсер етуде түзету жұмысына бағдарлама құрады. Бағдарлама құрылымы психологиялық және педагогикалық екі бөлімде қарастырылады. Психологиялық бөлімінде психолог жеке жұмыс жопарын жасап, оны жүзеге асырады. Ал педагогикалық бөлімінде психолог басқа мамандармен – мұғалім, тәрбиеші және ата-анамен бірігеотырып, психологиялық ұсыныстар құрастырады. Р.С. Немовтың пікірінше «психокоррекция « ерекшелігі – психикасы сау адамның мінез-құлқын реттеуге әсе ету және оның жетіспейтін тұстарын жетілдіруде психологтың қолданатын психологиялық тәсілдерінің жиынтығы.

Психокоррекциялық мақсат үш бағытқа негізделеді:

- Әлеуметтік даму жағын ықшамдау.
- Балада іс-әрекет түрлерін дамыту.
- Жас және психологиялық жаңа білімді қалыптасытыру.
- Психокоррекцияның негізгі міндеттері: Жеке бас дамуына қажетті когнитивті (ақыл-ой), эмоционалды және мінез-құлық өрістер бірге қарастырылып, субъектінің

мәдени және жас ерекшелігі ескере отырып, ішкі ресурстарды белсенділеу болып табылады.

Психокоррекциялық жұмыстарды жүргізу жағымды тәжірибе жинақтау мақсатында құрылуы және жүзеге асырылуы қажет. Мектепке дейінгі кезеңде психокоррекцияны қолдану ерекшелігі. Коррекциялық жұмыста ойын жаттығулары мінез-құлықтың реттелмеуі, бала қобалжуында, қоқуы мен қарым-қатынас бұзылғанда қолданылады. Мектепке дейінгі кезеңде ойын еркін әдіс ретінде қолданылады. Ойын жаттығулары бағыттау, қайта құру және бекітуге арналады. Ойын үстінде баланы асықтыруға болмайды, бірақ белсенділігін байқатқанда мадақтап отыру шарт.

Балабақшада аффектілі: шектен тыс өкпелегіш, жағымсыз тұйық, эмоциясы тұрақсыз балалар кездеседі. Олармен ойынның төрт түрі: сюжетті ролді, ереже бойынша ойын, бейнелі-ролдік және режиссерлік ойындар қарастырылады. Олар мектепке дайындық төңірегінде шоғырланған. Осы тақырып бойынша зор ғылыми – тәжірибелік жұмыстың жүргізілген (Л.А. Венгер, Л.М. Безруких, А.С. Смирнова, Т.В. Торунтаева, В.В. Холмовская, т.б.). психологтардың назарын таза психологиялық мәселелерге аударған жөн. Психикалық процестерді дамытуды жетілдіре отырып мінез-құлықты басқару, алдын алу, анықтау және бала дамуының жеткіліксіз жақтарын түзетуде де көмек көрсетеді, сондай-ақ психолог баланың жеке бас дамуына маңызды үлес қосып, мектептегі табысты оқуға дайындығына көмек көрсетеді.

Бала жүйкесінің дамуына балалар ортасы көп қырлы әсер етеді. Мектепке дейінгі баланың жекелігінің қалыптасуы топтағы эмоционалды –психологиялық ахуалдың жағымды болу шартында ғана толыққанды болады.

Шынайы өмірде мектепке дейінгі балалар ішінде құрдастарының орнында танымал еместері кездеседі. Олардың қарым-қатынас шеңбері тар, олар ойын ұйымдарының тұрақты мүшелері бола алмайды, ал олардың жеке қасиеттерін балалар төмен бағалайды. Бұл жағдайда коррекция пәні баланың топтағы құрдастары мен танымал болмауы, ал психокоррекциялық жұмыстың негізгі бағыты – балалардың оған деген дұрыс емес кері қатынасын бағдарлау және жағымды бағалау жүйесін зерттеу.

Бала жекелігінің қалыптасуында ауытқуының көрінуінің алғы шарты шет қалуға ұмтылысы, өзге балалармен байланыстың ұзақ болмауы, ойын топтарына қатыспаудан көрінуі мүмкін. Бұл жағдайда психокоррекциялық жұмыстың мақсаты қарым-қатынасқа аз түсу симптомы болады. Мұнда психолог баланың ішкі ұйымына көңіл аударады. Жұмыстың тиімді тәсілі ретінде ересектердің болып жатқан оқиғаға эмоционалды түсіндірмесін пайдалануға болады, бұл балаға болған жайтты эмоционалды қабылдауға көмектеседі. Осыдан кейін балаға құрдастарының ойынына, таласына, қақтығысына өзінің түсіндіруші болуын ұсынуға болады.

Психокоррекциялық жұмыста ойын жаттығулары мінез-құлықтың реттелмеуі, бала қобалжуында, қорқуы мен қарым-қатынас бұзылғанда қолданылады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде ойын еркін әдіс ретінде асырылады.

Ойын жаттығулары бағыттау, қайта құру және бекітуге арналады. Ойын үстінде баланы асықтыруға болмайды, бірақ белсенділігін байқатқанда мадақтап отыру шарт. Балабақшада аффектілі: шектен тыс өкпелегіш, жағымсыз тұйық, эмоциясы тұрақсыз балалар кездеседі.

Олармен ойынның төрт түрі: сюжетті ролді, ереже бойынша ойын, бейнелі-ролдік және режиссерлік ойындар қарастырылады. Олар мектепке дайындық төңірегінде шоғырланған. Психикалық процестерді дамытуды жетілдіре отырып мінез-құлықты басқару, алдын алу, анықтау және бала дамуының жеткіліксіз жақтарын түзетуде де көмек көрсетеді, сондай-ақ психолог баланың жеке бас дамуына маңызды үлес қосып, мектептегі табысты оқуға дайындығына көмек көрсетеді. Бала жүйкесінің дамуына балалар ортасы көп қырлы әсер етеді.

Мектепке дейінгі баланың жекелігінің қалыптасуы топтағы эмоционалдық – психологиялық ахуалдың жағымды болу шартында ғана толыққанды болады. Шынайы өмірде мектепке дейінгі балалар ішінде құрдастарының орнында танымал еместері кездеседі.

Олардың қарым-қатынасы шеңбері тар, олар ойын ұйымдарының тұрақты мүшелері бола алмайды,

ал олардың жеке қасиеттерін балалар төмен бағалайды. Бұл жағдайда коррекция пәні баланың топтағы құрдастары мен танымал болмауы,

ал психокоррекциялық жұмыстың негізгі бағыты- балалардың оған деген дұрыс емес кері қатынасын бағдарлау және жағымды бағалаужүйесін зерттеу. Бала жекелігінің қалыптасуында ауытқуының көрінуінің алғы шарты шет қалуға ұмтылысы, өзге балалармен байланыстың ұзақ

болмауы, ойын топтарына қатыспаудан көрінуі мүмкін.

Бұл жағдайда психокоррекциялық жұмыстың мақсаты қарым-қатынасқа аз түсу симптомы болады. Мұнда психолог баланың ішкі ұйымына көңіл аударады.

Жұмыстың тиімді тәсілі ретінде ересектердің болып жатқан оқиғаға

эмоционалды түсіндірмесін пайдалануға болады, бұл балаға болған жайтты қабылдауға көмектеседі. Осыдан кейін балаға құрдастарының ойынына, таласына,

қақтығысына өзінің түсіндіруші болуын ұсынуға болады.

Коррекциялық жұмыс пәні мектеп жасына дейінгі кезеңде ойын әрекетінің операционалды жағының ақауы болуы мүмкін; ойын дағдысының дамымауы, әріптестіктің жағымды тәсілдерін игермеуі, ойын әрекеті тәсілдерінің тепе-теңдігі ( тым жайбарақаттылық, қозғалыстағы мазасыздануы, моторлы импульсивтілік). Мұнда коррекциялық жұмыстың бір бағыты балалардың ойын әрекеті түсінігін жинақтау болып табылады; олардың зейінін сюжетті ойындарға ойын әрекетінің мазмұнына, бірізділігіне, құрдастарының өмірге құштар, көңіл-күйлерінің көтеріңкі болуына аударады. Психологиялық әсер етудің басқа бағыты- ойынның мағынасын түсіндіруге, ойын әрекетін орындауды үйрету.

Балаларды құрдастарының ойын түсінуге, өз пікірін Қайта білуге, ортақ ойынды жоспарлауға, әрекет бірізділігін анықтауға үйрету қажет. Қимыл әрекеті баяу дамыған балаларда шапшаң мазмұны ойындарға қызығушылығын оятқан маңызды, олардың ойын операцияларын ең жоғарғы деңгейде жетілдіріп, сәйкесінше мұндай баланың әрекетін мадақтап отырған дұрыс. Мектепалды тобындағы баланы мектепке даярлауда жүргізілетін коррекциялық жұмыстардың түрлері: сипатына қарай симптомды және каузалды деп бөлініп, дер кезінде дамудағы кедергіні анықтайды. Ұзақтығына қарай: тым қысқа, қысқа және ұзақ, тым ұзақ болып келеді. Өзекті мәселені шешуге қажетті бір немесе бірнеше сағаттар, айлар сондай-ақ кейде жылға созылуы мүмкін. Міндеттің ауқымына қарай: жалпы, жеке және арнайы болып бөлінеді. Кешенді ұйымдастырылған жұмыстар жеке, жалпы және арнайы топпен жүргізіледі. Мазмұнына қарай: танымдық өрісі, жеке тұлғалық, аффектілі-еріктік, мінез-құлық тұрғысынан, тұлғааралық қатынасынан, топ ішілік ата –ана мен бала қатынасынан тұрады. Жұмыс түріне қарай: жеке топпен табиғи жабық топпен (ұжым, отбасы, ерлі-зайыпты).

Мектеп алды тобындағы баланы мектепке дейін даярлауда жүргізілетін коррекциялық жұмыс жүргізу.


- Бала үшін алғашқы мектепке дейінгі дайындық.
- Ситуациялар және оны шешу жолдары.
- Бастауыш класс оқушыларының әлеуметтік проблемалары.
- Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас және ондағы әлеуметтік проблема.

➤ Мұғалім мен бала арысындағы қатынаста кездесетін кемшіліктер, оларды түзету.

Қорытындылай келе, психокоррекциялық үрдісте ең негізгісі психологиялық және жүйелік әсердің кешенділігі болып табылатынына назар аудару қажет. Сондықтан, психологиялық коррекция (түзету) – ол қайта құру, баланың психологиялық тәуекел факторларын қайта құру, отбасыда гармониялы қатынастарды қайта қалыптастыру.а бастайды. Сонымен заттың атын,іс-әрекетін білдіретін бірнеше сөздің мағынасы анықталады. Сабақта тұрмыс жағдайына байланысты келген нұсқаудан тұратын тапсырманы орындау пайдалы. Мысалы;ойыншықты орнына апар, қасықты тарелканың жанына қой т.б. Балалар тапсырманың мазмұнын ғана түсініп қоймай,оны жаттап алуы тиіс,содан кейін ауызша нұсқауға сәйкес орындалады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Айсмонтас Б.Б. Общая психология. Схемы. Москва Владос. 2003.
2. Брунер Д.Психология познания. М.,1977.
3. Гарбузов В.И. Практическая психотерапия. СПб., 1994.
4. Годфруа Ж. Что такое психология. В2т. М.,Мир,1992.
5. Гроф С. За пределами мозга. М.,1993.
6. Гроф С. Области человеческого бессознательного. М.,1992.
- 7.Готвальд .В.Довальд В. Помоги себе сам. Медитация. М.,1992.
8. Годфруа Ж. Что такое психология. М.,1997.
9. Кошелева АД., АлексееваЛ.С. диагностика и коррекция гиперактивного ребенка. М., 1997.
10. Кон И.С. В поисках себя. МЛ 984.



## **РУХАНИ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ**

**Мұхтарқұлова Айза Алпамысқызы**

№104 мектеп директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, филология ғылымдарының магистрі, Алматы қ.

Тәуелсіздігімізді нығайту жолында, ең маңызды мақсаттың бірі – ол қазақ халқының рухын көтеру. Ал рухымыздың тамыры ғасырлар бойы қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілген мәдениетімізде. Жиырмамыншы ғасырда өміріміз, мәдениетіміздің келбеті Кеңес империясының тарихына бағынып, өз орнын тапқан жоқ. Бұл келбеті отаршылдардың өзіне ыңғайлы жазбаша ғана деректерге сүйеніп, тарихи шындықтан алшақтаған. Сондықтан шын тарихымызды орнына келтіру үшін, халқымыздың ауыз әдебиетіне қазіргі ұрпаққа жеткізетін зерттеуші, фольклор жинаушы, ақын-жазушылардың еңбектеріне сүйенуіміз қажет. Сондай жырларды таратушы, жинаушы қоғам қайраткері Сегіз сері.

Бүгінгі күнге дейін «Қыз Жібек» дастанының Сегіз сері нұсқасы жарық көрмеген еді. Кейінгі жылдары ғана осы нұсқа табылып жарық көрді. Бұл нұсқаның бұрынғы нұсқалардан өзгешелігі кейбір тарихи шындықтың бұрмаланып, кейіпкерлері өзгеріп, жырдың жаңа қырынан танылуында. Рухани байлығымыз тарих пен әдебиетке көз жүгіртсек, көп мәселенің көмескіленіп, ақтандаққа айналғанын байқаймыз. Өткен тарихқа

тереңірек үнілсек, талай арыстардың ұмыт болғаны анық көрінеді. Әрине, бұның басты себебі елдегі саяси жағдайға байланысты. Қоғамда көш ілгері озып шыққан озық ойлы азаматтардың саяси қуғын-сүргін қылышына бірінші ілігетіні белгілі. Осының салдарынан қазақ азаматтарының біразы зардап шекті, олардың шығармалары мен өмірбаяны бүркемеленіп, көпшілік оқырман қауымының назарынан тыс қалып отырды.

Егемен ел, тәуелсіз мемлекет болғанымызға 30 жылдан асса да XIX ғасырда өмір сүрген, сол кезде бүкіл қазақ халқына танымал болған, мәдениетімізге баға жетпес асыл мұра қалдырған, өз халқы үшін отаршыларға қарсылық көрсеткен тұлға Сегіз сері әлі қоғамымыздан тиісті тарихи бағасын алмай отыр. Осы күнге дейін Сегіз серінің классикаға айналған көп ән туындылары мен өлеңдері ақпарат құралдарында оның нақты атымен аталмай, халық әндері деп жарияланып келеді. Бұның өзі сері шығармашылығының толыққанды зерттелмегендігін танытады.

Қазақстанда мемлекеттік идеологияның өзгеруіне байланысты кеше ауыз ашуға болмаған әңгімелер бүгін ашық түрде айтылып, зерттеу керек болса, мемлекет тұрғысынан қолдау тауып келеді. Осының нәтижесінде тіл, әдебиет, тарих парақтары кеңінен ашылып, кеңестік идеологияның қыспағына ұшырап, сол идеологияның құрбанына айналған небір талантты қоғам қайраткерлері мен әдебиет пен өнер иелерінің туындылары әдебиет әлемінен өзіндік орнын алып та жатыр, бірақ әлі де кезек күттірмейтін, оқырман қауымның көкейінен орын алуға тиісті тың туындылар мен оның авторлары өзіне тиісті бағасын алды деуге әлі ертерек. Яғни әдебиет әлемінде атқарылатын істер қыруар. Сондай ауқымды істің бірі, тіпті бірегейі деп, көптеген шығармалары жұртқа беймәлім, өмірбаяны да қазақ халқына жақсы таныс емес Сегіз серідей үлкен өнер иесінің көптеген шығармалары осындай олқылықтардың орнын толтыруда атқарар рөлі зор екенін осы зерттеу жұмысы арқылы жеткізе айтуға тырыстық. Сал-серілер шығармаларын зерттеу Е.Тұрсынов, С.Негимов, Т. Сүлейменов, Н.Әбуталиев, Б.Әбілқасымов, Ш. Керімов, т.б. ғалымдар еңбектерінде жалғасын табуда. Кейінгі олқымыздың орнын толтырып жатқан уақытта ел аузынан түспей келе жатқан сондай саңлақтардың бірі-Сегіз сері.

Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Мұхит, Балуан Шолақ т.б. көптеген әнші ақын, сал - серінің шығармашылық мұрасы белгілі бір дәрежеде айқын анық, зерттелді. Ақан серінің «Құлагер», Біржанның «Жанботасы» мен «Теміртасына», Ыбырайдың «Гәккуіне», Балуан Шолақтың «Ғалиясына», Жаяу Мұсаның «Ақ сисасына», ешкімнің дауы жоқ.

XIX ғасырдағы қазақтың әйгілі серісі, әнші, ақын, композитор Сегіз Сері Мұхаммедханафия Баһрамұлы Шақшақов туралы соңғы 20 жылдай уақыт көлемінде аз айтылған жоқ. Сегіз Сері жайлы біршама деректер мен бірнеше шығармасының толық мәтінін Мәди Болатовтың ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөліміне өткізген (08.V.78)№863 папкадан (1-10 дәптер) табуға болады [1]. XX ғасырдың сексенінші жылдары Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының дайындауымен «Жас шама», «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы», «Ел аузынан», «XIX ғасырдағы қазақ ақындары», «Айтыс» атты жинақтар жарық көрді. Осы аталған кітаптарда Сегіз серінің шығармаларынан көптеген үзінділер берілген. Мәселен «Ғылым» баспасынан жарық көрген “ XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы” атты кітапта “ Гауһармын таразыға салынбаған “ деген Сегіздің өлеңінен үзінді бар. Онда сері былай деген:

*Гауһармын таразыға салынбаған,*

*Қылыштын қынабынан алынбаған.*

*Керейдің Сегіз атты саңлағымын,*

*Секілді жанған оттай жалындаған. [2.1036.]*

Сегіз серідей өнер иесінің мәдени мұрасы ұшан - теңіз, батырлығы бас иерлік. Осындай тарихи тұлғаның мәдени мұрасынан мектеп оқушылары, студенттер, жалпы оқырман қауым мақұрым қалып келеді. Себебі Сегіз серінің өмірбаяны мен әдеби

шығармалары оқулықтарға түспей келеді, оқу жоспарында арнайы сағат бөлінбейді, әдеби кітаптар жоқтың қасы. Осы кемшіліктің орнын толтыру үшін де арнайы зерттеудің маңызы зор деп есептейміз. Сегіз сері туралы оқырманға алғаш мәлімет Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» атты шығармасын белгілі онда мынандай мәлімет берілген: «Бұл келген Керей аталатын көп рулы елдердің аты шулы ақын әншілер, жыраулары еді. Ақын Шәрке сал, Тоғжан ақын, Нияз сері, Сапарғали ақын, тағы үш - төрт пәрілер. Бәрі де атақтының атақтысы-Сегіз сері ақынның мұрагерлері «,- деген пікір келтірген болатын.

Сегіз сері ақынның тағдыры мен шығармалары бірқатар ғалымдардың да назарына ілкен. Белгілі ғалым Әлкей Марғұлан бір мақаласында «Тәттімбетпен қатар сахарда аты кеңінен тараған, қазақтың аяулы ұлы -Сегіз сері. Көкшетау мен Обаған өлкесінде бірінші жарқырап шыққан өнер иесі - Сегіз сері»,-деген [3,182-183б.]. 1991 жылы филология ғылымының кандидаты Т.Сүлейменовтың «Сегіз сері» атты кітабы жарық көрді. Онда автор Шақшақовтың шығармаларынан үзінді келтіре отырып, оның өмірбаянын толық баяндауға тырысқан, десек те Сегіз сері шығармашылығы жан-жақты зерттелді деп айта алмаймыз.

Т.Сүлейменов Сегіз сері жайлы кітап жазу мақсатын былай түйіндейді: «Сонымен Сегіз сері Шақшақовтың өмір тарихын және оның әлеуметтік ой- тұжырымдарын дұрыс түсініп, жан - жақты қамтып баяндау үшін кітапты негізгі үш тараудан құрдық. Сөйтіп, өнер иесінің балалық шағына, қашқын болып жүрген кезінде, патшадан кешірім алып, туған жерінің аясында кешкен ғұмырына көңіл аудара отырып, Серінің әншілік, ақындық ән шығарушылық қабілетіне зер салдық. Ел қорғаны болған батырдың бейнесін жүйелі түрде сипаттадық деп ойлаймыз», – дейді [4, 8 б.].

Қазақ даласында қайталанбас өнерімен ізі қалған, атағы аңызға айналған, қара халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтап қуғынға түскен, қазақ өнерінің қайталанбас өкілі, әнші, композитор Сегіз серінің өмір жолы мен шығармашылығының ерекше маңызды зор.

Қазақ ауыз әдебиетін, ән өнерін қайсыбір елдің туындыларымен салыстырар болсақ, оның барлық жағынан да ешкімнен кем түспесіне шүбә жоқ. «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйенерге жарар ол»,- деп ұлы Абай айтқандай, халқымыздың асыл мұраларының, соның ішінде ән өнерінің осылай өзгеше сипат алуына бірден-бір үлес қосушы алаш ұлдарының да саны аз емес. Әйтсе де, туған даласын әнмен тербетіп, қысқа ғұмырында жүзден астам ән, жыр-дастан жазып қалдырған ірі тұлғалардың, сазгерлердің есімін кейде уақыт құрбанына айналдырып жіберетініміз жасырын емес. Әсіресе, қазіргі кезде радио, теледидар арқылы музыкалық концерттерде дәстүрлі классикаға айналған әндерді осы күнге дейін көрермендер мен тыңдармандарға халық әні деп жариялайды. Авторы белгісіз болғандықтан “халық әні” деп айтылып жүр. Сегіз серінің әндері «Гауһар тас», «Ақбақай», «Алқоңыр», «Наз қоңыр», «Ғайни». Осы әндерді осы күнге дейін бізге сахнадан жеткізіп тұрған атақты әншілер: Ермек Серкебаев, Бибигүл Төлегенова, Әлібек Дінішев, Рахима Жұбатырова, Майра Мұхамедқызы.

Енді Сегіз сері кім, ол қандай әнші, ақын, композитор болғанына нақтырақ шолу жасайық. Сегіз сері Баһрамұлы (1818-1854ж) қазақ халқының ХІХ-дың І жартысында өмір сүрген суырып салма ақын, әнші, күйші, композитор әрі халық батыры.

Сегіз сері шығармаларының толық жинағы әлі күнге дейін жарық көрген жоқ. Ал, Ер Сегіздің жастық шағының бір көрінісін алға тартатын, әлі күнге дейін баспа жүзін көрмеген тарихи, көркем туындылардың бірі - «Қыз сипаты». Ауыз әдебиетін зерттеуші Әскер Кенжеғозұлы «Қазақ батырлары» газетінің 1999ж. №10 санында жариялаған мақаласына көз жүгіртейік. Бұл дастан Байұлы, Ысық руының өкілі Ғайнижамал Қолдыбайқызына арналған.

*Жүйрік ат, лашын, бүркіт, тазы баптап,  
Шығардым гөзелдерге ән-күй арнап.  
Ішінен көп сұлудың ұнатқаным,  
Ысықта Ғайнижамал құрбым болмақ....*



Міне, осы дастаннан байқағанымыздай, Сегіз сері Ғайнижамалға ән шығарған. Ол «Ғайни» деген атпен ұрпаққа жетіп, бүгінде Ермек Серкебаевтың орындауында бізге де жетті.

Сегіз серінің ақындығын, композитор, әншілігі бәрімізге белгілі Жаяу Мұса Байжанов өзінің “Ер Сегіз” толғауында айтып кеткен. Бұл толғауды ауыз әдебиетін жинаушы, шежіреші Сейтқали Қараменде газетке жариялаған. Сегіз серінің шәкірті болған ақын, композитор, әншінің осы толғауынан үзінділер келтірейік.

*Жігіттер өнер құрсаң Сегіз ұқса,  
Шәкірті Сегіз серінің атым Мұса.  
Қазақтың ел қорғаны мақтаныш қой,  
Үш жүзде Сегіз серідей көп ұл туса.[5]*

Жаяу Мұса өз толғауында Сегіз серінің өлең, әндерін кімге, қандай жағдайда шығарғанын тамаша ақындық өнермен суреттеп берген.

*Тараған қолтаңбамен Кіші жүзде,  
Сегіздің “Айман-Шолпан”, “Қыз Жібегі”,  
Сегізде толып жатыр тамаша әндер,  
“Әйкен-ай”, “Жылой”, “Қарғаиш”, “Бес Қарагер”,  
“Шолпан қыз”, “Дайдидау”, мен “Бозқараған.*

Сегіз серінің “Назқоңыры” осы кезде кең таралған ән. КСРО халық әртісі Әлібек Дінішев орындаған. Қазіргі эстрадалық жас әншілер тобы да концерттерде жиі орындап жүр. “Құлақтан кіріп, бойды алар”, -деп ұлы Абай айтқандай, осы жерде сәл ғана әннің тарихына тоқталайық.

Сегіз сері Омбыда Азиялық мектептің соңғы курсына оқып жүргенінде Ахметқали деген ауқатты кісінің Мукәрима атты қызына кездеседі. Бірақ Ахметқали патша офицеріне қызын бергісі келмей, екеуін кездестірмеудің жолын қарастырады. Осы себептен, ол қызы – Мукәриманы туыстарының үйіне жібереді. Мукәрима Сегізді шын сүйгендіктен, оған барған жерін білдіріп, келіп кетуін өтінеді. Жас Сегіз Мукәримаға бара жатып «Назқоңыр» атты төрт шумақтан тұратын әнін шығарады. Қазір әншілер тек алғашқы екі шумағын ғана айтады:

*Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,  
Кел десең неге аяйын аттың терін.  
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,  
Қай жерде отыр екен бұраң белім.*

Бірақ Сегіз Мукәриманы туыстарының үйлеріне іздеп барғанында кездестіре алмайды. Сегіз алғашқы махаббаты Омбыдағы Мукәриманы есіне алып, елестетіп «Ақ ерке» атты ән шығарады. Бұл ән 1986 жылы шыққан «Ән-көңілдің ажары» атты жинақта «халық әні» деп жазылған.

Осы күнге дейін Сегіз серінің өлеңдері, классикаға айналған көп ән туындылары ақпарат құралдарында авторы аталмай, халық әндері деп жарияланғанын жоғарыда айтып өттік.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз мемлекет атанғанда, өз кезеңінде бүкіл қазақ халқына танымал болған, мәдениетімізге баға жетпес асыл мұра қалдырған, өз халқы үшін отаршыларға қарсылық көрсеткен тұлға Сегіз серінің шығармашылығын әдебиет пен өнер алаңынан өзінің тиісті орнын алуына зор мүмкіндік туып отыр.

Бүгінде ұлттық идеологияның өзгеруіне байланысты кеше ауыз ашуға болмаған әңгімелер бүгін ашық түрде айтылып, оның кең түрде зерттелуіне мемлекет тұрғысынан мол мүмкіндік туып, қолдау көрсетілуде.

Сегіз серінің өмір жолы қысқа болғанмен, артына қалдырған мәдени, әдеби мұрасы ұшан-теңіз. Осындай бай мұраны жоғалтпай, жинастырып, халық алдына тарту әр қаламгерге, зерттеушіге парыз. Сегіз серінің өмірбаяны мен шығармаларын мектеп және жоғары оқу орындарының оқулықтарына енгізіп, әдеби кітаптар шығару-кезек


күттірмейтін мәселе. Осыған ғалымдар мен жазушылар және баспа қызметкерлері жанашырлық көрсетсе дұрыс-ақ.

Сегіз серінің батырлық істері мен әдеби-тарихи бай мұрасының тәрбиелік мәні зор. Ақынның жалынды сөздері жас азаматты халқының азаттығы үшін күреске шақырып, Отан қорғауға дайын болуға үндейді, патриоттық сезімін оятады. Сондықтан Сегіз серінің еңбектерін тәрбие жұмысында кеңінен пайдалануға болады.

Көп уақыт бойы Сегіз серінің өмірі мен өнері зерттелгенімен, оның тарихи бейнесі назардан тыс қалып келді. Ғылыми мақаламыз осы олқылықтың орнын толтырар деген үміттеміз. Сегіз сері бір өлкенің ғана емес, бүкіл қазақ халқының мақтан етер батыры, өнер қайраткері. Көне заманнан келе жатқан әдебиетті, мәдениетті бойына сіңірген, осындай қоғам қайраткерлерінің артына қалдырған мол мұрасын зерттеп-зерделеу арқылы қазақстандық жастарды рухани тәрбиелеуде таусылмайтын қазына деп есептейміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер:**

- 1.Болатов М. ҚР ҰҒА әдебиет өнер институтының қолжазба бөліміне өткізілген (08.05.78 ) №863 папкадан (1-10 дәптер).
2. XIX ғасырдың қазақ ақындары –Алматы: «Ғылым»баспасы, 1981. –103б
3. Марғұлан Ә. Күйді суреттеп, әнді меңгерген қаламгер. « Жұлдыз» журнал №9,1983 –182-183б.
- 4.Сулейменов Т. Сегіз сері. – Алматы: Өнер, 1991, - 255 б. /8/
5. Қараменде С. « Ер сегіз». Алматы ақшамы,№6. 1991.



## **ТОЛҚЫНДЫҚ ОПЕРАТОРЛАРДЫҢ КОРРЕКТИЛІГІ**

### **Бақтыбаева Кумисай Мұратқызы**

Қойгелді орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Талас ауданы.

### **Өмірзақ Дәуір Дарханұлы**

Дарынды балаларға арналған мектеп-лицейдің математика пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

Классикалық математикалық физика есептерін зерттеудегі негізгі математикалық аппараттар қатарына дифференциалдық және интегралдық теңдеулер теориясы, функционалды талдау, функциялар теориясы, вариациялық есептеулер, ықтималдықтар теориясы, есептеу математикасы және жуықтау әдістері жатады.

Математикалық физика теңдеулеріне қойылатын есептердің арасында шешуі бар болуы, оның тек жалғыз және шешім есептің берілгендеріне қатысты үзілісті емес өзара тәуелді болатын, дәлірек айтқанда адамдар арқылы корректілі қойылған есептердің маңыздылығы өте үлкен. Бір жағынан бұл талаптардың орындалуы айқын сияқты көрінгенімен бұлардың құрылған математикалық модельге сәйкес келуін дәлелдеуге тиіспіз. Корректілікті дәлелдеу дегеніміз – математикалық модельдің алғашқы көрінісі: құрылған модель қарама-қайшылықсыз (шешімнің табылуы), құрылған модель физикалық процесті бірмәнді сипаттайды (алынған шешімнің жалғыз болуы), құрылған модель физикалық өлшемдерді есептеу кемшіліктеріне қатысты аз әсер береді ( алынған шешімнің орнықты болуы).

Математикалық талдаудағы ең негізгі ұғымдардың бірі болып табылатын шекке көшу ұғымы екені белгілі. Бұл ұғымды анықтау үшін сан түзінде берілген бір белгілі бір нүктеден 2-шісіне дейінгі қашықтық түсінігін білу керекті. Анализдің көптеген іргелі

фактілері, нақты сандардың алгебралық мағынасына емес, арақашықтық түсінігіне қатысты. Енді математикадағы өте үлкен маңызға ие ұғымдардың бірі метрика (арақашықтық) берілген функциялар кеңістігі түсінігін қарастырып көрейік. Төменде метрика (арақашықтық) берілген кеңістіктер және оның жалпылама түрі топологиялық кеңістіктер жайлы жазылған.

**Анықтама 1.7.**  $X$  функцияларының (белгілі бір нүктелердің) жиынтығынан (кеңістіктен) құрылған  $(X, \rho)$  жұбы метрика (арақашықтық) берілген функциялар кеңістігі деген терминмен аталынады, ал егерде кез келген  $u$  және  $v$  үшін анықталатын  $\rho(u, v)$  бірмәнді теріс емес нақты функциясы анықталып, ол төменде берілген шарттарды қанағаттандыратын болса:

$$\begin{aligned} \rho(u, v) = 0 & \text{ солай болса тек солай болса ғана, ал егерде } u = v, \\ \rho(u, v) &= \rho(v, u) \text{ (симметрия қасиеті),} \\ \rho(u, t) &\leq \rho(u, v) + \rho(v, t) \text{ (үшбұрыш қатынасы)} \end{aligned} \quad (1.2)$$

Метрикалық кеңістікті  $(X, \rho)$  немесе қысқаша  $R=(X, \rho)$  деген деп белгілеуге болады.

Метрика берілген кеңістіктерге біраз мысалдар келтірсек. Бұл кеңістіктер талдауда өте үлкен маңызға ие роль атқарады.

1. Кез келген бос емес жиынтық

$$a) \rho_0(u, v) = \begin{cases} 0, & \text{ал егерде } u = v, \\ 1, & \text{ал егерде } u \neq v; \end{cases}$$

$$b) \rho_1(u, v) = \frac{\rho(u, v)}{1 + \rho(u, v)};$$

$$c) \rho_2(u, v) = \max_{1 \leq i \leq n} |u_i - v_i|;$$

$$d) \rho_3(u, v) = \sum_{i=1}^n |u_i - v_i|;$$

$$e) \rho_4(u, v) = \begin{cases} \rho(u, v), & \text{ал егерде } \rho(u, v) < 1, \\ 1, & \text{ал егерде } \rho(u, v) \geq 1; \end{cases}$$

метрикасы (арақашықтығы) мен метрикалық кеңістік құрайды. Оны оқшауланған белгілі бір нүкте кеңістігі деген деп аталады. Ендігі кезекте осы мысалдардың кейбіреуін метриканың (арақашықтықтың) қасиеттеріне тексеріп көрелік.

$$b) \rho_1(u, v) = \frac{\rho(u, v)}{1 + \rho(u, v)}$$

Біріншіден  $\rho(u, v) > 0$  теңсіздігі орындалған жағдайда  $\frac{\rho(u, v)}{1 + \rho(u, v)} > 0$

орындалатынын көрсетейік. Шынында да, оң санды оң тұрақтыға қосқанда не оң санды оң

тұрақтыға бөлгенде оң сан шығатыны белгілі. Сол себепті  $\frac{\rho(u, v)}{1 + \rho(u, v)} > 0$  қатынасы

орындалады.

Ендігі кезекте 1)  $\rho(u, v) = 0 \Leftrightarrow u = v$ ;

$$2) \rho(u, v) = \rho(v, u);$$

$$3) \rho(u, t) \leq \rho(u, v) + \rho(v, t)$$

теңсіздіктері орындалатын болса, осы қасиеттер  $\frac{\rho(u, v)}{1 + \rho(u, v)}$  қатынасы орын алатынын көрсетейік.

1) қасиет арқылы  $u = v$  орын алғанда  $\frac{\rho(u, v)}{1 + \rho(u, v)} = 0$  болуы керекті.

$\frac{\rho(u, v)}{1 + \rho(u, v)} = \frac{\rho(u, u)}{1 + \rho(u, u)} = \frac{0}{1 + 0} = 0$ . Демек метриканың (арақашықтықтың) 1) қасиеті орын алады.

Бұл мысал үшін 2) қасиет келесі формада орын алады:  $\frac{\rho(u, v)}{1 + \rho(u, v)}$  өрнегіндегі  $\rho(u, v)$

орнына  $\rho(v, u)$  апарып қойсақ,  $\frac{\rho(u, v)}{1 + \rho(u, v)} = \frac{\rho(v, u)}{1 + \rho(v, u)}$ .

Ендігі кезекте 3) қасиетінің орын алатынын көрсетейік:

$$\frac{\rho(u, t)}{1 + \rho(u, t)} \leq \frac{\rho(u, v)}{1 + \rho(u, v)} + \frac{\rho(v, t)}{1 + \rho(v, t)}$$

$$\frac{\rho(u, t)}{1 + \rho(u, t)} - \frac{\rho(v, t)}{1 + \rho(v, t)} \leq \frac{\rho(u, v)}{1 + \rho(u, v)}$$

Ендігі кезекте d)  $\rho_3(u, v) = \sum_{i=1}^n |u_i - v_i|$  мысалы үшін метрика (арақашықтық) қасиеттерін тексерместен бұрын  $\sum_{i=1}^n |u_i - v_i| > 0$  болатынын дәлелдейік. Ол үшін  $\sum_{i=1}^n |u_i - v_i|$  қатарын  $|u_1 - v_1| + |u_2 - v_2| + \dots + |u_n - v_n|$  түрінде жазып алайық. Бұл жердегі барлық қосылғыштар оң. Демек,  $\sum_{i=1}^n |u_i - v_i| > 0$  екендігі дәлелденеді.

Бұл мысал үшін метрика (арақашықтық) қасиеттері былайша орын алады:

1)  $u = v$  орындалғанда

$$\sum_{i=1}^n |u_i - v_i| = |u_1 - v_1| + |u_2 - v_2| + \dots + |u_n - v_n| = |u_1 - u_1| + |u_2 - u_2| + \dots + |u_n - u_n| = \sum_{i=1}^n |0| = 0$$

$$\sum_{i=1}^n |u_i - v_i| = |u_1 - v_1| + |u_2 - v_2| + \dots + |u_i - v_i| = |-(u_1 - v_1)| + |-(u_2 - v_2)| + \dots + |-(u_i - v_i)| = |-1| \cdot |v_1 - u_1| + |-1| \cdot |v_2 - u_2| + \dots + |-1| \cdot |v_i - u_i|$$

$$3) \sum_{i=1}^n |u_i - t_i| \leq \sum_{i=1}^n |u_i - v_i| + \sum_{i=1}^n |v_i - t_i| =$$

$$\sum_{i=1}^n (|u_i - v_i| + |v_i - t_i|) = \sum_{i=1}^n |(u_i - v_i + v_i - t_i)| = \sum_{i=1}^n |u_i - t_i|$$

сол себепті,  $\rho_3(u, v) = \sum_{i=1}^n |u_i - v_i|$  үшін метриканың (арақашықтықтың) 1)-3) қасиеттері орын алады, сондықтан ол метрика (арақашықтық) бола алады.

2. Арақашықтығы

$$\rho(u, v) = |u - v|$$

болатын нақты сандар кеңістігі  $\mathbb{R}^1$  метрика (арақашықтық) берілген функциялар кеңістігі бола алады.

3.  $u = (u_1, u_2, \dots, u_n)$  реттелген топтар жиынтығы үшін арақашықтығы

$$\rho(u, v) = \sqrt{\sum_{k=1}^n (v_k - u_k)^2} \quad (1.3)$$

формуласымен берілген  $n$  – өлшемді арифметикалық евклидтік функциялар кеңістігі метрика (арақашықтық) бола алады.  $\mathbb{R}^n$  деген символмен белгіленеді. Бұл жердегі  $n$  – кез келген нақты сан.  $\mathbb{R}^n$  кеңістігі үшін бірінші және 2-ші қасиеттер орындалатындығы айқын нәрсе.  $\mathbb{R}^n$  функциялар кеңістігінде үшбұрыш қатынасының орын алатынын көрсетейік.

$$u = (u_1, u_2, \dots, u_n), v = (v_1, v_2, \dots, v_n) \text{ және } t = (t_1, t_2, \dots, t_n)$$

берілді делік. Онда үшбұрыш қатынасы төменде берілген формада өрнектеледі.

$$\sqrt{\sum_{k=1}^n (t_k - u_k)^2} \leq \sqrt{\sum_{k=1}^n (v_k - u_k)^2} + \sqrt{\sum_{k=1}^n (t_k - v_k)^2} \quad (1.4)$$

алынған формулаға  $v_k - u_k = a_k$ ,  $t_k - v_k = b_k$  белгілеулерін енгізсек

$t_k - u_k = a_k + b_k$  болатындығы шығады. Демек (1.4) мына түрге келеді:

$$\sqrt{\sum_{k=1}^n (a_k + b_k)^2} \leq \sqrt{\sum_{k=1}^n a_k^2} + \sqrt{\sum_{k=1}^n b_k^2} \quad (1.5)$$

Бірақ бұл теңсіздік белгілі Коши теңсіздігі арқылы

$$\left(\sum_{k=1}^n a_k b_k\right)^2 \leq \sum_{k=1}^n a_k^2 \cdot \sum_{k=1}^n b_k^2 \quad (1.6)$$

түрінде болуы керек. Бұл көмегімен

$$\begin{aligned} \sum_{k=1}^n (a_k + b_k)^2 &= \sum_{k=1}^n a_k^2 + 2 \sum_{k=1}^n a_k b_k + \sum_{k=1}^n b_k^2 \leq \sum_{k=1}^n a_k^2 + 2 \sqrt{\sum_{k=1}^n a_k^2 \sum_{k=1}^n b_k^2} \\ &+ \sum_{k=1}^n b_k^2 = \left( \sqrt{\sum_{k=1}^n a_k^2} + \sqrt{\sum_{k=1}^n b_k^2} \right)^2 \end{aligned}$$

Осылайша (1.5) теңсіздігі дәлелденді. Бұл (1.4) теңсіздігінің де дәлелденгендігін білдіреді.

Арақашықтығы

$$\rho_1(u, v) = \left| u_k - v_k \right| \quad (1.7)$$

Формуласы арқылы анықталатын  $u = (u_1, u_2, \dots, u_n)$  жиынтығын қарастырып көрейік. Бұл жердегі  $n$  – кез келген нақты сан. 1)-3) қасиетлар орындалатыны айқын. Демек бұл метрика (арақашықтық) бола алады. Оны  $R_1^n$  деген деп белгілейміз.

4) 3 және 4 мысалдардағыдай жиынтықты қарастырып көрейік. Оның функцияларының арақашықтығы

$$\rho_\infty(u, v) = \max_{1 \leq k \leq n} \left| v_k - u_k \right| \quad (1.8)$$

формуласымен анықталатын болсын. Бұл жерде да метриканың (арақашықтықтың) 1-3 қасиеттерінің орындалатыны айқын нәрсе. Бұл кеңістікті  $R_\infty^n$  деген деп белгілейміз. Бұл функциялар кеңістігі евклидтік кеңістікке қарағанда біршама күрделі.

Сонғы үш мысалдан мынаны көруге болады:

Метрикаға арналған белгілердің түрлі болуы өте үлкен маңызға ие.

6. Арақашықтығы

$$\rho(f, g) = \max_{a \leq t \leq b} |g(t) - f(t)| \quad (1.9)$$

формуласымен анықталатын  $[a, b]$  сегментінде берілген  $C[a, b]$  жиынтығындағы үзілісті емес нақты барлық функциялар метрика (арақашықтық) бола алады. Бұл функциялар кеңістігі талдауда өте үлкен роль атқарады. Оны  $C[a, b]$  деген деп белгілейміз.

7. Кез келген мүмкін болатын  $u = (u_1, u_2, \dots, u_n, \dots)$  нақты сандар тізбекшесі

$$\sum_{k=1}^{\infty} u_k^2 < \infty$$

шартын қанағаттандырып оның арақашықтығы

$$\rho(u, v) = \sqrt{\sum_{k=1}^n (v_k - u_k)^2} \quad (1.10)$$

формуласымен анықталатын кеңістікті  $l_2$  метрикалық кеңістігі деген деп белгілейді.

Кез келген  $u, v \in l_2$  болатын  $\rho(u, v)$  функциялары үшін  $\sum_{k=1}^{\infty} u_k^2 < \infty$  және  $\sum_{k=1}^{\infty} v_k^2 < \infty$  болса,  $\sum_{k=1}^n (v_k - u_k)^2$  қатары жинақталатын болады. Демек,

$$(u_k \pm v_k)^2 \leq 2(u_k^2 + v_k^2)$$

тенсіздігі орындалуы керек.

Енді (1.9) үшін метриkanың (арақашықтықтың) қасиеттерін тексереміз. 1) және 2) қасиетлардың орындалатыны айқын нәрсе. Үшбұрыш қатынасы арқылы:

$$\sqrt{\sum_{k=1}^{\infty} (t_k - u_k)^2} \leq \sqrt{\sum_{k=1}^{\infty} (t_k - v_k)^2} + \sqrt{\sum_{k=1}^{\infty} (v_k - u_k)^2} \quad (1.11)$$

Формуладағы әрбір қатар жинақты, басқаша айтқанда кез келген  $n$  үшін келесі тенсіздік орын алады:

$$\sqrt{\sum_{k=1}^n (t_k - u_k)^2} \leq \sqrt{\sum_{k=1}^n (v_k - u_k)^2} + \sqrt{\sum_{k=1}^n (t_k - v_k)^2}$$

Осы жерден  $n \rightarrow \infty$  шекке көшетін болсақ, олай болса  $l_2$  функциялар кеңістігіндегі үшбұрыш тенсіздігін (1.11) аламыз.

8. 6 мысалдағы көрсетілгендей  $[a, b]$  сегментінде үзілісті емес, арақашықтығы

$$\rho(u, v) = \left( \int_a^b (u(t) - v(t))^2 dt \right)^{1/2} \quad (1.12)$$

формуласымен берілетін мұндай метрика (арақашықтық) берілген кеңістікті  $C_2[a, b]$  деген деп белгілейміз және квадраттық үзілісті емес функциялар кеңістігі деген деп аталады. Бұл функция үшін 1) және 2) қасиеттерінің орындалатынын айқын нәрсе. Ал үшбұрыш теңсіздігі Коши теңсіздігінің интегралдық формасы арқылы анықталады:

$$\left( \int_a^b u(t) \cdot v(t) dt \right)^2 \leq \int_a^b u^2(t) dt \cdot \int_a^b v^2(t) dt.$$

9. Кез келген шенелге  $u = (u_1, u_2, \dots, u_n, \dots)$  нақты сандар тізбекшесін қарастырып көрейік.

$$\rho(u, v) = \sup_k |v_k - u_k| \quad (1.13)$$

метрикасы (арақашықтығы)н аламыз. Оны  $m$  әрпімен белгілейміз. (1.13) үшін 1)-3) қасиеті орындалатынын айқын [9-12].

**Анықтама 1.8.** Егер  $(X, \rho)$  метрикалық функциялар кеңістігінде функциялардың  $\{u_n\}$  тізбекшесі үшін  $n$  және  $m$  нөмірлері  $n, m \rightarrow \infty$  орындалғанда,  $\rho(u_n, u_m) \rightarrow 0$  болса, олай болса бұл фундаментальді (Коши) тізбек деген терминмен аталынады.

**Анықтама 1.9.** Егер  $(X, \rho)$  метрикалық функциялар кеңістігінде әрбір фундаментальді тізбек осы кеңістігінің функциясына жинақталатын болса, олай болса ол толық функциялар кеңістігі деген терминмен аталынады.

**Анықтама 1.10.** Егер  $(X, \rho)$  метрикалық функциялар кеңістігіндегі  $M$  жиынтығының әрбір  $u$  функциясына  $(Y, \rho_1)$  метрикалық кеңістігінің қайсібір  $v$  функциясы сәйкес қойылса, олай болса  $v$  функциясы  $u$  функциясының бейнесі деген терминмен аталынады.

**Анықтама 1.11.** Егер де

1)  $X$  жиынтығында  $\rho(u_1, u_2)$  метрикасы (арақашықтығы) берілген,  $Y$  жиынтығында  $\rho(v_1, v_2)$  метрикасы (арақашықтығы) берілген болса;

2)  $X$  және де  $Y_1 \subset Y$  жиындары изометриялы жиындар, дәлірек айтқанда кез келген  $u_1, u_2 \in X$  және де бұлардың бейнелері  $v_1, v_2 \in Y_1$  үшін  $\rho(u_1, u_2) = \rho(v_1, v_2)$  орындалса;

3)  $Y_1$  жиынтығы  $Y$  жиынтығында тығыз орналасса, олай болса  $(Y, \rho_1)$  кеңістігі  $(X, \rho)$  кеңістігінің толықтыру кеңістігі деген терминмен аталынады.

**Теорема 1.1.** Әрбір толық емес кеңістікті толықтыруға болады, дәлірек айтқанда,  $(X, \rho)$  метрикалық кеңістігі толық емес болса, олай болса оның толықтыруы болатын  $(Y, \rho_1)$  толық метрикалық кеңістігі әрқашанда бар болады.



**Теорема 1.2. (Р.Бэр)** Оқшаулы белгілі бір нүктесі жоқ толық метрика (арақашықтық) берілген функциялар кеңістігі ешбір жерде тығыз емес жиындардың санаулы бірігуі бола алмайды.


**Дәлелі.** Айталық  $X$  - толық метрика (арақашықтық) берілген функциялар кеңістігі болсын. Кері жору әдісін қолданып,  $X = \bigcup_{k=1}^{\infty} X_k$  және бұл жердегі  $X_k$  жиындарының әрқайсысы кеңістігінің ешбір жерінде тығыз емес деген деп алайық.

Енді радиусы 1-ге тең тұйық  $O_1$  шарын алайық.  $X_1$  жиынтығы ешбір жерде тығыз емес, сол себепті ол осы  $O_1$  шарында да тығыз емес. Сондықтан осы облыстың ішінде  $X_1$  жиынтығының бір де бір белгілі бір нүктесі жоқ  $O_2$  тұйық шары табылады, дәлірек айтқанда  $O_2 \subset I_1$  және  $O_2 \cap X_1 = \emptyset$ .  $O_2$  шарының радиусын  $1/2$ -ден аспайтындай етіп алайық. Бұл  $O_2$  шарында  $X_2$  жиынтығы тығыз емес, сондықтан  $O_3 \subset I_2$  және  $O_3 \cap X_1 = \emptyset$  болатындай  $O_3$  тұйық шары табылады және оның радиусын  $1/3$ -ден аспайтындай етіп аламыз.  $O_3$  шарында  $X_3$  жиынтығы тығыз емес. Осы үрдісті ақырсыз жалғастыру арқылы  $O_1 \supset I_2 \supset O_3 \supset \dots$  шарларының тізбекшесі пайда болып және бұлардың радиустары нольге ұмтылады. Осы шарлардың бәріне де тиісті  $u_0$  белгілі бір нүктесі бар, бірақта бұл белгілі бір нүкте  $X_k$  жиынтығының ешқайсысына тиісті емес, сол себепті  $u_0 \notin \bigcup_{k=1}^{\infty} X_k$ , дәлірек айтқанда бұл бірігу кеңістігінің белгілі бір нүктелерін түгел өзіне қамти алмайды.

Кеңістік толық орын алғандықтан,  $u_0 \in X$ , сол себепті,  $X = \bigcup_{k=1}^{\infty} X_k$  деген жоруымыз теріс болды. Теорема дәлелденді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мұратбеков М.Б., Мүсілімов Б. Функционалдык анализдың кейбір қолданыстары – Тараз, ТарМПИ, 2012
- 2 Мұратбеков М.Б. Разделимость и спектр дифференциальных операторов смешанного типа. – Тараз, 2006
- 3 Наурызбаев Қ.Ж. Функционалдык анализ. – Алматы: Кітап, 2007



## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ СӘЙКЕС ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Байсерикова Акнур Газизбековна**

Абай атындағы мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

Қазақ тілін оқытуда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру ұстанымдары бар. Кез келген мұғалім сабаққа дайындық кезінде жүйелілік пен бірізділік ұстанымын іске асыру мақсатында төмендегі қағидаларды есепке алады:

- білім алушылар оқытудың шарттарын түсініп, берілген тапсырманы логикалық жағынан жылдам қабылдау мақсатында сызба, кестелерді қолдана отырып, нақты жоспар құру;

- қазақ тілін оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің реттілігін сақтау;

- бастауыш, орта және жоғары сыныптардағы қазақ тілін оқыту мазмұнының ерекшелігін, сонымен қатар, әдістер мен тәсілдердің бірізді болуын қамтамасыз ету;

- жас ерекшеліктеріне қарай, ғылымның жүйесі мен салаларын түсіндіріп, ғылымның бір саласы ретінде қазақ тілі пәнін көрсету, пәнаралық байланысты қолдану;

- бастауыш, орта және жоғары сыныпта қазақ тілі пәні бойынша өткен сабақтардың арасындағы байланысты сақтау: өткен сабақтардан алған білімдерді жиі қайталану және жаңа сабақтармен байланыстып отыру;

- тек қана тіл мамандары, мұғалімдері ғана емес, сонымен бірге, барлық пән мұғалімдері білім алушылардың өз ойларын нақты, түсінікті жеткізуін қадағалау, сөздік қорын, терминдерді қолдануын арттыру;

- білім алушылар жаңылған жағдайда қателерін тауып, олармен жұмыс жасау;

- тақырып, бөлім, тарау меңгерілгеннен кейін, қорытынды және жүйелеу бойынша сабақтар жүргізу;

- жас ерекшеліктеріне байланысты білім алушылардың бірнеше сабақта түсінетін сабақтарын, тиісті тәсілдермен бір сабақта түсіндіру;

- әрбір тарау мен оқу бағдарламасы бойынша білім, дағды және білік жүйесін игеруін талап ету.

Жоғарыда айтылған ұстанымдар Я.А. Коменскийдің: «бүгінгі күнгі оқыту кешегі білімді бекітіп, келешекке жолдама береді» деген сөздерімен сәйкес келеді. Жас ерекшеліктері бойынша білім берудің байланысы мен жүйесін сақтай отырып, оқытуды ұйымдастырудың маңызы зор [1, 102 б.].

Оқу үдерісін ұйымдастырудың ең нәтижелі түрі. Білім беру кезінде мұғалім белгілі уақыт ішінде білім алушылардың сыныбы мен қазақ тілі пәнінің материалдарын қабылдауға қажетті жағдайлар жасап, тиісті жұмыс формаларын, жабдықтарын және әдіс-тәсілдерін қолданып, танымдық сабақтар ұйымдастырады. Сонымен қатар, білім алушыларды тәрбиелеп, балардың шығармашылық қабілеттерін және рухани жан-дүниесіндегі қуаттың көзін ашып, дамытып, жетілдіре түседі. Кез келген сабақ қайталау, жаңа сабақты түсіндіру, бекіту, оқушылардың білімін, қабілетін, дағдысын тексеруден құралады. Олардың әрқайсысы сан түрлі байланысқа түсіп, сабақтың, оның сатылары ішіндегі тізбек пен нәтижені көрсетіп, мұғалім мен оқушы арасындағы тығыз байланыспен ұштасады [1].

Оқу үдерісінде мұғалімдер білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай отырып, білім беру және қабілеттерін жетілдіру жолдарын терең меңгеруілері керек. Білім беру барысында білім алушының бойында алдына мақсат қойып, оған қол жеткізуге ұмтылу, өзін-өзі ұйымдастыру, жауапкершілік, қайсарлық, табандылық және тағы сол сияқты тұлғалық қасиеттер қалыптасуы қажет.

Мектеп қабырғасына қазақ тілі белгілі бір жүйе негізінде беріледі. Нақтырақ айтқанда, 5 және 6-сыныпта орфография және фонетика, лексика және морфология; 7-сыныпта морфология және синтаксис, 8-9-сыныптарда синтаксис толығымен меңгертіліп, категориялары бойынша білім беріледі.

Жас ерекшеліктеріне қатысты қазақ тілін оқытудың қай кезеңі болмасын, жаттығуды, қазақ тілінің түрлі салалары бойына талдау жүргізудің маңызы ерекше.

Енді нақты қазақ әдебиеті бойынша айтатын болсақ, мысалы, бастауыш сыныптарда жеңіл өлеңдерді жаттап қана қойса, жеткіншек жасында берілген өлеңнің көлемі ұлғайтылады. Оны жаттайды және мазмұндайды. Ал, келесі жасөспірім сатысында өлеңді тек жаттап, мазмұндап қоймай, оның тақырыбын, идеясын ашады, шығармалар жазады.

Қазақ тілі бойынша бастауыш сыныптарда тек фонетика, морфология, лексика және т.б. бөлімдер бойынша жеңіл түрде ережелерді жаттап, сұрақтарын есте сақтап, мысалдар келтірсе, келесі кезеңде, яғни жеткіншек жасында және жоғары сыныптарды тақырыптар күрделене түседі.

Мысалы, зат есім бойынша бастауыш сыныптарда заттың немесе құбылыстардың атын білдіретін сөздер зат есім деп аталатынын және кім?, не?, кімдер?, нелер? деген сұрақтар қойылатынын меңгерсе, орта сыныптарда зат есімнің түрлері толық қаралып, мәтіндерден оның түрлерін ажырату мәселесі қойылады. Ал, жоғары сыныптарда зат есімнің жасалу жолдары, оларға қосымша түрлерінің жалғану ерекшеліктері игеріледі.

Дәл осылай барлық тақырыптар білім алушының жас ерекшеліктеріне байланысты күрделеніп келеді және оны тиімді жеткізу мұғалімге тікелей байланысты.

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру арқылы қазақ тілі пәні негізінде білімін бағалау әдістері мен тәсілдері туралы. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қазақ тілін оқытудың мақсаттары мен міндеттері біраз мәселелерге қатысты өзгергіш категория болып саналады. Алға қойылған мақсатқа сай, дәстүрлі оқу түрі әдетте білім, дағды және білік қалыптастыруға негізделген.

Қазақ тілі сабағын дәстүрлі оқыту әдістерін екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Иллюстрациялы түсіндірудің әдістері (дәріс, баяндау, әңгіме, тәжірибе, еңбектену және т.б.) сабақты мұғалім түсіндіріп өтеді және де игерілетін материалдарды көрнекілікпен көрсетеді.

2. Оқытуға арналған құралдар оқу ақпараттарын тасымалдаушы болады, сонымен бірге, мәліметтік ортаны тудырудың жүйесі болып есептеледі. Мұғалімнің мәліметті тікелей жеткізу функциясы азаяды, демек кейбір оқыту әдістері мен тәсілдерінің мәні түседі, сондай-ақ оқу құралдарының рөлі жоғарылайды. Оқудың құрал-жабдықтары тек білім алушы мен оқытушының арасындағы кей оқу әдіс-тәсілдерін игеру кезіндегі өзара қатынас ретінде қарастырылған [2].

Қазақ тілін білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, компьютерлік оқытудың маңызы жоғары. Оқу үдерісінде компьютер, ноутбуктерді қолданумен байланысты оқу жабдықтарының да сапасы артты: мұғалімнің техникалық-көрнекілік жабдық-құралдарын көбейтеді, бейнеқұрылғылар, байланыс құралдары, принерлер т.б.

Егер қосалқы желіде жұмыс жүргізу немесе интернетпен жұмыс жасау қажет болған жағдайда, онда компьютерде желілік кар болмаса модем болған дұрыс немесе қазіргі кезде мектептерде вайфай желісі орналастырылған. Кез келген мәліметті білім алушыларға көрсету үшін проектор қолданылады және кез келген мәтін-ақпаратты көрнекілік ретінде көрсете беруге болады. Бұрынғы кездерде мұндай мүмкіндіктер болмаған.

Цифрлық бейнекамералар болмаса цифрлық бейнекамералы смартфондар арқылы, оларды проекторға қосу арқылы түрлі суреттермен, сызбалармен, кестелермен, мәтіндермен жұмыс жасауға болады.

Заманауи білім беру құрал-жабдықтарының ерекшелігі олардың интерактивті жағдаймен жұмыс жасау мүмкіндігінің болуында, бұл әдістер оқыту үдерісін жеңілдетеді.

Мысалы, интерактивті тақта. Оны компьютер немесе ноутбукпен басқарып, мәліметті проектор арқылы көрсетуге болады.

Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қазақ тілін оқыту тәжірибесінде қашықтықтан оқытуды енгізудің басты мәні отандық ақпараттық технологияның дамып және әлеуметтік ақпараттық құрылымның жоғарылауы болып есептеледі. Қашықтықтан білім беру заманауи тұрғыдан барынша тиімді және білім берудің дамушы түрі, оның келешегі жарқын. Қашықтықтан субъектілерінің уақыттық және кеңістік айырмашылығына қатысты түрлі телеқарым-қатынас жабдықтарымен байланысады. Мәселен, электронды пошталар, интернет, желілер жүйесі, бейнеконференциялар және өзге де мүмкіндіктер. Қазіргі уақытта мектептердің барлығы дерлік интернетті пайдалануға мүмкіншіліктері бар және қашықтықтан өтетін жобаларға қамту мүмкіндіктері көп. Қашықтықтан білім берудің маңызды құрамдас бөлігі, сонымен қатар, оның экономикалық жағы болып саналады.

Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қазақ тілін оқытудың төменгі өз құны білім мазмұнының бірігуі арқылы, қашықтықтан білім беру технологиясының оқыту шеңберін қолдануы арқылы транспорттық және техникалық құрал-жабдықтарды үнемдеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Жалпы, дистанционды білім берудің, яғни оқытудың күндізгі дәстүрлі оқытумен салыстырғанда, тек қызық тілі емес, сонымен қатар барлық пәндер үшін бірнеше қосымша мүмкіншіліктері бар:

- оқыту және алынатын мәліметтер көлемінің жылдам, сапалы ену мүмкіндігі;
- білім алушылар кәсіби мұғалімдермен байланыса алады, аймақтың қай жерде орналасқанына қарамастан, жоғары білікті мамандардан білім алады;
- мұндай мүмкіндіктер мұғалімдерге де туындайды, олар өзге қалалардағы, мемлекеттердегі әріптестерімен ашық сабақтар өту арқылы біріге отырып тәжірибе алу мүмкіндіктері бар.

Базалы негізде интеграцияланбаған медиабілімнің мазмұны қазіргі кезде 4 бөлімнен тұрады:

1. Бұқаралық ақпарат құралдарынан және көркем әдебиеттердің электронды нұсқасынан алынған ақпараттар мен мысалдарды қабылдауға, оларды талдап, өңдей білуге үйрету;

2. Білім алушылардың сындарлы ойлауын дамыту, ақпараттардың жасырылған мазмұнын аша білуге машықтау, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттардың қайшылықты тұстарын сезіну қабілетін дамыту;

3. Мектептен тыс тың материалдарды да негізгі білімге қосу;

4. Түрлі жаңа техникалық құралдарды (компьютер, интернет, мультимедиа және т.б.) пайдалана отырып, керекті ақпаратты іздеуге, әзірлеуге, оны тасымалдауға, қабылдауға дағдылануының орнығуы.

Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қазақ тілін оқытуда білім алушыларға түсініксіз сөздерді түсіндіру жолдарын қарастыру маңызды рөл атқарады.

Мәтінде түсініксіз болып келетін сөздерді түсініп игерумен бірге, ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарында да еркін пайдалана алу керек. Тілдік қарым қатынасқа түскенде, белгілі материалдарға жоспар құрғанды, мазмұндама болмаса шығарма немесе жаттығу жұмыстарын орындаған кезде пайдаланғаны жөн. Осыған мұғалім әрдайым басшылық ететіні белгілі.

Қазақ тілін оқыту барысында бетпе-бет келетін түсініксіз сөздермен жұмыс жасаудың, сондай-ақ оны жүзеге асырудың әдістемелік жолдары төмендегілер:

1) Зат есім сөздерге қатысты сөздердің синонимдерін табу арқылы ұғындыру. Мысалы, әк сөзінің мағынсын түсіну кейінгі білім алушыларға қиындық туындатуы мүмкін. Өйткені бұл сөз құрылыс саласының дамуына байланысты көп қолданылмауы мүмкін, сондықтан бұл сөзді синонимдер сөздігенде көрсетілген утас сөзімен синоним ретінде қарастырған жөн. «Адырдың беткейінде әкпен сыланған үйлерді көргенде

Мендігүлдің ішкі дүниесінде біртүрлі сағынышты сезім оянды», «Ескі қыстаудағы әдеттегі жайпақтам, сырты утаспен майланған, аппақ» [3].

2) Сын есімдерге сай сөздердің мағыналас лексемаларын табу негізінде игерту. Мысалы, жақын сөзінің орнына таяу, осы ара секілді мағынадағы сөздер пайдаланылады. Сонымен қатар, жақын сөзінің орнына осы маңда; әдемі сөзінің орнына сұлу, көркем секілді синонимдер қолданыла береді. Бірақ, олар мағыналас болғанымен, бірінің орнына бірі жүре бермейді.

Мысалы, жақын жолда дегендегі жақын деген сөздің орнына қол созым жерде тіркесті айтуға болады да, жақын деген сөзді қолдандыруға болмайды. Дегенмен, ауыл арасы жақын дегендегі жақын сөзінің орнына жақын, осында сөздерді қолдануға болады. Осымен сөйлемнің мәні бұзылмайды. Осы секілді қысқа құйрық торы ат дегенде қысқа сөзінің орнына шолақ, келте сияқты синонимдерді қойып айту мүмкіншілігі бар.

3) Етістіктердің синонимдерін қатар қою негізінде түсіндіру. Мұғалім тақтаға төмендегі сөйлемді жазып қояды: Ол бізге жаңа мәлімет берді. Одан кейін «Берілген сөйлемдегі етістіктер қатарының орнына қандай синонимдерді қолдануға болады?» деген сұрақтарты береді. Осыдан соң орынды жауап берген баланың сөйлемдері сынып тақтасына көрсетіледі. Оны білім алушылар жазып алады.

4) Синонимдерді антоним сөздермен салыстыра ұғындыру. Мұғалім білім алушыларға қатты деген сөзді береді және оған қарама-қайшы мағынадағы сөздерді теріп жазуды жүктейді. Олар қатты-мамық, қатты-жұмсақ.

6) Біріккен сөздердің этимологиясын талдау негізінде түсіндіру. Мұғалім: Биыл – бұл жыл; бүгін – бұл жыл; әкел – алып кел, апар – алып бар. Бұлар тіркесіп айтылған ескі сөздің тұтасып, жиі қолданылуының салдарынан ықшамдалып, қалыптасқанын түсіндіру.

7) Түбірін табу арқылы жаңа сөздерді түсіндіру, Мұғалім: өндіріс өн – етістік, өндіріс – туынды етістік, іс – тунды етістіктен туынды зат есім тудыратын жұрнақ. Осылайша, жұрнақтың үстіне жұрнақ жалғануы арқылы жаңа сөз жасалып тұр. Білім алушыларға ұқсас мысалдарды талдатады; басқарма, құбылыс, үйірме.

Білім алушыларға түсініксіз сөздерді түсіндіру кезінде қазақ тілінің түсіндірме сөздігін қолданған дұрыс болады, себебі онда қазақ тіліндегі көптеген сөздердің мағыналарын, олардың жалпи сипаттамасын нақты мысалдармен айқындап, дәлелдеп береді. Қорыта келгенде, мұғалім әр алуан жұмыстарды ұйымдастырудың нәтижесінде, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай төмендегі дағдыларды қалыптастырады:

а) анықтамалар және ережелерді түсінікті түрде айтып береді;

ә) анықтамаларды, ережелерді дәлелдеп береді;

б) талдау жұмыстарында, әртүрлі жазба жұмыстарын жасауда кездесетін тілдік фактілерді ажырата алады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі


1 Коменский Я.А. Великая дидактика. – М.: Педагогика, 1989.

2 Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі/ред.басқарм. С.Қалиев және т.б. – Алматы, 1999.

3 Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007.

4 Жусанбаева С. Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 2020. – 312б.

5 Оразбаева Ф. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Оқу құралы, 2005. – 170 б.



**Түймебай Әсем Абзалқызы**  
«Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау көрсету» орталығының  
маманы, Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ  
**Каракожаева Жаухар Тиллаевна**  
№1 орта мектеп педагог-психологы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

ҚР «Білім туралы» заңында инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс екені көрсетілген. Инклюзивті білім балаларға қатысты кез келген кемсітушілікті жоққа шығаратын, барлық адамдарға бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ерекше жағдай жасайтын идеологияға негізделген. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [1], «ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы»[2] сынды құқықтық-нормативті құжаттар арқылы міндеттелген инклюзивті білім беру үрдісі педагогтардың кәсіби іс-әрекетіне қойылар талаптарды күшейтеді.

«Бабалар мұрасын мәңгілік ел құндылығын өркендету бағдары ретінде анықтау қоғамның ерекше балаларға толерантты қатынасын қалыптастыру алғышарты. Қазақ ұлты отбасында ерекше белгімен дүниеге келген сәбиді «нышаналы бала» деп атаған. Мұндай балаға бір отбасы ғана емес, бүкіл ел, тұтас қауым ерекше жанашырлық қатынаста болған. Осындай тәжірибе жапон халқында да бар екен. Олар ерекше баланы «киелі бала» деп атайды екен. Инклюзивті білім беру аясында әр бір мұғалімнің ерекше білім қажеттілігі бар оқушылар категориясын білуі және олардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту әдістемелерін меңгерулері шарт. Бұған заманауи білім беру инновациялары мен реформалар беталысы қозғау салары айқын: қоғамдық бақылау кеңестері, ата-аналар өкілеттігі, жаңартылған білім мазмұны, интегративті оқыту, көптілділік саясаты, академиялық еркіндік және академиялық ұтқырлық қағидалары, т.с.с. Инклюзивті білім беру жалпы қоғамдық сипат алған жағдайда өрістеп дамитын болады»[3,9б.].

Ерекше білім беру қажеттілігі – бұл әр оқушының оқуы табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу үдерісіндегі көмек пен қызмет көрсету қажеттілігі. Жалпы білім беруді дамыту инклюзивтілік принципті негізге ала отырып, білім берудегі құндылықты бағдарлардың өзгеруін болжайды. Осыған орай ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен дамытудың жеке бағдарламасымен жұмыс жасау – бұл әр баланың ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа қабілеттерін ашуға бағытталған шығармашылық және өте күрделі процесс болған соң, психологиялық тұрғыда балаларды бақылау, зерттеу және диагностикалау әдістерін қолдану арқылы әр педагог-ассистент өз қарамағындағы оқушымен жұмыс атқарады.

Тағы бір туындайтын мәселе, ата-аналар сыныпта «ерекше» бала болғандықтан өз балалары да назардан тыс қалып қоймағанын қалайды.

Мысалы, ата-аналар көбінесе баласы басқа балалардан бөлініп қалмауын немесе жазудан үлгермей қалмасын деп сұрап, мән беріп отырады. Осы ретте біз ата-аналардың жағымсыз ойларын жеңуге көмектесеміз. Ерекше қабілетті қажет ететін оқушыларға барлық оқушылармен бірге міндет, мақсат қойылатынын түсіндіреміз. Сондай-ақ, бала бойындағы жағымсыз ойларын жеңуге көмектесеміз. Ерекше қабілетті қажет ететін оқушыларға барлық оқушылармен бірге бірдей міндет, мақсат қойылатынын түсіндіреміз. Сондай-ақ, бала бойындағы жағымсыз қасиеттерді жойып, өзін еркін, қалыпты сезінуге үйретеміз.

Оған көмекке біздің педагог-ассистенттеріміз келеді. Сонымен қатар сынып жетекшілерге сынып жағдайында мынандай арнайы әдістер қолдануға болатыны айтылды: «кіші қадамдар»; заттық қызмет пен көрнекі құралдарға; «сөйлеу тілін жандандыру»; заттық және ақыл-ой әрекетіне «алдыға қарай жылжу», меңгергенді үзбей

қайталау; меңгерілген ұғымды салыстыру және қарама-қайшы қоюамалдарын қолдану және т.б. бұл әдістер сыныптың басқа оқушыларына да оқу материалдарын жемісті меңгеруге септігін тигізеді. Оқытудағы баламалы (альтернативті) әдістеріне мына әдістер кіріктіріледі: глобалды оқыту, «Нумикон» әдісі арқылы санауға үйрету, Монтессори жүйесі және басқа да жаңа психологиялық-педагогикалық әдістер.

Жеке бағдарлама бойынша сәтті жұмыстың негізі кейбір ережелерді сақтау болып табылады:

Сабаққа оң көзқарас, баланың қызығушылығы.

Сабақ мазмұнының қызығушылықтарға, бейімділіктерге және даму деңгейіне сәйкестігі.

Түзету және дамыту сабақтарының жүйелілігі.

Титул парағы (бұл бағдарлама кіммен, қашан келісілген және бекітілген, кім үшін жасалған) Мысалы:

Түсіндірме жазба (бағдарламалық қамтамасыз ету, осы бағдарламаны іске асыру шарттары мен нысандары, бағдарламаны игеру мониторингінің кезеңдері мен нысандары, іске асыруға қатысушылар, топта қысқа мерзімді болу кезіндегі режим сипаттамасы және т.б. туралы ақпаратты қамтиды).

Жеке оқу жоспары (баланың қажеттіліктерін ескере отырып, тақырыптарды зерделеуге бөлінген сағат саны, мүмкін болатын өзгерістер.

Бағдарламаның мазмұны 3 компонентке бөліп ұсынылады:білім беру, тәрбиелеу және түзету).

Қорытындылар мен ұсынымдар (диагностика нәтижелері бойынша түзетулердің негіздемесі және білім берудің келесі кезеңінде ерекше білім қажеттіліктерібар баланы одан әрі сүйемелдеу жөніндегі ұсынымдар бойынша жұмыс атқарады.

Ерекше білім қажет ететін балалармен бірнеше іс-шаралар өткіздік, оған ата-аналары да белсене қатысты. Алдағы уақытта да өз деңгейінде бірігіп жұмыс атқарамыз деп ойлаймын.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру – бұл жалпы білім берудің трансформациясы. Мұнда бала мектептің қажеттіліктеріне емес, мектеп баланың қажеттіліктеріне бейімделуі керек. Сондықтан ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеусіз және олардың білім алу қажеттіліктерін бағалаусыз инклюзивті білім алу қажеттіліктерін бағалаусыз инклюзивті білім беру туралы айтуға болмайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (өзгертулер мен толықтырулармен). – А., 2017. – 72 б.
2. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 14 б.
3. Оспанбаева М. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі. – Алматы: қазақ университеті, 2019. – 232б.



## **РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ**

**Шығанбаева Назира Сейсеновна**

Отбасылық тәрбие мәселелері болашақта бәріміз өмір сүруге тиіс қоғамның жаһандық мәселелеріне айналуы мүмкін. Сондықтан да ұлттық жаңғыру кезеңін бастан өткеріп отырған қазіргі егемен Қазақстанның алдында тұрған бірінші кезектегі міндеттер туралы айта отырып, жас ұрпақ тәрбиесіне барынша мән берген жөн. Ұстаз В.Сухомлинский былай деп жазады: «Отбасында тамыр қаланады, одан кейін бұтақ, гүл, жеміс шығады. Мектептің педагогикалық даналығы отбасының адамгершілік саулығына құрылған» [1].

Қоғамымызда болып жатқан жаһандық әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру қызметіне дәстүрлі көзқарасты өзгерту қажеттілігіне алып келеді. Тұрақсыздықтың әсері рухани-адамгершілік қатынастардың қалыптасуына және баланың жеке басының үйлесімді дамуына кері әсерін тигізеді. Баланы тәрбиелеу мен дамытудың ең көне мекемесі – отбасы. Бала отбасында не меңгерсе, оны кейінгі өмір бойы сақтайды. Отбасы – баланың рухани дамуының бесігі. Отбасы – тәрбиеде негізгі, ұзақ мерзімді және ең маңызды рөл атқаратын ұжым.

Бұл өзін-өзі тану жүзеге асырылатын және баланың сүйіспеншілікке, қамқорлыққа, сүйіспеншілікке, құрметке және қарым-қатынасқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыратын дәстүрлі институттардың бірі.

Отбасындағы рухани-адамгершілік ұстанымдарды тәрбиелеу - тәрбиенің кең процесінің бір бөлігі болып табылатыны белгілі. Бұл мектеп оқушыларының отбасылық тәрбиесінің белсенді қатысушысы болуға міндеттейді. Отбасы мектеппен бірге бүкіл оқу-тәрбие процесінің тиімділігін анықтайтын білім беру ортасы үшін ең маңызды жағдайлардың жиынтығын жасайды.

Рухани-адамгершілік тәрбие дегеніміз – балаларға салт-дәстүріміз негізінде олардың рухани болмысын, имандылығын қалыптастыратын білім беру. Балалар алғашқы адамгершілік сабақтарын отбасында алады. Барлық балалар үнемі ересектерге еліктейді, бірақ оларға шынайы еңбекте өз қалауын білдіру мүмкіндігін беру қажет. Мұның бәрі отбасы құрылымына байланысты. Өйткені, ата-аналар үнемі өздері үшін көмекшілерді өсіруге ұмтылуы тиіс.

Балалардың бойында жас кезінен бастап ең маңызды адамдық саналарды – адамгершілікті: сүюді, аяушылықты, төзімділікті, имандылықты, әдептілікті, мейірімділікті, адалдықты және басқа да асыл қасиеттерді дамытуымыз қажет. Мұғалімнің ең негізгі міндетінің бірі балаларға адамгершілік құндылықтардың маңыздылығына ден қоюға үйрету.

Баланың сана-сезімін, адамгершілік мұраттарын қалыптастыратыны-тәрбиенің ең бірінші рухани міндеті. Рухани-адамгершілік тәрбие барысында әрдайым өз мұраттарын басты нысана етіп ұстау қажет. Себебі, баланың көз қарасы оның күнделікті іс-әрекетімен сәйкес келмесе, олар ойлауға шебер, бірақ іс-әрекетке, қарым-қатынасқа жоқ адамдар болып шығады[2].

Жеке тұлғаның адамгершілік даму жолындағы алғашқы маңызды әлеуметтік институт – отбасы. Қоғамның моральдық нормалары бастапқыда баланың алдында отбасының бүкіл өмір салтында бейнеленген және ол жүзеге асырмай-ақ, мінез-құлықтың жалғыз мүмкін тәсілі ретінде интернационализацияланады. Дәл отбасында әдеттер, өмірлік ұстанымдар қалыптасады. Балалардың қалай өсетіні отбасындағы қарым-қатынастың қалай құрылғанына, қандай құндылықтар мен мүдделердің бірінші орында тұрғанына байланысты. Балаларды ашуланудан, төзімсіздіктен және ақыл-ойды жоғалтудан қорғау маңызды. Өмірде аянбай еңбек ету және қиындықтарға батыл төзе білу, мейірімділік, төзімділік, адалдық, әдептілік, басқа адамдарға жанашырлық,



еңбексүйгіштік, табиғатты құрметтеу – ерте бастан қалыптасқан басты құндылықтар. Балалық шақ.

Баланың рухани бай тұлғасын тәрбиелеу үшін отбасының барлық мүшелерінің бір-біріне деген сыйластық қарым-қатынасы, сенімі мен сүйіспеншілігі, бір-біріне деген сүйіспеншілігі, қарым-қатынасының сақталуы оның өзегі болуы тиіс дұрыс құрылымды отбасы тәрбиесінің маңызы зор деп есептеймін. Отбасылық салт-дәстүр, өз тегін білу, ата-ананы, ата-бабаны құрметтеу.

Қазіргі таңда отбасында бала тәрбиесі мен дамуына тиісті көңіл бөлінбейді деп айта аламын. Қазіргі ата-аналар ақша табумен айналысады және балаларына өте аз уақыт қалды, балаларын беделді университетке түсіру арқылы болашақ өміріне дайындайды. Бірақ кішіпейілділікті, еңбекқор адамды, мейірімді де сүйетін отағасын, патриотты, азаматты тәрбиелеу маңыздырақ шығар. Кейбір «дұрыс емес» деп аталатын отбасыларда балалар толығымен өз еркімен қалады. Демек, мектеп – баланың жеке басын тәрбиелеу, оқыту және дамытудың маңызды құрамдас бөлігі. Ал мектеп алдында өз Отанына адал, бәсекелестік ортада табысты жұмыс істеуге қабілетті, мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігі жоғары, жан-жақты дамыған, шығармашыл және адамгершілігі жоғары тұлғаны дайындау міндеті тұр.

Мектептің қоғамдық мақсаты – оқушыларды тәрбиелеуде оқушылардың, педагогикалық ұжымның, ата-аналар мен жергілікті қоғамдастықтың және қоғамның күш-жігерін біріктіру.

Ата-ана бірлескен ізденістің тең құқылы мүшесі ретінде сезінеді, оның маңыздылығын түсінеді, сондықтан тиімді жұмыс істейді. Ол мақсатына жетуге ынталы. Шешімдерді ата-аналардың өздері қабылдаған кезде олар үшін мүлдем басқа мағынаға ие болады. Ата-аналар олар үшін жауапкершілікті сезінеді, өйткені бұл олардың баласы, және кейіннен олар міндетті түрде өздерінің «рецепттерін» іс жүзінде қолданады.

Отбасымен жұмыс істеудегі келесі маңызды қадам - бұл үлкен нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін жеке формалар. Мұғалімдер ата-аналармен әңгімелесе отырып, отбасылық дәстүрлер, мүмкін болатын проблемалар, әрбір отбасы мүшесінің жұмысының сипатымен танысады, отбасының қай мүшелері балаға көбірек әсер ететінін анықтайды, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықтың жолдарын іздейді.


Тәрбие мен білім беру ұғымдары - егіз түсініктер. Олар баланың жеке басының дамуында маңызды рөл атқарады. Оқыту арқылы біз тәрбиелейміз, ал ата-аналар бұл процеске қызығушылық танытуы керек. Сондықтан шәкірттердің жан дүниесіне биік ұстанымдарды қондыру үшін ұстазға тек теориялық білім ғана керек емес, оның өмірінің өзі де сол қағидалар негізінде құрылуы керек.

Қорытындылай келе, орта мектеп тек балаларға білім беретін мекеме емес, мұнда балалар жарқын, шығармашылық, қанағаттанарлық өмір сүреді. Өйткені, әр баланың қабілеті мен дарыны болады. Оқушылардың белсенділігі, оның мазмұны, қарым-қатынасы, балалар мен ересектердің қарым-қатынасы өсіп келе жатқан адамның адамгершілік-рухани бейнесі қалыптасатын табиғи орта болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сухомлинский В. Сердце отдаю детям. // <https://library.vladimir.ru/news/vasilij-suxomlinskij-serdce-otdayu-detyam.html>

Рухани тәрбие – адамгершілік бастауы. // <https://edunews.kz/lentnews/1507-ruhani-trbie-adamgershik-bastauy.html>



## **АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНЫҢ МӘНІН МЕНҒЕРУДЕГІ ИНТЕРАКТИВТІК ТАПСЫРМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Таубай Ақмарал Бақтығалиқызы**

М.Жұмабаев атындағы №21 орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

Қазіргі таңда педагогтар мен әдіскерлер қауымы сабақтың дидактикалық мақсаттарын шешуде оқытудың белсенді түрлерін қолдануда. Орта мектепте оқушылардың шетел тілін үйренуге деген қызығушылығын арттыру, оны өз дәрежесінде меңгерту өте маңызды. Бұл мәселені шешу үшін оқытуда екі жақты біріккен іс-әрекетке жетелейтін, оқушыны басты субъект ретінде қарастыратын, ал шетел тілін оқыту үрдісінде іс-әрекетке бағытталған сипат беретін оқытудың интерактивтік түрлерін қолдану керек.

Электрондық оқулықпен жұмыс істеуде интерактивтік іс-әрекет арқылы студенттер өздеріне қажетті білімдерді нақты әрі ықшамды гипермәтін материалдарынан, қосымша мәліметтерден, тапсырмалар мен тесттерді орындауда алады және бұл оқулық сонымен бірге керекті мәліметтерді интернеттен алатындай етіп ұйымдастыруды, оны дамытуды көздейді.

Ағылшын тілін үйрену мен үйретудің қиын екенін, оның маңыздылығын бүгінгі таңда өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Сол себепті барлық оқу орындарында тілді үйрену мен үйретудің сан қилы тәсілдері мен әдістері қолданылуда. Сондай тәсілдердің бірі электрондық оқулық негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді үйрету.

Бүгінгі күні сабақ өткізу барысында компьютердің графикамен жабдықталуына орай тіл сабақтары диктант, сөздік жұмыстарын орындаумен қатар программалау тілдерінің дамуының арқасында адам мен компьютер арасындағы диалог құруға мүмкіндік алды. Ағылшын тілі пәнінде компьютерді қолдану арқылы сабақтың көрнекілігін арттыруға, әрбір студентті жеке жұмыспен қамтамасыз етуге, олардың ақыл-ой дамуын жетілдіруге болады.

Шетел тілін оқытудың практикалық мақсатына жету үшін студенттер оқу бағдарламасында белгіленген тіл материалын (фонетика, грамматика, лексика, орфография) меңгеруі тиіс. Тіл материалын меңгеру - оны тану ғана емес, сол материалды дұрыс түсіну және дұрыс қолдана білу дағдысын меңгеруді білдіреді. Демек, шетел тілін оқыту үрдісінде тіл материалымен

оқушыларды таныстырып қана қоймай, оларға осы материалды дұрыс қолдануға дағдыландыру керек.

Соның ішінде ағылшын тіліне үйрету барысында жалпы білім беру мен тәрбиелік мақсат: ақыл-ой, рухани, саяси-идеялық, еңбекке баулу, эстетикалық т. б. тәрбие жүзеге асырылады.

Қазіргі таңда лингвистикалық ұстанымдар: мәдениет пен тілді байланыстырып оқыту үлкен орын алады, өйткені бүгінгі күндегі ақпараттың негізгі әрі жетекші көзі болып табылатын кітапқа, жаңа ақпараттық технологияларға жол ашады. Тілді оқытқанда сол үйренетін тілді тұтынушы халықтың мәдениетін, тарихын, дәстүр-салты мен тілді байланыстыра үйрету табысты болады. Тілді еркін үйренгенге дейін студент жартылай тіл аралығында жүйелі іс атқарады. Ана тілі мен екінші тіл аралығында сөйлейтін студенттің жіберген қатесін теріске шығармау керек және студент өз қатесін өзі түзеуіне көмек беру керек.

Коммуникативтік құзірет мынадай компоненттерден тұрады:

- ұйымдастыру;
- грамматика және сөз сайысына түсу;
- прагматикалық;
- стратегиялық;
- психологиялық.

Егер коммуникативтік құзырет үйренудің мақсаты десек, онда шетел тілін үйретуде шың барлық құрамдарына көңіл бөлу аса қажеттілік. Қатысым мақсатына жету деген сөз, яғни еркін сөйлеу (қате жібергеніне қарамастан).

Студенттерге оқу материалдарын меңгертуді ұйымдастыру үшін олардың анықтамалық әдебиеттерге сілтемелерді талдауға жәрдем беретін, түзілген жазбаша жауаптар арқылы өз ойларын білдіру мүмкіндігін беретін, оларды жазу арқылы шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін байытатын, логикалық ойлау қабілетін, ықыласын дамытатын арнайы жинақталған жаттығу-тапсырмалар мен тесттер студенттердің өз бетінше шығармашылық жұмыстармен айналысуына бағытталған [1].

Мұғалімнің педагогикалық қызметінің операциялық құрылысын құрайтын компоненттерін ескере отырып, әр микромодульдің мазмұнын өз алдына жеке және әдістемелік сұрақтарды анықтайтын тапсырмаларға бөлуге болады:

- оқытудың мақсатын, міндетін және мазмұнын анықтайтын тапсырмалар;

- берілген тарау бойынша арнайы тапсырмалар;

- тақырып бойынша оқыту процесін жоспарлау мен ұйымдастыру ерекшеліктеріне арналған тапсырмалар және т.б.

Әр тапсырманың мазмұны әдістемелік іскерліктің белгілі түрінің нақты теориялық негізін құрайды. Электрондық оқулықта берілген бірінші түрдегі тапсырмалар гносеологиялық және жобалау мәселелерін шешуге қажетті білімді меңгеруді қарастырады.

Мұғалімнің **шығармашылық тәсіл принципі** типтік оқу-тәрбие мәселелерін шешу процесінде оқытудың негізгі құралдарын өз кезінде қолдана білу үшін студенттерден шығармашылық әдіс-тәсілді талап ете отырып, болжамалы оқу ситуациясының шартын талдауға және олардың ішінен оқытудың әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдауға, сабаққа қойылатын міндеттерді анықтайтын жаттығу-тапсырмаларды құрастыруға мүмкіндік береді. Тапсырмалар жүйесі, олардың мазмұны мен реттілігі **қарапайымнан күрделіге принципін** қатал ұстана отырып, педагогикалық қызмет құрылымының жеке компоненттерін меңгеруден оларды біркелкі жүйеге үйлестіру тәуелді функционалды-құрылымдарды, байланыстарды және түрлі күрделі деңгейлі операциялар мен педагогикалық әрекеттер арасындағы қарым-қатынастарды көрсетулері керек. Осыған байланысты әр микромодуль ішіндегі тапсырмалар көлемі ұлғайтыла және олар үздіксіз күрделендіріле орналастырылған.


Электрондық оқулықта практикалық тапсырмалар жүйесі шетел тілі мұғалімінің педагогикалық қызметінің ерекшелігіне байланысты берілген жүйелі талдау негізінде құрастырылған. Сонымен қатар педагогикалық ептіліктің құрылымы мен ерекшеліктері психологиялық зерттеулердің қорытындылары және олардың жасалу жағдайлары мен заңдылықтары негізінде жасалған.

Қалыптасатын лингво-әдістемелік іскерлік инвариативтік педагогикалық қызметтер арқылы жүзеге асады. Осы іскерліктер болашақ шетел тілі мұғалімінің негізгі кәсіби-әдістемелік даярлығы болып табылады. Басқа барлық іскерліктер сияқты, олар біртұтас мақсатты жаттығулар арқылы қалыптасады [2].

Шетел тілдерін оқытудың басты мәселелерінің бірі студенттердің материалды меңгерулерін тексеру болып табылады. Дұрыс қойылған бақылау - студенттердің білім, іскерлік және дағды деңгейлері туралы дер кезінде анық, толық түсінік бере отырып пысықтайды, жеке тақырыптарды оқу кезінде пайда болған кемшіліктерді жоюға мүмкіндігін тудырады. Сонымен бірге жүйелі түрде жүргізілген бақылау мен тексеру студенттердің үлгерімін арттыруға тиімді ықпалын тигізеді, олардың бойында құнды қасиеттерді: борыш сезімін, жауапкершілікті, оқуға деген ынта-қызығушылықты қалыптастырады. Тексеру мен бақылау білімдік және тәрбиелік қызмет атқарады. Бақылау мен тексеру студенттерге оқу материалын қалай меңгергенін, қандай жетістіктерге жеткенін, қандай кемшіліктер барын, оларды жою үшін әрі қарай қандай іс-әрекеттер істеу керектігін көрсетеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Тажигулова А.И. Педагогические принципы конструирование электронны; учебников в условиях информатизации профессиональной образования. Автореф. дис. канд.наук. Алматы, 2000, 23 с.
2. Сагимбаева Д.Е. Методическая подготовка студентов в условия; информатизации теории и методики обучения иностранным языкам Автореф.дис. канд. наук. Алматы, 1999, 26 с.



## **ТӨМЕНГІ ЖАСТАҒЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР БОЙЫНДА РУХАНИ-ІЗГІЛІКТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Турсынбаева Алия Аманжоловна**

Берікқара орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы.

**Нұрғали Аяжан Нұрғалиқызы**

№8 бөбекжай балабақшасының әдіскері, Тараз қ.

Еліміздің «Білім беруді гуманитарландыру» тұжырымдамасында қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы адамзаттық рухани құндылықтар негізінде Отанымыздың білім беру мекемелері қызметкерлеріне мемлекеттік білім беру саясатының стратегиялық жоспарын орындау және оның қалыпты дамуы мен өркендеуіне керегінше қолайлы жағдай жасау басты міндеті тұр.

Гуманистік педагогика жүйесінің негізін қалағандар (М. Монтессори, Р. Штайнер, С. Френе) тәрбие бағыттарын жалпы педагогиканың негізі деп қарастырды [1].

М.Монтессоридің «Тәрбиенің еркін табиғи сәйкестілік» пікірін педагогиканың негізі деп санауға болады. Оның педагогикасының негізгі мәселесі баланың өзіндік белсенділігі болып табылады. Тәрбие принциптері әдістемелік материалдарды педагогикалық тәжірибеде қолдану әдістеріне сәйкес келеді. Сонымен қатар, төменгі жастағы баланың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне оқыту мен тәрбиені есепке ала отырып, даралық жүргізудің орны ерекше болып саналады.

Қазіргі заманауи қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени салалардың негізгі бағдары мен құндылықтары өзгеретіні онда өмір сүріп отырған адамзат баласының рухани өмірінің негізгі талаптарын қанағаттандыру мақсатында тәрбиелеу мен білім беру жүйесінде рухани ізгілік ұстанымдарды қалыптастыру мақсатына байланысты болады. Отанымыздың әлемдік білім беру кеңістігіне бетбұрыс алған кезінде еліміздің тәрбие және білім беру саласының мазмұны жоғарылағанда ғана жаңа мағынаға ие болады.

Еліміздің білім беру мен тәрбиелеу қызметін жүргізушілер аталған міндетті орындауда өздерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру мақсатында балалардың жеке тұлғасына адамгершілік, ізгіліктік, рухани қасиеттердің пайда болуы үшін білім беруді жаңа мазмұнға көтеру жолында бірқатар реформаларды жүзеге асыруда.

Бүгінгі таңда әлемде және елімізде болып жатқан түрлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер Отанымыздың халыққа білім беру ісінің дамып, жаңаша мағыналарға ие болуына куә боламыз. Елімізде бұрыннан қалыптасқан келген оқыту әдіснамасы педагогика ғылымының парадигмаларын жаңаша өзгертуін қажет етеді. Білім беру жүйесінде қалыптасқан білім беруді дамыту тұжырымдамасы білімнің теориялық қағидаларының жаңаруына бағытталып білім беру реформасының негізгі талаптарына жауап бере алмайды. Сондықтан да, мемлекеттік саясат пен түрлі тұжырымдамалық құжаттарда білім беруді түрлі кезеңдеріндегі мақсат-міндеттерін нақтылап, оның

гуманитарлық мазмұнына, тәрбие ісіне, сол сияқты, жастарға рухани құндылықтарды қалыптастыру сияқты өте маңызды мәселелер аталып кетеді.

Дегенмен, төменгі жастағы білім алушылардың жас шамасына қарай адамгершілік қасиеттерін оның ішінде рухани ізгілік құндылықтарды қалыптастыру мәселесі көп ретте тереңірек қарастыруды, әрбір ұстаздан жеке ізденісті талап етеді.

Гуманитарлық білім және тәрбие беру адамзат қоғамын демократияландыруды мақсат ететін және адамдардың әлеуметтік-экономикалық әрекетіне, әлеуметтік-топтық, этносаралық, мемлекетаралық қатынастарға ықпал етеді. Қоғамдағы жаңа құрылған артықшылықтар адам баласына берілетін құндылықтар жүйесін адамдардың өмірлік тіршілік бағдарын, ізгілікті қоғамның рухани құндылықтарын қалыптастырады.

Қазіргі қоғамның өркениетінің дамуы ол сол қоғамды ізгілендіру, оның қоғамдық-әлеуметтік қатынастарын ұйымдастырудың тиімді жолдарына қол жеткізуіне байланысты екені баршамызға белгілі. Жеке адамның рухани құндылықтарын ізгілендіру мақсатына жету құралы ретінде азаматтардың бойында зиялылық қасиеттерін қалыптастыру, сол сияқты сезім, көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеу, өмірлік құндылықтардың бағыт-бағдарларының жүйесін орнықтыру процесін – гуманитарландыру деп атауға да болады. Әрбір қоғамның болашағы жастар екенін еске түсіретін болсақ, ертеңгі болашақ ұл-қыздарымыздың бойларына адамгершілік рухани құндылықтарды ізгілендіре отырып тәрбиелеу қажет.

Кез-келген қоғамдағы тәлім-тәрбиешілер гуманистік тәрбие арқылы дүниені, қоғамды қайта жасау үмігінде болған. Адамзат баласы қайырымды, әділ, қарым-қатынаста адал, іс-әрекетте әділетті болған болса, онда өмірде болатын түрлі дау-дамайлар, қақтығыстар мен соғыстар болмас еді. Әрине, ол үшін адамның бір-біріне деген түсінігін өзгерту қажет деп есептейміз. Ал оған жетудің негізгі жолы болып адамгершілік *тәрбие беруді* айтуға болады. Қазіргі балабақшалар мен мектептерде адамгершілік құндылықтар негізінде рухани-ізгілік тәрбие беру мәселесі әлі де болса орнына қойылған жоқ десек те болады.

Төменгі жастағы білім алушылармен оқу-тәрбие процесін жүргізуде бала мен педагогтың арасында қалыпты ізгілікті қатынастарды орнату мүмкіндігін айтамыз. Оқу-тәрбие процесін ізгілендірудің басты мақсаты болып балалардың қызығушылықтарына мән беру, қызықпайтын нәрселерге сыншы болып қарап тұрмауына мүмкіндік бермеу. Гуманистік педагогика әрбір білім алушысына әрдайым қолайлы жағдай жасап, оның «психологиялық қауіпсіздігін» қамтамасыз етеді.

Біз білетін гуманистік педагогикасының негізгі талаптарына келетін болсақ, олар: 1) тәрбиеленуші балаға адамгершілік қатынас жасау; 2) тәрбиеленушінің тәуелсіздігі мен құқына құрмет көрсету; 3) баланың ақыл-ой күшін ескере отырып оған талаптар қою; 4) баланың өзіндік көзқарасын, бағытын, қойылған талаптарды орындамаған жағдайларда да оны сыйлай білу; 5) тәрбиеленушіге оның табиғи болмысын тани алуына мүмкіндік беру; 6) оқушылардың санасына тәрбиелеудің мақсат-міндеттерін жеткізе алу; 7) оқушылардың тәрбиесіне міндетті сапалық қасиеттерді ерікті түрде қалыптастыру; 8) тәрбиеленушінің тұлғасына, намысы және беделіне нұқсан келтіретін тәрбиенің әдіс-тәсілдерін қолданбау; 9) тәрбиеленушінің өзіндік наным-сенімдерін сыйлау және оған қарама-қайшы келетін сапалық қасиеттерден бас тарту құқын бұзбау.

Ата заңда көрсетілгендей барлық адамдар беделі мен құқы тең. Гуманистік педагогтар адамдар ақыл-парасатты және намысты, сол себепті де, бір-бірімен туысқандық рухында ізгілік қатынас жасауы тиіс»-деп тұжырымдайды. Яғни, тәрбиеленушілер өзінің қорыққанын емес, үріккендерді сыйлауды алға қояды[2].

Ұлттық тәлім-тәрбие негізінде және үлкендердің үлгісімен жастардың қарым-қатынастары мен іс-әрекеттері ізгілікке негізделеді. Қазіргі болашақ өскелең ұрпақ бойында ар-намыс, мейірімділік пен парасаттылық, адамды сүйе білу, жеке бастың еңбегін қадірлеу т.с.с. адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың дұрыс жолын қарастыру қажет. Оқушының оқу, білім алу, тәрбие, даму, қалыптасу процестерінің дұрыс

жүруі арқасында оның жеке тұлғалық рухани дамуы жан-жақтылана түседі. Әрине, рухани даму жеке тұлға қалыптасуының негізі болып қаланады. Сол себепті де, бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып адам баласының өмірдегі өзіндік орны, әлеуметтік құзыреті, қоғам алдындағы жауапкершілігі, болып жатқан өзгерістерге дұрыс түсініктің қалыптасуы, қоғам өміріне еркін араласа алуы табылады.

Адамгершілік тәрбиесі ерте замандардан бері Шығыс және Еуропа философтарының мұраларында маңызды орыннан көрінді. Атап айтқанда, әл-Хорезм, әл-Фараби, әл-Бируни, Ибн Сина, Омар Хайям, Ж. Баласағұни, М. Қашғари, С.Сарайи сынды ақыл-ой ғұлама ғалымдар еңбектерінде, гуманистік педагогиканың әрі қарай дамып, қалыптасуына негіз болған Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, К.Д. Ушинский, Я.С. Рогебашвили еңбектерін, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев сияқты ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақтың ұлы ағартушыларының туындыларының өзегі болып табылды.

Ал қазіргі заманның қоғамдық жаңару кезеңінде, болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып жан-жақты қалыптасуына адамгершілік (гуманистік) тәрбиенің маңызды орында тұруы заңдылық болып табылады. Сол себепті де, бүгінгі күнгі педагогика ғылымының негізгі мәселелерінің бірі болып адамның өзара қарым-қатынасындағы гумандық адами қасиетті қалыптастырудың жолдарын зерттеу, тиімді әдістерін іздестіру табылады.

Өскелең ұрпақты жоғарғы азаматтық деңгейде дамыту үшін оларды мәдениетті, білікті, парасатты, көрегенді етіп тәрбиелеу үшін олардың дүниетанымын, ұлттық намысын жандандыру әрбір парасатты ұстаздардың және азаматтардың ізгілікті ісі болуы тиіс.


Я.А.Коменский., К.Д.Ушинский., А.С.Макаренко еңбектері төменгі сынып оқушыларының адамгершілік қатынасын қалыптастыруға негізделген. Көптеген қазіргі ғалымдар шығармаларының ғылыми тұрғыдан даму заңдылықтарының өзара сабақтастығын көруге болады.ҚР орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Өміріміздің барлық салалары жаңалықтарға толы, ол жаңалықтардың негізгі мәселесі адам тәрбиесі мен дамуы екендігін есте сақтауымыз қажет» деп жазылған.

Жалпы айтқанда, бүгінгі таңдағы гуманитаризация мәселесі, балалардың адамгершілік көзқарастары мен қарым-қатынастарының қалыптасуы оның негізгі кезек күттірмейтін мәселеленің бірі болып саналады. Дәлірек айтқанда, ҚР гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы: «Қоғамды гуманитарландыру – ХХІ ғасырдың табалдырығындағы өркениетті дамудың талабы» – деп, ерекше көрсетеді. Қойылған мақсатты орындауда адамның өмірлік құндылықтары мен білім беру бағдарламаларының сындарлы жүйесін құру қажеттігі баса айтылады. Бұл мақсатты орындауда жалпы тәлім-тәрбие мәселесі мен білім беру ісіндегі тұтастай тәрбие ісіне мәдениет кешенін жұмылдыру міндетін қояды.

Төменгі жастан бастап-ақ балалардың қарым-қатынасы, мінезқұлқы, жолдастарымен қарым-қатынастары біршама өзгеріске түседі. Осы шақтың өзінде-ақ, балалардың бойында адами сапалы қасиеттер болып саналатын олардың құрбы-құрдастарына қол ұшын беруге дайын болу, жолдастықтағы адалдық, кішіпейілділік, сыпайылық, мейірімділік сияқты адамгершілік қасиеттерді көруге болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. - Алматы: Қазақстан, 1994.
- 2 Бабаев С. Бастауыш мектеп педагогикасы. Алматы, 2001
- 3 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Астана, 2002
- 4 Нысанбаев Ә. Адам және ашық қоғам. Человек и открытое общество. – Алматы: «Қазақ этнопедагогикасы» бас редакциясы, 1998



## БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ТАБИҒАТТЫ ҚҰРМЕТТЕУГЕ ТӘРБИЕЛЕУ – БАСТЫ МІНДЕТ

**Сейдакова Айгерим**

Айшабибі орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы,

**Батыршаева Карлыгаш Бейсенбековна**

М.Жұмабаев атындағы орта мектептің биология пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

Жаратылыстану білім беру жүйесі пәндер кешенін (математика, физика, химия, биология, география) қамтиды, оларсыз басқа ғылымдар, әсіресе гуманитарлық ғылымдар бөлек өмір сүре алмайды. Тек іргелі білім ғана оқушылардың дүниені қабылдауының тұтас бейнесін, жеке тұлғаны тәрбиелеудегі адамгершілік және дүниетанымдық негіздерін береді. Әр уақытта аталған пәндердің әрқайсысының көлемі мен орны қоғам сұранысына байланысты өзгеріп отырды.

XX ғасырдағы өнертабыстар, заманауи технологиялар жаратылыстану ғылымдарындағы іргелі зерттеулердің табыстылығымен байланысты болса, XXI ғасырдағы ғылыми-жаратылыстану ғылымдарының көшбасшыларының бірі - жаңа ашылымдардың арқасында қуатты серпін алған биология.

Биология 11 ғылыми пәнді (ботаника, зоология, микробиология, генетика, биохимия, физиология, экология, цитология, гистология, молекулалық биология) біріктіретін, зерттеу пәніне сәйкес, тірі материяның ұйымдасу деңгейіне сәйкес тіршілік туралы жан-жақты ғылым. Демек, молекулярдан биосфераға дейін (барлық тіршілік иелерінің, соның ішінде адамның (*Homo sapiens*) құрылысын, тіршілік әрекетінің көрінісін зерттейді).

Адам - биологиялық түр, сондықтан да тірі табиғат туралы ғылымның маңызды нәрсеге айналуы өте маңызды. Әрбір адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі, оның мамандығына қарамастан, тек осы жағдайда ғана олар өзінің өндірістік қызметінің нәтижесін көрсетеді, жалпы адамзаттық мәдени мұраның маңызды бөлігі ретінде биологияны білу де қажет.

Еліміздегі соңғы даму межесіне сәйкес қазақстан мектептеріндегі жаратылыстану ғылымдарының білім беру жүйесі елеулі өзгерістерге ұшырады. 1993 жылы Қазақстанда «Білім туралы» заң, 1997 жылы жаңа буын оқулықтарының жобасы қабылданып, 1998 жылдан бастап білім беру мектептеріне жаңа буын оқулықтары кезең-кезеңімен енгізілді. Жаңартылған бағдарламаларға сәйкес сағат санының айтарлықтай қысқаруы (45%-ға дейін) және сол қайта бөлу байқалды, онда оқу деңгейі айтарлықтай төмендеді. Біріншіден, биологиялық білім берудің ең құнды бөлігі: бақылау, тәжірибе, зертханалық жұмыстар, шеберханалар.

Дегенмен, соңғы уақытта осы мақсатта бірқатар жұмыстар атқарылуда. Ең бастысы, жаңа үлгідегі биология оқулықтары мазмұнын, сапасын және әдістемелік тұрғыдан жетілдіруді талап етеді. Биологиялық білім негіздеріне қатал көзқарасты дамытып, оларды игеру процесін күшейтіп, тірі табиғаттың барлық алуан түрлілігін олар жалпы шығу заңдылықтары бар біртұтас жүйе ретінде қабылдайтындай етіп, білім деңгейін көтеру керек, дамуы, құрылысы мен тіршілік әрекетінің заңдылықтарын қайта ғылыми зерделеу қажет. Табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері бойынша жаңартылған бағдарламаның маңызды материалымен қатар оқулық, жұмыс дәптері, тесттер жинақтары, тесттер, сөздіктер, анықтамалықтар, бағдарламаланған тапсырмалар, сызбалар, диаграммалар элементтерін қамтитын кешенді оқыту әдістемесі әзірленуі тиіс.

Жаратылыстану, оның ішінде биология пәнін жан-жақты, ғылыми тұрғыда негіздеу үшін аспаптар мен жабдықтар қажет. Көптеген мектептерде заманауи зертханалар

жоқтың қасы. Осыған орай, әрбір мұғалім өз біліктілігін қосымша ізденіс негізінде дамытып, құбылыстардың үлгілерін ғана емес, құбылыстардың өзін де зерттеп барып, мектеп оқушыларына таным әдістерін үлгілеуге үйретуде [1].

Тәрбиенің мақсаттары тәрбиенің мазмұнымен, процесімен және нәтижесімен бірге педагогикалық жүйенің маңызды элементі болып табылады. Білім беру әлеуметтік және жеке мақсаттарды ескереді. Әлеуметтік мақсаттар дамушы қоғамның қажеттіліктерімен анықталады. Жеке мақсаттар жеке қабілеттерді, қызығушылықтарды, білім беру қажеттіліктерін және өзін-өзі тәрбиелеуді ескереді.

Жалпы биологиялық білім берудің мақсаты келесі факторларды ескере отырып анықталады:

- адам тұлғасының тұтастығы;
- болжамдылық, яғни биологиялық білім беру мақсаттарының қазіргі және болашақ биологиялық және тәрбиелік құндылықтарға бағытталуы;
- үздіксіз білім беру жүйесіндегі сабақтастық.

Биологиялық білім берудің маңызды мақсаттарының бірі – адамда табиғаттың тұтастығы мен бірлігіне, оның жүйелі және деңгейлі құрылысына негізделген ғылыми дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру. Әртүрлілік, адам мен табиғаттың бірлігі. Сонымен қатар мектеп биологиясы биологиялық жүйелердің құрылымы мен қызметі туралы, олардың өзара әрекеттесуінде табиғат пен қоғамның тұрақты дамуы туралы білімдерді қалыптастыруға бағытталған [2].

Биологиялық білімнің перспективалары мен биологияның негізгі міндеттері - тірі ағзалардың ортақ қасиеттерін ашу, олардың әртүрлілік себептерін түсіндіру, құрылым мен қоршаған орта жағдайлары арасындағы байланыстарды анықтау және олардың негізінде табиғи ресурстарды адам игілігі үшін ұтымды пайдалану. Қазіргі биология ғылымының және биологиялық білімнің басым іргелі бағыттары:

1. Экологиялық (биологиялық әртүрлілікті, биосфераны сақтаудағы және экологиялық апаттардың алдын алудағы биологияның рөлі). Биоәртүрлілікті сақтау және олардың генетикалық ресурстарын теңгерімді пайдалану мәселесі басты әлемдік басымдықтардың бірі болып табылады. Тірі ағзалардың көптеген бейімделулері тиімді жасанды құрылымдар мен механизмдерді жобалау үшін үлгі болды. Биологияның заңдылықтарын білу біздің өміріміздің қоршаған ортасын болашақ ұрпақ үшін сақтауға мүмкіндік береді.
2. Молекулярлық деңгейде организмдердің өмір сүруінің терең құрылымдары мен механизмдерін молекулалық цитологиялық зерттеу, жасуша деңгейіндегі тіршілік процестерінің мәнін, тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік, онтогенез, жасушалық-эмбрионалдық биотехнология, генетикалық және жасушалық инженерия). Тұқымқуалаушылықтың молекулалық негізінің ашылуы гендік инженерияның пайда болуына мүмкіндік берді.
3. Эволюциялық (жердегі тіршіліктің пайда болуы туралы деректер, эволюцияның синтетикалық теориясы, адамның шығу тегі және эволюциясы). Тіршіліктің пайда болуы мен организмдердің қызметі табиғи заңдылықтармен анықталады. Бұл заңдарды білу әлемнің ғылыми бейнесін жасауға ғана емес мүмкіндік береді.

Мектеп оқушылары – еліміздің ертеңі, Жер-ана мен табиғаттың қорғаны. Биологиялық біліммен жан-жақты қаруландыру өз кезегінде табиғатты аялап, құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Өйткені, бір ағаш немесе өскіннің жайқалуы үшін қаншама еңбек, уақыт кететіні, оның да тірі ағза секілді процестерді басынан кешіретінін сезінеді. Атадан балаға мирас болып келе жатқан табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, анамыздай аялап келер ұрпаққа таза күйінде қалдыруымыз керек. Табиғат – адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Сол сұлулық пен әсемдікті талай ақын жырға қосып, небір әншілер ән арнаған. Сол сұлулықты, әсемдікті жоғалтпай қастерлеуіміз керек. Бұл жайында халқымыздың қалдырған тағылымдық, тәрбиелік мәні зор «Атаңнан



мал қалғанша, тал қалсын», «Бұлақ көрсең көзін аш», «Бір тал кессең, он тал ек» тағы да басқа ұлағатты сөздері, табиғатқа деген сүйіспеншіліктері қазіргі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Бұл орайда жерлес ғұлама ғалымымыз Қаныш Сәтбаевтің: «Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойламаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпақ емес» деген жан тебіренісі еріксіз ойға оралады. Ендеше, елім, жерім деген ел азаматы өз туған жерінің тағдырына немқұрайлы қарамай, қоршаған ортаның тазалығына атсалысуы тиіс. Табиғаттың адам үшін маңызы зор.


Адам табиғатқа мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақтағанда, адамзат баласы үшін табиғат – кең сарай, мәңгі тозбас құтты қоныс болады. Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы табиғат-анаға қарыздар. Сондықтан да Табиғатқа немкетті қарау, онымен санаспау – ана сүтін ақтамағанмен пара-пар. Адам баласы Табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек.

Қорыта келгенде, биология ғылымының заманауи жетістіктерін ескере отырып, оқыту мен жаңа буын оқулықтарының сапасын арттыру – бүгінгі күннің басты талабы. Осы негізде жұмыс жасап, экологиялық білім беру, табиғатты құрметтеу – болашақ өмір үшін аса қажетті екендігін ұғындыру – басты перспективалық міндет болып саналады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Увалиева Т.Қ. Ғылыми және жаратылыстану концепцияларындағы биология ғылымының мәселелері мен болашағы // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. атындағы ҚазҰПУ. Абай (26-27 мамыр 2005 ж.). – Алматы, 2005. – 51-55 б.

2. Карбозова Б.Е. Табиғатты танудағы биологияның маңызы. Ғылыми және жаратылыстану концепцияларындағы биология ғылымының мәселелері мен болашағы // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. атындағы ҚазҰПУ. Абай (26-27 мамыр 2005 ж.). – Алматы, 2005. – 47-50 б. Биологиялық білім берудің маңызды мақсаттарының бірі – адамда табиғаттың тұтастығы мен бірлігіне, оның жүйелі және деңгейлі құрылысына негізделген ғылыми дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру. Әртүрлілік, адам мен табиғаттың бірлігі. Сонымен қатар мектеп биологиясы биологиялық жүйелердің құрылымы мен қызметі туралы, олардың өзара әрекеттесуінде табиғат пен қоғамның тұрақты дамуы туралы білімдерді қалыптастыруға бағытталған [2].



### **ҰСТАЗ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БАСТАУЫ**

**Акупова Асем Жетписбаевна**

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, Тараз қ.

Ұстаз – ұлы есім. Өйткені, қайсыбір қоғамның болмасын тәрбие кілті – ұстаздың қолында. Осы орайда, еліміз ұзақ жылдар арман болған егемендікке қол жеткізгеннен кейін де ұстазға артылатын міндеттер күшейді.

Ұстаз – ұрпаққа ең алдымен ұлттық тәрбие сіңіруі керек. Қазақ халқы - рухани зор байлықтың мұрагері. Оның бүгінгі өтесі биік өскелең мәдениетінің түп төркіні сонау VI-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей ежелгі түрік жазбаларынан бастау алады. Бүкіләлемдік

өркениет тарихынан ерекше орын алатын әмбебап ғұлама әл-Фараби бабамыздан бастап, түркі тілдес халықтарға ортақ өшпес асыл мұра қалдырған орта ғасыр ойшылдары: Баласағұн, Қашқари, Иассауи трактаттары, сондай-ақ Алтын Орда дәуірінің даналары: Хорезми, Сараи, Дулати, Жалаири, Әбілғазы, т.б. еңбектері - қазіргі ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ асыл қазына.

Ал Асан қайғы, Жиёмбет, Ақтамберді, Шалкиіз, Бұқар, Дулат, Мұрат, Махамбет, Майлықожа сияқты күміс көмей, жез таңдай ақын-жыраулардың әр түрлі өмір кұбылыстары, адам мен қоғам, жан мен тән, тіршілік тынысы туралы терең толғаныстарының, дана өсиеттерінің қазіргі жастардың білімі мен тәрбиесіне берер пайдасы, қосар үлесі қаншама...

Бір халықтың ғана емес, адамзат тудырған алыптардың қатарындағы ұлы Абай мұрасының, оның педагогикалық көзқарастарының алар орны бір төбе. Озық мәдениеттің жарық жұлдыздары Шоқан, Ыбырайлармен қатар ХХ ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірлермен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Халел, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Міржақыптардың ұлттық дәстүрді өз туындыларының негізгі арқауы еткені, педагогикалық, психологиялық тұжырымдары қазіргі заман талабымен үйлесе үндесіп жатқаны белгілі.

Ата-бабадан жеткен даналық сөздер, ұлағатты ойлар, қағидалар өміршеңдігімен құнды. Кезінде қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтар өз ұлтының салт-санасын, әдет-ғұрпын, жол-жоралғысын, дәстүрін терең үңіле зерттеп, халықтың ғасырлар бойы жиған мұрасына тәлімдік, танымдық тұрғыдан талдау жасаған. Ж.Аймауытов ұлт тәлімінің дінгегі өз халқын қастерлеу, өткеніне жіті қарау деп бағаласа, М.Дулатов: «Мектепте алған тәлім-тәрбиенің әсерлі, сіңімді болуы қай халықтың болса да, ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан алынған мағлұматтан тұрса, ұрпақ бойына ұлт рухы дариды», - деп жазған [1, 18б.].

Ж.Аймауытов адам баласының мәдениет тарихынан өнердің көрнекті орын алып келгеніне, өнерсіз қоғамның дамуы, рухани байлықтың молаюы мүмкін еместігіне тоқталып, ұлт мектептерінде әуелі кескін мен әуез өнерін, яғни сурет салу, ән-күй үйретуге негіз салу керектігін, әрбір баланың өнерге деген ынтасын қозғап, өнерпаздық қабілетін тәрбиелеу қажеттігін баса айтады. Жазушының халқымыздың психологиялық ерекшеліктері жайындағы пікірлерін айрықша атауға болады. Белгілі бір халықтың немесе ұлттың өзіне тән құлқы, темпераменті, талғамы, әдет-ғұрпы, эмоциясы болатыны белгілі, олар өздерінің бірсыдырғы тұрақтылығымен айрықшаланып, қоғамдық сананың барлық түрлеріне өзінше бояу береді. Ұстаздық етуде, педагогика, психологиядан дәріс беруде де Ж.Аймауытов өз ұлтының салт-санасын үңіле зерттеген. Ел ішінде сіңген әдет-дағдыларға сыни тұрғыдан қараған, олардың жөндісі де, жөнсізі де, естісі де, есері де барына көз жеткізген, жөн-жосыққа, адамгершілікке сыйымдыларын, өмір-тіршілігіне тиімділерін заң ретінде пайдалануды атап өткен.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру саласында жалпы білім берудің мемлекеттік стандарттарында мұғалімнің сыныптың көңіл-күйін сезе білуі, оқушылардың жан дүниесін түсінуді, олармен тең қарым-қатынас құра білуіне айрықша назар аударылуда. Мұғалімнің кәсібилігін анықтайтын өлшемдердің арасында ең басты орында сөзсіз, ұстаздық қызметтің қортындысы оқушылардың тәрбиелілігі мен білімімен кешендесіп, өмірде бағыт - бағдар алуға көмектеседі. Осы дәрежеге оқушыларды шебер мұғалім жетектейді, аз оның жеке басына қандай қасиеттер тән?

Руханикалық қазақтардың қасиетін - мейірімділікті, адамгершілікті және жанқиярлықты біріктірсе, халықтық қауымдықты, дәстүрлік және ашық жарқындықты, мемлекеттік, отансүйгіштік пен күшті мемлекеттік биліктің қажеттілігін мойындауды білдіреді. Ұстаз, біріншіден, халқымызға тән жастарымыздың да бойында бар адамгершілік сипаттағы дүниетанымына, өз мәдениетіне, әдет - ғұрып, салт - саналарына, қол өнері мен педагогикасына арқа сүйейтіндігіне және ашық жарқындығы мен бауырмалдығына, яғни қазақ ұлтының басқа халықтармен сіңіре алушылық қабілетіне ерекше назар аударғаны жөн.

Екіншіден, өзі оқытатын пәнді терең меңгеруге міндетті. Ол ақпараттарды еркін және икемді меңгеріп, оларды сол білімдері меңгертуге жұмылдыра алатындай болуы керек. Үшіншіден, өздігінен білім алуға ынталы болуы қажет. Бұл қасиет педагогқа әр уақытта өз білімін толықтырып, шығармашылығын арттырып отыруға немесе «екі есе оқу деген» принципі іске іске асыруға мүмкіндік береді. Мұғалімнің жеке басының үлгісі кәсібилікпен біте қайнасқан қасиет болуы керек. Себебі, кез келген ұжымдағы қарым-қатынас мұғалімнің жеке басының үлгісімен тығыз байланысты.

Ұстаз кез келген жағдайларда ұстамды, шыдамды, әлсіз сезімтал әрі мейірбанды болуы керек, яғни өз қызметі және оқушылармен қарым-қатынас жасау барысындағы мінез - құлқын үнемі бақылап отыратын болуы тиіс.

Жаңаша ойлайтын мұғалім міндетті түрде жаңа бағыттағы идеялар, технологияларды меңгеруді және сол білімдарлық технологияны меңгеруге дайын болуы керек.

Тәрбиенің субъективті факторының маңызды қатарында тәрбиешінің жеке басы болып табылады. Шәкірт тұлғасын сомдайтын ұстаз жақсы болмай, қоғамның келешегін құрушы азамат тәрбиелеу ісін жолға қою мүмкін емес. Олай болса ел болам десек, тәрбиені бесігімізден түзеуден бастауымыз керек. Бесікті түзейтін мектеп пен ұстаздар қауымы. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы». «Ұстаз қандай болса, шәкірт сондай болмақ» деген халқымыз текке айтпаған.

Бүгінгі мектеп - адамның мәдени-әлеуметтік тұрпатын сомдайтын, сынаржақтылық пен толымсыздықты еңсеретін, ұлттың азаматтық тұғырын табуға жетелейтін орын.

Қорыта айтқанда, еліміздің жалпы адамзаттық, ұлттық тәрбие дәстүрлерін қайта жаңартып жатқан жағдайда оқушының жан сарайын ұлттандыруға көңіл бөлінсе, ұлттық тәрбие беру мәртебесі жоғарылайды.

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де жауапты міндет. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балаларының көз алдында өтеді. Сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор.


Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы - туған ұясы, өз отының басындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі. Қазақта «баланың бас ұстазы - ата-анасы» деген сөз бар. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаса, есейе келе тәртібі қиындап, оқу үлгерімі нашарлап кетеді. Сондықтан әрбір ата-ана балаларының оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, оны қадағалап отыруы қажет. Тәрбие және білім үрдістері ешқандай үзіліс, демалыс күндер дегенді білмейді.

Бұдан шығатын түйін, бала тәрбиесіне ең әуелі ата-анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл-ойы мен сана-сезімі, адамгершілігі әсер етпек. Бала - ата-ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттық ертеңгісі, келер тарихқа аманат. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатта, ой-өрісі биік азамат етіп адамгершілік негізде тәрбиелеу қоғамымыздың ең өзекті мәселесі.

Ата-аналармен кездесіп, оқу-тәрбие үрдісіндегі іс-шаралар туралы ақылдасып отыру артық болмайды. Өйткені тәрбие мен оқытудың көптеген қиын мәселелерін шешуге тура келеді. Ата-аналармен жеке әңгімелескенде мұғалім мектеп оқушысының үйдегі тұрмысы мен жұмыс жағдайларын анықтап, оның мінез-құлқының нақты көріністерін талқылайды. Оқуды, еңбекте және күнделікті мінез-құлқында кездесетін кемшіліктерін жоюдың жолдарын белгілейді. Әңгімелесу барысында ата-анасы арқылы оқушылардың үй жұмысына көмектесуі, кішкентайларға қамқорлық көрсетуі және бос уақытын қалай ұйымдастыратынын анықтауға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Дулатов М. Шығармалары: Мақалалар мен зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1997. - 334 б.



## МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ДАМУ – ЗАМАНА ТАЛАБЫ

**Байгисиева Айжан Әділханқызы**

Түймебай Әшімбаев атындағы орта мектебінің директоры, Жамбыл облысы, Шу ауданы

**Кульбаев Арман Фаридович**

П. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің оқытушысы, Алматы қ.

Еліміздің егемендік алуымен байланысты әлеуметтік-экономикалық, рухани салаларымыздың барлық жақтарында жаппай өзгерістер, жаңа бастамалар мен серпімді қадамдар жүргізіліп жатыр. Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі олардың білім беру жүйесі мен білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі кездегі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізуі ғана емес, олардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану екені анық.

Ал, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған Тұжырымдамасында «Қазақстанның білім беру жүйесін реформалау процестері педагогтердің өздерінің қиындықтары мен қажеттіліктері бойынша курстық даярлыққа кіріктірілуі тиіс педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының бағытын басым етеді. Сонымен қатар талап етілетін кәсіби дамудың нәтижелілігі үнемі мониторингтік зерттеуді талап етеді. Мұндай интеграция педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы мақсатында ғылыми-әдістемелік жұмысты білім беру сапасын арттырудың күтілетін нәтижесімен орындауға мүмкіндік береді» - атап көрсетілген [1].

Білім беру ұғымының өзі өзгеруде және кеңеюде. Білім беру барған сайын көп ретте мектепте және тіпті жоғары оқу орнында оқумен бірдей түсінілуден қалады. Жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан *тұлғаны дамыту тұжырымдамасына* көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді» .

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың басым бағыттарының бірі – мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру. Ғалымдар педагогикалық іс-әрекетті білім берудің ізгіліктік парадигмасы негізінде қарайды, мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін бағалау критерийлерін қарастыруда. Мәселен, ғалым И.И. Цыркунның зерттеуіне сүйенсек, мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің бағыттылығын төмендегідей сипаттауға болады:

- білім беру мазмұнын жаңарту: жаңа оқу бағдарламасын жасау, интегративті, эликтивті курстар, факультативтер үшін жаңа бағдарламалар құру;
- тәрбиелеу мен оқытудың жаңа технологияларын қарастыру: оқытудың жаңа технологиясын жасау, тәрбиелеу мен оқытудың жаңа іс-әрекеттерін анық-тау;
- білім беру мекемелерінің білім беру тұжырымдамасын модельдеу;
- оқушыларды дамыту мен олардың танымдық іс-әрекеттерін бағалаудың диагностикалық әдіс-тәсілдерін іздестіру;
- білім беру жүйесін басқару мен өзін-өзі басқарудың жаңа менеджменттік жүйелерін құрастыру және т.б.

Инновациялық іс-әрекет және мұғалімнің инновациялық даярлығының педагогикалық шарттарын қарастыруды бастамас бұрын, біз инновацияның педагогика ғылымында қаншалықты мәні барын және әлеуметтік-педагогикалық алғы шарттарын қарастырад.

Мектептерде педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау ісі күрделі және шығармашылық мәселелердің біріне жатады. Педагогикалық тәжірибе – оқыту мен тәрбиенің практикасын жан-жақты зерттеу объектісі, фактылар мен ғылыми мәселелерді жинақтаудың негізгі көздерінің бірі. Сондықтан педагогикалық инновациялық тәжірибе оқу-тәрбие жұмысын үнемі дамыту мен жетілдіруде үлкен орын алады. Осыған орай, әрбір мұғалім еліміздегі жаңашыл ұстаздардың бай тәжірибесін, белгілі педагогтар мен психологтардың ғылыми еңбектерінен терең зерттеп, өз ісінде шеберлікпен пайдаланудың жолдарын қарастырады.

Соңғы жылдары педагогикалық әдебиеттерде білім беру мекемелеріне қатысты инновациялық педагогикалық тәжірибені үйрену, зерттеу, пайдалану төмендегідей бағытта қарастырылады:

- мұғалімдердің, мектеп басшыларының, білім беру мекемелері қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарының құрамды бөлігі;
- мектепшілік әдістемелік жұмыстың инновациялық бағыты;
- мұғалімдердің, мектеп басшыларының, білім беру мекемелері қызметкерлерінің шығармашылық дамыту құралы;
- педагогикалық зерттеу әдісі;
- педагогика ғылымы мен практикасының өзара байланысының нәтижесі;
- мұғалімдердің, мектеп басшыларының, білім беру мекемелері қызметкерлерінің педагогикалық іс-әрекетінің арнайы түрі;
- Осы аталған алты бағытқа біз 7-ші бағытты қосқанды жөн көрдік;
- Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру құралы.

Көптеген авторлар, оның ішінде академик Ю.К. Бабанский озық педагогикалық тәжірибені үйрену, жинақтау және пайдалануды жалпы білім беретін мектеп пен білім беру мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру құралы ретінде қарастырады. Сондай-ақ, мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырудың формалары мен әдістерін айқындайды (аудандық (қалалық) кеңес, арнайы курстардан өткізу, әдістемелік жұмыс), осы жұмыстарда жіберілетін кемшіліктер сараланады және тәжірибені таратуға қатысты мұғалімнің білім, білік, дағдыларын анықтау әдістемесі ұсынылады.

Инновациялық тәжірибені үйрену, жинақтау және пайдалану мектептегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттырудың қажетті шарты болып табылады. Осы тұжырымды жақтайтын ғалымдар, мәселен А.М. Гельмонт мұғалімнің өзінің жеке тәжірибесін саралауына көп көңіл бөледі. Себебі, мұғалім өз тәжірибесін өзі саралау барысында оқу-тәрбие үрдісінің жетістіктері мен кемшіліктерін көре алады, айқындалған кемшіліктерді жою барысында оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыруға жол ашады [2].

Т.Р. Абдуллаев бастаған үшінші ғалымдар тобы озат педагогикалық тәжірибені үйрену, жинақтау және таратудың мектеп мұғалімдері мен басшыларының, білім беру саласы қызметкерлерінің педагогикалық шығармашылық дамыту құралы ретінде қарастырады, озат тәжірибені үйрену, жинақтау, пайдалануда кездесетін кәсіби қиыншылықтарды атап көрсетіп, озық тәжірибенің негізгі бағыттарын ашады.

Озат педагогикалық тәжірибені үйрену, жинақтау, пайдалану бойынша педагогикалық іс-әрекет шығармашылық еңбектің қайнар көзі саналып, мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыруына әсерін тигізеді.

В.В. Краевский бастаған ғалымдардың бесінші тобы педагогика ғылымы мен практикасының өзара байланыс жүйесінің гносеологиялық рөлін негізге ала отырып, ғылыми-педагогикалық мекемелердің, ұжымдардың, шағын ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып жатқан мектеп мұғалімдері мен білім беруді басқару ұйымдары қызметкерлері өзара байланысқан жүйесінің қызметінің рөлін, мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетіндегі ғылыми білімнің мазмұнын аша отырып, ғылыми тұжырымдарды мұғалімдер тәжірибесіне тікелей айналдыру механизмдері жан-жақты қарастырады [3].

Л.И. Гусев бастаған ғалымдардың алтыншы тобы озат тәжірибені үйрену, жинақтау бойынша мұғалімдер мен білім беру қызметкерлерінің функцияларын ашып көрсетіп, озат

тәжірибені үйрену, зерттеу, жинақтау пайдаланудың құрылымын ашып, іс-әрекет құрылымының мазмұнын анықтайды [4].

Мұғалім озық тәжірибені үйрену, зерттеу барысында осы жоғарыда аталған әдістердің барлығын білуі шарт, озат тәжірибенің зерттеу кезеңіне сәйкес өзіне қажетті әдісті таңдай білуі керек, сонда ғана мұғалім өзінің алдына қойған мақсатты дұрыс шеше алады.

Инновациялық күзінеттеліктер шеңберіндегі қазіргі заман талабы болып саналатын оқыту мен оқу үдерісінде дәстүрлі сабаққа деген көзқарастың түбегейлі өзгеруі. Осыған орай, мұғалімнің инновациялық даярлығының көрсеткіші – күнделікті қолданатын сабақ түрлерін жаңашылдықпен қолдана білуі. Ендеше, осындай жаңаша сабақ түрі «Lesson Study» зерттеу сабағын сипаттап көрелік.

«Lesson Study» - ағылшын тілінде аудармасы «Зерттеу сабағы» - деген ұғымды білдіреді. Оқыту үдерісінде білім сапасын арттыру мақсатында бір топ мұғалім бірлесіп, білім алушылардың білім алуын зерттейді. Мектепте білім сапасын көтеріп, білім алушының қызығушылығын арттыру үшін, «Сабақты зерттеу» тәсілі бойынша жұмыс жүргізу өте тиімді.

«Сабақты зерттеу» үдерісі бойынша бірінші кезекте фокус топтарды құру – үлкен жауапкершілікті талап ететін кезең, себебі тәжірибе барысында сабақты зерттеу үдерісінің тиімді, әрі ұзақ болуы осы кезеңге байланысты. «Сабақты зерттеу» бойынша топ, әдетте, өздерінің оқытулары мен білім алушыларының оқуын жақсарту үшін ынтымақтастыққа жұмыс істеуді көздейтін бірнеше мұғалімдерден құралады.

Мектепте сабақты зерттеу /Lesson Study/ бойынша топтарды (командаларды) құрудың қағидаларын атап шығатын болсақ:

- Пән бойынша
- Проблемалар (зерттеу сұрағы бойынша)
- Сынып (параллель бойынша)
- Ортақ қызығушылық (тілек бойынша)
- Мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктері бойынша

Топтарды құрып алғаннан кейін зерттеу сұрағын таңдау керек.

Терри Ласковский «Зерттеу сұрағына шығу»

Факт → Проблема → Санаты → Тақырып (сұрақ)

Зерттеу сұрағынан кейін топ мүшелері бірлесе отырып, жұмыстың жоспарын құрып, сабақты жоспарлайды. Сабақты жоспарлау, әлбетте, әріптестерінің қатысуынсыз да мұғалімнің өз бетінше сабаққа дайындалу үдерісі.

«Сабақты зерттеу» әдісі мұғалімдерге бір – біріне пайда әкелуге мүмкіндік береді, себебі, олар өздерінің кәсіби білімдерін кеңейте алады. Бірақ, ол үшін әріптестерге бірігуге немесе жұмыс тобын құруға мүмкіндік беретін ынтымақтастық орта қажет. «Сабақты зерттеу» тәсілінің көмегімен сабақты жоспарлау үдерісінде жұмыс тобының мүшелері кәсіби тәжірибемен алмаса алады, оқудың тиімді тәсілдері, формалары және әдістерін қолдану бойынша идеялар ұсына алады. Әрбір өткізілген сабақтан кейін топ мүшелері жоспарларға өзгертулер енгізіп, сабақты бақылау жүргізіледі. Мұғалімдер білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқудың ең үздік әдіс – тәсілдерін анықтайды. Әр сабақтың алдында, сабақтан кейін «Оқушы үнін» тыңдау өте тиімді үрдістің бірі. Зерттеу сабағы бойынша оқушылардың пікірін білу үшін кері байланыс ретінде сұхбат алынады. Сұхбат осы зерттеу сабағы туралы олардың пікірін білу үшін бірнеше оқушылармен жүргізіледі. Кез келген сапалы білім мен тәрбие беру мұғалімнің шеберлігінің арқасында берілетіні баршамызға аян. Сабақты түрлендіру арқылы білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен шығармашылық белсенділігінен арттыру - әрбір педагогтың міндеті.

Қазіргі сабаққа қойылатын басты талаптың бірі – оқушының ойын дамыта отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу.

«Сабақты зерттеу» үрдісі бойынша өткізілген сабақтардан оқушылар өзара білімін дамыту мақсатында бірлескен сұхбатынан: білім алушылар бірін – бірі оқытады,

пікірлеседі, ой бөліседі, әңгімелеседі. «Сабақты зерттеу» үрдісі білім алушылардың тілдік қорын молайтуға, білім деңгейін көрсете алуына, білімін әділ бағалауына оң әсері тигізетініне сенімім мол. Жаңаша ізденіс, жаңаша көзқарас жалғасын тауып, ел ертеңі келешек ұрпақтың білім алудағы жетістікке жету жолында нәтижелі еңбек болатынына сенімдімін.

Қорыта айтқанда, мектепте шынайы оқыту мәдениеті болса, онда оқытуды жақсарту, білім сапасын арттыру, басшыдан бастап оқушыларға дейін барлығын қамтиды.

Білім сапасын жақсарту бағытындағы жаңашыл тәсілдерді қабылдау шығармашылықты шыңдайды. Біз мұндай жаңашылдықтарға, жаңаша зерттеулерге құшақ ашып, жайлы ортамыздан тысқары шығу үшін түрленсек, даму мен нәтиже жолына түсеріміз анық.

Ең бастысы, озат педагогикалық тәжірибені үйрену, зерттеу, тарату, насихаттау, пайдалану мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың алғышарты болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған Тұжырымдамасы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941>
2. Гельмонт А.М. Система и методика изучения и распространения передового педагогического опыта. –М.: АПН РСФСР, 1996. -115 с.
3. Краевский В.В. Проблемы научного обоснования обучения (методический анализ). – М.: Педагогика, 1977. -264 с
4. Гусев Л.И. Организационно-педагогические основы внедрения достижений педагогической науки в школьную практику: дисс. ... канд. пед. наук. –Алма-Ата, 2004.



## **БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**Диханбаева Балнур Кенжебековна**

Алға орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

**Диханбаева Индира Жаксыгуловна**

А.Байтұрсынов мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Түркі халықтарға ортақ ұлы ойшыл әл-Фарабидің өзі «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», - екендігін орта ғасырларда-ақ түйсініп, баланы оқытудан бұрын тәрбиелеуге айрықша мән беру қажеттігін айтып өтеді. Ал, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «құндылыққа бағдарланған, іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарланған және коммуникативті тәсілдер негізінде орта білім беру мазмұнын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру және күшейту қажет. Экономикалық, әлеуметтік-саяси, ғылыми-технологиялық даму процестерімен білім беру саласына қойылатын талаптар деңгейіне заманауи педагогикалық теория мен практиканың сәйкестігін қамтамасыз ету маңызды» екендігі атап айтылған [1].

Осы тұрғыдан келгенде, саналы ұрпақ тәрбиелеу мәселесі – қайсыбір қоғамда болмасын жоғары мазмұнға ие. Әсіресе, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, ұрпақ тәрбиесінде баса пайдалану алғышарттары көрсетіліп, іс жүзінде жүзеге асыру қажеттіліктері көрсетілген көптеген еңбектер жазылды. Бұлардың қайсысында да өткен ғасырдағы педагогика саласына ерекше үлес қосқан, белгілі ағартушы К.Д.Ушинскийдің

«... Теорияда да, іс жүзінде де барлық халықтарға ортақ тәрбие жүйесі жоқ. Әр халықтың тәрбие жүйесі өзінше ерекше түзілген. Сондықтан да бір халық екінші халықтың тәрбие жүйесін пайдалана алмайды. Соншама тартымды да үлгілі болғанымен бір халықтың тұрмыс тіршілігіндей екінші халық өмір сүре алмайтыны тәрізді жақсы ойластырылып ұйымдастырылған бөтен педагогикалық жүйеде басқа халықтың тәрбиеленуі мүмкін еместігі анық...»[2], - деген ойларын басшылыққа алады. Қай халық болмасын өзінің ұлттық психологиялық және халықтық тәлім-тәрбие қазанында қайнап, жетілуі, болашақ ұрпағын ұлттық ділінде тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарын аманат етуі тиіс. Егемен ел жағдайындағы ұлттық тәрбие жүйесінің мазмұны да қазақ этнопсихологиясы мен қазақ этнопедагогикасының тәлімдік ұстанымдары мен тағылымдық қағидаларына сәйкес түзілуі осы қажеттіліктерден туындады.

Философияда тәрбие мен білімді белгілі мәдени ортадағы адамның тұлғалануының амал-тәсілдері ретінде, өзін-өзі тану, бағалау құралдары ретінде қарастырады. Білім мен тәрбие туралы философиялық ұғымдар жан-жақты мазмұнға ие, бұл ұғымдарға әсіресе, ертедегі грек ойшылдарынан бастап, әрбір философтар өздерінің көзқарастарын білдіріп отырған. Әсіресе, Платонның «пайдейя» ұғымы да кейінгі заманда «мәдениетке ұмтылыс» ретінде терең бағамдалып, білім мен ілімнің рөлін жоғарылата түсті. Елбасының өзі де білімді жастарды – ел қуатына балап, келешек солардың қолында деп, үлкен сенімін артып отыр. Сондықтан да, өскелең ұрпақтың тәрбие ісі – бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Тәрбие - адамның өздігінен өз білімін жетілдірудің жолы, өзін-өзі азаматтық тұлға етіп қалыптастырудың мыңдаған амалдары мен тәсілдері және ол таусылмайтын мәңгілік үздіксіз үдеріс. Тәрбиенің басты мақсаты - адамды мәдениетке қанықтыру, гуманистік бағытқа жетелеу, тағдырын ізгілікті жолға түсіру, ұтымды әлеуметтендіру, міндеттік қызметтерді жоғары құзыреттілік дәрежеде орындай білуге үйрету, жеке басының көкейкесті әлеуметтік, экономикалық, психологиялық мәселелерін қиналмай шеше білуге, белгілі мамандықты игеріп, оны риясыз қадірлеуге, отбасы мен әулет, қоғам мүшелерімен шынайы адамгершілік қарым-қатынастар орнатуға үйрету, өз ұлтының әдеті мен ғұрпы, салты мен дәстүрінде өмір сүруге, өз халқының білімі мен ғылымын, мәдениеті мен өнерін жете меңгеруге, ана тілінде шешен сөйлеуге, қажетінде ұлттық мінез көрсете білуге, ұлттық менталитет қалыптастыру.

«Балаға үміт арту әкенің парызы, ақтау - баланың қарызы» деген мақал да осыған байланысты туған. Өйткені, кімде-кім болмасын өз ұрпағының асыл азамат болып өскенін қалайды, бұл үшін қолынан келгеннің бәрін істейді. Сондықтан әр ата-ана баланың жеке адамгершілік қасиеттерін еске ала отырып, тәрбие беруге тырысуы керек. Қалыптасқан мінезбен еш пенде дүниеге келмейді. «Баланы туады екенсің, мінезді тумайды екенсің» немесе «Бір биеден ала да туады, құла да туады» деу арқылы халқымыз бір отбасындағы бала мінездерінің әр түрлі болатынын білдіріп отыр. Сондықтан халық педагогикасы бөбекті ер етіп өсіру де, ез етіп қожырату да отбасы үлкендерінің қолында деп қараған.

Бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе – оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз - оқушы өмірдегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала қоршаған адамдар мен кез келген затқа, жан-жәнұарға және экологияға жақсылық тілеп, жасауы. Сондықтан рухани адамгершілік жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады, оның көрсеткіштері: басқаларға жақсылық жасау: жақсылыққа ұмтылу; өзін-өзі дамытып, жетілдіру.

Мектептегі тәрбие жұмысындағы негізгі мәселе - оқушылардың «субъект-субъект» аралық қатынасын дамыту, әрбір адамның құндылығын, даралығын, ерекшеліктерін, сезімін және өзіндік баға беруін қалыптастыру. Мұнда баланың назарын өз өміріндегі елеулі өзгерістерге бұрып, оны саналы түсінуіне қасиет-сапаларына баулу көзделеді. Рухани адамгершілік тәрбиені қалай іс жүзіне асырамыз? Олар мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді.



Егер:

- тәрбие үрдісі оқушылардың рухани адамгершілік қасиеттерді игеруіне бағытталса;

- оқушылар рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында әрекеттік, іскерлік дағдыларды игерсе;

- оқушылар жеке тұлғаның және әлеуметтік мәні бар рухани адамгершілік қасиеттерді өз іс-әрекетінде, мінез-құлқы мен тіршілік әрекетіне көрсете алу мүмкіндігін ерікті таңдаса.

Демек, рухани адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе - баланы құрметтеу. Әрбір оқушы өзін-өзі рухани жетілдіру үшін өзін тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға ұмтылуы қажет екендігін түсінуі тиіс деп ойлаймыз. Өзінің оқушысын өз бетінше білім мен тәрбие алуға үйретпеген мұғалім қазір түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайтынын біледі.

Осы күні педагогикалық білімі жоқ адамдар да білетін ереже – «Тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек». Бірақ кейбір мұғалімдеріміз өзін-өзі тексеріп, өзін-өзі қайта тәрбиелеуде бас тартқандардың жауабы біреу - енді кеш, болары болды дейді. Тағы да сол ұлы ғұламалардың айтқаны бар «Үйрену ешқашан кеш болмайды, ал халқымыз «Ештен кеш жақсы» дейді. Мектептегі тәрбие өз оқушыларын артынан ертіп, еліктетіп әкетуді, онда тек жақсы істермен ғана үлгі көрсетуді көздесе, оның басты жолы рухани-адамгершілік тәрбиесі болмақ.

Егеменді ел жағдайында қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыруға байланысты қазақ халық педагогикасын мектеп тәжірибесінде пайдалану басты проблемалардың бірі болып отыр. Қазақ халық педагогикасының бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктердің жоғары екеніне, бүгінгі заман талабынан шығатынына әр ұстаздың сенімі мол.

Халқымыздың тәлімгерлік мұрасы ұшан-теңіз. Жас ұрпақты тәрбиелеуге Қорқыт ата, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Асан қайғыдан бастау алған қазақ зиялыларының да үлкен үлес қосқан.

Қорқыт - ғұлама ойшыл, философ, сазгер, қобыз жасаушы. Қазақ арасындағы аңыздарда Қорқыт ата - батагөй де сәуегей, атақты музыкант, ойшыл қария. Ол айтқан әр болжам дәл келіп отырған. Адам өмірі, мінез-құлқы, тағдыры жайында кемелді толғаулар қалдырған. Қорқыттың ой-пікірін философиялық тұрғыдан тұжырымдайтын ғақлия сөздер, өсиет-нақылдар, қанатты сөз тіркестері жиі ұшырайды. Қорқыт атаның нақыл сөздері, өсиеттері екшелген ойлардың нәтижесі. Мысалы, «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас», «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман», «Қорқаққа қылыш жұмсаудың қажеті жоқ», т.б. қағидаларының ұрпақ үшін маңызы зор. Қорқыт ойларының қорытындысы: «Өмір барда өлім бар, өзгеру бар, өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ, бәрі де өзгереді, ұмыт болады, тек мәңгі-бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі» дегенді аңғартады [3].

Тарихи болмысы ғаламға мәлім Қорқыт атаның нақыл, ғибраты, аңыз болған сөздері күллі адамзатқа мәңгілік өмір іздеген игі тілегімен бірге халқымыздың ежелгі тарихын, әдет-ғұрпын, тәлім-тағылым жолдарын танытатын рухани қазына.

Ж.Баласағұн 1069 жылы Қашқар қаласында жазған «Құтты білік» дастанында бақыт пен қайырымдылық ұғымына тоқтала келіп, «Адам шапағаты арттағы ұрпақтарға тисе, мұра болып қалса, оның рухани өлмейтіндігі сөзсіз» деген тұжырым жасайды.

Қазақ халқының тәлім-тәрбиелік ой-пікір тарихының тамыры тереңде жатыр. Халық қағидалары, ұлттық ұғымдар-өміршең, ол халықпен бірге жанданып, өзгеріп, түлеп отырады. Адамзат өмірінің барлық кезеңдерінде тарихи мұраға, өткенге көзқарас үнемі бірқалыпты өткен емес, әрдайым қоғам дамуымен бірге өзгерісте болып отырады. Қазақтың дала заңдары, болжам түйіндері, философиялық тұжырымдаулары халықтың ауыз әдебиетінде көрініс тапқан.

Ауыз әдебиеті халықтық дүниеге көзқарас жиынтығы. Қазақ халқының ертедегі

философиялық ой-пікірлері мифтік аңыз, қиял-ғажайып еретгілер мазмұнына арқау болып, уақыт өте халық ауыз әдебиетінің мол мұрасына айналды.

Ұрпақ тәрбиесінде, оқытуда, шала қазақ болып кеткен жастарымыздың жан дүниесін жаңғыртуда ұлттық психологияға халқымыздың аса қадірлі ақыны Абай шығармаларының орны бөлек, жас ұрпаққа жасар әсер-ықпалы мол.

Қорыта келе, халықтық педагогиканың өзі тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдері, іскерліктері және дағдыларының жиынтығы. Соларды игеруде ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан халық шығармалары арқылы беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерден қалыптасады. Бұл мәселе төңірегіндегі әр түрлі пікірлер, ата дәстүрлер мен салт-жоралғылар, теория мен практика, мәдениет, оқу-білім, дін, тұрмыс, имандылық мәселелері қамтылып бірге көтеріледі. Айрықша атап өту керек: оқу-тәрбие мәселесінің бүгінгі таңдағы жағдайы мен ұлттық тәрбиесі, сонымен бірге оны ұйымдастыруда қазақ этнопедагогикасы тұрғысынан қарастыру қазіргі көкейкесті мәселе, өскелең ұрпақ үшін өмір талабының айғағы екеніне көзімізді жеткізді.


Ал кейінгі кездегі бала тәрбиелеу бағытындағы күрделі өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тұжырымдамасында: «Тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру» деген түсінік береді.

Қазір ұлт тәрбиесі арқылы тәрбиелік мәселелерді шешу мақсатында педагогикалық оқу орындарында мұғалімдер дайындалуда. Соның нәтижесінде Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі мектептер, оқу орындары жастарды халықтық тәрбиенің қыр-сырымен таныстырып, білім-ғылымға, тәрбиеге сол арқылы қол жеткізеді деп айтуға болады. «...Тегінде ең берекелі, ең парасатты тәжірибе, әрине, халық түйген тұжырымдар, ғасырлар бойы зергерлік ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер, дамыған даналық дәстүрлер, ұстаздық ойлар болса керек-ті. Бұның аты «халықтық педагогика» [4], - дейді халық жазушысы М.Әлімбаев.

Қоғамның тарихи даму тәжірибесіне сүйенсек, адамгершілік тәрбиесінің проблемалары үнемі жаңа адам тәрбиелеу міндеттерімен байланысты болып келгенін дәлелдейді. Ғасыр өткен сайын ұрпақ тәрбиесі туралы ойлар өз жалғасын тауып үнемі жаңа сапарларға ие болады. Адамгершілік тәрбиесі туралы ұғым қоғамның рухани мәдениетінің көрінісі ретінде адамдар арасындағы қарым-қатынаста туындайды. Адамгершілік қарым-қатынас үлкеннің кішіге, әке-шешенің балаға, баланың ата-анаға, бауыр-қарындасқа, елге, жерге, Отанға деген махаббатына негізделеді. Ол «ар», «ұят», «ождан», «парыз», «қарыз», «міндет», «борыш», «қадір-қасиет» сияқты моральдық түсініктерден тұрады. Олай болса, адамгершілік тәрбиесінің негізгі міндеті жас ұрпақты - өзі өмір сүріп отырған кезеңден қоғамның алдында тұрған мақсат мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығымен тәрбиелеу болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
2. Бөлеев Қ. Саурықова Ж. Қазақ халқы тарихи тұлғаларының педагогикалық мұралары. Оқу құралы. - Тараз: ТИГУ баспаханасы, 2015 – 154 б.
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2005. - Б. 42-48.
4. Тілеужанов М. Ел әдебиеті: Оқу құралы. - Алматы, 1992. - 176 б.



## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ ДӘСТҮРІН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ЕНДІРУ**

**Диханбаева Балнур Кенжебековна**

Алға орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Шу ауданы, Жамбыл облысы

**Нурбекова Аида Бериковна**

Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, Жамбыл облысы,  
Байзақ ауданы

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру үшін жағдайлар жасау», - деп ерекше атап көрсетілген. Осы Заңның 8-бабында «Білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу бағдарламалары этномәдениет элементтерімен байытылады», - делінген.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай ұлттық тәрбие мен білім беруде педагогтардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Ал ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген ХХІ ғасырда жан-жақты дамыған ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру мектептің басты міндеті болып саналады.

Ұлттық құндылықтар сананың басты белгісі болғандықтан, адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасы арқылы сипатталады (әдептілік, мейірімдік, қайырымдылық т.б.). Халықтық тәрбие - әлеуметтіліктің биік шыңы, адам ұрпағының негізін қалаушы, халық мәдениеті, басқалардан айырмашылығы – адамның рухани байлығы мәңгілік [1].

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен тәлімдік мұралары арқылы жас ұрпаққа тәрбие беруде қазақтың ағартушы-педагогтары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов мектеп оқушыларына, мұғалімдеріне және болашақ ұстаздарға арнап оқулықтар, оқу құралдары мен әдеби шығармалар жазды.

Халықтық педагогиканы зерттеген шетел педагог-ғалымдары Г.Н.Волков, Я.И.Ханбиков, В.Ф.Афанасьев, Е.Л.Христова, Г.Н.Филонов, А.Э.Измайлов, Т. Ормонов болса, Қазақстан ғалымдарының ішінен С.А.Ұзақбаева, Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, Қ.Б.Бөлеев, Қ.Ж.Қожахметоваларды атап өтуге болады.

Халықтық тәрбиенің мүмкіндіктерін мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану мәселелері С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, М.Х.Балтабаев, А.А.Қалыбекова, Қ.Е.Ералин, Қ.Б.Бөлеев т.б. докторлық диссертацияларында қарастырылған.

Ғалымдардың пікірлерінше, ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы – отбасы болғандықтан, отбасында қалыптасқан салт-дәстүрлерді зерттеп, тәрбиелік мәнін ашып, тәжірибе жинақтау қажет. Отбасы – адамзат баласының дүниеге шыр етіп келгенде есігін айқара ашып енетін ортасы, тәрбие алып өніп-өсетін, ер жететін ұясы. Бала тәрбиесіне арналған салт-дәстүрлер: «Кұрсақ той», «Шілдеhana», «Азан шақырып ат қою», «Бесікке бөлеу», «Сәбиді қырқынан шығару», «Тұсау кесер», «Тілашар», «Атқа мінгізу», «Сүндет той», «Тоқым қағу», «Мүшел той», т.б. Бұл дәстүрлер қоғамдық, әлеуметтік сипатқа ие болып отырған. Жеке бас мүддесі мен қоғамдық мүдделердің туыстық, қандастық, адамгершілік негізінде тоғысуы, үйлесімді шешілуі жас ұрпақтың қайырымды, адал, өткір, қайратты азамат болып қалыптасуына зор ықпалын тигізген. Халықтық тәрбиенің танымдық қағидалары жас ұрпақты көк пен жердің, табиғат пен адам жаратылысының, ата-баба рухы мен тірілер өңірінің белгілі бір табиғи тұтастығын, рухани жақындығын түсінуге негізделген. Осы ұғымдарды қазақ халқы түсіндіру, қызықтыру, үгіттеу, сендіру, үйрету,

өзіне-өзінің сенімділігін ояту, топ алдына шығу, сөз сайысына түсіру арқылы ширатып, қалыптастырған. Қазақтың тарихи-этикалық поэмалары жас ұрпақтың патриоттық сезімін оятса, мақал-мәтелдер мен билердің шешендік сөздері ынтымақ пен еңбекке баулыған.

Педагогикалық технология, оқыту технологиясы туралы мәселелер соңғы жылдары педагог-ғалымдардың назарын аударып, әр түрлі қырынан зерттелуде. Бағдарламалап оқыту мәселелері Б.Беспалько, М.Кларин, И.Лернер, В.Оконь, Н.Талызин және басқалардың еңбектерінде зерттелген.

Дамыта оқыту технологиясы Л.Выготский, Д.Эльконин, В.Давыдов, Л.Занков, ал жеке-бағдарлы оқыту технологиясының жобасы Ш.Амонашвили еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Ұлттық тәрбиені жаңа технологиямен сабақтастырып, тұрмыстық салт-дәстүрлерді жаңа өмір талабына сай қолдануды кәсіби шеберлікпен жүзеге асыру қажет [3].

Болашақ мұғалімдер даярланатын жоғарғы оқу орындарында да, мектеп қабырғасында да кез-келген тақырыпты меңгерудің инновациялық іс-әрекетке бағытталуы өте тиімді. Өйткені:

- педагогикалық инновацияны, педагогикалық технологияларды оқып-үйрену, жүзеге асыру – педагогтардың шығармашылық ойлауын дамытудың ең тиімді факторы;
- инновациялық іс-әрекет арқылы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түседі;
- инновациялық теориямен қарулану және алған білімді мектептің оқу-тәрбие процесіне нәтижелі пайдалана білу арқылы педагогика саласындағы негізгі тұжырымдар, ережелер, идеялар мен оқытудың жаңа принциптері және заңдылықтарымен танысады, іскерліктерін шыңдайды;

Әрбір педагог өз тәрбие жұмысының жемісті болуы ғасырлар бойы қалыптасқан этнопедагогика жетістіктерін тиімді пайдаланумен анықталатынын түсінуі қажет. Сондықтан инновациялық технологияны меңгеру үшін төмендегідей міндеттерге назар аударуды қажет етеді:

1. Халық өміріндегі құбылыстардың педагогикалық мәнін талдау, балаға жеткізудің тың жолдарын іздестіру;
2. Халықтың тәрбие мазмұнын қазіргі міндеттерге сәйкестендіру, жаңарту, толықтыру;
3. Ел ішіндегі қолданысқа кең тарамаған салт-дәстүрлерді іздеу, жинақтау, өмірге пайдалануды қалыптастыру;
4. Көне әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің қазіргі жағдайдағы педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау, қолданысқа ендіру;
5. Ескі мен жаңаны ұштастырып, дамыған, мәдениетті, үйлесімді салт-дәстүрлерді дүниеге келтіруге жағдай жасау.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін мектептің оқу-тәрбие процесіне ендірудің маңыздылығын атай отырып, педагогикалық технологияларының түрлеріне талдау жасадық. Талдау барысында, этнопедагогика элементтерін оқу процесіне тиімді қолданудың мазмұндық артықшылықтары айқындалды. Атап өтетін болсақ:


- мұғалім мен оқушының психологиялық, жалпыпедагогикалық, дидактикалық тұрғыдан өзара іс-әрекетінің жүйесі халықтық тәрбиені саналы түсінуге және еркін меңгеруге көмектеседі;
- оқу жүйесін кезең бойынша ұйымдастыру, диагностикалау, оқу-тәрбие формаларын, әдістерін таңдап алу тақырыптардың сабақтастығын қамтамасыз етеді;
- әр түрлі пәндік білім, білік дағдының интеграциясын қамтамасыз ететін дидактикалық жүйелер білімнің тұтас жүйесін мақсатты түрде қалыптастыруға ықпал етеді;
- тренингтердің алуан түрлерін: психологиялық тренингтер, іскерлік тренингтер, коммуникативтік біліктер тренингтерін тиімді пайдалану белсенділік танытуға дағдыландырады;

- өзін-өзі тану, өзін-өзі сезіну, өзіне-өзі баға беру тәсілдері педагогтың де, оқушының да педагогикалық импровизация дағдыларын қалыптастырады;
- этнопедагогика материалдары арқылы ұлттық сана-сезім қалыптасып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіреді [4].

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық тәрбие үлгілерін инновациялық технологиямен жүргізудің ықпалы зор. Жас ұрпақты белсенділікке, шығармашылдыққа, ұлтжандылыққа баулиды, өз елін, өз халқын, өз құндылықтарын құрметтеуге саналы түрде ықпал етеді. Әр оқушының психологиялық, физиологиялық, жеке-дара ерекшеліктері ескеріледі, міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлері ашылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ә.Табылдиев. Этнопедагогикалық оқылымдар. – Алматы: Білім. 2006.-312б.
2. Тәлім-тәрбие тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі, 1993 ж. 3 ақпан.
3. Болатова Л.А. Болашақ мұғалімдерді қазақ халқының салт-дәстүрлерін мектептің оқу-тәрбие үрдісіне пайдалануға дайындау Автореферат. – Шымкент, 2004. -27б.
4. Ш.Беркімбаева. Қазақ мектебі – қазақ ұлтының бесігі // Этнопедагогика. 2006. №3.



## **МҰҒАЛІМГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП - ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЛГЕН ҮЛКЕН МІНДЕТ**

**Дошанова Динара Муратовна**

Сәду Шәкіров атындағы орта мектептің биология пәнінің мұғалімі,  
Жамбыл облысы, Шу ауданы

**Ержан Айбек Ерланұлы**

П. Чайковский атындағы Алматы Музыкалық колледжі, Алматы қ.

Қазіргі заман мұғалімдеріне қойылатын талаптар мәселесі білім беру саласында ерекше өзекті мәселелердің біріне айналуда. Қазіргі білім беру саласындағы басты міндет - білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын жаңашыл мұғалімдерді даярлау. Жаңашыл мұғалімдер «педагогикалық қызметтің барлық түрлерін зерттеп, кез-келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениеттілігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын, педагогикалық үдерістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын жаңашыл әрі шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға болуы керек.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев: «Ахмет Байтұрсынұлы «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген. Ұлт ұстазының бұл сөзі қашанда орынды. Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет. Сондықтан ұстаздар қауымына, яғни сіздерге зор жауапкершілік жүктеледі» деген болатын[1].

Қазақстан заңдары білім беруді қоғамның және мемлекеттің рухани, әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуының негізі деп жариялайды. Елімізде 1999 жылы қабылданған Білім туралы Заңда білім беру жүйесінің басым міндеттері көрсетілген:

1. Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;
2. Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектілік байыту;
3. Азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге,

Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге тәрбиелеу;

4. Әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республикасының басқа да халықтарының тарихын, дәстүрлерін, тілдерін меңгерту;

5. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;

6. Еңбек рыногында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

Осы міндеттерді орындап, жүзеге асыруда мұғалімдердің рөлі өте зор. Бүгінгі мұғалімдердің еңбегінің нәтижесі қандай болса, ертең біздің қоғам сондай болады. Қазіргі заманның мұғаліміне қойылатын талаптар:

- біріншіден, мұғалім жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға және

маман иесі болу керек;

- екіншіден, мұғалімнің педагогикалық ойлау қабілеті ғылыми түрде қалыптасуы тиіс;

- үшіншіден, мұғалім білім негіздерін өз бетінше оқып, үйренуге, оқушыны баулуға міндетті;

- төртіншіден, мұғалім - педагогикалық үрдісте баламен ынтымақтаса қызмет ету керек;

- бесіншіден, педагог әр уақытта өз білімін толықтырып, шығармашылығын арттырып отыруға міндетті немесе француз педагогі Жубер айтқандай «оқыту деген екі есе оқу»[2].

Қоғамды ізгілендіру - ХХІ ғасырдағы өркениетті дамудың талабы. Ізгілендірудің басты мақсаты-зиялылық қалыптастыру, сезім және көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеу, өмірлік құндылықтар мен бағалардың белгілі бір жүйесін қалыптастыру.

Білім беру саласының жаңаша мазмұны ұстаздарға оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы халықтық салт-дәстүр негізіндегі жаңа технологияларын меңгеру міндеттерін қойып отыр. Ананың ақ сүтімен, әкенің ыстық ықыласымен, ұстаздың ұлағатымен дарыған ана тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, оның қолданылу ауқымы біртіндеп кеңейіп келеді. Сондықтан қазіргі кезде жасөспірімдерді халықтық педагогика мұраларын пайдалана отырып адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуде дәстүрлері қалыптастыру міндеті тұр.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, әрі өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Яғни жаңа технологияларды меңгеру жаңа тұрпатты мұғалімді қалыптастыру-ға қойылатын негізгі талап болып отыр.

Бүгінгі таңда кейбір ұстаздардың бойкүйездігі, тіпті өз жұмысына немқұрайлы қарайтыны мұғалімнің қадір-қасиетіне көлеңке түсіруде. Күнделікті күн көрістің қарекетімен мамандықты сан мәрте ауыстырудың өзі ұстаз беделінің төмендеуіне әкеп соқтырып отыр.

Кейінгі кездерде ұстаз беделіне деген көзқарастың өзгеріп кеткеніне себептер іздеу қиын емес. Бұлар мыналар:

- «ұстаз болу үшін, ұстаз болып туу керек» деген қағидаға жүгінсек, бұл мамандықты кездейсоқ адамның игеруі;

- жоғары оқу орындарында шалағай білім алып, мектепке оралғанда беретін сабағын өзі де толық түсіне алмай, оның үстіне оқушыға жеткізе алмауы;

- мектеп қабырғасы ұстаздардың шыңдалу объектісі екенін түсіне алмайтын, ізденудің жолын білмейтін, сөйтіп шәкіртті өзінен алшақтатып, жұтаң қалып оқшауланатын ұстаздардың табылуы;

- төл басылымдарға жазылу, одан оқып үйреніп, оқу- тәрбие жұмысына

пайдаланылатын ұстаздардың азаюы, яғни рухани азғындау;

- мұғалім беделін көтеретін шешуші тұлға- ағартушы, әдіскер, адамтанушы, адамгершілігі жоғары мектеп басшыларының азаюы;
- қоғамдық орын, қалың жұртшылық пен мектеп арасындағы байланыстың үзілуі;
- төл оқулықтарды оқыту мақсатындағы жаңа педагогикалық технологияларды ұстаздардың меңгере алмауы. Бір жақтылықтың, бірсарындылықтың белең алуы;
- ұстаз өз іс-тәжірибесін әріптестерімен бөліспеуі, баспасөз бетіне жариялауға енжарлық танытуы;
- ұстаздың әлеуметтік жағдайының көп мамандық иелерімен салыстырғанда төмендігі;
- ұстаздың атқарған еңбегін бағалау әр кезде тиісті бағасын беріп отырудың өз дәрежесінде болмауы және т.б.


Бүгінгі күн мұғалімдердің атына ата-аналар тарапынан әр түрлі өкпе, реніштер айтылып жатады. Көбіне педагогтардың біліктілігі төмендігі, шәкірттермен арадағы қарым-қатынасы, оқыту әдістерінің көнерген немесе дәстүрлі түрлерінің қолданылуы тілге тиек болады. Осындай кемшіліктер қандай себептерге байланысты орын алып отыр деген заңды сауал туындайды.

Осындай жағдайларды болдырмау үшін, ұстаз жан-жақты білімді, тәрбиелі болуы керек. Ұстазды көргенде қашатын шәкірт емес, оны көруге асығатын шәкірт тәрбиелеу керек. «Ұстаздың төрт құбыласы тең» моделі толығынан іске асқанда ұстаз мәртебелі болады. «Қырық жыл мұғалім болсаң да қырық бес минуттық сабағыңа тиянақты әзірлен».- деген қағида соның айғағы [3].

Қорыта айтқанда, ең алдымен қазіргі заман мұғалімінің бойында гуманистік бағыттағы жалпы құндылықтарға сүйену, кәсіби қабілеттілік, шығармашылық қабілеттерді, психологиялық дайындығы және әдістемені меңгеру қасиеттерімен белгіленеді. Мұғалімге қойылатын талап - жауапкершілік жүктелген үлкен міндет, абыройлы істің сан қырлылығы одан жан-жақты терең біліктілікті, аса педагогикалық шеберлікті, өте нәзік психологиялық қабілеттілікті талап етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Республикалық педагогтер съездінде сөйлеген сөзі. 2023 жыл, 5-қазан // <https://www.akorda.kz>
2. Хмель Н.Д.Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. Алматы: Ғылым, 2002. 170б.
3. Қожамқұлова Ж. Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. – Алматы: Қыздар университеті, 2013. - 215 б.



## **МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Жадрасинов Корганбек Кунисбекович**

Мойынқұм орта мектебінің математика пәні мұғалімі, Жамбыл облысы,  
Мойынқұм ауданы

Орта мектептерде оқытылатын пәндердің ішінде өзіндік құрылым мен мазмұнға ие, мұғалімнен ерекше даярлық пен теориялық білімді, мол тәжірибені, үнемі ізденісті талап ететіні – математика десек қателеспегеніміз. Тарихы ұзақ ғылым саласы ретінде математика гректің «matematike» деген сөзінен шыққан, қазақ тіліне аударғанда білім мен

ғылымды білдіреді. Осы себепті де, оқушының болашақта өте білімді, ізденімпаз, жан-жақты дамуы мен дүниетанымдық білімге ие болуы үшін математикаға деген қызығушылықтарын арттырудың маңызы өте зор. Бұл – өз кезегінде уақыт дәлелдеген аксиома. Бар ғылымдар патшасы ретінде математика – объектілердің қасиеттері мен байланыстарын бейнелейтін математикалық моделді зерттейтін адамзаттық білімнің аймағы. «Математикалық модель адам ойынан туындай отырып, объективті зерттеу пәні ретінде жасалуы – керемет! Оның қасиетін тану арқылы біз нақты өмірді бейнелейтін моделдің қасиетін тани аламыз»[1] деп В.А.Успенский жазып кеткен. Сонымен қатар, математика – ғылымдардың ең басты тілі ретінде нақты әлемнің құбылыстарын сипаттайтын әртүрлі тәсілдердің ең қолайлысын көрсетеді. Математика – бұл бір ерекше әлем. Сырт көзге ол тек мылқау сандар мен суық есептен ғана жаралған құрғақ дүние болып көрінеді. Бірақ оның ішкі сырларына сүңги білген адамға өзіндік айырықша әсемдіктері, пән сапалық түйіндері, қиялға қанат байлап, ойға қуат құятын, айналандағы жалғыз дүниеге жан бітіріп, құдіретті құбылыстары дайын тұр.

Ендеше, математиканы меңгеруде ең алдымен зор құштарлықты арттыру - аса маңызды. Осы міндет аясында математиканы оқытуда түрлі озық инновациялық әдіс-тәсілдері оқу процесінде тиімді қолданылуда. Оқытудың, тәрбиелеудің мазмұнын қоғам дамуының қарышты қадамына сәйкестендіріп, оны шырқау биіктерге көтеруге бағытталған белсенді әдіс-тәсілдер қолданылуда. Оқыту барысында белсенді әдіс-тәсілдерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Дамыта оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің белсенді әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог- зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқутәрбие үрдісінде белсенді әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу. Әлемдік білім алу кеңістігінде интеграциялық үрдістердің тереңдеп, кең қанат жайған жағдайында ақпараттық технологияларды меңгеру өзекті екені сөзсіз.

XXI ғасыр – білім мен бәсекелестіктің уақыты. Олай болса, математика адамның маныдай жекелік қасиеттерін, интеллектуалды қабілеттерін дамытады:

1. Жалпылау қабілеті. Белгілі бір оқиғаны жалпы тәртіптің көрінісі ретінде қарастыру. Дербес құбылыстардың жалпы құбылыс барысындағы жеке рөлін анықтау.
2. Талдау қабілеті. Өмірлік қиын жағдайаттарда дұрыс тандау жасап шешім қабылдау.
3. Заңдылықтарды анықтау қабілеті.
4. Логикалық тұрғыда ойлау және негіздеу.
5. Тез ойлану және шешім қабылдау.
6. Алдын-ала жоспарлау қабілеті. Алдын-ала бірнеше қадамдарды жоспарлап шешім қабылдау.
7. Абтракты ойлау.

Ал айтылған интеллектуалды қабілеттерді дамыту үшін қиын есептер жинағын алып шығару міндетті емес, математикалық әдістер қолданылатын логикалық сөз жұмбақтарды шешіп, интеллектуалды ойындарды ойнауға болады. Математиканың тағы бір құдіреті – онымен шұғылданған адамның бойында осы айырықша қабілеттердің біртіндеп қалыптасуына үлкен септігін тигізеді. Математика адамды ой еңбегіне тәрбиелейді.



Сондықтан да мұғалім үшін оқушының математикаға деген қызығушылығын арттырып алса, педагогикалық міндетінің түгелдей дерлік орындалғаны.

Әрбір ұстаз есептердің шешімін таба отырып – баланың ойлау жүйесінің дамуына ықпал етіп, өмірдің кез келген жағдайында дұрыс шешім таба алуға тәрбиелейді.

Қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үйдің құрылымы да тұнып тұрған математика. Математикалық тұрғысынан қарағанда киіз үй негізі 3 бөліктен тұрады. Уықтары параболаның бір бөлігі. Шаңырағы, табаны шеңберлер. Цилиндр орнықты фигура болғандықтан киіз үйдің пішіні соған сәйкестендіріліп жасалған. Киіз үйдің есігі тік төртбұрыш. Кереге арасы ромб. Киіз үйдің шаңырағынан дәл ортасынан табанына түсірілген биіктігі едендегі шеңбердің центрімен дәл келеді де, симметрия осін береді.

Бүкіл жан-жануарлардың баспаналары дөңгелек, сфера пішінді болатындығы белгілі. Мысалы, аю, қасқыр апандары дөңгелек үңгір етіп жасалады. Апанның ауыздары оңтүстік—шығысқа қарап қазылады. Торғайдың, құстардың ұясы да сфера пішінді болады. Міне қазақтың киіз үйі де, осындай заңдылық бойынша жасалған. Кереге жоғары жағына қарай тартыла береді де, уық арқылы күмбезге айналып кетеді. Киіз үйдің негізгі өлшемдері ерекше пропорциялы болып келеді. Киіз үй пішінінің айналу беттерін, яғни, дөңгелек болуы бұрыштардың болмауы киіз үйдің көркемдігін арттыра түседі. Ендеше, бұрышы жоқ киіз үйдің ішіндегі ауа тұрақты түрде алмасып отырады. Киіз үйді ойлап шығарудың өзі ақиқат ғылымға негізделген [2].

Қазақтың дана халық болғандығының бірден-бір дәлелі – осы.

Қорыта айтқанда, математика және нақты ғылымдар адамзаттың ақыл-ойының дамуына үлкен үлесін тигізеді. Ақыл-ойы дамыған адамдар жаңа технологиялар ойлап тауып, адамзаттың өмір сүру жағдайын жақсартады. Әрине, бұл математикамен айналыспайтын, гуманитарлық салада жүрген адамдардың интелекті төмен деген сөз емес. Жақсы әдеби кітаптар оқып та өзімізді дамыта аламыз. Бірақ, бұл жеткіліксіз.


«Егер ақылды болғың келсе, көп оқы!» тіркесіне «және математикамен айналыс!» дегенді қосса артық етпейді. Адамның ой-өрісін, рухани ізгіліктік қырларын дамытатын гуманитарлық сала мен нақты ғылымдар бір-бірін толықтырып отырады. Гуманитарлық саланың жақсы мамандары базалық деңгейде нақты ғылыммен айналыспағандықтан, шешім қабылдауда қателіктер жіберіп жатады. Ал жақсы математиктер, технологтар абстрактілі әлемге кіріп кетіп, нақты әлеммен байланыс үзіп алып жатады. Барлық «жақсы» нәрселердің өз мөлшерінде болғаны абзал.

Ежелгі математик тұлғалар өлең де жазған. Мысалы Омар Наям, әл-Фараби, Ұлықбек, тіпті XIX ғасырдағы Софья Ковалевская,... тіпті, Вейерштрассның «Математик – ақын болмаса, белгілі бір жетістікке жете алмайды» деген сөздері де бар.

Математика – барлық халыққа ортақ ғылым. Жалпы, математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шындай түсетіні белгілі.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Успенский В.А. Предисловие к математике. Санкт-Петербург: «Ффора», 2015
2. <https://edunews.kz/articles>



## **ВОСПИТАНИЕ ВОЛИ И ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЙ И ПАТРИОТИЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ**

**Нуралиева Эльмира Рафаилгызы**

Мойынқұм орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,

Современная психолого-педагогическая наука отводит первостепенную роль в процессе становления духовно-нравственной личности проблеме мотивов. Ради чего осуществляется или почему ребенок не осуществляет ту или иную деятельность. В какой степени он осознает побуждения, которые привели его к совершению того или иного поступка. Умеет ли школьник ставить перед собой конкретную цель и достигает ее. Какие потребности, интересы являются для подростка главным, доминирующим, а какие подчиненным. Эти и многие другие вопросы относятся к области мотивации поведения. Можно говорить без преувеличения, что искусство воспитателя состоит в умении учитывать и влиять на мотивацию и процесс формирования духовно-нравственной личности подрастающего поколения.

Можно выделить следующие направления в развитии мотивационной сферы: 1) по содержанию, проявления новых мотивов; 2) изменение структурных соотношений между различными мотивами. В центре, которого находится становление базовой мотивационной иерархии, когда одни мотивы становятся доминирующим, а другие отходят на второй план – возникновение духовно-нравственной направленности личности; 3) изменение характера соотношения мотивационной (аффектно – потребностной или стрессовой) и интеллектуальной сфер. В плане мотивации это проявляется в том, что в процессе онтогенеза потребности ребенка приобретает опосредованный характер; происходит переход от непосредственного, импульсивного поведения к поведению, опосредованному сознательно поставленным целям, принятыми решениями, т.е. поведению осознанному и произвольному. Если рассматривать в самом общем виде развитие целеполагания в онтогенезе индивида, то его можно рассматривать, как переход от неспособности совершать действия в соответствии с некоторой сознательно поставленной целью и ее достижение детьми, которые ставит перед ним педагоги или родители. И, наконец, к постановке субъектом целей перед самим собой. Практическая задача воспитания у детей способности к нравственным поступкам, к действию в соответствии с сознательной поставленной целью возникает с самого раннего в дошкольном возрасте. Но она возникает не как главная, а как частная, необязательная. Режим дисциплины в школе (обязательность строгого соблюдения правил поведения учащихся, стабильность выполнения учебных заданий) ставит школьников старшего класса в гораздо более сложную ситуацию, предъявляющую высокие требования именно к морально-волевому поведению, умению достигать сознательно поставленной цели. Специфика старшего школьного возраста заключается в том, что задания, цели действия ставят перед детьми педагоги и родители, школьник должен уметь выполнять задания старших, быть способным достичь поставленной цели. Не все дети, как показывают наши исследования, оказываются к этому подготовленными. Часто возникает ситуации, когда старшеклассник стоит перед необходимостью направлять свои усилия на выполнение достижение одной цели, а непосредственно ему хочется заниматься чем-то другим. Причем он оказывается не в состоянии противостоять этому непосредственному побуждению. Таким образом, основная задача развития мотивации духовно-нравственного развития школьника формирование умения действовать в соответствии с поставленной цели, подчиняя ей другие, непосредственные желания. Острота проблемы развития волевого духовно-нравственного поведения в старших классах обусловлена, в первую очередь, спецификой той социальной ситуации развития, с которой сталкивается школьник в этот период жизни. Школьная жизнь и учеба предъявляет к старшеклассникам многочисленные требования, которые далеко не всегда соответствуют их интересам и потребностям. В старших классах, нередко у детей возникают ситуации, которая по существу своей относится к категории конфликтной. Когда от школьника требуется выполнение определенного задания, достижения цели, которую перед ними ставят взрослые, но при этом у старшеклассника не непосредственного стремления действовать в

направлении этой цели, а есть какое-то другое, более сильное мотивированное желание. И это часто приводит школьника к стрессу. Задача педагогов и родителей состоит в том, чтобы проанализировать и найти психолого-педагогические условия, при которых старшеклассник выполнит бы предложенное задание, осуществил поставленную перед ним цель. В первую очередь надо грамотно ставить цель. Любая цель воспримется старшеклассником в контексте его деятельности, отношений с взрослыми и сверстниками. Поэтому, выдвигая перед ним конкретную цель, важно осмыслить в мотивационном контексте, в котором она будет воспринята. Процесс воспитания духовно-нравственной личности происходит в единстве многообразных явлений школьной жизни. Поэтому любая цель и любой мотив деятельности связаны с множеством других целей и мотивов. Современная психологическая наука исходит из того, что любое действие побуждается не одним, одновременно несколькими мотивами. Из опыта учителей известно, что нередко у старшеклассников может быть «высоко значимый мотив» - «заниматься самовоспитанием» но в действительности он не действует [1].

Умение учителя помочь подросткам и старшеклассникам согласовать «высоко значимый мотив» с реально действующими мотивами (быть волевым, чтобы решать задачи поставленные коллективом; быть целеустремленным, чтобы иметь признание педагогов) мобилизует старшеклассника на достижение поставленной цели. С психологической точки зрения далеко не безразлично, какой мотив будет лежать за действиями современного школьника. От этого зависит установка этих действий, психологически направляемый на достижение цели действия к его мотиву. Личностный смысл заложен в достижение одной главной цели → «хорошо учиться»-при таких мотивах, как хорошо учиться, при таких мотивах, как «хорошо учиться», чтобы потом учиться в вузе по гранту, а в дальнейшем стать ученым. Разумеется, для того, чтобы учащиеся старших классов наилучшим образом выполняли ту или иную деятельность (и более обширно для развития личности школьника), необходимо создать такую ситуацию, когда реальной действующий мотив лежит, в самом деле, которое выполняет школьник, а не является внешним по отношению к этому делу. В таком случае школьник движимый непосредственным интересом к выполняемой работе, его способности раскрываются максимально полно, сама деятельность становится для него удовольствием. Таким образом, первое необходимое условие эффективной постановки цели – умение включать ее в более широкий мотивационный контекст, учитывая при этом индивидуальные особенности личности школьника, значимость различных мотивов для данного возрастного этапа. Как показывает школьная практика, своевременно поставленная цель перед учеником старшего класса может побудить его к деятельности, которую ему непосредственно не хочется выполнять. Например, вовремя подготовки к конкурсу на знание языка, ученикам необходимо выполнять неинтересную однообразную работу повторения слов на иностранном языке, но характеризующий моральную ответственность в подготовке. У большинства учеников через некоторое время возникло состояние психического равнодушия. Они начинали выполнять отдельные задания без всякой творческой активности, а отдельные отказывались выполнять задание. В ситуации подобного конфликта между стремлением выполнять коллективное задание и желанием прекратить надоевшую деятельность огромное значение имеет введение ограничительной цели. Стоит только ответственному сказать: «Мы повторим еще дважды это задание, а затем закончим тренировку, - как все участники проявляли активность». Иными словами, достижение ограничительной цели дает возможность школьнику одновременно реализовать и желание выполнить важное дело и стремление прекратить надоевшую работу. В нашем исследовании показана важность выбора нужного момента введения ограничительной цели: если цель дается уже после того, как у подростка актуализировалась и приобрела достаточную силу потребность прекратить эту работу, то эта цель уже способна побудить его к продолжению работы. Если же она не сразу актуализирует потребность выполнить поручение и, таким образом, тормозит потребность


прекратить работу. Подобная ситуация довольно часто встречается в реальной практике духовно-нравственного воспитания. И, чтобы ею владеть, важно учитывать изложенные выше мотивационные ситуации. Необходимость своевременного введения ограничительной цели возникает не только тогда, когда следует продолжать какое-то надоевшее дело, но и прямо противоположном случае, когда нужно свернуть интересную для подростка деятельность. Например, психологически неоправданным является: «Аскар, хватит играть футбол! Пора делать уроки». Подобное требования со стороны родителей воспринимается подростком как насилие. В то же время просьба: «Как закончишь игру надо садиться за урок». Так, учителю физической культуры, принесшему на урок интересный тренажер или картину, которые могут привлечь произвольное внимание, следует моделировать порядок переключения внимания. Например, ввести ограничение во время выполнения нового упражнения. При этом важно учитывать, что степень поглощенности деятельностью может быть для подростка настолько значительной, что без ограничительной цели он не способен самостоятельно ее прервать. Например, разгоряченный подросток не может смириться, что подтянулся на перекладине, меньше на раз чем другие. И требует от учителя, чтобы он дал ему шанс. А урок уже закончен. Не дать подростку шанс – значит сохранить создавшееся напряжение еще до следующего урока. Надо, чтобы напряжение было снято. И поэтому положительную роль может сыграть такое ограничение: « Дается только одна попытка». Наиболее приемлемой, на первый взгляд, способ добиться, чтобы подросток сделал что-то, что ему не хочется, или отказался от чего-то, чего ему не хочется, - это приказание взрослого с перспективой (аванс) награды или наказания. В реальной практике многие педагоги и родители используют этот метод. Многие педагоги и психологи специально организованных исследованиях особенности психологической ситуации при награждении и наказании и отметили далеко не всегда хорошо осознаваемый учителем механизм действия того и другого. Угроза наказания, хотя и оказывается в ряде ситуаций воспитательного процесса «действенным средством», в итоге приводит к определенным издержкам воспитания, таким как, подавленность, робость, безынициативность детей. По К.Левину, известному немецкому психологу, ситуацию наказания составляют три главных элемента: 1) задача, почему - неприятная или неинтересная для ребенка; 2) угроза наказания; 3) барьеры, которые с необходимостью должен ставить взрослый, предполагающий, что ребенок будет стремиться избежать и задачу, и наказание. Эти барьеры могут быть различными: физическими (запереть в комнате, пока задание не будет выполнено), моральными («так, настоящие мужчины так себя не ведут») и т.д. Причем более неприятная для подростка задача, тем сильнее наказание, а чем сильнее наказание, тем больше, обычно и общее ограничение его жизни и тем сильнее тенденция пользоваться физически примитивными барьерами. Чем больше детская жизнь базируется на угрозе наказания, тем больше детская жизнь приобретает принудительный характер[2]. В результате тонкого психологического анализа К.Левин приходит к выводу о том, что в ситуации угрозы наказания у ребенка не может возникнуть положительного отношения к поставленным перед ним задачам. Напротив, как правило в такой ситуации ребенок начинает вести борьбу либо против самой задачи («Ломается ручка», «Теряется тетрадь» и т.п. Заняться каким-то посторонним делом, против которого педагог или родитель не может возражать. Например, «начинает болеть голова»). Либо против наказания (лесть, обман, наиболее распространенной формой, которого является «потеря» дневника»). Либо против барьеров (пытаясь уйти тем самым тем самым и от выполнения задания, и от наказания). Либо непосредственно против взрослого, которого ребенок считает центром возникшей ситуаций. Иногда пытаясь уйти из ситуации наказания, ребенок уходит в себя. Частный случай ухода в себя – в упрямство – служит симптомом того, что ребенок больше не хочет подчиняться предъявляемым требованиям.

Но даже в том случае, если ребенок берется за выполнение задачи, имевшая место угроза наказания создает далеко не лучшую мотивацию этой деятельности. Наиболее

неадекватной такая мотивация оказывается при решении ребенком интеллектуальных задач, так как необходимо его положительное отношение к заданию, интерес к нему. Ситуация награды, разумеется, создает сравнительно благоприятный настрой, Однако как показывает психологические исследования, и ее нельзя признать оптимальной. Наша опытно – педагогическая работа дает основание говорить о том, чтобы педагоги и родители добиваются больше успеха, если будут стремиться в соблюдении следующего принципа: принцип максимальной привлекательности цели. Он заключается в том, чтобы цель побуждала внутреннюю активность человека. Таким образом, для успешного решения какой-либо задачи необходимо создать у детей сознательно стремление к ее решению. По результатам исследования Л.И.Божович, оказалось, что для выработки нравственных качеств( аккуратность, ответственность, требовательность) личности ребенка недостаточно усвоить( до степени привычки) соответствующую форму поведения.. Было выявлено, что если способ поведения осваивается по чуждому мотиву ( например, из страха наказания или за какое-то вознаграждение), то ребенок научится вести себя соответствующим образом, но всякий раз он не будет испытывать в этом поведении никакой потребности и поэтому престанет быть ответственным и аккуратным, как только почувствует отсутствие контроля. Единственная возможность избежать этого - начать воспитательную работу с создания у детей положительного отношения к соответствующему качеству личности. В беседе, на конкретных примерах других людей показать важность этого качества, те преимущества, которые оно обеспечивает человеку, сформировать у него желание обладать таким качеством, а затем еще вести работу по воспитанию соответствующих привычек и т.п. Характер отношений ребенка к тому или иному свойству личности или поступку необходимо учитывать в практике воспитания и перевоспитания детей. Результаты нашего исследования представляются наиболее существенным для формирования мотивационной сферы - это учет индивидуальных особенностей детей различных возрастных групп. Такой подход, по нашему мнению, может помочь учителям и родителям в решении конкретных педагогических задач преодоления стресса.

### **Список использованной литературы:**

- 1.Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.,1968
- 2.Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. Электронный учебник // <https://nsportal.ru/>



## **ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ БҮГІНГІ ЖАЙЫ МЕН КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕРІ**

**Сагинаева Фатима Абдрахмановна**

Қ. Сәтбаев атындағы мектеп директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

**Ажиханова Светлана Жаксылыковна**

Қ. Сәтбаев атындағы мектептің педагог-психологы, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

IX ғасырда өмір сүрген ұлы данышпан бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың жауы, ол оның барлық өміріне апат әкеледі» дейді. Сондай-ақ, қазақтың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы бір сөзінде: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердіңазайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп

келе жатқанынан қорқамын. Өйткені, бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр бола ма деп қорқамын. Ал, көрдің қолына балта берсең, шаба салады, найза берсең, сұға салады, намыстанбай бұға салады. Мен табиғатынан, тағдырынан болған соқырлықтан жазылмасаң, халық болудан қаламыз ба деп қорқам» деп, ұрпақ болашағына алаңдайтынын білдірген болатын. Ал ұлттық тәрбие дегеніміз не? Ол – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірбиесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, ұлттық дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай ұлттық мінез-құлқын қалыптастыру. Сонымен, ата-аналардың басты мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы зор, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Бүгінде жаһандану процесі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу – үлкен міндет екені даусыз, ұрпақ тәрбиесінде халықтық тәрбиенің бастауы – ұлтжандылыққа, елдікке, Отан сүйгіштікке баулудағы уыз тәрбие – қазақи, халықтық педагогика екенін тәуелсіз елдің өткені де бүгінгі де дәлелденіп отыр.

Осыған байланысты Қ.Бөлеев [1], Ш. Беркімбаева, С. Қалиев [2], К. Биекенов, З. Жаназаровалар[3] арнайы ғылыми еңбектер арнады. Отбасындағы ата-ананың тәрбиелік тұлғасы – өтірік айтпау, алдамау, бейбастық әдет-мінез көрсетпеу, сөзімен, ісімен жақсы ықпал жасау, ұятжандылыққа, имандылыққа, үлкенді сыйлауға, т.б. жақсы қасиеттердің жиынтығын көрсеткен жөн. Тәрбиенің бұл түрі ата-ананың балаға тәрбие берудегі әліппесі болу керек. Бала дүниеге келгеннен бастап, оның өміріндегі әр кезеңдерді тәрбиелік мәнінде атап өту. Баланың шілдеханасын, атын қою, сөйлегенін, жүргенін (тұсау кесу), сүндетке отыруын, мектепке баруын, т.б. осы сияқты бала өміріндегі ерекше кезеңдерді ұлттық тұрғыда баланың өмір бойы есінде қалатындай етіп отбасында өткізу. Қазіргі кезде осы сияқты жұмыстар жүргізіле бастаған сияқты, бірақ та оларға отбасында терең мағына берілмей, олардың кейбіреулері спектакль есебінде жасанды түрде тек мектептерде ғана жүргізіліп, яғни бала мекересі емес, негізінен үлкендердің бас қосуына айналды. Нарықтық экономиканың жағдайына сай балаларды үнемділікке, ысырапсыздыққа тәрбиелей отырып, қайырымдылықты, жанашырлықты, бауырластықты, жақсы қасиет ретінде баланың бойына сіңіру керек. Нарықтық экономиканың сыры мен сиқырлығын ата-ананың алдымен өздері игеруі керек, содан ғана балаларды нарықтық экономикаға дұрыс тұрғыда бейімдеуге болады. Егеменді ел болып, есімізді жинап, жоғалтқанымызды тауып, ұмытқанымызды шүкілшілікпен еске алып, елдігімізге орала бастадық. Осы өмір сабақтарының негізінде қалыптасқан бала тәрбиелеудің халықтық тағылыматы (педагогикасы) дүниеге келді. Осы тағылыматтың томдаған оқу кітаптары жоқ. Оның оқулығы мен көрнекі құралдары отбасының өмірі, ата-ананың тәрбиесі, өмір сүрген ортаның пайымды әсері болды. Балаға ата-ананың жүріс-тұрысы, өмір тіршілігі, туған-туыстары, жора жолдастарымен қарым-қатынастары көрнекі құрал болса, айтқан тәлім-тәрбиелік өсиетті сөздері, үйреткен өнегесі тәрбие оқулығының әліппесі болады. Амал қанша осы асыл қазына бір кезде ескінің қалдығы деп есептелініп өмірден аластатылады. Енді, міне, осы халықтық тағылымат қайта оралып өмірге еніп, егеменді елдің келешек азаматтарын ұлттық рухта тәрбиелеуде қолданыла бастады. Мақсатымыз өте биік, талпынуымыз орынды, бастауымыз кұба-кұп. Бірақ та осы тағылыматты пайдалануда өте бір негізгі буын отбасының ерекше орын алатынын онша ескермей, барлық жұмысты тек мектепке аударып, әр пәннің бағдарламасында халықтық тағылыматтың элементтерін пайдаланып, сабақ өткізіп, әдет-ғұрыптың орындалуының кейбір түрлерін спектакль есебінде жасанды түрде көрсетіп, негізінен ісіміз бен сөзіміздің ара алшақтығы қашықтап барады. Отбасында негізі қаланған тәрбие өсе келе өмірлік позицияға айналуы мүмкін.

Туыстық қарым-қатынас қазақ халқында жеті атадан өрбіген. Жеті ата – қазақ халқының салт-дәстүріне тән адамның ата жағынан тегін таратудың жүйесі. Қазақ халқы дәстүрге бай, дәстүр тәрбиесін ұстанып ұрпақ тәрбиелеу, әлеуметтік орта тәбиесін, береке-бірлік, еңбек, ел қорғау, ортаны қорғау, адамдар арасындағы қарымқатынас

калыптастыру, әдеп-иба, өнер-білім, тәлім-тәрбиені тұтас бойына сіңіріп, қазақ ұлтының шыншылдық, еңбекшілдік, ақ көңіл адал ниетінің адамдарды береке-бірлікке шақыру ұлттық образын тіктеуде дәстүр тәрбиесінің өзіндік әлеуметтік рөлі зор болып келген[4]. Қазақ халқының азаматтық үш жұртында, рулық тұлға бойынша адамдар арасындағы қарым-қатынас, өзара жақындастық, қандастық байланыс болуымен бірге құдандалық қарым-қатынас арқылы өзара қарым-қатынас тереңдеп, көлемденіп, өрісі кеңейіп, іргесі кеңге жайылып келген. Жеті аталық ұстаным бүкіл халықтың бойында еш мәжбүрлеусіз, мейлінше тегеурінді рухани бірлік сезімін терең сіндіреді. Ол – этнотуыстықтың қуатты, арқаулы темір қазығы болды». Халық жадында берік сақталған жеті аталық ұстанымның ұлт болып ұйысуымызға, ұлттық құндылықтарымызды сақтап оны дамытуымызға әсері мол болды. Тағдырдың талай тауқыметін көріп, бұл күндері әлемнің отыздан артық елінде тарыдай шашылып жүрсек те, біртұтас халық ретінде тарих сахнасынан көрінуімізге тигізген үлесі мен пайдасы, құны мен қымбаты, рөлі мен маңызы туралы мұнымен ғана тоқталуға болмайды. Дүниедегі барлық халықтың таралу тегі болатынын, тіпті, өз ата-бабаларын Нұх пайғамбардан бастап таратып көрсететін ұлттардың (араб, еврей) да барын білеміз. Жеті ата танымының қазақ халқында бағзыдан келе жатқан тамыры терең ұғым екенін арнаулы атаулары дәлелдейді. Жеті ата атауының қазақта тамыры терең, үлкен ұлттық ұлағатты шежірелік жүйе екенін, оның қазақ өміріндегі маңызын жоғарыда баяндап өттік. Енді қазақтың жеті ата, жеті ұрпаққа байланысты айтылатын атауларды жинастырып салыстырамыз. Біріншіден, жеті атаға кімдер жататынын анықтап алған жөн. Осы мәселе төңірегінде қазақ жазушысы, әрі этнографы Сейіт Кенжеахметұлының тұжырымдары көкейге қонымды. С. Кенжеахметұлы: «Жеті ата шежіресіне енетін атаулар туралы әртүрлі ойлар мен болжамдар, талас-пікірлер газет-журналдарда да, басқа ортада да туындап отыр. Мұның бір өкініштісі, сол пікірлер арқылы қате ұғымдар мен ойтүйіндердің байыбына терең бойламай айта салушылық пен қателіктер баспасөз беттерінде де, оқулықтарда да жиі көрініп қалады. Кейбір авторлар осы дәстүрді басқаша түсіндірмекші болып, өздері білмейтіндігімен қоймай, өзгелерді де шатастырып жүр», – дейді. Сонымен қоса, мектептік шараларда, «Өзін-өзі тану», «Дәстүр» сынды оқулықтар мен журналдарда жеті атаны бірде, ата, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат деп, бірде, ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене десе, енді бірде, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, жүрекжат, туажат деп санамалап жатады. Мұның бәрі қате ұғымдар. Міне, осындай қателіктерді С. Кенжеахметұлы сынай келе, мұндай пікірлерді айтқанда әркім белгілі бір ұғымға немесе дәлелді дәйектерге, Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды аузы дуалы билердің сөзіне жүгінгені жөн екенін айтады. Халқымыз тілге, сөзге мән берген. Сондықтан да, қазақ қашан да аталы сөзге тоқтайтын. Олай болса, әңгіме етіп отырған тақырыпта «ата» деген сөз бар. Яғни, бұл «атабаба» деген ұғымды көрсетіп тұр. Ал, бала, немере, шөбере деген–атамыз емес, ұрпағымыз.

Сөз жеті ұрпақ емес, жеті ата туралы болып отыр. Олай болса, жеті ата шежіресі өзімізге дейінгі ата-бабаларымыздан бастап таратылады. Яғни: өзің, әкең, атаң, арғы атаң, бабаң, түп атаң, тек атаң. Рас, бұл атаулар кей жерлерде басқаша айтылуы да мүмкін. Бірақ, қалай дегенмен де, жеті ата жолы осылайша таратылатынын бұрынғы би, шешендер айтып кеткен. Қазақ рулары жеті атаға толғаннан кейін ғана қыз алысады. Енді «жеті ата толғаннан соң сегізінші атадан қыз алысу керек пе, әлде жетінші атадан бастап рұқсат етілген бе» деген мәселе төңірегінде ой өрбітейік. Кейбір көнекөздеріміздің жекжат деген атауды құдақұдағилықтан келген атау дегенін ескерсек, сегізінші атаның жекжат, тоғызыншы атаның жұрағат (құда-жұрат) аталуының сырын білгендей боламыз. Демек, бұл сегізінші буын бір-бірімен құдаласып, жұраттаса алатынын білдірсе керек. Аталас рулар жеті атаға тола салып емес, қайта жетінші атаны толтырып, сегізінші ұрпаққа жеткенде ғана құдаласады. Бұл күнде ата жолын ұстанған әр қазақтың баласы өз тегін атабаба шежіресінде көрсетілгендей, өзінен бастап қазаққа немесе қазақтан бастап өзіне дейін атап бере алады. Бірақ, жеті ата ұстанымы туралы бұл күнде көптеген ғалымдар жағынан теріске шығарылып, шындығына, ғылымилығына күмәнді көзқарастар сақталып

жүрген «Шипагерлік баян» еңбегінде құнды деректер сақталған. Бұл дерек, жеті ата ұстанымының қазақта қашаннан пайда болғандығын білуімізге анық бағдар сілтейді. Аталған кітаптың 11 бетінде: «Жеті атадан ілгері қыз алысқандар бүгіннен бастап болмауы шарт. Егер, олай болса, болғанына көз жетсе, жұбайларды тең бас қылыштамақ керек», – деген сөз бар. Кітапта келтірілген бұл жарлық Жәнібек хан жағынан түсірілген екен. Жарлық болғанда да – қатаң жарлық. Бүкіл қазақтың бұлжытпас заңына айналған осы қағиданың бір кездері қолында заңдық күші болған, қаһарлы хан жағынан қарар қылынып, қалт жібермей атқарылғаны шындыққа жанасымды әрі қисынды. «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы», өз Тәуке ханның «жеті жарғысынан» хабардар екенін білдірген ұлы Абай: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деген екен. Сонымен қоса, тағы бір сөзінде: «Қазақты ақылды етіп түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: әуелі – бек үкімет, яғни қолында жарлығы болмақ керек; екіншіден, ол адам есепсіз бай болуы қажет», – дейді. Жәнібек хан міне, осындай қолында заңдық күші бар, бек үкіметтің иесі болған. Сөйтіп, қатаң жарлық арқылы жеті ата ұстанымын бүкіл қазақ халқына дәріптеген, тек дәріптеп қана қоймай іске асырған деп қорытынды шығаруымызға болады. Қазақтың бүгіні, ата-бұтар шежіресі қазақ хандығынан кейін бастау алса, жеті ата ұстанымы да сол кезден бастап іске қосылған. Әрі екеуінің мақсаты да–халықты бірлікке, ынтымаққа шақыру болған. Сол арқылы тұтастықты сақтап, халықтың сапасын көтерді. Қазақ отбасында баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында тәрбиелеген. Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер: құрсақ тойы, жарыс қазан, шілдехана, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, бесік тәрбиесі, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндетке отырғызу т.б. жүйелі түрде іске асырылған. Сондықтан қазақ халқында баланы тәрбиелеуде отбасы басты рөл атқарған, ұлы Мұхтар Әуезов қазақтың отбасы тәрбиесін ерекше бағалап: «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген сөзі соған дәлел. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болып өссе: «Оның әкесі жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой», – дейді. Бұдан әкесі жақсылардың балалары да жақсы болмақ, ал әкесі жамандардың балалары – сондай болмақ деген қорытындыдан аулақпыз. Баланың жақсы-жаман болуы шыққан тегіне ғана емес, ол оның тәрбиесіне тікелей байланысты. Осыны ерте сезген халқымыз: «Баланың тентек болмағы үйінен, Жігіттің тентек болмағы биінен» немесе «Жақсыдан жаман туады, Бір аяқ асқа алғысыз. Жаманнан жақсы туады, Адам айтса нанғысыз», – деген.


«Әже – кім, Ата – кім, неге оларды соңғы кездерде жылатып, қарттар үйлеріне апарып тастаған», – деген сұрақтар туындайды. Ертеде де және қазір де әжелер мен аталар отбасында бала тәрбиесінде басты орында. Әжелер мен аталар отбасында немерелерін тәрбиелеуде бала күтушінің жұмысын істеп, балалар солардың қасында өседі. Әжелер мен аталардың мінез-құлқындағы жағымды қасиеттер: олардың ұстамдылығы, төзімділігі, сабырлылығы, қиыншылықтарға төзімділікпен қарауы т.б. балаға ерекше әсер етеді. Әжелер мен аталар балаларды отбасында түрлі өнер мен еңбекке үйреткен, олар не істесе балалар соны істеп өскен. Әжелер мен аталар балалардың бойына адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу үшін оларға аңыз-әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер, жырлар, жұмбақтар т.б. ауыз әдебиетінің үлгілерін кеңінен пайдаланған. Сонымен, қазақ отбасында баланың басты тәлімгерлері анасы мен әкесі және әжесі мен атасы. Сондықтан халқымыздың бала тәрбиелеудегі ерекшеліктері – бала тәрбиесі құрсақта басталып, бесікте, қыз бала мен ұл бала, келін мен ер жігіт жеке-жеке ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер негізінде үздіксіз тәрбиеленеді екен.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бөлеев Қ. Қазақ отбасылық тәрбиесі. Оқу құралы. Алматы: ЖҚ «Отан», 2005. – 153б.



2. Беркімбаева Ш.К., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. Оқу құралы. Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2006. - 187б.
3. Биекенов К.Ү., Жаназарова З.Ж., Нұрбекова Ж.А.Отбасымен әлеуметтік жұмыс. Алматы: Қазақ университеті, 2003. -133б.
4. Кенжеахметұлы С. Туыстық атаулар сыры. Алматы:Анатілі,2003.-46б.



## **МҰҒАЛІМ БЕДЕЛІ: КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК ПЕН ОҚЫТУ ТАЛАПТАРЫ**

**Арапбаева Лариса Бегалиевна**

Юрий Гагарин атындағы орта мектебінің биология пәні мұғалімі, Жамбыл облысы  
Байзақ ауданы

**Ургешбаева Гаухар Сарсенбаевна**

Юрий Гагарин атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,  
Жамбыл облысы Байзақ ауданы

Қайсыбір мемлекеттің болмасын болашағы – білім мен ғылымда, яғни, білімді ұрпақта. Осы орайда, ел ертеңіне саналатын оқушылар жанының тәрбиешісі – мұғалім екені анық. Мұғалім – мектептің жүрегі. Ұстаз сапалы білім мен саналы тәрбие берумен қатар болашаққа бағыт-бағдар беруші тұлғалардың бірі десек қателеспейміз. Алаш арыстарының бірі Мағжан Жұмабаевтың «Алты Алаштың басы қосылса төрдегі орын - мұғалімдікі» деген сөзі ұстаз беделінің қаншалықты жоғары екендігін айқындайды.

Ұстаз білім беру үдерісінің маңызды бөлігін құрайды. Жаңа форматтағы мұғалім талапқа сай білімдерді меңгеріп, өз дағдылары мен жаңа әдістерін жетілдіріп отырады. Ол қазіргі педагогикалық қызметтің жағдайлары мен факторларына шолу жасайды, оның мақсаттары мен міндеттерін айқындайды және нәтижелерді болжайды.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» [1]деп жазған екен.

Ұлыларымыздан қалған ұлағатты сөздің бірі «Мектеп–кеме, білім–теңіз» десек, осы теңіз төрінде ел болашағы мінген кемеңізді құлатпай, терезесін тең қалыпта ұстап, бүгінгі ұстазға қойылар жаңа талап, инновациялық үрдістерді өз іс тәжірибесінде қолданып, мектеп мұғалімдері білімін жетілдіріп, толықтырып отыр.

Кез-келген мамандық иесінің адамгершілік қасиеттері мен кәсіби құзырлылықтарына баға бергенде «Мұғалімі кім болған екен? Ана кісінің шәкірті ғой» деп жатамыз. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген халық даналығында да осы бір қасиетті мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алатын орны ерекше екенін аңғаруға болады.

Кешегі балғын бөбектен «Адам» деген жаратылысты тәрбиелеп шығарудан абыройлы іс жоқ шығар. Қай заманның болсын мұғалімі ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегеніндей, тәлім-тәрбие ісінен жалықпайтын, шығармашылығы мол, еңбекшіл, парасатты азаматы болуы керек. Өйткені, «баланы өзіне тарта алатындай шын тәлімгерлігі бар адам ғана – ұстаз деген атаққа ие бола алады. Сондықтан қазіргі заман мұғалімі өз пәнінен білімді ғана болып қоймай, тарихи танымы мол, саяси-экономикалық және педагогикалық-психологиялық сауатты болуы тиіс. Сонымен бірге балаға ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, сана-сезімдік дене тәрбиесі мен ұлттық тәрбиені сіңіруші адам болуы шарт.

Мұғалімнің мәртебесін көтеретін басты күш – оның кәсіби құзырлылығы. Кәсіби құзырлылық – мұғалімнің педагогикалық әрекетті өте жоғары деңгейде атқара алуы, педагогикалық қарым-қатынасқа түсе алуы нәтижесінде оқушылардың білімділік және тәрбиелілік деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етуі[2]. Таратып айтатын болсақ, кәсіби құзырлылық – мұғалімнің біліктілігін арттыру, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну, жоғарғы деңгейге үнемі ұмтылу мен үнемі ізденіс, жаңашылдығы мен жаңалықты қабылдай білуі мен қолдана білу, адами құндылықтарға сай бола отырып, сол құндылықтарды балаға сіңіре білу. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, шығармашыл құзіретті тұлға болуы керек.

Бүгінгі әрбір ұстаз өз құзіреттілігін дамытып отыруы шарт. Бұл – заман талабы. Құзіретті мұғалімдердің кәсіби маңызды қасиеттеріне мынадай негізгі қасиеттерді кіргізуге болады: ғылыми ой-өрісінің тереңдігі, интеллектуалдық белсенділігі, техникалық жоғары деңгейде сауатты болуы, өздігінен білім алуға ынталылығы, педагогикадағы жаңашыл идеяларды түсінуі және қабылдауы, педагогикалық еңбекке қызығушылығы, кәсіби еңбекті сүйе білуі, талап қоя білушілігі, оқушыларға деген сүйіспеншілігі, педагогикалық процесті жүйелі жүргізе алуы, психологиялық-педагогикалық сезгіштігі және бақылағыштығы, педагогикалық құбылыстарға талдау жасай алуы, педагогикалық ойлаудың қалыптасуы, қарым-қатынас жасай алуы, ұжымшылдығы, шығармашылығы, байқағыштығы, ілтипаттылығы, сенім, әділдік, төзім және сабыр сақтау, ұстамдылығы, сыртқы бейнесінің үйлесімділігі. Аталған қасиеттер бойынан табылған әрбір ұстаз сабақты қызықты, тартымды өткізеді, оқушы белсенділігін арттырады, проблемалық сұрақтарды шығармашылықпен шешеді, оқу еңбегін түрлендіріп өткізеді, оқушылардың ойлау қабілеттерін жетілдіреді, өз білімдерін тексеруге дағдыландырады, сабақта ойларын дамытуға, өз ісіне талдау жасай алуға мүмкіндік туғызады, жаңа технологиялардың тиімді жолдарын қолданады, оқушылардың білім сапасын жүйелі түрде жоғары деңгейге көтереді, берілген материалдарды әсерлі жеткізуге және оны топтағы оқушылар арасында талқылауға үлкен мүмкіндіктер туғызады. Константин Дмитриевич Ушинскийдің «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқан кезде оның мұғалімдігі де жойылады» деген нақыл сөздерін өз кәсіби қызметінде ұран қылып, өз білімдерін шыңдап отыруы шарт. Бұл тұрғыда, өз тәжірибелерімізден айқын танылғандай, оқушының дүниетанымы кең, ақпараттар ағынында өмір сүруде. Осындай оқушылардың алдында мұғалім беделі жоғары болуы үшін іздену қажет. Бүгінде көптеген біліктілік курстары ұйымдастырылып, жаңартылған білім беру, жаңаша педагогикалық технологиялар, инновациялық оқыту мәселелері бойынша кең түсіндіріледі.

Әрбір ұстаз өз тәжірибесімен үнемі бөлісіп отыруы тиіс деп санаймыз. Сабақ беру үдерісінде мынандай негізгі факторларды басшылыққа аламыз: оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру, жекелей, жұппен, топпен жұмыс жүргізу, ойлау қабілетін дамытатын жаттығулар беру, қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру, оқушылардың теориялық-практикалық сауаттылығын арттыру. Сабақтың үш кезеңінде оқушылардың проблеманы шешу құзіреттілігі, ақпараттық құзіреттілігі және коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту мақсатында әр түрлі стратегиялардың тиімді қолдануына ерекше мән беріледі. Алынған өзекті тақырыпты басшылыққа ала отырып және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе, өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары, жан-жақты тұлға қалыптастыра отырып, білім сапасын көтеремін, алған білімдерін өмірмен ұштастыруға бағыт бере отырып, оқушы құзырлылығын дамытамыз. Тек біздің ғана емес, бүгінгі қоғамдағы мұғалімнің кәсіби қызметінде ұстанатын қағидасы - «Сапалы білім құзіретті мұғалім қолында, себебі мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі – нәтижелі білім берудің негізі» болуы қажет.

Қорыта айтқанда, бүгінде еліміздің болашағы жарқын болып, дамыған мемлекетке айналуы үшін мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп жүр. Ұлт ұстазы Ахмет


Байтұрсынұлының «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген. Сөзі әруақытта да орынды.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз білікті ұстаз даярлау ісіне айрықша мән беріп отыр. «Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету өте маңызды. Алайда қазір мектептерімізде мамандар тапшы. Бүгінде елімізде 5 мың педагог жетіспейді. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып келеді. Ал педагогика саласында оқыған әрбір бесінші түлек өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Бұған қоса мұғалімдердің 23 пайызында ғана жоғары біліктілік санаты бар» [3], - деді Мемлекет басшысы.

Демек, мұғалім беделі артқан қоғамда өмір сүрудеміз. Алайда, осы атқа сай болу – әрбір мұғалімнен үлкен жауаптылықты, табанды ізденісті талап етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Момышұлы Б. Қанатты сөздер // [https://massaget.kz/bauyirjan\\_momyishulyi](https://massaget.kz/bauyirjan_momyishulyi)
2. Накыпова Г. Н. Кәсіби күзіреттілік: мәні және негізгі қағидалары // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. 2019. - №1(77). – 208-212бб.
3. Тоқаев Қ.К. Ұстаздардың біліктілігін арттыруымыз керек // <https://kaz.zakon.kz/kogam-tyyny>



## **ЖАҢА ҒАСЫР КӨШБАСШЫЛАРЫН ЖАҢАША ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ**

### **Казанатов Естай Токтыбаевич**

Кенен Әзірбаев атындағы орта мектебінің директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, Жамбыл облысы, Шу ауданы

### **Утебаева Орынбасар Кайрбековна**

Құрманғазы атындағы Балалар саз мектебінің домбыра пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Тәрбие – отбасынан басталады. Отбасы- адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызықты дәурені осы отбасында өтіп жатады. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын- тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Ата- аналардың балалары алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып аяққа тұрып ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал балалары алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйініш болуы секілді міндеттері ұштасып жатады.

Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиеле, өз ұлтының тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жан –жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу отбасынан басталады. Қазақ халқы балаға тәрбие берудің өзіндік әдет-ғұрып дәстүрлерін жинақтады. Әділдік, адалдық, имандылық, адамшылық, бауырмалдық, шыдамдылық, парасаттылық, қамқорлық, кеңпейілділік т.б. Әдептілік- әр түрлі жағдайда мінез-құлық ережелеріне сәйкес өзінді ұстай білу. Әдепті адам өзін, өзгелерді ыңғайсыздық жағдайға қалдырмайды. Өзгелердің ісіне жөнсіз араласпайды, дөрекі түрде, намысқа тие немесе мысқалдай сөйлемейді, біреудің дене кемістігін бетіне басып айтпайды. Әдепті адам өз мінез-құлқы мен іс- әрекетіне сын көзбен қарап, өзін –өзі тәрбиелей алады. Жақсы мәнер мен жақсы талғам адамды сыпайы әрі көрікті етеді.

«Тәрбие басы- тал бесік» деп қазақ халқымыз бекер айтпаған. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Әл-Фараби атамыз айтқандай, «Тәрбиесіз білім- адамзаттың қас жауы, апаты», халқымыз қашанда бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Сәби дүниеге келгеннен бастап, оның ойлы, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, ақыл – ойының жетілуіне назар аударған. Шыр етіп туған күннен бастап, тәрбиенің негізін қалаған халық, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Сәбидің жүріп, сөйлей бастағаннан әдепке, мәдениетке баулу, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге тәрбиелеу отбасынан басталар мақсатты, халықтық педагогиканың даналығы. Жас мемлекеттің басты байлығы да, болашағы да – жас ұрпақ. Қоғам болашағы жастар екенін ескерсек, оларға дәйекті білім беру және жаһандандыру дәуірінде заман талабына сай лайықты тәрбиелеу жалпы педагогиканың ғана емес сондай-ақ мемлекет деңгейіндегі негізгі бағыттардың бірі болып саналады. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесін еуропалық стандарттарға жақындатып, білім саласының бәсекелестік қабілетін әлемдік деңгейге көтеруге ұмтылу қажеттілігі туындап отыр. Білім беру жүйесін реформалау барысында жеткен жетістіктер аз емес. Тәуелсіз ел болып, өз күшімен өркендеген, өсіру үрдісін таңдаған білімізде білім беру бағыт бағдары ҚР Конституциясында, Қазақстан- 2050 стратегиялық бағдарламасында, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында кеңінен қарастырылып отыр. Бүгінгі шәкірттеріміз елімізді әлемге танытатын, оны өркендететін тұлға болғандықтан, жан –жақты тәрбие беріп, білім нәрімен сусындатып отыратын – мұғалім. Ол балаларға тек білім беруші ғана емес, бәсекеге қабілетті білімді де білікті жеке тұлға құрастырудағы адам баласының іс-әрекет, тәсілдерді меңгеруі мен жүйелі білім алуы, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, ақыл-ой мен сезімін дамыту, тыным арқылы көзқарасын қарастыру болып табылады.

Қазақтың ұлы педагогі, психологі, атқарушы, жазушы Ж. Аймауытов «баланың ақылы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлі ықпалы арқасында жетіледі. Мұғалім балаларына салақ, селқос қараса, олардың жан қуатын кемітіп, тәрбие де бере алмайды », деп мұғалімнің бала алдындағы үлкен жауапкершілігін атап көрсеткені мәлім [1].

Ж. Аймауытовтың осы айтылған кәделі ой, орнықты көзқарасын ескерсек, мұғалім бала бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктерін кскере отырып, жұмыс жүргізуі негізгі мәселеге айналады. Білім терең және жоғары мәдениетті, ғылым мен техниканың жетістіктерін игерген оқушының өзін – өзі тануға ұмтылуына, ізденуіне жол ашу мұғалім алдындағы үлкен міндет. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдауы керек.

Демек, бүгінгі күні мектептің алдына қойған ең басты мақсаты – қазіргі заманның өркенниетті, прогресшіл бағытына сай азаматтық, адамгершілік қасиетті мол, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Әрбір бала – халықтың тұлғасы, сондықтан, халықты жасайтын да мұғалім. Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің ең басты міндеті – кең көлемдегі ақпарат тасқынында өзін еркін сезінетін және сыни тұрғыда ойлана алатын азаматтарды даярлау. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман ағымына сай талап етілуі. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни, оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды тиімді қолдану. Осы орайда, география пәнін оқыту барысында оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін арттырып, ақпараттық технологияларды пйдалану арқылы білім сапасын дамытуды басты мақсат тұтамын. Ал, дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін қабілеттері мен таланттарын жан- жақты аша отырып, дарындылықтың ерекшеліктерін анықтау мен айқындауды негізгі міндет етіп алдыма қоямын. Оқушы құзыреттілігі – бұл алынған білімдер мен біліктілерді іс жүзінде күнделікті өмірде қандай да бір тәжірбиелік және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егеменділік алып, өз алдына отау тігіп өзінің ішкі сыртқы саясатын

өзі шешетін болады. Бүгінде баршаның міндеті-әдеп-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру. Қазақ ағартушысы М. Жұмабаев «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Дауылпаз ақын М. Дулатов ағамыз айтқандай «Жалғыз сүйеніш жалғыз үміт – оқуда, надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман» дегендей, ендеше, егемен еліміздің ертеңіне үлес қосатын тәуелсіз мемлекеттің саналы, білімді ұрпағы саналатын шәкірт тәрбиелеу біздің ұлы мұратымыз [2].

Қазақтың ұлы ағартушысы Ы. Алтынсаринның «Мұғалімнің жұмысы – балалар. Ендеше балалар түсінбейтін болса, онда оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны. Ол өзін өзі кінәлауы тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлеп, шыдамдылық көрсетуі тиіс, мәнерсіз сөз, орынсыз терминдер пайдаланбау керек» дейінде мән – мағына жатыр. Бұл, сөз жоқ, қазіргі мұғалім бойынан табылмаған ләзім Бүгінгі күні жаһандану жағдайында өркенниеттіліктің өлшемі, тетігі, құндылығы ретінде шығармашылық сипаттағы білімнің орны үлкен. Оны өлшем ретінде қабылдауымыздың себебі, кез келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейі мен меңгерген білім, біліктерін шығармашылықпен қолдана алуына байланысты. Себебі әлемдегі ғажайып жаңалықтарды өзі білім, білікті шығармашылық құндылық ретінде бағалаумен, оның ізгі мақсаттарға сәйкес қолданып, жаңаны табумен мүмкін болады [3].

Адам табиғаттан сұлулықты, әдемілікті үйренеді. Біздің бүгінде нормалары деп жүргеніміз, сайып келгенде, адамдар жағымдылық, ұнамдылық, бір сөзбен айтқанда, адамгершілік-имандылық тұрғыдан реттеудің шартты қағидалары болып табылады. Әр адамның қоғамдық мәнін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезім нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдікті және жексұрындықты, сәулеттілікті және ұждансыздықты, қуаныш пен қайғыны түсінуге байланысты оның қоғамдағы тәртібі айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемдікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек. Қазіргі кезде әсемдікке көзқарасты тәрбиелеу-тәрбие барысының зейін салуды, көн санап өсіруді талап ететін мәселесі. Біздің қоғам адамына тек қана өнердің емес еңбек, қоғамдық қатынастар, қоршаған әлеуметтік орта, тәртіп, тұрмыс, табиғаттың да әсемдік жақтары ықпал етеді. Әсемдік құбылыстары адамның шындыққа қатынасын анықтайтын пайдалы істердің шын факторына айналып отыр. Адам өмірінде әсемдікке көзқарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға балғын бөбектік кезеңнен бастап, әсемдікке ұмтылу тән нәрсе. Әсемдіктің адам үшін зор тартымды күші бола отырып, сонымен бірге оның іс-әрекетінің белсенді және тиімді дем берушісі де болады.

Қазіргі таңда қоғам алдына қойылып отырған басты міндеттердің ең бір өзектісі – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін, жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үлесімді дамуына, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына басталғаннан жаңа үлгіден мектеп құру болып отыр. ХХІ ғасыр – әлемдегі өзгерістерге негізделген білімнің дәуірлеу ғасыры, өйткені, ол қазіргі кезеңде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, әлемдік нарықтағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын анықтап, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін анықтауда негізгі көрсеткіш болып табылады.

Жаһандану дәуірі – әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірі де болғандықтан, білім – пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде маман кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі әлеуметтік-экономикалық, техникалық жүйелердің және технологиялардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады.

Жаңашылдық – білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі болып саналады. Ол оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігі мен өнімділігін арттыруға септігін тигізеді.


«Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, һәм құлық тәрбиесі. Егер адамға осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны», деп М.Жұмабаев айтқандай, егер мектеп жасындағы бала өз өмірінде кімнің жанында көп уақыт болатынына көңіл аударсақ, әрине, ата-анасымен және мұғалімдермен бірге болатыны баршамызға аян. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас күнделікті өмірде көрініс тапса, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың бағыт-бағдары ортақ мақсатты көздейтін сабақта айқын байқалады. Сондықтан сабақтың ұйымдастырылуы мен өткізілуі мұғалімнен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сабақ үрдісіндегі өзара қарым-қатынаста мұғалім баланың ата-анасы рөліне де, бауыры мен қарындасы, туысы рөліне де және сырлас досы рөліне де ене алады. Яғни, мұғалім мен оқушы арасындағы байланыстың маңыздылығы күн өткен сайын арта түседі [2].

Егер әрбір ұстаз бала тәрбиесіне баса назар аударып, сабақтарда интерактивті әдістерді көп қолданып, сабақты ойын түрінде өткізуге машықтануы қажет. Мұғалім оқушылармен бірге серуенге шыққанда, жолдағы кезіккен кедергілерден өту үшін тапсырмалар орындаса, жұмбақтар шешіп, айналаның сұлулығына зер салса, оны бірлесіп талдаса, жас бала санасының интеллектуалды тұрғыдан жетілуіне мол мүмкіндікке жол ашады. Ойнап отырып, балалар сабақтың мақсатына жетеді.

Қорыта айтқанда, еліміздегі білім мен ғылым жүйесіне жаңа міндеттер жүктеліп отыр. Мұнда оқушының сыртқы әлеммен байланысына рухани-адамгершілік құндылықтарының интеллектісін, танымдық белсенділігін, іс-әрекетінің негізін қалауға бағдарланған орта мектепке баса көңіл бөлінеді. Салмақты істің жүзеге асуы үшін, қоғам алдында білім беру жүйесіне қойылған міндетке сәйкес білім беру жүйесі оқушы тұлғасын үйлесімді дамытуға бағытталған жалпы білім беретін мектептің жаңа үлгісін таңдауға бағыттап отыр[4].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. <https://bilim-uba.kz>
3. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы: Шариат-ұл-Ислам. –Алматы: Қазақстан, 1991. – 79б.
4. Бөлеев Қ. Жаңа тұрпатты жастар даярлау мәселелері // Озық тәжірибе. Педагогикалық әдістемелік журнал. 2014, №4



#### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАЛДАУ ЖАСАУ, ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

**Ләмбек Жанар Мырзағалиқызы, Абилкайрова Жазира Нуркасымовна**  
Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері,  
Жамбыл облысы, Шу ауданы

Бастауыш сынып – білімнің мәнін ұғып, оқушының сауатының ашылуымен қатар, көптеген дағды-қабілеттерінің қалыптасатын шағы. Осы бағытта, бастауыш сынып мұғалімдеріне де қойылатын талаптар өте зор.

Бұл үшін:

- 1) оқушыларды жаңа материалды қабылдауға әзірлеу;

2 оқытудың көрнекі және өмірмен байланысты болуы;

3) баяндалған теориялық мәселелерді практикамен ұштастырылғанда ғана терең де тиянақты болады;

4) оқушылардың өздігінен жұмыс істеуін жолға дұрыс қоя білу...

Яғни, осы 4 міндетті толық өз деңгейін шешу үшін оқу процесінде бастауыш сынып мұғалімдері бір жүйемен жоспарлап, бір жүйемен келе, академик В. М. Монахов ұсынған қазір көптеген мектептерде қолданып жүрген педагогикалық технологиясын зерттеп, кейбір өзгерістермен енгізу қажет [1].

Жаңа оқу технологиясының қандай түрі болса да, ол игеруге тиімді, мұғалімдер мен оқушылардың пайдалануына икемді болуы шарт.

Бұл технологияның ерекшелігі жаңа мәлімет немесе жаңаша білім қорымен таныстырылатын кезде, теориялық материалды берудің әдіс-тәсілін, формасын іздестіруден бастап, оқушының сабақ үстінде, үйде, сабақтан тыс уақыттағы шығармашылық жұмысы толық әдіс-тәсілімен, формасымен қажетті дидактикалық құралдарымен жоспарланады. Оқушы білімінде материалды игеруде кететін олқылықтар ескеріліп, қосымша жұмыстар жоспарланады, соңында тақырып бойынша ұйымдастырылатын шығармашылық жұмыстарға дейін (қортындыланады, жоспарланады). Технологиялық карта әр оқушыда болды. Өзіндік жұмыстар 4 деңгейде жоспарланады [2]. Мәселен, математика пәнінде оқушыға:

I, II деңгей есептерін шығарса, «3»,

I, II, III деңгей есептерін шығарса, «4»,

I, II, III, IV – 5 –тік баға қойылады.

Әр оқушының қолында жеке жұмыс кітапшасы болады.

Жеке жұмыс кітапшасын оқу жылынан бастайды. Әр сабақта өзімен бірге алып жүреді, әр сабаққа тиісті бағасы қойылып, мұғалімнің, өзінің қолы қойылды.

Жеке кітапша жүргізу технологиялық карта бойынша жүйелі, ұйымдастырылған жұмыс мұғалімнің де, оқушының да жауапкершілігін арттырады [3].

Оқу процесі басында мұғалімде есеп журналы болады. Әр оқушы бағасы осы журналға түсіп тұрады да, қорытынды бағасы журналға қойылады.

Оқушының жауапкершілігін арттырып, білімге деген көзқарасын қалыптастыратын бір негізгі фактордың бірі - есеп жүйесі.

Оқушыға білімді меңгеруге қажеттілікті тудырады.

Енді сіздерге математиканы оқытудан қойылатын жоғарыдағы талаптарды жүзеге асырудағы әдіс-тәсілдерін жүргізу формалары туралы айта кетейік.

I. Оқушыларды жаңа материалды қабылдауға әзірлеу.

Әрине, алдымен сабақ беретін сыныптағы оқушыларды жан-жақты педагогикалық-психологиялық зерттеу жүргізіп, білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін, көзқарасын жауапкершілігін анықтау керек. Онда білімге көзқарасы бойынша зерттеу жүргізіп, шығармаға түсіреміз [4].

Келесі жаңа тарауды өтпес бұрын сол тақырыппен байланысты өтіп кеткен теориялық материал қайталауға беріледі. Математика тарихынан тарихи деректер, тақырыпқа байланысты математикалық проблемалар; мысалы, шеңбер, жай сандар проблемасы, т. б. көптеген мысалдар келтіруге болады.

Математика тарихынан қысқаша реферат, деректер ізденуге тапсырма және қажетті құралдар, таблицалар тапсырылады [5].

II. Математиканы оқытудың көрнекті және өмірмен байланысты болуы.

Технологиялық карта бойынша тақырыпты жоспарлағанда көбінде ірі блокпен оқыту әдісін қолданып, іріленген блокпен оқытудың ұтымды жағы тақырыптағы ұғымдар бөлшектенбей, бір мезгілде беріледі де, оқушы есінде жақсы сақталады, тақырыпты терең түсіне отырып меңгереді, зерттеу жүргізулеріне қолайлы. Барлық тақырыптарға көрнекті құралдар толық дайындалады.

Жекелеген тақырыптарға тірек сигналдарын, техника құралдарын, компьютерлер, дидактикалық материалдарды кеңінен қолдану қажет.

III. Баяндалған теориялық материалдарды практикада қажеттігімен байланыстыра білу.

Қазіргі кездегі білім мен техникалық даму деңгейі әрбір адамға саналы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді, шығармашылықпен жұмыс істеуін кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Сондықтан ғылым негіздерін сапалы білім берумен қатар қазіргі өмір талабына сай көзқарас пен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алып, еңбек ету дағдыларының дамуына негіз салу болып табылады.

IV. Оқушылардың өздігінен жұмыс істеуін дұрыс жолға қою, шығармашылығын, зерттеу қабілетін дамыту.

Технологиялық картада қамтылғандай, оқушылар 4 деңгейлік тапсырма орындау өз бетімен ізденуін, білімін тереңдету, өз күшіне деген сенімін тудырып, жаңа белестерге көтерілуіне мүмкіндігін тудырып, логикалық ойлау жүйесі дамиды. Өзіндік жұмыс жүргізу формаларына келетін болсақ, өте көп.

Карточкалармен жұмыс, тест түрінде бақылау жұмыстары, рефераттар тақырыпты зерттеу, қорғау, конференция, семинар, үйірме жұмыстары, олимпиадаға дайындық жұмыстары, т.б.

Қосымшада тақырыпты зерттеуден оқушы шығармашылығы тереңдетілген есептерден толық шығару үлгісін, қорытынды бақылау жұмыстары, модульдер жасау, үйірме жұмыстары, олимпиадаға дайындық жұмыстары, ізденістері көрсетілген.

Күнделікті сабақ барысында есепке ойлануға уақыт беріп, шығару жолдарын, ұсыныстарын талдап, барлық әдістерін дәптерлеріне жазғызып отыру керек.

Талап деңгейінен шығу мұғалімге де көптеген шығармашылық ізденіс (шеберлік) жүктейді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Гусев В.А., Орлов А.И., Розенталь А.Л. Математикадан кластан тыс жұмыс. 6-8 кластарға арналған. Алматы: Мектеп, 1986
2. Қаңлыбаев Қ. Геометриядан таңдамалы есептер. – Алматы: Көкжиек, 2009
3. Базаров Е. М. Математика. Алматы: Шың кітап, 2017. – 66б.
4. <https://infolesson.kz>
5. Жаңбырбаев Б. С., Добрица В.П. Математикалық логиканың бастамалары: Оқу құралы – Алматы: Абай атындағы АлМУ, 2017. – 178б.



## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БҮГІНГІ ҚОҒАМ ТАЛАБЫ.**

**Сейпишева Аксункар Альдибаевна**

Жиенбет негізгі мектебінің директоры, Жамбыл облысы, Шу ауданы

**Надырбаева Нуртолкын Сериковна**

Бөлтірік Әлменұлы атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі, Жамбыл облысы, Талас ауданы

Бабалар арманы болған тәуелсіздігімізге қол жеткізгенімізге де отыз жылдың жүзі болды. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ендік. Ендігі меже – отыздың санатынан көріну. Жас мемлекетімізді осындай даму көкжиегінің биіктей түсуі, әрине, сындарлы саясат пен халқымыздың нұрлы болашаққа деген үлкен сенімі деп білемін.



Қазақ халқы – басқа да түркі халықтары секілді қиын да бай тарихты басынан кешірді. Тоталитарлық жүйе қысымын түрік, азербайжан, өзбектерге қарағанда халқымыз көп көрді. Ғасырға жуық мойнымызға киілген бодандықтың қамытынан тәуелсіздік тұғырына көтерілген кейін ең алдымен жоғалтқанымызды түгендеп, мәдени мұрамызды зерделеуге ұмтылды. Жабайы күн кешкен, көшпенді тұрмыста ешқандай мәдени құндылықтары болмаған ел ретінде бұрмаланған халқымыздың шын мәнінде бай да қызықты тарихы, жоғары мәдениеті, қазақтардың ғана емес әлемдік деңгейде танылған ұлы ғұламалары болғаны дәлелденуде. Дегенмен, осы кезге дейін қалыптасқан рухани қазынамыз түгелдей дерлік түгенделіп, оның шынайы құндылығы әлі де анықталып біткен жоқ.

Бұл ретте, ең алдымен, бастауышта берілетін білім мазмұнының маңызы зор. Осы жерде көрнекті орыс педагогы В.А.Сухомлинскийдің мынадай сөзі тілге оралады: «Менің пікірімше, тәрбиешінің ең қиын міндеті мынада: әрбір адамның бойында берік, мызғымас моральдық негіз қалыптастыру, мұратты нығайту, мамандық беру, өмірдің күрделі жағдайында өз бетімен бағдарлай білуге әзірлеу». Олай болса мектеп қабырғасында сапалы білім мен жақсы тәрбие алған бала өмірде тура жолдан таймай, өз мақсатына жетіп, орнын таба алады. Сондықтан жас ұрпаққа адамгершілік, әдептілік, имандылық, ізгілік тәрбие беріп, оны мәдениеттілікке тәрбиелеу- адамзаттық парыз [1].

Осы ретте, болашақ жастарды ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеудің маңызы күн өткен сайын арта түсуде. Әрине адамзат ғұмырында сұлулық, көркемдік, әсемдік, биязылық, өмірдің өзінде екені рас. Сонымен қатар, рухани жаратушыны мойындап, ақиқат шындықты тануда, тұлғаның соған бейімделіп, оны өнеге етіп тұтуда, эстетикалық таным жетекші мәнге ие болады. Бұл ретте, бастауыш мектептегі эстетикалық тәрбие шығармашылық үйірмелер, әдебиет, музыка хареография, бейнелеу өнері, тағы басқалар арқылы кеңінен жүзеге асады. Эстетикалық талғамды тәрбие жұмысына көмектесуде мектеп кітапханасының маңызы өте зор. Эстетикалық тәрбие берумен қазақ ойшылдары кеңінен айналысты. Бұқар жыраудың «Аспанда жұлдыз аралап, ай нұрын ұстап мінсе де – қызыққа тоймас адамзат...» деген толғауы ғаламның шексіз шалқарымен адамның үйлесімді түрде шектесу жағдайын байқатады.

Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырып, артына мол мәдени мұра қалдырған Ш.Құдайбердиев ақын, жазушы, аудармашы, шежіреші, өз бетімен ғылым-білім биігіне жоғары көтерілген әмбебап ғұлама ғалым болған. Ол фольклор арқылы қыз бала мен ұл бала тәрбиелеудегі ата-ана рөлін, әке-шешеге деген балалардың сүйіспеншілігін, әйелге деген қамқорлықты, адам өмірінің құндылығы мен маңызын тапты, жастарды өнер мен білім білуге шақырды [2].

Данышпан Абай айтқан: «Алаһтың өзі де рас, сөзі де рас» деген қағидадан сырттан теріс айналдық. Әрине адамзат ғұмырында сұлулық, көркемдік, әсемдік, биязылық, өмірдің өзінде екені рас. Сонымен қатар, рухани жаратушыны мойындап, ақиқат шындықты тануда, тұлғаның соған бейімделіп, оны өнеге етіп тұтуда, эстетикалық таным жетекші мәнге ие болады. Оқушылардың бойына эстетикалық тәрбиенің сіңуі мен көңіліне дарытуды қазіргі философтар да жан-жақта дәлелдеп, көркемдік таным тұлғанның бойына зорлықпен, күш көрсетумен, әміршілікпен дарымайтындығын мойындап отыр.

Эстетикалық талғамын қалыптастырудың ерекше көңіл бөлген Ш.Уалиханов болды. Ол ауызекі шығармашылық арқылы халықтың көзқарасын, талғамын, эстетикалық сезімін көрсете білді. Ш.Уалихановтың орыс мәдениеті мен ғылымының атақты қайраткерімен достығы және олармен жақын араласуы оның ағартушылық қызметі мен қоғамдық, эстетикалық көзқарасына дұрыс баға береді. Қазақтың халықтық педагогикасында эстетикалық тәрбие үлкендердің, ата-аналарының жеке басының жақсы істерін үйрету жүзеге асырылып отырады.

Тұңғыш педагогымыз Ы.Алтынсарин баланың әсемдікке, сұлулыққа деген талғамын арттыруда туған елге, Отанға, жерге сүйіспеншілік сезімін қалыптастыратын әсерлі

шығармаларды жас ерекшеліктеріне байланысты іріктеп ала білу қажеттігін дәлелдейді. Ы.Алтынсарин өз шығармаларында халық шығармаларын басшылыққа алып, адамгершілік, эстетикалық идеяларын мысалдармен атап көрсеткен[3].

Міржақып Дулатовтың артына қалдырған рухани мұрасында кешегі көшпелі қазақ елінің әдет-ғұрпы, дәстүр-салты, жол-жоралғысы, тәлім-тәрбиесі мен өнегесі, өзіне тән этикалық, эстетикалық талғамдары ұлттық ерекшеліктерімен, сан алуан нақты деректермен бірге безендіріле баяндалған. Осы тұрғыдан «Оян, қазақ» атты туындысының орны бөлек.

Жас ұрпақтың бойына эстетикалық еңбек ету дағдысының өмірге дұрыс көзқарасын қалыптастырып, дамытуда еңбек тәрбиесі шешуші факторлардың бірі болып саналады. Еңбек тәрбиесі баланың қоршаған дүниенің сұлулық тұрғысында қабылдау мен нақы заттарды танып, білуінің бірден-бір сенімді құралы.

Аталған мәселелердің барлығы отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы екі жақты байланыс, өзара түсіністік, сыйластық арқылы жүзеге асады. Бала үлкендердің қамқорлығынсыз жеке тұлға болып қалыптасуда түрлі кедергілерге тап болады. Ата-ананың тұрпайы қылықтары бала бойында жағымсыз әрекеттердің ұялауына ықпалын тигізеді, сонымен қатар жаман мінез-құлықтың қалыптасуына негіз болады.

Оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру проблемалары өнердің сипаты, қоғамның материалдық және рухани қабілеттіктерінің алдына жаңа міндеттер жүктейді оның ішінде балаларды өмірдің сұлулық заңына сәйкес құруға ұмтылдыру, олардың күш-жігерін дамыту болып табылады. Эстетикалық тәрбие жеке адамды жан-жақты дамытудың бөлінбейтін бөлігі болып есептеледі. Ол балалардың көркемдік – эмоционалдық сезімін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар оның адамгершілік, интеллектуалдық, дене жағынан да жетілдіреді.

Халық нақыл сөздерінде орасан көркем сыр, эстетикалық ықпал жасайтын ерен күш бар. Халқымыздың бай мәдениеті, әдебиеті мақал-мәтелдер арқылы осы күнге дейін жеткізілген. Бірнеше ғасырлар бойы халық жадында сақталып келе жатқан мұраларда ұрпақтың көкейіне орнықтырып, керекті жерінде баланы тәрбиелеуде, тілдік қарым-қатынаста қолдануына кезек келді. Сондықтан қазақ халқының асыл қазынасы - нақыл сөздерді қарым-қатынаста және баланы тәрбиелеу үшін қолдану алға қойған міндетіміз.

Мектептің басты міндеті – балаға саналы тәрбие сапалы білім беру. Осы орайда сонымен қатар мұғалім оқушыға отанға, халқына, туған жеріне, салт-дәстүріне, мәдениетіне сүйіспеншілік дағдысын эстетикалық тұрғыда шынайы тәрбие беру өзекті мәселелердің бірі. Жас ұрпаққа халық педагогикасы негізінде эстетикалық тәрбие беретін бала жанының бағбаны – мұғалімдер.

Білім ордасының табалдырығынан аттаған кезден бастап бала ұстазымен бірте-бірте танысады. «Бұл туралы орыс ғалымы Л.Т.Колесова өзінің ғылыми еңбегінде: «Ол ата-аналар мен білім қызметкерлері балаларға қатысты әр алуан жауапкершіліктегі «үлкендік» борышын атқару үшін бірігеді. Үлкендер балалар үшін - балғын өміріне әсер ететін жақсылық пен жамандықтың көзі»-дейді.

Л.С. Выгодскийдің пікірінше «Ұстаз-балалардың өздері еруге тура келетін әлемнің өкілі. Бұл тұлға баланы ең жақсы әлеуетті мүмкіндіктерімен кездесуін қамтамасыз етеді. Оқушы ұстазын қалай бағаласа үлкендердің өмірін де солай қабылдайды» деген тұжырымдамасын бізде толық құптаймыз. Осыдан келіп мектептің қызметкерлері мен ата-аналарының оқушыға қатысты өзінің міндеттерін орындау үшін әртүрлі жауапкершілік жүктеледі. Олай болса үлкендер өзіне міндеттеліп отырған жауапкершілігін атқару үшін - бірлік қажет [4].

Оқушылардың білім сапасын арттырудың жалпы қағидалары: педагогикалық жүйені демократизациялау және ізгілендіру; жоспарланған; орталықтандыру; жеке билік пен алқалы биліктің бірлігі; педагогикалық жүйені басқару ақпаратының объективтілігі және толықтығы. Отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі арқылы жүйенің жаңа сапасы қалыптасады.

Бала кішкентай кезінен еңбек етіп үйренген баланың бұлшық еті шынығады епті, икемді, төзімді болады. Екіншіден үлкенге және бір-біріне деген сыйластық, құрмет, бірінің екіншісіне бойсынуына, бірінің екіншісін құптауына олардың қиындықты бірлесіп түсіністікпен шешуіне, келісіп әрекет етуіне, нәтижесін ортақтасып бөлісуге, бірін-бірі демеп, қуат беруіне әкеледі.

Оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру проблемалары өнердің сипаты, қоғамның материалдық және рухани қабілеттіктерінің алдына жаңа міндеттер жүктейді оның ішінде балаларды өмірдің сұлулық заңына сәйкес құруға ұмтылдыру, олардың күш- жігерін дамыту болып табылады. Эстетикалық тәрбие жеке адамды жан-жақты дамытудың бөлінбейтін бөлігі болып есептеледі. Ол балалардың көркемдік – эмоционалдық сезімін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар оның адамгершілік, интеллектуалдық, дене жағынан да жетілдіреді.


Қазақстан Республикасы әлемнің өркениетті елу елдерінің қатарына қосылуы жолындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістері мен қазіргі отандық білім беру жүйесінің басты мәселелерінің бірі келешек ұрпақ заман талабына сай интеллектуалды мен мәдениеттілігі ұштасып жататын елжанды азамат етіп тәрбиелеу міндетін жүзеге асырумен байланысты.

Осы орайда, бастауыш мектеп оқушыларына эстетикалық білім мен тәрбие беру де үлкен орын алатыны белгілі. Эстетикалық тәрбие берудің негізі түрлі пәндерді оқудың нәтижесінде беріледі.

Қорыта келе эстетикалық талғамын қалыптастырудың күрделі мәселелерін айқындауда қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы тәрбие тәжірибе берудің теориялық мәні мен мазмұнын аша түстік. Эстетикалық тәрбие деген ұғымды көркемдікке, сұлулыққа тәрбиелеу деген ұғыммен бір мағынада қарастырады. Ол өнердегі табиғатта және бүкіл қоршаған өмірдегі сұлулық құралдары арқылы тәрбиелейтінің айқындай түстік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сухомлинский В.А. // Соч.: В3 т. – М., 1980.- Т.1.-357с.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық жинағы. - Алматы, 1995
3. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2003
4. Выготский Л.С. // Соч.: - М.: Педагогика, 1983. -Т. 73. -378 с.



### **БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМЫТУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Малденова Сарсенкул Орымбековна**

М.Мақатаев атындағы 14 орта мектептің биология пәнінің мұғалімі,  
Жамбыл облысы, Тараз қ.

**Жанысбетова Қарлығаш Жуасбекқызы**

М.Әуезов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Елімізде жүріп жатқан терең әлеуметтік – экономикалық және саяси өзгерістер адамдардың бір-біріне деген көзқарасын өзгертіп, келеңсіз жағдайлардың өрбуіне, рухани

құндылықтардың төмендеуіне әкеліп соқтырды. Бүгінгі таңда жас ұрпақ тәрбиесін жаңаша жүргізу үшін жаңа Қазақстан құру жағдайында рухани және жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың маңызы зор.

Мемлекетіміз тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап, әлемнің бәсекеге қабілетті елдер қатарына кіру үшін жаңа Қазақстан құрудың дербес жолын таңдап алды. Бүгінгі балалар еліміздің ертеңгі болашағы екенін ескерер болсақ, бәсекеге қабілетті, жаңа уақыттың өктем талаптарына үн қоса алатын ұрпақ тәрбиелеу - мерейлі міндет.

Заман талабына сай білім берудің парадигмасының өзгеруіне сәйкес құзыретті білім беру басшылыққа алынып, оқу-білім үйретудің жаңа әдістері пайда болды. Құзыретті білім беру көбіне Еуропа елдерінде ұлттық білім беру стандарттарында қолданылады. Әр мұғалім өз пәнінде ақпараттандыру технологиясын пайдалануы: «Мультимедия, электронды оқулықтармен жұмыс істеу, керекті ақпараттарды интернеттен шығарып алып пайдалануды іс жүзінде үйренуі керек. Ал, әлемдік өркениетке жету, мектепті компьютерлендіру, интернет желісіне енгізу және қолданудан көрінбек. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімде ғана. Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас ұрпақ.

Қазіргі қоғам дамуының маңызды міндеттерінің бірі – мектептік білім беру аясында біліктілігі жоғары мамандарды даярлау болып табылады. Біздің қоғамның болашағы мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және кәсіби деңгейіне тікелей байланысты.

Білім саласындағы маңызды өзгерістер болашақ мұғалімдердің кәсіптік дайындығына күрделі де нақты талаптар қойып отыр. Қазіргі қоғамда болып жатқан кең шеңбердегі өзгерістер білімді, саналы жастарды тәрбиелеуде үлкен міндет жүктері сөзсіз. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейдегі білім негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерінің бірі.

Қазір «Ғасырдың мектебі мен мұғалімі қандай болу керек?» деген негізгі сұраққа жауап ізделуде. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазір заман да, қоғам да өзгерген. Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар.

Ол үшін «мектепке заман талабына сай мемлекеттік білім стандартын енгізу, соған сәйкес кәсіби шеберлігі дамыған кадрлармен қамтамасыз ету, өркениетті ғылыми-әдістемелік бағытқа ынталандыру, жаңа базистік оқу жоспары мен жаңа буын оқулықтарына көшу, орта білімді ақпараттандыру, тағы сол сияқты білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды істер» [1,54].

Өскелең ұрпақ арасында бүгінгі заман талаптарына ілесе алмайтын, оның құндылықтарын қадірлеп, оған бейімделуге ұмтыла бермейтін, өзінің келешегін ойлау мәдениеті төмен, керісінше күштеу мен қатыгездікке, бос жүріс пен жеңіл жолмен табыс табуға, дүниеқұмарлық пен өткінші әсер және арзан қолды жылтыраққа қызығатындар да аз кездеспейді. Сондықтан да еліміздің білім беру саясаты жастарға сапалы білім беруді қамтамасыз етумен қатар жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелей отырып оқыту және әрбір шәкіртті жеке тұлға деп санап, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасауға бағытталған. Сонымен, мектептердегі білім беру, бүгінде бәсекеге қабілеттілік туралы мәселе – ең күрделі проблеманың бірі. Оның сипаты мен заңдылықтарын, түрлері мен жетілдіру жолдарын, адамның іс- әрекетімен және мақсат – мұратымен байланысты зерттеумен ұзақ жылдар бойы философтар мен экономистер, психологтар мен педагогтар ұдайы шұғылданып келеді. Бәсекелестік процесті жан-жақты талдаудың нәтижесінде,

педагогикалық бәсекеге қабілеттікті дамыту үшін ең алдымен тұлғаның ойында интуиция мен мотивацияның пайда болуы шарт, онан соң шабыттану мен жаңаша идеяны ойлап табудың негізінде тапқырлық танытып, оған сәйкес жоспар құрып, оны табандылықпен іске асыра білу қажет.

Рухани дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру бағыттарының мазмұнын сипаттайтын болсақ, ол негізгі алты бағытты қамтиды:

Танымдық бағыт – таным мәдениеті, интеллект, білімнің біртұтастығы, жеке тұлғаның дүниетанымы, ойлау мәдениеті, өзін өзі дамытуға практикалық дайындығы, өзін өзі жетілдіру, ой-өрісінің кеңдігі, шығармашылық іске бейімділігі, сындарлы ойлай білуі, білгірлік таныту, сананы жетілдіру, баға беру қабілеттерінен құралады. Танымдық бағыттың негізгі мақсаты – рухани құндылықтар негізінде әрбір тұлғаның жеке және шығармашылық қабілеттерін дамыту және тәрбиелеу.

Адамгершілік бағыт – ол жеке тұлғаның қасиеттерінен құралады: жауапкершілік, мейірімділік, сыйлау, кешіре білу, қайырымдылық, жанашырлық, әділдік және адамгершілік ұстанымдар: өзінің қадір – қасиетін сақтау, жауапкершілікті болу, адал болу, ержүрек болу, өзін өзі бірқалыпта ұстау, ұқыптылық, сергектік, көрегендік, тән және жан сұлулығын қалыптастыру, өмірдің құндылығын сещіну. Бұл бағыттың мақсаты – жеке тұлғаны адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеп, оның адамгершілік, идеалдарын қалыптастыру, оқушыларды өзара түсіністікке, игілік – адамгершіліктік үйлесімділік мен біртұтастыққа өзін-өзі дамытуға, азаматтық парызын орындауға дағдыландыру.

Ал ұлттық бағыттың мақсаты – рухани құндылықтар негізінде азаматтылыққа тәрбиелей отырып, өзінің және басқа елдердің дәстүрін, тілін, мәдениетін, дінін құрметтеуге, ұлттық келісімге баулу. Ол төмендегі құрамдас бөліктерден тұрады: ұлттық сана, патриотизм, ұлтжандылық, салт- дәстүр, әдет – ғұрып және т.б.

Әлемдік бағыттың мақсаты – жалпы адамзаттық рухани құндылықтар негізінде жоғары азаматтық сезімі бар, отанын қорғауға дайын тұратын, басқа адамдардың құқықтарын құрмет тұтатын жеке тұлға қалыптастыру. Бұл бағытқа азаматтық, толерантылық, адам құқықтары мен міндеттері, парыз, жауапкершілік, белсенді өмірлік позиция, ұжымшылдық және т.с.с.жатады.

Дүниетанымдық бағыт қоршаған ортаны ғылыми, діни танудан, қабылдаудан, түсінуден тұрады[2].

«Білім иелен! Білім – сахарада дос, өмір жолында тірек, адамдар арасында сый- атақ, дұшпандарға қарсы күресте құрал» деп Қожа Ахмет Яссауи бабамыз айтқандай, еліміздің білім беру ұйымдарын қазіргі кездегі озық технологияларымен жабдықтауға, ерекше көңіл бөліну қажет. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» демекші, қазіргі кезде қоғамда болып жатқан тарихи-әлеуметтік өзгерістер, ғылыми және өндірістік жаңалықтар бүгінгі бала тәрбиесіне жаңа көзқараспен қааудыталап етуде. Осы орайда өскелең ұрпақты ұлттық игіліктер мен мәдени мұралар сабақтастығы қалыптастыруға тәрбиелеу, жалпы білім беретін оқу орындарының басты міндеті болып отырғаны куантады. Халқымыздың рухани қайта түлеу кезеңінде жеткіншек өрендер санасына ана тілі арқылы төл тарихы мен мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін сіңіру, сол арқылы олардың дүниетанымын қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Бүгінгі орта мен жоғары педагогикалық оқу орындары беретін білім мазмұны диагностикалауға, зерттеуге, өз білімін тереңдетуге, өзін өзі тәрбиелеуге қабілетті, басқару ғылымын меңгерген, психологичлық- педагогикалық зерттеу құралдырынигерген жаңа кәсіптік қасиеттері бар, ізгілікті білім бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. Ұлы бабаларымыз «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген ғой. Тәрбие екі жақты болған кезде ғана іс өз нәтижесін береді.

Бірқатар арнайы зерттеулер бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін оның

бойында мынадай тұлғалық ерекше қасиеттердің болуы қажет екендігін атап көрсетеді. Ғылыми-зерттеушілік ойлауы, кәсіби – педагогикалық шеберлігі, озат тәжірибені сын көзбен тани білуі, өзін өзі тәрбиелеуге үнемі ұмтылуы. Сонда ғана біз жоғары дамыған бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелей аламыз.

Бүгінгі таңда ғылыми-педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамытудың жаңа әдістері бекітілді. Олар: «тұлғаға бағыттылық», «тұлғалы – орталықтандырылған педагогика», «субъект – субъектік қатынастар» және т.б. Ғалымдар адам табиғатының ерекшеліктерінен, оның даму заңдылықтарынан және баланың ішкі күштерін анықтаудан шыға отырып, бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу үрдісін түсіндіруге тырысады.

Бәсекеге қабілеттілік – белгілі бір іс-әрекетті нәтижелі орындайтындай тұлғаның жеке дара ерекшелігі. Ол іс-әрекетті жылдам, тұрақты, сапалы орындаудың әдіс-тәсілдерімен сипатталады. Бәсекеге қабілеттіліктің нышандары – адам организмінің, негізінен ортылық жүйке жүйесінің ерекшелігі. Ол бәсекеге қабілеттілікті дамытудың алғышарттары болып саналады. Бәсекеге тәрбиелеу туралы психологиялық – педагогикалық зерттеулер негізінде тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру үрдісін басқаруға мүмкіндік туғызады.

Қорыта келе айтарымыз, бәсекеге қабілетті тұлға болу үшін – жоғары технологияларды жетік меңгерген, елімізді индустриялық дамудан ақпараттық өркендеу кезеңіне алып өтуге қабілетті, дені-қарны ғана емес, діні мен ділі де сау, рухы биік жаңа ұрпақ тәрбелеуіміз керек.


Сонымен, бәсекеге қабілетті тұлға дегеніміз – ол саналы азамат, өзіндік бейнесі бар адам. Яғни ойлау қабілеті, сезімі, әсерленуі дамыған және оларды үйлесімді игеріп, басқара алатын, өмірдің қиыншылықтары мен кемшіліктерін, қауіп-қатерді қандай болмасын жолмен жеңіп, бастаған ісін аяқтап шығатын және өзгелерге нәтижелі көмек бере алатын, белсенділігі нақты іспен көрінетін, мінезі қалыпты, тартымды, өзінің көзқарасы бойығша әрекет ететін, оны қорғай білетін адам.

Қорыта айтқанда, жаңа педагогикалық мұндай технологиялар арқылы оқытуды ізгілендіру мен демократияландыруға, оқушылардың өздігінен бағыт – бағдарын анықтап, дамуына, ең бастысы, өзін-өзі тәрбиелей алатын тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасауға болатыны күмәнсіз. Инновациялық технологияларды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде инновациялық технологияларды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1ҚР білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Алматы., 2010ж

2 Әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігі бәсекеге қабілетті ұстаз қолында. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы, 2020. – 383б.



## **ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

**Мустапаева Гульнар Адилканкызы**

Д.Қонаев атындағы орта ғой мектебінің тарих пәні мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

**Балабаева Асель Мейрамхановна**

«Патриотизм» терминінде әркімнің өзіндік түсінігі бар. Дегенмен, Отанына деген сүйіспеншілігін көрсететін биік сезім ретінде ұғындырылады. Шындығында, патриотизм түрлі формада және әр адамда белгілі бір дәрежеде көрініс табады. Бірақ бұл нақты қандай сезім? Патриот болу деген нені білдіреді? Оның жалпы сипаттамалары қандай?

Бағзы заманнан бүгінгі уақытқа дейін өз еліне, ұлтына, халқына деген сүйіспеншілік, туған мәдениетіне, тіліне, жетістіктері мен жеңістеріне мақтаныш, шет жаққа шыққанда туған жерге деген сағыныш сезімінің туындауы, Отан мен ортақ идея үшін өз мүддесін құрбан етуге дайын болу, елдің бүгінгі мен болашағына алаңдау, өз халқының мәдениеті мен дәстүрін құрметтеуге және азаматтық борышын өтеуге ұмтылу сияқты сипаттамалар қалыптасқан

«Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Мемлекеттік саясаттың болашақ алдындағы жауапкершілігін терең сезінеміз. Бұл ұстанымнан ешқашан айнымаймыз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету», - деп жазды Президент «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі.

Қазіргі даму кезеңіндегі қазақстандық патриотизм – туған жеріміздің өткені мен бүгінгіне құрмет көрсету, сезімдік және парасаттылық, тұрмыстық және идеологиялық, туған жерге деген сүйіспеншілік пен жоғары рухани-адамгершілік және патриоттық мұраттарды, іс-әрекеттерді біріктіретін және бейнелейтін күрделі, көп қырлы құбылыс.

Қазақ патриотизмінің пайда болуы мен дамуы туралы мәселе әркез ойландырады және идеялық-саяси өзектілік пен идеологиялық мәнге ие болуда.

Қазақстандық патриотизм қалай туады? Патриот болып туылуы мүмкін бе?

Қазақ халқының көрсеткен отансүйгіштік себептерін талдау олардың отансүйгіштік әрекеттері мен істерінің іргелі негізі – Отанды сезіну, оның алдындағы патриоттық борыш пен оның тағдыры үшін жауапкершілікті сезіну екенін растайды. Адамды отансүйгіштікке баулу оның өз Отанымен қандастығын терең сезінген жағдайда ғана мүмкін болады, соның нәтижесінде оның ішкі жан дүниесінде ерекше психикалық күй, күнделікті тілде жеткізетін болсақ, адам ретінде қалыптасқан ерекше патриоттық көңіл-күй туады.

Отанға деген сүйіспеншілікті сезіну, түсіну және сынау жеке тұлғаны нақты, белсенді және мақсатты патриоттық көріністерге бағыттайды. Өз Отанына және өз халқына мақтаныш, өз тағдыры үшін жауапкершілік, Отан алдындағы борыш, оның жауларын жек көру және т.б. адамның бай рухани-адамгершілік әлемі белгілі бір көңіл-күй тудырады, оның рухани-адамгершілік және патриоттық бағытын, қажеттіліктері мен мүдделерін, тілектері мен ұмтылыстарын қалыптастыруға қолайлы әсер етеді, қоршаған өмір сүру ортасына патриоттық көзқарасқа бейімділігін анықтайды, тұлғаның патриоттық істері мен іс-әрекеттеріне ішкі көңіл-күйін қалыптастырады. Демек, объективті түрде оның Отанға деген көзқарасы патриотизм генезисінің нағыз табиғи негізі болып табылады.

Рухани-адамгершілік және патриоттық сана, адамның белгілі бір типтегі патриоттық іс-әрекеттер мен мінез-құлыққа психологиялық және ерікті дайындығы патриотизмді қалыптастыру мен қалыптастырудың маңызды шарттары болып табылады. Алайда, бұл сезімдер мен идеялар, оның ішінде патриоттық сезімдер, оларды жүзеге асыру үшін патриоттық күш болмаса, ешнәрсеге қол жеткізе алмайды. Демек, патриотизм құрылымдық мағынада өзара байланысты, өзара тәуелді және диалектикалық тұрғыдан

біртұтас үш құрамдас бөліктен тұрады: патриоттық көзқарас, патриоттық сана, патриоттық белсенділік. Бұл құрылым шындықтағы осы құбылыстың мәнін барабар көрсетеді және «патриотизм» категориясының анықтамасына жақындауға логикалық мүмкіндік береді. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде оның көптеген анықтамалары бар. Олардың ішіндегі ең көп тобы патриотизм – субъектінің Отанға деген сүйіспеншілік сезімі деген пікірді ұстанатындар [1, 484 б.].

Одан кейін патриотизм қоғамдық сананың күрделі құбылысы ретінде түсіндіріледі [2, 202 б.] және адамдардың Отанға деген көзқарасын көтеретін әлеуметтік, моральдық және саяси принцип ретінде сипатталады. Сонымен қатар, патриотизм Отанның гүлденуіне бағытталған сезімдер, идеялар мен сенімдер мен әрекеттердің жиынтығы (жүйесі) ретінде қарастырылады [3, 41 б.]. Патриотизмді қоғамның белгілі бір тобының, жалпы адамдардың Отанға деген көзқарасы деп түсіндіру де бар.

Патриотизмді «Отанға деген сүйіспеншіліктен және Отан алдындағы борыш сезімінен, оның тағдыры үшін жеке жауапкершілікті сезінуден, адамдардың белгілі бір жағдайларға белсенді қатынасынан туындайтын» деп сипаттайтын синтезді құрайтын ерекше топқа. олардың өмір сүру ортасының табиғи, әлеуметтік жағдайлары, онда осы жағдайларды сақтау және дамыту, туған жердің қуаты мен гүлденуін қорғау, оның даңқы мен ұлылығын жалғастыру туралы қамқорлық» [1, 275 б.] деп қарастыратын авторлар өздерінің күрделі анықтамаларында патриотизммен анықталған құбылыстың негізгі, маңызды құрамдас мазмұнын ашып көрсетеді.

Барлық авторлар патриотизм ұғымына берген анықтамаларында Отанның өзгермейтін, ерекше құдіретті, күрделі де терең табиғи қайнар көзі екендігін бір дәрежеде көрсететінін атап өткен жөн. Өмір сүрудің барлық өмірлік (табиғи) әлеуметтік және табиғи жағдайларын қоса алғанда, Отан өзінің патриоттық борышын сезінетін және оның алдындағы патриоттық борышын сезінетін адамның бүкіл мақсаттылығы мен мақсаттылығын анықтайтын патриоттық әрекет пен мінез-құлық факторы ретінде әрекет етеді.

Адамзат тарихының барлық кезеңінде Отанды қорғау әрқашан халықтың өмір сүру және өмір сүру құқығын қорғаумен байланысты болды, ал оны әлеуметтік құтқару халықты өлімнен құтқару ретінде қарастырылды.

Отан – адам мен халық өмірінің барлық табиғи жағдайлары мен салаларын көрсететін қоғам өмірінің аса күрделі құбылысы. Табиғи, тіршілік ортасы бола отырып, көпұлтты қоғамның Отаны әлеуметтік шығу тегі мен мәртебесіне қарамастан әрбір этносқа қажетті әртүрлі этнос өкілдерінің өмір сүруінің әмбебап шарты екені сөзсіз. Қазақстандық патриотизмнің табиғи бастауы мен құрылымында жеткілікті ішкі тұрақтылық пен автономия бар. Қазақстандық патриотизм феноменінде туған жерге, Отанға деген табиғи сүйіспеншілік пен сүйіспеншілік сезімі маңызды рөл атқарады. Бұл – Қазақстан аумағында тұратын барлық ұлт өкілдерінің қиыншылықтарын байырғы ұлт өкілдерімен бірге еңсерудің сонау өткен тарихына негізделген терең сезім. Көп ұлтты ұжымшылдық сезімі – қазақ патриотизмінің тұғыры.

Қазақстандық патриотизм әртүрлі ұлт өкілдерінің өз Отанымен (Қазақстанмен) табиғи байланысына, Отанға деген ортақ ұжымдық және белсенді қатынасқа негізделген, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, оның тағдыры үшін жеке жауапкершілікті сезінуді көрсетеді. Бұған ауыр атлетикадан 2 дүркін Олимпиада чемпионы Илья Ильиннің мінез-құлқы жарқын мысал бола алады. Жеңіске жеткенін сезген ол «Қазақстан, Қазақстан..» деп қайта-қайта айқайлап, патриоттық сезімін эмоционалды түрде білдірді.

Әр адам енді жеке өмірі мен болмысы бар адам ғана емес, әлеуметтік тұлға болып табылатын полиэтникалық қоғамда оның мәні тарихи анықталған әлеуметтік көпмәдениетті қатынастардың жиынтығында көрінеді. Дәл көпұлтты қоғам жағдайында, бір-бірімен этносаралық қарым-қатынаста адамдар жеке тұлға ретінде қалыптасады, олардың санасы, оның ішінде патриоттық санасы қалыптасады. Бұл қарым-қатынастар әрбір тарихи дәуірде күнкөріс құралдарын өндіру процесінде олардың арасында



қалыптасатын қатынастардың мәні, сондай-ақ осы негізгі қатынастар арқылы әлеуметтік мүдделерде, рухани-адамгершілік және патриоттық нормаларда және идеологиялық нұсқаулар.

Патриоттық сезім адамға табиғатынан берілген. Ол осы шындықтан туған белгілі бір болмыстың көрінісі және оны бекітетін нәрсе әрбір шындық емес, жалпы алғанда әртүрлі рулардың, тайпалардың, ұлттардың, ұлттардың, халықтардың және елдердің кеңістіктегі оқшаулануы. Ұлттық сезім сан қырлы, ол арқылы мыңдаған жылдар бойы оқшауланған (аумақтық, тілдік, мәдени, әлеуметтік, саяси оқшауланған) халықтың өз Отанына деген көзқарасы көрінеді. Мұндай сезімнің дамуы үшін, ең бастысы, халықтың ғасырлар бойы, мыңдаған жылдар бойы бір аумақта, бір елдің, бір Отанның шекарасында өмір сүруі қажет.

Осыған орай, Президентіміз Қ.К.Тоқаев «Мемлекет тұтастығын сақтаудың бірден-бір кепілі – патриоттық сезім. Отанға деген сүйіспеншіліктен, Отанға қызмет етуден артық құнды ұғым жоқ. Патриот болу алаңға шығып ұрандату емес, қажырлы еңбек ету» деген болатын. Патриотизм туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Еліміздің әрбір азаматы жұртшылықтың алдына шыққанда ұлттық мүдде мен қазақстандық патриотизм қағидаттарын басшылыққа алуы керек», деген еді.

Бүгінде ел халқының 19,8 пайызы – жастар. Өткен жылдармен салыстырғанда, яғни соңғы 12 жылдағы халықтың табиғи қозғалыс көрсеткіштері жастар санының азаю тенденциясын көрсетіп отыр дейді мамандар. 2009 жылы халықтың жалпы құрылымындағы жастар үлесі 28,2% болып, ең жоғарғы көрсеткіш тіркелген. Ал бүгін біз санға емес, сапаға назар аударып, жастарымыздың патриоттық рухын сөз етеміз.

«Жалпы, патриотизм – Отанға, туған жерге, өзінің мәдени ортасына деген сүйіспеншілік. Адамның бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриоттық құндылықтар тал бесіктен бойымызға сіңе бастайды.

Патриотизмнің бастау негіздері – сенім, үміт, адалдық. Бала болашағына, еліне сеніп өсуі маңызды. Бүгінгі жастар арасындағы патриотизмнің деңгейін білу үшін олардың қай тілде сөйлеп жүргеніне қарау жеткілікті. Бала 10 тіл білсе де бір ғана ана тілін жетік білудің орнын толтыра алмайды. Патриоттықтың іргетасы тілмен қалыптасады. Тіл арқылы діл, дәстүр, мәдениетке деген сүйіспеншілік оянып, оның негізінде патриоттық сезім оянады.

Отан сезімі таза адамдық, қоғамдық мазмұнға ие болған кезде патриоттық сезімге айналады. Адамның көпұлтты ұжымында ғана ол әртүрлі ұлт өкілдерінің қоршаған ортаға моральдық белсенді қатынасын көрсететін адамгершілік-патриоттық сана элементтеріне айналады. Патриоттық сезімдер туралы, адамдардың «табиғи» туған жерлеріне деген сүйіспеншілігі мен сүйіспеншілігі туралы бұл ұғымның адам санасына қоршаған көп ұлтты ортаның әсерінен осы сезімнің органикалық, сөзсіз пайда болуын түсіну арқылы ғана айта аламыз. Ол ең алдымен объективті дамудың және осы дамудың қажеттіліктерінің әсерінен дамидықтан, бұл заңдылық.


Әлеуметтік-этникалық мәні бар қазақстандық патриотизм – бұл әлеуметтік тұрғыдан анықталған, әлеуметтік-тарихи, көпұлтты құбылыс. Бұл соңғы кездері әлемдік қауымдастықтың әртүрлі бөліктеріндегі экстремизм мен терроризмнің шиеленісуі үшін, әлеуметтік және биологиялық арасындағы қарым-қатынас туралы, әлеуметтік ғылымның ең іргелі теориялық қағидаларына әсер ететін шешуші әдіснамалық маңызы бар. «Адам террорист немесе патриот, интернационалист немесе ұлтшыл генімен тумайды». Оның өмірде қандай болатыны өзіне және қоғамға байланысты. Ал қазақ халқының әрбір жаңа ұрпағы ұлтаралық қарым-қатынас пен қарым-қатынас, бірлесе оқу мен еңбек саласында қазақстандық патриотизм сезімін, интернационализм сезімін қайта-қайта бойына сіңіруге мәжбүр болады.

Қазақстандық патриотизм – өткен замандағы патриотизмнің барлық жақсысын және ең озық нәрін бойына сіңірген, ұлтжандылықтың түбегейлі жаңа, көпұлтты түрі. Қазақстандық патриотизмнің өзіндік тарихи дәстүрлері бар. Көпұлтты Отан этносаралық

қатынастардың субъектісі де, объектісі ретінде де әрекет етеді. Ол пән болып табылады, өйткені көпұлтты Отанның құрамдас бөліктері (әлеуметтік, саяси, көпмәдениетті орта, тіл және аумақтар) арасында анық ұйымдастырылған және формалды сипаттағы байланыстар мен өзара әрекеттесулер бар. Сондықтан да әртүрлі ұлт өкілдері – отандастар арасындағы қарым-қатынас әлеуметтік, қоғамдық қатынастар болып табылады. Қоғамдық этносаралық қатынастардың субъектісі ретінде Отанды анықтау өзара байланыстылықты атап көрсетеді және ондағы белсенді принципті білдіреді. Олай болса, әдіснамалық тұрғыдан алғанда, Отан құрамдас бөліктері арасындағы өзара тәуелділік туралы айтуға құқылымыз. Бір жағдайда ол тікелей, екіншісінде жанама болуы мүмкін. Осылайша, әлеуметтік орта мен саяси ортаның байланысы өте тікелей, өйткені екі компонент те Отанның таптық сипатын тікелей білдіреді. Саяси орта мен тілдің байланысы анағұрлым алшақ – тіл саяси ортаның өзгеруіне байланысты ең аз өзгереді, ол жалпы адамзаттық сипатқа ие. Қорыта айтқанда, қазақстандық патриотизм қоғамдық-тарихи құбылыс ретінде қоғамдық даму процесінде нақты әлеуметтік-этникалық мазмұнмен толығымен имманентті, функционалдық генетикалық құрылымға ие. Прогрессивті тарихи, эволюциялық демократиялық дәстүрлер – қазақ азаматының қасиетті патриоттық арсеналы. Оның даму бағыттарын айқындап отыру – әр уақыт болмасын өзекті болып қала бермек.

#### Список использованной литературы:

1. Тоқаев Қ.К. Шын отансүйгіштік – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету // <https://kaz.inform.kz>
2. Рогачев П.Б., Свердлин М.А. Патриотизм и общественный прогресс. М. 1983
3. Калтахчян С.Т. Марксистско-ленинская теория нации и современность. М., 1983
4. Агеев Н.П. Патриотизм и интернационализм советского человека. Махачкала. 1974



### ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ГІ МАҢЫЗЫ

#### Қыпшакбаева Молдир Карашовна

Ермұхан Бекмаханов атындағы мектеп - гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

#### Қаражанова Айгерим Мынбаевна

Абай атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Ғасырлар бойғы бодандықтың қамыты оңай шешіле салмағанына тарих куә. 150-ден астам ұлт өкілдері қоныстанған кең-байтақ еліміздің тәуелсіздігі үшін ата-бабаларымыз жанын қиды. Десек те, бабалар арманы орындалып, егемен мемлекет атандық. Бүгінгі даму көкжиегіне көз жүгіртер болсақ, белгіленген межеден асып түсудеміз. Елбасы Н.Назарбаевтың жан-жақты ойластырылып жүргізілген саясаты негізінде бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену мақсатында рухани іс-шаралар да жемісті нәтиже беруде. Дүние жүзіне аз уақыт ішінде егемен ел ғана емес, бейбітшілік пен ынтымақтастықтың жаршысы ретінде танылып, бірқатар әлемдік мәселелердің оңтайлы шешілуінің ұйытқысы болған мемлекетімізді, қазақ ұлтын білмейтін ел жоқ.

Әсіресе, жаңа ғасыр көгінде білімнің асқар туын көкке көтеріп, ел болашағы – білімді жастар» - деп Елбасының өзі біліммен қаруланған ұрпаққа сенім білдіруде. Ал, ұлы ойшыл әл-Фараби «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» екендігін дәлелдеп айтып кеткен. Осы себепті де бәсекеге қабілетті білім берумен қатар, жоғары тәрбие беру,

болашақ ұрпақ санасына ұлағатты сезімдерді сіңіре білу – келешектің үлесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Еліміздегі білім беру жүйесін оңтайландыруда осы бағыт негізгі назарда болып келеді. Педагогика саласының белді ғалымдары да білім беруді тәрбиемен ұштастыруға ерекше көңіл бөлуде. Профессор К.Қожахметова: «Әрбір мектеп адам тәрбиелеуді жалпы міндет тұтса, алдымен оны белгілі елдің азаматы қылып, сол қоғамның талабына сәйкес тәрбиелеуге міндетті. Мектептің бағыты сол ұлттың мінезі мен жалпы бағытына тәуелді болуға тиіс» [1], - дейді. Бұл ретте қазақтың ұлттық педагогикасы негізінде білім беру мен тәрбиелеуді жүргізу қажет. Бұл орайда да, бірқатар педагог ғалымдар зерттеулер жүргізіп келеді. Әсіресе, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып - халқымыздың ұлттық ерекшеліктерінің негізгі компоненттері екендігі белгілі. Бұл туралы ғалым Н.Сәрсенбаев: «... обычай есть исторически сложившиеся, более или менее устойчивые нормы общественных отношений людей, их образа жизни и быта, которые передаются от поколения к поколению и охраняются силой общественного мнения...», - деп, ал салт-дәстүр жөнінде: «... традиции - это исторически сложившиеся устойчивые и наиболее обобщенные нормы общественных отношений, передаваемые из поколения в поколение и охраняемые силой общественного мнения» [2], - деп айрықша анықтама беріп өтеді. Бұдан этнопедагогика ғылымының бүгінгі таңда қоғам қажеттіліктерінен туындаған басқа ғылым саласы сияқты өзекті мәселелерге толы екендігін, жаһандану жағдайындағы тәуелсіз ел ертеңіне саналатын – саналы да, білімді ұрпақ тәрбиелеудің өте күрделі екендігін көруге болады.

Қазақ этнопедагогикасының әлеуметтік құбылыс екенін және оның қоғамдық қажеттіліктерден туындағанын ескере келе ғалымдар өз ойларын: «...Адамның өз ұрпағын еңбекке, кәсіпке, өмірге икемдеп үйретуі адамзат қоғамымен бірге жасасып келе жатқан тарихи процесс екені белгілі. Мәселен, жас ұрпақты тәрбиелеудің жалпыға ортақ моральдік-психологиялық нормасы белгіленді...»- деп жеткізеді.

Тәуелсіз мемлекет ретінде экономикалық-әлеуметтік және рухани дамудың алғышарттарын, өз бағыт-бағдарымызды ұзақ жылдар езгіде болып келген ұлтымызды ұлықтауға, халықтық дәстүрлерімізді дәріптеу мақсатына бар күш-жігер салынды. Бұл тұста ұлттық педагогика және халықтық педагогика ұғымдарының ара қатынасы қандай деген сұрақ туындайды.

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте «Халық педагогикасы дегеніміз - ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау процесінің эмпирикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы. Халық педагогикасының негізгі түйіні - еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбие беру» - деген анықтама берілген. Анықтама дұрыс ғылыми маңызға ие. Сайып келгенде, аталған ұғымдардың арнасы бір. Этнопедагогика – халықтық педагогиканы зерттейтін педагогика ғылымының бір саласы және жалпы педагогиканың бастауы, қозғаушы күші. Халқымыздың ұлттық педагогикасы – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптастырған мәдени мұрасы, бала тәрбиесіндегі ұлттық тәлімі, сүйенген қағидасы.

Біз де өз мақаламызда бүгінгі қоғамымызда өте өзекті деп саналып, зиялы қауым өкілдерін көп ойлантып, ашындырып келе жатқан өскелең ұрпақ тәрбиесіне қарай ойысып отырмыз. Батыстың даңғаза мәдениетіне еліктеу, ана тіліміздің өзге тілдердің шырмауында қалуы, діліміз бен дініміздің дұрыс насихатталмауы, т.б. көп айтылып келеді. Әрине, тәуелсіздіктің екінші онжылдығында рухани дамуымызда айтарлықтай қарқын байқалды. Ұлттық негізде оқытатын мектептер көбейіп, бала бақшаларда тәлім-тәрбиенің ұлттық қағидаттары басшылыққа алына бастады. Дегенмен, ғылыми-техниканың қарыштап дамыған заманында бүлдіршіндер мен жасөспірімдер тәрбиесіне теледидар, қоғамдағы әр түрлі толқулар, мәдени өзгерістер өз әсерін тигізбей қалмайтыны анық. Халық мақалы «Заманына қарай адамы» деп жатады. Дегенмен, ұлттық педагогиканың өзекті мәселелерін шешудің ең дұрыс жолы - ауыз әдебиетін салт-дәстүрлермен арқауластырып, халық ана тілін ұлттық ойдың көрінісі ретінде айқындап

көрсете білуде деп білеміз. Бұның айқын дәлелдері де жеткілікті. Мәселен, санамақ өлеңдерінің өзінің тәлімдік те, тәрбиелік те қызметі зор. Бір дегенім бесік, Шықтым содан өсіп, Екі дегенім – есік..... – деп басталатын өлеңдерде алдымен балаға заттың не екенін, қандай екенін ұғындырып, санын үйретеді. Осылай әдет қалыптастырып, тілін ширату мақсатында түрліше жаңылтпаштар айтқызады, бала жадын өлеңдер жаттатқызу арқылы бекіте түседі. Баланы бес жасына дейін балаша тәрбиелеп, бес жастан кейін оған еңбек дағдыларын қалыптастыруға, сол арқылы дарын-бейіміне сәйкес болашақ тұлға ретінде тәрбиелеуді басты назарда ұстайды. Әсіресе, батырлық қисса-дастандарды оқытып, ер баланың Алпамыс, Қобыланды, Тарғын секілді батырларға еліктеп, ал қыз баланың Гүлбаршын, Құртқа, т.б. нәзіктігімен ақылдылығы қатар өрілген ибалы қыз болып тәрбиеленуіне жағдай жасалған.

Олай болса, бүгінгі тәрбиенің тал бесігі – осы халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың ғасырлар бойғы тәлімдік қағидаларынан бастау алуы тиіс. Тарихқа көз жүгіртіп өтсек, ұлтарактай жер үшін болған қанды қырғындарда басын бәйгеге тіккен халқымыз жаугершілік заманмен қатар рухани дамудың жоғары биігінде болды. Бұның дәлелі ретінде арыға бармай-ақ, кешегі би-жыраулар поэзиясын айтуға болады. Көреген, дана, елінің қамын күн ілгеріден болжап отыратын олар болашақ ұрпаққа өздері өмір кешкен заманның тарихи шежіресін ғана шертіп қоймай, тәрбиелік қуаты мол терең ойлар қалдырып кетті. Ал, XVIII ғасырдан XX ғасырға дейін Ресейдің бодандығында болған кезең қазақ халқының ұлттық тәрбиесіне, ұлттық білім беру ісіне кесір-кедергілерін тигізгенмен, халық педагогикасы (ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлер) дамып, қалыптаса берді. Осы себепті де, тәуелсіздік алғаннан кейін этнопедагогиканың жеке ғылым ретінде зерделеніп, бала тәрбиесінің күрделі мәселелерін шешудегі дербес үлесі ескерілді.

Қандай да дарынға немесе жеке тұлғалық ерекшелікке ие баланы оқыту оны тәрбиелеумен қатар жүргізіледі. Ал, біздің айтып отырғанымыздай, оқыту мен тәрбиелеу тек ұлттық негізде болғанда ғана зор нәтиже бермек. Демек, жан-жақты білімді бала тәрбиелеу – ғылымның барлық салаларымен өзара байланыста жүргізіледі. Бұдан шығатын қорытынды – қасиетті ғылым ретінде барлық маман иелерін дайындауда, қай жастағы баланы болмасын тәрбиелеуде ұлттық педагогика ерекшеліктері ескеріліп, орта мектепте, жоғары мектепте, ғылыми орындарда зерттеп оқыту керек.

Ұлттық дамуымыздағы әжелер мен аталардың педагогтық қызметін жандандырып, тәрбиелік қуатын арттыруымыз қажет. Ертеде әке-шешесі қайтыс болған баланы ата-әжесі тәрбиелеп, еш жетімдік көрсетпеген. Алайда, бүгінгі «әжелер» - бұрынғының орнын баса алар ма? Бұл жерде де, «балаңды - өскенше, немеренді - өлгенше бағасың» деген нақылға сүйенуге тура келеді. Мұндағы тұспалдап отырғаны – балаңнан гөрі немереге деген мейірім-ықыластың ерекше болатыны. Ал, жүректің түкпірінен шынайы берілетін мейірім мен жан жылумен айтылатын әрбір ақыл, өсиет сөз ізгіліктің алтын бұлағы іспеттес. Бүгінгі таңда, қоғамымыздағы небір жантүршігерлік жағдайлардың орын алуы, мейірімділіктің төмендеуі, үлкенге-құрмет, кішіге – ізеттің азайып бара жатқандығы – аталмыш мәселеге немқұрайды қарауымызға еш жол бермей отыр.


Қорыта келгенде, дүниеге келген адам бойында адам болудың нышаны ғана болады. Сол адам нышанындағы тіршілік иесін әлеуметтік-тарихи тұлға (личность) ретінде қалыптастыратын - әр халықтың тарихи-табиғи болмыс-бітімі, дәстүрдің құдіреті, мәдениеттің сабақтастығы. Адам еш-уақытта өзінен өзі адам болмайды, адам болуды шыр етіп дүниеге келген күннен бастап үйренеді. Ал адамды адам ететін - жұмыр жерді мекен еткен сан толқын ұрпақтардың ақыл-ойы мен тірнектеп жинаған тәжірибесі. Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға ауысатын тарихи-әлеуметтік, қоғамдық практикалық дәстүр сабақтастығы үзілген жерде адам баласы бәрін де тырбанып қайтадан бастауға мәжбүр болар еді. Әрбір адамның бойында адамзат баласы жүріп келе жатқан жолдағы баға жетпес тарихи тәжірибенің үлгісі бар. Сол тарихи-мәдени тәжірибені танып-білу арқылы адам баласы өзінің парасат-болмысын шындайды.

«Қазақ халқының өмір-салты көшпелі болғанымен, рухани болмысы көшпелі

болмаған. Кез келген көшпелі өзі туған жердің өзен-көлін, тау-тасын, орман-тоғайын ешбір отырықшы замандастарынан кем сүймеген. Сондықтан да кіндік қаны тамған жері үшін тайсалмастан жүрек қанын да төге білген. Сондықтан да сол даланы әнмен әлдилеп, күймен тербеген» [4], - деген ғалым Н.Сейітқұловтың сөздерімен өз мақаламызды қорытындылауды жөн көрдік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. - Алматы: РБК, 1993. - 16 б.
- 2 Сарсенбаев Н. Обычай, традиции и общественная жизнь. - Алматы, 1965. - 326 б.
- 3 Сейтқұлов Н.А. Этнопедагогикалық ортаның тәрбиелік мүмкіндіктерін іске асыру // Тәрбие құралы. - 2010. - № 1. - Б. 9-11.



### **ІІІ СЕКЦИЯ**

#### **КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

##### **КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

**Назарбекова Булгын Сейтказиевна**

Бастауыш сынып мұғалімі, Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназия, Тараз қ.

**Уразынбет Жансұлу Сейлханқызы**

Ш.Мұртаза атындағы ХТИИ, 1-курс студенті, Тараз қ.

Әдебиеттің адам жанын тәрбиелеуде, ұлттың рухани болмысын айқындауда маңызды рөл атқаратыны белгілі. Осыған байланысты белгілі әдіскер Қ.Бітібаеваның: «Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану құралы» десе, «әдебиет пәнін адам тәрбиелеу құралы» дер едік» [1,9],- деген пікірін тілге тиек ету артық болмас.

Көркем әдебиет әр адамның дүниетанымын қалыптастыруда, эмоционалдық интеллектісі мен мәдени мұрасын дамытуда маңызды рөл атқарады. Оны оқу адамның ой-өрісін кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың ақыл-ой қабілетін арттырады. Дегенмен, көркем шығармаларға тән құндылықтар мен білімді тиімді жеткізу үшін әдебиетті тиісті әдістерді қолдана отырып оқытудың маңызы зор.

Аса көрнекті әдіскер-ғалым М.А. Рыбникова «Әдістеме» дегеніміз – уақытты үнемдей білу. Оқушы үшін жігерін ақылмен жұмсау, оқу материалынан негізгі және басты мәселелерді таба білу, сыныптың еңбегін ұйымдастыру шеберлігі, оқушылардың әр түрлі жеке әрекеттеріне ықпал етуді алдын-ала ұйымдастыру»,-деп әдістеме ғылымына анықтама береді. Әдістеменің жалпы құрылымы жайында В.В.Голубков былай дейді: «Қай пән бойынша болмасын барлық әдістеме оқытушы жұмысының ұсынымдарын,

материалдарын және әдістерін құрастырумен өзара ұқсас, сондай-ақ олар не үшін, нені және қалай деген үш негізгі сұрақтарға жауап береді. [2,10]

Көркем әдебиетті оқыту әдістемесі жай ғана ережелер мен қағидалар тізбесі емес, әр әдеби шығарманың ерекшеліктерін түсінуді, шығармашылық көзқарасты қажет ететін өнер. Бұл бағыттағы табысты жұмыс мұғалімнің құзыреттілігін, мәтіндерді талдай білуді, олардың терең мағынасын түсінуді, студенттерді әдеби шығармаларды белсенді талқылауға және зерттеуге тартуды талап етеді.

Көркем әдебиетті оқытудың бірнеше әдістері бар, олар оқуды қызықты және нәтижелі етеді. Оларға мәтінді талдау, пікірталас, шығармаларды салыстыра оқыту, рөлдік ойындар, шығармашылық тапсырмалар және оқытуда заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану жатады. Бұл әдістердің әрқайсысы студенттердің әртүрлі дағдыларын дамытуға бағытталған - аналитикалық ойлаудан шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дейін.

Ал, Академик Ю.Н. Бабанский өзінің «Оқу-тәрбие процесін оптималдандыру» деген еңбегінде (1982 ж., «Просвещение», 177-бет) әдістерді мынадай үш топқа жинақтайды.

1. Оқушылардың оқу-таным қызметін ұйымдастыру әдістері.
2. Оқушылардың оқу-таным қызметін көтермелеу әдістері.
3. Оқу-таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістері [2,19].

Көркем әдебиетті оқыту әдістемесін таңдауда оқушылардың жеке ерекшеліктерін де ескерген жөн. Әртүрлі білім беру тәсілдері, мәдениетаралық көзқарас және заманауи әдеби ағымдар мен технологияларды пайдалану мектеп оқушыларының әртүрлі аудиториясы үшін оқуды қызықты және қолжетімді етеді.

Олай болса, көркем әдебиетті оқытудың дұрыс ұйымдастырылған әдіс-тәсілдері оқушылардың сауаттылығы мен мәдени танымдық деңгейін арттырып қана қоймай, жаңа дүниелерді ашуға, өзіндік шығармашылық жетістіктерге жетуге шабыттандырады.

Көркем әдебиет оқу-тәрбие үрдісінде басты рөл атқарады, оның маңыздылығын бағалау оңай емес. Көркем әдебиеттің білім беру үшін маңызды болуының бірнеше себебі бар:

1. Эмоционалдық интеллектті дамыту: Көркем әдебиет балалар мен ересектерге әртүрлі сезімдерді, эмоцияларды түсінуге және сезінуге, кейіпкерлерге эмпатия жасауға көмектеседі, осылайша олардың эмоционалдық интеллектін дамытады.

2. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту: Әдеби шығармаларды оқу, талдау барысында алынған ақпаратты талдап, қорытынды жасай білу, шығарма мазмұнына сыни көзқараспен қарау қажет, бұл сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға ықпал етеді.

3. Құндылық бағыттарын қалыптастыру: Көркем әдебиет шығармалары көбінесе маңызды жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральдық проблемаларды қозғайды, бұл студенттердің құндылықтары мен адамгершілік сенімдерінің өзіндік жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді.

4. Тіл байлығын, әдеби сауаттылығын дамыту: Әдеби шығармаларды оқу сөздік қорын молайтуға, жазу және сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, сөйлеу мәдениетін арттыруға көмектеседі.

5. Мәдени әртүрлілікті түсіну: Көркем шығармалар арқылы оқушылар басқа халықтардың әртүрлі мәдениеттерімен, салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен және тарихымен танысады, бұл олардың мәдени баюына және толеранттылығына ықпал етеді.

Жалпы, көркем әдебиет адамның интеллектуалдық дүниесін байытып, оның тұлғасын дамытып қана қоймайды, сонымен бірге адамгершілік, эстетикалық, этикалық ұстанымдарының қалыптасуына да әсер етеді. Ол мәдени білімі терең, дүниетанымы кең, үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбиенің құрамдас бөлігі.

Көркем әдебиетті оқытудың көптеген тиімді әдістері бар, олар оқуды қызықты және нәтижелі етеді. Төменде осындай бірнеше әдістер берілген:

1. Мәтінді талдау: Бұл әдіс шығармалардың құрылымын, сюжетін, образдарын, стильдік ерекшеліктерін, терең мағыналарын талдауға баса назар аудара отырып, әдеби

шығармаларды жан-жақты зерттеуді қамтиды. Студенттер мәтіндерді жеке элементтерге талдай алады, олардың мағынасын және шығарманы жалпы қабылдауға әсерін талқылай алады.

2. Топтық талқылаулар: Сыныптағы пікірталастарды ұйымдастыру студенттерге белсенді түрде пікір алмасуға, әртүрлі көзқарастарды талдауға, дәлелдеу мен риторика дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Пікірталас шығармаларды тереңірек түсінуге және сыни ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Шығармашылық қабілеттерді пайдалану: Өзіндік әңгіме жазу, өлең шығару, кейіпкерлерге ұқсастық жасау және басқа да шығармашылық қабілеттер оқушылардың материалды жақсы түсінуіне және шығармашылық қабілетін көрсетуіне көмектеседі.

Профессор Ә.Қоңыратбаев «Әдебиетті оқыту методикасы» атты еңбегінде :»Оқушыларға мақала, өлең, очерк, шарж, аннотация жаздырып үйретуде мектеп газеттерінің мәні зор», - дейді.[3,127 ]

4. Ойын техникасы: Рөлдік ойындар, викториналар, үздік шығармашылық жұмыс байқауы, шығармалар бойынша квест ойындары – мұның барлығы студенттерге шығарманың атмосферасын жанды түрде сезінуге, әдеби процестің бір бөлігіне айналуға және, болашақта мәтіндерді жақсырақ түсінуге көмектеседі.

5. Заманауи технологияларды пайдалану: Интерактивті тақта, интернет-ресурстар, мультимедиялық презентациялар, бейнематериалдар сияқты заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту үдерісіне тарту оқу үдерісін оқушылар үшін қызықты әрі тартымды етуге көмектеседі.

Көркем әдебиетті оқытудың тиімді әдістемесі әр алуан тәсілдерді біріктіріп, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, сыни ойлауын, шығармашылық пен эмоционалдық интеллектін дамытып, жалпы оқуға, әдебиетке деген қызығушылықты оятуы керек.

Көркем әдебиетті тиімді оқытуда оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай әдеби шығармаларды іріктеу, оқуға, әдеби шығармашылыққа деген қызығушылықты ояту әдіс-тәсілдері маңызды рөл атқарады. Міне, осы мақсаттарға жету үшін қолдануға болатын бірнеше әдістер:

1. Индивидуалды тәсіл: Әдеби шығармаларды таңдауда әр жас тобының жас ерекшеліктерін ескерген жөн. Кіші мектеп оқушылары үшін үлкен суреттері мен ойын элементтері бар кітаптар таңдалады, жасөспірімдерге олардың қызығушылықтары мен мәселелерін көрсететін шығармалар ұсынылады, студенттерге – күрделірек және философиялық мәтіндер қызығырақ.

2. Интерактивті әдістер: Рөлдік оқу, кітап трейлерлерін жасау, дөңгелек үстел, «Бұл кім?» ойындары сияқты интерактивті әдістерді қолдану сабақты қызықты әрі оқушыларға тартымды ете алады.

3. Әдеби үйірмелер: Оқушылар шығармаларды талқылайтын, пікір алмаса алатын, өз бетінше әңгіме немесе өлең жаза алатын әдеби үйірмелер ұйымдастыру кітап оқуға деген қызығушылықты, әдеби шығармашылықты дамытуға көмектеседі.

4. Заманауи технологияларды пайдалану: Цифрлық білім беру ресурстары, аудио және бейнематериалдар, мобильді оқу қосымшалары сияқты заманауи технологияларды пайдалану қазіргі заманғы студенттер үшін оқу процесін тартымды етеді.

5. Қолдау және мадақтау: Әдебиет саласындағы белсенділіктері, қызығушылықтары мен шығармашылық идеялары үшін студенттерді марапаттау маңызды. Қолдау, мақтау және жеке кері байланыс оқуға қызығушылық пен мотивацияны күшейтуге көмектеседі.

Осы әдістердің тиімді үйлесімі оқушылардың әртүрлі жас санаттарына сәйкес келетін әдеби шығармаларды таңдап қана қоймай, олардың оқу және әдеби шығармашылық саласындағы қызығушылығын, қиялын және шығармашылық қабілетін ынталандыруға мүмкіндік береді.

А.О.Кәріпжанова «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» атты оқу құралында: «Сабақтың әсерлілігін арттыру үшін репродуктивті, эвристикалы, зерттеу,


шығармашылық әдістер мен қосымша материалдар, әдебиеттер, дәйектемелер, фактілер келтіру, көрнекті тұлғалардың кітаптарын, суреттерін, буклеттер, рефераттар, магнитофон, грам жазу, кинофрагменттер және басқа да техникалық құралдарды пайдалану ұсынылады». ,- деген екен [4,6].

Қорытындылай келе, көркем әдебиеттің қазіргі білім берудегі орны мен оны оқыту әдістемесін зерттеу – терең талдауды, жаңашыл әдіс-тәсілдерді дамытуды қажет ететін елеулі тақырып екені мәлім. Әдебиет саласындағы білім сапасына заманауи әдістемелердің ықпалын қарастыру оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруге және студенттердің қызығушылығын оятуға жол ашады.

Бұл бағыттағы зерттеулерді одан әрі жалғастыру көркем әдебиетті оқыту әдістемесін жетілдіріп қана қоймай, оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын дамытуға, сыни ойлауын қалыптастыруға, мәдени сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Оқытуда инновациялық тәсілдер мен педагогикалық технологияларды пайдалану әр оқушының табысты оқуы мен тұлғалық дамуының кепілі болмақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан». 1997 – 288 бет.
2. 5В010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құрал / Д.Х. Кушмурзина, К.Б. Шинбулатова. – Қостанай: Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің баспасы, 2018. – 152 б.
3. Ә.Қоңыратбаев. Әдебиетті оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1966.
4. А.О. Кәріпжанова, Т.Қ. Қасенова. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Павлодар: Кереку, 2015.- 141 б.



## **КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ – КОНЦЕПТУАЛДЫ ТАЛДАУ**

**Байжолова Айсулу Қуантаевна**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Бүгінгі таңда көркем әдебиетте адамзат қауымының ғасырлар бойғы тіл арқылы дүние бейнесін тануға ұмтылған талабынан келіп, шындық болмысты танудың белсенді формасы болып табылатын тілді тұтынушы, дүниетаным өзегі – тілдік тұлғаны зерттеу проблемасы бой көтерді. Адамзат қоғамы дамып, өркендеген сайын оның таным-білімі, ой-өрісі арта түсетіні заңды құбылыс. Осымен байланысты санада қалыптасқан ұғымды таныту деңгейі де кеңейе түсетіні белгілі. Осыдан келіп, ғалымдар танымды тіл білімінің нысаны ретінде қарастырып зерттеуге ерекше мән бере бастады. Демек, көркем шығарма тілін таным тұрғысынан зерттейтін жаңа бағыт – лингвокогнитология ерекше орынға ие.

Лингвокогнитологияның негізін зерттеу нысаны – концепт. Концептілік зерттеулер жөнінде сөз қозғағанда, бізді ең алдымен, концептілік зерттеулердің қазақ тіл біліміне келуінің себептері қызықтырады. Жалпы тіл білімінде концептілік зерттеулердің немесе зерттеудің жаңа бағыттарының басталуы жөнінде түрлі пікірлер кездеседі. Таным әр уақытта ділге, ал діл танымға тәуелді болғандықтан концептілік зерттеулерді ұлттық болмыс мәселесін талқылаудың белсенділігімен де байланыстыратын пікірлер ұшырасады. Десек те, ең басты себеп адам баласының танымдық үдерістеріне, ойлау әрекетінің өніміне қызығушылықтан болса керек.

Көркем шығарма тіліне когнитивтік талдау жасау арқылы тек жеке тілдік тұлға санасындағы ғаламның тілдік бейнесін ғана емес, тұтас бір ұлттың қоршаған орта туралы



ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесін, болмыс-бітімін тұтастай тануға болады. Көркем шығарма тілінде ұлттың тек өзіне ғана тән дүниетанымдық түсініктері болады. Лингвокогнитолог Г.Әбікенованың анықтауы бойынша: «Ұлттық дүниетаным дегеніміз – қандай да бір этностың басқаларға ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі, өмір сүру дағдысы, адам және оның сол дүниедегі тіршілігіне деген көзқарасы»[1,33]. Ғалым өз еңбегінде когнитивті лингвистиканың дамуымен байланысты анықталып алуға тиісті ұғымдар мен бірліктердің ең негізгісі - «ғаламның тілдік бейнесі» теориясына қатысты болып келетінін баса айтады. Адам баласы қоршаған ортаны тіл арқылы таниды және сол тілдің қоғамдық даму сатысында жинақталған ұлттық тәжірибе арқылы ұлттың танымын көрсететін «ғаламның тілдік бейнесін» қалыптастырады. ХХІ ғасыр лингвистерінің пайымдауынша, көркем шығармалар мәтінін лингвокогнитивтік аспектіде жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеп-зерделеу мәселесі күн тәртібіне қойылғалы шығарманың табиғатын толық ашатын ұлттық, мәдени-танымдық ақпараттарға қол жеткізуге болады.

Көркем шығарма тілі мәселесін когнитивтік лингвистика аясында зерттеудің мәні өте зор. Лингвостилистика шеңберінде көркем шығармаға, оны жасаушы автор тіліне, автордың шеберлігіне стилистикалық талдау жасалса, жаңа бағыт аясында көркем шығарма тіліне танымдық тұрғыдан талдау жасалады. Кез келген халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, танымы, білімі, ойы, психологиясы, талғамы, наным-сенімі, болмыс-бітімі, тарихы – бәрі де көркем шығармада бейнеленіп, көркем шығарма тілі арқылы сақталып, ұлттық құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Көркем шығарма тіліне танымдық талдау жасау арқылы сол халықтың санасындағы әлемнің бейнесін, қоршаған ортаның болмыс-бітімін тұтастай тануға болады. Ал мұндай зерттеу жұмыстары орта мектеп оқушыларынан бастап, сабақ процесінде ішінара жүзеге асырылатын болса, тұлғаның зерттеу мәдениетін қалыптастыру мәселесі едәуір жүйеге түсетіні сөзсіз. Өзімнің мектеп мұғалімі ретінде зерттеп-зерделеу жұмыстарымның нәтижесінде дарынды балалармен ғылыми жоба жазу жұмысында концептуалды талдау жасаудың үлгілерін қолдану тәсілдерім нәтижеге бағыттталып, бүгінгі таңда оқушылар арасында қызығушылыққа және нәтижелерге ие болуда. Сондықтан бұл мақалада концепт мәселесі, оны оқушыға меңгерту, концептуалды талдаудың кестесін ұсыну арқылы тұлғаны зерттеуге баулу турасындағы жұмыстарымның нәтижесімен осы мақалада бөліспекпін.

Когнитивті лингвистиканың зерттеу нысаны – концепт. Ғалым Ш.Елемесова «Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары» зерттеуінде «концепт» түсінігін былай қарастырған: «Концепт салт-дәстүр, ауыз әдебиеті үлгілері, дін мен идеология, адамның өмірлік жеке тәжірибесі мен мәдени маңызды құндылықтар жүйесінің өзара әрекетінің нәтижесінде қалыптасатын «әлем бейнесінің» ментальді құрылымын көрсетеді» [2,94]. Демек, кез келген халықтың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, танымы, білімі, ойы, психологиясы, талғамы, наным-сенімі, болмыс-бітімі, тарихы – бәрі де көркем шығармада бейнеленіп, көркем шығарма тілі арқылы сақталып, ұлттық құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Оқушылармен бірігіп көркем шығарма тіліне танымдық талдау жасау арқылы сол халықтың санасындағы әлемнің бейнесін, қоршаған ортаның болмыс-бітімін тұтастай тануға болады. Ал Ғалым А.Исламның айтуынша, концептілерді талдау барысында төмендегідей бірізділік ұсталынады: сөздіктегі анықтамасы; концептің мағынасы мен оның әр түрлі философиялық және діни жүйелердегі орны; концептің фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің түзілуіне немесе қолдануына әсері; белгілі бір концептіге байланысты сюжеттің, немесе образдардың пайда болуы [3,58].

Жалпы кез келген сөз концепт бола алмайды. Сондықтан алдымызда отырған оқушыға ең алдымен концепт болатын сөздердің белгілерін түсіндіреміз. Біз жоғарыда келтірілген ғалымның анықтамасын мектеп оқушыларының жас ерекшелігіне сай қылып, өзімізше өрбітіп, оқушымен бірге концептуалды талдауға талпыныс жасадық. Ең алдымен сөздің анықтамасына мән беру керектігі айтылған. Біз жазушы Шерхан Мұртазаның әйгілі “Қызыл жебе” роман-трилогиясының үшінші томына атау болған “Жұлдыз көпір” атауына

ерекше мән бердік. Бұл шығармаға жазушы «Азаптардан – жұлдызға жол» [4] деген латын сөзін эпиграф етіп алыпты. Үңіле қарасақ, осы сөздің өзіне талай нәрсе сыйып кеткендей.»Жұлдыз көпірде» жазушы Тұрардың жасындай жарқылдаған, жұлдыздай жарқыраған кезін суреттейді.

Қазақ әдебиетінің белді өкілі Шерхан Мұртазаның жазған іргелі шығармаларының бірі, әдеби ортада үлкен қызығушылық тудырған «Қызыл жебе» романы ұлт табиғатын, болмысын, танымын, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ұлт мәдениеті мен рухани қазынасын жан-жақты, әр қырынан танытатын көркем туынды болып табылады. Жазушының «Қызыл жебе» романы ең әуелі ұлттық дүние бейнесін көз алдымызға әкеліп, ұлттық менталиттен хабар береді. Шығарма кейіпкерінің жай-күйін, заттар мен құбылыстарды суреттеу түрлі тілдік тәсілдер арқылы ерекше бір қайталанбас ұлттық нақышпен өрнектелген. Көркем шығармада автор өзінің өмірге көзқарасын, ой-пікірін, ақиқат дүниеге қатынасын білдіріп отырады. Адамның ақиқат дүниеге қатынасы тілдік құралдар арқылы беріліп, соның негізінде ақпарат жүйесі қалыптасады. Бұл ғалам бейнесін бейнелейтін ақпарат жүйесі автордың ғалам туралы концептуалды тұжырымдамаларынан көрінеді. Кез келген концептіден этностың дүние-болмысқа қарым-қатынасын, оларға деген бағасын, менталитетін, психофизиологиялық ерекшеліктерін аңғаруға болады. Осы тұрғыдан алғанда жазушы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы – концептілерге бай, зерттеуді қажет ететін туынды.

Көркем шығарма тілін когнитивтік лингвистика аясында зерттеудің мәні зор. Көркем шығарма тіліне танымдық талдау жасау арқылы сол халықтың санасындағы әлемнің бейнесін, қоршаған ортаның болмыс-бітімін тұтастай тануға болады. Жазушы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы автордың ғалам туралы концептуалды тұжырымдамаларынан сол кезеңдегі тұтас бір ұлттың ғалам бейнесін бейнелейтін ақпарат жүйесін көреміз. Бұл мәселені лингвокогнитивтік аспект тұрғысынан қарастыру – әлі қолға алынбаған әрі кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Романның үшінші бөліміне атау болып, жанымызға ерекше әсер еткен “Жұлдыз көпір” тақырыбын негізге ала отырып, біз “Жұлдыз” сөзіне концептуалды талдау жасап көрдік.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» жұлдыз сөзіне мынандай түсінік берілген:

Жұлдыз I- (лат. Stella немесе astrum; астрономиядағы белгісі:) — массасы ерекше ауыр, өзегіндегі термоядролық реакция арқылы айналасына тұрақты жарық шығаратын, плазмалық газ және плазма күйдегі аспан денесі.

Жұлдыз II-қазақ тілінде жұлдыз сөзі кең мағынада қолданылады: барлық аспан денелерін (күн, ай, Марс, Шолпан, құйрықты жұлдыздар т.б.) жай тілмен жұлдыз деп бірдей атай береді.

Жұлдыз III – ауыспалы мағынада абырой, бедел[5,12].

Жұлдыз сөзіне қатысты философиялық ой-толғаныстар, нақыл сөздер көп және оның барлығы халықтың ғалам туралы танымдық көзқарасынан туындайды.

Жұлдыз жайлы философиялық ой-толғаныстармен қатар діни тұрғыда да тұжырымдар айтылған. Жұлдыз туралы тұжырымдар хадисте немесе пайғамбарлардың сөзінде кездеседі. Жұлдыздар жайлы Құран Кәрімде 18 аятта айтылып, бірнеше тақырыпты қамтыған. Жолдарыңнан адасар болсаңдар сіздерге жол көрсетуші, түс жорамалы, әдемілік және ібілістерді қуу мақсатында қолданылғаны туралы тақырыптарды қамтыған. Қасиетті Құран Кәрімнің «Мүлік» сүресінің 5-аятында Алла Тағала: «Біз ең бергі аспанды (жарқыраған жұлдыздары) шырақтармен безендірдік әрі бұларды (періштелердің хабарын ұрлауға келген) ібілістерді ату үшін жасадық және оларға (ібіліске) тозақ азабын дайындап қойдық» деп бұйырған. “Саффат” сүресінде былай делінген: “Дүние аспанын жұлдыздармен безендіріп қойдық. Және Құдайдан безген барлық шайтаннан қорғадық. Олар жоғарғы әлемді тыңдай алмайды”[6,33]. Аят мазмұнынан жұлдыздардың тың тыңдаған жындарға қарсы атылған оқ болуы мүмкін екенін аңғаруға болады.

Қазақ танымындағы жұлдыз бейнесін қазақтың фразеологизмдері мен мақал-мәтелдерінен де кезіктіре аламыз. Қазақ тілінде “жұлдыз” сөзінің аясында кездесетін мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер баршылық. Айы оңынан, жұлдызы солынан туу, жұлдызы қарсы, жұлдызы жану, жұлдызы сөну, жұлдызы теңесу, жұлдызы жоғары фразеологизмдері мен “Жеті қарақшыны таныған адам,

Жеті қараңғы түнде адаспайды”, “Үйінде ұл-қызы бардың, Көгінде сөнбес жұлдызы бар”, “Тамам кедей жиылып құдай берген байдай жоқ, Тамам жұлдыз бірігіп бірден туған айдай жоқ”, “Үлкерлі айдың бәрі қыс”, “Жаяудың жұлдызы болмас, қалың құлан даусыз болмас”[7,32] мақалдарын мысалға келтіруге болады. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті саласында жұлдыздың көркем образын ашатын, жұлдыз бейнесін сипаттайтын шығармалар да бар. Осы тұста, әдебиет сүйер қауымға етегін таныс Сәбит Мұқановтың Шохан Уәлиханов туралы жазған атақты “Аққан жұлдыз” романы, Бауыржан Момышұлының аяқталмай қалған “Қара жұлдыз” ертегісі, Жолтай Алмашұлының “Жетім жұлдыздар” хикаяты, бірқатар ақындардың жұлдыздар жайлы өлеңдерінатап айтуға болады.

Жоғарыда келтірілген зерттеу жұмысында концепт болып табылатын сөздің анықтамасын, мақал-мәтелдерде, фразеологизмдер құрамында кездесуін, діни және көркем әдебиетте сипат алуын, тұлғалардың нақыл сөздерінде көрініс табуын талқыладық. Мұндай зерттеу жұмысы концептуалды талдаудың реттілігіне жатады. Төмендегі кестеге мектеп оқушыларына зерттеуге ұсынуға болатын концептуалды талдаудың үлгісін түсірдім:


Концепт	Сөздіктегі анықтамасы	Мақал -мәтелдер кездесуі	Тұрақты тіркестер құрамында кездесуі	Діни әдебиеттерде кездесуі	Көркем әдебиетте кездесуі
Жұлдыз	<p>Жұлдыз I - (лат. Stella немесе astrum; астрономиядағы белгісі:) — массасы ерекше ауыр, өзегіндегі термоядролық реакция арқылы айналасына тұрақты жарық шығаратын, плазмалық газ және плазма күйдегі аспан денесі.</p> <p>Жұлдыз II - қазақ тілінде жұлдыз сөзі кең мағынада қолданылады: барлық аспан денелерін (күн, ай, Марс, Шолпан, күйрықты</p>	<p>“Жеті қарақшыны таныған адам, Жеті қараңғы түнде адаспайды”, “Үйінде ұл-қызы бардың, Көгінде сөнбес жұлдызы бар”, “Тамам кедей жиылып құдай берген байдай жоқ, Тамам жұлдыз бірігіп бірден туған айдай жоқ”,</p>	<p>Айы оңынан, жұлдызы солынан туу, жұлдызы қарсы, жұлдызы жану, жұлдызы сөну, жұлдызы теңесу, жұлдызы жоғары.</p>	<p>«Мүлік» сүресінің 5-аятында Алла Тағала: «Біз ең бергі аспанды (жарқыраған жұлдыздары) шырақтармен безендірдік әрі бұларды (періштелердің хабарын ұрлауға келген) ібілістерді ату үшін жасадық және оларға (ібіліске) тозақ азабын дайындап қойдық» деп бұйырған. “Саффат” сүресінде былай делінген: “Дүние</p>	<p>Сәбит Мұқановтың Шохан Уәлиханов туралы жазған атақты “Аққан жұлдыз” романы, Бауыржан Момышұлының аяқталмай қалған “Қара жұлдыз” ертегісі, Жолтай Алмашұлының “Жетім жұлдыздар” хикаяты, бірқатар ақындардың жұлдыздар жайлы өлеңдері.</p>

жұлдыздар т.б.) жай тілмен жұлдыз деп бірдей атай береді.	“Үлкерлі айдың бәрі қыс”, “Жаяудың жұлдызы болмас, қалың құлан даусыз болмас” .	аспанын жұлдыздармен безендіріп қойдық. Және Құдайдан безген барлық шайтаннан қорғадық. Олар жоғарғы әлемді тыңдай алмайды”.
Жұлдыз III – ауыспалы мағынада абырой, бедел.		

Байқағанымыздай, концептуалды кесте арқылы талдау жасауда мектеп оқушылары қызығушылық көрсетіп, деректерді табуға, өңдеуге, ізденуге талпынады. Мұндай зерттеу оқушының танымдық білімін арттырып, ізденуге құлшынысын туғызады. Сонымен қатар мол рухани білім алып, ұлттық құндылықтарымызбен сусындайды, сол арқылы зерттеушілік дағдысы дами түседі. Сондықтан да концептуалды талдау жұмысын мектеп қабырғасынан бастап қолға алудың маңызы орасан зор.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :

1. Әбікенова Г.Т. Когнитивті лингвистика. Оқу құралы ф.ғ.к., - Семей: 2008. - 118 бет.
2. Елемесова Ш.М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсіреповтің “Қазақ солдаты” романы бойынша) – Алматы, 2003. – 127б.
3. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: филол.ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2004. – 229 б.
4. Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы Тұрар бейнесі. Әдебиет порталы. Алматы, 2017 жыл.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 6-том. Қ(қанаттастық – қыркұлақ). – Алматы: ҚазақССР-нің «Ғылым» баспасы, 1982-624б.
6. Құран Кәрім, Алматы, «Ан-Арыс», 245б.
7. Мақал-мәтелдер жинағы [https://massaget.kz/mangilik\\_el/tup\\_tamyir/asyil\\_soz/44118/](https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/44118/)



### III. МҰРТАЗАНЫҢ «БЕСЕУДІҢ ХАТЫ» ДРАМАСЫН ОҚИТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ: БІЛІМ БЕРУДІҢ ГУМАНИСТІК ПАРАДИГМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

**Бейсбаева Айнур Оразовна**

Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектеп, Т. Рысқұлов ауданы

Қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік парадигманы оқу үрдісінде қолданғанда ұлттық тарихымыз бен мәдениетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаларымыздың рухани мұрасын заман сұранысына сай тереңдете оқытқанымыз жөн. Бұл орайда қоғам

қайраткері, жазушы Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасын оқытудың орны ерекше. Қазақстанның халық жазушысы Ш.Мұртазаның қоғам қайраткері Т. Рысқұловтың өміріне арналған «Бесеудің хаты» драмасы гуманистік сипатта жазылған. Адамзат тарихы бастан кешкен қоғамдық формацияны көзбен көріп, уақыты келгенде талай архивтерде зерттеу жүргізген драматург Т. Рысқұловтың басынан кешкен оқиғаларын әр түрлі жанрда көркем бейнелеген. Ш. Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасындағы кейіпкерлер арқылы ең басты мәселе адами құндылықтар мен жалпы адам болмысын терең тануға талпыныстар жасалынып, автордың ашып көрсеткісі келген басты идеясының бірі адам табиғатын сан қырынан саралап түсіндіруге арналады. Шығарманың құндылығы осы кейіпкерлерінің реалистік тұрғыда бейнелеуінде.

Бүгінгі таңда әлемнің барлық алдыңғы қатарлы дамыған елдері білім беру жүйесін заман талабы мен сұранысына сәйкес қарқынды түрде дамытуда. Осы орайда елімізде барлық елдерінің білім беру саласы сараланып, озық деп танылған үлгілерді қолдануда. Себебі білім дегеніміз адамзат бойындағы барша құндылықтың көзін ашатын, қоғамды алға дамытатын мұра. Сондықтан оқытудың әдістемелік жүйесінде білімді жеке тұлғаны қалыптастыру барысында білім мен ғылым, тәрбие жан-жақты сабақтастырыла тың бағыттарда зерттеліп отыр. Әлемдік білім беру тәжірибесінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында жиі қолданылып келе жатқан парадигманың бірі - «гуманистік» парадигма. Мақсаты жастарды адамгершілік, мораль нормаларына сай тәрбиелеп, нәтижесінде әр баланы әлемде болып жатқан жағдайларға бей-жай қарамайтын, жаңалыққа, жаңа тәжірибеге ашық, өзін дамыта алатын, еркін әрекет субъектісі етіп қалыптастыру болып табылады. [4, 6.4] Қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік парадигманы оқу үрдісінде қолданғанда ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан біртуар тұлғаларымыздың шығармаларын заман сұранысына қарай тереңдете оқытқанымыз дұрыс. Бұл орайда халық жазушысы Ш.Мұртазаның қазақтың біртуар тұлғасы Тұрар Рысқұловтың қызметтік өмірінің бір сәтінен көрініс берген «Бесеудің хаты» драмасын оқытудың орны ерекше болмақ. Сонымен қатар реалист жазушының Т. Рысқұловтың өміріне арналған повесі мен романдарында, драмаларында тарихи факты мен өмір шындығының суреттелетінін оқушы бойына сіңіруді есте естен шығармағанымыз абзал. Мәселен, тарихи шындық тұрғысынан алғанда «Бесеудің хаты» драмасы өмірде болған нақты оқиғаның негізінде жазылған. Тіпті шығармадағы кейіпкерлер мен тарихи жер аттары да қазіргі таңда сол қалпында сақталған.

Ш. Мұртазаның Т. Рысқұловтың өмірінен сыр шертетін шығармаларын оқытуда оның негізгі идеясы «гуманистік» идея болғандығын ескергеніміз жөн. «Бесеудің хаты» драмасында сол замандағы қазақ зиялыларының тұрмыс-тіршілігі, іс-әрекеттері, мінездері – осының бәрі адамгершілік идеялары – еліміздің бас бостандығы, халықтың басына түскен нәубаттың шешімін табу, әл-ауқатын көтеру, әділеттілікті жақтау тұрғысынан ашып көрсетіледі. Драмада осы аталған идеяларды оқушының дұрыс түсініп, өзіндік пікір қалыптастыруына, шешім қабылдауына бағдар беру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді іріктеп қолдануға болдады. Мәселен, Бағалау және салыстыру дағдысында берілген сабақ мақсаттары - 10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; 10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау [3, 5]. Осы мақсаттарды меңгертуде қазақ әдебиеті пәнінде графикалық органиайзерді құрастырып ұсынған дұрыс.

Шығарманың тарихи негізі:			
Қоғамдық саяси сипаты:			
кейіпкер	Тұрмыс-тіршілігі	Іс-әрекеті	мін езі
1. Рысқұлов			

2. Ғ. Мүсірепов			
3. М. Ғатаулин			
4. Е. Алтынбеков			
5. М. Дәулетқалиев			
6. Қ. Қуанышев			
Адамгершілік - шығармадағы басты құндылық /эссе/ 150-200 сөз:			

Б. Д. Жұмақаева «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» оқулығында: «Әдебиеттің өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып, ондағы дәстүр мен жаңашылдық, әдеби кезеңдер, оның адамзат тарихымен тығыз байланысы туралы білімдерін қалыптастыру» деп әдебиет пәнін оқытудың міндеттерінде атап көрсетеді. [1,15] Аталған қағидаға негізделіп құрастырылған графикалық органайзерде оқушы көркем туындыдағы жазушы ойына көз жүгіртеді. Тарихи оқиғалардың қоғамдық саяси сипатына түсінік береді. Кейіпкерлерінің іс-әрекеті мен мінез-құлқына, қызметіне даралап талдайды. Сондай-ақ драматург осы шығармасын не үшін, қандай жағдайға байланысты жазғаны, оны жазуға себепші болған оқиғаларға назар аударады, бағалау жасайды.

Бүгінгі білім беру үрдісіндегі «гуманистік» парадигманың негізінде қаламгердің драмасын оқытуда гуманистік құндылықтарды дамыту арқылы жеке тұлғаның бойында қайырымдылықты, шыншылдықты, әділдікті, еркіндікті қалыптастырудың тиімді әдісінің бірі болары анық. Осы орайда оқушыларға «SWOT талдау» әдісін қолдануды ұсынған дұрыс. Себебі білім алушылардың бір мәселе бойынша ойлау, талдау, салыстыру қабілетін дамытады және өз пікірлерін ашық айтуға бағыттайды. Бұл әдіс мәтін мазмұнымен танысып оны талдауда қолданылады. Бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіріледі. [5, 40] сыныпты 4 топқа бөліп тапсырмалар ұсынылады. Топтарға талқыланатын талдаудың бір бағыты беріледі. Мәселен, 1-топқа **S /Strengths/** – мықты жағы- 1930-1933 жылдарда қолдан жасалған ашаршылық жайлы толықтай мәлімет береді. Хат жазған кейіпкерлерді атап көрсетеді. 2-топқа **W /Weaknesses/** – әлсіз жағы – хатта көрсетілген қазақ елінің, басшылығының әлсіз тұстары – ашаршылықтың ауыр нәубетіне, қазақ халқының бастан кешкен қиын жағдайы, соншама сұраусыз көз жасы мен қырғынға кінәлі адамдардың жауапсыз қалғаны туралы талқылау жасайды. 3-топқа **O /Opportunities/** – мүмкіндіктері – «...Мал басының қисапсыз кеміп кетуі көптеген қазақ аудандарын қамтып, адамдардың жаппай қырылуына әкеп соққан ашаршылық жөнінде әлі күнге дейін ауыз ашпай отыру қаншалықты дұрыс?...» деген батыл сауалмен басталған хаттың қазақ елін құтқаруға зор мүмкіндік екеніне баса назар аударылады, сауал қойған кейіпкерге жеке тоқталады. 4-топқа **T /Threats/** – қауіп-қатерлер. Хат жазған бесеу мен Т. Рысқұловтың басына төнген қауіп. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығына баға беруге, талдауға бағытталған үзінді ұсынылады. Үзіндіге пьеса эпилогындағы Т.Рысқұлов пен Ғ. Мүсіреповтің ана дүниедегі пайымын оқу беріледі. Азаттықтың қандай қасіретпен келгенін ұғындырады. Бұл драмалық туындыда хат жазған Бесеу мен Т. Рысқұловтың қасіретке душар болған халықтың жанашыры, қорғаны болуға ұмтылып, босып кеткен халықтың ауыр халін тебірене жазуынан, талқылауынан гуманистік сипаттың пафосы сол кездің өзінде аса жоғары болғандығы байқалады.

Шығарма жан-жақты талқыланып, талданып болған соң оқушыларға бес-бестен бөлініп, «РАФТ» әдісімен сол замандағы қоғамға бірінші жақтан Бесеудің хатын жазуды ұсынуға болады.

Рөл – 21 ғасырдың білім алушысы

Форма – хат

Аудитория – 1930-1933 жылдардағы аштықты қасақана ұйымдастырушылар.


Тақырып - «Ашаршылықтың ауыр зардабы: бүгінгі қазақ елінің ұландары хат жолдайды».

Гуманистік парадигманың көздеген негізгі мақсатының бірі білімді, жаны ізгі жасөспірімдерді тәрбиелеп, әр ісінің нәтижесіндегі құндылықтарды ізгілікке, отаншылдыққа бағыттау. Сол арқылы қоғамда заманына сай ұлттық, азаматтық құндылықтарды бойына молынан сіңірген, жаңаша ойлайтын тұлғаларды қалыптастыру.

Қорыта айтқанда, қоғам үнемі жетіліп, дамып отыратындықтан, оқытудың жаңа әдістемесі пайда болады. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерімен білімді жаңаша бойына дарытып меңгерген әрбір жеке тұлға заманына сай қоғамдық өмірге белсенді қатысатын, әдебиет пен тарихты білетін азамат болары анық. Қаламгер Ш. Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасын қазіргі білім беру үрдісіндегі гуманистік парадигманың негізінде оқытып, тану арқылы білім алушы тұлғалар өздерінің теориялық білімдерін толықтырып қана қоймай, оларды өмірде қолдануға да дағдыланады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық –Алматы: «Қыздар университеті», 2015.
2. Мұртаза Ш. Шығармалар жинағы. –Алматы: Қазығұрт, 2002.
3. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы, 2018.
4. Тұрғынбаева Б.А. Қазіргі білімнің негізгі парадигмалары. // Рухани жаңғыру: XXI ғасырдағы заманауи білім беру кеңістігінің парадигмалары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары - Қазақстан, Тараз, 2 том, 2018.- 3-4 бб
5. Даулетова Н.А. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері: әдістемелік құрал –Атырау: «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, 2019.



## ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДЫ ОҚУҒА ЫНТАСЫН АРТТЫРУ

**Тауасарова Кунсулу Дуйсенбаевна, Алиева Ақмарал Шарыпханқызы**  
№ 6 мектеп- гимназиясы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы

Көркем әдебиет – бұл адамзаттың рухани өмірін, ой-санасын, сезімдерін және түрлі әлеуметтік жағдайлардағы қарым-қатынасын бейнелейтін шығармашылықтың бір саласы. Ол оқырмандарға эстетикалық ләззат ұсынумен қатар, ойлануға, өмір туралы тереңірек түсінікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Көркем әдебиеттің басты ерекшелігі – оның көркемдік бейнелер арқылы әлемді, адамның ішкі дүниесін және қоршаған ортаны суреттеуі.

*Көркем әдебиеттің негізгі түрлері:*

Проза – өмірдің кең ауқымын қамтиды және оқиғаларды, кейіпкерлерді, олардың ішкі дүниесін жан-жақты суреттеуге мүмкіндік береді. Романдар, әңгімелер, новеллалар және өмірбаяндық шығармалар – бұл түрдің мысалдары.

Поэзия – сөз өнерінің ең көне түрі, ол ырғақ, ұйқас және образдарды пайдалану арқылы күшті эмоционалдық әсер етеді. Өлеңдер мен поэмалар – поэзияның негізгі

формалары.

Драма – сахналық қойылымға арналған көркем шығармалар, олар көрермендерге кейіпкерлердің сөздері, қимылдары және қарым-қатынастары арқылы әсер етеді.

Жалпы білім беру саласында оқушыға түсінікті тілде үйрету, алған білімін жетілдіруде арнайы әдістемелер қолдану қажет екені анық. Әдеби шығармаларды оқу және оны қабылдай білуде жаңа заманғы арнайы әдістер арқылы оқушыларды баулу маңызды. Әдебиетті оқыту әдістемелері осы уақытқа дейін жасалынғанымен, заман талабына сай жаңарып отыруы қажет.

Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымының тарихында А.Байтұрсынұлының көшбасшы болғаны белгілі. Ол оқудың негізі білімді өз бетінше алу екенін айтқан пікірлері әлі күнге дейін өзінің мәнін жойған жоқ. Бұл пікір педагогиканың өзекті мәселесі болып отырған оқушының өз әрекетіндегі субъектілік қызметін арттыру міндетіне сай келеді. А.Байтұрсынұлы өзінің 1928 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбегінде: *«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі – өздігінен алатын ... білімнің ұзақ жолы үшін ... балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру»*, - деп жазған. Оның бұл ойы бүгінгі қазақ әдебиеті әдістемесінің де негізіне жатады деуге болады. Баланың білімді өздігінен алатын жолдарын анықтау – әдістеменің басты міндеті мен қызметі екені сөзсіз.

Аса көрнекті әдіскер-ғалым М.А. Рыбникова «Әдістеме» дегеніміз – уақытты үнемдей білу. Оқушы үшін жігерін ақылмен жұмсау, оқу материалынан негізгі және басты мәселелерді таба білу, сыныптың еңбегін ұйымдастыру шеберлігі, оқушылардың әр түрлі жеке әрекеттеріне ықпал етуді алдын-ала ұйымдастыру», -деп әдістеме ғылымына анықтама береді. Әдістеменің жалпы құрылымы жайында В.В.Голубков былай дейді: *«Қай пән бойынша болмасын барлық әдістеме оқытушы жұмысының ұсынымдарын, материалдарын және әдістерін құрастырумен өзара ұқсас, сондай-ақ олар не үшін, нені және қалай деген үш негізгі сұрақтарға жауап береді [1, 9-10].*

Көркем әдебиетті оқыту әдістемесі – бұл білім берудің маңызды бөлігі, ол оқушылардың ойлау қабілеттерін, сезімталдығын дамытуға және олардың мәдени және әдеби сауаттылығын арттыруға бағытталған. Көркем әдебиетті оқыту оқушыларға әртүрлі ой-пікірлермен танысуға, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруға және өз бетінше ойлануға мүмкіндік береді.

Мектеп оқушыларын әдеби шығармаларды оқуға баулу мәселесі – бұл қазіргі заманғы білім беру жүйесінде өте маңызды болып табылатын тақырып. Оқушылардың көпшілігі қазіргі цифрлық технологиялар дәуірінде әдебиетке аз уақыт бөледі, сондықтан олардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру және әдеби шығармаларды түсінуге қызығушылығын қалыптастыру педагогтар үшін үлкен міндетке айналуға.

### **Әдеби шығармаларды оқуға баулудың негізгі стратегиялары:**

#### *Оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану*

Оқушылардың назарын аудару үшін оқыту процесіне интерактивті элементтерді қосу маңызды. Бұл рөлдік ойындар, топтық талқылаулар, кейіпкерлердің күнделіктерін жазу сияқты әдістер арқылы іске асырылуы мүмкін.

#### *Әдеби шығармаларды таңдауда жеке қызығушылықтарды ескеру*

Оқушылардың жеке қызығушылықтарын ескере отырып, оларға әртүрлі тақырыптар мен жанрларды ұсыну маңызды. Бұл олардың өздері үшін қызықты және маңызды болып көрінетін шығармаларды табуына көмектеседі.

#### *Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту*

Әдебиеттік шығармаларды талдау арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын, олардың мәтінмен өзара әрекеттесу және оның мағынасын ашу қабілеттерін дамыту.

#### *Әдебиеттік кештер мен клубтар ұйымдастыру*

Оқушыларды әдебиеттік кештерге, мұғалімдер мен ата-аналардың қатысуымен кітап клубтарына қатысуға шақыру, олардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға және



оқу мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

### **Көркем әдебиетті оқыту мен зерттеудің маңызы:**

*Тілдік дағдыларды дамыту:* Көркем әдебиет оқу арқылы оқырмандар өз тілдік қорларын байытып, сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдіреді.

*Эстетикалық тәрбие:* Әдеби шығармалар арқылы оқырмандар әдемілікті сезіне білуге, өнерге деген құрмет пен сүйіспеншілікті дамытады.

*Критикалық ойлау қабілетін арттыру:* Түрлі көзқарастарды, идеяларды талдау және салыстыру арқылы оқырмандар өз ойларын нақтырақ жеткізе алады.

*Мәдени сауаттылық:* Көркем әдебиет арқылы оқырмандар әртүрлі мәдениеттер мен тарихи кезеңдер туралы білім алады, әлемді және өзге қоғамдарды түсінуге үйренеді. Көркем әдебиетті оқу мен зерттеу – бұл ұзақ мерзімді интеллектуалдық және рухани саяхат, ол адамды жеке және қоғамдық тұрғыдан дамытуға көмектеседі. Қазіргі таңда мектеп бағдарламасында көркем әдеби шығармаларды оқушыларға оқытуда және ынтасын арттыруда көптеген әдістерді қолданылады.

Қазіргі таңда оқушылардың көркем туындыларға деген ынтасын арттыру үшін түрлі әдістерді қолдану педагогикалық процестің маңызды аспектісі болып табылады. Заманауи әдебиетті оқыту әдістері оқушылардың көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыруға және олардың түсінігін кеңейтуге бағытталған. Бұл әдістер оқыту процесін қызықты және тиімді етуге көмектеседі. Заман талабына сай заманауи әдістер:

#### *1. Жобаға бағытталған оқыту*

Оқушылар әдеби шығармаға қатысты жобалар жасау үстінде. Бұл визуалды өнер нысандарын жасаудан бастап, зерттелетін шығармадан шабыттанған өз әңгімелеріңізді жазуға дейін болуы мүмкін. Бұл тәсіл студенттерге өздерінің білімдері мен шығармашылық қабілеттерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

#### *2. Цифрлық технологияларды қолдану*

Білім беру қосымшалары, онлайн ынтымақтастық платформалары және мультимедиялық ресурстар сияқты сандық құралдар әдебиеттерді зерттеу процесін байытады. Электрондық кітаптар, Аудиокітаптар, подкасттар және жұмыстың бейне талдаулары оқуды қол жетімді және қызықты ете алады.

#### *3. Оқытудың интерактивті әдістері*

Рөлдік ойындар, пікірталастар мен шығармалар тақырыптары бойынша пікірталастар сыни тұрғыдан ойлау және өз көзқарастарын дәлелдеу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ, бұл әдістер кейіпкерлердің мотивтері мен сюжеттің тереңдігін жақсы түсінуге көмектеседі.

#### *4. Мәтінді талдау*

Оқушылар мәтіндерді талдауды, негізгі тақырыптарды, рәміздер мен мотивтерді анықтауды үйренеді. Оқытушылар ұл тұрғы әдістерін студенттерді сұрақтар қоюға және айқын түсіндірулерге күмәндануға ынталандыру үшін қолдана алады, осылайша мәтінді терең түсінуді дамытады.

#### *5. Мәдениетаралық және пәнаралық тәсілдер*

Әдеби шығармаларды олардың мәдени, тарихи және әлеуметтік ортасы тұрғысынан зерттеу. Бұл мәдени және уақыт шеңбері арқылы әдеби тақырыптар мен мотивтерді салыстыруды, сондай-ақ тарих, Өнер, музыка және философия сияқты басқа пәндерден білімді біріктіруді қамтуы мүмкін.

#### *6. Әдеби блогтар және онлайн форумдар*

Әдеби блогтар құру және жүргізу, студенттер өз шолуларын, талдауларын және шығармашылық жұмыстарын жариялай алатын онлайн форумдар мен әлеуметтік желілерге қатысу. Бұл жазу және сыни ойлау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ басқалармен пікір алмасуға ықпал етеді.

#### *7. Талқылау әдісі*

Талқылау әдісі оқушылардың көркем туындыларды талдауға, өз ойларын ашық айтуға және басқа пікірлермен танысуға мүмкіндік береді. Бұл процесс оқушылардың

сыни ойлау қабілеттерін дамытады және олардың шығармаларға деген ынтасын арттырады.

#### *8. Шығармашылық жазуға баулу*

Оқушыларды шығармашылық жазуға баулу – олардың көркем туындыларға деген қызығушылығын арттырудың тиімді әдісі. Олар өздерінің жеке түсініктерін және сезімдерін шығармашылық жолмен білдіруге үйренеді.

#### *9. Көрнекі құралдарды пайдалану*

Көрнекі құралдар, мысалы, видео немесе слайдтар арқылы көркем туындыларды таныстыру оқушылардың визуалды қабылдауын және елестету қабілетін дамытады. Бұл әдіс олардың әдеби шығармаларға деген қызығушылығын арттырады.

#### *10. Топтық жұмыс жасау*

Топтық жұмыс оқушылардың бірлесіп ойлануына, идеялармен бөлісуіне және бір-бірінен үйренуіне мүмкіндік береді. Бұл әдіс олардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырады және өзара қарым-қатынасты нығайтады.

Көркем шығармалар оқу жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл-күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады. Сол себепті баланы кішкентай кезден шығармалар оқуға үйрету болашақта әлем әдебиетінің ауқымды шығармаларын жеңіл қабылдауына көмектесетіні анық. Осы тұрғыда мектеп бағдарламасында оқушылардың әдебиет сабағында жаңа бағытта әдістер арқылы қызығушылығын тудыру маңызды [2, 31]. Әдеби шығармаларды оқытуда заманауи әдістері әртүрлі жастағы студенттер үшін оқу процесін интерактивті, тартымды және тиімді етуге бағытталған. Бұл әдістер студенттерге мәтінді тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен қатар әдеби шығармаларды түсіндіруде сыни ойлауды, аналитикалық дағдыларды және шығармашылықты дамытуға көмектеседі. Аталған әдістер арқылы әдеби шығармаларды оқу арқылы оқушылар туынды авторларымен жақын танысып, өзіне жан жақты білім алатыны сөзсіз. Мәселен, Рысқұловтың шығармалары қазақ халқының тарихын, мәдениетін және әлеуметтік мәселелерін қамтиды, бұл оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Тұрар Рысқұловтың еңбектері оқушыларға қазақ халқының тарихын, мәдениетін және ұлттық идентификациясын түсінуге көмектеседі. Шығармалары арқылы оқушылар ұлттық мұраларымызға деген құрметін арттыра алады. Оның тарихи еңбектері, соның ішінде «Қазақ халқының азаттық күресі тарихынан» сияқты зерттеулері, оқушыларға Қазақстан тарихының маңызды кезеңдері туралы білім береді. Бұл еңбектер өткенді тереңірек түсінуге және тарихи оқиғаларды сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Тұрар Рысқұловтың саяси мақалалары және өзге де жазбалары оқушыларды қоғамдық мәселелерге назар аударуға, олардың әлеуметтік сауаттылығын және сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Әдеби еңбектері, оның ішінде очерктері мен хаттары, оқушыларды әдебиеттік талдау дағдыларын дамытуға және мәтіндерді тереңірек түсінуге баулиды. Бұл шығармалар арқылы оқушылар автордың мақсатын және көркемдік құралдарды ажырата алады. Басты кейіпкер ретінде Тұрар Рысқұлов бейнеленген шығармалар арқылы оқытылған кезде оқушылар Қазақстанның мәдени мұрасы мен әдебиетінің байлығын таниды. Бұл олардың мәдениетке деген құрметін арттырады және өз ұлтының мәдени мұрасын сақтау мен дамытуға деген ықыласын оятуы мүмкін. Оның әдеби және қоғамдық-саяси шығармаларын оқыту оқушылардың тарихи, мәдени және әлеуметтік сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың ұлттық мұраларға деген құрметін нығайтуға және көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға үлкен үлес қосады [3, 229].

Жалпы көркем әдебиетті оқыту – бұл оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін процесс. Оның мақсаты тек білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың жеке басының өсуі мен қалыптасуына ықпал ету. Көркем әдебиетті оқыту процесінде түрлі әдістерді пайдалану оқушылардың шығармашылық ойлауын, сыни тұрғыдан ойлау


кабілеттерін дамытады және олардың көркем туындыларға деген қызығушылығы мен қабылдау ынтасын арттырады. Әр түрлі оқыту әдістерінің үйлесімді қолданылуы оқушыларға әдебиетті тереңірек түсінуге және оның мәнін бағалауға көмектеседі. Әдеби шығармаларды оқуға баулу мәселесі күрделі және көпқырлы болып табылады, бірақ оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру және олардың көркем әдебиеттің құндылығын түсінуіне көмектесу үшін түрлі стратегиялар мен әдістерді пайдалану арқылы шешім табуға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құрал / Д.Х. Кушмурзина, К.Б. Шинбулатова. – Қостанай: Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің баспасы, 2018. – 152 б.

2. Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы : оқулық / Қ. Бітібаева. - 2-бас. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2019. - 286 б.

3. Қозыбаев М.Қ. Ғасыр тауқыметін арқалаған арыстар // Тұлғалар тұғыры / Құраст. І. Қозыбаев. – Алматы: ҚазАқпарат, 2009. – 540-б.



## **С. МҰҚАНОВТЫҢ «БОТАГӨЗ» РОМАНЫН ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН КІРІСПЕ САБАҚ ӘДІСТЕРІ**

**Абденкулова Тоғжан**

№32 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қ.

Орта білім беретін мектептерде көркем шығарма талдау мәселесі ең ауыр және күрделі жұмыстардың бірі. Өйткені, мұнда көркем шығарманы талдау арқылы оқытудың әрі танымдық, әрі тәрбиелік, әрі дамытушылық мақсаттарын қатар іске асыру көзделеді. Мұғалім бұл аталған әдістемелік-дидактикалық міндеттерді көркем әдебиеттің ең пәрменді құралы – сөз құдіреті арқылы, көркемдік құралдарға көңіл бөлу нәтижесінде шешеді.

Шығармаларының тарихи мәні бар, оқырманға көркемдік әлемінен берері мол классик жазушыларымыздың бірі – Сәбит Мұқанов. Жазушының жаңа танысатын шығармасындағы идеялық-тақырыптық мән-мазмұнға, басты кейіпкерлерге және оның (туындының) көркемдік қасиетіне талдау жасар алдында шәкірттерді психологиялық жағынан дайындау үшін, олардың ой-санасын өтілгелі тұрған жаңа тақырыпқа бағыттау үшін кіріспе сабақтың орны бөлек. Өйткені, «Әрбір көркем шығарма – оқушы танып білетін жаңа образдар мен кездесулердің, сезім-ойлардың дүниесі, жаңа мағлұматтар әлемі. Мұғалім міндеті – оқырман-шәкірттің жазушымен әрбір танысуын ұзақ етсе қалатындай айқын, әрі оның рухани талабын байытатындай етіп ұйымдастыру үшін бар мүмкіндіктерді пайдалану. Бұл танысуды ұтымды әзірлеу көбіне жақсы нәтижеге жеткізеді» [1,196.].

Сәбит Мұқановтың шығармашылық өмірі қазақ халқының төл тарихымен тығыз байланысты. Олай дейтініміз, қаламгер өз өмірінде қалың жұртшылықпен, қарапайым еңбек адамдарымен, өз кейіпкерлерімен етене жақын болды. Ешкімді жатсынбады. Сондықтан да оқырман қауым, жалпы жұртшылық оны шын мәніндегі халық жазушысы ретінде таныды, жоғары бағалады, ол елдің шынайы сүйіспеншілігіне бөленеді. «...Сәбит Мұқанов жайлы қалам жебей бастасаң, бүкіл әдеби тірлікке қалай араласып кеткенінді білмей қаласың. Ал мұндай қасиет кеудесінде жыбырлаған жаны, тамырында тоқтаусыз ағар қаны бар қайраткерлерде ғана болады. Ал жалған атақ, даңғаза даңққа ие

болғандардың көбі көзі жұмылған соң ұмытылады, елеусіз қалады. Ал Сәбең ондай тауқыметке кезікпейтін ұлы тұлға екені айдан анық. Оған тағы да бір пенделік жайды қоса кетейін. Сәбең пенде ретінде адамға мейлінше үйірсек жан болатын. Еш адамды жатсынып, бөтенсіп көрмеген, үлкенмен де, кішімен де тең сөйлесіп, тіл таба білу, жатынан да, жақынынан да ойын жасырмай айтатын...» [2,276.], – дейді қаламгердің өмірі мен шығармашылығын зерделей зерттеген әдебиетші-ғалым, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы.

Шындығында да Сәбең күллі жұрт қадір тұтып халық жанашыры ретінде бағалаған суреткер. Ол ешқашан халқым – қазағым, тілім – тірегім дегеннен танбаған жан. Сондықтан да оны біз заманының ұлы перзенті, өмір сүрген ғасырының төл перзенті деп жоғары бағалаймыз. Алты алаштың ардақтыларының бірі ретінде әр ғасырдың басында Сәбит Мұқановтың есімі жаңа қырларымен таныла бермек. Оның өткеніне әділдікпен қарап, бүгінін танымдық көзқараспен бағалау, болашағын білімділікпен саралап таныту әрбір ұстаздың азаматтық парызы.

Кіріспе сабақ оқушылардың қабылдау мүмкіндіктеріне, оқырмандық қызығушылық қабілетіне, сыныптың шығарманы оқып-үйренуге жалпы дайындығына қарай жүргізіледі. Мұны мұғалім шәкірттерінің дербестігін, белсенділігін арттыратын, оларды ұжымдасып талдауға баулитын, ұжымдық еңбекке жұмылдыратын жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырады:

Біріншіден, авторға және «Ботагөз» романының жазылу жайына қатысты мәліметтер келтіру;

Екіншіден, автор мен оның шығармасымен танысып болған соң, нақты «Ботагөз» романы бойынша шәкірттермен алғашқы әңгіме жүргізу;

Үшіншіден, «Ботагөз» романында бейнеленген тарихи кезеңдерге, табиғи құбылыстарға түсініктер беру;

Төртіншіден, оқушылардың назарын үйіріп әкететін кейбір ұтымды көріністерді, мәнді бөлімдерді таңдап оқу не туындының көркемдік құндылығына байланысты басқа материалдарды (әдебиет қайраткерлері, сыншы-ғалымдардың ой-пікірлерін) мысал ету;

Бесіншіден, «Ботагөз» романына қатысы бар өнер түрлерінің өзге үлгілерін салыстыра мысалға келтіру.

Аталған жұмыс түрлерінің бәрі де сабақ сапасын арттырудың, оқып-үйренгелі отырған әдеби туындыға оқушылардың қызығушылығын туғызудың, сол арқылы оларды көркем шығарманы талдауға психологиялық дайындаудың жолдары. Сондықтан ұстаз шығармашылық өмір жолымен танысып отырған С. Мұхановтың талданғалы тұрған «Ботагөз» романының идеялық мазмұнына қызық желі, көркем өзек болып табылатын, бүкіл сабақ жүйесіне ортақ – ең басты, ең негізгі мәселені айқындап алғаны жөн. «Талдау жұмысындағы кіріспенің шығарманы оқырманның қабылдауы мен әдебиеттанымдық, ғылыми талдауын ұштастыруда үлкен маңызы бар. Ол үшін мұнда (кіріспеде) оқушы назарын аударатын басты мақсат – негізгі өзекті мәселе ұсынылады» [1,111б.], – дейді орыстың әдіскер ғалымы, профессор Т.Г. Браже.

Кіріспе сабақты бастаған кезде, халқымыздың талантты ақыны Мұқағали Мақатаевтің: «Сәбеңді ұрпақтар ұмытпақ емес. Бұл – қазақ Бальзагы», – деген пікірімен баларды таныстыруға болады. Автор шығармаларының қажеттілігіне көз жеткізгенге кейін, сабағымызды жалғастырамыз.

Көркем шығарманы талдау- жазушының жоғарыда аталған нысаналы мақсаттарының тереңіне барлау жасауға негізделі отырып, мұны көрсететін амал-тәсілдер – жазушының жазу өрнегіне, өмірде болған тарихи шындықты көркем бояумен жеткізу өнеріне, кейіпкерлердің қарым-қатынасына қарай бағытталуы тиіс. Осы тұрғыда көркем туындыны талдауға арналған сабақтарға бағыт-бағдар сілтеуде, оқушылардың ынта-жігерін, ықылас-ыждағатын әдеби шығармаға баса аударып, оған қызықтыруда, даярлауда кіріспе сабақтың ерекше мәні барлығы айқындалады. Сондықтан ұстаз кіріспе әңгімесінде шығарманың жазылу тарихымен, авторды толғандырған мәселелермен, шығарманың

тақырыптық идеясы, жанрлық-композициялық ерекшеліктерімен таныстыруды көздеуі тиіс.

Шығарманы талдаудағы келесі сабақтардың нәтижелі болуы кіріспе әңгіменің өтілу жағдайына, қосымша материалдардың қаншалықты ұтымды қамтылу жайына, шәкірттердің кіріспе сабақта көркем шығармаға ынта-ықыласының қалай ауғанына байланысты.

Сабақтың кіріспе бөлімі туралы кезінде Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, профессор М.Қаратаев мынадай құнды ой айтыпты: «Кіріспе әңгімені оқытушының өзі бастайды. Ол бір сағат ішінде роман турасында айтылуға тиісті мағлұматтарды кеңінен қамтып, жүйелі түрде ашық, айқын дәлелдемелермен, анық түсінікті тілмен тұжырып баяндайды. Шығарманың идеясын, тақырыбын, әдісін анықтап сипаттайды. Оқытушы сөзі неғұрлым әсерлі болса, соғұрлым ол оқушыларға қызықты болады. Соғұрлым шығарманың үлкен тәрбиелік маңызы, көркем сыры айқындала түседі» [3].

«Ботагөз» романын талдар алдындағы бір сағаттық кіріспе сабақта шығарманың жазылу тарихы, қамтылған тарихи фактілер, кейіпкерлер прототиптері аңғартылады. Автордың романға материал жинаудағы дайындық жұмыстары, тарихи деректерді, мұрағат жұмыстарын жете зерттеу, олардың шығарма бойынан орын алу тәртібі, романның жаңалығы, әдебиет тарихынан алатын орны секілді жайттар ескеріледі. Осы ретте, көрнекті жазушының 1939 жылы жазған «Роман қалай туады?» атты хатының материалдары пайдаланылады [4, 223б.].

«Ботагөз» романына кірісер алдында мұғалім оқушыларға осы романмен тұстас дүниеге келген қазақ романдары мен повестерін атап өтеді. Сол шығармалардың уақиға желісін, кейіпкерлерін жетекші сұрақтармен еске түсіріп, қажетті жеріне өзі толықтырып, бүкіл сыныпты хабардар етеді. Сөйтіп, осы тақырып бойынша жазылған әдебиеттегі шығармалар жүйесін түзеді. Бұл оқушыға әдебиет дамуын тұтастықта қабылдауға көмек етеді. Осындай жүйемен көркем шығарманы тарихи тұрғыда қарастыруда оның маңызын ашып тұрған жайттардың күні бүгінде де мәні жоғары болып отырғаны терең сезіледі.

Автордың өміршең деректерді шығарманың тұла бойына орынды пайдалана білуде көп еңбек еткенін, мол материалдарды қарастырғанын аңғарту қиын емес. Ол романда сол дәуірдегі мерзімді баспасөз материалдарын, мұрағаттардағы тарихи құжаттарды, ел арасынан естіген әңгімелерін, естеліктерді, өз басынан кешкен өмір материалдарын, түрлі оқиғаларды кеңінен пайдаланған. Сабақ барысында мұндай қосымша материалдардың оқушылар назарына ұсынылғаны орынды.

Осындай деректі фактілердің бірі – Итбай Байсақаловтың образына байланысты жинаған мәліметтер. Итбайдың прототипі – Сайым Қыдыров тарихта болған адам. Романовтар тұқымының таққа отырғанына 300 жыл толуына байланысты өткен салтанатты тойға Сайым болыстың қатысқандығы тарихи шындық. Патша үкіметінің қызметіне жан-тәнімен берілген Сайым болыстың халық көтерілісшілерінің қолынан қаза тапқандығы да болған оқиға.

Шығармадағы Итбай өліміне байланысты сюжеттік оқиғаның шындыққа жанасымды екенін оқушыларға аңғарту үшін, олардың назарын мәтінге аударсақ, жоғарыдағы тарихи дерекке сай келетініне көздері жетеді.

Мысалы: «Жұрт ойыса шауып, алды бір кезде ошарылып тоқталды. Астындағы атын борбайлап шоғырланған жерге Бүркітбай келсе, Итбай шала-жансар жатыр екен. Үстіндегі киімін, денесін жер айырып тастаған. Айнала қоршаған жұрт Итбайдан қорыққандай аттан түспей көздерімен атып тұр. Жұртта үн жоқ» [5].

Ұстаз осы сәйкестікті шәкірттерге анықтап ұқтыру арқылы оларға шығарманың дәуір, заман шындығына сай жазылғандығын, ол тек қиялдан ғана емес, өмірдің нақтылы оқиғаларының негізінде туғандығын аңғартады. Мұндағы мақсат – шығарманың тарихи фактілерге жанасымдылығын шәкірттерге толық сезіндіру болуға тиіс. Ал Итбайдың басын балтамен шапқызуы жазушының қиялынан туған ой екенін, мұғалім автордың бұл

ойын ызаға булыққан ереуілшілер халықты қанаған қанішер болысты бауыздағаннан гөрі, басын балтамен бір-ақ шапса, оқырманына анағұрлым әсерлі болар деген үміттен туғандығымен байланыстырғаны мақұл.

«Ботагөз» романы бойынша кіріспе сабаққа арналған әңгіме арасында қырғыздың халық жазушысы Шыңғыс Айтматовтың: «Интернационалдық достық жаршысы бола білген қазақ халқының ұлы – Сәбит Мұқанов әрбір қырғыз ауылына белгілі және сүйікті еді. Оның образы, оның еңбегі әрқашан ұмытылмасына мен сенемін!» [6], – деген сөзін келтіріп, әдебиеттеріміздегі тақырыптық ұқсастықты, идеялық туыстықты, өзара бірлікті байланыстыра түсіндірудің үлкен білімдік-тәрбиелік мәні бар.


Сабақты мынадай сұрақ-тапсырмаларымен бекітуге болады:

1. Шығармаға тарихи шындық арқау болғанын неден байқаймыз?
2. «Пакет» атты тарауда жазушы нені көрсетпек болғанын әңгімелеңдер.
3. Романдағы оқиғалар желісі қандай мәселелерге құрылған? Ол кездегі қоғамдық-саяси жағдай қандай еді?
4. Халық наразылығының күшейе түсуіне қандай жағдайлар әсер етті?

Бұл сұрақтар шығарманың композициялық құрылымына жүйелі түрде көңіл аударуға жетелейді. Сол арқылы шығармадағы кейіпкерлер характерлерін ашуға, оның идеялық мәнін түсінуге, сюжеттік оқиғаларды, көркемдегіш құралдарды пішін мен мазмұн бірлігінде қарастыруға септігін тигізеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Изучение литературы в вечерней школе / Под ред. Браже Т.Г. – М.: Просвещение, 1997.
- 2 Кәкішұлы т. Сәбең әлемі. – Алматы: Жазушы, 2000. – 299 б.
- 3 Қаратаев М. «Абай» романын мектепте оқыту туралы // Халық мұғалімі. – 1949. - №9.
- 4 Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. – Алматы: Жазушы, 1960. – 228 б.
- 5 Мұқанов С. Ботагөз. – Алматы: Жазушы, 1972. – 276 б.
- 6 Айтматов Ш., Лениншіл жас гезеті, 1980.
- 7 Мақыпов С. «Ботагөз» романының жазылу тарихы. – Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 1994. – 21 б.



#### **Т. РЫСҚҰЛОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

**Нурпеисова Мадина Дулатовна**

Қостөбе орта мектебінің тарих және география пәні мұғалімі,  
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Абитова Алия Казыкеновна**

№40 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ халқының тарихында елеулі орын алған тарихи тұлғалардың есімдері әрқашан қадірлі де, құрметті. Халқымыз елі үшін аянбай еңбек етіп, жанқиярлық ерлік көрсеткен азаматтарды мәңгілік жадында сақтайды. Бұлқан өмір, бұлғақ тағдырдың тезіне түскен талай боздақтар жұртының болашағы үшін тер төгіп, дала кезіп, жанын да аямағаны белгілі. Тәуелсіздік жолындағы азаттық күрес қаншама ғасырлар бойы жалғасып, еркіндікке ұмытылған күрестің құрбандары санын жыл сайын көбейте берді.

Осындай тізім басын Сталиндік құғын-сүргінге ұшырағандар - «Алаш арыстары бастайды. Ары қарай ғалымдар, ақын-жазушылар тобы қатарды жалғастырады. Шежіре бетіндегі ақтандарды оқыған сайын өткен күндерден сабақ алудың маңыздылығы туралы ойлану керектігі есімізге түседі. Бүгінгі таңда жастарға жол нұсқап, өткен күндердің ащы сабақтарын қайталамауға тырысқанымыз жөн. Еліміз Тәуелсіздік алып, тарихтың ақтандақ беттері ашылған кезде Алашордашылардың Егеменді ел болу идеясы жарыққа шықты. Халықты қозғаушы күш ретінде жасаған қоғамдық –саяси қызметтері туралы ақпараттар жарық көріп, құпияның беттері ашылды. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанған заманда асыл азаматтар туралы сескенбей айтып, өскелең ұрпаққа үлгі етіп көрсете алатын жағдайға жеткеніміздің өзі бір қуаныш. Қазақ руханиятының тірегі болған тарихи тұлғаларымыздың қоғамдық –саяси қызметіне, ағартушылық еңбегіне, өнегелі өміріне лайықты баға беріп, халқымыздың мақтаныштары ретінде құрмет көрсетудің сәті түскен уақытты пайдалана білудің мәні зор деп есептеймін.

Осы орайда, XX ғасырдың басында қайраткерлігімен танымал болған Т.Рысқұловтың азаматтық тұлғасы туралы жазып, оның өнегелі өмір жастарға насихаттаудың маңызын айтып жатудың қажеті жоқ деп санаймын. Осы мақаланы пайдалана отырып, халқымыздың біртуар ұлы Т.Рысқұлов туралы сөз қозғауды жөн көрдім. Алдымен, Т. Рысқұловтың тұлғалық ерекшелігін қарастырып көрейік. «SWOT» талдау арқылы көз жеткізейік

Т.Рысқұловтың саяси-қоғамдық қызметіне талдау	
<p><b>Күшті жақтары</b>  <b>Жеке қасиеттері:</b>                      -Ұлтжанды азамат                      -Білімді, парасатты                      -Орыс тіліне жетік,                      Атқарған қызметтері:                      1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін көктемде Меркі ауданында «Қазақ жастарының революциялық одағын» құрады.                      1918 ж. Денсаулық сақтау халық комиссары лауазымына тағайындалады.                      1919–1920 жж. Түркістан Автономиясы Орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қазақ Өлкелік партия комитетінің мүшесі.                      1920 ж. Түркістан Автономиясы Орталық атқару комитетінің төрағасы болып сайланады.                      1921–1922 жж. РКФСР Ұлттар ісі жөніндегі Халық комиссарының орынбасары болады.                      1923–1924 жж. Түркістан Автономиялық Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы лауазымдарында жұмыс істейді және БК(б)П ОК Орта Азиялық бюросының, Түркістан КП ОК бюросының мүшесі болды.                      1926–1937 жж. РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген.</p>	<p><b>Әлсіз жақтары</b></p> <p>Т.Рысқұлов туралы пікірлер өте көп.                      Біріншіден, таза большевик, коммунист болды деген ұғым бар. Екіншіден, пантуркистік ұйым жетекшісі деген ұстаным, үшіншісі белгілі бір рудың, жүздің, аймақтың өкілі ретінде ғана тану.</p>
<b>Мүмкіндіктері</b>	<b>Қауіптілігі</b>

<p><b>-Ислам дінінің пайдасын ерте түсініп, мұсылман мемлекетін құруды ойлады.</b> РК(б)П Өлкелік Мұсылман бюросының төрағасы қызметтерін атқарады. <b>Тәуелсіз ел болудың алғышарттарын жасады.</b> РК(б)П ОК ұлт саясатына наразы болған Т. Рысқұлов 1920 ж. «Түркістан» елінің Тәуелсіз ел болуы туралы Мәскеуге барып, В.И. Ленинмен қызу саяси тартыстар жүргізеді. Т. Рысқұловпен бірге Мұсылман бюросының барлық қайраткерлері қуғын-сүргінге ұшыратылды. Мәскеуде Т. Рысқұлов пен А. Байтұрсынов бірігіп ұлт мәселесі бойынша В.И. Ленинге көлемді хат тапсырады. А. Байтұрсынов, М. Сұлтанғалиев және түркі халықтарының оншақты қайраткерлерімен бірге жалпытүркілік мәселелер талқыланған құпия кеңесін ұйымдастырады. Осы кезеңде Алаш арыстарымен бірігіп Тәуелсіз мемлекет құрудың мүмкіндігі бар еді.</p>	<p><b>-И.В. Сталин оң қабақ танытпауы.</b> -Сталиндік репрессиядан үлкен қызметтер атқарған беделді Рысқұлов та аман қалмады. -1937 жылы 21 мамырда Кисловодскіде демалыста жүрген Рысқұлов «пантүрікшіл», «халық жауы» деген жаламен тұтқынға алынды, - Мәскеу түрмесінде қаза тапты. -Рысқұловтың саяси тұтқын болуы отбасына да қасірет әкелді. Тұрардың жары Әзиза да «халық жауының отбасы» ретінде қуғындалған. АЛЖИР-де (Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері) 18 жыл айдауда болды. -Жалғыз ұлы Ескендір де түрмеде көз жұмады. -Тұрар Рысқұлов КСРО Әскери коллегиясы Жоғарғы Сотының шешімімен 1956 жылы 8 желтоқсанда ақталды. 30 жылдан аса уақыт бойы туған елінде аты аталмады.</p>
--	--

Мектептің оқу бағдарламасына 8-11-сынып арасында Т. Рысқұлов туралы тарих деректерді, көркем шығармаларды оқытуды енгізу керек деп ұсынамын. Мұның себептері өте көп. Енді тарих пәнінен Т.Рысқұловты қай қырынан оқытамыз деген сұраққа жауап беріп көрейік.

1-Т.Рысқұлов ұлт қайраткері

Ташкент қаласы орталығы болған «Түркістан автономиялы кеңестік социалистік республикасы» 1918 жылдың 30 сәуірде құрылады. Жаңа республика құру шешіміне тікелей қатысы бар, Тұрар Рысқұловты сол уақытта «ұлттық ауытқушылық істерге араласты» деп айыптаған Кеңес өкіметі көп істерден алшақтатады. Т.Рысқұлов, С. Қожанов, Д. Жайнақов,

Қ. Сармолдаев сынды елдің қамын жеген азаматтар 1920 жылдардағы қазақтың тарихи сахнасына шыққан болатын. Солардың арасында Т. Рысқұлов Түркістан жерінде Түркі кеңес республикасын құру керек деген бастама көтергенімен, ол бастаманы үстемшіл пиғылдағы Мәскеу коммунистері қолдамады. Шыншыл, ұлтжанды Рысқұловты қолдағандар М.Шоқай мен М. Тынышбаев еді. [2]

2-халқымызды ашаршылықтан құтқарып қалған азамат 1930 жылдан бастап, халқымыздың жоқшылыққа тап болуы Т.Рысқұловтың әрқашан есінде болды. 1931 жылы ашаршылық күшейіп, 1932 жылы шарықтау шегіне жеткен қазақтың шыбындай қырылуы Т.Рысқұлов сияқты ұлтжанды азаматтардың қандй қиындық күтіп тұрса да бас тартпай, шындықты аайтып, күресуіне әкелді. [2]Сондықтанда жеке басына төнер қатерді ойламай, орталықпен де, Түркістандағы шовинистермен де қарсыласты. Сол замандағы күрес жолы аса қауіпті еді. Т. Рысқұловтың бұл күресі де нәтижелі аяқталып, дер кезінде құрылған ашаршылықпен күрес жөніндегі комиссия 1922 жылдың 10 қазанында жабылғанға дейін 1 млн кісінің өмірін сақтап қалғаны жайлы Өзбекстан архивтерінде деректер бар. Бүгінгі



күнге аман-есен жеткен ұрпақ біртұтас қазақтың аман қалуына атсалысқан Тұрар Рысқұлов сынды тұлғаларды ұмытпауы үшін қайраткер туралы балалардың жас кезінен бастап құлағына құйып отырудың рөлі зор.

3-жалпытүркілік идеяны ұсынушы

ҚР ҰҒА академигі Мәмбет Қойгелдиев Т. Рысқұловтың замандастарына тоқтала келе: Т.Рысқұловтың негізгі идеясы – жалпытүркілік идеясы. Түркістандық тұлға. Тұтас Түркістан идеясын әлемге мойындатқан тұлға. Кезінде ол туралы М. Тынышбаев пен М. Дулатовтың еңбектерінде айқын айтылған.[3]

Т.Рысқұлов-тарихи тұлға, халқымыздың мақтанышы. Оның еліміз үшін жасаған еңбегі талай ғасырлар бойы ұрпаққа үлгі болуы тиіс. Сондықтан да білім беруде арда азаматтың тағдыры туралы оқытудың маңызы зор.

Біртуар тұлғаның әдебиеттегі көркем бейнесі туралы тілге тиек етсек, көркем шығарманың адам психологиясына әсерін, тарихи құндылықтарды бағалай білуге тәрбиелейтін жақсы жақтарын айтудың өзі артық деп санаймын. Тұрар Рысқұлов туралы көрнекті қаламгер Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» атты екі кітаптан тұратын шығармасы бар: олар «Жұлдызды көпір», «Қыл көпір» деп аталады. Оның жалғасы іспетті «Тамұқ» атты роман-хамсасы жазылған. Ғалым Темірғали Нұртазиннің «Тұрардың анты» романы басылып шыққан.[4] Сонымен қатар танымал публицист-қаламгер Көлбай Адырбекұлының «Рысқұловтанушы» зерттеуші Молдияр Серікбаевпен сұхбаттары жазылған «Алты алаштың ардақтысы» тақырыбындағы кітабы да Тұрар Рысқұловтың қоғамдық қызметі мен қиын замандағы бұлғақ тағдырынан сыр шертеді, ірі саяси тұлғаға қатысты шындықтарды ашады. Осы орайда, біртуар тұлға туралы шығармаларды оқытуды жүйелі жолға қою жайлы айта кетуді жөн көремін. мектеп қабырғасында Т.Рысқұлов туралы тарих пәнінен аздаған мәліметтер беріледі. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен «Тұтқын бала» әңгімесі «Қызыл жебе» романын үзінді оқуға берілген. Бұл оқу материалдары Т.Рысқұловтың тұлғасын танытуға иненің жасуындай да үлес қоса алмайды. Себебі, ақпарат өте аз. Осындай тау тұлға, әлемге аты танымал қайраткер туралы аз ғана мәліметтерді оқыту біздің елдігімізге сын. Т.Рысқұловты оқытпасақ, кімді оқытамыз деген заңды сұрақ туындайды.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романын оқытудың да өзіндік салмағы бар. Айтылған пікірге көз жеткізу үшін «Тұжырымдамалық кесте» бойынша талдау жасап көрейік.

**«Қызыл жебе» романына «Тұжырымдамалық кесте»**

Шығармада көтерілген мәселелердің өзектілігі	Автор позициясы	Шығармадағы астарлы ой	Мысал	Өмірмен байланыс
1.Тарихи тұлғалар, ел билеушілер туралы мағлұматта	Т.Рысқұловтың бейнесін жасау арқылы қосымша тарихта болған танымал адамдардың да бейнелерін, қасиеттерін көрсетеді	Тарихи шындықты ашып көрсету, Т.Рысқұловтың азаматтық тұлғасын таныту.	Кейіпкерлер: ғалым Дмитриев, саяси тұтқын Бронников, түрме бастығының қызы Наташа бейнелерінен жақсылыққа құштар, әділ, бауырмал жандар.	Орыс халқы мен қазақ халқының арасындағы достық, ынтымақтастық байланыстың алғашқы нышандары осындай жандардың іс-әрекетімен, қарым-қатынасымен нанымды да шынайы

р берілген				суреттеледі
2.Т арихи құндылықтар жиі сипаттал ады	Ел билеу ісіндегі болыстардың қиянатын көрген Рысқұлдың характері, Ресейден келген әскерилердің пара алуын көрсеткісі келеді. Қазақтың барымта мәселесін көтереді.	Ресей отаршыларының халыққа көрсеткен қорлығын жазады. Әділетсіздікті әшкерелейді. Бас көтерер азаматтарды басып тастап отырған Ресейдің саясатын суреттейді.	Романда Рысқұл, Тұрардан басқа да бірнеше адам бар: Саймасай, Дауылбай, Ахат, Таубай, Сақан, Мақаш, Анарбай, Избайшалардың қай-қайсысы да кітаптың әр жерінен бір көрінгенімен, өзара айырмашылықтары, іс-әрекеттері, мақсат-мүдделері бар, дараланған, жанданған бейнелер.	Ұл бала қашанда жақсы әкенің тартымды қылығына еліктегіш келеді. Рысқұлдың кедейлігіне қарамастан, өз жолынан таймайтын, өзгеге есесін жібермейтін, намысы зор жігіт екенін аңғартатын тұстар аз емес. Рысқұлдың бойындағы нағыз адамгершіліктің үлкен бір қырын – баласы Тұрарға деген көзқарасынан, оған деген асқан сүйіспеншілігінен байқауға болады.
3. «Жұлдыз көпірде» жазушы Тұрардың Түркістан кеңестік автономиялық республикасы басшысы болған кезін, 1918-1920 жылдард	Романда Рысқұловтың азаматтық, қайраткерлік, бет-бейнесін таныта түсетін оқиғалар табиғи өрбиді. Әсіресе, Түркістан республикасының тағдырына, болашағына байланысты ойлары мен сол жолдағы ірі істерге үмтылысы оның кесек тұлғасын,	Кеңес өкіметі жаңа құрылған заманда жұмыс жасаудың қиындығы, Тұрар Рысқұловтың ел игілігі жолындағы ерен еңбегін көрсету. Қайраткерлік тұлғасын сомдау	Мәскеуден келген төтенше өкіл Кобозев бейнесінен байыпты, парасатты большевиктің тұлғасын танимыз. Ол Т.Рысқұловты танып, оның мәдениетті де, шешен сөйлейтініне сүйсіне таңғалып, оны қолдайды. «Шырайы жеңілтек, яки қатал адамның түрі сияқты емес. Кеңдік, тереңдік, биіктік бар... Ал, осындай азаматы бар ел кадрға, басшы қайраткерлерге	Тарихи тұлғалар Қабылбек Сармолдаев, Сағдұлла Тұрсынходжаев, Нәзір Төрекұлов, Сұлтанбек Ходжанов, Санжар Аспандияров, Абдолла Жармұхамедов, Әбубәкір Диваев, Ғани Мұратбаевтар көрінеді. Олардың іс-әрекеті заман тынысын, уақыт рухын танытумен қатар, Рысқұлов бейнесін де жан-жақты шыңдай

ағы Түркіста н елінің өмір- тынысы н суреттег ен.	табандылығын танытады.		жұтаң дейтіндері не?	түседі.
--	---------------------------	--	----------------------	---------

Тұрар Рысқұловтың халқына жасаған еңбегінің өлшеусіздігін көрсететін шығармада Шерхан Мұртаза оның зор тұлғасын жасау үшін ерен еңбек жасайды. Жазушының көп жылдық ізденісінің нәтижесінде туған, азаматтық пафос пен көркемдік ойының бірлігінің нәтижесінде туындаған «Қызыл жебе» роман-эпопеясы Тәуелсіздігіміздің баянды болуына қызмет ететін шығарма екендігіне ешкім дау айта алмайды.

Т.Рысқұловтың өмірі мен қызметі туралы осындай жайттарды саралай келе, қоғам қайраткерін жүйелі оқытудың мәні қандай, ол білім беруде қандай өзгерістер әкелуі мүмкін деген сұрақтарға жауап берейік.

1-Халқымыздың басынан өткен зобалаң күндерді, қуғын-сүргін туралы терең оқып біледі.

2-Ел басқарған адамдар, тарихта болған тұлғалардың елдің болашағы үшін жасаған еңбектеріне баға береді, олар туралы сыни көзқарасы қалыптасады.

3-Ұлттық құндылықтарымызды құрметтеп, сақтауға, халқымыздың тыныс-тіршілігіндегі ұлттық бірегейлік мінезді танып біледі.

4-Қазіргі таңдағы қоғамда болып жатқан жағдайлармен салыстырып, тарихи сабақтастықты таниды.

5-Жастар тарихи тұлғалардың өмірінен үлгі алады, қиындықтарға төзімді болуға үйренеді.

6- Елге адал қызмет жасауға, әділетсіздікпен күресуге, келеңсіз жағдайларға өзінің дауысын қосып, елдегі мәселелерді шешуге араласуды үйренеді.

Қазіргі таңда елімізде жастардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан игі істер қатары көбейіп келеді. Осы мемлекеттік деңгейде көтеріліп жатқан мәселені шешу мақсатында «Оқуға құштар мектеп» акциясы аясында «Қызыл жебе» романын оқу тапсырмасы берілді. «Оқуға құштар мұғалім», «Оқуға құштар оқушы» санаты бойынша романдарды жекеленген мұғалімдер мен оқушылар оқып, сайысқа қатысуға дайындалды. Осы сайысқа дайындық барысында дайындалаып жатқан оқушы «Қазақ әдебиеті» пәнінен Т.Рысқұлов жайлы өзінің көзқарасымен бөлісті. Сонда оқушы өз ойын былай сабақтады:

«Біздер бұрын Міржақып Дулатұлы туралы аз ғана ақпарат білетін едік, оның шығармаларын да қызыға оқымайтынбыз. «Оян, қазақ» көркем фильмі жан-жақты жарнама жасалып, көрсетіле бастағанда барлығымыз осы фильмді кинотеатрға барып, қалмай көрдік. Бұл фильм қазақ руханияты үшін ерекше құбылыс болды. Осы сияқты Т.Рысқұлов туралы да бір селк еткізер ақпарат таратылса, оған да жұрт қалмай атсалысар еді. Мектепте оқытуға көбірек назар аударылса, әр сынып сайын сатылып оқытуды жүзеге асырса, Т.Рысқұловты да тереңірек танып білетін едік». Білім алушының осы сөзі мен көтерген мәселеге шынайы дәлел.

Сондықтан да тарихи тұлғаның өмірі мен қоғамдық – саяси қызметі туралы нақты қадамдар бойынша оқытуды ұсынамын.


Бұл ұсынысты төмендегідей схемалық жүйе арқылы жүзеге асыру тиімді болады деп есептеймін.



Қорыта келе айтарым, әр халық өзінің ұлыларын ұлықтап, тарихи құндылықтарын бағалап, өзінің ұлттық бет-бейнесін қалыптастырады. Бүгінгі күні жаһандану үдерісі жаулап келе жатқан уақытта бізге басты қажеттілік- ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық бірегейлікті сақтап қалу үшін біз өткенімізден сабақ алып, келешегімізді бағамдап алуымыз керек. Белгіленген жоспар мен ұлттық идеяны жүзеге асыруды жастарға сапалы білім мен саналы тәрбие беруден бастаған мемлекеттік деңгейдегі іс-шараларды әрқайсысыз қолдауымыз маңызды.

#### **Пайданылған әдебиеттер:**

1. Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұловтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметінің күндері. - Тараз: «Формат-Принт» баспасы, 2014.
2. Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұлов және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелері // «Ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы: тәуелсіздікке бастар жол» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Абай атындағы ҚазҰПУ, 17 маусым, 2011.
3. Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұлов және Тұтас Түркістан идеясы . «Ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы: тәуелсіздікке бастар жол» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Абай атындағы ҚазҰПУ, 17 маусым, 2011 ж.
4. Жетісу энциклопедиясы. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 жыл



### **Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ «ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Смайыл Аян Байтұрғанұлы**

М.Ғабдуллин атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,  
ғылым магистрі, Шу ауданы

Әдебиетті ғылым ретінде оқыту әдістемесі екі жүз жылдан астам уақыт болды. Бірақ бүгінде оның мазмұны мен міндеттері туралы мәселе талқылануда. Бір қатар мұғалімдер белгілі бір пәнді, әсіресе әдебиетті оқыту әдістемесі ғылым емес, өнер деп санайды. Оқытудың жетістігі мұғалімнің жеке қабілеттерімен анықталады, олардың жоқтығы әдістемені білу мен өтелмейді: тек пәннің өзі туралы білім және оған деген сүйіспеншілік

қажет, ал педагогикалық талант пен практикалық тәжірибе оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Оқыту және тәрбиелеу процесінде мұғалімнің жеке басы, оның адами қасиеттері, дүниетанымы, пәніне және балаларға деген сүйіспеншілігі, мамандыққа деген құштарлығы, оқыту тәжірибесін біртіндеп жүйелі түрде жинақтау үлкен маңызға ие. Әдебиетті оқыту әдістемесінің қоғамдық маңызы көркем әдебиеттің орасан зор тәрбиелік мәніне байланысты.

Әдебиетті оқыту тұтастай алғанда мектеп жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан әдістеме оқытудың жалпы теориясы мен жалпы принциптерін дамытатын дидактикамен тығыз байланысты. Әдебиетті оқыту әдістемесі әдебиеттану мен әдіснамамен, теориямен және әдебиет тарихымен тығыз байланысты. Бұл байланыс әдебиет курсының мақсатын, мазмұнын, құрылымын анықтауда кездеседі. Әдебиет әдістемесі оқыту әдістеріне де әсер етеді [1,17].

Әдебиетті оқыту әдістемесі бір уақытта ғылым мен өнер деп айтуға болады. Ғылым өзінің пәні болғандықтан-мектептегі әдебиетті, оның тарихы мен теориясын зерттеу процесі; пән туралы ақпараттың жүйелілігін көрсететін тұжырымдамалық аппарат; әдебиетті зерттеудің біртұтас процесін сипаттайтын заңдылықтарды сипаттау. Ғылым, өйткені оның ажырамас бөлігі әдістемелік болжау болып табылады. Ғылым ретінде бұл мектепте әдебиетті оқытудың біртұтас процесінің ғылыми көрінісінің негізінде жатқан білім жиынтығы (әдістемелік теория). Бұл ғылымның ерекшелігі - ол әдістемелік теория мен мектеп практикасын біріктіреді. Өнер-бұл әдістемелік шеберліктің жоғары дәрежесі, яғни мұғалім қабылдаған психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімнің өзегі болып табылатын әдістемелік дағдылар. Әдістемелік өнер-бұл әдістемелік теорияны психологиялық-педагогикалық және әдістемелік жоғары деңгейінде практикада жүзеге асыру. шеберлік.

#### **Ғылым үшін әдістеме келесі зерттеу әдістерімен сипатталады.**

1. Әдістеме және басқа гуманитарлық ғылымдар (Философия, Психология, мәдениеттанушылар, әдебиеттану, педагогика) саласындағы зерттеулерді теориялық талдау әдісі.

2. Кесу әдісі: сауалнама, әңгімелер, оқушылардың бақылау жұмыстары, тесттер, шығармашылық жұмыстарды талдау. Бұл әдіс жақсы, өйткені ол білім деңгейін, жетістіктерін, оқытудың кемшіліктерін көрсетеді, бірақ жетістіктер мен кемшіліктердің себебін көрсетпейді.

3. Әдістеме саласындағы теориялық талдау әдісімен бірге оқу процесін мақсатты бақылау әдісі себептерді анықтауға немесе болжауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс берілген мәселеге сәйкес оқу процесінің барысын зерттейді. Оқушыларға арналған тапсырмалар жүйесі әзірленуде.

4. Табиғи эксперимент әдісі оқыту мазмұны мен әдістеріне айтарлықтай өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Ол тікелей сыныпта өтеді.

5. Эксперименттік оқыту нәтижелерін талдау әдісі [2. 31].

Әдебиеттің оқу пәні ретіндегі ерекшелігі әдебиеттің өнер түрі ретіндегі мәні мен анықталады. Әдебиет әлемді эстетикалық тұрғыдан игереді, адам өмірінің байлығы мен алуан түрлілігі науызша көркем образдарда білдіреді. Әдебиеттің ауызша табиғаты оның барлық әмбебаптықта шындықты түсіну қабілетін анықтайды. Тікелей көрнекі сенімділіктен айырылған, адам қиялына, эмоциялар әлеміне, ақыл-ойға бағытталған әдебиет бейнелері оқырманға әсер етудің үлкен күшіне ие, оны диалогқа, көркем мәтінді түсінуге, бірлесіп құруға шақырады, осылайша оны суретшілердің рухани ізденістеріне, ұлт пен адамзаттың моральдық-эстетикалық құндылықтарына баулиды.

Мектептегі әдебиетті зерттеудің мақсаты қазіргі бағдарламада тұжырымдалған: «оқушыларды халықтың рухани және әлеуметтік-тарихи өмірінің қозғалысы аясында сөз өнерімен таныстыру және осы негізде олардың көркемдік ойлауы мен эстетикалық сезімдерін, шығармашылық қабілеттерін, оқу және сөйлеу мәдениетін

дамыту, адамгершілік-эстетикалық бағдарларын қалыптастыру». Қысқаша айтқанда,» жұмыс түрінде « әдеби білім берудің мақсаты келесі тезиспен ұсынылуы мүмкін: білікті оқырманды даярлау арқылы – рухани толыққанды тұлғаны қалыптастыруға.

Әдебиетті зерттеу міндеттерін келесідей тұжырымдауға болады:

\* тарихи-әдеби білімді және теориялық-әдеби ұғымдарды игеру, білімді функционалды пайдалану қабілетін қалыптастыру;

\* тұрақты оқу және сөйлеу дағдыларын, оларды жаңа жағдайда және өзінің әдеби шығармашылығында қолдану қабілетін дамыту;

\* жеке тұлғаның шығармашылық принциптерін, оның ішінде әдеби-көркемдік қабілеттерін (әдеби-сыни, әдеби-шығармашылық, орындаушылық) дамыту;

\* мәдени-тарихи ойлау түрі, Азаматтық және моральдық-эстетикалық ұстанымы, гуманистік дүниетанымы бар рухани дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Әдебиеттегі дағдылар сөйлеу және оқу дағдыларынан тұрады. Сөйлеу дағдылары орыс тіліндегі бағдарламада анықталған. Оқу дағдыларына мыналар жатады:

- әдеби шығарманы көркемдік қабылдаумен байланысты дағдылар (жазушы жасаған суреттер мен бейнелерді елестету, елестету; «автордың шақыруына» эмоционалды түрде жауап беру, алғашқы әсерлерін білдіру);

- аналитикалық дағдылар (эпизодты, сюжетті, композицияны, көркем тілді және т. б. талдау);

- синтездеу дағдылары (салыстыру, жалпылау, қорытынды жасау дағдылары);

- көркем шығарманы бағалауға байланысты дағдылар[3.121].

Көркем шығарманы оқу ғылыми, публицистикалық, оқу мәтінін оқудан сапалы түрде ерекшеленеді. Ол сөзге, сөз тіркесіне, көбірек назар аударуды қажет етеді, ол репродуктивті және шығармашылық қиялдың, бейнелі ойлаудың жанды жұмысын тудырады. Оқушыларға көркем сөзді естуге және тыңдауға, оны бағалауға, ләззат алуға, жақсы әдеби тілде сөйлеуді үйренуге үйрету керек. Шығармашылық оқу және шығармашылық тапсырмалар әдісі әдебиетке оқу пәні ретінде ерекше, өйткені оның ең маңыздысы-сөз өнері, әдеби шығарма. Дәл осы әдістің ерекшелігі көркемдік қабылдауды, көркемдік тәжірибені жандандыруда. ы керек: байқау, қиялды қайта құру, эмпатия қабілеті, эмоционалды және бейнелі есте сақтау, поэтикалық сөз сезімі. Әдеби дамудың мақсаты көркемдік қабылдау сияқты күрделі психикалық іс-әрекеттің сапасын анықтайтын психикалық процестерді дамыту болу

Шығармашылық оқу және шығармашылық тапсырмалар әдісі көбінесе келесі әдістер арқылы, келесі іс-шаралар процесінде көрінеді мұғалімдер:

- мұғалімді мәнерлеп оқу, көркем сөз шеберлерін оқу;

- әртүрлі өнер түрлерін қолдана отырып, жазушы туралы эмоционалды әңгіме;

- бастапқы қабылдау туралы әңгіме;

- мәнерлеп оқуға үйрету (өлеңнің жалпы интонациясын анықтау, интонацияны өзгерту, логикалық кідірістер мен екпіндерді орналастыру, мәнерлеп оқуда жаттығуды ұйымдастыру); оқушылар:

- мәнерлі оқу;

- мәнерлеп оқуда жаттығу;

- шығарманы оқығаннан кейін олардың сезімдерін сипаттау;

- шығармашылық қайталаулар (баяндау стилін сақтай отырып, баяндаушының бет-әлпетін өзгерте отырып);

- ауызша сурет салу;

- ауызша иллюстрация;

- сюжетті болжау;

- мизансценирование;

- сахналау;

- авторлық ескертулерді кеңейту;

- кадр жоспарын құру;

- сахналыққойылымғаарналғанэпизодтыңсипаттамасы;
- әртүрлі жанрдағы өз әдеби шығармаларын құрастыру (ертегі, әңгіме, ертегі, әдеби кейіпкердің атынан жазу және т. б.);

- оқылған шығармалар, қаралған кинофильмдер, спектакльдер туралы пікірлер[4].

Репродуктивті әдіспен оқушылар білімді тікелей мұғалімнен немесе оқулықтан, оқу құралдарынан алады. Бірақ репродуктивті әдіс белсенді оқу әрекетін қажет етеді: оқушыларға хабарланған білімнің табиғаты механикалық есте сақтауды емес, оларды саналы түрде игеруді қажет етеді. Репродуктивті әдіспен оқушылардың ойлауын дамыту әсіресе материалды проблемалық түрде ұсынуға ықпал етеді, оның барысында мұғалім проблеманы алға тартады, оның мәні туралы әртүрлі көзқарастарды, сондай-ақ оны дұрыс қою мен шешудің жолдарын ашады.

Репродуктивті әдістің әдістері, қызмет түрлері мұғалімдер:

- жазушы және оның шығармалары туралы мұғалімнің сөзі;
- мұғалімнің әңгімесі;
- мұғалімнің дәрісі;
- эпизодты, кейіпкердің мінезін талдау;
- репродуктивті әңгіме; оқушылар:
- оқиғаның жоспарын немесе қысқаша мазмұнын, мұғалімнің дәрістерін жазу;
- әдеби-сыни мақалалардың жоспарын, рефератын, тезистерін жасау;
- дәріс, оқулық, оқулық материалдары бойынша ауызша жауаптар;
- сюжетті қайталау (егжей-тегжейлі, қысылған, таңдамалы); жаттау;
- шығарманың сюжеттік жоспарын құру;
- жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы әңгіме;
- қосымша әдебиет материалдары бойынша жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы ауызша хабарламалар.

**Эвристикалық әдіс (іші нара іздеу әдісі).**

Бұл әдіс алдымен әдеби шығарманы талдау процесінде жүзеге асырылады. Шығарманы түсіну, оны талдау, әдетте, жазушы қойған көркемдік, адамгершілік, әлеуметтік немесе философиялық мәселелерді шешумен байланысты. Мұғалімнің міндеті - оқушылармен бірлесіп осы проблемаларды анықтау, оларды көркем мәтіннен шешу жолдарын табу. Бұл әдіс оқушыларды өз бетінше ойлауға, ойлауға шақырады. Бұл әдістің жалпы көрінісі – эвристикалық әңгіме.

Мұғалімнің іс-әрекетінің әдістері, түрлері:

- алдын ала ойластырылған мәселелер бойынша эвристикалық әңгіме (оның мақсаты - бір-бірінен туындайтын бір қатар сұрақтар арқылы оқушыларды шығарманы талдауға мәжбүрлеу);
- түсіндірмелі оқу (шығарманың бөліктерін олардың түсіндірмесімен қайта оқу: тарихи, лингвистикалық, әдеби);
- оқушылар мен бірге эпизодтың, тұтас шығарманың жоспарын жасау;
- оқу жұмыс түрлері (эссе, реферат және т.б.) оқушылар:
- талдау элементтерімен қайталау;
- эпизодты талдау, мұғалімнің тапсырмалары бойынша көріністер;
- мұғалімнің тапсырмасы бойынша кейіпкерлердің сипаттамасы (жеке, салыстырмалы, топтық) ;
- сұраққа дәлелді жауап.

**Зерттеу әдісі.**

Бұл әдістің мақсаты-оқушыларды әдеби шығармаларды өз бетінше зерттеуге дайындау. Бұл функциясы бойынша эвристикалық әдіске жақын, бірақ біреуінің екіншісінен айтарлықтай айырмашылығы мұғалімнің оқу рөлі мен оқушылардың оқу, танымдық іс-әрекетінің айырмашылығы болып табылады. Эвристикалық әдіспен мұғалім бір қатар сұрақтар немесе мәселелер қойып қана қоймай, оларды шешу жолдарын түсіндіреді, материалды жинауға, талдауға, жүйелеуге үйретеді, жұмыс әдістерін

түсіндіреді. Зерттеу әдісімен оқушылар өздері үйренген білімді, дағдыларды және дағдыларды қолданады және сонымен бірге Тәуелсіздіктің үлкен дәрежесін көрсетеді. Бұл әдіс олардың каталогты пайдалану, тапсырманы орындау үшін қажетті кітаптарды табу, оларды қарау, қызықты материалдарды таңдау, конспект, дәйексөз, баяндамалар жазу, ауызша және жазбаша мәлімдемелерінің, эсселерінің жоспарларын жасау қабілетін дамытуы керек. Эвристикалық және зерттеу әдістері оқушылардың ойлауын дамытуға үлкен ықпал етеді. Алайда, тек осы әдістерді қолдану білімнің жеткілікті ендігі мен жүйелілігін қамтамасыз етпейді. Өйткені, рефлексия арқылы алуға болмайтын мұндай білім (тарихи-әдеби фактілер) бар, ал оқушыларды олар үшін күрделі ғылыми еңбектерге, энциклопедияларға сілтеме жасау мүмкін емес. Мұндай жағдайларда мұғалімнің өзі не қажетті материал берген немесе оны қол жетімді басылымдарда оқуға кеңес берген дұрыс.

Мұғалімнің іс-әрекетінің әдістері, түрлері:

- тақырыптарды, семинар сабақтарына арналған мәселелерді, талқылауға арналған сұрақтарды тұжырымдау;
- әдебиеттерді таңдау және ұсыну;
- баяндамалар мен рефераттар тақырыптарын тұжырымдау оқушылар:
- өз бетінше оқылған бүкіл шығарманы талдау;
- жарықты салыстыру .оның бейімделуі немесе театрландырылған қойылымы бар шығармалар;
- сабақтар мен семинарларда сөз сөйлеу үшін рефераттар, баяндамалар жазу;
- кітапхана каталогтарында жұмыс істеу;
- мәселелерді талқылау барысында сөз сөйлеуге дайындық және семинарда сөз сөйлеу;
- Пікірлер, аннотациялар жазу;
- әдеби-сыни жанрларда эссе жазу.

Шығарманы зерттеу процесінде белгілі бір әдісті таңдау оқушылардың жас ерекшеліктеріне, олардың өмірлік және оқу тәжірибесіне, жалпы және әдеби дамуына, шығарманың жанрлық-рулық ерекшелігіне, оның көркемдік ерекшелігіне байланысты. Сонымен, орта сыныптарда көркем шығарманы эмоционалды-бейнелі деңгейде игеруді қамтамасыз ететін, рекреациялық және шығармашылық қиялдың жұмысының таландыратын әдістерді, сөйлеу әрекетін, мәтінді қайта құру әдістерін (ауызша сурет салу, Кадрлық жоспар жазу, сахналау, иллюстрация), ойын әдістерін (авторды оның шығармасының фрагменті бойынша тану, авторлық Ремарк кеңейту, режиссура және т. б.). Осы әдістермен қатар, шығарма әдеби тәсілдердің көмегімен игеріледі, бірақ жасөспірімдердің оны түсінуінің негізгі жолы – мәтінге баяуоқу, «тыңдау», «сезіну», оған қолжетімді деңгейде түсініктеме беру, оқушылардың шығармашылығын және олардың жазушы мен бірлесіп жұмыс істеуін ынталандыру.

Жоғары сыныптарда әдебиетті зерттеу бастапқы субъективті-жеке қабылдауды ғылыми негізде түзетуге, әдеби шығарманы форма мен мазмұнның бірлігінде түсінуге, оны игеруде эмпирикалық және аналитикалық деңгейден тұжырымдамалық деңгейге дейін көтеруге мүмкіндік беретін әдеби әдістердің артықшылығын қажет етеді. Бұған келесі әдістер ықпал етеді: әдеби шығарманың тарихын зерттеу; авторлық позицияны анықтау; композицияны, бөлшектерді, тілдің ерекшеліктерін зерттеу; кейіпкерлердің сипаттамасы, суреттердің бүкіл жүйесі; мәтіннің өрескел нұсқаларымен жұмыс; сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларының көркемдік қабілеттерін дамытуға бағытталған әдістер белсенді қолданылады: мәнерлеп оқу, ауызша сурет салу, мизансценирование және т.б. сыни әдебиеттермен, мәтіннің әртүрлі интерпретацияларымен танысу жас оқырмандарда әдеби-сыни ойлауды, өз көзқарасын дәлелдеу қабілетін, өнер құбылыстарына көп жақты көзқарасты дамытады.

Сабакпен қатар, мектеп практикасында әдебиетті оқу пәні ретінде зерттеудің басқа түрлері – көркем әдебиет, әдебиет тарихы мен теориясының шығармалары, әдеби және шығармашылық қызметті дамыту белсенді қолданылады. Бұл формалар:



\* Сабақ \* Дәріс \* Семинар \* Әдеби ойындар

\* Эмоционалды формалар (тасымалды жіктеу)

Қиын білім беру жағдайында (бұл мектептегі әдебиет сабақтарының рөлі мен орны туралы) әдебиет сабағына қойылатын талаптар Жоғары. «Қазіргі әдебиет сабағы оқушылар үшін қызықты болуы керек, олар қуанышпен баратын, ойлауға, дауласуға, өмірді Үйренетін» (Е.Ильин). Сабақты осылай ететін не?

1. Мұғалімнің жоғары кәсіби деңгейі, оның жеке қасиеттері.
2. Сабақтың тұжырымдамасы, егер орталықта мәселе немесе соңында шешілетін идея болса.
3. Мұғалім өзі үшін де, сабақ басында оқушылар үшін де тұжырымдайтын нақты мақсатты көзқарастар.
4. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне, олардың жалпы даму деңгейіне, зерттелетін жұмыстың ерекшеліктеріне сәйкес келетін әдістер мен әдістердің әртүрлілігі.
5. Оқу материалын мұқият таңдау, оның ұйымдастырушылық ойлауы, сабақты тұтастай және оның әр кезеңін жеке құру.
6. Бір тақырыппен біріктірілген сабақтар жүйесіне және бүкіл оқу процесіне қосылу[5].

Нақты сабақ тақырып бойынша сабақ жүйесіне және Осы курстың әдебиетін оқу процесіне жазылуы керек. Мұны істеу үшін алдымен тақырыптық жоспарлауды жасау керек, яғни әр сабақтың мазмұнын анықтай отырып, зерттелетін жұмыс бойынша әр сабақтың тақырыбын тұжырымдау керек. Мұнда бастаушы мұғалімге оқу бағдарламаларындағы жұмыстарға аннотация көмектеседі. Сондай-ақ, бағдарламада анықталған теориялық және әдеби ұғымдарға назар аудару керек, тұжырымдаманы қашан, қай сабаққа енгізген жөн екенін ойластыру керек. Сабаққа көрнекі материалды таңдап, оны пайдалану орнын анықтау керек. Жаңа тақырыпты бастай отырып, оқушыларға қандай Тақырыптық бөлім (орта сыныптар), әдебиеттің дамуындағы кезең (жоғары сыныптар) осы шығарманы зерттейтінін еске салу қажет. Егер жазушы мектеп оқушыларына бұрыннан таныс болса, жаңа тақырыпты зерттеуді осы жазушының оқыған (соның ішінде өз бетінше) шығармалары туралы әңгімеден бастау керек.

Көрнекі құралдар әдебиет сабағында маңызды рөл атқарады. Әдеби шығарманы зерттеу бойынша сабақ жүйесін жоспарлау кезінде фотосуреттерді, иллюстрацияларды, репродукцияларды таңдап, диаграммалар, кестелер жасау керек, яғни жазушының жеке басын, әдеби дәуірді, зерттелетін шығарманы неғұрлым адекватты қабылдауға ықпал ететін көрнекілік.

Барлық көрнекі құралдарды келесідей жіктеуге болады:

1. Көрнекі: кестелер, диаграммалар, репродукциялар, портреттер, иллюстрациялар және т. б.
2. Есту: магнитофон және грамматикалық жазбалар.
3. Көрнекі-есту: кинофильмдер, диафильмдер, бейнефильмдер.

Қазіргі мектеп тәжірибесінде, өкінішке орай, көрнекі материалды жеткіліксіз пайдалану байқалады. Бұл оқу-әдістемелік кешенде Көрнекі құралдар жиынтығының болмауына, жеке күш-жігермен көрнекілік алуға қол жетімсіздігіне, кейде мұғалімдердің сабақты қызықты, бай, есте қаларлықтай еткісі келмеуіне байланысты. Көрнекі құралдар келесі талаптарды қанағаттандыруы керек:

1. Орындау бойынша жоғары сапалы болыңыз.
2. Оқушылардың назарын аудармайтындай мөлшерде қолданыңыз.
3. Олар көрсетілмеуі керек, бірақ қолданылуы керек (сабақ жоспарында қай жерде және қандай жұмыс, қандай әдістердің көмегімен жәрдемақымен жүргізілетінін көрсету қажет).
4. Көрнекі материалды пайдалануды әдеби шығарманы зерттеудің нақты кезеңімен байланыстыру қажет.

Әдебиет сабағын жасаушы-мұғалім, ол жұмыс пен оқушы арасындағы байланыстырушы буын, ол оқушыға «әлемнің бейнесін, ашық сөзбен» түсінуге көмектесетін мұғалім. Әдебиет мұғалімі қандай болуы керек, оның қандай кәсіби қасиеттері болуы керек? Біріншіден, мектеп оқушыларын өнер туындысымен қуанту, оларды алаңдату мүмкіндігі. Екіншіден, мұғалім оқушылардың әдеби дамуын қамтамасыз етуі керек: оқу және әдеби-шығармашылық қабілеттерін дамыту. Үшіншіден, ол теориялық дайындықтың жоғары деңгейіне ие болуы керек (әдебиет теориясы мен тарихының негіздерін білу, кең тарихи-мәдени көзқарас), сөйлеудің жоғары мәдениеті. Төртіншіден, мұндай мұғалім шығарманы өзі талдай білуі керек. Ақырында, ол сөздің кең мағынасында шығармашылыққа білетін дамытуы керек. Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық білім мен дағдыларды меңгеру және жоғары адамгершілік келбеті сияқты жалпы педагогикалық қасиеттерді есте ұстаған жөн.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Тұрмаханова С.Ә. «Оқушылардың сөздік қорын байытудың теориялық-әдістемелік негіздері» -Алматы, 2005.-173 б.
2. Сыздықова Р. Ауызша әдеби тіл. Абай Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 1995.
3. Табылдиев Ә. Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие. Алматы, Қазақ университеті, 2001
4. <https://superinf.ru>
5. <https://ulagat.com>



## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ОБРАЗ**

### **Талгат Гульвира Талгатқызы**

Темірбек Қожакеев атындағы №39 жалпы білім беретін мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

### **Агибаева Шарафат Дәулетовна**

Ж. Баласағұн атындағы орта мектебінің мұғалімі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

«Айығар соғыс өрті, жылдар өтер, Ер халық ер ұланын жырлап өтер», - деп ақындарымыз айтқандай адамзат тарихында, халық жадында мәңгі өшпес із қалдырған Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ ұл-қыздарының көзсіз ерліктері мен қаһармандық істері ұрпақтан-ұрпаққа ұдайы жырлана берері сөзсіз.

Қазақ тарихында елін, жерін қорғаған талай қаһарман тұлғалар, яғни батырлар дүниеден өтті. Олардың есімі еш уақытта халық санасынан өшкен емес. Халық өз батырларын мадақтай білді. Олар жайында көптеген аңыз- әңгімелер, жырлар жазылды. Ғасырдан-ғасырға, ауыздан-ауызға жырланып жеткен жыр, әңгімелерде сол кезеңнің тарихы, батырлардың ерліктері сөз болды. Абылай, Бөгенбай, Қабанбай, Қасым, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай Сырым, Исатай сынды батырлар туған топырақта Бауыржан Момышұлы дүниеге келді. Осындай қасиетті топырақтан шыққан, ата-баба дәстүрін ұстанған Бауыржан да қаһармандығымен көптің ортасынан жеке даралана білді.

Бауыржан Момышұлын тарихи тұлға дейміз. Өйткені ол кісінің есімі Ұлы Отан соғысы кезінде көрсеткен ерлігімен бүкіл Кеңес Одағына танылды.

Б.Момышұлы атақты да, мадақты да мансап тұтқан адам емес, ол елі, жері үшін күресті, қаһарман ерлік көрсетті. Оның бұл ерлігі халықтың санасынан өшпестей орын алды. Халықтың ойында, көңілінде өшпестей шырақ болып жану, Кеңес Одағының Батыры деген аттан да биік әрі мәртебелі еді.

Табиғат берген, ата-ананың қанымен келген Бауыржан болмысы тек адалдықты, шыншылдықты, өжеттілікті қажет етті. Қабағы қатулы, өңі сұсты, өткір көзді, кең жауырынды, зор үнді, қалың мұртты болып келген сыртқы пішіні қатқыл, суық көрінгенмен жүрегі нәзік, ниеті таза, адал, кең адам. Бұл – өмірдегі Бауыржан Момышұлының нақты келбеті.

Бауыржан – жазушы. 1956 жылы әскери борышын өтеп, құрметті демалысқа шыққаннан кейін, қаһарман батыр қолына басқа қару алды. Ол өмір шындығын, өзінің көргенін, келер ұрпаққа өсиет айтар даналық сөздерін мирас ету үшін қаруды қаламға алмастырды. Әрине бұл оңай бола қойған жоқ. Дегенмен де, алдына мақсат қоя білетін адам диттегеніне жетері сөзсіз. Осы тұрғыда Б.Момышұлы қазақ әдебиетіне жаңа жанр, яғни соғыс әдебиеті деген жанрды енгізді. Оның қаламынан бірнеше еңбектер жарық көрді. Мәселен «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Біздің семья», «Москва үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдандағы кездесулер», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Ел басына күн туса», «Ұшқан ұя» деген дүниелері әскери, өмірбаяндық жайттарды арқау етіп, патриоттық рухты, адалдықты, ерлікті ту еткен шығармалар.

Генерал Петр Вершигоров оның жазғандарын бағалай келіп, былай деген еді: «Бауыржанның соғыстағы ерлігі бізге мәлім. Ал жазушы болып ол екінші рет ерлік жасады. Бұл екі ерлігі менің ойымша теңдесі жоқ ерлік». Рас, оның артында қалған баға жетпес мұрасы бүкіл бір ұрпақтың елін, жерін қадірлеуге, бағалауға, тәрбиелеуге жетерлік десек артық емес. Оның кітаптарының бірінші бетін ашқанда, тұнып тұрған ізгілік, адамгершілік құндылықтардың сипатын көргенде оны жазған автор туралы ой ойламау мүмкін емес. Жүсіп Баласағұн «Халықты қаламмен басқар» дегендей халыққа құнарлы сөз, әділ, өміршең дүниелер қажет. Бұл рухани байлықты шынайы жазушылар ғана бере алады. Бауыржан жазған туындылар осындай құндылықтарымен ерекшеленеді. Бұл мақсатта Б.Момышұлы өзіне тиесілі елі мен келешек ұрпақ алдындағы міндетін адал өтей алды деуге болады.

Б.Момышұлы еңбектерін орыс, қазақ тілінде бірдей жазды және де бұл туындылары көптеген тілдерге аударылды. Бауыржан шығармаларында жасандылық, қоспа, болжам жоқ, сұрапыл соғыс шындығы ақ қағазға алқынған тынысымен, ақиқат шындығымен шынайы түскен. Көркем сөз уақытқа, өсіп келе жатқан жеткіншектерге ескерткіш. Соның ішінде Ұлы Отан соғысына арналған әдебиеттен қан майданды кешкен қаһарман тұлғалардың бейнесін, ерлігін, өмір шындығын көреміз. Сондықтан Б.Момышұлының әр сөзбен салған ою өрнегі ескерткіш болып қалмақ.

Жазушы Шерхан Мұртаза айтқандай: «Біз Бауыржанды тек батыр деп танымыз, ал ол тұнып тұрған ақыл». Әрине, Б.Момышұлы халық ауыз әдебиетінен нәр алды, орыс, әлем әдебиетінен сусынданды, өмірдің ащысы мен тұщысын қатар татты. Өмір мектебі оны кемеңгерлікке жетеледі. Бауыржан өмірі тамсануға емес, тануға зәру. Оның өмірлік тәжірибесі, шығармашылық мұрасы рухани байлық. Бауыржан елін шын сүйген азамат. Сондықтан да халықтың оған деген ықыласы шексіз. Оның еңбектері патриоттық рухта тәрбиелейтін туындылар.

Бауыржан – көркем бейне. Момышұлының қаһармандық ерлігі туралы белгілі орыс жазушысы А.Бек «Волоколамское шоссе» повесін жазды. Ә.Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» роман-диологиясын жариялады. «Қазақфильм» киностудиясы «Ел басына күн туса» көркемфильмін түсірді. Москва академиялық драма театры Момышұлы туралы «Волоколамск тас жолы» спектаклін қойды. Осы аталмыш туынды авторлары өмір

шындығы мен көркем шындықты бір-бірімен жымдастырып, жігін білдірмей үйлестіре білген. Ондағы образдар мен суреттелген оқиғалар, мінездер мен қимыл- әрекеттер расында да өмірде дәл солай болғандығына шүбәсіз сендіреді.

Белгілі жазушы, соғыс ардагері Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-дилогиясын жазуда, оның басты кейіпкері қаһарман Бауыржанның бейнесін суреттеу үшін көп ізденді. Ол жайында жазушы көп айтты да, жазды да. Сондағы жазушының мына бір сөзі көңіл аударарлық: «Мен саған материалмын, оны қалай, қайтып жазамын десең де еркің. Аты жөнімді де өзгертуіңе болады. Бірақ Ұлы Отан соғысының шындығы сол қалпында қалсын деген» [1, 184-186 б]. Көркем дүние болғандықтан оған жазушының алып қосары да көп болмақ. Ә.Нұршайықовтың өзі қан майданды басынан кешірді. Сондықтан оның шындықтан алшақ кетпесіне Б.Момышұлы сенгендіктен орынды талап қоя білді. Оның өзінің өмірлік ұстанымы шындық еді. «Аңыз бен ақиқат» романында Бауыржанның нағыз реалистік бейнесі жасалды. Бұл шығарма өзінің көркемдігімен де тарихилығымен де оқырманды өзіне баурап алған туынды.

Сонымен қатар Бауыржан Момышұлының ерлігі жайында қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов «Намыс гвардиясы» деген пьеса жазды.

Ұлы Отан соғысы басталысымен-ақ М.Әуезовтің тыл мен майдан тақырыбына арналған мақала, очерктері баспасөз бетінде жиі көріне бастады. Келе-келе Ұлы Отан соғысы туралы көлемді шығарма жазу мақсатын алдына қойды. Алдына орасан зор мақсат қойған жазушыны қызықтырған тақырып 1941 жылы Москва түбіндегі үлкен шайқаста қазақстандық 8-гвардия дивизиясының бүкіл әлемді дүр сілкіндірген ерлігі болатын. Майдан хабарын жіті қадағалап, қажетті деректер көзін жинастыруға кіріседі. Осы тұста жазушының Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллинмен хат жазысуы да жиілейді. Бауыржанның «Отан соғысын тақырып етіп еңбек етемін. Ол еңбекті атүсті емес, әбден терең мағына-мәнісіне түсініп, біліп алып бастаймын деген ниетіңіз, талабыңыз мені өте қуантады» [2, 326], – деген хатынан жазушы ниетін қостаған пікірін көруге болады.

«Намыс гвардиясы» М.Әуезов пен Ә.Әбішевтің бірігіп жазғандары, ол сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланып, сахнада қойылды. Соғыс тақырыбын жазу үшін, көрерменге әсерлі болу үшін майдан көрінісін шынайы бейнелеу де Ә.Әбішев Б.Момышұлымен майдан шебінде жолығып, ой бөліскен. Оны Б.Момышұлының мына хатынан көруге болады: «Әрине, «Намыс гвардиясының» жазылып шыққаны өте қуанышты, бірақ менің қауімім Әлжаппар осыдан жинап алған материалдарға толық түсініп, оларды сізге айтып бере алды ма екен? Пьесаның фундаменті құмнан болып жүрмесе еді деген қорқыныш қой» [2, 328 б].

«Намыс гвардиясының» бір үзіндісімен танысып шыққан Баукең тағы бір хатында: «Құрманбек жаңа ғана келіп, қолына «СҚ» газетінің 230 номерін оқып беріп отыр, басын, аяғын әлі көргеніміз жоқ. Сондықтан пьесаға толық талқыланған пікірімізді айта алмаймыз. Сөйтсе де ортасын көріп отырып, мынаны айту қажет:

– Тырысып-ақ, шын ықылас қойып жазған екенсіз, немістерді сіздің... шебер көркемдігіңіздей емес, майдан жағдайын азырақ білгендіктен, көрмегендіктен майдалы-ірі болуы мүмкін. Амандық болса оларды да оқып шыққан соң толық жаза жатармыз» [2, 329 б], – деп өзінің алғашқы әсерінен алған пікірін білдіреді.

Мұхтар Әуезов өз шығармасының бас кейіпкері ретінде суреттелген Бауыржан Момышұлымен 1943 жылы желтоқсан айында танысқан. Пьесада М.Әуезов бас кейіпкерін Намысұлы Бақытжан деп атаған. Жазушы қан майдандағы соғыс көрінісіне көркемдік бояу бергенмен Момышұлының мінез-құлқын дәл жеткізгендей. Оны пьесаның мына бір жерінен көруге болады:

«Намысұлы: Ендеше мен Отанымның жауына қарсы осы майданға не алып келдім, немен келдім? Партияның таза тәрбиесін алып келдім, жауға деген жиреніш, Отанды сүйген жүректі ғана әкелдім. Әскери білім, ысылған тәжірибе әкелгенім жоқ қой.

Панфилов: Оны кім түгендеп әкепті? Бәріміз де осы соғыстың әр сағатынан, әр қыспағынан оқып-тоқып келе жатқан жоқпыз ба?

Намысұлы: Бәсе, ендігі ойым: әкелмегенім есеп емес. Өлсем де соны табуым керек, жетуім шарт. Менің сыным сол болу керек деймін» [2, 38 б].

Бұл жерде бас кейіпкердің ұрыс алаңына келгенде тәжірибе жинап келген әскери адам емес, жүректі адам екендігін көреміз. Отанын жаудан қорғауда үлкен азаматтық танытқандығын байқауға болады. Пьесада Панфилов Бақытжанды қайта батальон командирі етіп тағайындап, оған берілген тапсырма жауды Москваға өткізбеу еді. Сондағы екеуінің арасындағы диалог мынадай болып келеді:

«Панфилов: Біз сырласып болдық. Енді бұйрықты тыңда. Мезгіл ауыр, хал қатер. Қазіргі осы жүріп жатқан соғыстан бастап бізге үлкен соққы түйілді. Бүгінгі, ертеңгі күндер жаудың бізді басып-жаншып Москваға өтеміз деген күні, сенің полкың, соның ішінде сенің батальоның зор қатердің алдында тұр. Мың жүректің бір жерден соғатын кезі жеткені осы. Не дейсің осыған?

Намысұлы: Осы айтқаныңызға бар қайратым құрбан.

Панфилов: Ендеше, батальон рубежін не болса да, ертең кешке дейін үстіңнен жау өткізбей ұстап тұрамысың?

Намысұлы: Сізше маған келетін жаудың күші неше есе артық болуы мүмкін?

Панфилов: Сенің батальоныңа жаудың бір танковый полкы шабуыл жасауы мүмкін.

Намысұлы (ұзақ пауза). Онда өткізбеймін деп айта алмаймын. Бірақ бір адым шегінбеске ант етемін?» [2, 45 б].

Бұндай антты тек қана өзіне-өзі сенімді, Отан үшін от кешуге дайын өр тұлғалы батыр ғана айта алады. Бұл жерде жазушы Б.Момышұлының нақты бейнесін бере алған. Өйткені Б.Момышұлы сөздің емес, істің адамы екенін осы М.Әуезов суреттеп отырған Москва үшін шайқаста дәлелдеді. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Бұны Бауыржанның жасаған ерліктерінен көруге болады.

М.Әуезовтің бұл пьесасы жазылғаннан кейін театр сахнасынан түскен жоқ деуге болады. Оған сол кезеңдегі газет беттерінде жарық көрген мақалалар айғақ. Мәселен «Социалистік Қазақстан» газетінде бұл пьеса жайында біраз пікірлер айтылды. Газеттің 1942 жылы 29 қарашада жарық көрген санында А.Лекеровтің «Жеңіске шақырады» деген мақаласы жарық көрді. Сонда «Пьесада жауынгерлерге үлгі боларлықтай күшті образдар, келелі оқиғалар бар. Бүгінгі таңдағы моторлы соғыстың айла тәсілдерін меңгерген Панфилов сияқты даңқты генералдың кесек тұлғасын жазушылар шебер бере білген. Сол сияқты командирлік қабілеті зор Намысұлының образы да күшті шыққан» деген.

Театр сахнасынан түспеген бұл спектакльге: «Ұлы Отан соғысы кезіндегі ең таңдаулы спектакль ретінде қазақ театрының тарихына кірді. Алты жыл бойына ол спектакль сахнадан түспеді. Жеңіс күнінде, жеңімпаздар Қазақстанға оралған күні де спектакльді көрермендер тағы да өзгеше ыстық ықыласпен қабылдады» [3, 34 б], – деген лайықты бағасы берілді.

Пьесада Бауыржан Момышұлы мен қатар біраз белгілі адамдардың да прототиптерін көруге болады. Ол пьесада суреттелетін Айбаров Қайсар – Кеңес Одағының батыры, автоматчик Төлеген Тоқтаров. Ғалиев Мейрам деп сомдалған кейіпкер соғыстан кейінгі белгілі ғалым, жазушы болған Мәлік Ғабдуллин.

Әрине бұл пьесадағы оқиға шындыққа қаншалық жақын екендігін кезінде Бауыржан Момышұлы өзі тиесілі бағасын берген болар, ал көркемдік тұрғысынан келгенде өте ұтымды шыққан пьеса.

Жалпы Б.Момышұлының бейнесі көркем шығармаға сұранып тұрған образ. Кезінде ол жайында көптеген өлеңдер, поэмалар, очерк, мақала, пьеса, романдар жазылды. Әлі де жазыла бермек.

Сонымен қатар тағы айта кететін нәрсе өзінің қайталанбас жауынгерлік ерліктерімен, жазушылық шеберлігімен көрінген батыр Бауыржанның ел аузында

сақталып қалған қанатты сөздері бар. Бұл сөздердің беретін мағынасы өте терең және тәрбиелі. Бұл сөздерді ішінара бірнеше тақырыптарға бөліп қарастыруға болады:

Ерлік-батырлық тақырыбына қатысты айтылған сөздер: Батыр батыр емес, батырларды бастаған батыр. Ежелден ер тілегі ел тілегі. Адал ұл ер боп туса ел тірегі. Сын ерді шындайды, қорқақты қинайды. Көзсіздік батырлық емес, есерсоқтық.

Адамның мінез құлқына байланысты айтқандары: Ақкөңіл деген нәрсенің екі түрі бар: аңғал ақкөңіл, ақылды ақкөңіл. Жалтақтардың көбі ақымақ, әкімқұмар келеді. Қостай берушілік әлсіздік. Адал болмай азаматпын демегін. Сабырлық алдында дұшпан сасады, сабырсыздан береке қашады.


Отан тақырыбына қатысты: Өз елін, ұлтын сыйламау, онымен мақтанбау ол сатқындық. Отанға ана ретінде қара, халық үшін еңбек ет. Отан үшін отқа түс – күймейсің! Сатқынның отаны жоқ. Батыр отансыз, халықсыз болмайды.

Даңқты батырымыздың бұл сөздері әр қайсымыздың жадымызда сақталып, келер ұрпақтың санасына сіңетін асыл қазыналы сөздер.

«Ұрыста өмір ешкімге сыйға берілмейді, жеңіп алынады» деп Б.Момышұлы өзі айтқандай, оның халқының сүйіспеншілігіне бөленген абыройы, ерлігі, даңқы, атағы оңай келген сый емес, бұның барлығы жеңіспен келген құрмет.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Ерлік шежіресі жалғаса бермек // Жұлдыз, №5. – 1985.
2. М.Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 21 том. А., 2005.
3. Қазақ театрының тарихы. – А., 1978. – 2 том.
4. 4.Мырзахметов М. Бауыржан батыр. - Алматы: Жалын, 1991. -352 б.
5. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог, Екінші басылым. - Алматы: Жазушы, 1978. - 360 б.
6. Момышұлы Б. Әдебиет және әскери өмір // Қазақ әдебиеті. - 1964. - 31 июль.



### **БҮГІНГІ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ Б. СОҚПАҚБАЕВ**

**Бостаева Дамира Уалихановна, Беремкулова Кенескуль Ауденовна**  
А.Байтұрсынұлы атындағы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімдері, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Бүгінгі таңда балалар әдебиетінің даму жағдайына байланысты пікірлер оңды емес. Өсіресе, жасөспірімдерге ұлттық тәрбие беру мақсатында көркемдік-эстетикалық деңгейі жоғары көркем шығармалардың жетіспейтіні жиі айтылады. Бұл әрине, балалар ақыны немесе жазушы болудың қиындықтарына байланысты. Дегенмен бүгінгі балалар – ертеңгі қоғам екендігін ескермеуден асқан салғырттық жоқ. Кез-келген өркениетті қоғам адамзаттың баладан өсетіндігін ескеріп, оған рухани азық жасап, бала тәрбиесін өзекті мәселелер қатарында талдап-таразылауы тиіс. Балалар әдебиеті де әрбір қоғамда осындай қажеттіліктен туындап жатады. Әрине, бұл әдебиеттің меншігіне саналатын туындылар ұлттың мол рухани қазынасымен араласып жүріп, жас бүлдіршіндер мен жасөспірімдерді сұлулыққа құштарлығын арттырып, ерлікке, отансүйгіштікке ынталандыратын тәрбиешілік қызметін жасай береді. Кез-келген заман, кезең, қоғам жағдайында дербес даму ерекшелігіне ие болатын әдебиеттің жекелеген жанрларының өзі өзіндік сипатқа ие болады. Заман жағдайына бейімделіп, шынайы көріністерін бейнелеп, рухани нәр сыйлауға қолына қалам ұстаған сөз зергерінің барлығы да ұмтылады. Осы абзал мақсат жолында өзіндік ізденістерімен бой көрсетіп жатады. Уақыт-төреші өз сынынан тек шынайы талант пен талаптыларды екшеп өткізіп, кейінгі

ұрпаққа жеткізіп жатады. Ал, әрбір дәуір ұрпақтарының, жас жеткіншектерінің ойын дөп басу, талдап-таразылау – екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Өткен ғасырдың 70-80-жылдары балалар әдебиетінің дамуына «Балауса», «Жалын» баспалары мен «Ұлан», «Балдырған» басылымдарының ықпалы өте зор болды. XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы күрес-көтеріліске толы дүрбелең кезенді, әлеуметтік өмірді көзбен көріп, көргенін баланың ақ қағаздай қиялына Ө.Тұрманжанов, С.Омаров, Қ.Әбдіқадыров, С.Бегалин, М.Әлімбаев секілді таланттар жақсылап сіңірсе, 60-ғасырдағы балалар әдебиетінің алтын қорында Б.Соқпақбаевтың, Қ.Мырзалиевтің, М.Қабанбаевтың шығармалары, Т.Нұрмағамбетовтің, С.Мұратбековтің, т.б. көркем туындылары шоқтығы биік болып саналады. Аталған саңлақтардың қай-қайсысының балаларға арналған көркем туындыларының халықтық рухы терең, тәрбиелік мазмұнға бай болып келеді. Мәселен, Талып кеп бір жолаушы,

Өрігін теріп жеді,

Еккенді есіне алып,

Ішінен «рахмет» - деді. – деп Өтебай ақын қайырымдылық хақындағы нақыл сөздерге үн қоса отырып, ақылын айтса: М.Әлімбаев:

Кітапты жел парақтады,

Парақтады, қарап тағы.

Өршеленді, жалақтады,

Паарақтады, парақтады.

Түсіне алмай, алақтады....

Түсінуге зерде керек,

Құр парақтау неге керек?- деп жас ұрпаққа қарапайым тілмен нәрлі ой айта біледі. С.Омаров «Сыр сандық», «Алтын алқап», «Қайырлы жаз», Қ.Әбдіқадыров «Тұз», «Есек пен өгіз», «Тапқыш», т.б. Ж.Смақов «Бесік жыры», «Сылдырмақ», «Айна», «Кім күшті, кім мықты?», т.б. секілді көркем шығармаларында бөбек деп өбектеп, жас балаларды ізгілікке үндейді. Ал, Т.Нұрмағамбетов, С.Мұратбеков, М.Қабанбай, т.б. оң-солды таныған жасөспірімдерге арналған көркем туындыларында заман шындығын суреттей отырып, тәрбиелі ойлар айтып, өмірдің қыр-сырына бойлата біледі. Балалар әдебиеті өкілдерінің де жабыла атқаратыны да осы міндет. Балаларға ұғынықты болсын деп тым қарабайырлыққа да салынбай, поэтикалық қуаты да бала көңілін баурап алып жататын жырлар, өлеңдер, әңгімелер, повестер өткен ғасырдың еншісінде өз биігінде болды деп айтуға болады. Ал, бүгінгі таңдағы балалар әдебиетінің әлі де тындырары көп. Өйткені, ғылыми-техникалық прогрестің даму шыңына шығып, озық технологиялар кемелденген замандағы баланың ой-санасы, қабылдау түйсігі әлдеқайда жоғары. Осы себепті де балалар әдебиеті өкілдерінің тығырыққа тіреліп отырған жайлары да кездесіп жатады. Дегенмен, рухани тәрбиенің мәңгі бұлағы да, тәрбиеші де - көркем әдебиет болып қала бермек. Бүгінгі кішкентайлардың әдебиетінде «Бердібектің биігі» деп аталатын асу бар. Бұл тіркестің қалыптасуының өзі белгілі жазушы Бердібек Соқпақбаевтың қаламгерлік ерекшелігінен туындаса керек. Әдебиетке алғашқысында ақын болып келген Б.Соқпақбаев алпысыншы жылдары дендеп араласып, көрнекті жазушы ретінде танылды. Әсіресе, «Балалық шаққа саяхат», «Алыстағы ауылда», «Жекпе-жек», «Менің атым Қожа» атты повестері өз кезінде ғана емес, бүгінгі таңда да ұлттық болмысқа сай тәрбие беру мен балалар психологиясын берудегі авторлық шеберлігімен дараланады. Аталған шығармалардың ішінде тек ұлттық әдебиетімізде ғана емес, одақтас республикалар әдебиетінде ірі құбылысқа баланған «Менің атым Қожа» повесі орыс, француз, украин, литван, латыш, молдован т.б. тілдерге аударылып қана қоймай, әрбір әдебиетте ұлттық прозамыздың беделін көтерді. Жалпы алғанда, Б.Соқпақбаев шығармалары өзінің жатық тілімен, жоғары көркемдік-эстетикалық талғамымен ерекшеленеді. Осы себепті де өміршеңдігін жоғалтпай келеді. Қазіргі таңда да Қожа секілді бұзық балалар өте көп. Тек Қожадай саналы тентек болса болғаны. Сонымен қатар, Б.Соқпақбаев секілді рухани тәрбиешісі болуы тиіс.

Б.Соқпақбаев қазақ әдебиетіне қызық мінезді кейіпкерлер әкелген, сол арқылы кейіпкер жайында өзіндік концепциясын қалыптастырып, қазақ прозаиктерінің ішінде қоғам шындығын суреткерлік тереңдікпен жіті сезініп бейнелеген қаламгер. Және, әдебиетте бұрыннан қалыптасқан көркемдік компоненттерді суреткерлікпен игеру барысында тың стильдік ізденістерге барып, балалар психологиясын шебер суреттеп, өз қаламдастарының арасында өзгешеленді. Жазушының қаламгерлік ерекшелігін А.Нұрқатов: «Бұрын балаларға арнап көптеген қызғылықты да татымды шығармалар жазған Б.Соқпақбаев көркем әңгіме тудыруға да өзінің ысылып қалғандығын, кемелдену жолында келе жатқанын танытады, Соңғы кезде ол тақырып кеңдігіне ұмтылып жүр. Оның "Бекен", "Ортақ қуаныш", "Нағашы" сияқты әңгімелері нәрлі идеясымен де, көркемдік құнарлығымен де назар аударады. Жас жазушы құйғыртқы, шытырман ситуациялар іздеп жатпайды, қарапайым оқиғалардан да көңіл аударарлық ой саларлық мағына бере біледі.

Сонымен бірге мұнда жазушының өзіндік бір тың авторлық тұрғы ұстанғаны, басқалар жүріп өткен жолды тағы да қайта шиырлағысы келмегендігі сезіледі» [1, 85], - десе, Х. Сүйіншәлиев: «Біздіңше Соқпақбаев көп ойланып, ізденіп сөзді ұқыпты қолданып отырса, болашақта үміт күттіретін жастардың бірі болады ғой дейміз. Және оның балалар өмірінен жазуы, балалар әдебиетіне үлес қосуға талаптануы да игілікті бастама. Жұртшылық автордың осы бастамаларынан үлкен нәтиже шығаруын күтеді» [2, 7], - деп дәп басады.


Б.Соқпақбаев өз шығармашылығына қатысты айтылған оңды пікірлердің үдесінен шыға білді. Әсіресе, повесть жанрының шын табиғатын жетік меңгеріп, көркем туындыларының идеялық-көркемдік сипатында жазушылық ерекшелігін қалыптастыра алды. Жазушы өз туындыларында адам болмысының қатпар-қатпар қалтарыстарына үңіле біліп, прозада психологизмді алдыңғы орынға шығарады. Б.Соқпақбаев адам атты жұмбақ жаратылыстың құпия сырларын ашып, шығарма идеясының тереңірек қозғалуына ерекше мән береді. Бұл үшін қаламгер кейіпкерлердің психологиясын талдауды өз сөздері, іс-әрекеттері мен монолог, диалогтық қолданыстар арқылы шебер жүзеге асырады. Аталған тәсілдердің қайсысын қолданса да Б.Соқпақбаев артық-кемі жоқ табиғи өлшемнің шегінен шықпайды. Суреткердің тандаулы туындысында аталмыш көркемдік құралдардың ішінде монологтың қызметі ерекше. Қаламгер өзі сомдаған кейіпкерінің сезім құбылыстарын суреттейтін күрделі психологиялық мезеттерде ішкі монологты ұдайы пайдаланады. Қаламгердің бұл ерекшелігі оның көркем туындыларының тәрбиелік мәнін арттырып, өміршең сипат сыйлайды. Мәселен, Б.Соқпақбаев аты естілгенде кешегі-бүгінгі балалар ғана емес, барша оқырман ойына оралатын «Менің атым Қожа» повестінің өзінде де бала Қожаның ішкі монологтары өте шебер беріледі. Бас кейіпкер Қожаның жан-дүниесі, ой-толғаныстары, көңіл-күйі, характер сыры осы тәсіл арқылы кеңінен ашыла түседі. Автор Қожаны іштей сөйлетеді, ойландырады, күйіндіреді, қуантады. Шығарманың алғашқы тарауында-ақ мектеп оқушысы Қожа Қадыров ең ыстық тілек-мұраты, ой-толғаныстарымен оқырманды өзі таныстырады. Сөз арнасы қаһарманның жан-дүниесіне бастайтын серпінді әсер сезімдерге бай. Қожа арман қанатына мініп, қиял жетегіне ереді, тұңғыық ойға батады. Оқырман Қожамен бірге еріксіз ойланады, өзін-өзі тәрбиелеуге уәде береді. Дегенмен, бүгінгі қоғамда тіпті көбейіп кеткен Сұлтан мен бала табиғаты келеңсіз жағдайларға әкеліп соқтырады. Б.Соқпақбаевтың аталған шығармасы қазақ балалар әдебиетінің алтын қазынасына баланды. Және ол қайсыбір қоғам үшін де өте өзекті тақырыптардың бірін қозғаған, өміршең туынды болып қала бермек. Өйткені, қайсыбір қоғам үшін де бала тәрбиесі - өте ауқымды да, көкейкесті болып саналады. Бұл туралы ғалым-зерттеуші Қ.Ергөбек былай деп ой түйеді: «Б.Соқпақбаев уақытына зорға сиып жүрген, қоғамнан көзтүрткі құқайды көрген жазушы. Сөйте жүріп, өзі өмір сүрген уақыт шындығын бар қиындық-қасіретімен шынайы көрсете білді. Б.Соқпақбаев – балалар әдебиетінің классигі. Уақыт өтіп жатыр, жазушы жоқ мынау өмірде. Уақыт өзгеріп, қоғам жаңалану үстінде. Кеше жазушы қиналып жазған, қиындықпен жариялатқан шығармаларды біз сүйіп оқыған едік. Енді бүгін жаңа ұрпақ жанымен беріліп оқып жүр. Пенде бақыты – тірісінде, қаламгер бақыты - өлісінде де....» [3, 98]. Ертеңін ойлаған ұлт әрқашан бүгінгі ұрпағына барша игіліктерді бағыштап, рухани-әлеуметтік қолдау жасап отырады. Б.Соқпақбаевтың бұл повесіндегідей есті



тентек Қожа, сотқар Сұлтан, қу Жантас, Жанарлар бүгінгі қоғамда да өмір сүріп жатыр. Ал, тәуелсіз елдің ертеңгі ұландарына беріліп жатқан рухани тәрбие өзегі қандай болмақ және ол қандай дәрежеде дегенде әрбір саналы қауым өкілі ойланып қалып жатады. Әр кезеңнің өз тентегі, сотқары болады. Бірақ соларды кім тәрбиелеп, кім тезге салып жатыр. Міне, мәселе сонда. Әрбір көркем туындының өміршендігі, оның тәрбиелік қуатымен тығыз байланысты. Мүмкін Сұлтан сотқар болмас та еді, егер ол да дұрыс отбасында тәрбиеленіп, бұғанасы бекімей жатып, тағдыр тезіне салынып, өмірдің ащы дәмін татпаса. Ал, Қожаның бар арманы - әкесі. Өзін әкесі бар балалармен салыстырып, тек әкесін аңсайды. Бұның астарында шындық бар. Бұлай болуы заңды. Өйткені, «ер балаға-әке сыншы» екендігі ықпалым заманда-ақ дәлелденген. Қожаның бақыты – бар мейірімін немересіне арнап, басынан құс ұшырмайтын, тәрбиенің тал бесігіне саналатын – аяулы әжесі бар. Ал, бүгінгі таңда әкесіз балалар көбейіп кетті. Олардың ертеңі не болмақ. Оларды тәрбиелейтін бүгінгі балалар әдебиетінің даму деңгейі қандай? Б.Соқпақбаевтың биігін бағындырған ақын-жазушылар бар ма? Осындай сауалдар әркімді мазалайды. Балалар әдебиетінің өзіндік қиындықтарын сезіп, біліп, осы жолға тәуекел еткен ақын-жазушыларымыз бүгінгі таңда тәуелсіздікті дәріптеу, туған елді, жерді сүю сезімін ояту, өткенге салауат айтып, туған тарихымызды, ана тілімізді құрметтеу, махаббатты жырлау, т.б. тақырыптарды жырлауға ұмтылуда. Дегенмен бала көңілін баурап алып, жылы сезімдерін оятатын, шын мәніндегі тәрбиелік қуаты терең, рухани ықпалы зор көркем туындылардың жетіспейтіні туралы даулы пікірлер айтылып жүр. Бұның астарында шындық жоқ емес. Әйтсе де, балалар әдебиетінің алар асуы алда, Бердібектің биігі аласармайтыны ақиқат. Балалар - байыпты халық. Бүгінде олардың білмейтіні аз... Талғамы биік Белинскийдің: «Балалар жазушысы болып қалыптасу қиын, арнайы туылу керек. Мұның өзі бір қабілеттілік болады... Мұнда талант қана емес, сонымен бірге өз алдына даналық та керек» - деген сөзі осы бүгін айтылғандай. Балалар әдебиетіне таланттылар мен табандылар ғана тұрақтайтыны содан шығар...

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. А.Нұрқатов. Идея және образ - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962. - 85 б.
2. С.Қирабаев. Балаларға арналған әңгімелер //Лениншіл жас.- 1953. 12 июнь.
3. Қ.Ергөбек Арыстар мен ағыстар. 3-кітап. – Алматы: Өркениет, 2003. – 368б.



### **ӘДЕБИЕТ САБАҒЫ: ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР**

#### **Оспанова Улжан Абидильдаевна**

Жамбыл атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

#### **Курманбекова Камшат Адилхановна**

Әлия Молдағұлова атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Жамбыл облысы, Шу ауданы

Қазіргі таңда білім беру үдерісінің мән-мазмұны кеңейіп, қазіргі заманғы білім берудің перспективалық міндетіне ол сындарлы ойлай білетін және ақпараттар ағынында бағдар ала білуге қабілетті адамдарды даярлау саналып отыр.

«Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деп ұлы Абай айтқандай, Ұстаз – әрқашан ілім мен ізгілікті алға қоятын тұлға. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі жұмыс. Сондықтан болашаққа жол сілтейтін мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – өте

маңызды міндет, – деді. Мемлекет басшысының айтуынша, сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналды. Осы ретте жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – осы күннің негізгі міндеті.

Қ.Тоқаев отандық білім беру жүйесінің үздік үрдісін сақтай отырып, бір орында тұрып қалмай, әрдайым даму жолында болу керектігін атап өтті. Президенттің айтуынша, бәсекеге қабілетті балаларды қалыптастыруда басты үміт мұғалімдерге артылады. Педагогтардың, әлбетте ата-аналардың да міндеті – еліміз үшін лайықты азаматтарды тәрбиелеу.

«Лайықты азамат – өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбекқор болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек. Бүгінде IT мен биотехнология саласындағы революциялар адамзаттың өмірін өзгертуде. Сондықтан білім беру жүйесі жаңа өмірге тез бейімделуі қажет. Әлемдегі жетекші мектептер балалардың креативті әлеуетін дамытумен айналысады, сандық технологиялар мен нақты ғылымдарға үйретеді, – дей келе, Қазақстанның дамыған ел қатарына қосылуының кілті сапалы, қолжетімді және заманауи білімде екенін айтты. Бұл үшін осы саланың дамуына жаңа, қуатты серпін беру маңызды. Бұл – ең алдымен мұғалімдердің біліктілігіне, оқулықтардың сапасына, заман талабына сай инфрақұрылым мен материалдық қорға байланысты мәселелер. Аталған бағыттар бойынша тиімді жұмыс істеу қажет, яғни туындаған мәселелерді дер кезінде анықтап, оны шешудің оңтайлы жолдарын ұсыну керек. Білім беру жүйесінің сапасына теріс ықпал ететін тағы бір кедергі – ұсынылатын реформаларда педагогтардың нақты қажеттіліктерінің есепке алынбайтыны. Бүгінде мұғалімдерді кәсіби тұрғыдан дамыту министрліктің салалық құрылымдары өткізетін курстармен және семинарлармен шектеледі. Мұндай шаралардың қажет екені түсінікті. Дегенмен, аталған курстарда мұғалімдер қауымын толғандыратын өзекті мәселелер назарға алынбай қалады[1], – деді Қ.Тоқаев.

Осы мақсатта «Бүгінгі жастар, оқушылар ойын ауызша айтып, жеткізуге неге шорқақ немес құлықсыз» деген сауал кез-келген пән мұғалімін үнемі ойландырып, толғандыруы тиіс. Әсіресе, әдебиет пәнін оқытуда өзекті мәселелер өте көп және қиындығы мол.

1) Көлемді мәтін мазмұнымен оқушылар толық танысуға құлықсыз, бұл жалпы жастардың көркем туындылар оқымайтынынан туындайды. Бүгінгі оқушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазу немесе талдау жұмыстары кезінде ғаламторға сүйенумен шектеледі.

2) Көркем туындыларды өздігінен талдаулары төменгі дәрежеде, бұның да себебі жоғарыда айтылған көркем әдебиет оқуға еш қажеттіліктің болмауынан туындайды.

Дегенмен, әдебиет пәнінің оқытушылары осы қиындықтармен күресе білудің жолдарын қарастыру қажет. Аталған проблемалар бойынша республикалық деңгейде форумдар, семинарлар өткізіліп, шығу жолдары көрсетілуде. Осының бір дәлелі ретінде оқулықтардың жаңаруы мен бағдарламалық толықтыруларды айтуға болады. Мәселен, 9-сыныпта «Қыз Жібек» жыры қосылған. Бір жарым мың жылдық тарихы бар жыр қызық болғанымен, оқушылар бірден ықылас білдіре қоймайды. Осы себепті де жырды оқытып, оқушылардың өз бетінше талдау жасауына мүмкіндік беретін шығармашылық ізденістерімізбен бөліскіміз келеді. Жырмен таныстыру кезінде «Рольдегі оқушылар», «Жыр кестесі», «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» тәсілдерін пайдаланудың нәтижелі болатындығын байқадық. Кейіпкер бейнесін талдау кезінде бұрынғыдай емес, оқушылар белсенділік таныта білді. Әсіресе, Төлеген мен Бекежан бейнелеріне салыстыра отырып, кесте жасағанда қызығушылық танытып, өзара ойларын білдіріп жатты. Сонымен қатар, мәтінді талдау барысында «Жырдағы ұлттық мәдениет» тақырыбын ашу үшін «Салт-дәстүр, әдет-ғұрып дегенді қалай түсінесің?, Жырда қандай әдет-ғұрыптар мазмұндалады?, Ұлттық мәдениет дегенді қалай түсінесің, көз алдыңа нелер елестейді?» деген сұрақтар қойып, жауабын дәптерлеріне жаздырамыз. Ұлы Абайдың «Көңілдегі

көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашады» деген тұжырымын еске ала отырып, баланың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда жазудың дамуға жетелейтінін қаперде ұстаймыз. Және осы сабағымның өзіндік жетістіктерін саралай келіп:

- 1) Мәтіннің мазмұнын бұрынғыдай еріксіз емес, қажеттілік ретінде қызығушылықпен оқыды;
- 2) Кейіпкер бейнесін талдау кезінде басқа кейіпкерлермен салыстырмалы түрде ой қорыту жасау дағдысы қалыптасты.

Демек, әрбір сабағында әдебиет мұғалімі өзіндік ізденісімен оқушыларды баурап алып, «Егер мұғалім бір нәрсені жақсы меңгеруді ойласа, оның қызықты болуын қамтамасыз етуі керек» деген Л.Высотскийдің ұстанымын ұстануы шарт.

Бүгінгі таңда, дәстүрлі сабақтардан өзге дәстүрлі емес түрлері көбейіп, инновациялық әдіс-тәсілдер енгізілуде. Атап айтқанда М. Жанпейісовтің модульдық оқыту технологиясы, оқушылардың белсенді ақыл-ой қызметіне баулитын әдістер, проблемалық мәселелерді оқыту мен оқушының шығармашылық деңгейге көтерілуіне жағдай жасауда Ж. Караевтың технологиясы нәтижелі қолданылуда. Ең бастысы, тәуелсіз мемлекетіміздің жарқын болашағына саналатын жастардың заман талабына сай білім алуы үшін барлық мүмкіндіктер жасалып, мектептер жаңаша жабдықталып отыр. Әсіресе, интерактивті тақта, түрліше дербес компьютерлік өнімдер әрбір сабақта мұғалімнің ізденісі мен шығармашылық табысының нәтижелі болуына жағдай туғызуда. Осы орайда, жазу стратегиясының сабақ сапасын арттырып, оқушының ойлау, жазу қабілетін жақсартудағы маңызы ерекше. Кез-келген сабақтың оқушы жадында ұялап қалуы үшін негізгі ой мен маңызды сұрақтардың жауабын жазуға дағдыландыруымыз қажет[2].

Қайсыбір пән болмасын, оқушыны өзіндік көзқарасын білдіріп, толғанысқа апару – үлкен кәсіби педагогтік біліктілікті талап етеді. Мұғалімнің қызметі - өте күрделі әрі көп салалы. Өйткені, мұғалім оқушының жеке басының дамып-қалыптасуын, білім берумен қатар, тәрбиелеу үрдісін де басқару құқығына ие. Сондықтан да мұғалімнен жан-жақты ғылыми білім мен жоғары педагогикалық шеберлік, табандылық пен парасатты мінез-құлық талап етіледі. Жоғарыда санамалап айтып өткен инновациялық әдіс-тәсілдердің әрқайсысы әрбір мұғалімнің шеберлікпен қолдана білуіне орай мазмұны кеңейіп, нәтижелілігі арта түседі. Осы тұрғыда жазу стратегиясының әдістемелік маңызы мынадай деп бағалаймыз:

- Жұмыста жүйеленіп берілген тапсырмалар оқушының мәтінді түсіну қиындықтарын жеңуге, өз ойын жүйелі баяндауға жетелейді;
- Жазу әдісі сөзді талғап қолдану дағдысын қалыптастырады;
- Жазу әдісі оқушылардың өзіндік пікірі мен көзқарасын қалыптастырып, қорытынды жасай білуге машықтандырады;
- Оқушының оқырмандық қызығушылығын оята отырып, мәтін мазмұнын терең түсінуге, дұрыс талдауға үйретеді.

Қорыта айтқанда, өскелең ұрпақтың мәңгі өзгермелі қарым-қайшылығы мол жан-дүниесіне ене біліп, адам жанының инженеріне айналатын мұғалімге егемен еліміздің білім беру жүйесі де зор талаптар жүктеуде. Президентіміз Қ.К.Тоқаев «Ұлттық Құрылтайдың үшінші съезінде: Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек»[3], деп нақты тапсырмалар жүктеді.

Ең бастысы, ХХІ ғасыр ұрпағын тәрбиелеу үшін жаңаша ойлап, білім беру ісіне дәстүрлі емес, инновациялық тұрғыдан келуі қажет. Сонымен қатар, кейінгі зерттеулерде көрсетілгендей, дарындылық та қажет. Ал, дарындылық терең ізденуден келіп шығатын толғағы қиын қасиет. «Оқушы тұлғасы орталыққа айналып, барлық педагогикалық әрекеттер оның айналасына шоғырландырыла жүргізіледі» - деп Дж. Дьюи айтып көрсеткеніндей бала психологиясын жетік меңгеріп, қызығушылығы оянған бағыты бойынша жазу жұмыстарына баулу арқылы оқушыны болашақ зерттеуші ретінде қалыптастырып, сөйлеу мәдениетін арттырып қоймай, бір нәрсені екінші нәрсемен

салыстыра бағалау дағдысын машықтандыруға болады. Ең басты талап – оқушының рухани тәрбиелеудегі басты кілт болып саналатын көркем шығарма оқуға, туған әдебиеті туралы жан-жақты білуге бағыттайды. Әрбір әдебиет сабағының да басты мақсаты осыны көздеуі тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Міндет – жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу // Егемен Қазақстан, 2019. – 19 тамыз
2. Байтанасова Қ. Айтуғанова С. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Астана, 2008
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі // <https://www.akorda.kz>



### **«ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН САЛТ – ДӘСТҮРДІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ**

**Байсакалова Жадыра Манатовна, Бекназаров Бахтияр Арманович,  
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты  
Нұртанов Азамат Жакелұлы**  
М.Мақатаев атындағы №14 орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі  
орынбасары, Тараз қ.

Бауыржан Момышұлы Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, Кеңес Одағының Батыры, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері – Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені.

Бауыржан Момышұлының қазақ әдебиетінде елеулі орны бар шығармасы - «Ұшқан ұя» кітабы. Бұл кітабы үшін ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болған. Жазушының «Ұшқан ұя» повесі нағыз ұлттық педагогиканы көркем суреттейтін шығарма. Бауыржан оны алғаш орыс тілінде жазып, «Наша семья» деп тақырып қойған. Повесті орыс тілінен қазақшаға аударған Тұтқабай Иманбеков «Ұшқан ұя» деп атаған. Жазушы «Ұшқан ұя» шығармасында балалық шағында, көрген куә болған, есте қалған оқиғалар арқылы жалпы сол тұстағы әлеуметтік кезеңді, қоғамдық өмірді суреттеу мәселелерін басты міндет етіп қояды. Қаламгер өзінің ес біле бастаған кезінен мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірін еркін әңгімелейді. «Ұшқан ұя» қызықты оқылатын, сонымен қатар құнды шығарма.

Повестің ұлттық сипаты оның алғашқы беттерінен-ақ аңғарылады. Бауыржанның атасы Имаштың, әжесі Қызтумастың нағыз қазақы қалпымыздың қалыбынан шыққандығын байқауға болады. Салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық – өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-

кұлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы – мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт – дәстүрдің көрінісі.

Повесте көзге түсетін салт – дәстүрдің бірі – «Бесік жыры» немесе ана әлдиі. Бұл туралы жазушы өзінің ойын білдіріп өтеді: «Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертеке айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса екен деп қорқамын.» [17-18 бет]. Соңынан өзінің әжесі айтқан бесік жырын келтіріп өтеді:

- Балам менің қайда екен?
- Қыздарменен тауда екен.
- Тауда неғып жүр екен?
- Алма теріп жүр екен.
- Алмасынан кәнеки?
- Жаңа теріп жүр екен.
- Қызыл алма қолында.
- Қыз – бозбала соңында. [18 б. ]

Бұл жерде біз батыр Бауыржанның қазақтың бесік жырының маңызына ерекше көңіл бөлгенін аңғарамыз. Дана қазақ ұрпаққа тәрбие беру жолында еш аянып қалған емес. Ең алдымен, дүниеге қыз келсін, ұл келсін, қуана қарсы алып, сол шаттығымен жақындарын шақырып, ақ дастархан жайып бөліскен. Бала мен ананы зиянды күштерден, жаман адамдардан, жын-шайтаннан қорғауды және сәбидің дені сау болып өсуі мен дамуы үшін жағдай жасауды мақсат тұтатын салт-дәстүрлерге үлкен мән берілді. Баланы бесікке салу салты да осы мақсатқа сәйкес келеді.

Хикаяттағы ерекше аталып өтілетін салт-дәстүріміздің бірі бата-тілек болып табылады. «Алыс сапарға шығарда, аса жауапты істі бастарда, басқа ақ ниетті асыл арманда алдында тұрғанда, бата алу халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрі.» [«Келін келтір, қыз ұзат», 99б.]. Қазақ дәстүрінде батаның түрлері көп болып, оны көпті көрген, жасы үлкен ата – әжелеріміз береді. Сондай аузы дуалы би-шешендеріміз, жырау-ақындарымыз ақ батасын береді. Сондықтан да «Жаңбырменен жер көгереді, Батаменен ер көгереді» деген даналық сөз бар.

Бауыржан дүниеге келгенде, әулеті қуанышқа бөленген. Өйткені қазақ халқы ұл баланы мұрагер деп санаған, «ат ұстар келді» деп қуанатын болған. Имаш бабасы былай деп бата берген екен:

- «Алатаудың қыраны көп еді
- Қырағы болсын құлыным.
- Қойнауы суға мол еді
- Бұлағы болсын құлыным.
- Елінің тілегі зор еді –
- Шырағы болсын құлыным.
- Ата тілегі оң еді
- Құмары болсын құлыным.
- Бұл жер батырлар төрі еді
- Сыңары болсын құлыным».

Бұны батаның ең жақсы үлгісі деп қарауға болады. Сонымен қатар бабасының батасы қабыл болып, Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан сғысында елін қорғаған, аты аңызға айналған батыр болды. Өмірден өткен соң Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ал туылғанына екі – үш ай болғанда, қолына жас бұтақ ұстатып берген бата-тілегі қысқа да нұсқа болған екен:

- Құрық деп берсем, құл болма,

Шыбық деп берсем, шіл болма,  
Бәрінен де, шырағым,  
Баяны жоқ ұл болма. [9 б.]

Осыдан жазушының бабасы шешен, дана кісі болған деп ой түюге болады.

Ауыл жігіттері көкпар тартар кезде, Аққұлға келіп бата сұрайды. Бұл қазақ ауылында қалыптасқан салттың бірі еді. Аққұл алақанын жайып бата жасайды:

«Тәңірім тілеулерінді берсін, қастарыңа қыдыр ерсін. Қашан да оң жол болсын, қызықтарың мол болсын. Ат-көлігің мұқалмасын, азаматтар жұқармасын, аумин!» [104 б].

Әпкесі Үбиян ұзатылып бара жатқанда, әкесі Момыш оң батасын береді. Жазушы қазақ халқының осындай ұлттық салты туралы сүйсіне баяндайды да, ұрпаққа аманат етіп қалдырады. Шығармада «теріс бата» туралы да сөз болады. Бауыржандармен рулас ағайынды Бабас пен Қабаш деген болады. Қабаш ұрлықпен айналысып, елге қарабет болады. Осыған қатты күйзелген Бабас інісінің шашын ұстарамен алып, құйқасын тіліп, тонын теріс кигізіп, қолына таяқ ұстатады:

«-Енді қайда барсаң сонда бар. Сендей арам ағайыннан адал арым артық, - деп теріс батасын беріп, ата қоныстан аластап шығарған екен. Ол заманда қарғыс ауыры «теріс бата», жазаның үлкені «қасқа» етіп әйгілеп, елден қуып, қаңғытып жіберу болыпты ғой.» [55б].

Ежелден келе жатқан, бүгін де жалғасын тауып жатқан ата дәстүріміздің бірі – қыз ұзату. Повесте ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүріміздің көрінісін Үбиянның ұзатылу тойынан аңғарамыз. Автордың балалық көңілімен қабылдаған, өзіне ерекше қызық көрінген «ұрын келу» салты шығармада мөлдіреп тұнық баяндалған. Жазушы қазақ дәстүріндегі құдалық, құда күтудегі кәде-жоралғылардың жасалу ерекшеліктерін де ерекше мән бере сүйсіне суреттейді:

Үбиянның ұзатылар алдындағы ағайын-туманы аралауға аттанғаны да автор назарынан тыс қалмайды: «Тойға екі апта қалғанда Үбиян ағайын-туған, жекжат-жұрағаттармен танысуға аттанады. Әпкемнің қасына екі жігіт, үш келіншек ерді. Байқап отырсам, осынау дәстүрдің үлкен мәні бар екен ғой. Ауылынан аттанып, қызықты дәуренімен қоштасар алдындағы қыздың ең соңғы рет емін-еркін салтанат құруы сияқты екен бұл» [1; 94].

Шығармадағы қалың мал салтының суреттелуі де көңіл аудартпай қоймайды. Бұл салт ХХ ғасыр басында жазылған әдеби туындыларда кертартпалық жағынан суреттеледі. С. Көбеевтің

«Қалың мал» романы, С.Торайғыров «Кім жазықты» т.б. көркем шығармалар арқылы бұл салттың кертартпалыққа айналған себептері біршама ашылған. Жазушы қалыңға алынатын малдың қайда жұмсалатынын түйіндеп көрсетеді. Олардың жасау-жабдыққа жұмсалғандығын суреттейді. Аяулы әжесі «табақ-аяқ, көрпе-төсек, жасау-жабдықтарын түгендеп, ине-жіпке дейін қалдырмаймын деген сөздерін баяндай келе «қалыңмал қанша көбейсе де, қорамызға тұяқ қосылмай, азая берді. Бәрі жасау-жабдыққа жаратылып жатыр еді» [1; 96]. Осы шығарманы оқығанда, қызын сатып, байып жатқан қазақты емес, болашақ перзентінің қамын ойлаған адал азаматты көреміз. Жас үйленген отбасы үшін қалыңмал дәстүрінің қаншалықты маңызды болғанын көре аламыз. Ұрпақ санасына теріс түсіндіріліп келген бұл салттың шынай мәні тек «Ұшқан ұяда» ғана ашық та айқын анықталған.

Көнеден келе жатқан халықтың салт-дәстүрінің бірі – ұзатылар қыздың отауын тігу: «Жасау-жабдық түгелденіп болған соң әпкемді ертіп келді. Ауылдың үлкен жеңгесі алдынан қарсы алып, қолтықтады да отауға қарай беттеді. Осы сәтте әйелдердің толқуында шек жоқ еді. Бәрі қыбырсыз тына қалды. Демдерін іштеріне тартып салтанатты сәт күткендей кейбіреуі көзіне жас алып жатыр. Әлгі үлкен жеңгеміз босағаға жақындағанда Үбиянға тіл қатты:

- Отауыңа оң сәт тілеп, есігін аштырғалы тұрмыз, еркежан. Отауың бақытқа толсын, иелері қайғысыз болсын. Даусы біртүрлі қалтырап шықты» [1; 95].

Повестегі автор шеберлігін танытатын тағы бір тұс – Үбиянды ұзату тойы. Әдетте, қыз ұзату тойы екі жақтың құдаласуы бітіп, қалың мал аяқталған кезде келісіммен жасалады. Үбиян тойынан оқырман ойын-сауыққа арналған көңілашарды ғана емес, ғасырлардан ғасырларға дәстүрлі жалғастығын бұзбай, ұрпақ санасының сарасынан сарапталған мәдени құндылықты көреді. Екі жастың неке қиюына куәлік беру дәстүрі – имандылыққа шақырар танымға негізделген. Күйеуге тән иба, «мұрын астынан сөйлейтін» күйеу бала Аюбай бейнесі, қолапайсыз тірлігі юморлық штрихтар арқылы әдіптеледі. Қазіргі таңда мүлдем ұмтыла бастаған көне дәстүрдің бірі – «жар салу» дәстүрі де Өтеп бейнесі арқылы ашылған. Осы Өтеп Үбиянның беташарын айтады.

Келін – келін келіп тұр,

Келін үйге еніп тұр.

Қайын жұрты алдында

Иіліп сәлем беріп тұр. (113-бет)

Келін ауыл – елмен таныстырып, сәлем бергізген соң, оған өсиет айтуға көшеді:

Үлкендердің алдында,

Тайраңдама, келіншек,

Жөн – жосықсыз желігіп

Сайраңдама, келіншек,

От басына барғанда,

Отырып алма, келіншек,

Су басына барғанда,

Сумандама, келіншек... (115-бет)

Шығармада аз да болса сүйінші сұрау, қыз айттыру, құтты болсын айту сынды ежелгі дәстүрлеріміз көрініс тапқан. Мысалы, Бауыржан дүниеге келгенде, Байтоқ деген кісі Әулиеатада жүрген Момыштан сүйінші сұрайды. Сонымен қатар шығармада ұмытылып бара жатқан дәстүрлер де сөз болады. Хат танитын сауатты әпкесі Үбішті Байтана руынан Рысқұлбек Омаров дегенге бесіккертті етіп атастырған екен. Ол сауатсыз, салауаты аз болып өседі. Ел арасы «сауатты қыз білімсізге қор бол ма» деп сөз болғанда, әкесі Момыш бата бұзбаймын, арыма таңба түсірмеймін деп, Үбішті ұзатады. Өкінішке орай Үбіш бір жылға жетпей дүние салады.

Тәрбиенің негізгі алтын діңгегі – Отан. «Отан отбасынан басталады» демекші, тәрбие-тағылым отбасынан берілетін ұлттық құндылық. Қазақ халқының даналығы, тәрбие тағылымы - тамыры тереңде жатқан асыл мұра. Ерте заманнан ата-бабаларымыз өскелең ұрпақты елін, жерін сүйеге, тектілікпен, жан-жақты тәрбиелеуді басты мұрат тұтқан. Ұлттық тәрбиеден нәр алған адам – рухани құндылықтарды бойына сіңіріп биік дәрежеге көтеріледі. Адам баласының бүкіл адами қасиеттері отбасында беріліп, бүкіл ғұмырына негіз болады. Отбасында берілетін тәрбие мен әдег-ғұрып, салт-дәстүрлеріміз, отбасылық құндылықтарымыз ұрпақтан – ұрпаққа мұра болып келе жатыр. Қазақ халқында «Ұяда не көрсең, Ұшқанда соны ілесің», «Әкеге қарап ұл өсер, Шешеге қарап қыз өсер», «Ұлдың ұяты-әкеде, қыздың ұяты-шешеді» деген даналық сөздер бекерге айтылмаған. Жастардың бойында ұлттық сана-сезімді, ата-баба дәстүріне адалдықты сіңіру ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүріміздің бір тармағы.

Қазақ халқы «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуге тырысқан. Атасы немересіне жылдың маусымы ауысымен көштің қалай, қайда көшуін, суды қайдан тауып ішетінін, жеті атасын білуі, елдің батыраларының ерлік хикаяларын әңгімелеп, адамды жақсы ететін де, жаман ететін де тәрбие екенін жастайынан баланың бойына сіңіріп отырған. Жас ұрпақты бұлай тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте түсінген.

«Ұшқан ұяда» автор ерекше мән берген мәселенің бірі – адамдардың бірін-бірі құрметтеуі, ізет көрсетуі, сыйлауы болып табылады. Оны Қабылбек пен Текебай би арасындағы дау-дамай арқылы жеткізеді:

«- Менің күшігім саған қарап шәуілдесе керек, Қабылбек! Айыбын көтергелі келдім алдына. Кешіремсің, сірә! – депті.

Мына сөзден Қабылбектің қабырғасы сөгіліп, қалбалақтап атынан аунап түседі:

- О, текті би Текебай! Сенің балаңның айыбынан менің айыбым асып кетті білем. Аға болсаң да сені мен аттан түспей тыңдаппын-ау. Сен кешіремсің мені? Бұл әдепсіздігім бүкіл әулетімізге таңба болатын болды ғой, ой әттеген ай. Ат шапан айып сенен емес, менен, ақсақал! - деп үстіндегі зерлі шапанын шешіп, Текебайдың иығына жауыпты» [1;11]. Көркем өрілген диалогтан суреткер шеберлігі ғана емес, ұлттық болмыстың тұтас бітімі көрінетіндей.

Автор «Ұшқан ұядағы» оқиғаның түп өзегін әже бейнесі арқылы өрбітеді. Туындының өн бойында әже образы – тектіліктің, кемеңгерліктің дінгегі ретінде суреттелген. Отбасының ғана емес, ауылдың ақылшысына айналған әже бейнесін автор ерекше бір тебіреніспен, сүйіспеншілікпен бейнелеген.

Шығармада ұлттық тәрбиенің бір көрінісі – әжесі мен көкесі Момынкұл арасындағы жағдай. Анасына «Қойшы, апа!» деп дауыс көтерген Момынкұлды ағасы Момыш жазалайды. «Анау інің көргенсіздеу болып бара жатыр. Жөнге сал туысқаныңды» дейді әжесі Момышқа. Оны басқа бір ауылға бір аптаға аттандырып жібереді. Бірақ сол арада анасы баласын сағына бастайды. Бұл жерде біз қазақ халқына тән ұлттық менталитетті, мейірімді әйел-ана бейнесін көреміз.

Дала философиясында ер баланы тәрбиелеуде әкенің рөлі ерекше болған. Повестің өн бойынан аңғарылатын автор позициясы да осы қастерлі ұғымды үнемі алға ұстайды. Әкесінің баласын үлкенді сыйлау, сәлем беру дағдысына қалай тәрбиелегені шығармада шынайы көрініс тапқан. Үлкендерге амандасу рәсімін меңгерту нәтижесінде олардың аузынан бала Бауыржанға «жақсы азамат, жігіт болып қалыпты» деген көтерме баға берудің өзі тек жақсы болуға жетелеу екенін танытады.

Бауыржанның дүниеге келуі де әулетіне әкесіне үлкен қуаныш сыйлайды. Ұл тәрбиесіне әкесі Момыш ерекше мән береді. Мысалы, қаршадайынан үлкендерге сәлем беруді үйретеді. Үйде бір топ ауыл ақсақалдары отырғанда, Момыш Бауыржанға «Аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?» дейді. Осы сөзден соң ұялған бала Бауыржан үйден шығады да, қайта кіріп, қол қусырып, «Ассалаума әлейкум, аталар» деп сәлем береді. Әрине, баланың көңілін қалдырмау үшін үлкендер сәлемін алады, мақтау сөз айтады. «Жақсы сөзге мәз болып, мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: «Жарайсың, балам! Үйге кіргенде, әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сүйтеді» дейтін» (20-бет).

Жазушы қазіргі жастардың туған күнді жылда тойлайтынына қынжылады. Ал ертеде туған жылды, күнді емес, мүшелді кезеңдерді тойлайтын болған. Мүшел жас туралы әңгіме де ұлттық тәрбиенің бір көрінісі. «Әке маған жастайымнан қазақша жыл қайыруды, күн мен ай аттарын, жыл аттарын жаттатты. «Тышқан жылы, сиыр жылы, жылан жылы, жылқы жылы, мешін жылы, тауық жылы, доңыз жылы, қоян жылы, қой жылы, барыс жылы, ит жылы, ұлу жылы» деп жаттаушы едім» (24-бет) Ал бұлар не үшін бұлай аталғаны туралы ертегіні Қызтумас әжесі майын тамызып айтып береді. Ертегі тыңдап өскен бала отаншыл, адал, еңбексүйгіш болатыны белгілі. Сондай – ақ әжесі немерелеріне «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деген ертегіні де айтып береді. Осы ертегілер арқылы баланың бойында ұлттық тәрбие, рух қалыптасып барады. Сонымен қатар адамгершілік, мейірім, қамқорлық сияқты қасиеттерді бойына сіңіріп барады.

Ойымызды қорыта келсек, Б.Момышұлының дәстүрдің озығын қайта әкелудегі, жаңғыртудағы әрекеті осы «Ұшқан ұя» повесі арқылы өрбігенін аңғарамыз. Әрбір оқиға мен жағдайларды кейіпкерлерінің іс-әрекетімен бейнелеуде көркемдік-эстетикалық көпқырлылықты байқатады. Осының бәрі жазушының ерекше шеберлігін, стильдік ұтымдығын дәлелдеп, көркемдіктің ең биік деңгейінен көрсетеді.



Повесте Бауыржан Момышұлы өзінің балалық шағы туралы әңгімелеп, сол кездегі ұлттық салт-дәстүрлерді бейнелейді, шұрайлы көркем тілмен жеткізеді. Бұл дәстүрлердің кейбірі қазір де өз жалғасын тауып келмекте. Ал кейбірі ұмыт бола бастаған.


Шығармада бала Бауыржанның бойында ұлттық тәрбиенің қалыптасып барғанын аңғарамыз. Жазушы бұны қайнаған тұрмыс – тіршілікпен тығыз байланыста бейнелеген. Ұлттық тәрбиенің жас ұрпақты отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде маңызы зор.

Тұтастай алғанда, Б.Момышұлы шығармашылығы адам мен оның еңбегін биік бағалайтын, өмір, уақыт талаптарын адал атқарып, әділеттілік тұрғысынан жүзеге асыратын елдік пен ерлікке тәрбиелейтін тағылымды туындылар болып табылады.

Асылы, адамтану ісіне үлес қосу аса күрделі, ғибратты еңбек болып табылады. Б.Момышұлының адамға қызметі, елге, жерге құрметі, Отанға, майдандас жауынгерлеріне адалдығы, елдік пен ерлікке тәрбиелейтін туындылары осы реттен де бедерлі, құнды.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Алматы: Санат 2005.
2. Мырзахметұлы М. Айналған аты аңызға Момышұлы, Тараз: «Сенім», 2000.
3. Әлімжан Е. Жанартау // Ақ жол. – 2000, № 81 (15.381) 4-5 бб.
4. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап, Алматы: «Қазақстан», 1991. – 384б.
5. Мырзахметұлы М. Бауыржан батыр, Алматы: «Жалын», 1991.
6. С.Қалиев, М.Оразаев, М.Смайылова, Қазақ халқының салт – дәстүрлері, Алматы, «Рауан», 1994.
7. Күйеу келтір, қыз ұзат. Алматы «Ана тілі», 1992.



## **КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ МӘҢГІЛІК ЕЛ БЕЙНЕСІ**

### **Дастанова Мадина Байділдақызы**

Қ. Сәтбаев атындағы мектеп директорының құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

### **Жамбулатова Асель Бериковна**

Қорағаты шағын орталықты орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Жамбыл ауданы, Т.Рысқұлов ауданы

Қазақ халқы – басқа да түркі халықтары секілді қиын да бай тарихты басынан кешірді. Тоталитарлық жүйе қысымын түрік, азербайжан, өзбектерге қарағанда халқымыз көп көрді. Ғасырға жуық мойнымызға киілген бодандықтың қамытынан тәуелсіздік тұғырына көтерілген кейін ең алдымен жоғалтқанымызды түгендеп, мәдени мұрамызды зерделеуге ұмтылды. Жабайы күн кешкен, көшпенді тұрмыста ешқандай мәдени құндылықтары болмаған ел ретінде бұрмаланған халқымыздың шын мәнінде бай да қызықты тарихы, жоғары мәдениеті, қазақтардың ғана емес әлемдік деңгейде танылған ұлы ғұламалары болғаны дәлелденуде. Болашағымызға бағдар беретін, ұлтты ұйыстырып, ұлттық идеяға жетелейтін «Мәңгілік ел» идеясы да қазақ әдебиетінде мәңгілік болашақты баянды етуге бағытталған сарында жырланып келеді. Әсіресе, «Мәңгілік ел» болуға ұмтылған, «Жолы қатты, дәмі тәтті» тәуелсіздігімізді дәріптеп, даму тұғырында зор биіктерді бағындырып келе жатқан мемлекетіміздің рухани дамуында осы идеяның көріністерін талдаудың маңызы зор. Зерттеу

тақырыбының өзектілігі де осыдан келіп шығады. Оған қоса, ұлттық әдебиеттегі әрбір сарын, идеяның жырлану көріністерін бағамдаудың әдебиеттің ғана емес, мемлекетіміздің мәдени дамуына зор серпін беріп, өскелең ұрпақтың рухын оятуға үлкен мүмкіндіктер беретіні даусыз.

«Мәңгілік ел» идеясы өз тамырын сонау халық ауыз әдебиетінен бастаса, одан беріде оның ту ұстаушылары ең алдымен, жыраулар, ақындар болған. Ұлттық рухты, ұлттық тәуелсіздік идеясын, яғни мәңгілік елге ауналу идеясын қазақ әдебиеті, оның ішінде поэзия қанына ерте дарытқан.

Философ-ғалым Ғарифолла Есімнің: «Абайды тану тәуелсіздік алғаннан кейін кең өріс алғаны шындық. Ақынды толық түсінуге, терең тануға мүмкіндік туды. Абайтану жаңаша арнада дами бастады... Егемендік тек саяси құбылыс емес, мәдени-тарихи болмыстың көрінісі. Егемендік халық болмысындағы ерекше халді бейнелейтін құбылыс екеніне тағы бір мәрте көзіміз жеткен сыңайлы. Жалпы, егемендік дегеннің өзі - өзінді-өзің түсіну, өзінді-өзің тану деген сөз. Тәуелсіздік бізге осынысымен қымбат» [1], - деген пікірін тек Абайға ғана қатысты деп ұқпауымыз керек, қайта тәуелсіздіктің арқасында халық арманы болған мәңгілік ел идеясының жаңаша көзқараспен пайымдалып жатқанын байқаймыз.

Мәңгілік Ел – халқымыздың сан ғасырлық мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асуы.

Әрбір халықтың тарихы мен тағдырына лайықты және ділі мен дініне сай ғаламның құрылымын, қоғам мен адам өмірінің мәні мен маңызын, дүниетанымдық, құндылықтық негізде жеткізетін шығармашылық мұралары болады. Халқымыздың ұлттық ойлау ерекшелігі ретінде айқындалған мақал-мәтелдерде ұлтымыздың құндылықтары, соның ішінде діни құндылықтары мен имандылық ұстанымдары да, жан-жақты көрініс береді. «Қазақтың ұлттық руханиятының негізгі ұстанымдары халық шығармашылығында көрініс берген. Мұнда халыққа, оның мәдениетіне, жанұяға, әйелге деген махаббатына, бақыт пен әділеттілікке қатысты адам құқығын мойындау, жапа шекендерге жанашырлық сезіміне негізделген далалық мәдениеттің бай дәстүрі көрініс береді».

Мәңгілік Ел – халқымыздың сан ғасырлық мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асуы. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Мәңгілік ел — түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Түй-ұқық) негізін қалаған идея. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел — мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Әрбір халықтың тарихы мен тағдырына лайықты және ділі мен дініне сай ғаламның құрылымын, қоғам мен адам өмірінің мәні мен маңызын, дүниетанымдық, құндылықтық негізде жеткізетін шығармашылық мұралары болады. Халқымыздың ұлттық ойлау ерекшелігі ретінде айқындалған мақал-мәтелдерде ұлтымыздың құндылықтары, соның ішінде діни құндылықтары мен имандылық ұстанымдары да, жан-жақты көрініс береді. «Қазақтың ұлттық руханиятының негізгі ұстанымдары халық шығармашылығында көрініс берген. Мұнда халыққа, оның мәдениетіне, жанұяға, әйелге деген махаббатына, бақыт пен әділеттілікке қатысты адам құқығын мойындау, жапа шекендерге жанашырлық сезіміне негізделген далалық мәдениеттің бай дәстүрі көрініс береді».

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір

енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз» - деп түрік бірлігінің болашағына зор үмітпен қарады [2, 121 б.] Қазіргі кезде, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүргізілген түркі тілдес мемлекеттерді жақындастыру саясаты, елімізді Орталық Азияның көшбасшысына айналдыру идеясы өз жемісін беруде.

Сонау көне түркі әлемінен өз бастауын алатын бұл ұлы идеология, қазақ әдебиетінің әр кезеңінде кеңінен көрініс тапқан. Әсіресе, қазақ жыраулар поэзиясында өзіндік ерекшелігімен дараланды. Ақтамберді жыраудың мана сөздері бұл ойымыздың нақты айғағы:

Күлдір де күлдір кісінетіп,  
Күреңді мінер ме екенбіз,  
Күдеріден бау тағып,  
Ақ кіреуке киер ме екенбіз!  
Жағасы алтын, жеңі жез,  
Шығыршығы торғай көз,  
Сауыт киер ме екенбіз!  
Ор қояндай жүгінтіп,  
Аш күзендей бүгілтіп,  
Жолбарыстай шұбарды  
Таңдап мінер ме екенбіз?!  
Сол шұбарға мінген соң,  
Қоңыраулы найза қолға алып,  
Қоңыр салқын төске алып,  
Қол төңкерер ме екенбіз?!  
Жалаулы найза қолға алып,  
Жау қашырар ма екенбіз?! !...[3, 45].

Жоғары пафоста, өр рухта, болашаққа деген кемел сенімде жазылған бұл жыр шумақтары ақынның өз дәуірінің рухын өсіріп қана қойған жоқ, келешек ұрпақты да кемелдікке ұмтылдырар ұлттың идеологиялық кодексіне айналды десек қателеспеспіз.

Тағы бір мысалы Доспамбет жырау мұралары:  
Тоғай, тоғай, тоғай су,  
Тоғай қондым өкінбен.  
Толғамалы ала балта қолға алып,  
Топ бастадым өкінбен.  
Тобыршығы биік жай салып,  
Дұспан аттым өкінбен,  
Тоғынды сарты нар жегіп,  
Көш түзедім, өкінбен. !...[4, 46],


Сөз зергері өз толғауында көшпенділер мінезіне тән дала ерінің болмысын паш еткен. Толғауда өз атынан сөйлей келе, далалық мәдениеттің философиясын тереңнен танытады. Отан, туған жер, досқа деген сүйіспеншілігін, дұшпан алдындағы қайраты мен айбатын тілге тиек етеді. Жыраудың патриоттық оптимизмге толы жалынды жырлары ұрпақтан-ұрпаққа таралып, ғасырдан-ғасырға көшіп келеді.

«Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы

қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз – өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз!

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Есім Ғ. Көлденең көзқарастар ... // Қазақ әдебиеті, 2001, 20 сәуір.
2. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. — Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. - 232 бет.
3. Бес ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы, 1983
4. Мағауин М. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті.- Алматы: Ана тілі, 1992. – 175б.



## МАЗМҰНЫ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

<b>М.Төлепберген</b>	ШЫҢ МЕН ШЫНДЫҚ	3
<b>Ө.Әбдіманұлы</b>	ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ ЖӘНЕ ШЕРХАН МҰРТАЗА: ОЙ-ТАНЫМ БІРЛІГІ, ҰЛТТЫҚ ҰСТАНЫМ БІРЛЕСТІГІ	8
<b>А.Абдуалы</b>	ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ	11
<b>С.Қалиев</b>	ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ӘУЛИЕАТАДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ	17
<b>М.Әбілұлы</b>	ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ	18
<b>А.Естемесова</b>	ОРНЫ ЖӘНЕ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДА БЕЙНЕЛЕНУІ	
<b>Н.Т.Қожамарова</b>	ТҰРАНЫҢ ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰРАРЫ	23
<b>С.Ж.Кусёва</b>	ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫНДАҒЫ ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ БЕЙНЕСІ МЕН ЖАЗУШЫНЫҢ СУРЕТКЕРЛІГІ	26
<b>А.Ж.Омарова</b>	КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҒАША ӘДІС-ТӘСІЛДЕР	30

### I СЕКЦИЯ

#### ҰЛТТЫҚ ТАРИХ, ТІЛ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ

<b>Н.Н.Куанышбекова</b>	ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫ ТАНУ - ХАЛЫҚТЫ ТАНУ	33
<b>В.М.Байсакалова</b>	ШЕРХАН МҰРТАЗА БОЛМЫСЫНДАҒЫ ТҰРАР	35
<b>Б.Балтабай</b>	ТАҒЫЛЫМЫ	
<b>Р.Д.Абылхасова</b>	ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА – ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ	39
<b>Ж.К.Кожалуова</b>		
<b>Н.Т.Анисова</b>	БАЛА ТҰРАРДАН-ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ТҰРАРЫ...	42
<b>А.Т.Кембаева</b>	«ТІЛДІК ТҰЛҒА» ТЕОРИЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ ШЕРХАН	45
<b>Л.Т.Қурбантаева</b>	МҰРТАЗАНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ	
<b>Д.Т.Жазбақова</b>	ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕ» РОМАНЫНДАҒЫ ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ БЕЙНЕСІ	49
<b>Г.Ә. Тәкей</b>	Б.МҰҚАЙ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ИДЕЯЛЫҚ-КӨРКЕМДІК	53
<b>Б.Ж.Махамедова</b>	ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
<b>Ж.Ч. Мамытбекова</b>	М.Х. ДУЛАТИДІҢ «ЖАҒАННАМЕ» ПОЭМАСЫНЫҢ	55
<b>М.М.Абиева</b>	ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТТАҒЫ МАҢЫЗЫ	
<b>Д.Ж.Адилова</b>	САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ	59
<b>Ш.А.Сыздықова</b>	КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ҚҰРМАЛАСУ ЖОЛДАРЫ	
<b>А.Ж. Алышова</b>		
<b>Т.Т.Тусипбекова</b>	СІЛТЕУ ЕСІМДІКТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ	61
	ЕРЕКШЕЛІКТЕР	
<b>М.Б.Әбдімананова</b>	А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ	65
<b>К.С.Абишева</b>	МҰРАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
<b>Т.Елтайұлы</b>	ТӨЛЕ БИ – ҚАЗАҚТЫҢ АБЫЗ БИ	68
<b>Б.Е.Мырзабекова</b>		
<b>А.Е.Ботабаева</b>	ВСЕМИРНО ИЗВЕСТНАЯ ЛИЧНОСТЬ – ТУРАР	72
<b>З.Ш.Сулейманова</b>	РЫСКҰЛОВ	
<b>Т.Б.Нурбеков</b>	ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ӘЛЕМДІК ТІЛДІК БЕЙНЕСІ	77
<b>А.Б.Саурыкова</b>		
<b>М.Т.Асенова</b>	ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯЛАРЫ	80
<b>Ж.Нурмашқызы</b>	РУХАНИЯТ – ХАЛЫҚТЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІ	84
<b>Ш.Рахметулла</b>	МАНҒЫШЛАК И ХИВА – ВЗГЛЯД НА ЭКСПЕДИЦИЮ С	86

Т.Сейлхан	МИРОВОЙ АРЕНА	
Ж.Е.Мырзабеков	ӘУЛИЕАТА ЖЕРİNДЕГІ АШТЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ	92
Е.Құрманбек	ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	
А.Т.Абсалимова	НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕРІ ЖӘНЕ	96
	ИДЕЯЛАРЫН НАСИХАТТАУ	
Г.Қ.Абдрахманова	Т.ҚОРДАБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ СИНТАКСИСІ	99
С.Н.Рахымбаева		
Г.А.Ауғанбаева	НАРША ҚАШАҒАНҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ	102
Ф.Талапбек	ТӘРБИЕЛІК АРНАЛАРЫ	
Р.Ж.Жумадилова	ИСЛАМ КҰНДЫЛЫҚТАРЫ: МАЗМҰНЫ МЕН	105
Г.Т.Сегізбаева	ТӘРБИЕЛІК ҚЫРЛАРЫ	
Ж. Досқожа	XVIII Ғ. 2-ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ	108
	ҚЫРҒЫЗДАР АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚАТЫНАСТАР	
Н.А.Усерова	ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ	112
А.С.Әбдіжапар	ТӘЛІМДІК- ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
Н.Т.Аширова	ҚАЗАҚ СӨЗ ӨНЕРІНІҢ НАРКЕСКЕНІ	116
Р.Т.Алдажанова		
Э.Сағаділда	ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ	118
А.А.Омарова	ҚЫЗМЕТІ	
Р.Ж.Алимбаева	XIX Ғ. II ЖАРТЫСЫ – XX Ғ. АЛҒАШҚЫ	121
Г.М.Ибрагимова	ОНЖЫЛДЫҚТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ	
	ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	
А.А.Shulenbaeva	SH. MURTAZA'S PUBLICITY AND SAYINGS ARE	124
	ABOUT INDEPENDENCE	
П.С.Сейсембекова	ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ПЕН ӘДЕБИЕТТЕГІ А.ЯСАУИ	127
А.Е.Сембекова	ІЛІМІНІҢ МАҢЫЗЫ	

## II СЕКЦИЯ

### ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.Б.Абдықалықова	БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ЖАҢА	131
Б.М. Игиликова	ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-	
	КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	
	ФОРМАЛАРЫ	
Ғ.Мұсабеков	БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ-	133
М.Н.Көлжанова	КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ	
	ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ	
С.Т.Сапарқұлова	МЕТОДЫ И ПРИЁМЫ РАБОТЫ С ТЕРМИНАМИ НА	136
	УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА	
К.К.Сатыбалдиева	БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РУХАНИ-	139
	ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ –	
	ЗАМАНА МІНДЕТІ	
Г.Б.Садуақасова	ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС – ТІЛ САБАҚТАРЫНЫҢ	143
А.М.Дүйсекеева	ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ	
А.Өмірзаққызы	ТӨМЕНГІ СЫНЫПТАРДА АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ	146
Ш.М.Тапелова	СӨЙЛЕУДІ ЖЕКЕЛЕЙ ОҚЫТУ	
Қ.С.Датеева		
А.А.Нурбекова	ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН	149
Н.С.Надырбаева	ЖҰМЫСТАРДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ	
Т.М.Байсақалова	АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНАН ТЫС ҚАЛҒАН	151
М.Ш.Оршыбеков	БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ	
С.З.Ибраимова	БЕЙІМДЕЛУ ШАРТТАРЫ	

<b>С.Д.Арымбаева</b>	ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ	154
<b>С.Қ. Алиева</b>	ТАҚТАНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ	
<b>Г.Т.Иманалиева</b>	ФОРМИРОВАНИЕ ВОЛИ У ДЕТЕЙ ПОДРОСТКОВОГО	157
	ВОЗРАСТА	
<b>А.А.Қарымсақова</b>	АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ	161
	ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ	
<b>И.Т. Жапарова</b>	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ЖЕТЕКШІ СУБЪЕКТИВТІ	163
	ФАКТОРЫ – ҰСТАЗ	
<b>Г.Б.Жолдыбаева</b>	КӘСІБИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ	166
<b>А.А.Турсынбаева</b>		
<b>А.Е.Нурмаханбетова</b>	БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ РУХАНИ, МӘДЕНИ ЖӘНЕ	168
<b>Ж.Р.Абдрахманова</b>	АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ	
<b>Ж.А.Нурпейсова</b>	БҮГІНГІ ҰРПАҚҚА ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ	172
	ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	
<b>А.Е.Ботабаева</b>	БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТКЕ	178
<b>Д.Д.Құдайбергенова</b>	БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР	
<b>А.Есімханқызы</b>		
<b>Б.Ж.Жиентаева</b>	ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ	182
<b>А.Е.Амангелды</b>	БІЛІМДЕР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ	
	КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ	
	МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	
<b>Б.Ж.Жиентаева</b>	ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	189
<b>Ә.С.Тұрсынбек</b>	ЖОЛЫ	
<b>Н.М.Миртурдыева</b>		
<b>А.И.Нурмаханова</b>	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ	191
<b>Г.К.Сексенбаева</b>	ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
<b>А.К.Жантурсынова</b>	ҚАЗІРГІ ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ	193
<b>Қ.С.Күзембаева</b>	МӘСЕЛЕЛЕРІ	
<b>Г.К.Жусупова</b>	БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАСЫМ БАҒЫТТАР	196
<b>А.С.Тлепова</b>		
<b>Г.А.Шантаева</b>	ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ	198
<b>А.Н.Маратова</b>	ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР МЕН ҚҰРАЛДАР	
<b>А.Д.Таджикова</b>	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН	202
<b>Ш.Ескермес</b>	ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР	
<b>А.Әбілғазы</b>		
<b>А.А.Мұхтарқұлова</b>	РУХАНИ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - ЖАСТАР	206
	ТӘРБИЕСІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ	
<b>К.М.Бақтыбаева</b>	ТОЛҚЫНДЫҚ ОПЕРАТОРЛАРДЫҢ КОРРЕКТИЛІГІ	210
<b>Д.Д.Өмірзақ</b>		
<b>А.Г.Байсерикова</b>	ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ	214
	ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ СӘЙКЕС ОҚЫТУ ЖӘНЕ	
	ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
<b>Ә.А.Түймебай</b>	ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ	221
<b>Ж.Т. Каракожаева</b>		
<b>Н.С.Шығанбаева</b>	РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ОТБАСЫ	223
<b>А.Б.Бақытжанова</b>	МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ	
<b>А.Б.Таубай</b>	АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНЫҢ МӘНІН МЕНҒЕРУДЕГІ	225
	ИНТЕРАКТИВТІК ТАПСЫРМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ	
	ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
<b>А.А.Турсынбаева</b>	ТӨМЕНГІ ЖАСТАҒЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР БОЙЫНДА	227
<b>А.Н.Нұрғали</b>	РУХАНИ-ІЗГІЛІКТІК	
	ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	

<b>А.Сейдакова</b>	БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ТАБИҒАТТЫ	230
<b>К.Б.Батыршаева</b>	ҚҰРМЕТТЕУГЕ ТӘРБИЕЛЕУ – БАСТЫ МІНДЕТ	
<b>А.Ж.Акупова</b>	ҰСТАЗ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БАСТАУЫ	233
<b>А.Ә.Байгисиева</b>	МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН	235
<b>А.Ф.Кульбаев</b>	ДАМУ – ЗАМАНА ТАЛАБЫ	
<b>Б.К.Диханбаева</b>	БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ	239
<b>И.Ж.Диханбаева</b>	ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	
<b>Б.К.Диханбаева</b>	БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ	242
<b>А.Нурбекова</b>	ДӘСТҮРІН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ	
	ЕНДІРУ	
<b>Д.М.Дошанова</b>	МҰҒАЛІМГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП -	245
<b>А.Е.Ержан</b>	ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЛГЕН ҮЛКЕН	
	МІНДЕТ	
<b>К.К.Жадрасинов</b>	МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ	247
	ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ	
<b>Э.Р.Нуралиева</b>	ВОСПИТАНИЕ ВОЛИ И ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНО-	249
	НРАВСТВЕННОЙ И ПАТРИОТИЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ	
<b>Ф.А.Сагинаева</b>	ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ БҮГІНГІ ЖАЙЫ МЕН КЕЛЕЛІ	253
<b>С.Ж.Ажиханова</b>	МІНДЕТТЕРІ	
<b>Л.Б.Арапаева</b>	МҰҒАЛІМ БЕДЕЛІ: КӘСІБИ БІЛКІЛІК ПЕН	256
<b>Г.С.Ургешбаева</b>	ОҚЫТУ ТАЛАПТАРЫ	
<b>Е.Т.Казанатов</b>	ЖАҢА ҒАСЫР КӨШБАСШЫЛАРЫН ЖАҢА	259
<b>О.К.Утебаева</b>	ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ	
<b>Ж.М.Ләмбек</b>	БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАЛДАУ	262
<b>Ж.Н. Абилкайрова</b>	ЖАСАУ, ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ	
	ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ	
<b>А.А.Сейпишева</b>	БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ	264
<b>Н.С.Надырбаева</b>	ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ –	
	БҮГІНГІ ҚОҒАМ ТАЛАБЫ	
<b>С.О.Малденова</b>	БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ	267
<b>Қ.Ж.Жанысбетова</b>	ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ	
<b>Г.А.Мустапаева</b>	ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ	270
<b>А.М.Балабаева</b>	БАҒЫТТАРЫ	
<b>М.К.Қыпшақбаева</b>	ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН	274
<b>А.М.Қаражанова</b>	ШЕШУДЕ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ	
	ҮЛГІЛЕРІНІҢ ГІ МАҢЫЗЫ	

**ІІІ СЕКЦИЯ**  
**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ**  
**ӘДІСТЕМЕСІ**

<b>Б.С.Назарбекова</b>	КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕГІ	277
<b>Ж.С.Уразынбет</b>	ЕРЕКШЕЛІКТЕР	
<b>А.К.Байжолова</b>	КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ –	280
	КОНЦЕПТУАЛДЫ ТАЛДАУ	
<b>А.О.Бейсбаева</b>	ІІІ. МҰРТАЗАНЫҢ «БЕСЕУДІҢ ХАТЫ» ДРАМАСЫН	284
	ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ: БІЛІМ БЕРУДІҢ	
	ГУМАНИСТІК ПАРАДИГМАСЫ НЕГІЗІНДЕ	
<b>К.Д.Тауасарова</b>	ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ	287
<b>А.Ш.Алиева</b>	ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ТУЫНДЫЛАРДЫ ОҚУҒА	
	ЫНТАСЫН АРТТЫРУ	



<b>Т.Абденкулова</b>	С. МҰҚАНОВТЫҢ «БОТАГӨЗ» РОМАНЫН ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН КІРІСПЕ САБАҚ ӘДІСТЕРІ	291
<b>М.Д.Нурпеисова</b> <b>А.К.Абитова</b>	Т. РЫСҚҰЛОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ	294
<b>А.Б.Смайыл</b>	Қ.БІТІБАЕВАНЫҢ "ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ, ОЙЛАУ"ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	300
<b>Г.Т. Талгат</b> <b>Ш.Д.Агибаева</b>	БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ОБРАЗ	306
<b>Д.У.Бостаева</b> <b>К.А.Беремкулова</b>	БҮГІНГІ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ Б. СОҚПАҚБАЕВ	310
<b>У.А.Оспанова</b> <b>К.А.Курманбекова</b>	ӘДЕБИЕТ САБАҒЫ: ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР	313
<b>Ж.М.Байсакалова</b> <b>Б.А.Бекназаров</b>	«ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН САЛТ –ДӘСТҮРДІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ	315
<b>А.Ж.Нұртанов</b> <b>М.Б.Дастанова</b> <b>А.Б.Жамбулатова</b>	КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ МӘҢГІЛІК ЕЛ БЕЙНЕСІ	321

**Сверстано и отпечатано с авторских оригиналов.  
Ответственность за научное содержание и грамматические ошибки несут  
авторы.**

Шартты б.т. 15,4. Есепті б.т. 18,2

---

ХТІИ Баспаханасы,  
080000, Тараз қ, Жамбыл даңғылы, 75А.